

ФИҚҲ ӘЛ-ҒИБАДАТ

(Ханафи мазһабы негизинде)

Арабшадан аударып кұрастырған:
Р.Мухитдинов

УДК 28
ББК 86.38
Ф 47

Ф 47. Фикһ әл-ғибадат / Құраст.: Р.Мухитдинов. – Алматы: «Кәусар-саяхат» ЖШС, 2013.

ISBN 978-601-7016-35-7

Бұл кітапта фикһ ілімінің зерттеу саласына, фикһи мазһабтардың шығу тарихына қысқаша шолу жасалған. Таһарат, намаз оқу, зекет беру, ораза тұту және қажылыққа бару құлшылықтарының үкімдері ханафи мазһабы бойынша кең түрде беріліп, Құран аяттары мен Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) хадистерінен дәлелдер келтірілген.

УДК 28
ББК 86.38

ISBN 978-601-7016-35-7

© «Кәусар-саяхат» ЖШС, 2013

АЛҒЫ СӨЗ

Бізді дұрыс жолға салып, жүрегімізді имандылық нұрымен шуақтандырған Жаратушы Аллаһ тағалаға сансыз мадақ болсын! Адамзаттың дұрыс жолдағы көшбасшысы Мұхаммедке және оның отбасы мен сахабаларына Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын!

Қазақстан мұсылмандары асыл дінімен қауышқалы фикһ ілімі саласында көптеген еңбектер жарық көруде. Сол еңбектердің саны күн өткен сайын сапалы кітаптармен толығуда. Осы қатарда оқырман қауымға тағы бір еңбек ұсынылып отыр.

Бұл еңбек төрт мазһабтың бірі ханафи мазһабы негізінде жазылған. Кітапты құрастыру барысында «Әл-Муфассал фи әл-фикһ әл-ханафи», «Әл-Фикһ әл-ханафи уа әдилләтуһ» және «Әл-Фикһ әл-ханафи фи сәубиһи әл-жәдид» атты ханафи мазһабы негізінде соңғы жылдары жарық көрген еңбектер басты дереккөздері ретінде пайдаланылды. Оқырманға пайдалы болуы үшін ханафи мазһабы дәлел ретінде келтірген хадистер әл-Бұхари мен Муслимнің және өзге де мухаддис имамдардың хадис жинақтарынан алынып, хадистің арабша нұсқасы мен тәржімесі беріліп, әрбір хадистің нақты қандай хадис кітабынан алынғандығына сілтеме жасалды. Кейбір пікірталас тудыратын мәселелердің үкімдері ханафи мазһабының негізгі дереккөзі болып табылатын «Бәдәиғ әс-санаиғ», «Хашият Ибн Абидин» және «Фатх бәб әл-иная» кітаптарынан, ал басқа мазһабтардың үкімдері, негізінен, «Әл-Фикһ ала әл-мазаһиб әл-арбаға» кітабынан алынды. Сол себепті де кітапта ұшырасатын кейбір күмәнді деген үкімдерге қатысты толығырақ мәліметтерді осы аталған кітаптардан қарауға болады.

Кітапта Пайғамбардың (с.а.с.) хадистері «Әл-Мәктәбә әш-шәмилә» атты электронды кітапханадан алынды және хадистердің нөмірлері сол электронды кітапханадағы ретпен берілді.

Р.Мухитдинов

ФИҚҲ ҒЫЛЫМЫНА КІРІСПЕ

Адамзатқа жақсылық пен жамандықты ажырататын ақыл берген және осы бес күндік жалғанда тура жолдан таймас үшін Құран түсірген Аллаһқа сансыз мадақ! Сонымен бірге сүйікті Пайғамбарымыз, хақ жолындағы жолбасшымыз Мұхаммедке, оның отбасы мен сахабаларына Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын!

Ислам – ғылым мен түсінік діні. Аллаһ тағала түсірген ең алғашқы аяттың «**Оқы!**» деп басталуының өзі – бұл діннің барша адамзатқа әу бастан-ақ ілім нұрын шашып келгендігінің бұлтартпас айғағы. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с.): «**Ғылым үйрену – әрбір мұсылманға парыз**»¹, – деп білім алудың әрбір мұсылманға жүктелген міндет, Аллаһтың алдындағы борышы екендігін ескерткен.

Сол себепті Ислам ғұламалары әрқашанда ілім алуды ғибадатқа балаған. Мәселен, имам әс-Сархаси²: «Аллаһқа иман келтіргеннен кейінгі ең басты парыз – білім алу», – деген³.

Ислам діні Құран мен сүннетке негізделген көптеген ғылымдарды қамтиды. Мысалы, Құран, Құран ілімдері, тәпсір ғылымы, хадис ілімдері, фикһ негіздері (усул әл-фикһ), сира (Пайғамбар өмірбаяны), Ислам тарихы, ақида (сенім).

Осы ғылымдардың бірі – мұсылман адамның күнделікті өмірінде орындайтын амалдары мен олардың үкімдерін зерттейтін фикһ ғылымы.

«Фикһ» сөзі араб тілінде «түсіну», «терең ұғыну» деген мағыналарды береді. Ал діни термин ретінде ол – шариғат үкімдерін дәлелдерімен зерттейтін ғылым.

Ал фақиһ – шариғат үкімдерін дәлелдерімен білетін, онда қарастырылатын мәселелерді терең түсінетін ғалым. Яғни адамдардың амалдарына қатысты шариғат үкімдерін зерттейтін ғалым.

Негізінде, фикһ ғылымы – қоғамда кездесетін әртүрлі мәселелер төңірегінде туындайтын сұрақтарға берілген жауаптардың негізінде қалыптасқан ілім. Хижа жыл санауы бойынша II ғасырдың орта тұсынан бастап фақиһ ғалымдар Пайғамбардың (с.а.с.), сахабалардың және үлкен имамдардың өз заманында кездескен сан қилы сұрақтарға берген жауаптарын жинақтап, оларды тақырыптарына қарай жүйелеп, үлкен-үлкен кітаптар жазған. Бұл кітаптар намаз, зекет, ораза, қажылық секілді

¹ Ибн Мәжәһ Әнәс ибн Мәликтен, әт-Табарани Абдуллаһ ибн Масғудтан риуаят еткен.

² Имам Шамсуддин әс-Сархаси (әс-Сарахси) – Ферғана жазығындағы Узген деген жерде (қазір Қырғызстанның аумағында орналасқан) өмір сүрген, ханафи мазһабын ұстанған үлкен ғалым. Оның есімі «әл-Мабсут» деп аталатын аса ауқымды фикһ кітабымен танымал болған. Имам әс-Сархасидің қай жылы дүниеге келгені белгісіз. Ол хижа жыл санауы бойынша 483-жылы (миләди бойынша 1090-жылы) дүниеден өткен (әз-Зирикли, әл-Ағләм, V том, 315-бет).

³ Әл-Мабсут, I том, 2-бет.

құлшылықтарды, үйлену, ажырасу, бала емізу, мұрагерлік (мирас) сияқты отбасылық өмірді, сауда-саттық, жалға алу және беру, кепілдік тәрізді қарым-қатынасты, шарият заңдарын бұзу мен олардың жазасы туралы қылмыстық кодексті және фикһ ілімінің аясындағы көптеген салаларды қамтиды. Жалпы, фикһ ғылымы: ғибадат, муғамалат, ахуал шахсия және худуд¹ деген негізгі төрт саладан тұрады. Бұдан біз фикһтың адамды қоғамның бір мүшесі ретінде қарастырып, оның қоғамдағы орны мен міндеттерін зерттейтін ғылым екендігіне көз жеткіземіз.

Фикһ ғылымының дерек көздері:

Ислам дінінің кез келген ғылымы тәрізді фикһ ғылымының да негізгі дереккөзі – Құран мен сүннет, сондай-ақ осы екеуіне негізделген ижмағ, қияс және басқа да дәлелдер².

Фикһ ғылымының тарихы

Фикһ ғылымының қалыптасу мен даму тарихын бірнеше кезеңге бөлуге болады:

1. Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) заманы

Фикһ ілімінің негізін салушы – Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.). Оның (с.а.с.) пайғамбар ретіндегі басты міндеті – адамдарға Аллаһ тағаланың шариятын жеткізу, оларға жүктелген міндеттерді түсіндіру. Өйткені Аллаһ тағала Құран Кәрімде: **«Біз саған Зікірді (яғни Құранды) адамдарға не түскенін түсіндіру үшін түсірдік»**³, – деген. Сондықтан Пайғамбар (с.а.с.) ғибадаттарды әуелі өзі орындап, содан соң оларды сахабаларына үйрететін, ал сахабалар оның бұйрықтарын екі етпей орындап, түсінбеген жерлерін сұрап отыратын. Пайғамбар (с.а.с.) адамдардың сұрақтарына, білетін болса, өзі жауап беретін, ал білмейтін болса, Аллаһ тағаладан уахидің келуін күтетін. Осы себепті де біз Құранның кейбір аяттарында **«Сенен сұрайды»**

¹ Ғибадат – фикһ ғылымының дәрет, намаз, ораза, зекет және қажылық тарауларын зерттейтін саласы.

Муғамалат – фикһ ғылымының адамдар арасындағы сауда-саттық, жалға алу, беру секілді қарым-қатынастарды зерттейтін саласы.

Ахуал шахсия – фикһ ғылымының адамдар арасындағы үйлену, ажырасу тәрізді азаматтық істерді зерттейтін саласы.

Худуд – фикһ ғылымының қылмыстық істер мен олардың жазаларын зерттейтін саласы.

² Мысалы, истихсан, масалих мурсәлә, сахабаның пікірі, Мәдина тұрғындарының амалы. Құран, сүннет, ижмағ және қиястың шарғи дәлел болатындығына барлық ғалымдар бірауыздан келіскен. Қалған дәлелдерде пікірталас болғандықтан, олар «әл-әдилләһ әл-мухтәләф фиһә» деп аталады.

³ «Нахл» сүресі, 44-аят.

деп келген тіркесті кездестіреміз¹. Яғни Аллаһ тағала адамдардың сұрақтарына кейде Құран аятын түсіру арқылы жауап беретін. Бұл өз кезегінде Құран Кәрімнің шариғаттың негізгі дереккөзі екендігін айғақтайды. Пайғамбар (с.а.с.) сұрақтарға көбінесе Құранның негізінде және өзінің пайғамбарлық құқығын пайдаланып жауап беретін әрі ол жауаптардың шариғаттың үкім екендігін ескертетін. Пайғамбар (с.а.с.): **«Сендерге екі нәрсе қалдырдым. Егер ол екеуін берік ұстансаңдар, дұрыс жолдан адаспайсыңдар: Аллаһтың кітабы және Пайғамбарының сүннеті»**, – деген². Осыдан біз Ислам шариғатының негізі Құран мен сүннет екендігін ұғамыз. Аллаһ елшісінің (с.а.с.) дүниеден өтуімен Адам атадан жалғасып келе жатқан пайғамбарлық аяқталды. Аллаһ тағала Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) арқылы түсірген Ислам шариғатын адамдарға Қияметке дейін ұстанатын діни жол етіп бекітті әрі разы болды. Бұдан кейін Аллаһ адамзатқа ешқандай шариғат түсірмейді және Ислам шариғатының негізгі дереккөзі болып тек қана Құран мен сүннет қалады.

2. Сахабалардың заманы

Аллаһтың елшісі (с.а.с.) дүниеден өткеннен кейін, өмірде кездесетін сан қилы мәселелерге шариғаттың беретін үкімін түсіндіру міндеті сахабаларға жүктелді. Олар Құран Кәрім мен Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) хадистеріне сүйеніп, ол мәселелерге қатысты шариғаттың үкімін шығаратын болған. Егер аталған мәселеге қатысты үкімді Құраннан яки сүннеттен таба алмаса, Исламның мақсаттары мен негізгі қағидаларына сүйене отырып, өз пікірлерімен үкім шығаратын. Міне, осы кезден бастап шариғатта пікірмен ізденіс (ижтиһад) жасап, үкім шығару қалыптасты. Құран мен сүннеттен дәлел таппаған кездерде пікірмен үкім шығарып, пәтуа беруге Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) өзі рұқсат берген. Бірде Пайғамбар (с.а.с.) Мұғазды (Аллаһ оған разы болсын) Йеменге қазылыққа жіберіп тұрып одан: **«Ей, Мұғаз! Егер бір мәселе шықса, немен үкім жүргізесің?»** – деп сұрайды. Ол: **«Аллаһтың кітабымен»**, – деп жауап береді. Пайғамбар (с.а.с.): **«Егер Аллаһтың кітабынан таппасаң ше?»** – деп сұрайды. Ол: **«Аллаһ елшісінің сүннетімен»**, – деп жауап береді. Пайғамбар (с.а.с.): **«Егер Аллаһ елшісінің сүннетінен таппасаң ше?»** – деп сұрайды. Ол: **«Өз көзқарасым бойынша үкім шығарамын әрі одан тартынбаймын»**, – деп жауап береді. Сонда Пайғамбар (с.а.с.) қуанып, оның көкірегінен бір қағып: **«Аллаһ елшісінің елшісін Аллаһ жақсы көретін және разы болатын нәрсеге бағыттаған Аллаһқа мадақ болсын!»** – дейді³. Пайғамбарымыздың (с.а.с.) осы хадисі

¹ Мысалы, «Бақара» сүресі, 189, 215, 217, 219-аяттар, «Мәида» сүресі, 4-аят, «Ағраф» сүресі, 187-аят, «Әнфәл» сүресі, 1-аят, «Нәзіғат» сүресі, 42-аят.

² Муатта, Баб ән-наһи анил-қаул бил-кадр. 1594-хадис.

³ Сунән Әбу Дауд. Баб ижтиһад әр-рай фи әл-қада, 3594. Әл-Бәйһақи. Мағрифату әс-сунән уә әл-әсәр, 54.

ғұламалардың Құран мен хадистен дәлел таппаған кездерінде Исламның негізгі мақсаттарын ескере отырып және белгілі ереже-қағидаларға негіздеп, өз пікірлерімен үкім шығаруларына, ижтиһад жасауларына рұқсат етілгендігіне дәлел болады. Негізі, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) заманында кез келген мәселеге қатысты соңғы үкімді Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) өзі беретін болса, сахабалардың заманында ондай үкімді фикһ саласын жақсы меңгерген үлкен сахабалар алқа жиын өткізіп, сол жерде беретін болған. Ондай алқа жиынды «шура» деп атайды. Жалпы, қоғамдағы өзекті мәселені ортаға салып шешу – Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) сүннеті. Пайғамбар (с.а.с.) Құранда үкімі жоқ, өмірде кездесіп жататын маңызды мәселелерді сахабаларымен ақылдасып, олардың пікірлерін тыңдап, содан кейін ғана сол іс-әрекеттерге қатысты үкім шығаратын болған. Өйткені Аллаһ тағала: **«...іс жөнінде олармен кеңес қыл»**¹, – деп, Елшісіне (с.а.с.) сахабаларымен кеңесіп, шешім шығаруға рұқсат берген. Мәселен, Бәдір соғысында қолға түскен тұтқындарға қатысты үкімді Пайғамбар (с.а.с.) сахабаларымен ақылдасқаннан кейін ғана шығарған. Сол сияқты Бәдір соғысында Пайғамбар (с.а.с.) Хаббаб ибн Мунзир деген сахабаның кеңесімен әскердің орналасқан жерін өзгерткен.

Мұсылмандардың әміршісі Әбу Бәкір мен Омардың (Аллаһ ол екеуіне разы болсын) заманында үлкен сахабалар жиналып, күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді талдап, оған қатысты ортақ үкім шығаратын. Сахабалар үкімін шығару керек мәселеге қатысты ортақ пікірге келулері шариғаттағы Құран мен сүннеттен кейінгі дәлел көзі – «ижмағтың»² қалыптасуына негіз болды. Ал сахабалар өзара ортақ пікірге келе алмаған жағдайда, көпшіліктің пікірімен амал жасайтын болған.

Құран мен сүннеттен дәлел таппағанда, өздерінің пікірлерімен амал етуді шариғат жолы етіп ұстанған сахабалар көп болған.

Өз ойлары мен пікірлеріне сүйенгендерді сынаған ғалымдар да көп болған. Бірақ бұл сындардың барлығы да Құран мен хадистен дәлел бар кезде өзінің пікіріне сүйенуге немесе бұзық пікірлерге қатысты айтылған.

Құран мен сүннетте дәлел жоқ кезде кейбір сахабалар өз пікірлеріне көбірек сүйенсе, кейбірі, керісінше, өз пікірлеріне аз арқа сүйеген. Көп жағдайда өз ой-пікірі арқылы амал жасаған сахабалар қатарында Омар ибн әл-Хаттаб, Әли ибн Әбу Талиб және Абдуллаһ ибн Масғұдты атасақ, екінші көзқарасты ұстанған сахабалар қатарында Абдуллаһ ибн Омар, Абдуллаһ ибн Амр ибн әл-Ас және әз-Зубәйрді атаймыз. Міне, осы кезден бастап фикһта шарғи мәселеге қатысты үкім шығару екі түрлі сипатта қалыптаса бастады. Бірінде ақыл мен ойға көбірек орын берілетін болса, екіншісінде ақыл мен ойға азырақ көңіл бөлінген.

¹ «Әлі Имран» сүресі, 159-аят.

² Ижмағ – бір ғасырда өмір сүрген барлық ғалымдардың бір мәселеге қатысты берген бірауызды үкімі. Яғни ғалымдардың барлығы келіскен үкім. Ижмағ шариғатта Құран мен Сүннеттен кейін жүретін үшінші дәлел ретінде қабылданады.

Сонымен қатар фақиһ ғалымдардың бір тобы Құран мен сүннетте келген үкімнің негізгі мағынасына тоқталып, одан әрі өз ойларын ортаға салып, пәтуа беруден өздерін тыйған. Ал олардың келесі бір тобы Құран мен сүннетте келген үкімдердің астарына үңіліп, олардың себеп-салдарын зерттеп, шарифаттың сырын, даналығын ашуды, сол үкімдердің себептерін (иллә) анықтауды және сол арқылы үкімі жоқ мәселелерді шарифатта үкімі бар мәселелермен салыстырып, оларға да үкім шығаруды қалады. Олар өз пікірлерін ортаға салып, ойларының негізінде пәтуа беріп, үкім шығарудан бас тартпаған. Осы сәттен бастап шарифатта қияспен¹ амал жасау әдісі қалыптасты. Мұның да негізі Аллаһ елшісінің (с.а.с.) заманында қалыптасқан. Бұған мысал ретінде сахабалардың мына бір оқиғасын айтуға болады: Пайғамбарымыз (с.а.с.) сахабаларына екінді намазын бәну курайзада оқыңдар деп бұйырады. Сонда кейбір сахабалар Аллаһ елшісінің (с.а.с.) бұйрығының астарына үңілместен, негізгі мағынасына сүйеніп, екінді намазын кешіктіріп, бәну курайзаға барғанда оқиды, ал екінші бір сахабалар Пайғамбар (с.а.с.) сөзінің астарына үңіліп, оның (с.а.с.) мақсаты жылдам бәну курайзаға жету екендігін түсінеді де, екінді намазын жолда оқып алады. Кейіннен болған істі Пайғамбарға (с.а.с.) жеткізгенде, ол (с.а.с.) екі жамағатты да сөкпей, намазды кешіктіріп, бәну курайзада оқығандардың сүннетті тура тапқандығын, ал намазды уақытында оқығандардың екі сауап алғандығын айтады².

Фақиһ ғалымдардың әртүрлі пікірлер ұстану себептері:

1. Пайғамбарымыздың (с.а.с.) хадистері жазбаша кейіннен жинақталғандықтан, бір елді мекенде таралған хадистердің екінші елді мекенде өмір сүрген ғалымдарға жетпеуі мүмкін еді. Сондықтан бір ғалымдар бір мәселеге қатысты сүннеттен дәлел білетін болса, сол хадистің негізінде үкім шығарса, екінші бір ғалымдар ол мәселеге қатысты келген хадисті білмегендіктен, ижтиһад жасап, үкім шығаратын. Кейде олардың ижтиһады хадистегі үкімге сай келсе, кейде сәйкес келмейтін. Осының нәтижесінде бір мәселеге қатысты бірнеше үкімдер берілетін. Мысалы, Абдуллаһ ибн Аббас күйеуі қайтыс болған, екіқабат әйелдің иддасы төрт ай немесе баласын босанғанға дейінгі уақыттың қай ұзағы деп есептейтін. Яғни ол әйел аталған екі мерзімнің қайсысы көп болса, сонша уақыт иддада болады деген пікірді ұстанған. Себебі ол бұл мәселеге қатысты айтылған Пайғамбарымыздың (с.а.с.) хадисін естімеген еді. Ал Пайғамбар (с.а.с.) бұл мәселеге қатысты күйеуі қайтыс болған, екіқабат әйелдің иддасы босанғанға дейін деп үкім шығарған³.

¹ Қияс – үкімі жоқ нәрсені үкімі бар нәрсемен екеуіне ортақ себеп негізінде салыстырып, үкімі жоқ нәрсеге үкім шығару.

² Бұл қиссаны имам әл-Бұхари мен Муслим «Сахих» жинақтарында Ибн Омардан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) риуаят еткен.

³ Әли әл-Хафиф. Әсбәб ихтиләф әл-фуқаһа, Каир, Дәр әл-фикр әл-араби, 31-бет.

2. Ғалымның өзіне жеткен хадистің сахих¹ екендігіне күмәндануы. Кейде ғалымдар өздеріне жеткен хадистің сахих екендігіне көздерін жеткізбейінше онымен амал жасамаған. Себебі шарифатта дағиф² және маудуғ³ хадиспен үкім шығарылмайды. Бұл Пайғамбардың (с.а.с.) хадисін жоққа шығару емес, керісінше, оның (с.а.с.) хадисіне деген ерекше көңіл бөлу болып табылады. Яғни бір ғалымға хадис сахих иснадпен⁴ жетеді де, ол сол хадистің негізінде үкім шығарады. Ал екінші ғалымға сол хадис дағиф иснадпен жетеді де, ол бұл хадиспен амал жасамайды. Міне, осы жайтқа байланысты бір мәселеге қатысты екі түрлі үкім шығарылады. Ғалымдар арасында бір мәселеге қатысты бұл екі жолмен әртүрлі үкім шығару кейіннен ғалымдардың біріне сахих хадис жеткеннен соң тоқтатылып, ол мәселеге қатысты үкім тек қана Аллаһ елшісінің (с.а.с.) хадисіне сай шығарылады.

3. Ғалымдар арасында орын алған пікір қайшылықтарының ең басты себебі – аяттың және хадистің беретін мағынасын, мәнін, мазмұнын әртүрлі түсіну. Мысалы, «Бақара» сүресінің 228-аятында келген «қар'у» сөзі. Бір ғалымдар оны «туһр» (тазалық) деп түсінсе, екінші ғалымдар оны «хайд» (хайыз) деп түсінген. Осыдан келіп, бұл мәселеге қатысты екі түрлі үкім шығарылған⁵.

4. Құран мен сүннетте дәлелі болмаған мәселелерге қатысты ғалымдардың ижтиһад жасаған кездеріндегі пікір алшақтықтары. Мысалы, Омар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) иддадан әлі шықпаған әйелге үйленіп, онымен төсектес болған еркектің жазасы ретінде оларды ажырастырып, өзгелерге сабақ болуы үшін ол екеуінің қайта үйленулеріне біржолата тыйым салуды жөн көрсе, Әли ибн Әбу Талиб (Аллаһ оған разы болсын) жаза ретінде ол екеуін ажырастырып, еркекке сөгіс жариялау жеткілікті деп есептеген.

Пәтуа берген сахабалар:

Бізге Пайғамбарымыздың (с.а.с.) сахабаларының арасынан жүз отыздан астам сахабаның діни және қоғамдық мәселелерге қатысты пәтуа бергендігі жайлы мағлұмат жеткен. Олардың арасында Омар ибн әл-Хаттаб, Әли ибн Әбу Талиб, Абдуллаһ ибн Аббас, Абдуллаһ ибн Масғуд, Абдуллаһ ибн Омар, Айша анамыз, Зәйд ибн Сәбит қатарлы сахабалар (Аллаһ оларға разы болсын) көп пәтуа берумен танымал болған.

¹ Сахих – Пайғамбардан (с.а.с.) бізге дұрыс жолмен, қатесіз жеткен, сенімді, шарифат үкімдеріне дәлел болатын хадис.

² Дағиф – Пайғамбардан (с.а.с.) бізге дұрыс жолмен жеткендігі сенімсіз, шарифат үкімдерін шығарғанда негізгі дәлел бола алмайтын хадис.

³ Маудуғ – Мұхаммед Пайғамбар (с.а.с.) айтпаған сөзді не істі ол (с.а.с.) айтты не істеді деп жалған айтылған сөз. Пайғамбарға (с.а.с.) жалған телінген ондай сөздер мен істерді ғалымдар шартты түрде «маудуғ хадис» деп атайды.

⁴ Иснад – хадисті риуаят еткен адамдардың тізбегі.

⁵ Тәфсир Ибн Кәсир. – Эр-Рияд: Дәр әс-сәләм, 2001, I том, 376-377 беттер.

3. Тәбиғиндер заманы

Тәбиғиндер ғылым мен діннің негізін сахабалардан алғандықтан, олардың фикһ мәселелерін қарастыру жолдары сахабалардың жолына ұқсады. Бұл ғасырда да шарғи мәселені шешу үшін алдымен Құранға, одан кейін сүннетке жүгінетін. Шариғаттың бұл екі негізінен өздеріне қажетті жауапты таба алмаған жағдайда діннің негізгі ұстанымдары мен үкімдерінің себеп-салдарын ескере отырып, өз ойларымен ижтиһад жасайтын немесе сол мәселеге қатысты сахабаның пікірі болса, соны алатын. Бірақ бұл ғасырда сахабалардың заманындағыдай үлкен фақиһ ғалымдар бір жерде өмір сүрмеді. Омар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) мұсылмандарға халифалық еткен тұста мемлекеттік және діни мәселелерді шешуге атсалыса алатын үлкен ғалым сахабалардың Ислам халифатының астанасы Мәдинадан басқа жаққа көшулеріне тыйым салады. Өйткені Құран мен сүннетте дәлелі жоқ діни мәселелердің үкімін беруде сол сахабалар алқа жиынын өткізіп, ортақ шешімге келетін-ді. Мүміндердің әміршісі Омар ибн әл-Хаттаб дүние салғаннан кейін, мүміндердің халифасы болып сайланған Осман ибн Аффан (Аллаһ ол екеуіне разы болсын) ондай сахабалардың өзге елдімекендерге көшулеріне рұқсат берді. Соның салдарынан әр аймақтың тұрғындары сол жерде өмір сүрген сахабаның және одан тәлім алған тәбиғиндердің пәтуаларына көбірек еретін болды. Атап айтсақ, Мәдина тұрғындары Ибн Омардың және одан тәлім алған тәбиғиндік Сағид ибн әл-Мусиябтың, Ғұруа ибн әз-Зубәйдің, Мекке тұрғындары Абдуллаһ ибн Аббастың және одан тәлім алған Мужаһид ибн Жубәйдің, Ата ибн Әбу Рабахтың, Таус ибн Кисанның, Куфа тұрғындары Абдуллаһ ибн Масғудтың және оның шәкірттері Алқама ибн ән-Нахағидің, әл-Асуад ибн Язидтің, Масруктың, Басра тұрғындары Әбу Муса әл-Ашғаридің, Өнәс ибн Мәликтің және олардың шәкірттері Хасан әл-Басридің, Мұхаммед ибн Сириннің, Шам халқы Мұғаз ибн Жәбәлдің, Ғұбада ибн әс-Самиттің, Әбу әд-Дарданың (Аллаһ оларға разы болсын) және олардың шәкірттері Әбу Идрис әл-Хәуләнидің, Макхул әд-Димашкидің, Омар ибн Абдул-Азиздің, Ража ибн Хайуаның, Мысыр жұрты Абдуллаһ ибн Амр ибн әл-Астың пәтуаларына арқа сүйейтін болған¹.

Тәбиғиндердің заманында Ислам мемлекетінің аумағы кеңейіп, мұсылмандардың саны бірнеше жүздеген есеге артты. Пайғамбар (с.а.с.) мен сахабалардың заманында орын алмаған көптеген мәселелер бой көтерді. Хауариждер секілді адасқан топтар пайда бола бастады. Османның заманынан бастап, әр тарапқа қоныс аударған сахабалардан тәлім алған тәбиғиндердің бастарын бір жерге қосып, қоғамдағы мәселелердің шешімін табу қиынға соқты. Оның үстіне, көптеген ұсақ мәселелер үшін шартараптағы ғалымдарды жинау мүмкін болмады. Сонымен қатар ол

¹ Мұхаммед Әли әс-Сәйис. Тарих әл-фикһ әл-ислами. – Дамаск: Дәр әл-фикр, 1999. 123-124 беттер.

ғасырда өмір сүрген факих ғалымдар пәтуа шығарған кезде бірдей тәсіл ұстанбады. Кейбір ғалымдар сахабалардың заманындағыдай Құран мен хадистен дәлел жоқ кезде өздерінің ойлары мен пікірлеріне сүйеніп, шарғи үкім шығарудан тосылмаса, екінші бір ғалымдар Құран мен хадистен дәлел кездеспеген жағдайда, зәру болмаса, өз пікірлерімен үкім шығармаған. Сахабалардың заманында мұндай тәсіл, яғни шарғи үкім шығарудағы сипат онша байқалмаса, тәбиғиндердің заманында ол сипат кең етек жайып, шарғи үкім шығаруда екі түрлі тәсілдің, кейінірек екі түрлі мектептің қалыптасуына алып барды.

Осы жағдайға байланысты біз тәбиғиндер заманындағы фикһ ілімінің төмендегідей ерекшеліктерін аңғарамыз:

1. Фикһ ілімінің ауқымы кеңейіп, фикһи мәселелерде пікірталастың көбеюі.

2. Хадис риуаятының кең таралып, оның фикһ және басқа да діни ілімдерге тигізген әсері.

3. Фикһ ілімінде *مدرسة الرأي* ой-пікір мектебінің және *مدرسة الحديث* хадис мектебінің қалыптасуы.

Сахабалар заманында оймен ижтиһад жасау үкімдердің себептеріне және адамдарға тиімділігіне негізделген еді. Сол заманда фикһи мәселелерді шешу барысында орын алған екі түрлі сипат тәбиғиндер заманында үлкен екі топқа айналды. Құран мен сүннетте келген үкімнің астарына үңілместен, онда келген мағынаны тура қабылдап, өз ойларымен аз үкім шығаратын ғалымдардың көпшілігі Мәдина қаласы мен Хижаз өңірінде өмір сүрді. Олардың бұл тәсілді ұстануларына Мекке мен Мәдина қалаларында маудуғ (жалған) хадис таратушылардың болмауы да өз ықпалын тигізді. Ал Құран мен сүннетте келген үкімдердің астарына үңіліп, ол үкімдердің себеп-салдарын терең зерттеп, соның негізінде өз ойларымен жаңа үкімдер шығаруды құп көретін ғалымдардың көпшілігі Куфа қаласы мен Ирак өңірінде өмір сүрді. Олардың үкім шығарған кезде өз ойлары мен пікірлерін көбірек қолдануларына Ирак өлкесінде жалған хадис таратушылардың кең тарағандығы әсер етті. Міне, осылайша фикһ ғылымы бойынша Мәдинада хадис мектебі, ал Куфада ой-пікір мектебі қалыптасты. Бірақ Мәдина қаласында өз ой-пікірімен танымал болған атақты факих ғалымдар да болған. Мысалы, имам Мәликтің ұстазы Рабиға ибн Абдур-Рахман. Оны Мәдина тұрғындары өз ойына сүйеніп, үкім шығарудан тартынбайтындығы себепті «Ой-пікір Рабиғасы» деп атаған. Сол сияқты Куфада да ой-пікірмен үкім шығаруды құптамайтын, хадистің негізгі мағынасына тоқталып, одан астарлы мағына іздеуді қаламайтын, елге Шағби деген атпен танымал Амир Шарахил есімді ғалым болған.

Бұл жерде «хадис мектебі сүннетті дәлел етеді екен, ал ой-пікір мектебі өз ойларын дәлел етеді екен» деген теріс түсінік тумауы қажет. Себебі екі мектептің де ғалымдары сүннетті Құраннан кейінгі екінші дереккөзі ретінде қабылдаған. Осы мектептердің арасындағы басты айырмашылық олардың өз ойларына сүйеніп, қаншалықты үкім шығаруында ғана болып отыр.

Екі мектептің қалыптасуына әсер еткен факторлар:

Мәдинада хадис мектебінің қалыптасуына, Куфада ой-пікір мектебінің қалыптасуына бірнеше факторлар әсер еткен. Енді осы факторлардың біразына тоқталсақ:

1. Әуелі әр мектептің өкілдері өз ұстаздарының тәсілін ұстанған. Мәдина қаласының фақиһтері сол жерде өмір сүрген, үкім шығарған кезде өз ойларына көп сүйенбейтін Абдуллаһ ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) тәрізді сахабалардан тәлім алса, Куфа қаласының фақиһтері сол өңірде өмір сүрген, Құран мен сүннеттен дәлел жоқ жерде іркілместен өз пікіріне сүйеніп, үкім шығаратын Абдуллаһ ибн Масғуд (Аллаһ оған разы болсын) сияқты сахабалардан тәлім алған.

2. Мәдина қаласы уахи түскен, Пайғамбар (с.а.с.) өмір сүрген және дүниеден өткен жер болғандықтан, ол жерде хадис риуаяты, сахабалардың пәтуалары, әртүрлі мәселелерге қатысты берілген үкімдері көп болды. Сондықтан тәбиғиндер өз ойларына көп сүйенуге мұқтаж болмады. Сонымен қатар Мәдинада ойдан шығарылған хадистер тарамдады да, фақиһ ғалымдар хадистің дұрыс не бұрыстығын тексеріп, астарына үңілуге мәжбүр емес еді. Оларда көп ойланбастан хадиспен бірден амал жасауға мүмкіндіктер болды. Ал Куфада хадистер, өмірде кездесіп жататын мәселелерге берген сахабалардың пәтуалары Мәдинамен салыстырғанда аз еді. Куфада мұсылмандар арасына іріткі салушы арам ниеттілер ойдан хадистер құрастырып, оларды «Пайғамбардың (с.а.с.) сөзі» деп ел арасында таратты. Сондықтан фақиһ ғалымдар Мәдина ғұламалары сияқты хадиске сүйеніп, бірден амал жасай алмады. Олар хадисті дәлел ретінде алу үшін алдымен ол хадистің дұрыс не бұрыстығын анықтап алуға, хадисті қабылдау үшін белгілі шарттар қоюға мәжбүр болды. Оның үстіне, Куфа шаһарында, жалпы, Ирак аумағында жаман пиғылды әртүрлі ағымдар қаптап кетті. Осы аталған себептердің барлығы ондағы фақиһ ғалымдарды өз ой-пікірлеріне көбірек жүгінулеріне алып келді.

3. Мәдина қаласында өмір өте қарапайым, халықтың барлығы бір әдет-ғұрыпты ұстанатын қоғам сахабалардың заманындағы өмір сүру салтынан көп ауытқымаған, түрлі пиғылдағы ағымдардан таза еді. Бұл жағдай да фақиһ ғалымдардың үкім шығарған кезде, хадиспен және сахабалардың сол мәселеге ұқсас мәселеге қатысты берген пәтуаларымен шектелулеріне көмектесті. Ал Куфада өмір тіптен өзгеше болды. Ол жерде әдет-ғұрыптары бір-бірінен өзгеше, өмірге деген көзқарастары әртүрлі көптеген ұлт өкілдері өмір сүрді. Өйткені Ирак аумағы ежелден түрлі мәдениеттердің ошағы болған тарихи мекен еді. Сол себептен де ол жерде сахабалардың заманында болмаған көптеген мәселелер кездесіп жатты. Бұл жайт та фақиһтерді шарғи үкім шығару барысында өз ойларына көбірек сүйенулеріне мәжбүр етті.

Мәдина және Куфа шаһарларындағы фикһ мектептерінің атақты ғұламалары:

Бұл екі шаһарда негізі қаланған фикһ мектептерінің өкілдері әйгілі сахабалардан тәлім алған үлкен фақиһтер болды. Атап айтсақ, Мәдинадағы фикһ мектебінде: Сағид ибн әл-Мусайяб (94 ж. қайтыс болған), Ғұруа ибн әз-Зубәйр (94 ж. қ.б.), әл-Қасим ибн Мұхаммед (94 ж. қ.б.), Әбу Бәкір ибн Абдур-Рахман ибн әл-Харис (94 ж. қ.б.), Ғұбайдуллаһ ибн Абдуллаһ ибн Ғұтба ибн Масғуд (98 ж. қ.б.), Сүлеймен ибн Ясар (107 ж. қ.б.) және Харижа ибн Зәйд ибн Сәбит (99 ж. қ.б.) сынды әйгілі жеті фақиһ болды. Олар өмір сүрген ғасыр «Жеті фақиһ ғасыры» деп те аталған¹. Зер сала қарасақ, осы аталған фақиһтердің барлығы – сахабалардың ұлдары. Олардың көшбасшысы ретінде Сағид ибн әл-Мусайяб аталады.

Ал Куфадағы фикһ мектебінің атақты өкілі ретінде Ибраһим ән-Нахағиді (96 ж. қ.б.), Алқама ибн ән-Нахағиді, әл-Асуад ибн Язидті (74 ж. қ.б.) және Масрукты атауға болады. Ибраһим ән-Нахағи Әбу Ханифаның ұстазы Хаммад ибн Әбу Сүлейменнің ұстазы, Абдуллаһ ибн Масғудтың шәкірті болған.

4. Фикһ ілімінің гүлденген заманы (үлкен имамдар ғасыры)

Нижраның II ғасыры мен IV ғасырлары арасында фикһ ілімі өз алдына жеке ғылым ретінде қалыптасты. Бұл ғасырда үлкен мужтаһид ғалымдар өмір сүрді. Олар фикһ ілімінің негізін және Мәдина мен Куфада қалыптасқан екі фикһ мектебінің негізінде қазіргі заманда Ислам әлеміне танымал төрт мазһабты қалыптастырды. «Мазһаб» сөзінің мағынасы «ұстанатын жол» дегенге саяды. Мазһабтар оның негізін салушы ғұламаның есімімен аталады. Олар: Әбу Ханифа (80-150 һ.ж.), Мәлик ибн Әнәс әл-Асмағи (93-179 һ.ж.), Мұхаммед ибн Идрис әш-Шафиғи (150-204 һ.ж.) және Ахмад ибн Ханбал әш-Шәйбәни (164-241 һ.ж.)².

Егер фикһи мектептердің негізін қалаған имамдардың өмірбаянын зер салып оқитын болсақ, олардың өздерінен де үлкен ғұлама ұстаздардан тәлім-тәрбие алғандарына, өздерінен кейін Ислам ғылымдарын дамытқан, елге танымал ғұлама шәкірттер ұрпағын тәрбиелегендіктеріне, сөзі мен ісі сай келетініне, тақуа, діндар, халықтың сый-құрметіне бөленген жандар екендіктеріне көз жеткіземіз.

Бұл еңбек ханафи мазһабы негізінде құрастырылғандықтан, оқырманға ханафи мазһабы туралы қысқаша мәлімет беруді жөн санадық.

¹ Маннағ әл-Қаттан. Тәрих әт-тәшриғ әл-исләми. – Эр-Рияд, 2002. 294-бет.

² Имамдардың туылған және қайтыс болған жылдары имам Әбу Заһраның «Тарих әл-мәзәһиб әл-исләмия» атты кітабынан алынды.

ИМАМ АҒЗАМ ӘБУ ХАНИФА МАЗЪАБЫ

Әбу Ханифаның қысқаша өмірбаяны

Имам Әбу Ханифа һижраның 80-жылы Куфа қаласында парсы отбасында дүниеге келіп, 150-жылы Бағдад қаласында көз жұмған. Шын аты – Нұғман ибн Сәбит. Халық арасында өте сыйлы, қадірлі, ғалымдар арасында шоқтығы биік болғандықтан, адамдар оны Имам Ағзам (Ұлы имам) деп атап кеткен. Әбу Ханифа өте зерек, алғыр болып өседі. Ол алғашқы уақытта саудамен айналысып, саудагерлер арасында өзінің адалдығымен, әділдігімен және көрегендігімен танымал болады. Әбу Ханифаның алғырлығын байқаған танымал ғалым Шағби оған ғылымға ден қоюды өсиет етеді. Әбу Ханифа өзі өмір сүрген ғасырдағы Зәйд ибн Әли Зәйн әл-Абидин, Жағфар әс-Садик, Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) немересінің ұлы ән-Нәфс әз-Зәкия деген атпен танымал болған Абдуллаһ ибн Хасан тәрізді Куфадағы көптеген ғалымдардан тәлім алғанымен, оның дәріс берудегі тәсіліне, фикһи үкім шығарудағы ұстанған жолына көп әсер еткен ұстазы Хаммад ибн Сүлеймен еді. Әбу Ханифа Хаммад дүниеден өткенге дейін оның қасынан бір елі қалмай, дәріс алады. Хаммад дүние салғаннан кейін Әбу Ханифа оның орнына Куфа мешітінде сабақ беруге отырады. Әбу Ханифа һижраның 130-жылынан бастап, алты жыл Меккеде өмір сүреді. Осы уақыт арасында ол меккелік үлкен ғалымдардан да тәлім-тәрбие алады. Олардың сабақ берудегі әдіс-тәсілдерімен танысады. Әбу Ханифа куфалық фикһ мектебінің тәсілін ұстанып қана қоймай, өз ғасырындағы ой-пікір мектебінің көшбасшысына айналады.

Әбу Ханифа және хадис ілімі

Имам Әбу Ханифаның шарғи үкім шығаруда қияс пен пікірді көп қолдануы кейбір адамдарды «ол хадиспен амал жасамайды» немесе «ол қияс пен өз пікірін хадистен жоғары қояды» деген сияқты жаңсақ пікірлерге жетеледі. Бірақ оның үкім шығарудағы ұстанған жолын және өзінің айтқан сөздерін зерделеп, зерттеп танысқан ғалымдар бұл пікірлердің негізсіз екендігін алға тартқан. Өйткені Әбу Ханифаның хадиске аса көңіл бөлгендігі, жаттамаған хадисін мағынасымен риуаят етпейтіндігі, оның сахих хадис бар кезде қияспен амал жасамайтындығы өзінің сөздерінен анық байқалады. Сонымен қатар ол мурсал хадиспен¹ де, сахабаның пәтуасымен де амал жасайтын болған. Ал оның хадис бар кезде қияспен амал жасағандығын төмендегідей түсіндіруге болады: Әбу Ханифа ол хадисті естімеген немесе хадис оған сахих иснәдпен жетпеген. Сондықтан

¹ Тәбиғин сахабаның есімін атамастан Пайғамбардың (с.а.с.) хадисін риуаят етсе, ол хадисті «мурсал» деп атайды.

да ол қияспен амал жасауға мәжбүр болған. Мужтаһид ғалымның хадистің сахих екендігіне күмәнданып, онымен амал жасамай, қияспен амал жасауы хадиске қарсы шығуды немесе қиясты хадистен жоғары қоюды білдірмейді.

Имам Ағзам туралы «ол хадис ілімінен хабарсыз болған» деген пікір де шындыққа қайшы келеді. Әбу Ханифа да көптеген хадистерді риуаят еткен. Оған ең үлкен дәлел ретінде өзінің екі шәкірті Әбу Юсуфтың «әл-Әсәр» және Мұхаммедтің «әл-Әсәр» деген кітаптарындағы Әбу Ханифадан риуаят етілген хадистерді келтіруге болады. Нижраның 665-жылы дүние салған ғалым Әбу әл-Муәйид Мұхаммед ибн Махмуд әл-Хауаризми Әбу Ханифадан риуаят етілген хадистерді жинақтаумен айналысқан. Ол кітап Мысырда нижраның 1326-жылы жарық көрген¹. Кітап шамамен сегіз жүз беттен тұрады. Рас, Әбу Ханифа имам Мәлик немесе Ахмад тәрізді мухаддис болмаған және олар сияқты мыңдаған хадистерді риуаят етпеген. Бірақ бұл оны хадис ілімінен хабарсыз болған деуге еш дәлел бола алмайды. Оның үстіне, Куфада жалған (маудуғ) хадистер көп таралғандықтан, Әбу Ханифа хадистерге аса сақтықпен қараған және хадисті қабылдау үшін өте қиын шарттар қойған.

Әбу Ханифаның сабақ берудегі ұстанған тәсілі

Имам Ағзам сабақ беру барысында фикһи мәселені, одан туындайтын сұрақтарды шәкірттерінің талқылауына салып, олардың әрқайсысының көтерілген мәселеге қатысты пікірі мен дәлелдерін тыңдайтын. Олар өзара пікір алмасып, кейде ортақ шешімге келетін, ал кей кездері ұстаз бен шәкірттерінің пікірі бір жерден шықпайтын. Осыдан кейін ұстаз ортаға тасталған мәселеге қатысты болған пікірталас пен талдаудың нәтижесін шәкірттерінің біріне жаздыратын. Бұдан біз ханафи мазһабының әуел бастан фикһи мәселелерді жамағат болып талқылаған, пікірталастарға толы мазһаб екендігіне көз жеткіземіз. Сондықтан да ханафи мазһабында имам Әбу Ханифаның ғана емес, кейде оның шәкірттерінің де пікірлерімен пәтуа беріледі.

Ханафи мазһабының негізгі дерек көздері

Ханафи мазһабында шарғи үкім шығаруда төмендегі жеті дереккөзге сүйенеді. Олар:

1. Құран Кәрім. Кез келген діни мәселенің ең бірінші дереккөзі – Құран Кәрім. Өйткені ол – Аллаһ тағаланың сөзі, Мұхаммед пайғамбарға (с.а.с.) берген ең басты мұғжизасы әрі Қияметке дейін өзгеріссіз қалатын бір ғана кітап.

2. Сүннет. Аллаһ тағаланың шарифатын адамдарға жеткізу, түсіндіру Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) міндеті болғандықтан, оның айтқан сөздері

¹ Әл-Ихтияр литағлил әл-мухтар, I том, 28-бет.

мен істеген амалдары Құраннан кейінгі, шарифаттың екінші дереккөзі болып есептеледі.

3. Сахабалардың пәтуалары. Сахабалар Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) көзін көріп, одан (с.а.с.) тәлім-тәрбие алғандықтан және Пайғамбардың (с.а.с.) өзі оларды мақтап, солардың жолымен жүруді өсиет еткендіктен, сахабалардың шығарған үкімдері, Әбу Ханифаның пікірінше, шарғи дәлел болады¹. Сондықтан имам Ағзам бір мәселеге қатысты сахабаның пәтуасы бар болса, өзі ижтиһад жасамай, сол сахабаның пәтуасымен үкім шығаратын болған.

4. Ижмағ. Бір ғасырда өмір сүрген ғұламалардың бір мәселеге қатысты бірауыздан берген үкімі «ижмағ» деп аталады. Ол – Құран Кәрім мен хадистен кейінгі шарғи дәлел. Ижмағтың ең күштісі – сахабалардың ижмағы. Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.): *«Менің үмбетім адасушылықта бірікпейді»*, – деген². Ижмағ бір ғасырда өмір сүрген мұсылман ғалымдарының бір мәселеге қатысты ортақ пікірі болғандықтан, қарапайым адамдардың бірауызды пікірі мәселені шешуде шарғи дәлел бола алмайды. Бірақ шарифатта көпшілікпен болу, жамағаттан бөлінбеу өсиет етілген.

5. Қияс. Қияс – үкімі жоқ нәрсені үкімі бар нәрсемен екеуіне ортақ себепке байланысты салыстырып, үкімі жоқ нәрсеге үкім шығару. Ол – Құраннан, сүннеттен және ижмағтан кейінгі орында тұратын шарғи дәлел. Әбу Ханифа қиясты шарғи дәлел ретінде көп қолданған. Мысалы, Құранда, Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) хадистерінде шарапқа тыйым салынған. Себебі шарап адамды есінен айырады. Ал есірткі туралы аят-хадистерде айтылмаған. Бірақ Аллаһ елшісі (с.а.с.) адамды мас қылатын барлық нәрсеге тыйым салғандығын және есірткінің де адамды есінен айыратындығын ескеріп, ғалымдар есірткіні шарапқа қияс жасап, оны да харам деп үкім шығарған.

6. Истихсан. «Истихсан» сөзі араб тілінде «бір нәрсені жақсы деп есептеу» деген мағынаны береді. Ал шарифатта мужтаһид³ ғалымның бір мәселеде арнайы (жеке) дәлелге сүйене отырып, соған ұқсас мәселелерге берген үкімінен басқа үкім шығаруы. Негізі, ғұламалар **«Аллаһ сендерге жеңілдік қалайды және сендерге ауырлық қаламайды»**⁴ деген аятқа сүйеніп, кейде мұсылмандарға ауыр тиетін болса, көзге анық көрініп тұрған қиястың орнына жасырын тұрған, байқала бермейтін дәлелге сүйеніп, истихсанмен амал жасайтын болған. Мысалы, жыртқыш құстардың қалдық суы қияс бойынша жыртқыш аңдардың қалдық суларының үкімі тәрізді

¹ Пайғамбар (с.а.с.) сахабаларды балағаттауға, сөгуге тыйым салған (әл-Бұхари, Муслим) және әділетті халифалардың (Әбу Бәкір, Омар, Осман және Әли) ұстанған жолымен жүруді бұйырған (Әбу Дауд, әт-Тирмизи).

² Осы мағынаны беретін хадисті Әбу Дауд, әт-Тирмизи және Ибн Мәжәһ риуаят еткен және ғалымдар ол хадисті хасан деген.

³ Мужтаһид – Құранға, хадиске және шарифаттың басқа да дереккөздеріне сүйеніп, өзінің білімімен ижтиһад (ізденіс) жасап үкім шығара алатын ғалым.

⁴ «Бақара» сүресі, 185-аят.

болуы керек. Өйткені жыртықш аңдардың және құстардың етін жеуге болмайды. Ал жыртықш аңдардың қалдық суы таза емес. Егер жыртықш құсты осы негізде жыртықш аңға теңесек, онда жыртықш құстың қалдық суы да таза болмауы тиіс. Бірақ құстың аңнан айырмашылығын, яғни аңның суды сілекейімен былғайтындығын, ал құстың тек тұмсығын салып, сілекейімен суды былғамайтындығын ескеріп (арнайы немесе жеке дәлел деген осы), жыртықш құстың қалдық суы нәжіс емес, бірақ күмәнді болғандықтан, макруһ деген¹.

7. Әдет-ғұрып. Шарғи дәлел жоқ кезде, адамдар арасында жалпы таралған әдет-ғұрып та шарғи дәлел болады. Сауда-саттық тәрізді адамдар арасындағы қарым-қатынаста әдет-ғұрып үлкен орынға ие. Мысалы, қазіргі кезде Қазақстанда көлікті АҚШ долларымен бағалау және сату әдетке айналған. Егер біреу көлігімізді он мыңға саттым десе, адамдардың барлығы оның көлігін он мың АҚШ долларына сатқандығын түсінеді. Бір сатып алушы сатушыға: «Көлігіңді он мыңға сатасың ба?» – деп айтып, сатушы: «Иә», – деп келіскеннен кейін, сатып алушы оған он мың теңге берсе, сатушының оның берген ақшасын алмай, келісімшартты бұзуға құқығы бар. Себебі адамдар арасында көлікті АҚШ долларымен бағалау қалыптасқан әдетке айналған.

Ескерту: егер адамдар арасында таралып кеткен әдет-ғұрып Құранға, сүннетке, ижмағ немесе басқа да шарифат дәлелдеріне қарсы келетін болса, ол әдет-ғұрыпқа сәйкес амал жасалмайды.

Барлық мазһабтарда Құран, сүннет, ижмағ және қияс шарифаттың негізгі дәлел көздері болып есептеледі. Ал қалғандарында келіспеушіліктер бар.

Әбу Ханифаның танымал шәкірттері

1. Яғқуб ибн Ибраһим ибн Хабиб әл-Ансари (113-183 һ.ж.).

Ол – Әбу Юсуф деген атпен танымал болған Әбу Ханифаның ең үлкен шәкірті. Әбу Юсуф Әбу Ханифадан тәлім алумен қатар, Мәдинаға арнайы сапар шегіп, ол жерде имам Мәликтен дәріс алып, хижаздық ғұламалардың хадистерін үйренген. Сол арқылы ол Куфадағы ой-пікір мектебі мен Мәдинадағы хадис мектебінің үлкен имамдарынан сабақ алып, екі мектептің тәсілдерін жақындатқан, ханафи мазһабын Аллаһ елшісінің (с.а.с.) хадистерімен қуаттаған. Әбу Юсуф туралы Ахмад ибн Ханбал: «Әбу Юсуф сиқа (сенімді) садук (шыншыл)», – десе, Ибн Мағин: «Хадис және сүннет иесі», – деген. Ал имам ән-Нәсәи оны сенімді деп есептеген². Әбу Юсуф ғылыммен қатар мемлекет істерімен де айналысқан. Мәһидидің, Һәдидің және Һарун әр-Рашидтың халифаттығы тұсында мемлекеттің бас қазысы қызметін атқарған³. Бұл ханафи мазһабының Ислам халифатының көптеген

¹ Әл-Фикһ әл-ханафи уа әдилләтуһ, I том, 29-бет.

² Әл-Һидәя. I том, 176-бет.

³ Әл-Һидәя. I том, 176-бет.

аймақтарына тарауына, көптеген мәселелерге қатысты үкім шығарған мазһабқа айналуына, ханафи мазһабының шығарған үкімдерінің мемлекеттік заң болып қалыптасуына зор ықпалын тигізген. Имам Әбу Юсуф ханафи мазһабында алғашқы болып кітап жазған ғалым ретінде де танымал. Оның бізге бірнеше кітаптары ғана жеткен. Олардың ішіндегі ең құндылары мемлекеттік қаржы істеріне арналған «Хараж» және Әбу Ханифа мен Ибн Әбу Ләйлә деген атпен танымал имам Мұхаммед ибн Абдур-Рахман арасындағы пікірталасты жинақтаған кітабы.

2. Мұхаммед ибн Хасан ибн Фарқад әш-Шәйбәни (132-189 һ.ж.).

Ол Куфада Әбу Ханифадан, сосын Әбу Юсуфтан дәріс алғаннан кейін, Мәдинаға барып, ол жерде имам Мәликтен үш жыл сабақ алады. Оның өзінен «Муатта» кітабын тыңдайды және риуаят етеді. Сондықтан Муаттаның Мұхаммед әш-Шәйбәни риуаят еткен нұсқасы жоғарғы ғылыми құндылыққа ие. Кейіннен Бағдад қаласында имам Шафиғи одан ханафи мазһабындағы кітаптарын оқиды. Сөйтіп, олар көптеген мәселелерге қатысты пікір алмасады. Имам Мұхаммед хадис ілімінің маманы деп те есептеледі. Оның кітаптары ханафи мазһабының негізгі дереккөзі болып саналады¹.

Имам Мұхаммед әш-Шәйбәнидің кітаптары бізге толықтай жеткен деп айта аламыз. Сол себепті ханафи мазһабының ғұламалары оның кітаптарына ерекше көңіл бөліп, оларға көптеген шархтар (түсіндірмелер), мухтасарлар (ықшамдаулар) жазған. Оның ең танымал әрі сенімді кітаптары: «әл-Мабсут», «әз-Зиядат», «әл-Жәмиғ әл-кәбир», «әл-Жәмиғ әс-сағир», «әс-Сияр әл-кәбир», «әс-Сияр әс-сағир». Бұл кітаптарды имам Мұхаммедтен сенімді адамдар риуаят еткендіктен, ғалымдар оларды «Заһир әр-риуая» немесе «Мәсиһ әл-усул» деп атайды. Ғалымның бұдан өзге бірнеше кітаптары бар. Бірақ ол кітаптарды риуаят еткен адамдардың сенімділік дәрежесі «Заһир әр-риуая» кітаптарын риуаят еткен адамдардың сенімділік дәрежесінен төменірек.

3. Зуфар ибн әл-Һузәйл ибн Қайс (110-157 һ.ж.).

Ол бүкіл өмірін ғылым жолына арнаған, ешқандай да мемлекеттік істерді атқармаған. Зуфар алғашқы кезде хадис ілімімен айналысып, хадис мектебінің өкілі болған. Кейіннен Әбу Ханифаның дәріс беру әдісі мен үкім шығарудағы ұстанған тәсілі оған қатты әсер етіп, куфалық пікір мектебінің өкіліне айналады. Ол – Әбу Ханифаның өзінен кейін ең бірінші дүние салған шәкірті.

4. Әл-Хасан ибн Зияд әл-Лулуи.

Оның туылған жылы белгісіз. Нижраның 204-жылы қайтыс болған. Ол Әбу Ханифа дүниеден өткеннен кейін Әбу Юсуф пен Мұхаммедтен тәлім

¹ Әл-Ихтияр литағлил әл-мухтар, 31-бет.

алып, ханафи мазһабы бойынша кітаптар жазған. Бірақ оның кітаптары мен пікірлері Мұхаммед пен Әбу Юсуфтың кітаптары мен пікірлері секілді маңызды дәрежеге ие емес¹.

Әбу Ханифаның осы төрт шәкірті оның мазһабының негізін қалаған және одан әрі дамытқан. Имам Ағзам дәріс беру тәсілінде шәкірттерінің еркін ойлап, өз пікірлерін ашық білдірулеріне аса көңіл бөлгендіктен, көптеген мәселелерде ұстаз бен шәкірттер арасындағы пікір қайшылығының орын алғанын кездестіреміз.

Ханафи мазһабының негізгі кітаптары

Ханафи мазһабының негізгі кітаптары ретінде имам Мұхаммед әш-Шәйбәнидің еңбектері есептелетіні жоғарыда айтылды. Өйткені ол кітаптарда имам Әбу Ханифаның, Әбу Юсуфтың және Зуфардың көзқарастары мен пәтуалары сақталған. Әбу Юсуф пен Мұхаммед әш-Шәйбәнидің еңбектерінен кейін ханафи мазһабының негізгі кітаптары ретінде имам әс-Сархасидің «әл-Мабсутын», имам әл-Маусилидің «Мухтарын», имам Садрушшарифаның «Ән-Нуқаясын» және имам әл-Марғинәнидің «әл-Һидәясын» атауға болады.

Ислам әлемінде ханафи мазһабын ұстанған танымал үлкен ғалымдар өте көп. Мысалы, әт-Таһауи, әл-Курхи, әл-Жассас, әл-Хассаф, әл-Хаким, Ибн Абидин, ән-Нәсәфи, әл-Хәләби, әт-Таһауни, әл-Ләкнәуи, әд-Дәһләуи, Мустафа әз-Зарқа, Ибраһим Силкини, Нуруддин Итр және т.б.

Қазіргі заманда Ислам ғалымдарының барлығы «кімде-кім жоғарыда аталған төрт мазһабтың бірімен жүрсе, ол әһлус-сунна уәл-жамағадан» деген тоқтамға келген. Себебі аталмыш мазһабтардың негізі Құран мен сүннеттен алынған. Фикһ кітаптарында кездесетін кез келген мәселенің Құраннан және хадистен тікелей немесе жанама түрде дәлелі болады. Сондықтан «мынау – Әбу Ханифаның немесе Шафигидің ойдан шығарғаны» немесе «Мәликтің не Ахмадтың бұл пәтуасының еш дәлелі жоқ» деген үзілді-кесілді пікір айту дұрыс емес. Ол ғалым сол мәселені шешуде қателескен болуы немесе ол келтірген дәлелдің әлсіз болуы мүмкін, бірақ ешбір ғалым Құран мен сүннетке және осы екеуінен бастау алатын ижмағ пен қияс секілді шарифат негіздеріне сүйенбестен, өздігінше үкім шығармайтындығын ескеру қажет.

¹ Мұхаммед әл-Хидирбек. Тәрих әт-тәшриф әл-исләми. – Бейрут: Дәр әл-калам, 1983. 171-бет.

ТАҒАРАТ (ТАЗАЛЫҚ) КІТАБЫ

Тазалық және оның абзалдығы туралы

«Таһарат» сөзі араб тілінде «тазалық» деген мағынаны береді.

Ал шарифатта «таһарат» сөзі екі мағынада қолданылады:

1. Нәжістен таза болу: киімнің, дененің және намаз оқитын жердің нәжіс заттардан таза болуы.

2. Дәретсіздіктен (хәдәстен) тазалану. Хәдәс екі түрлі болады: үлкен хәдәс: жүніп, хайыз және нифас болғанда ғұсыл алу және кіші хәдәс: дәреті жоқ кезде дәрет алу.

Тазалық – дініміздің ең басты қағидаларының бірі әрі көптеген ғибадаттардың қабыл болуының алғышарты. Әрбір мұсылманның күніне бес уақыт оқитын намазының қабыл болуы шарттарының бастысы, намазханның дәреті болуы, сонан соң намаз оқитын жерінің және киімінің нәжістен таза болуы. Аллаһ тағала адамның болмысын тазалыққа құштар етіп жаратқан және адамзатты тазалыққа үндеген. Аллаһ тағала: **«Және киіміңді тазала»¹**;

«Расында, Аллаһ тәубе етушілерді жақсы көреді және тазаланушыларды жақсы көреді»², – деп, тазалықтың аса маңызды екендігіне ишарат жасаған.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с.) тазалыққа ерекше мән берген. Ол кісі (с.а.с.) әрдайым денесін, киімін таза ұстап, үстіне жұпар иіссу себініп жүретін және сахабаларын да әрдайым таза жүруге үгіттейтін.

Әбу Мәлик әл-Әшғари (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһтың елиісі (с.а.с.): «Тазалық – иманның жартысы...», – деді», – деген³.*

Ислам дінінде тазалықтың алар орны бір төбе, мәртебесі биік болғандықтан, әрбір мұсылманның шарифат лас, нәжіс деп есептейтін заттарды білуі өте маңызды. Себебі барша ғибадаттың қабыл болуының негізгі шарттарының бірі – тазалық. Сондықтан мұсылман шарифат нәжіс деп көрсеткен заттардан денесін, киімін және құлшылық жасайтын орнын таза ұстауда аса мұқият болуы қажет.

Шарифатта «Заттардың негізі – таза» деген қағида бар. Яғни бүкіл заттар жаратылысынан таза. Тек шарифат нәжіс деп тапқан заттар ғана нәжіс саналады. Демек, шарифатта бір заттың нәжіс екендігі көрсетілмесе, ол зат таза деп есептеледі. Бұл – шарифаттың бүкіл заңдылықтарына қатысы бар өте маңызды қағида.

¹ «Муддәссир» сүресі, 4-аят.

² «Бақара» сүресі, 222-аят.

³ Сахих Муслим, Китәб әт-таһара, 328.

Нәжіс заттар

Нәжіс араб тілінде «лас», «кір», «таза емес» деген мағыналарды береді. Шариғат термині ретінде «нәжіс» деп шариғат таза емес деп тапқан заттар аталады. Олар:

1. Шошқа. Шошқа мен жабайы қабан тірі болса да, өлі болса да, нәжіс саналады. Оның денесі, еті, сүйегі, терісі, сілекейі, жүні және т.б. барлық мүшелері – нәжіс¹. Оның ешқандай мүшесі тазалауға келмейді және кез келген мүшесін пайдалану – харам. Сондай-ақ шошқа терісінен тігілген киімдерді, аяқкиімдерді киюге болмайды. Өйткені шошқаның терісі илеу арқылы да тазармайды.

2. Өлексе. Еті жеуге жарамды және жарамсыз барлық жануарлардың өлекселері – нәжіс. Еті жеуге жарамды болғанымен, шариғат жолымен бауыздалмаған мал өлексеге жатқызылады.

Ал қайтыс болған адам кәпір болғанымен, өлексеге жатпайды, яғни адамның мәйіті – таза.

Өлексенің қатарына мыналар да жатады:

а) тұншығып, құлап немесе сокқыдан өлген және басқа малдар сүзіп өлтірген яки жыртқыштар өлтірген мал.

Егер бұл аталғандардың бірі еті жеуге жарамды мал болып, оны өлмей тұрып шариғат жолымен бауыздап алса, онда оның еті жеуге жарамды, яғни халал болып саналады.

ә) Аллаһқа сенбейтін дінсіздің (атеист), мүшріктің², буддистің және басқа да пұтқа табынушылардың бауыздаған малы жеуге жарамсыз және ол өлексе деп есептелінеді.

б) Аллаһтан өзге нәрселерге құлшылық ниетімен бауыздалған мал. Тіпті осы ниетпен сойылған малды мұсылман адам бауыздаса да, харам болып табылады. Мысалы, будданың құрметіне арналып құрбандыққа дайындалған малды мұсылман қасапшы сойса да, ол малдың еті харам болады. Себебі ол Аллаһтан өзгеге арналып отыр.

в) Шариғат жолымен бауыздалмаған мал. Мысалы, тоқпен өлтірілген малдың еті харам болады.

Бұл аталғандар туралы Аллаһ тағала Құранда:

«Сендерге: өлексе, (аққан) қан, доңыз еті және Аллаһтан басқаның атымен бауыздалған мал харам етілді. Буынып, ұрылып, құлап, сүзіліп өлген мал және жыртқыш жеген мал харам. Бірақ (жаны шықпай) бауыздағандарың басқа. Және тігілген тасқа (пұтқа) арнап бауыздалған мал әрі оқтар арқылы талай сынауларың (бал ашуларың) да харам. Бұларың – бұзықтық»³, – деген.

¹ Уаһба әз-Зухайли, әл-Фикһ әл-исләми уә әдилләтуһ. – Дамаск: Дәр әл-фикр, I том, 302-бет.

² Мүшрік – Аллаһтан өзгеге табынушы, Аллаһқа серік қосушы.

³ «Мәида» сүресі, 3-аят.

Төменде аталатын тіршілік иелерінің денесі «өлексе» деп есептелмейді және олардың дене мүшелері нәжіске жатқызылмайды:

а) Шыбын, шаян, құмырсқа, ара секілді ағатын қаны жоқ жәндіктер. Бұл жәндіктер жеуге жарамсыз болғанымен, нәжіс емес.

Суда өмір сүретін балық тәрізді жануарлардың өліктері халал.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Бір кісі Аллаһ елшісінен (с.а.с.): «Уа, Аллаһтың елшісі! Біз теңізге шығамыз және өзімізбен бірге аз ғана су аламыз. Егер онымен дәрет алсақ, (суымыз таусылып) шөлдейміз. Теңіз суымен дәрет аламыз ба?» – деп сұрады. Аллаһтың елшісі (с.а.с.): «**Оның суы таза, өлексесі халал**», – деді», – деген¹.*

Абдуллаһ ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Аллаһтың елшісі (с.а.с.): «**Сендерге екі өлексе мен екі қан халал етілді. Екі өлексе – балық пен шегіртке, ал екі қан – бауыр мен көкбауыр**», – деді», – деп айтқан².*

ә) Мұсылман және кітап иелерінің³ аңшылықта атып алған жануарлары.

Аллаһ тағала: **«Олар сенен өздеріне не нәрсенің халал етілгендігін сұрайды. «Сендерге таза нәрселер (дін бойынша халал нәрселер) халал қылынды», – де. Және де Аллаһтың өздеріңе білдіргенін үйретіп, тәрбиелеген жыртқыштарды Аллаһтың атын айтып (аңға) салсаңдар, (олардың) сендер үшін ұстағандарын жеңдер. Аллаһтан қорқыңдар, күдіксіз Аллаһ есепке өте тез. Бүгін сендерге жақсы нәрселер халал етілді. Кітап берілгендердің (яһуди, христиан) тамағы (яғни бауыздаған малы) халал етілді. Сендердің де тамақтарың оларға халал етілді»⁴, – деген.**

Ғұламалар осы аяттағы **«Кітап берілгендердің тамағы»** деген сөйлемнің мағынасын «Кітап берілгендердің бауыздаған малы» деп түсіндірген. Бұл пікірге дәлел ретінде осы екі дінде де Құдайдан өзгеге арнап құрбандық шалуға тыйым салынғандығы айтылады. Егер олардың бауыздаған малын жеуге рұқсат етілсе, аңшылықта атып алғандарын да жеуге рұқсат етіледі. Ал егер малын Аллаһтан басқаның атымен бауыздаса, ол малдың етін жеу харам.

б) Өлексенің қаны жоқ жүн, қауырсын, мүйіз, тұяқ тәрізді мүшелері нәжіске жатпайды. Түйе, сиыр, қой сияқты еті жеуге жарамды жануарлардың және қасқыр, түлкі секілді еті жеуге жарамсыз хайуандардың барлығының терілері илену арқылы тазарады. Тек шошқаның терісі илену арқылы тазармайды. Ал иттің терісіне қатысты ғалымдар арасында екі түрлі көзқарас бар. Көпшілік ғалымдар «иттің де терісі илену арқылы тазармайды» десе, кейбір ғалымдар «тазарады» дейді.

¹ Сунән ән-Нәсәи, Китәб әл-мияһ, 330.

² Сунән Ибн Мәжәһ, Китәб әл-әтғима, 3305.

³ Кітап иелері – яһуди мен христиан дінін ұстанушылар.

⁴ «Мәида» сүресі, 4-5 аяттар.

3. Зәр, тезек, мәни, мәзи және уәди. Адамның және еті жеуге жарайтын жануарлар мен еті жеуге жарамайтын хайуандардың барлығының төменгі екі мүшесінен шыққан заттар нәжіс деп саналады.

а) Зәрдің нәжіс екендігіне төмендегі хадистерді дәлел ретінде келтіруге болады. Имам әл-Бұхари Әнәс ибн Мәликтен риуаят еткен хадисте, бір бәдәуи (дала арабы) мешіт ішінде кіші дәретке отырып қойғанда, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) ол жерге шелекпен су құйғызып, тазалатқандығы айтылған. Осы хадистен зәр нәжіс болғандықтан, Аллаһ елшісі (с.а.с.) оны жудырды деген қорытынды шығады.

Айша (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісіне (с.а.с.) емшектегі сәбиді алып келді. Ол (сәби) оның (Пайғамбардың (с.а.с.)) алдына кіші дәретке отырып қояды. Сонда ол (с.а.с.) су алдырып, оны зәр тиген жерге құйды (яғни ол жерді жуды)»*, – деді¹.

ә) Мәни (сперма, ұрық) – жыныстық қатынас кезінде және шакуат қозған кезде алдыңғы мүшеден ытқып бөлінетін қоймалжың. Мәнидің нәжіс екендігіне мына хадис дәлел болады:

Айша (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбардың (с.а.с.) киімінен жүніпті (яғни мәниді) жуатынмын. Ол намазға шыққанда, киімінде судың орны болатын»*, – деген².

Егер мәни нәжіс болмаса, Айша анамыз оны жумайтын еді³. Басқа бір хадисте Айша анамыз: *«Егер мәни кеуіп қалса, үгітетінмін, ал ылғал болса, жуатынмын»*, – деп айтқан⁴.

б) Мәзи – жыныстық қатынасты ойлаған кезде шығатын мөлдір, жабысқақ сұйық.

в) Уәди – күшенген кезде және кіші дәретке отырғаннан кейін жыныстық мүшеден бөлінетін қою ақ қоймалжың. Уәдидің де нәжіс екендігіне қатысты ғалымдар арасында ешқандай келіспеушілік жоқ. Ал мәзи мен уәдидің нәжіс екендігіне төмендегі хадис дәлел.

Зурға Әбу Абдур-Рахман: *«Ибн Аббастың (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): «Мәни, мәзи және уәди. Мәни болса, одан ғұсыл алу керек, ал уәди мен мәзи болса, жыныстық мүшеңді жуу және намазға дәрет алғандай дәрет ал»*, – деп айтқанын естідім», – деген⁵.

¹ Сахих Муслим, Китәб әт-таһара, 431.

² Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-удуу, 222.

³ Шафиғи мен ханбали мазһабтарында балиғатқа толғаннан кейін, табиғи жолмен шыққан мәни нәжіске жатпайды (Китәб әл-фикһ алә әл-мазаһиб әл-арбаға, I том, 13-бет). Олар Пайғамбардың (с.а.с.) мәни туралы сұралған кезде: *«Ол сіңбірік пен түкірік секілді. Оны шүберекпен немесе изхирамен (шөптің аты) сүртсең жеткілікті»*, – деп айтқан (әд-Даракутни, II том, 3-бет) хадисіне сүйеніп, мәниді нәжіс емес, бірақ ол сұйық болса, жуу, кепкен болса, үгіту мустахаб деген.

⁴ Сунән әд-Даракутни, I том, 125-бет.

⁵ Әл-Бәйһақи, әс-Сунән әл-кубра, I том, 169-бет.

г) Еті жеуге жарамды малдың және еті жеуге жарамсыз хайуанның зәрі мен қиының¹ нәжіс екендігіне мынадай нақты дәлел келтіруге болады:

Абдуллаһ ибн Масғуд (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.) дәрет сындыруға барды да, маған үш тас алып келуді бұйырды. Мен екі тас таптым, үшінші тасты іздеп таба алмадым. Сосын бір қиды алып келдім. Ол (с.а.с.) екі тасты алды да, қиды: «Мынау – нәжіс», – деп лақтырып тастады», – деген².*

4. Қан. Адамның, құрлықта өмір сүретін хайуандардың және қос мекенділердің аққан қаны нәжіске жатады. Аллаһ тағала: *«(Мұхаммед! Оларға): «Маған уахи³ етілгенде, жейтін кісіге жеуге харам болған нәрсені таппадым. Бірақ жемтік, ағызылған қан, доңыз еті негізінен харам және күнәлі болып, Аллаһтан басқаның атымен бауыздалған мал харам. Біреу бас тартпай, шектен шықпай шарасыз қалса (жеуіне болады), күдіксіз Раббың аса Жарылқаушы ерекше Мейірімді», – де»⁴, – деген.*

Осы аятта Аллаһ тағала аққан қанның нәжіс екендігін анық баяндаған. Ал төмендегі қанның түрлері нәжіске жатпайды:

- барша балық атаулының (яғни су жәндіктерінің) қаны;
- маса, қандала, бит, бүргенің қандары нәжіске жатпайды. Себебі олардың қандары өте аз мөлшерде болады;
- бауыздалғаннан кейін малдың тамырларында қалған қан;
- денеден азғана шығып, бірақ ақпаған қан. Ал егер ағып кеткен жағдайда ол қан нәжіс болып табылады⁵;
- бауыр мен көкбауыр нәжіске жатпайды. Өйткені Абдуллаһ ибн Омардан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) риуаят етілген хадисте Аллаһтың елшісі (с.а.с.): *«Сендерге екі өлексе мен екі қан халал етілді. Екі өлексе – балық пен шегіртке, ал екі қан – бауыр мен көкбауыр», – деп айтқан⁶.*

¹ Ханафи мазһабында еті жеуге жарамды малдың зәрі мен қиын жеңіл нәжіске жатқызса, шафиғи мазһабында оны ауыр не жеңіл деп бөлместен жалпы нәжіс деп атайды. Ал мәлики мазһабында еті жеуге жарамды мал нәжіс жеген болса, зәрі мен қиы нәжіс, егер жемеген болса, таза болып есептеледі. Ханбали мазһабында ол нәжіс жесе де, жемесе де зәрі мен қиы таза деп саналады (Китәб әл-фикһ алә әл-мазаһиб әл-арбаға. I том, 13-бет).

² Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-удуу, 152.

³ Уахи – Аллаһ тағаланың тек қана пайғамбарларына беретін аяны. Бұл жерде Құран деген мағынада.

⁴ «Әнғам» сүресі, 145-аят.

⁵ Кейбір ғалымдар жарадан аққан қанды нәжіс емес деген. Олар сахабалардың соғыс кезінде жарақатынан аққан қанға қарамастан, намаз оқығандарын дәлел етіп, тек қана тамырдан атқылап аққан қанды ғана нәжіске жатқызған.

⁶ Сунән Ибн Мәжәһ, Китәб әл-әтғима, 3305.

5. Сарысу мен ірің. Егер ірің денеден ағатын болса, нәжіске жатады. Ал ақпаса, нәжіске жатпайды. Себебі ірің – бұзылған қан, сарысу – сұйыққа айналған ірің.

6. Құсық. Ауыз толы не сондай мөлшерге жақын құсық нәжіс деп есептеледі. Ал ауыз толмаған құсық нәжіске жатпайды. Егер құсық аз болып, бірақ адамның оны ұстап тұруына шамасы келмесе, ол нәжіске жатады. Құлақтың бұлығы, көздің былшығы нәжіске жатқызылмайды.

7. Арақ, шарап, сыра және барлық спиртті (алкогольді) ішімдіктер. Бұл ішімдіктердің аз-көптігіне немесе адамды мас қылу-қылмауына қарамастан, бұлардың барлығы нәжіске жатады. Аллаһ тағала:

«Ей, мүміндер! Арақ¹, құмар, тігілген тастар (пұттар)² және бал ашатын оқтар – лас, шайтанның істерінен. Одан сақтанындар, бәлкім, құтыларсындар»³, – деген.

8. Еті жеуге жарамсыз жануарлардың еті, сүті, сілекейі нәжіске жатады. Әсіресе, иттің сілекейінен аса сақ болу керек. Себебі Пайғамбар (с.а.с.) иттің сілекейі тиген ыдысты жеті рет (оның бірін топырақпен) жуып тазалау керек екендігін⁴ және ит ұстайтын үйге періштенің кірмейтіндігін⁵ айтып ескерткен⁶. Сондықтан кімде-кім үйіне періштелердің кіруін қаласа, үй ішінде ит ұстамауы керек.

9. Жәлләлә. Нәжіспен қоректенген малды шарифатта «жәлләлә»⁷ деп атайды. Еті жеуге жарамды түйе, сиыр сияқты жануарлар мен тауық, үйрек секілді құстар нәжіспен қоректенсе, олардың етін жеуге, сүтін ішуге тыйым салынады. Олардың еті мен сүті таза болу үшін бірнеше күн тек қана таза тамақпен тамақтандырады. Содан соң ғана етін жеуге болады.

Ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Аллаһ елиісі (с.а.с.) жәлләләні жеуге және сүтін (ішуге) тыйым салды»,* – деген⁸. Бізге Пайғамбарымыздан (с.а.с.) осы мағынаны беретін бірнеше хадистер жеткен.

¹ «Арақ» (хамр) деп арнайы ашытылған және адамды мас қылатын арақ, шарап тәрізді ішімдіктерді жалпы атаған.

² Пұттарға арналған құрбандық малын шалу үшін қойылған тастар.

³ «Мәида» сүресі, 90-аят.

⁴ Сахих Муслим, Бәб хукм улуғ әл-кәлб, 90.

⁵ Сахих әл-Бұхари, Бәб әт-тиб ли әл-жумуға, 2105, 3225. Сахих Муслим, Бәб лә тадхулу мәләикә бәйтән фиһи кәлб, 5636.

⁶ Итті адамдармен бірге үйдің ішінде асырауға шарифатта тыйым салынған. Аулада және қорада ит ұстауға шарифатта рұқсат етілген.

⁷ Жәлләләға қатысты үкімдер жайлы «Радд әл-мухтар», «әл-Мабсут» және т.б. үлкен кітаптардан мол мағлұмат ала аласыздар.

⁸ Сунән Әбу Дауд, Китәб әл-әтһимә, 3291. Сунән әт-Тирмизи, Китәб әл-әтһимә, 1747.

Нәжіске жатпайтын нәрселер

1. Су жәндігінің қаны. Сол секілді қаны аз жәндіктердің қаны.
2. Жауыр (мозоль) болған және күйген жерден шыққан су. Себебі бұлардың негізі қан емес, дененің суы болып табылады.
3. Әйелдің жыныс мүшесінің ылғалы.
4. Әйелдің етеккірі тоқтаған кезде көрінетін сұйық. Ал қан араласып, қабыну себебінен пайда болатын сұйықтық нәжіске жатады. Ол дәретті бұзады.
5. Еті жеуге жарамсыз бүркіт, қаршыға тәрізді жыртқыш құстардың және қасқыр, түлкі секілді хайуандардың қан жүрмейтін жүн, қауырсын, мүйіз, тұяқ, сүйек тіс сияқты мүшелері. Аталмыш хайуандардың терілері илену арқылы тазаланады.
6. Жаңа туылған сәбидің денесіндегі ылғал.
7. Әл-Әзһар университетінің ғұламалар кеңесі медициналық мақсатта қолданылатын ақ спиртті нәжіске жатқызбаған. Бірақ бұл оны ішуге болады деген мағынада емес¹.
8. Улы және есірткі жасалатын өсімдіктер. Оларды тек медициналық мақсатта ғана пайдалануға болады.

Заттар қалай нәжіске айналады?

Заттар сұйық және сұйық емес деп екіге бөлінеді. Сұйық зат нәжіс заттың араласуымен, ал сұйық емес зат сұйық нәжістің құйылуы арқылы немесе ылғал нәжістің араласуы арқылы нәжіске айналады.

Осыған қарап төмендегідей үкімдер шығарылады:

1. Егер құрғақ таза затты құрғақ нәжіс затпен ораса немесе оның үстіне не астына қойса, таза зат нәжіске айналмайды. Себебі нәжіс зат құрғақ кезінде екінші құрғақ затқа әсер етпейді. Осыған орай фақиһтер «құрғақтың үстіндегі құрғақ еш даусыз таза» деген қағида шығарған. Мысалы, егер адам құрғақ қолымен құрғақ нәжісті ұстаса, қолы былғанбайды. Сәбидің кеуіп қалған нәжіс киімін ұстаған ананың қолы да нәжістенбейді.

2. Қысқан немесе сыққан кезде суы шықпайтын ылғал нәжіс заттың үкімі, құрғақ заттың үкімімен бірдей саналады.

3. Егер құрғақ нәжіс заттың үстінде ұйықтап қалған адам терлесе, денесі мен киімі нәжіс болмайды. Тек нәжістің орны, түрі не исі киімінде байқалса, нәжіс тиген деп есептеледі.

4. Егер сұйық нәжіс тоңмай, құйрық май секілді қою заттың үстіне түссе, оның тек үстін ғана нәжіске айналдырады. Мұндай кезде нәжіс тиген бөліктерді айналасымен қосып қасықпен не сол сияқты басқа затпен қырып алып тастау керек. Ал ол заттың қалған бөлігі таза болады.

¹ Әл-Муфассал фи әл-фиһ әл-ханафи, 23-бет.

Су қалай нәжістеледі?

Шариғатта суды ағын және тоған су (яғни ақпайтын) деп екіге бөліп қарастырады. Бұл дұрыс үкім шығару үшін қажет. Ағын суға өзен, арық, канал және бұлақ сулары жатады. Тоған суларына су сақтайтын үлкен ыдыстағы су, көлшік, ұйық, су қоймаларының сулары жатады.

Ағын сулар, қанша аз болғанымен, таза деп есептеледі. Тек судың үш қасиетінің (дәмі, түсі және иісі) бірі нәжіспен өзгерген жағдайда ғана нәжіске айналады. Ал тоған сулары мөлшеріне қарай аз және көп деп екіге бөлінеді. Көп тоған суларының үкімі ағын суларының үкіміне кіреді.

Әбу Умәмә әл-Бәһили (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһтың елшісі (с.а.с.): «Суды исін, дәмін және түсін өзгерткеннен басқа еш нәрсе нәжіске айналдырмайды», – деді», – деген¹.*

Мөлшері аз тоған суына нәжіс араласып, судың үш сипатын өзгертпесе де, оны нәжіске айналдырады. Себебі Әбу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген хадисте Пайғамбар (с.а.с.) адамдардың ағынсыз суға дәрет сындырып, содан соң ол сумен ғұсыл алуларына тыйым салған².

Көп және аз судың мөлшері

Фақиһтер көп және аз судың мөлшерін анықтауда әртүрлі пікірлер ұстанған. Шафиғи мазһабында су екі қуладан асса, көп деп есептеледі деген. Қулла – орта ғасырларда су сақтайтын үлкен құмыра. Қазіргі кезде ғалымдар оны шамамен 204 литрге теңестіреді³.

Абдуллаһ ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Аллаһтың елшісі (с.а.с.): «Егер су екі қулла (құмыра) болса, нәжістенбейді», – деді», – деген⁴.*

Ханафи мазһабында адам судың бір жағасында тұрып оны толқытқанда, толқын екінші жағасына жетпейтіндей мөлшердегі жерді алып жатқан су көп су деп есептеледі. Оны былайша анықтайды: егер су көлемі төртбұрышты болса, ені мен ұзындығы шамамен он-он білектің (кез) ұзындығындай, ал дөңгелек болса, диаметрі отыз алты білектің ұзындығындай болуы керек. Ал тереңдігі екі жағдайда да шамамен бір сүйем немесе төрт елі болуы керек⁵. Ол шамамен 325 литр болады¹.

¹ Сунән Ибн Мәжәһ, Китәб әт-таһара уә сунәнүһә, 514.

² Сахих әл-Бұхари, Бәб әл-мә' әд-дәим, 239. Сахих Муслим, Бәб ән-нәһи ған әл-бәулу фи әл-мә' әр-ракид, 95.

³ Әл-Фикһ әл-исләми уә әдилләтуһ, I том, 128-бет. Әл-Муфассал фи әл-фикһ әл-ханафи, 27-бет. Әл-Ихтиярда екі қулла 160 литр деп келген 533-бет.

⁴ Сунән Әбу Дауд, Китәб әт-таһара, 59.

⁵ Ханафи мазһабы қарапайым адамдарға жеңіл болу үшін осылай шамалап түсіндіріп берген. Ал «екі қулла болса...» деген хадисті әл-Бұхаридің ұстазы Әли ибн әл-Мәдини және әл-Хафиз ибн Абдул-Барр «дағиф» десе, Яхия ибн Мағин, Ахмад, Хаким ән-Найсабури, Ибн Хиббан «сахих» деген. Ханафи ғұламаларынан

Судың мөлшеріне қатысты әртүрлі үкімдер

1. Суды аз немесе көп деп тек нәжіс түскен кезде ғана есептейді. Яғни бір үлкен ыдыстағы көп суға нәжіс араласқанымен, судың үш сипатын өзгертпесе, ол су таза күйінде қалады. Нәжіс түскеннен кейін ол судың біраз бөлігін басқа жаққа алып кетсе немесе екінші бір ыдысқа құйып алса, қалған бөлігі көп судың көлемінен аз болып қалса да, ол көп су деп есептеледі. Яғни мұндайда көп судың үкімінде қалады.

2. Ағатын қаны жоқ маса, шыбын секілді жәндіктер суда өлсе, суды нәжіске айналдырмайды.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.): «Егер біреулеріңнің сусынына шыбын түсіп кетсе, оны батырып, сосын шығарып тастасын. Себебі оның бір қанатында дерт, екінші қанатында (сол дертке) шипа бар», – деді», – деген².*

3. Суда ғана өмір сүретін жануарлардың өлігі суды нәжіске айналдырмайды.

Судың үкімдері

Жоғарыда суды мөлшеріне қарай көп және аз деп екіге бөліп, көп судың тек үш сипатының бірі өзгерген жағдайда ғана нәжіс деп есептеліп, қалған жағдайларда нәжіс араласқанымен, өзінің таза күйін сақтайды деген едік. Шариятта су заттарды нәжістен тазалайтын ең басты құрал ретінде қарастырылады. Ғұламалар ижтиһад жасап, суды бірнеше топқа бөлген. Бір ғалымдар суды таза, пайдаланылған және нәжіс деп үш топқа бөлсе, енді біреулері таза және нәжіс деп екі-ақ топқа бөлген. «Әл-Муфассал фи әл-фикһ әл-ханафи» кітабының авторы Мәжид Итр суды бес топқа бөлген. Біз осы соңғы пікірді оқырманға ұсынып отырмыз.

1. Таза және басқа заттарды нәжістен тазалауға жарамды су. Яғни ол суды ішуге, дәрет алуға және нәжісті кетіру үшін пайдалануға болады. Кейбір кітаптарда оны «Таһир уа мутаһһир» (таза және тазалаушы су) деп те атайды. Бұған құдық, өзен, көл, теңіз, жаңбыр, қар, бұршақ, бұлақ және т.б. ащы және тұщы сулардың барлығы жатады. Бұл сулардың тазалығына жер қыртысындағы темірдің және тағы басқа металдар мен топырақтың дәмі мен исі әсер етпейді. Сол сияқты осындай суларға түскен ағаш пен өсімдік тамырының, жапырақтарының және жемістерінің дәмі оның тазалығын жоймайды. Мұндай суларда құрбақа және басқа да бақа-шаяндардың

әт-Тахауи да соңғы пікірді құптаған (Тухфа әл-ахуази, осы хадистің шархынан ықшамдалып алынды).

¹ Шарх Ибн Абидин, I том, 197-бет. Әл-Муфассал фи әл-фикһ әл-ханафи, 27-бет.

² Сахих әл-Бұхари, Китәб бәд' әл-халқ, 3073.

мекендеуі де оны ластамайды. Аллаһ тағала: **«Аспаннан тап-таза су түсірдік (жаңбыр жаудырдық)»¹**, – деген.

Аллаһтың елшісі (с.а.с.) теңіз суы туралы: **«Оның суы таза, өлексесі халал»**, – деп айтқан².

Пайғамбар (с.а.с.) намазға тұрғанда, Құран оқудан бұрын Аллаһтан күнеларын қармен, сумен және бұршақпен тазалауды өтініп дұға жасаған. Егер бұл сулар таза болмағанда, Аллаһтың елшісі (с.а.с.) бұлай дұға етпеген болар еді. Осының өзі аталған сулардың таза және басқа заттарды тазартатынына дәлел болады.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): **«Аллаһтың елшісі (с.а.с.): «... Аллаһым, мені күнеларымнан қармен, сумен және бұршақпен жу», – деді»**, – деген³.

Әбу Сағид әл-Худри (Аллаһ оған разы болсын): **«Пайғамбарға (с.а.с.) Будаға құдығынан дәрет алып жатқан кезде келдім. Оған (с.а.с.) «Уа, Аллаһтың елшісі! Одан (құдықтан) қалай дәрет алып отырсыз. Оның ішіне сасық иісті нәрселер тасталады ғой», – дедім. Ол (с.а.с.): «Суды еш нәрсе нәжіске айналдырмайды», – деді»**, – деген⁴.

2. Таза, нәжіс заттарды тазалауға жарамды, бірақ дәрет, жүніптік кезінде ғұсыл алуға жарамсыз су.

Бұл топты бірнеше түрге бөлуге болады:

а) Пайдаланылған су. Бұрын дәрет, ғұсыл алуға пайдаланылған су екінші рет қайтадан дәрет не ғұсыл алуға пайдалануға жарамайды. Бірақ ол суды нәжісті кетіру үшін қолдануға болады⁵.

Ескерту: бұл жерде дәрет не ғұсыл алғаннан кейін дәрет алған ыдыстың түбінде қалған суды айтып отырған жоқ.

ә) Жеміс-жидек суы (шырыны). Мысалы, қарбыз, алма суларын нәжісті кетіру үшін пайдалануға болады. Бірақ ол сулармен дәрет алмайды. Себебі дәретті тек таза және басқа заттарды тазалауға жарамды үш сипаты өзгермеген сумен ғана алуға болады. Ал ондай су жоқ кезде дәреттің орнына тәяммум соғады⁶.

б) Таза затпен араласып, үш сипатының бірін өзгертіп алған су. Мысалы, суға ұн араласып, оның түсін өзгертсе немесе суға сарымсақ түсіп кетіп, оның дәмін бұзса, ол сумен дәрет алуға болмайды. Бірақ заттарды нәжістен тазалау үшін қолдануға рұқсат етіледі.

¹ «Фурқан» сүресі, 48-аят.

² Сунән ән-Нәсәи, Китәб әл-мияһ, 330.

³ Сахих Муслим, Китәб әл-мәсәжид уә мауадиъ әс-салаһ, 940.

⁴ Муснәд Ахмад, Китәб бәқи әл-муқсирин, 10696.

⁵ Бір ғалымдар: дәрет алуға пайдаланылған су үш сипатының бірін өзгертпеген жағдайда екінші рет дәрет және ғұсыл алуға жарамды деген. Олардың пікірінше, бұл судың үкімі таза әрі тазалаушы судың үкімімен бірдей және оның дәрет не ғұсыл алуға жарамайтындығына дәлел жоқ.

⁶ Әл-Һидәя, I том, 223-бет.

Егер суға араласқан таза зат судың үш сипатының бірін өзгертпесе, ол сумен дәрет немесе ғұсыл алуға болады.

3. Таза, бірақ басқаны тазалауға жарамсыз су. Бұған топырақ, цемент және сол сияқты т.б. заттар араласып, табиғи тазалығынан айырылып қалған су жатады.

4. Таза, бірақ басқа нәрселерді тазалауында күмән бар су. Бұған есек немесе қашырдан қалған аз мөлшердегі қалдық суы жатады. Өйткені ханафи мазһабында есек пен қашырдың қалдық сулары тазалығында күмән бар сулар болып есептеледі¹.

5. Нәжіс су. Оған нәжіс араласқан аз су жатады. Нәжіс зат аз суға араласып, судың үш сипатын өзгертпесе де, ол су нәжіс болып есептеледі.

Қалдық су (су'р)

Адам немесе жануар ішкен аз судан қалған суды «қалдық су» дейді². Ханафи мазһабында қалдық суды төртке бөлген:

1. Таза және тазалаушы қасиетін жоғалтпаған қалдық су. Мұсылман, кәпір, еркек, әйел, таза, жүніп, хайыз екендігіне қарамастан бүкіл адамдардың ішкен суынан қалған қалдық су таза және онымен дәрет не ғұсыл алуға болады. Сондай-ақ еті жеуге жарамды жануарлар мен құстардың да қалдық суы таза әрі дәрет алуға жарамды болып табылады. Тек нәжіс жейтін малдың (жәлләлә) қалдық суы мәкруһ саналады.

Тек ішімдік ішкен адамның аузында ішімдіктің қалдығы қалуы мүмкін болғандықтан, оның қалдық суы мәкруһ болып есептеледі³.

2. Нәжіс қалдық су. Оған шошқаның, иттің⁴, сондай-ақ қасқыр, түлкі, қарсақ секілді жыртқыш аңдардың қалдық суы жатқызылады.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елиісі (с.а.с.): «Егер біреулеріңнің ыдысынан ит ішсе, оны жеті рет жуысын», – деді»,* – деп айтқан⁵. Осы хадистің басқа риуаяттарында оның бірін топырақпен жуу туралы айтылған.

¹ Қалған үш мазһабта еті жеуге жарамсыз қасқыр, түлкі тәрізді жыртқыштардың және жыртқыш емес қашыр, есек секілді хайуандардың қалдық суы таза деп есептеледі. Себебі имам әл-Бәйһақи және әл-Даракутни Жәбирден (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте сахабалар Пайғамбардан (с.а.с.): «Есектерден қалған сумен дәрет алуымызға бола ма?» – деп сұраған кезде, ол (с.а.с.): «Иә, сонымен бірге барлық жыртқыштан қалғанмен де», – деп жауап берген.

² Араб тілінде ол «سور» «су'р» деп аталады.

³ Уаһба әз-Зухайли. Фикһ әл-ғибадат, 10-бет.

⁴ Тек мәлики мазһабында иттің, шошқаның қалдық суы нәжіс емес.

⁵ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-удуу, 167. Сахих Муслим, Китәб әт-таһара, 419.

3. Мәкруһ тәнзиһи¹ қалдық су. Оған аузының таза екендігі анық емес үй мысығының, жемін нәжіс жерлерден теріп жейтін тауықтың, жыртқыш құстардың қалдық суы жатады. Ал шошқа иттен де әрмен нәжіс болғандықтан, оның да сарқыт суы нәжіске жатады.

4. Таза, бірақ тазалаушы қасиетінде күмән бар қалдық су. Оған есек пен қашырдан қалған сулар жатады. Себебі есек пен қашырдың еті жеуге жарамсыз².

Нәжістен тазарту

Адам денесін, намазға тұрғанда киетін киімін және намаз оқитын жерін нәжістен тазартуы – парыз. Ал өзге орындарды нәжістен таза ұстау мустахаб болады. Денені және нәжіс тиген заттарды нәжістен тазалау бірнеше жолмен іске асады. Оның ішінде ең кең тараған түрі сумен тазалау болып табылады.

Сумен тазалау. Нәжісті таза сумен және гүлдің, жемістің шырыны сияқты сұйық заттармен тазалауға болады. Нәжіс бір жуғаннан кетсе де, нәжіс тиген жерді үш рет жуған жақсы. Егер нәжіс үш жуғаннан кейін де кетпесе, оны тазарғанша жуу қажет.

Сумен тазалаудың жолдары:

1. Тек қана жуу. Егер нәжіс тиген зат шыны, темір тәрізді суды өз бойына сіңіру қасиеті жоқ немесе дене, ет секілді суды өте аз мөлшерде сіңіретін болса, оны тек жуып тазаласа жеткілікті.

2. Жуу және сығу. Егер нәжіс тиген зат мақта, жүн сияқты суды бойына сіңіріп алатын заттардан жасалған болса, онда оны алдымен жуу, сосын бұрып сығу керек.

Егер киімге, денеге немесе басқа затқа тиген нәжісті қанша жуғанмен, оның орны қалып қойса, оның еш оқасы жоқ. Нәжісті тазалаған кезде сабын тәрізді тазалағыш заттарды пайдалану шарт емес. Себебі Пайғамбар (с.а.с.) истихада қанының орны қалған киімді қайта жууға бұйырмаған.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Хаулә бинт Ясар Пайғамбарға (с.а.с.) келіп: «Уа, Аллаһтың елиісі! Менің бір ғана киімім бар. Маған сол киіммен жүргенде, хайызым келеді. Не істеймін?» – деп сұрады. Ол (с.а.с.): «Егер тазалансаң (хайыз тоқтаса), оны (киімді) жу, содан соң онымен*

¹ Мәкруһ – шарифат тыйым салмаған, бірақ оны істеуді құптамаған амалдар. Ол екіге бөлінеді: 1. Мәкруһ тахрими – харамға жақын мәкруһ. 2. Мәкруһ тәнзиһи – халалға жақын мәкруһ.

² Басқа мазһабтарда бұл су таза деп есептеледі. Олар имам әл-Бәйһақи мен әд-Дарақутнидің Жәбирден (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисіне сүйенген. Онда Пайғамбардан (с.а.с.): «Есектерден қалған сумен дәрет алуға бола ма?» – деп сұрағанда: «Иә, сонымен бірге барлық жыртқыштан қалғанмен де», – деп жауап берген.

намаз оқи бер», – деді. Ол: «Егер қан кетпесе ше?» – деді. Ол (с.а.с.): «Қанды жуғаның жетеді және оның (қанның) орнының саған зияны жоқ», – деп жауап берді», – деген¹.

3. Су ағызу арқылы тазалау. Қауыз, труба секілді ыдыстарды бір жағынан таза су құйып, екінші жағынан нәжіс суды ағызу арқылы тазалайды.

Фақиһтер «Ағын су бірін-бірі тазалайды» деген қағиданы айтқан.

Судан басқа заттармен тазалау. Кей кездері нәжісті сумен жуудан басқа сүрту, үгіту, кептіру сияқты жолдармен де тазалауға болады. Бұл әдістердің барлығы да нәжісті дәл су секілді кетіреді. Мысалы, мәни тиген киімді мәни кепкеннен кейін үгіту арқылы тазалауға болады. Егер үгітіп тазалаған жерге су тисе, ол су нәжіс болып саналмайды.

Заттардың табиғатына сай оларды нәжістен тазалау жолдары әртүрлі келеді.

1. Сүрту. Шыны, мәрмәр, айна, пышақ секілді жылтыр заттарды сүрту арқылы нәжістен тазалауға болады. Себебі сахабалар соғыс кезінде қылыштарын жумастан тек сүртіп асынған күйі намаз оқыған.

Егер тот басқан пышақтың нәжіс тиген жері сүрту арқылы тазармаса, оны сумен кетіру қажет. Нәжіс тиген аяқкиімнің табаны топырақпен сүртілу арқылы тазаланады.

Әбу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген хадисте Аллаһ елшісі (с.а.с.): *«Егер сендердің біреулерің аяқкиімімен нәжісті басып кетсе, топырақ – оны тазалаушы»,* – деген². Яғни оны топыраққа сүрту арқылы тазалауға болады.

2. Кебу. Жер (яғни топырақ, құм, тас) және жер жынысымен тікелей байланысы бар ағаш, шөп, дуал тәрізді заттар кебу арқылы нәжістен тазарады. Егер кепкеннен кейін де ол заттарда нәжістің ізі қалса, оны жуу керек.

Ибн әл-Ханифа: «Егер жер кепсе, тазарған болып есептеледі», – деген. Екінші риуаятта «Жердің тазаруы – кебуі» деп келген³.

3. Үгіту. Киімге тиген мәниді кепкен соң үгіту арқылы тазалауға болады. Егер мәни кеппеген болса, оны тек жуу арқылы ғана тазалайды.

Айша (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісінің (с.а.с.) киімінен мәниді үгітетінмін, ол (с.а.с.) сонымен (сол киіммен) намаз оқитын»,* – деген⁴.

4. Сумен араласпайтын май тектес заттарға нәжіс араласса, оған сол заттың көлемімен бірдей су құйып, үш рет қайнатып немесе қайнап тұрған суды үш рет құйып араластырып тазартады. Өйткені су мен май қайнаған кезде бір-бірінен бөлінеді.

¹ Сунән Әбу Дауд, Китәб әт-таһара, 310.

² Сунән Әбу Дауд, Китәб әт-таһара, 328.

³ Мусаннаф, Ибн Әбу Шәйбә, I том, 76-бет.

⁴ Сунән Әбу Дауд, Китәб әт-таһара, 317, сахих хадис.

5. Шошқадан өзге еті жеуге жарамды және жарамсыз барлық жануарлардың терісі илеу арқылы тазаланады.

Абдуллаһ ибн Аббастан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын). Ол: «*Аллаһ елшісінің* (с.а.с.): «*Егер тері иленсе, таза болады*», – дегенін естідім», – деген¹.

6. Нәжіс зат басқа затқа айналуы арқылы тазаланады. Мысалы, арақ сіркесуға айналса, нәжіс майдан сабын жасалса, сол сияқты нәжістің өртенгеннен кейін қалған күлі де таза деп саналады.

Истинжә

Ислам шарифаты адамның жанымен бірге тәнінің де таза болуына көңіл бөледі. Аллаһ тағала Құран Кәрімде: «**Онда тазалануды жақсы көретін ер кісілер (адамдар) бар. Аллаһ тазаланушыларды жақсы көреді**»², – деген.

Сәлман (Аллаһ оған разы болсын): «*Бізге мүширіктер (келемеждеп): сендерді үйретуші жолдастарың (яғни Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.)) сендерге тіпті қалай дәрет сындыру керек екендігін үйретеді*», – деп айтты», – деді. Сонда ол (Сәлман): «*Әрине, ол (с.а.с.) оң қолмен іш дәрет алудан, құбылаға қараудан және (нәжісті тазалаған кезде) тезекті және сүйекті пайдаланудан тыйды. Ол (с.а.с.): «Ешкім үштен кем таспен іш дәрет алмасын*», – деді», – деп жауап берген³.

Жоғарыдағы аят пен хадистен Ислам дінінде тазалыққа қаншалықты көңіл бөлінгендігін аңғарамыз.

Дене тазалығына қатысты фикһ кітаптарында кездесетін төрт термин бар. Олар:

1. Истинжә – дәрет сындырғаннан кейін, денеден шыққан нәжістің орнын сумен не шарифат рұқсат берген затпен тазалау.

2. Истижмар – дәрет сындырғаннан кейін, денеден шыққан нәжістің орнын судан басқа шарифат рұқсат берген затпен (мысалы, тас, кесек және әжетхана қағазымен) тазалау.

3. Истибра – нәжіс шыққан жерді, әсіресе, зәр шыққаннан кейін мұқият тазалау. Үрпі бойындағы несеп жол ішінде қалған зәрді тазалап тастау.

4. Истинзәһ – киімді, денені нәжістен, әсіресе, зәрдің шашырауынан сақтау.

Истинжәнің үкімі:

1. Егер нәжіс шыққан жерінен асып, айналасына жүз теңгенің көлемінен артық жерге жайылса, оны тазалау – парыз.

¹ Сахих Муслим, Китәб әл-хайд, 547.

² «Тәубе» сүресі, 108-аят.

³ Сахих Муслим, Китәб әт-таһара, 386.

2. Егер нәжіс шыққан жерінен асып, айналасына жүз теңгенің көлеміндей не одан аз жерге жайылса, оны тазалау – уәжіп.

3. Егер нәжіс шыққан жерінен аспаса, оны тазалау – сүннет.

Жел шыққанда немесе ұйқыдан тұрғанда, истинжә жасау шарт емес.

Истинжә құралы. Нәжісті өзіне сіңіріп алатын кез келген ылғал таза затпен истинжә жасауға болады. Истинжә үш түрлі жолмен жасалады:

1. Ең абзалы әуелі таспен (кесекпен) тазалап, сосын сумен жуу.

2. Тек сумен жуу.

3. Су жоқ кезде үш таспен тазалау. Қазіргі кезде тастың (кесектің) орнына арнайы жасалған әжетхана қағазын пайдалануға болады. Сүйек немесе малдың тезегімен истинжә жасауға болмайды. Оған жоғарыда келген имам Муслимнің Сәлманнан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисі дәлел бола алады.

Әжетхана әдептері:

1. Дәрет қысқан кезде кешіктірместен дәрет сындыру. Себебі бұл жағдай адамның денсаулығына зиянын тигізуі мүмкін.

2. Әжетхана секілді арнайы дәрет сындыратын орынға бару. Адамдардың жүретін, көлеңкелейтін жеріне, жолға, жеміс ағаштарының саясына, судың бастауына жақын жерге, жағалауға, суға және жуынатын жерге дәрет сындыруға болмайды.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһтың елшісі (с.а.с.): «Екі лағынеттелгеннен сақтаныңдар», – деді. Олар (сахабалар): «Уа, Аллаһтың елшісі! Екі лағынеттелген деген не?» – деп сұрады. Ол (с.а.с.): «Адамдардың жолына немесе көлеңкелейтін жеріне дәрет сындырушы», – деп жауап берді», – деген¹.*

Жәбир (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте: *«Аллаһтың елшісі (с.а.с.) тоған (ақпайтын) суға дәрет сындырудан тыйды», – деп келген².*

Сонымен қатар інге дәрет сындыру мәкруһ тахримиге жатады.

Абдуллаһ ибн Саржистан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген хадисте: *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) інге дәрет сындыруға тыйым салған», – делінген³.*

Абдуллаһ ибн Муғаффалдан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген хадисте Пайғамбар (с.а.с.): *«Ешқайсыларың жуынатын жеріне кіші дәретке отырмасын. Себебі шайтанның азғыруы көбінесе содан болады», – деп айтқан⁴.*

¹ Сахих Муслим, Китәб әт-таһара, 397.

² Сахих Муслим, Китәб әт-таһара, 423.

³ Сунән Әбу Дауд, Китәб әт-таһара, 27.

⁴ Сунән ән-Нәсәи, Китәб әт-таһара, 26. Сунән Әбу Дауд, Китәб әт-таһара, 25.

3. Әжетханаға өзімен бірге Құран кітабын немесе Аллаһтың есімі жазылған кез келген затты алып кіруге болмайды. Тек зәру жағдайда ғана оны орап немесе бір заттың ішіне салып кіргізуге рұқсат етіледі.

4. Әжетханаға кірерде: «Аллаһумма инни ағузу бикә минәл-хубси уәл-хәбәис» деп дұға айту. Мағынасы: «Аллаһым! Мен ер және әйел шайтандардан сақтанып, Өзіңнен пана сұраймын». Егер айдалада болса, киімін шешер алдында айтады.

Әнәс (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.) әжетханаға кірсе (яғни әжетханаға кірерде) «Аллаһумма инни ағузу бикә минәл-хубси уәл-хәбәис», – деп айтатын», – деген¹.*

5. Әжетханаға сол аяғымен кіру.

6. Құбылаға алды-артын қаратпау.

Әбу Айюб әл-Ансари (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.): «Егер дәрет сындыруға барсаңдар, құбылаға жүздеріңді және арқаларыңды беріп отырмаңдар...», – деді», – деген².*

Сондықтан әжетхананы құбылаға қаратпай салған жөн. Егер әжетхана құбылаға қаратылып салынған болса, шамасы келгенше денесін құбыладан басқа жаққа бұрғаны дұрыс. Басқа жаққа денесін бұруға мүмкіндік болмаған жағдайда ғана құбылаға қарап дәрет сындыруға рұқсат етіледі.

7. Оқшауланып, адамдардан тасалану. Тіпті түзде жалғыз болса да, адамдар көрмейді-ау деген сайлы жерге отыру.

Ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.) дәрет сындырғысы келсе, жерге жақындағанша киімін көтермейтін», – деген³.*

Жәбир ибн Абдуллаһ: *«Пайғамбар (с.а.с.) түзге шыққысы келсе (яғни дәрет сындырғысы келсе), ешкім көрмейтіндей жерге кететін», – деп айтқан⁴.*

8. Отырып дәрет сындыру.

Айша (Аллаһ оған разы болсын): *«Сендерге «Аллаһ елшісі (с.а.с.) кіші дәретті тұрып сындырды» деген адамға сенбеңдер. Ол (с.а.с.) тек қана отырып дәрет сындыратын», – деген⁵.*

Бірақ басқа сахих хадистерде Пайғамбардың (с.а.с.) түрегеліп тұрып дәрет сындырғандығы айтылған. Ғұламалар осы екі хадисті зерттей келе, отырып дәрет сындыру Пайғамбардың (с.а.с.) әдегі болған, ол (с.а.с.) тек кей кездерде ғана тұрып дәрет сындырған деп түсіндірген. Кей ғалымдар зәрі киіміне шашырамайтындығына сенімді болса, тұрып дәрет сындыруға болады деген.

9. Әжетханада сөйлемеу. Тек үзірлі кезде ғана сөйлеуге болады.

¹ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-удуу, 139.

² Сахих әл-Бұхари, Китәб әс-салаһ, 380.

³ Сунән Әбу Дауд, Китәб әт-таһара, 13, сахих хадис.

⁴ Сунән Әбу Дауд, Китәб әт-таһара, 2.

⁵ Сунән ән-Нәсәи, Китәб әт-таһара, 29.

Әбу Сағид (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елиісінің (с.а.с.): «Екі кісі әуреттерін ашып, өзара сөйлескен күйде дәрет сындыруға түзге шықпасын. Аллаһ тағала оны жек көреді», – дегенін естідім»,* – деді¹.

10. Дәрет сындырып болғаннан кейін, несеп жолында зәр қалмау үшін жыныс мүшесінің үрпісін қысу. Мүшенің түп жағынан ұстап, ұшына қарата сығу.

11. Әуретті сол қолмен жуу.

Әбу Қатада (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.): «Егер біреулерің кіші дәретке отырса, мүшесін оң қолымен ұстамасын және оң қолмен истинжә жасамасын (яғни нәжісті оң қолмен тазаламасын)», – деді»,* – деген².

12. Қажетін өтегеннен кейін әжетханадан тез шығу.

13. Әжетханадан оң аяқпен шығу.

14. Әжетханадан шыққан кезде «Фуфранәк» (Сенің кешірімінді сұраймын) немесе «Әлхамду лилләһилләзи әһәбә аннил-әзә уә афәһни» (Менен нәжісті кетірген және саулық берген Аллаһқа мадақ) деген дұғаны айту.

Айша (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.) әжетханадан шыққан кезде «Фуфранәк» деп айтатын»,* – деген³.

Әнәс ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.) әжетханадан шыққанда: «Әл-хамду лилләһил-ләзи әһәбә аннил-әзә уә афәһни», – деп айтатын»,* – деген⁴.

15. Әжетханадан шыққаннан кейін қолды топырақпен ысқылап немесе сабындап сумен жуу.

Айша (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елиісінің (с.а.с.) әжетханадан шыққаннан кейін су ұстамағанын (яғни жуынбағанын) көргенім жоқ»,* – деген⁵.

16. Истинжәнің мақсаты – денені және киімді нәжістен таза ұстау. Сондықтан әркім өзіне ыңғайлы жолмен истинжә жасайды. Тек жоғарыдағы әдептерді сақтаған жөн.

17. Дәрет сындырар кезде нәжістің денеге шашырамауы үшін ойпат, жұмсақ жерді таңдау.

¹ Сунән Әбу Дауд, Китәб әт-таһара, 14.

² Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-удуу, 150.

³ Сунән әт-Тирмизи, Китәб әт-таһара, 7.

⁴ Сунән Ибн Мәжәһ, Китәб әт-таһара уә сунәнүһә, 297.

⁵ Сунән Ибн Мәжәһ, Китәб әт-таһара уә сунәнүһә, 348.

ДӘРЕТ (ТАҒАРАТ) ТАРАУЫ

Шариғатта ғибадаттың қабыл болуы үшін адамның таза болуы шарт. Шариғат талап ететін тазалық екіге бөлінеді:

1. Кіші хәдәстен (дәрет сындырғаннан кейін) тазалану. Ол «дәрет» немесе «таһарат алу» деп аталады.

2. Үлкен хәдәстен (жүніп, хайыз, нифас болғаннан кейін) тазалану. Ол «ғұсыл алу» деп аталады.

Дәрет

Дәрет – белгілі дене мүшелерін жуу және мәсіх тарту.

Дәрет алудың үкімі:

1. **Парыз.** Намаз оқу алдында, Құран кітабын ұстағысы келгенде дәреті жоқ адамға дәрет алу парыз. Аллаһ тағала: **«Ей, иман келтіргендер! Егер намазға тұрсаңдар, жүздеріңді, шынтақпен қоса қолдарыңды жуыңдар және бастарыңа мәсіх тартыңдар және аяқтарыңды тобықпен қоса (жуыңдар)»**¹, – деген. Яғни намазды дәретсіз оқымаңдар.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): **«Аллаһтың елшісі (с.а.с.): «Дәретін бұзғанның намазы дәрет алғанша қабыл етілмейді», – деді»,** – деп айтқан².

Абдуллаһ ибн Әбу Бәкір ибн Хазмнан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Аллаһ елшісі (с.а.с.) Амр ибн Хазмға жазған хатында **«Құранды тазадан басқа ешкім ұстамасын»** делінген³.

2. **Уәжіп.** Қағбаны тауап жасау үшін дәрет алу – уәжіп. Себебі ол – намазға ұқсайтын ғибадат.

Ибн Аббастан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын), Пайғамбар (с.а.с.): **«Үйдің (Қағбаның) айналасында тауап жасау намаз секілді. Тек сендер онда сөйлейсіңдер. Кімде-кім онда сөйлейтін болса, тек жақсы сөз айтсын»,** – деген⁴.

3. **Сүннет (мандуб).** Келесі жағдайларда дәрет алу сүннет болып табылады:

– Аллаһты еске алып, зікір ететін кезде. Әл-Мунажир ибн Қунфуз (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ елшісіне (с.а.с.) дәрет алып жатқан кезінде сәлем берді. Ол (с.а.с.) дәрет алып болғанға дейін жауап қатпады. Сосын: **«Маған жауап қатуға (ештеңе) кедергі келтірмеді. Мен тек Аллаһты дәретсіз зікір еткім келмеді»,** – деп жауап берген. Қатада: «Хасан осы хадис үшін

¹ «Мәида» сүресі, 6-аят.

² Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-удуу, 132.

³ Муатта, Бәб әр-ражул ямассу әл-Құран, 296. Сунән әд-Даракутни, Бәб фи нәһи әл-мухдис ған-мәсс әл-Құран, 3. Сунән әд-Дәримиде, Бәб лә талақ қаблә никах, 2266.

⁴ Сунән әт-Тирмизи, Китәб әл-хаж, 883.

кашан дәрет алмайынша (кітап) оқуды, Аллаһ тағаланы зікір еткенді жек көретін», – деген¹.

– Ұйықтар алдында дәрет алу.

Әл-Бара ибн Азиб (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.): «Егер төсегіңе келсең (яғни ұйықтағың келсе), намазға дәрет алғаныңдай дәрет ал», – деді»,* – деген².

– Әр уақытта дәретпен жүру мустахаб саналады. Пайғамбар (с.а.с.) дәреті бар болса да, әр намазға дәрет алатын және сахабаларға әрдайым дәретпен жүрудің абзалдығын айтатын.

Бұл аталғандардан басқа мына жағдайларда да дәрет алған мандуб:

– Күнә іс жасап қойғаннан кейін.

– Діни кітаптарды оқитын кезде;

– Әр парыз намазының алдында дәрет алу.

Әнәстан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген хадисте Аллаһ елшісінің (с.а.с.) дәреті болса да, болмаса да әр намазға дәрет алатындығы айтылған³.

– Ашуланғаннан кейін.

Атия ибн Ғұруа (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Расында, ашулану шайтаннан. Ал шайтан оттан жаратылған. От болса сумен өшіріледі. Сондықтан біреулерің ашуланса, дәрет алсын», – деді»,* – деп айтқан⁴.

– Мәйітті жуғаннан және көтергеннен кейін.

Әбу Нурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Кімде-кім мәйітті жуса, ғұсыл алсын. Ал кімде-кім оны көтерсе, дәрет алсын», – деді»,* – деп айтқан⁵.

– Сағи, Арафатта тұру секілді қажылық амалдарын орындау үшін.

– Жүніп адамға тамақтанар алдында және ұйықтар алдында дәрет алу. Айшадан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте: *«Пайғамбар (с.а.с.) жүніп кезінде тамақ жегісі не ұйықтағысы келсе, дәрет алатын»,* – делінген⁶.

Дәрет алудың артықшылығы мен қадір-қасиеті

Дәрет алудың абзалдығына қатысты көптеген хадистер келген. Біз сол хадистердің бірнешеуіне тоқталуды жөн көрдік:

¹ Муснәд Ахмад, Китәб муснәд әл-куфиин, 18259. Осы мағынаны беретін хадисті Әбу Дауд және ән-Нәсәи де риуаят еткен.

² Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-удуу, 239.

³ Сунән әт-Тирмизи, Китәб әт-таһара, 53.

⁴ Сунән Әбу Дауд, Китәб әл-әдәб, 4152.

⁵ Сунән Әбу Дауд, Китәб әл-жәнәзә, 2749. Муснәд Ахмад, Китәб муснәд бәки әл-муksiрин, 9485.

⁶ Сунән Әбу Дауд, Китәб әт-таһара, 193.

Абдуллаһ ибн әс-Сунабихиден (Аллаһ оған разы болсын) жеткен риуаятта Аллаһ елшісі (с.а.с.): *«Егер мүмін пенде дәрет алып, аузын шайса, күнәлар аузынан шығады. Егер сіңбірсе, күнәлар мұрнынан шығады. Егер бетін жуса, күнәлар бетінен тіпті көзінің кірпіктерінің ішкі астарынан шығады. Егер екі қолын жуса, күнәлар қолдарынан тіпті қолының тырнақтарының астынан шығады. Егер басына мәсіх тартса, күнәлар басынан тіпті екі құлағынан шығады. Егер аяқтарын жуса, күнәлар аяқтарынан тіпті аяғының тырнақтарының астынан шығады. Сосын оның мешітке баруы мен намазы ол үшін нәпіл болады»*, – деген¹.

Әбу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген хадисте Аллаһ елшісі (с.а.с.): *«Сендерге Аллаһтың сол арқылы күнәларды кетіріп, дәрежелерді көтеретін нәрсені көрсетейін бе?!»* – деді. Олар (сахабалар): *«Әрине, уа, Аллаһтың елшісі!»* – деді. Ол (с.а.с.): *«Қиын кезде дәретті толық алу, мешітке қарай көп қадам жасау және намаздан кейін (келесі) намазды күту. Міне, сол – рибат²»*, – деді³.

Имам Муслим Әбу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте: бұл дүниеде дәрет алып жүретін адамның дәрет алғанда жуған мүшелері Қиямет күні аяғы ала, маңдайы қасқа ат секілді жарқырап, басқалардан ерекшеленіп тұратындығы айтылған. Бұл хадистерден дәрет алу пенденің күнәларының кешірілуіне, дәрежесінің көтерілуіне және Қиямет күні Мұхаммедтің (с.а.с.) үмбеті ретінде ерекшеленіп тұруына себеп болатындығы айқын көрінеді.

Дәрет алу тәртібі

Дәрет алатын адам алдымен ниет етіп, Аллаһтың атымен бастайды. Сосын екі қолын саусақтарымен қоса білезігіне дейін ысқылап үш рет жуады. Кейін үш рет аузына су алып, шаяды. Ауызды мисуакпен немесе тіс щеткасымен тазалаған жақсы. Ол жоқ болса, сұқ саусақпен тазаласа да болады. Одан кейін алақанға су алып, мұрынға жібереді де, артынша сіңбіріп тастайды. Бұны да үш рет қайталайды. Сосын алақанға су алып, бетін толық үш рет жуады. Сонан соң оң қолын шынтақпен қоса үш рет, артынша сол қолын шынтақпен қоса үш рет жуады. Бұдан соң қолын сулап, басына маңдайынан бастап, желкесіне дейін бір рет артқа, сосын желкесінен маңдайына қарата бір рет алға мәсіх тартады. Сосын қолын қайта сулап, ішімен қосып екі құлағына мәсіх тартады. Содан соң екі қолдың жанымен мойынға мәсіх тартады. Одан кейін тобығымен қоса оң аяғын үш рет жуады. Аяқты жуған кезде бармақтардың арасына судың барғанын қадағалау керек.

¹ Муатта, Китәб әт-таһара, 55, сахих хадис.

² Рибат – Аллаһ жолында күресу, мұсылман мемлекетінің шекарасын күзету және жүректі харам істерден тыйып, нәпсіні шайтанның азғыруынан сақтау.

³ Сахих Муслим, Китәб әт-таһара, 369.

Пайғамбар (с.а.с.) қолының шынашағымен аяғының бармақтарының арасын жуатын еді. Одан кейін сол аяғын оң аяғы секілді үш рет жуады. Дәрет алып болғаннан кейін дәрет алған суынан дәм татады. Сосын тілін кәлимаға келтіріп, Пайғамбарға (с.а.с.) салауат айтып, дәрет алғаннан кейін оқылатын дұғаны оқыған абзал.

Дәреттің парыздары

Аллаһ тағала Құран Кәрімде: **«Ей, иман келтіргендер! Егер намазға тұрсаңдар, жүздеріңді, шынтақпен қоса қолдарыңды жуыңдар және бастарыңа мәсіх тартыңдар және аяқтарыңды тобықпен қоса (жуыңдар)»**¹, – дейді. Бұл аятта дәреттің парыздары айтылған. Олар:

1. Жүзді бір рет жуу. Жүз деп шаштың шыққан жерінен бастап иектің соңына дейін және екі құлақ арасын атайды. Дәрет алған кезде осы аралықтарды жуу керек.

2. Екі қолды шынтақпен қоса бір рет жуу.

3. Бастың төрттен біріне бір рет мәсіх тарту.

4. Екі аяқты тобықпен қоса бір рет жуу.

Осы аталған төрт парыздың бірі кем болса, дәрет дұрыс деп есептелмейді және онымен намаз оқуға болмайды.

Дәреттің дұрыс болуының шарттары

1. Дәрет алған кезде жуылатын мүшелердің барлық жеріне, яғни қастың, мұрттың және жұқа (селдір) сақалдың терісіне су міндетті түрде тиюі керек. Ал астындағы тері көрінбейтін қалың сақалды саусақпен тарамдаса жеткілікті. Саусақты қысып тұратын жүзікті қозғап немесе шешіп тастап, астына су тигізу керек.

Омар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын): *«Бір кісі дәрет алған кезде, аяғынан тырнақтың орнындай жерді (жумай) қалдырып кетеді. Оны көрген Пайғамбар (с.а.с.): «Кері қайт та, дәретіңді жақсыла (яғни толық ал)», – деді», – деген*². Бұл хадис дәрет алған мүшенің барлық жеріне су тигізудің міндетті екендігіне дәлел болады.

2. Судың теріге тиюіне кедергі келтіретін қамыр, бояу, лак, май сияқты заттардың теріде болмауы. Тырнақтарына лак жағатын әйелдер осы мәселеге сақ болғандары жөн. Ал судың теріге тиюіне кедергі келтірмейтін күнбағыс майы секілді заттар дәреттің дұрыс болуына кедергі келтірмейді.

3. Дәрет алып жатқан кезде жел шығу, мұрын қанау тәрізді дәретті бұзатын жағдайдың болмауы. Егер осындай жайт орын алса, дәретті басынан бастап қайтадан алады.

¹ «Мәида» сүресі, 6-аят.

² Сахих Муслим, Китәб әт-таһара, 359.

Дәреттің сүннеттері

1. Ниет¹. Ол – дәрет алуды жүрегімен бекіту.
2. «Бисмилләмен» бастау. Негізі, әрбір ізгі амалды Аллаһтың атымен бастаған жақсы.
3. Дәретті бастаған кезде алдымен екі қолды білезікке дейін жуу.
4. Қолдың саусақтары мен аяқтың бармақтарының арасын жуу. Егер аяқтың бармақтарының арасы тығыз болса, онда олардың арасына саусақтың көмегімен суды жеткізу – парыз.
5. Ауызды шайған (мадмада) кезде, мисуак немесе тіс щеткасын пайдалану. Мисуакты пайдалануға қатысты көптеген хадистер келген.
6. Мадмаданы үш рет жасау. Мадмада – ауызға су алып, ауыздың барлық қуыстарына суды жеткізу үшін арлы-берлі шайқап, төгіп тастау. Тек қана ораза кезінде ішке су кетіп қалмау үшін мадмаданы абайлап жасаған жөн.
7. Мұрынға су алу (истиншақ). Истиншақ – оң қолмен мұрынға су алып, оны деммен ішке тартып, сосын сол қолмен сіңбіріп тастау.
Әбу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген хадисте Пайғамбар (с.а.с.): **«Кімде-кім дәрет алса, (мұрынға су алып) сіңбірсін. Кімде-кім истижмар² жасаса, тақ қылсын»**, – деген³.
- Имам әл-Бұхари мен Муслим риуаят еткен тағы бір хадисте: **«Ұйқыдан тұрғаннан кейін үш рет сіңбірсін. Өйткені шайтан оның мұрнында түнейді»**, – делінген.
8. Қалың сақалды саусақпен тарамдау. Бетті жуып болғаннан кейін сулы қолдың саусақтарымен сақалды алқым жақтан бастап, жоғарыға қарай тарамдау сүннет болады. Ал селдір сақалдылар үшін сақалының түбіне су тигізу парыз етілген.
9. Бетті, шынтақпен қоса қолды және тобықпен қоса аяқтың әрқайсысын үш реттен жуу. Көптеген хадистерде Пайғамбардың (с.а.с.) дәрет алғанда әр мүшені үш реттен жуғандығы баяндалған. Кейбір хадистерде дәрет алғанда мүшелерді екі-екі және бір-бір реттен жуу да айтылған. Осы хадистерді ұштастыру арқылы біз дәрет алғанда әр мүшені үш реттен жуудың сүннет, ал бір реттен жуудың парыз екендігін аңғарамыз.
10. Басқа түгелдей бір рет мәсіх тарту. Ал бастың төрттен біріне мәсіх тарту парыз.

¹ Басқа мазһабтарда ниет парыз болып табылады. Олар Пайғамбардың (с.а.с.) «Амалдар ниетке байланысты...» (әл-Бұхари, Муслим) деген хадисін дәлел ретінде келтіреді. Олардың пікірінше, дәрет алу да – өз алдына ғибадаттың бір түрі. Ал ханафилер «дәрет алу – жеке бір ғибадат емес, ол ғибадаттың құралы» деген пікірді ұстанады. Сондықтан дәрет алған кезде ниет етуді парыз емес, сүннет деп санаған.

² Дәрет сындырғаннан кейін судан басқа тас секілді шарифат рұқсат берген затпен тазалау.

³ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-удуу, 156.

11. Құлаққа мәсіх тарту. Басқа мәсіх тартып болғаннан кейін құлақтың ішіне сұқ саусақпен, сыртына бас бармақпен мәсіх тарту сүннет саналады. Құлаққа мәсіх тарту үшін қолды қайта сулаған абзал.

Абдуллаһ ибн Зәйд әл-Ансари (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісінің (с.а.с.) дәрет алып жатқан кезде, құлағына, басына мәсіх тартқан судан басқа (жаңа) су алғанын көрдім»*, – деген¹.

12. Мүшелерді оң жақтан бастап жуу. Яғни алдымен оң қолды, сосын сол қолды және алдымен оң аяқты, кейін сол аяқты жуу. Пайғамбар (с.а.с.) істі оң жақтан бастағанды жақсы көрген.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Егер дәрет алсаңдар, оң жақтарыңнан бастаңдар»*, – деді», – деген².

13. Дәрет алған кезде жуылатын дене мүшелерінің тәртібін сақтау³.

14. Дәрет алатын мүшелердің арасын үзбей, бірінен кейін бірін жуу. Мұны «муәлә» деп атайды. Бір мүшені жуғаннан кейін ол кеуіп қалатындай уақыт үзбестен, келесі мүшені жуу керек⁴.

15. Ысқылау. Денеге су құйғаннан кейін оны қолмен ысқылау⁵.

16. Суды үнемдеу. Себебі Пайғамбар (с.а.с.) дәрет алған кезде суды ысыраппен пайдаланған адамға: *«Ағын өзенде (дәрет алсаң да, суды ысырап етпе)»*, – деген⁶.

Дәреттің мустахабтары

Мустахаб – Пайғамбар (с.а.с.) бірде істеп, бірде істемеген амалдар. Осы амалдарды орындаған адам сауапқа ие болады, ал істемеген адамға ешқандай сөгіс жоқ, яғни күнә емес⁷.

1. Мойынға мәсіх тарту.

Кағб ибн Амр (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ елшісінің (дәрет алып жатқанда) желкесіне және мойнының алдыңғы тұсына жеткенше басына бір рет мәсіх тартқанын көрген⁸.

¹ Әл-Хаким ән-Нәйсабури, әл-Мустадрак, I том, 252-бет.

² Сунән Ибн Мәжәһ, Китәб әт-таһара, 316.

³ Шафиғи және ханбали мазһабтарында осы тәртіпті сақтау – парыз. Себебі Аллаһ Құранда дәрет алғанда жуатын және мәсіх тартатын дене мүшелерін ретімен айтқан және Пайғамбар (с.а.с.) әрдайым сол ретпен дәрет алған.

⁴ Мәлики мазһабында мүшелердің арасын үзбеу парыз болып табылады.

⁵ Мәлики мазһабында бұл іс те дәреттің парыздарына жатады.

⁶ Сунән Ибн Мәжәһ, Китәб әт-таһара, 425.

⁷ Ханафи мазһабында сүннет пен мандубтың (немесе мустахаб) айырмашылығы бар. Сүннет – Пайғамбар (с.а.с.) әрдайым орындаған, тек анда-санда ғана ол амалдың парыз емес екендігін үмбетіне ескерту үшін орындамаған істері. Ал мандуб – Пайғамбар (с.а.с.) бірде жасаған, бірде жасамаған амалдары. Сонда сүннеттің дәрежесі мандубтың дәрежесінен жоғары тұрады. Ал ханбали мазһабында сүннет пен мандуб бір деп қарастырылады.

⁸ Муснәд Ахмад, Китәб муснәд әл-мәккиин, 15385.

Ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) басымен бірге желкесіне де мәсіх тартатын¹.

2. Дәрет алған суы өзіне шашырамас үшін жоғары жерге отыру немесе су шашырамайтын жерге отырып, дәрет алу.

3. Құбылаға қарау.

4. Басқа нәрселерге көңіл аудармай, дәретіне ерекше мән беру.

5. Кең жүзікті қозғау. Ал астына су өтпейтін тар жүзікті астына су тигізу үшін міндетті түрде қозғау керек.

6. Ауыз бен мұрынға суды оң қолмен алып, сол қолмен сіңбіру.

7. Таза жерде дәрет алу.

8. Намаздың уақыты кірместен бұрын дәрет алып, дайын болу.

9. Дәрет алған кезде дүниенің сөзін айтып, артық сөйлемей.

10. Дәрет алып болғаннан кейін, судан дәм тату.

Бірде Хусәйн ибн Әли әкесі Әлиге (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) дәрет алатын су алып келеді. Сонда Әли (Аллаһ оған разы болсын) дәрет алып болғаннан кейін тұрып, дәреттен артылып қалған судан ішеді. Мұны көрген Хусәйн таңғалады. Оның таңғалғанын көрген Әли: «Таңғалма! Мен Әкең Пайғамбардың (с.а.с.) осылай дәрет алғанын және дәреттен қалған судан ішкенін көрдім», – деген².

11. Дәрет алып болғаннан кейін кәлимаға тіл келтіріп, Пайғамбарға (с.а.с.) салауат айтып, дәрет алғаннан кейін оқылатын дұғаны оқу.

Аллаһ елшісі (с.а.с.): **«Сендердің қайсыбірің дәретті толық алғаннан кейін «Әшһәду әллә иләһә иллаллаһ. Уә әннә Мухаммәдан абдуллаһи уә расулуллаһ», – десе, оған жаннаттың сегіз есігі ашылып, олардың қалағанынан кіреді»,** – деген³.

12. Дәрет алып болғаннан кейін екі ракағат нәпіл намаз оқу.

13. Дәрет алған кезде жуатын дене мүшелерін артығымен жуу. Мысалы, қолды жуған кезде шынтақтан асырып жуу, аяқты жуған кезде тобықтан асырып жуу.

14. Дәрет алғаннан кейін сүртінбеу⁴.

Дәреттің мәкруһтері

1. Суды ысырап ету. Дәрет алған кезде суды мөлшерден артық пайдалану мәкруһ болып табылады.

Абдуллаһ ибн Амрден (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) риуаят етілген хадисте Аллаһтың елшісі (с.а.с.) дәрет алып отырған Сағдтың қасынан өткенде, (оның суды көп пайдаланып отырғандығын көріп) оған: **«Мынау не**

¹ Әс-Сунән әл-кубра, I том, 60-бет. Осы мағынаны беретін хадистерді имам Әбу Дауд, әл-Бәйһақи да риуаят еткен.

² Сунән ән-Нәсәи, Бәб сифату әл-удуу, 95. Әт-Тахауи, сахих хадис.

³ Сахих Муслим, Китәб әт-таһара, 345.

⁴ Шафиғи мазһабында дәрет алғаннан кейін сүртінбеу сүннет амалдарына жатады.

ысырап?» – деп сұрады. Ол (Сағд): *«Дәретте де ысырап болады ма?»* – дейді. Сонда ол (с.а.с.): *«Иә, тіпті азын өзеннің жанында болсаң да (яғни дәрет алсаң да)»*, – деп жауап берген¹.

2. Суды қажетті мөлшерден аз пайдалану. Суды пайдаланған кезде мәсіх секілді аз пайдалану мәкруһ болады.

3. Бетке су шашу.

4. Дәреттің бір сүннетін әдейі тастап кету.

5. Мәсіхті қолды қайта сулап, жаңадан тарту.

6. Сүннет деген ниетпен әр дене мүшесін үш реттен артық жуу.

Дәретті бұзатын іс-әрекеттер

Дәретті бұзатын іс-әрекеттерді беске бөлуге болады:

1. Алдыңғы және артқы мүшеден бір нәрсенің шығуы дәретті бұзады. Олар:

– екі мүшенің бірінен нәжістің, желдің шығуы және құрттың, тастың түсуі дәретті бұзады. Тек ер және әйел адамның алдыңғы мүшесінен шығатын жел дәретті бұзбайды;

– егер ыстықты өлшейтін градусникті (қызу өлшегіш) артқы мүшеге салып, сосын шығарған кезде, ылғалданған болса, дәрет бұзылады;

– артқы мүшеге дәрі (свечка, таблетка, тампон, клизма секілді) салып, біраз уақыттан кейін қайта алса, дәрет бұзылады;

– әйел адам алдыңғы мүшесіне мақта жапсырған кезде мақтаның сыртқы жағына ылғал өтсе, дәреті бұзылады, өтпесе, бұзылмайды;

– әйел адамның алдыңғы мүшесінен, әсіресе, босанатын уақыты жақындаған кезде сұйық жабысқақ зат бөлінеді. Бұл дәретті бұзады;

– истихада қаны дәретті бұзады.

2. Екі мүшеден басқа жерден нәжістің шығуы. Ауыз толған құсықтан дәрет бұзылады. Ал қан, ірің, сарысу аққанда немесе шыққан жерінен айналасына алақанның көлеміндей тарағанда ғана дәретті бұзады.

Айша (Аллаһ оған разы болсын): *«Allah елшісі (с.а.с.): «Кімде-кімге (намазда тұрғанда) құсық келсе, мұрнынан қан кетсе, ауыз тола құсық келсе немесе мәзи келсе, барып дәрет алсын. Сосын намазын (келген жерінен) жалғастырсын және осы аралықта ол сөйлемесін»²*, – деді», – деген³.

– денеден шыққан қан, ірің және сарысу шыққан жерінен ақпаса немесе айналасына жайылмаса, ол дәретті бұзбайды;

¹ Сунән Ибн Мәжәһ, Китәб әт-таһара, уа сунәнүһә, 419.

² Яғни осы аралықта сөйлемей керек.

³ Сунән Ибн Мәжәһ, Китәб иқамати әс-салаһ уа суннәту фиһә, 1211. Имам әз-Зәйләғи саһих деген.

– жараның үстіне шығып тұратын сарысуды мақтамен басқан кезде мақтада ізі қалғанымен, өздігінен ақпайтын болса, дәрет бұзылмайды;

– алма секілді жемісті тістеген кезде, алмада қанның ізі қалса, дәрет бұзылмайды;

– тістің қызыл иегінен шығатын қан түкіріктен көп немесе бірдей болса, дәрет бұзылады, егер мөлшері одан аз болса, дәрет бұзылмайды;

– сіңбірген кезде мұрыннан түскен қатып қалған қан дәретті бұзбайды;

– құлақтың бұлығы, көздің былшығы дәретті бұзбайды. Тек ол заттар бұзылып, іріңге немесе сарысуға айналған болса ғана дәретті бұзады;

– маса, шыбын шағып, қанды сорса, дәрет бұзылмайды. Ал сүлік қанды сорса, дәрет бұзылады;

– ауыз тола аққан құсық. Егер құсық аз болғанымен, жүректің айналуы себебінен лоқсыған болса, дәрет бұзылады. Ал тамақ ішіп бола салысымен ауызға аз құсық келсе, дәрет бұзылмайды. Жалпы, бұл мәселеде ғалымдар арасында әртүрлі көзқарастар бар. Дұрысы бір Аллаһқа аян.

3. Ұйқы. Тек жел шықпайтындай бекем отырып ұйықтаған кезде ғана дәрет бұзылмайды.

Ибн Аббас (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.): «Сәждеде ұйықтаған кісі үшін қашан жатқанға дейін дәрет алу міндет емес. Егер жатса, оның буындары босайды»¹, – деді», – деген².*

Әнәс (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісінің (с.а.с.) сахабалары (отырып) ұйықтайтын³, сосын дәрет алмастан намаз оқитын», – деп айтқан⁴.*

4. Есінен тану, жынды болу. Себебі бұлар ұйқыдан да күшті.

– есін білетін дәрежеде мас болғанмен, мастықтың себебінен тәлтіректен жүретін болса, дәреті бұзылады. Себебі мас адам бұл жағдайда буындарына ие бола алмайды.

5. Намаз оқып тұрған кезде қарқылдап күлу. Қарқылдап күлу ханафи мазһабында адамның оқып тұрған намазы мен дәретін бұзады⁵.

¹ Яғни жел шығып кетуі мүмкін.

² Муснәд Ахмад, Китәб муснәд бәни Һәшим, 2201.

³ Яғни намазды күткенде, отырып ұйықтайтын.

⁴ Сахих Муслим, Китәб әл-хайд, 566.

⁵ Басқа мазһабтарда қарқылдап күлгенде, тек намаз ғана бұзылады. Ал дәрет бұзылмайды.

Дәретті бұзбайтын басқа амалдар

1. Жыныстық мүшесін ұстау.

Талқ ибн Әли (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһтың пайғамбарына (с.а.с.) келген кезімізде бәдәуи секілді бір кісі келіп: «Уа, Аллаһтың пайғамбары! Дәрет алып болғаннан кейін мүшесін ұстаған адам туралы не айтасыз?»¹, – деді. Ол (с.а.с.): «Ол (мүше) өзінің бір кесек еті (мүшесі) емес пе?!» – деп жауап берді», – деген².*

Бірақ Пайғамбардан (с.а.с.) мүшесін ұстаған адамның дәреті бұзылады деген мағынаны беретін сахих хадистер де жеткен.

Бусра бинт Сафуан (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ елшісінің (с.а.с.): *«Кімде-кім мүшесін ұстаса, дәрет алсын»,* – дегенін естіген³.

Ғұламалар осы хадистерді жинақтай отырып, әртүрлі пікірлер айтқан. Бір ғалымдар «мүшесін құмарлықпен ұстаса, дәреті бұзылады, ал құмарлықсыз жай қолы тиіп кетсе, дәреті бұзылмайды» десе, екінші бір ғалымдар «жыныстық мүшені қолдың іш жағымен ұстаса, дәреті бұзылады, ал сыртқы жағымен ұстаса, дәреті бұзылмайды» деген. Басқа бір ғалымдар «негізі, дәреті бұзылмайды, бірақ мүшесін ұстағаннан кейін дәрет алу – мустахаб» деп есептеген. Ақиқаты бір Аллаһқа мәлім.

2. Әйелге қол тигізу.

Айша (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.) бір әйелдерін сүйетін, сосын дәрет алмай намаз оқитын»,* – деген⁴.

Басқа хадистерде Айша анамыз Пайғамбарымыздың (с.а.с.) сәждеде болған кезде, оның аяғына қолы тигендігі айтылған. Егер әйелге қол тию дәретті бұзатын болғанда, Пайғамбардың (с.а.с.) дәреті бұзылатын еді. Бірақ әйелге денесі тигенімен, ол кісі (с.а.с.) дәрет алмады.

3. Ауру жерден құрттың түсуі.

4. Қажалған жауырдан судың шығуы.

5. Сүйелдің, терінің қанамай түсуі.

Жалпы үкімдер:

1. Шаш алу немесе қысқартудан кейін басқа мәсіх тартудың және тырнақ алғаннан кейін қолды жуудың қажеті жоқ.

2. Денесінде жара болып, оған су тиген жағдайда ауруы асқынатын болса, ол жараның үстін лейкопластырь секілді нәрсемен жауып немесе дәкемен орап, үстіне мәсіх тартады. Лейкопластырьді ауыстыру, қайта дәрет алуды немесе сол жерге мәсіх тартуды қажет етпейді. Оны мүлдем алып тастаған кезде де, ол жерді жуу шарт емес.

¹ Яғни ол «адамның дәреті бұзылды ма?» деп сұрап отыр.

² Сунән Әбу Дауд, Китәб әт-таһара, 155, сахих хадис.

³ Сунән Әбу Дауд, Китәб әт-таһара, 154, сахих хадис.

⁴ Сунән ән-Нәсәи, Китәб әт-таһара, 170.

3. Дәрет алған кезде жуылатын дене мүшелерінде ашық жара болған кезде, оған су тигізбестен айналасын жуып қана қояды.

4. Намазхан дәреті бар не жоқ деп күмәнданған жағдайда не істейді?

Фикһ ғылымында «Анық (айқын) нәрсе күдікпен жойылмайды» деген қағида бар. Осы қағидаға сай:

1. Егер дәрет алып болғаннан кейін «дәретімді бұздым ба?» деп күмәнданған адамның дәреті бар деп есептеледі. Мысалы, бір кісі дәрет алғандығын анық біледі, бірақ ол сол дәрет алғаннан кейін «дәретім бұзылды ма, әлде бұзылған жоқ па?» деп күмәнданса, оған дәреті бар деп үкім беріледі.

2. Егер адам дәретін бұзғаннан кейін «дәрет алдым ба?» деп күмәнданатын болса, оның дәреті жоқ деп есептеледі. Мысалы, бір кісі дәретін бұзғандығын анық біледі, бірақ содан кейін «дәрет алдым ба, әлде алған жоқпын ба?» деп іштей күмәнданады. Ондай кісіге дәреті жоқ деп үкім айтады.

3. «Жел шықты ма?» деп күмәнданған адам желдің дауысын естімейінше не иісін сезбейінше дәреті бар болып саналады.

Әбу Нурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһтың елиісі (с.а.с.): «Егер сендердің біреулерің қарнынан бірдеңені сезсе (яғни іші шұрылдаса) және «одан бір нәрсе (жел) шықты ма, шықпады ма?» деп күмәнданса, дауысты (желдің дауысын) естімейінше не иісті сезбейінше мешіттен шықпасын», – деді», – деген¹.*

Яғни дәреті бар адамның дәретін бұзғандығына анық көзі жетпесе, дәреті бар деп есептеледі.

¹ Сахих Муслим, Бәб әд-дәлил ғалә мән таяққана мин әт-таһара, 831.

ҒҰСЫЛ ТАРАУЫ

«Ғұсыл» сөзі араб тілінде «жуыну» деген мағынаны береді. Яғни ғұсыл алу дегеніміз – шомылуды, жуынуды білдіреді¹.

Шариғатта «ғұсыл» деп дененің барлық жеріне су тигізуді атайды.

Ғұсыл талап етілетін жағдайлар:

1. Жүніптік. Жүніптік мына екі шарт болған кезде ғұсыл алуды талап етеді:

– мәнидің шакуатпен шығуы;

– мәнидің денеден тысқа шығуы, егер дененің ішінде қалса, ғұсыл алу парыз болмайды.

2. Хайыз.

3. Ниғас. Хайыз бен ниғастың үкімдеріне арнайы тоқталамыз.

4. Ислам дінін қабылдау. Егер Ислам дінін қабылдас бұрын, шариғат ғұсыл алуды талап ететін бір амалды жасаса және одан кейін толық жуынбаған болса, ол адамға ғұсыл алу керек.

5. Мәйітті жуу. Қайтыс болған адамды шомылдыру тірі мұсылмандардың міндеті болып табылады².

Жүніптік

Аллаһ тағала Құранда: «Егер жүніп болсаңдар, тазаланыңдар»³, – деген.

Яғни жүніп болғаннан кейін ғұсыл алып тазаланыңдар.

Төмендегі жағдайлардың бірінде адам жүніп болады:

1. Жыныстық қатынастан кейін. Ер мен әйел жыныстық қатынасқа түскен жағдайда, мәнидің келуі, келмеуіне қарамастан жүніп болады. Ораза ұстаған кезінде біле тұра жыныстық қатынас жасаған адамның оразасы бұзылады және ол кәффарат өтеуі керек.

Егер еркектің мүшесі әйелдің мүшесіне жаланап түрде тисе, бірақ жыныстық қатынас жасамаса, дәреті ғана бұзылады.

Айша (Аллаһ оған разы болсын): «Егер қитан (жыныстық мүшенің басы) қитаннан өтсе, ғұсыл парыз болады. Мен және Аллаһ елшісі (с.а.с.) солай істедік. Сосын ғұсыл алдық», – деген⁴.

2. Егер мәни денеден шакуатпен бөлінсе, ғұсыл алу парыз болады. Мәни аймалау, ойлау, көзі түсу және т.б. себептерден денеден шакуатпен бөлінсе,

¹ Маңызды ескерту: жан тазалығынсыз тән тазалығының пайдасы жоқ. Адам тәнін нәжістен, кірден тазалағаны секілді жанын да іштарлықтан, көреалмаушылықтан, қызғаныштан, қатыгездіктен және т.б. жаман мінездерден тазалауы қажет.

² Бұл туралы «Жаназа намазы тарауында» толық талданған.

³ «Мәида» сүресі, 6-аят.

⁴ Сунән әт-Тирмизи, Китәб әт-таһара, 101.

ғұсыл алу керек. Ал егер ауру себептен мәни шақуатсыз бөлінсе, тек дәрет бұзылады.

3. Ихтиләм. Ихтиләм – ұйықтап жатқан кезде денеден мәнидің бөлінуі. Егер ояңған кезде киімінен мәнидің орнын көрсе, оның шақуатпен немесе шақуатсыз бөлінгені есіне түссе де, түспесе де, ғұсыл алу – парыз.

Егер ихтиләм болғанымен, денеден мәни шықпаса, ғұсыл алу парыз емес. Себебі Әбу Сағид әл-Худридден риуаят етілген хадисте Пайғамбар (с.а.с.): «*Су судан*», – деген¹.

Яғни мұны мәни келсе, ғұсыл құйыну – парыз, ал келмесе, парыз емес деген мағынада түсіну керек.

Бұл – ерлер мен әйелдерге ортақ үкім. Бұған дәлел:

Умму Сәләмә (Аллаһ оған разы болсын): «*Умму Сұләйм Аллаһ елиісіне* (с.а.с.) *келіп: «Уа, Аллаһтың елиісі! Аллаһ шындықтан ұялмайды. Әйел адам ихтиләм болса, ғұсыл алуы керек пе?» – деп сұрады. Пайғамбар* (с.а.с.): «*Иә, егер су көрсе*», – деп жауап берді», – деген².

Ғұсыл талап етілетін жағдайлар:

1. Біреу асығып, кіші дәретке отырмастан немесе көп қозғалмастан тез арада ғұсыл алғаннан кейін мәнидің қалғаны шықса, ол қайтадан ғұсыл алуы керек. Егер мәнидің қалғаны намаз оқып болғаннан кейін шықса, намазы дұрыс, оны қайта оқымайды.

Егер ғұсыл алудың алдында ұйықтаса, кіші дәретке отырса немесе көп жүрсе, сосын ғұсыл алып болғаннан кейін, мәнидің қалғаны шықса, ғұсыл алу парыз емес, ол тек дәрет қана алады.

2. Егер ихтиләм болғаннан кейін киімде ешқандай ылғал болмаса, сосын дәрет алып, намаз оқып болғаннан кейін мәни шықса, оның оқыған намазы дұрыс болып есептеледі. Себебі ғұсыл тек мәни шыққаннан кейін ғана парыз болады. Сондықтан ол адам намазын қайта оқымағанымен, міндетті түрде ғұсыл алуы керек.

3. Егер біреу қатты шақуатты жағдайда болып, мәни шыққандай сезінгенмен, мүшеден бөлініп шықпаса, ол мәни шыққанша жүніп деп саналмайды.

Ғұсыл талап етілмейтін жағдайлар:

1. Адамға мәзи немесе уәди шыққанда ғұсыл алу – парыз емес. Мәзи мен уәдидің денеден бөлінуі тек дәретті ғана бұзады.

Мәзи – жыныстық қатынасты ойлаған кезде шығатын мөлдір, жабысқақ қоймалжың.

Уәди – жыныстық мүшеден күшенген кезде кіші дәретке отырғаннан кейін, ауыр жүк көтергенде бөлінетін қою ақшыл қоймалжың.

¹ Сахих Муслим, Китәб әл-хайд, 519.

² Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-билм, 127.

2. Ылғалсыз болған ихтиләм. Ихтиләм болған кезде денеден сұйықтық шықпаса, ғұсыл алу парыз емес.

3. Мас болса немесе есінен танса, кейін есін жиған соң ғұсыл алу парыз емес.

4. Саусақ немесе басқа бір затты екі мүшенің біріне кіргізу ғұсылды парыз етпейді.

5. Екі мүшенің біріне дәрі салу, клизма жасау не наркоз ғұсыл алуды парыз етпейді.

Ғұсылдың парыздары

Ханафи мазһабында ғұсылдың үш парызы бар:

1. Мадмаданы¹ бір рет істеу.

2. Истиншақты² бір рет істеу.

3. Бүкіл денені сумен бір рет жуу.

Әбу Сәләмә (Аллаһ оған разы болсын): *«Айшадан (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ елшісінің (с.а.с.) жүніптіктен кейін қалай ғұсыл алатындығы жайлы сұрадым. Ол (Айша): «Аллаһ елшісі (с.а.с.) қолына үш рет су құятын, сосын әуретін жуатын. Сосын екі қолын жуатын. Сосын аузын (мадмада), мұрнын (истиншак) шаятын. Одан кейін басына үш рет су құятын. Сосын бүкіл денесіне су құятын», – деп жауап берді», – деген³.*

Айша бинт Ажрад: *«Ибн Аббастан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) жүніп болған кезде ауыз шаю мен мұрынға су жіберуді ұмытып кеткен адам туралы сұрағанда, ол (Ибн Аббас): «Аузын шайып, мұрнына су жіберіп, намазын қайталайды», – деп жауап берген», – деген⁴.*

Осы хадиске сай, мадмада мен истиншақты ұмытып кеткен адам ғұсыл алып болғаннан кейін оларды жасауына болады. Бұл үшін қайта бүкіл денесін жуу шарт емес. Имам Шафиғи «бүкіл денені бір рет толық жуу – ғұсылдың парызы, ал мадмада мен истиншақты ғұсылдың сүннеттерінен» деп есептеген.

Әли (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Кімде-кім бір тал шаштың орнындай жерді жүніптік кезде жумай кетсе, оған тозақта мынадай, мынадай болады», – деді», – деген⁵.*

Ғұсыл алған кезде судың кіндікке, қолтықтың астына, шатқа, тізенің артына, шаш, сақал мен мұрттың түбіне барғанын қадағалау керек.

Ханафи мазһабында ниет етпей-ақ өзенге, бассейнге сүңгіп, бүкіл денесін суға батырса, ғұсыл алды деп есептеледі. Өйткені дәрет алған кезде ниет ету ханафи мазһабында сүннет амалдарына жатады. Себебі олар: «Дәрет пен

¹ Ауызға су алып шайқау.

² Мұрынға су алып сіңбіру.

³ Сунән ән-Нәсәи, Китәб әт-таһара, 244.

⁴ Сунән әд-Дарақутни, I том, 466-бет.

⁵ Сунән Әбу Дауд, Китәб әт-таһара, 217.

ғұсыл – ғибадат емес, ғибадаттың құралы. Сондықтан дәрет пен ғұсыл үшін ниет ету шарт емес», – деген. Ал шафиғи мен басқа мазһабтарда дәрет пен ғұсыл жеке ғибадат саналады. Сондықтан дәрет немесе ғұсыл алғанда ниет ету парыз делінген.

Ғұсылдың сүннеттері

1. Ниет. Жүніптіктен тазалануды жүрегімен бекіту.
2. Бисмилләмен бастау. Егер моншада немесе басқа да жуынатын жерде әуреті ашық болса, бисмилләні ішінен айтады.
3. Екі қолды білезікке дейін жуу.
4. Алдымен денесіндегі мәниді және басқа да нәжістерді тазалау.
5. Әурет жерін толық жуып алу.
6. Намазға дәрет алғандай дәрет алу. Тек шомылып жатқан жеріне су жиналатын болса, аяқты жууды соңына қалдырған жақсы.
7. Бүкіл денеге үш рет су құю. Әр құйғанда су өнбойын толық қамту керек.
8. Алдымен басты үш рет жуу. Сосын оң иық, одан кейін сол иықты, сосын оң аяқты, одан кейін сол аяқты жуу.
9. Денеге су тигізгенде қолмен ысқылау.
10. Ғұсыл алған кезде дәреттің әдептерін сақтау.

Ғұсылға қатысты үкімдер

1. Ғұсыл алғанда дәрет алған кездегідей судың теріге тиюіне лак, май, қамыр секілді заттар кедергі келтірмеуі керек. Тек ғұсыл құйынғанда қалың сақалдың түбіне міндетті түрде су тигізу қажет. Өйткені Пайғамбар (с.а.с.): **«Әрбір тал шаштың түбінде жүніптік бар»**, – деген¹.

2. Әйел адамдарға түйілген немесе өрілген ұзын шаштарының түбіне су жетсе, оны тарқату шарт емес.

Умму Сәләмә (Аллаһ оған разы болсын): *«Уа, Аллаһтың елшісі! Мен – бұрымымды қатты өріп қоятын әйелмін. Жүніптікпен ғұсыл алған кезде оны тарқатамын ба?»* – деп сұрадым. Ол (с.а.с.): **«Жоқ, сен үшін басыңа үш қос уыс (су) құю жеткілікті, сосын үстіңе су құй. Сонда тазаланасың»**, – деп жауап берді», – деген².

Ал ұзын шашты ер кісілер шашын түйіп алған болса, ғұсыл алған кезде міндетті түрде оны тарқатуы керек.

3. Ерлі-зайыптыларға бір ыдыстан жуынуларына болады.

Айша (Аллаһ оған разы болсын): *«Мен және Пайғамбар (с.а.с.) жүніп болған кезде бір ыдыстан жуынатын едік»*, – деген³.

¹ Сунән Әбу Дауд, Сунән әт-Тирмизи, дағиф хадис.

² Сахих Муслим, Китәб әл-хайд, 497.

³ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-ғусл, 255.

4. Жуынып жатқан кезде пайдаланып жатқан су ыдыстағы суға шашыраса, ыдыстағы судың тазалығына әсер етпейді.

5. Жүніп, хайыз немесе нифас кездерінде адам нәжіс болмайды. Сондықтан ондай халдегі адамдармен араласуға, амандасуға, сөйлесуге және бірге отыруға болады. Себебі бірде Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) жүніп болған кезде Пайғамбардың (с.а.с.) көзіне түспей, басқа жолмен кетіп қалады. Артынан ғұсыл алып келгенде, Аллаһ елшісі (с.а.с.) одан қайда болғанын сұрағанда, ол өзінің жүніп халінде Пайғамбармен (с.а.с.) кездесуді қаламағанын айтады. Сонда Пайғамбар (с.а.с.): **«Субханаллаһ! Мүмін нәжістенбейді»**, – деп жауап берген¹.

6. Жүніптік пен хайызды Аллаһ тағала адам баласының табиғатына сай етіп берген. Одан ұялудың еш қажеті жоқ. Сондықтан осындай халге түскен адам ұялмастан жуынуға су сұрауына болады. Ата-аналар балаларына ғұсыл құйынуды әдеттендіргені жөн. Өйткені адам ұяламын деп шариғат үкіміне сай емес амал жасап қоюы мүмкін.

7. Хайыз қаны тоқтағаннан кейін ғұсыл алған әйел жаман иісті кетіру үшін иіссу себінгені жақсы. Бірақ әйел адамға иіссу себініп көшеге шығуға болмайды.

Сүннет ғұсылдар

Аллаһ елшісі (с.а.с.) жоғарыда ғұсыл алуды талап ететін жағдайлардан басқа кезде де ғұсыл алуды сүннет етіп кеткен. Егер Аллаһ елшісіне (с.а.с.) еліктеу мақсатымен осы ғұсылдарды құйынатын болсақ, сауапқа кенелеміз.

1. Жұма күні ғұсыл алу.

Абдуллаһ ибн Омардан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын), Аллаһ елшісі (с.а.с.): **«Біреулерің жұмаға келсе, ғұсыл құйынсын»**, – деген².

2. Екі айтта да ғұсыл алу. Пайғамбардан (с.а.с.) айт күндері ғұсыл алуға қатысты жеткен хадистердің барлығы дағиф болғанымен, фақиһ ғалымдар сол хадистерді фикһ кітаптарында бұл күндері ғұсыл алудың сүннет екендігіне дәлел етіп алған. Сонымен қатар имам Мәлик Пайғамбардың (с.а.с.) сахабасы Ибн Омардың (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) айт күні ғұсыл алатындығы туралы сахих хадисті риуаят еткен. Ал Аллаһ елшісі (с.а.с.) бізге сахабаларды үлгі тұтуға шақырған. Сондықтан біз сахабалардың амалдарын дәлел ретінде қабылдаймыз.

Абдуллаһ ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) ораза айт күні намаз оқитын жерге (мусаллаға) шықпастан бұрын ғұсыл құйынатын болған³.

3. Мәйітті жуған адамның ғұсыл алуы.

¹ Сахих әл-Бұхари, Бәб әл-жунуб, 281. Сахих Муслим, Бәб ьалә әннә әл-муслим лә янжус, 850.

² Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-жумға, 828.

³ Муатта, Китәб ән-нидә лис-салаһ, 384.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елуісі (с.а.с.): «Кімде-кім мәйітті жуса, ғұсыл алсын. Ал кімде-кім көтерсе, дәрет алсын», – деді»,* – деп айтқан¹.

4. Қажылық немесе умра амалдарын бастарда ихрам киімін киюден бұрын ғұсыл құйыну.

Зәйд ибн Сәбит (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбардың (с.а.с.) ихрам (халіне өту) үшін шешінгенін (яғни тігісі бар киімдерін шешкенін) және ғұсыл алғанын көрген².

5-6. Меккеге кіру мен Арафатта тұру үшін.

Абдуллаһ ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) ихрамға кірерден бұрын сол ихрамы үшін, Меккеге кіруі үшін және Арафатта тұру үшін ғұсыл құйынатын³.

Тазалық үшін шомылу

Тазалық үшін шомылудың үкімі кей жағдайда парыз, кейде сүннет, кейде мандуб болады.

1. Үстін ұзақ уақыт тазаламай, денесінен жаман иістер шығып, терісі бұзылып кеткен кезде жүніп болмағанмен, ғұсыл алу парыз болады.

2. Жұма және екі айт намаздарына ғұсыл алу – сүннет. Кейбір ғалымдар жұма күні ғұсыл алуды парызға жатқызады.

3. Тазалық және таза жүру мақсатында ғұсыл алу – мандуб.

Моншаның (шомылатын жердің) едені топырақ болған жағдайдағы үкімдер:

1. Егер шомылатын жер құрғақ болып, ол жерден нәжістің орны байқалмаса, ол жер таза деп есептеледі. Себебі жер кебу арқылы да тазаланады.

2. Егер жер ылғал болып, ол жерден нәжістің белгілері байқалса, оған су құйып, нәжіс құбырмен немесе арықпен ағып кеткеннен кейін ғана ол жерде шомыла беруге болады.

3. Егер адам моншада кіші дәрет сындырса, оған су құйып тазалайды. Моншаны тазалап болғаннан кейін шомылған кезде, ол жерден денеге шашыраған су тамшыларының зияны жоқ. Бірақ шомылатын жерде дәрет сындыру – мәкруһ.

¹ Сунән Әбу Дауд, Китәб әл-жәнәзә, 2749. Муснәд Ахмад, Китәб муснәд бәки әл-муксирин, 9485.

² Сунән әт-Тирмизи, Китәб әл-хажж, 760. Имам әт-Тирмизи: «Бұл хасан ғариб хадис және бір топ ғылым иелері ихрам үшін ғұсыл алуды мустахаб санаған. Бұл пікірді Шафиғи де қолдайды», – деген.

³ Муатта, Китәб әл-хажж, 619.

Абдуллаһ ибн Муғаффалдан (Аллаһ оған разы болсын), Пайғамбар (с.а.с.): **«Ешқайсыларың жуынатын жеріне дәрет сындырмасын. Өйткені шайтанның азғыруы көбінесе содан болады»**, – деген¹.

4. Шомылатын жер шомылғанға дейін және шомылғаннан кейін таза деп есептеледі. Сондықтан ол жерге түсіп кеткен киім, сүлгі т.б. заттар да таза болып саналады.

Жүніптік халдегі адамға тыйым салынған амалдар

1. Намаз оқу. Аллаһ тағала Құранда: **«Ей, иман келтіргендер! Сендер мас болып, не айтқандарыңды білгенше және жүніп болсаңдар, ғұсыл алғанша намазға жақындамаңдар. Тек жол жүргенде болады»**², – деген.

2. Қағбада тауап жасау.

Ибн Аббастан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын), Пайғамбар (с.а.с.): **«Үйдің (Қағбаның) айналасында тауап жасау намаз секілді. Тек сендер онда сөйлейсіңдер. Кімде-кім онда сөйлейтін болса, тек жақсы сөз айтсын»**, – деген³.

3. Құран кітабын ұстау, көтеру.

Аллаһ тағала: **«Шын мәнінде ол – ардақты Құран. Кітапта (Ләухул-махфузда) сақтаулы. Оны тап-таза болғандар ғана ұстайды»**⁴, – деген.

Абдуллаһ ибн Әбу Бәкір ибн Хазмнан (Аллаһ оған разы болсын), Аллаһ елшісінің (с.а.с.) Амр ибн Хазмге жазған хатында: **«Құранды тек таза адам ғана ұстасын»**, – делінген⁵.

4. Тиләуэт ниетімен Құраннан бір аят болса да оқу. Құран аятын дәлел немесе дұға ретінде дәретсіз оқуға болады. Онда да аятты толық емес, бөліп-бөліп оқиды⁶.

Әли (Аллаһ оған разы болсын): **«Аллаһ елшісі (с.а.с.) бізге жүніп болғаннан басқа барлық жағдайда Құран оқуды үйрететін»**, – деген⁷.

Әбу әл-Ғариф: «Әлиге дәрет алатын су әкеледі. Сонда ол аузын шайып, мұрнына үш рет су жіберіп сіңбірді, жүзін үш рет жуды, екі қолын білегімен үш-үштен жуды, сосын басына мәсіх тартты, одан кейін екі аяғын жуды. Содан соң (Әли): **«Аллаһ елшісінің (с.а.с.) осылай дәрет алғанын көрдім. Сосын Құраннан (біраз аяттар) оқыды, одан кейін: «Бұл жүніп емес адамға,**

¹ Сунән ән-Нәсәи, Китәб әт-таһара, 36. Сунән Әбу Дауд, Китәб әт-таһара, 25.

² «Ниса» сүресі, 43-аят.

³ Сунән әт-Тирмизи, Китәб әл-хажж, 883.

⁴ «Уақиға» сүресі, 77-79 аяттар.

⁵ Муатта, Китәб ән-нидә лис-салаһ, 419.

⁶ Абдул-Қадир әр-Рахбауи. Китәб әс-салаһ алә әл-мазаһиб әл-арбаға, 90-бет.

⁷ Сунән әт-Тирмизи, Китәб әт-таһара, 136.

ал жүніпке бір аят болса да (оқуға) болмайды», – деді», – деп айтты», – деген¹.

5. Мешітте қалу. Жүніп кезінде мешітте отыруға, қайта-қайта кіруге болмайды. Тек зәру жағдайда және мешіт арқылы өтіп кетуге ғана рұқсат етіледі. Ханафи және мәлики мазһабында мешіт арқылы өтуден басқа жол таппаған адам мешіт арқылы басқа жаққа өтіп кеткісі келсе, тәяммум алуы керек деген².

Аллаһ елшісі (с.а.с.) заманының алғашқы кезеңдерінде сахабалардың үйлерінің есіктері мешітке қарап тұратын болған. Олар жүніп күйінде және әйелдері хайыз кезінде мешіт арқылы әрлі-берлі өтіп жүретін. Сонда Пайғамбар (с.а.с.) үйлердің есіктерін мешіттен басқа жаққа бұруды бұйырып: **«Мына үйлерді мешіттен басқа жаққа бұрыңдар. Мен мешітті хайызға және жүніпке халал етпеймін»**, – дейді³. Мұны естіген сахабалар Аллаһтан өздеріне жеңілдік түсуді қалап, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) бұйрығын бірден орындауға асықпайды. Сол кезде Аллаһ елшісі (с.а.с.) мешітке кіріп, даусын көтеріп: **«Расында, мешіт хайызға және жүніпке халал етілмейді»**, – деген⁴.

¹ Муснад Ахмад, II том, 221-бет.

² Абдул-Қадир әр-Рахбауи. Китәб әс-салаһ алә әл-мазаһиб әл-арбаға, 90-бет.

³ Сунән Әбу Дауд, Бәб фи жунуб ядхулу әл-мәсжид, 232.

⁴ Сунән Ибн Мәжәһ, Бәб фи мә жә'ә фи ижтинәб әл-хайд, 645.

МӘСІГЕ, ШҰЛЫҚҚА ЖӘНЕ ДЕНЕГЕ ТАҢЫЛҒАН ДӘКЕГЕ МӘСІХ ТАРТУ ТАРАУЫ

Мәсіге мәсіх тарту

«Мәсіх» сөзі араб тілінде «бір нәрсені ылғалды қолмен ұстау», «сипау» деген мағынаны береді.

Мәсі – тобықты жауып тұратын қонышты аяқкиім.

Мәсіхтің жасалу жолы: намазхан дәрет алып, аяғын жуғаннан кейін, аяғына мәсі киіп алады. Кейін дәреті бұзылған кезде, аяғын жуудың орнына саусақтарымен аяқтың үстіне мәсінің сыртынан мәсіх тартады. Мұны тек дәрет бұзылғанда ғана істейді. Ал ғұсыл алатын жағдай болса, міндетті түрде мәсіні шешіп аяғын жууы керек.

Мәсіге мәсіх тарту Пайғамбардың (с.а.с.) сөзімен де, ісімен де бекітілген.

Имам әл-Бұхари әл-Муғира ибн Шуғбадан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте былай делінген: *«Әл-Муғира Аллаһ елшісімен (с.а.с.) бірге сапарда болғанда, Пайғамбар (с.а.с.) қажетін өтеуге барады. Сонда әл-Муғира оған (с.а.с.) су құяды. Пайғамбар (с.а.с.) дәрет алып бетін, екі қолын жуады, басына мәсіх тартады және мәсісіне мәсіх тартады»*¹.

Абдуллаһ ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) Пайғамбардың (с.а.с.) мәсіге мәсіх тартқанын Сағд ибн Әбу Уаққастан (Аллаһ оған разы болсын) жеткізген. Абдуллаһ ибн Омар әкесі Омардан осы туралы сұрағанда, ол: *«Иә, егер Сағд саған Пайғамбардан (с.а.с.) бір нәрсені айтса, ол туралы басқа адамнан сұрама»*, – деген².

Келесі бір хадисте Пайғамбар (с.а.с.) мәсісін шешкісі келген әл-Муғираға: *«Шешпей-ақ қой. Мен мәсіні аяғым таза кезінде кигенмін»*, – деп айтқан³.

Мұнысы «дәрет алғанда аяғымды жуып, содан соң мәсі кигенмін. Енді оны шешпей-ақ мәсіх тартсам болады» деген мағынада айтылған.

Мәсіге мәсіх тарту мәселесінде ер адамға немесе әйелге қатысты ешқандай айырмашылық жоқ. Бұл – әсіресе қыс мезгілінде яки сапардағы мұсылманға жасалған үлкен жеңілдік.

Мәсіхтің дұрыс болуының шарттары

1. Мәсіні киер алдында аяқты жуу. Яғни дәрет алған кезде аяқты жуып, содан кейін ғана мәсі кию. Бұдан кейін ол адамның дәреті бұзылса, аяқтарын жумай, мәсіх тартуына болады.

¹ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-удуу, 176.

² Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-удуу, 195.

³ Сахих әл-Бұхари, Бәб изә әдхалә рижләйһи ..., 203. Сахих Муслим, Бәб әл-мәсх ьалә әл-хуффәйн, 654.

2. Мәсінің қонышы тобықтың жан-жағын толық жауып тұруы керек. Егер мәсінің қонышы кең болып, жоғары жағынан тобық көрініп тұрса, еш оқасы жоқ.

3. Мәсі теріден не жүннен жасалғандығына қарамастан, күнделікті киіп жүруге жарамды, қалың болуы керек.

4. Аяққа байлаусыз өзі тұруы тиіс. Яғни мәсіні киген кезде байлауды қажет етпеуі керек.

5. Бір мәсіді үлкендігі үш бармақ сыятын тесік болмауы лазым. Себебі үш бармақтың орны аяқ башпайларының көлемімен тең. Сондықтан аяқтың көп бөлігі мәсінің ішінде емес деп есептеледі.

Егер тесіктер бір жерде емес, бірнеше жерде және барлығын қосқанда үш бармақтың көлемінен аз болса, ол мәсіге мәсіх тартуға болады.

6. Мәсінің кей жерлері матадан тоқылып, мәсіх тартқан кезде қолдың суы теріге өтетіндей дәрежеде жұқа болса, ондай мәсінің үстіне мәсіх тартуға болмайды.

Мәсіх қалай тартылады

Дәрет алушы қолын сулап, саусақтарымен мәсісінің сыртынан аяғының башпайлары жағынан бастап, жоғары қарата бір рет тартады. Мәсіх тартуға үш саусақ жеткілікті және мәсіхті қайталау сүннет емес.

Әли (Аллаһ оған разы болсын): *«Егер дін оймен (біреудің пікірімен) есептелетін болса, мәсінің үстінен гәрі асты мәсіх тартуға лайықтырақ болар еді. Мен Аллаһ елшісінің (с.а.с.) мәсінің үстіне мәсіх тартқанын көрдім»,* – деді¹. Әли мәсіхтің мәсінің табанына емес, үстіне тартылатындығын айтқан.

Әл-Муғира ибн Шуғба: *«Аллаһ елшісінің (с.а.с.) кіші дәрет сындырып, сосын дәрет алғанын көрдім. Ол (с.а.с.) мәсіх тартқан кезде оң қолын оң мәсісінің үстіне, сол қолын сол мәсісінің үстіне қойды. Сосын (мәсінің) үстіне бір рет мәсіх тартты. Мен тіпті Аллаһ елшісінің (с.а.с.) мәсісінің үстіндегі саусақтарына қарап тұрғандай болдым»,* – деді².

Мәсіхтің мерзімі

Аяқты жуып, мәсіні кигеннен кейін тұрғылықты адам толық бір тәулік (24 сағат), ал жолаушы толық үш тәулік (72 сағат) бойына дәрет алғанда мәсіх тарта алады.

Мәсіхтің басталар уақыты, адамның дәретін бұзған уақыттан бастап есептеледі. Мысалы, тұрғылықты біреу таң намазына дәрет алғаннан кейін мәсі киеді. Сосын бесін намазына бір сағат уақыт қалғанда, дәреті бұзылады. Міне, мәсіхтің уақыты осы сәттен басталып, келесі күннің бесін

¹ Сунән Әбу Дауд, Китәб әт-таһара, 140.

² Мусаннаф Ибн Әбу Шәйбә, I том, 214-бет.

намазына бір сағат қалғанға дейін жалғасады. Яғни ол адам келесі күннің бесін намазына бір сағат қалғанға дейін мәсіге мәсіх тарта беруіне болады.

Шурайх ибн Һәни: «Айшадан (Аллаһ оған разы болсын) мәсіге мәсіх тарту туралы сұрауға бардым. Ол (Айша): «*Сен Ибн Әбу Талибқа (яғни Әлиге) бар. Содан сұра, ол Аллаһ елшісімен (с.а.с.) бірге сапарға шығатын*», – деді. Одан сұраған кезімізде, ол (Әли): «*Аллаһтың елшісі (с.а.с.) (мәсіх тартудың мерзімін) жолаушы үшін түндерімен үш күн және тұрғылықты адам үшін түнімен бір күн етті*», – деп жауап берді», – деген¹.

Шұлыққа мәсіх тарту мәселесі

Әл-Муғира ибн Шұғба (Аллаһ оған разы болсын): «*Пайғамбар (с.а.с.) дәрет алып, шұлық пен кебіске мәсіх тартты*», – деген².

Осы хадиске сүйеніп, бүкіл ғалымдар шұлыққа мәсіх тартуға болады деген. Бірақ олар мәсіх тартуға болатын шұлықтың қандай болуы керек екендігі жөнінде әртүрлі пікірлер ұстанған. Төменде төрт мазһаб ғалымдарының шұлыққа мәсіх тартуға қатысты көзқарастарына кеңінен тоқталдық.

Ханафи мазһабында шұлық теріден жасалса немесе оның бас жағы, табаны кебіс секілді теріден болса, оған мәсіх тартуға болады. Егер шұлық жүннен жасалса және оның табаны мен басы кебіс сияқты терімен қапталмаса, Әбу Ханифаның алғашқы пікірі бойынша, оған мәсіх тартуға болмайды. Ал Әбу Юсуф пен Мұхаммедтің пікірі бойынша, оған мәсіх тартуға болады. Бірақ олар «ондай шұлық қалың, жүннен тоқылса да аяқ киім тәрізді өздігінен тұра беретін және онымен жүруге жарамды болуы шарт» деген. Ханафи мазһабында осы пікір бойынша пәтуа беріледі. Егер шұлық жұқа, өздігінен тұра алмайтын және жүруге жарамсыз болса, ханафи мазһабының барлық ғалымдарының ортақ пікірі бойынша, ондай шұлыққа мәсіх тартуға болмайды.

Мәлики мазһабында шұлыққа мәсіх тарту үшін оның мәсі секілді теріден жасалуы шарт. Яғни имам Әбу Ханифаның алдыңғы пікірі мен мәлики мазһабының пікірі бір жерден шыққан.

Шафиғи мен ханбали мазһабтары және Әбу Юсуф пен Мұхаммедтің пікірлері бірдей.

Имам Ағзам қайтыс боларынан бір апта бұрын төсек тартып ауырып жатқанында су алдырып дәрет алады. Сол уақытта оның аяғында кебіс тәрізді терімен қапталмаған шұлық бар еді. Ол аяғын жумай, шұлығына

¹ Сахих Муслим, Китәб әт-таһара, 414.

² Имам әт-Тирмизи: «Бұл – хасан-сахих хадис», – деген. Бірақ имам Муслим, ән-Нәсәи, Ахмад, Яхия ибн Мағин, Әли ибн әл-Мәдини, Суфиян әс-Сәури және көптеген мухаддис ғалымдар ол хадисті «дағиф» деп есептеген. Сунән әт-Тирмизиге шарх жазған әл-Мубаракфури «Пайғамбар (с.а.с.) шұлыққа мәсіх тартты» деп келген хадистерді зерттей отырып, олардың сахих емес деген байламға келген.

мәсіх тартып: «Бүгін бұрын жасамаған бір амал жасадым. Кебістенбеген шұлыққа мәсіх тарттым», – деген екен.

Ғалымдардың көзқарастарынан төмендегі сипат пен шарттарға ие шұлыққа ғана мәсіх тартуға болатындығын түсінеміз. Олар:

1. Аяқтың түсін көрсетпейтін қалың болуы;
 2. Мәсіх тартқан кезде, қолдың суының теріге өтпеуі;
 3. Аяққа байлаусыз өзі тұруы. Яғни киген кезде байлауды қажет етпейтін болуы;
 4. Жүруге жарамды болуы керек.
- Шұлықтың қалған үкімдері мәсінің үкімдері секілді.

Мәсіге мәсіх тартуды бұзатын амалдар

1. Дәретті бұзатын барлық іс-қимыл, мәсіхті де бұзады. Егер дәретін бұзғаннан кейін мәсіні шешпеген болса, дәрет алған кезде мәсіні шешу шарт болмағанмен, мәсіге қайтадан мәсіх тарту керек.

2. Мәсіх тартудың мерзімінің бітуі. Тұрғылықты адам үшін бір тәуліктен кейін, жолаушы үшін үш тәуліктен кейін мәсіх тарту мерзімі аяқталады.

3. Екі аяқтың бірінен мәсінің шешілуі немесе аяқтың көп бөлігінің мәсіден шығуы. Мұндай жағдайда егер ол адамның дәреті болса, толық дәрет алмайды, тек аяқтарын қайта жуады. Жүрген кезде мәсінің қонышы жағына қарай өкшенің қозғалуы мәсіх тартуға еш зиян келтірмейді.

4. Егер екі аяқтың біріне су тиіп, ылғалданып қалатын болса, мәсіні шешіп, аяқтарды қайта жуу керек.

5. Жүніп, хайыз немесе нифас секілді ғұсыл алуды талап ететін жағдайға тап болғанда, мәсіге мәсіх тартуға болмайды. Мұндайда мәсі міндетті түрде шешілуі керек.

Таңғышқа мәсіх тарту

1. Денесіндегі жарақатына дәке (бинт) ораған адамға дәрет не ғұсыл алу парыз болған жағдайда:

– сумен жуу залал келтірмейтін, ауруын асқындырмайтын болса, жарақаттанған жерді жуу керек;

– егер сумен жуу ауруды асқындырып, зарарын тигізсе, дәкенің не таңғыштың үстінен мәсіх тартып, жараның айналасын жуады;

– ал егер мәсіх тарту ауруды асқындыратын болса, мәсіх те тартпайды.

2. Дәрет алған сайын таңғыштың сыртынан мәсіх тартады. Егер дәрет алып, мәсіх тартқаннан кейін таңғышты ауыстырса, оған жаңадан мәсіх тартудың қажеті жоқ. Себебі бұл жағдайда мәсіх тарту оның астын, яғни жараның өзін жуғанның үкімін алады. Сол себепті таңғышты ауыстырған кезде, оның үстінен қайта мәсіх тартпайды.

3. Егер адамның ораған таңғышы денесінің жараланған бөлігімен бірге сау жерін де қамтып тұрса:

– бинтті немесе таңғышты шешіп, жарақаттың айналасын жуу оған зиянын тигізбесе, таңғышты алып, жараның айналасын жуады;

– егер бинтті шешкен жағдайда, жара асқынып кететін болса, оны шешпестен үстіне мәсіх тартады;

– сол секілді таңғышты шешу үшін дәрігер немесе басқа бір адамның көмегін қажет етсе және шешкеннен кейін өздігінен қайта таңа алмаса, таңғышты шешпестен үстіне мәсіх тартады.

4. Егер дененің бірнеше жерінде жарақат болып, дәкемен оралған екі жарақаттың арасындағы ашық жерге су тигізгенде, таңғыш суланып, аурудың асқынуына алып баратын болса, сол ашық жерге таңғышпен бірге мәсіх тартады.

5. Таңғыштың сыртына қан немесе ірің шыққан жағдайда, оның аз не көптігіне қарайды. Егер таңғышты шешіп тастаған кезде, қан немесе ірің ағып не айналасына көп жайылатындай болса, ол адамның дәреті бұзылады. Ал егер одан аз болса, дәреті бұзылмайды.

6. Таңғышты таңар алдында адамның дәреті болуы шарт емес.

7. Гипске берілетін үкімдер де осындай.

8. Дәрет бұзылған кезде, таңғышқа қайтадан мәсіх тарту керек.

9. Жарақаты жазылып, дәреті бар кезде таңғышты шешсе, дәреті бұзылмайды. Тек мәсіх тартқан жерін жуып қана қояды.

ТӘЯММУМ ТАРАУЫ

«Тәяммум» сөзі араб тілінде «мақсат» деген мағынаны береді.

Шарифатта: тәяммум – су жоқта немесе суды пайдалануға шамасы келмеген жағдайда дәреттің немесе ғұсылдың орнына бетке және екі қолға таза жер қыртысымен мәсіх жасау.

Таза жер қыртысына топырақ, құм жатады.

Тәяммум соғу сумен дәрет алғанның орнына жүретіндіктен, оған тек су жоқ кезде немесе суды пайдалануға шама келмеген жағдайда ғана рұқсат етіледі.

Су жоқта немесе бар суды пайдалануға шамасы келмегенде дәрет және ғұсылдың орнына топыраққа тәяммум соғып, намаз және т.б. ғибадаттарды өтеу – Аллаһ тағаланың пенделеріне берген жеңілдіктерінің бірі.

Аллаһ тағала Құранда: **«Ей, иман келтіргендер! ... су таппасаңдар, таза жер қыртысына тәяммум соғып, онымен беттеріңді және қолдарыңды сипаңдар. Аллаһ сендерге ауыртпашылық жасағанды қаламайды. Бірақ сендерді тазартқанды және сендерге нығметін толықтырғанды қалайды. Бәлкім, шүкіршілік етерсіңдер»¹;**

«Ей, иман келтіргендер! ... су таппасаңдар таза жер қыртысына тәяммум соғып, беттеріңді және қолдарыңды сипаңдар...»², – деген.

Сондай-ақ жүніп болған адам ғұсыл алу үшін су таппаса яки бар суды пайдалануға шамасы келмесе, тәяммум соғады. Жүніп болған кезде тәяммум соғу дәреттің орнына тәяммум алғанмен бірдей. Бұл екі тәяммумның бір-бірінен еш айырмашылығы жоқ.

Имам әл-Бұхари мен Муслим риуаят еткен хадисте Аммар ибн Ясир жүніп болып қалған кезде не істерін білмей, жерге аунап, бүкіл денесін топыраққа тигізеді. Кейін осы оқиғаны Пайғамбарға (с.а.с.) жеткізгенде, Аллаһтың елшісі (с.а.с.) оған беті мен екі қолына ғана тәяммум соғудың жеткілікті екендігін айтқан.

Әбу Зарр (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһтың елшісі (с.а.с.): «Таза жер қыртысы – он жыл бойы су таппаса да, мұсылманның тазартушысы. Егер су тапса, онымен денесін жусын, өйткені ол қайырлы», – деді»,* – деген³.

Жоғарыда айтылғандай, тәяммумды екі жағдайда соғуға болады:

1. Су жоқ кезде;
2. Сумен дәрет не ғұсыл алуға шамасы келмеген жағдайда.

Дәрет алушы мына жағдайларда су таба алмаушы немесе суды пайдалануға шамасы келмеуші деп есептеледі:

¹ «Мәида» сүресі, 6-аят.

² «Ниса» сүресі, 43-аят.

³ Сунән әт-Тирмизи, Китәб әт-таһара, 115.

1. Өзімен бірге не айналасында, сондай-ақ өзі тұрған жерден бір миль (шамамен 1848 м) арақашықтықта су болмаса, ол адамның суы жоқ деп есептеліп, оған тәяммум соғуға рұқсат етіледі.

2. Бір мильден жақын жерде немесе манайында су болғанымен өзі, бала-шағасы немесе мал-мүлкі үшін жаудан, ұрыдан, жыртқыш аңнан қорықса, суды пайдалануға шамасы келмеген болып есептеледі.

3. Суға жақын болғанымен, қол-аяғы байлаулы немесе суды алуға қажетті құрал-сайманы жоқ болса, суды пайдалануға шамасы келмейді деп саналады. Мысалы, құдықтан суды шығару үшін қажетті арқаны не шелегі болмау.

4. Өзіндегі су ішуге ғана жеткілікті болып, ол сумен дәрет алған жағдайда шөлден қысылу қаупі болса немесе ол су аз мөлшерде болып, нәжісті кетіруге ғана жетсе, дәрет алмай, тәяммум соғады. Себебі нәжісті кетіру дәрет алудан жоғары тұрады.

5. Дәрет алу парыз болған кезде қолындағы суы толық дәрет алуға (яғни дәреттің парыздарын орындауға) жетпейтін болса және сол секілді ғұсыл парыз болған жағдайда су толық жуынуға жетпейтін болса, суы жоқ деп есептеледі.

6. Науқас адамның суды пайдалануы ауруын асқындыратын жағдайда немесе аурудан айығуына кедергі жасайтын болса не ауруының асқынып кетуіне қауіп төнсе, суды пайдалануға шамасы келмейді деп саналады.

7. Аязды күні суды жылытуға мүмкіндігі болмаса, дәреттің орнына тәяммум соғуға болады.

Амр ибн әл-Ас (Аллаһ оған разы болсын) Зәту әс-Сәләсил жорығында жүргенде бір түні жүніп болады. Сол түні күн қатты суық болады. Ғұсыл алуға суықтан ауырып қаламын ба деп қорқып, тәяммум соғып, серіктерімен таң намазын оқиды. Кейін сахабалар Аллаһ елшісіне (с.а.с.) болған оқиғаны айтып береді. Сонда Пайғамбар (с.а.с.) оған: **«Жүніп бола тұра, қалай серіктеріңмен намаз оқыдың?»** – деп сұрайды. Ол: **«Аллаһ тағала Құранда: «Өздерінді өлтірмеңдер. Аллаһ сендерге өте Рақымды» деген аяттың есіме алдым. Сосын тәяммум соғып, намаз оқыдым»,** – деп жауап береді. Оның жауабын естіген Пайғамбар (с.а.с.) күледі де, оған ештеңе демейді¹.

8. Аурудың себебінен дәретті өзі ала алмайтын болса және дәрет алуына көмектесетін адам болмаса, тәяммум соғып, намазын оқи беруіне рұқсат етіледі.

9. Жаназа және айт намаздарына дәрет алсам, үлгермей қаламын деген қорқыныш басым болған жағдайда, тәяммум соғып, осы намаздарды оқуға болады. Себебі бұл намаздардың қазасы өтелмейді. Ал бұл үкім басқа намаздарда қолданылмайды.

¹ Сунән Әбу Дауд, Бәб изә хафә әл-жунуб..., 334. Муснад Ахмад, Бәб бақия хадис Амр ибн әл-Ас, 17845.

Тәяммумның рукіндері (парыздары)

1. Жүзге толық бір рет мәсіх тарту. Яғни бүкіл бетті бір рет алақанмен толық сипап өту.

2. Екі қолға шынтакпен қоса бір рет мәсіх тарту. Құранда тәяммумның парыздары жөнінде: «**...онымен (жер қыртысымен) беттеріңді және қолдарыңды сипаңдар**»¹, – делінген.

Абдуллаһ ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): «Тәяммум екі соққы: бетке бір соққы және шынтакқа дейін екі қолға бір соққы», – деп айтатын². Имам Мәликтен тәяммум қалай және қай жерге дейін алынады деп сұрағанда, ол: «Бет үшін бір соққы, екі қол үшін бір соққы және онымен шынтағына дейін мәсіх тартады», – деп жауап берген³.

Тәяммум кезінде саусақтың ұшынан шынтакқа дейін мәсіх тарту Абдуллаһ ибн Омардан, Жәбир ибн Абдуллаһтан (Аллаһ оларға разы болсын), Суфиян әс-Сауриден және имам Шафиғиден риуаят етілген.

Тәяммумның дұрыс болуының шарттары

1. Тәяммум соғуға рұқсат беретін үзірлі жағдайдың болуы.

2. Ниет. Егер тәяммум соғуды ниет етпестен, беті-қолын топырақпен сипаса, тәяммум соқты деп есептелмейді.

3. Тәяммумды намаз оқу үшін немесе хәдәстен тазалану ниетімен соғу керек. Мысалы, Құран ұстау үшін тәяммум соққан болса, ол тәяммуммен намаз оқуға болмайды.

4. Топырақ, құм, тас, жартас, жылтыр тас секілді таза жер қыртысы болуы қажет.

5. Екі алақанды жерге соғу керек. Алақанды жерге соққан кезде, қолға топырақтың жабысуы шарт емес. Бір рет бетке мәсіх тарту үшін, екінші рет екі қолға мәсіх тарту үшін қолды екі рет жерге соғады.

Жәбир (Аллаһ оған разы болсын): «Пайғамбар (с.а.с.): «Тәяммум екі соққы: жүз үшін бір соққы (яғни жерге екі алақанмен бір рет ұрады) және екі қолды шынтакқа дейін (мәсіх жасау үшін) бір соққы», – деді», – деген⁴.

6. Дәрет алған кезде жуғандай, тәяммум соққан кезде бетке және қолға толық мәсіх тарту. Сол себепті қолдағы жүзіктің кең не тар болғандығына қарамастан, оны шешу керек. Өйткені адам саусағындағы жүзіктің астына оны шешпейінше мәсіх тарта алмайды.

¹ «Мәида» сүресі, 6-аят.

² Әл-Бәйһақи, әс-Сунән әл-кубра, Китәб кәйф әт-тәяммум. 941.

³ Муатта, Китәб әт-таһара, 112.

⁴ Әл-Хақим, әл-Мустадрәк, II том, 138-бет. әл-Хақим хадистің иснады (тізбегі) сахих деген. Кейбір ғалымдар бұл хадис дағиф деп есептеген.

Тәяммумның сүннеттері

1. Бисмилләмен бастау;
2. Ретін сақтау (алдымен бетке, сосын оң қол, одан кейін сол қолға мәсіх тарту);
3. Тәяммум соққан кезде арасын үзбеу;
4. Жерге алақанымен соққы жасау;
5. Алақанды жерге тигізгеннен кейін сәл ғана әрлі-берлі жылжыту;
6. Екі алақанды топыраққа соғып көтергеннен кейін, мәсіх тартудан бұрын екі қолды жанымен бір-біріне қағу;
7. Соққы жасаған кезде саусақтардың арасын ашық ұстау;

Тәяммумды бұзатын амалдар

1. Ғұсылды және дәретті бұзатын амалдар, тәяммумды да бұзады. Мысалы, жүніп болғаннан кейін тәяммум соғып, намаз оқығаннан кейін дәретін бұзса, ғұсылын емес, дәретін бұзды деп есептеледі.
2. Тәяммум соғуға рұқсат берген үзірдің аяқталуы немесе жойылуы тәяммумды бұзады.

Тәяммумға қатысты үкімдер:

1. Егер намаздың уақыты шыққанша су табылады деген үміт болса, тәяммум соғуды намаздың соңғы уақытына дейін кешіктіре тұрған жақсы. Егер сумен дәрет алуға шамасы келмесе немесе судың табылуына үміті болмаса, намазды кешіктірместен, тәяммум соғып, оқи береді.
2. Үлкен және кіші хәдәс халінде болған адам бір рет қана тәяммум соғады. Яғни бір тәяммум ғұсылдың да, дәреттің де орнына жүреді.
3. Тәяммум дәреттің орнына жүретіндіктен, дәретті бұзған нәрсе тәяммумді де бұзады.
4. Тәяммуммен намаз оқып болғаннан кейін су табылса, ол адамға қайта дәрет алу және намазын қайталап оқу міндет емес.

Әбу Сағид әл-Худри (Аллаһ оған разы болсын): *«Екі адам сапарға шығады. Намаздың уақыты кіргенде, олардың өздерімен бірге сулары болмайды. Сонда екеуі таза жер қыртысына тәяммум соғып, намаз оқиды. Содан кейін (намаздың) уақыты шықпай тұрып, екеуі су табады. Олардың бірі намазын және дәретін қайталайды. Екіншісі қайталамайды. Сосын Аллаһтың елшісіне (с.а.с.) келгенде, оған (с.а.с.) болған істі баяндайды. Ол (с.а.с.) қайталамаған адамға: «Сүннетке дөп түстің, намазың дұрыс», – деп, ал дәрет алып, (намазын) қайталаған адамға: «Саған екі есе сауап (беріледі)», – деді», – деген¹.*

¹ Сунән Әбу Дауд, Китәб әт-таһара, 286.

ХАЙЫЗ ЖӘНЕ НИФАС ТАРАУЫ

Аллаһ тағала әйелдердің табиғатына үш түрлі қан көруді жазған. Олар: хайыз, нифас және истихада қандары.

Хайыз

«Хайыз» сөзі араб тілінде «ағу» деген мағынаны береді.

Хайыз (етеккір) – балиғат жасқа толған әйел адамға белгілі мерзімде келетін қан. Бұл қан жүкті болған кезде немесе ауру себебінен келетін қаннан бөлек. Хайыз кезінде әйелге намаз, ораза секілді ғибадаттарды орындауға болмайды.

Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) қажылық кезінде хайыз болып қалғанда, Аллаһ елшісі (с.а.с.): *«Бұл – Аллаһтың Адамның қыздарына жазған ісі. Қажы өтейтін амалдарды өте, тек Үйге (Қағбаға) тауап жасама»*, – деп айтқан¹.

Хайыздың шарттары:

1. Балиғатқа толу. Балиғат жасына толмай жатып көрген қан хайызға жатпайды.

2. Қан жатырдан ағу керек. Тамырдан шыққан қан хайыз қанына жатпайды.

3. Босанғанда шыққан қан хайыз қанына жатпайды.

4. Хайыз қанының алдында «нисабут-туһр» болу. Туһр – араб тілінде «тазалық» деген, ал нисаб – «мөлшер» деген мағына береді. Сонда «нисабут-туһр» тіркесі қазақ тілінде «тазалық мөлшері» деген мағына береді. Яғни хайыз қаны келерден бұрын кем дегенде он бес күн таза болу керек. Осы мерзімді фақиһтер «нибасут-туһр» деп атайды. Истихада қаны да нисабут-туһрға жатады.

5. Хайыз мерзімі кем дегенде үш күн жалғасу керек.

Хайыздың мерзімі:

Хайыз қаны – қыз баланың балиғатқа толғанының белгісі. Ол балиғат жасына толғаннан бастап, бала көтере алмайтын жасқа дейін жалғасады. Хайыздың қай жастан қай жасқа дейін жалғасатынын дәл айту өте қиын. Себебі хайыз уақыты әр әйелде әртүрлі болады. Ханафи ғұламалары «шамамен тоғыз жастан бастап, елу бес жасқа дейін жалғасады» деген. Бұл, әрине, көптеген әйелдерде кездесетін құбылыс болғандықтан, осылай айтылған. Хайыздың әйелдерге ерте немесе кеш келуіне табиғи орта да өз әсерін тигізеді.

Ал әр келген хайыздың жалғасатын мерзіміне қатысты ғұламалар әртүрлі пікір ұстанған:

¹ Сахих әл-Бұхари, Китэб әл-хайд, 285.

– Ханафи мазһабында ең азы – үш күн, ең көбі – он күн. Үш күннен аз келген қан және он күннен кейін келген қан истихада қаны деп есептеледі. Ең азы үш күн, ал ең көбі он күн деген мағынаны беретін бірнеше хадистер жеткен. Бірақ ол хадистердің барлығы әлсіз деп саналады.

– Шафиғи мазһабында ең азы – толық бір күн, ең көбі – он бес күн. Бұл пікірдің де нақты дәлелі жоқ. Олар да жанама дәлелдер келтірген. **«Өмірінің жартысында намаз оқымайды»** деген хадисті әд-Даракутни дағиф, ал әл-Бәйһақи «бұл хадисті хадис кітаптарынан қанша іздесем де, таба алмадым» деген. Оған қоса әйел адам хайыз қаны тоқтағаннан кейін де ұзақ өмір сүруі мүмкін.

– Кейбір ғалымдар хайыздың аз да, көп те белгілі шегі жоқ деген пікірді қолдайды.

Хайыз қанының түрлері:

Хайыз қаны қара, қызыл, сары және топырақ түстес болып келуі мүмкін.

Туһр

«Туһр» сөзі араб тілінде «тазалық» деген мағынаны береді. Шариғат бойынша, екі хайыз арасындағы таза уақыт «туһр» деп аталады. Хайыз тоқтағаннан кейін, жатырға қойған мақта (курсуф) таза шыққанда, туһрдың мерзімі басталды деп есептеледі. Осы уақыттан бастап әйел ғұсыл алып, намаз оқуға және ораза ұстауға кіріседі.

Туһрдың ең аз мерзімі – он бес күн. Осы мерзім ішінде әйелге қан келетін болса, ол хайыз қаны емес, истихада деп есептеледі. Туһр ұзақтығының шегі жоқ. Кейбір әйелдерде бірнеше ай тіпті бірнеше жылдар бойы хайыз болмауы және кейбір әйелдерде туһр ақ су болып шығуы мүмкін.

Нифас

«Нифас» сөзі араб тілінде «босану» деген мағынаны береді. Шариғатта босанғаннан кейін келетін қанды «нифас қаны» деп атайды.

Аяғы ауыр болғаннан бастап, босанғанға дейін келетін қан истихадаға жатады. Ондай кезде дәрет алып, намаз оқиды, ораза ұстайды.

Нифастың ең көп мерзімі – ханафи мазһабында қырық күн. Ал ең аз мөлшері жоқ.

Умму Сәләмә (Аллаһ оған разы болсын): *«Нифас әйелдер Аллаһ елшісінің (с.а.с.) заманында қырық күн отыратын»*¹, – деген².

Қырық күннен асқаннан кейін қан тоқтамаса, жуынып, нифас кезінде тыйым салынған барлық ғибадаттарды орындай беру қажет.

¹ Яғни қырық күн намаз оқымайтын деген мағынада.

² Сунән әт-Тирмизи, Китәб әт-таһара, 129.

Ал егер әйел адамда нифас қаны қырық күннен ерте бітсе, ол ғұсыл құйынып, намазын оқып, оразасын ұстайды.

Истихада (үзір қан)

«Истихада» сөзі араб тілінде «ағудың жалғасуы немесе үзілмеуі» деген мағынаны береді.

Шариғат бойынша, истихада – қанның хайыз және нифас кезінен басқа уақыттарда келуі. Яғни қанның мезгілсіз келуі. Ол көбінесе ауру себебінен болып, құрсақтан емес, тамырдан ағады.

Истихадаға қатысты үкімдер:

1. Егер тоғыз жасқа (яғни балиғатқа) толмаған қызға қан келсе, ол истихада саналады.
2. Егер балиғатқа толған қызға үш күннен аз қан келіп, сосын тоқтап қалса, ол да истихада деп есептеледі.
3. Егер қанның келуі он күннен асып кетсе, оны «истихада» деп атайды. Мысалы, бір әйелге әдетте хайыз жеті күн келетін. Бір жолы он күн келіп, сосын тоқтап қалса, осы он күннің барлығы хайыз мерзімі деп есептеледі. Ал он екі күн келсе, соңғы бес күні истихада деп есептеледі де, ғұсыл алып, қаза болған бес күннің намазын оқуы керек болады.
4. Туһр кезінде келген қан истихада деп есептеледі.
5. Хайыз күндері келетін сары мен күлгін қан хайызға, ал туһр күндері келетін сары мен күлгін қан туһрға жатады.
6. Хайыздан тазалану ниетімен бір рет ғұсыл құйынады.
7. Әр намазға дәрет алады.
8. Истихада кезінде жыныстық қатынас жасауға рұқсат етіледі.
9. Истихада келген әйелге таза кездегі әйелге парыз болған ғибадаттардың барлығы парыз және таза әйелге рұқсат етілетін амалдардың барлығы оған рұқсат етіледі.

Хайыз және нифас кезінде орындауға тыйым салынатын амалдар

1. Намаз оқу. Барша ғұламалар хайыз және нифас кезінде әйел адамға намаз оқуға болмайды деген. Хайыз келген әйелге парыз, уәжіп және кез келген намаз түрін, тиләуәт сәждесін, жаназа намазын оқуға болмайды.

Айша (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһтың елиісі (с.а.с.) Фатима бинт Әбу Хубайшқа: «...Егер хайыз келсе, намазды таста...», – деді», – деген¹.*

Хайыз және нифас кезінде оқылмаған намаздардың қазасы өтелмейді.

Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) хайыз кезінде намаздың қазасы туралы сұраған әйелге: *«Аллаһ елиісінің (с.а.с.) заманында бізге хайыз*

¹ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-хайд, 295.

келетін. Сонда (намаздың) қазасын өтемейтінбіз және бізге оны өтеу бұйырылмайтын», – деп айтқан¹.

Осы мағынадағы хадис имам әл-Бұхари мен Муслимнің сахих хадистер жинақтарында да бар.

2. Ораза ұстау. Хайыз және нифас кезінде оразаның кез келген (парыз, нәпіл) түрін тұтуға болмайды. Хайыз кезінде жіберіп алған парыз оразаның қазасын басқа күндері өтейді.

Муғаззат бинт Абдуллаһ деген әйел Айша анамыздан (Аллаһ оған разы болсын): «Не үшін хайызы келген әйел оразасының қазасын өтейді, ал намазының қазасын өтемейді?» – деп сұрадым. Сонда Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын): «*Біз хайыз болатынбыз, сонда оразаның қазасын өтеуге бұйырылатынбыз, ал намаздың қазасын өтеуге бұйырылмайтынбыз*», – деп жауап берді», – деген².

3. Құран оқу. Хайыз, нифас және жүніп адамға Құран оқуға болмайды.

Ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): «*Пайғамбар (с.а.с.): «Хайызы келген және жүніп болған Құраннан еш нәрсе оқымасын», – деді*», – деген³.

Бірақ Құранды дұға ниетімен оқуға және бір істі «бисмилләмен» бастауға болады.

4. Құран кітабын ұстау. Себебі хайыз, нифас кезінде адамның дәреті болмайды. Ал Құранды дәретсіз ұстауға тыйым салынған.

5. Мешітте отыру.

Айша (Аллаһ оған разы болсын): «*Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Мен мешітті хайызға және жүніпке халал етпеймін*», – деді», – деген⁴. Тек мешіт арқылы өтуге, зәру кезде кіруге ғана рұқсат етіледі.

6. Қағбаны тауап ету.

Айша (Аллаһ оған разы болсын) қажылық кезінде хайыз болып қалғанда, Аллаһ елшісі (с.а.с.): «*Бұл – Аллаһтың Адамның қыздарына жазған ісі⁵. Қажы өтейтін амалдары орында, тек Үйге (Қағбаға) тауап жасама*», – деген⁶.

¹ Сунән Әбу Дауд, Китәб әт-таһара, 229.

² Сахих Муслим, Китәб әл-хайд, 508.

³ Сунән әт-Тирмизи, Китәб әт-таһара, 121.

⁴ Сунән Әбу Дауд, Китәб әт-таһара, 201.

⁵ Яғни Аллаһ тағала әйел адамдардың табиғатын әу бастан хайыз көретін етіп жаратқан.

⁶ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-хайд, 285.

7. Жыныстық қатынасқа түсу.

Аллаһ тағала: «(Мұхаммед!) Олар сенен хайыз жайлы сұрайды. (Оларға) «Ол – жиренішті нәрсе, хайыз кезінде әйелден аулақ болындар және тазаланғанға дейін оларға жақындамандар», – деп айт»¹, – деген.

Осы аят түскен кезде Аллаһ елшісі (с.а.с.): «*Жақындасудан басқаның бәрін істей беріңдер*», – деген².

Имам ән-Науауи: «Шафиғи: «Кім мұны істесе (яғни хайыз жағдайында жыныстық қатынас жасаса), өте үлкен күнәлардың бірін істепті», – деген», – деп жазған³.

Хайыз және нифасқа қатысты үкімдер:

1. Хайыз келгеннен бастап жас қыз балиғат жасына жетті деп есептеледі. Сол кезден бастап оған намаз оқу және т.б. барлық ғибадаттарды орындау міндеті жүктеледі.

2. Хайыз және нифас мерзімі біткеннен кейін ғұсыл алу – парыз. Етеккірі және нифасы тоқтағаннан бастап, әйел адамға намаз оқу парыз етіледі.

3. Егер түнде хайызы және нифасы тоқтап, таң атқаннан кейін күн батқанша ғұсыл алмастан ораза ұстаса, оразасы дұрыс саналады. Тек намазды жіберіп алғаны үшін күнәкар болады.

4. Егер хайызы әдетінен ерте бітсе, ғұсыл алып – намазын оқу керек. Бірақ жыныстық қатынас жасауға болмайды. Себебі етеккір қайта келуі мүмкін.

5. Хайыз және нифастан кейін ғұсыл алу жүніптіктен ғұсыл алумен бірдей.

¹ «Бақара» сүресі, 222-аят.

² Сахих Муслим, Бәб жауәзғусл әл-хайд, 720.

³ Имам ән-Науәуи. Шарх әл-муһаззаб, II том, 374-бет.

НАМАЗ КІТАБЫ

«Намаз» сөзінің лексикалық және терминдік мағынасы

Намаздың өзі араб тілінде «салаһ» деп аталады. Бұл сөз араб тілінде «дұға» деген мағынада қолданылады. Құран Кәрімде: **«Оларға дұға қыл. Өйткені сенің дұғаң – олар үшін бір тыныштық»**¹, – делінген.

Осы аяттағы «дұға» және «дұғаң» сөздері араб тілінде «салаһ» сөзімен берілген. Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.): **«Кімде-кім тамаққа шақырылса, егер аузы ашық болса, жесін, ал егер аузы берік болса** (яғни ораза ұстаған болса), **дұға етсін»**, – деген².

Намаздың шарифаттағы терминдік мағынасы: Тәкбірмен басталып, сәлеммен аяқталатын, белгілі сөздер мен қимылдардан тұратын ғибадат³.

Намаздың шарифаттағы алатын орнын, маңыздылығын, оған Құран мен хадисте қаншалықты көңіл бөлінгендігін ескерместен намаз үкімдерін үйренгенімізбен, оны өміріміздің мәні әрі ажырамас бөлігі ете алмаймыз. Сондықтан ең әуелі намаздың маңыздылығын білу керек.

Намаздың маңыздылығы

Ислам дінінің бес тірегінің бірі – намаз. Пайғамбарымыз (с.а.с.): **«Намаз – діннің тірегі»**, – деген⁴.

Намаз Ислам шарифатына дейінгі Аллаһ тағала жіберген барлық шарифаттарда болған. Бірақ ол шарифаттардағы намаз оқу үлгілерінің Ислам шарифатындағы намаз оқу үлгісінен айырмашылықтары бар еді. Ислам дінінде әрбір мұсылманның білуі тиіс маңызды міндеттер бар. Бұл міндеттерге қатысты оларды «білмегендіктен орындамадым» деген уәж қабыл етілмейді. Себебі олар Исламның негізгі шарттары болып саналады. Намаз да осы міндеттердің қатарына жатады. Сондықтан әрбір мұсылман намаздың парыз екендігін, оның қалай оқылатындығын міндетті түрде үйренуі қажет және «намаз оқуды білмеймін» деген сылтауы қабыл етілмейді.

Аллаһ тағала Құран Кәрімнің жүзден астам аяттарында намазға тоқталған. Бір аятта намаз оқы деп бұйырса, екінші аятта намаздың парыз екендігін айтады, үшінші аят намаз оқуға қызықтырса, ал келесі бір аятта

¹ «Тәубе» сүресі, 103-аят.

² Әт-Табарани, әл-Мугжәм әл-кәбир, X том, 285-бет.

³ Мұхаммед Мәжид Итр, әл-Муфассал фи әл-фикһ әл-ханафи. – Бейрут: Дәр әл-фикр әл-муъасир, 1998. 106-бет.

⁴ Осы мағынаны беретін хадисті имам әт-Тирмизи, ән-Нәсәи және Ахмад риуаят еткен.

діндегі намаздың орны туралы айтылады. Біз осы аяттардың кейбіріне тоқталып, намаздың Құрандағы алатын орнына оқырманның көңілін аударуды мақсат етіп отырмыз.

Аллаһ тағала: **«Рас, Мен – Аллаһпын. Менен басқа құдай жоқ. Сондықтан Маған құлшылық қыл. Сондай-ақ Мені еске алу үшін намазыңды толық орында»¹;**

«(Мұхаммед!) Кітаптан саған уахи етілгенді ғана оқы және намазды орында. Күдіксіз намаз арсыздықтан, жамандықтан тыяды. Әрине, Аллаһты еске алу – аса ірі нәрсе. Сондай-ақ Аллаһ не жасағандарыңды біледі»²;

«Намазды толық орындандар, зекет беріндер, сондай-ақ (Аллаһтың құзырына) иілушілермен³ бірге иіліндер»⁴;

«Сабырмен және намазбен жәрдем тілендер»⁵;

«Намаздарды, әсіресе, орта намазды сақтандар. (Намазда) Аллаһқа бойсұнған түрде тұрындар»⁶;

«Олардан (яғни пайғамбарлардан) кейін орындарына намазды қойып, нәпсілеріне ергендер келді. Олар жақында (Қияметте) адасуларының сазайын тартады»⁷;

«Намаздарын немқұрайды оқитындарға нендей өкініш!»⁸;

«Шынында, иман келтіргендер құтылды. Олар, сондай мүміндер, намаздарында іштей жалбарынады... Олар намаздарына ұқыпты. Міне, солар – мұрагерлер. Олар онда мәңгі қалатын Фирдаус жаннатына мұрагер болады»⁹, – деген.

Намаздың маңыздылығына қатысты Пайғамбардың (с.а.с.) хадистері

Намаз – Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) үмбетіне қалдырған соңғы өсиеті.

Умму Сәләмә (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһтың елшісі (с.а.с.) қайтыс боларында ауырып жатып: «Намазға және (қол астындағы) құлдарыңа (ерекше көңіл бөліндер)», – дегенді айтуға тілі келмей қалғанға дейін қайталады», – деген¹⁰.*

¹ «Таһа» сүресі, 14-аят.

² «Анкабут» сүресі, 45-аят.

³ Яғни рукуғ жасаушылармен бірге рукуғ жасаңдар.

⁴ «Бақара» сүресі, 43-аят.

⁵ «Бақара» сүресі, 45-аят.

⁶ «Бақара» сүресі, 238-аят.

⁷ «Мәриям» сүресі, 59-аят.

⁸ «Мағун» сүресі, 3-4 аяттар.

⁹ «Муминун» сүресі, 1-12 аяттар.

¹⁰ Сунән Ибн Мәжәһ, Китәб мә жә-ә фи әл-жәнәиз, 1614. Әл-Бұхари мен Муслимнің шартына сай, сахих хадис.

Ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Аллаһтың елшісі (с.а.с.): «Ислам бес нәрсенің (негізінде) құралды: Аллаһтан басқа құдай жоқ, Мұхаммед Оның елшісі деген куәлік, намаз оқу, зекет беру, қажылық жасау және рамазан айында ораза ұстау», – деді», – деген¹.*

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісінің (с.а.с.): «Қиямет күні пенденің ең алғашқы есепке алынатын ісі – намазы. Егер намазы дұрыс болса, құтылады және (сынақтан) өтеді. Ал егер бұрыс болса, қор болады және ұтылады. Егер парыз (намазынан) бір нәрсе кем болса, даңқты әрі ұлы Раббы: «Оның парызынан кем болғанын толықтыратын нәпіл амалы бар ма?» – дейді². Сосын басқа амалдары осылай есептеледі³», – дегенін естідім», – деген⁴.*

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһтың елшісі (с.а.с.): «Біреулеріңнің есігінің алдында күніне бес рет шомылатын өзен болса, оның денесіндегі кірден бір нәрсе қала ма?» – деді. Олар (сахабалар): «Оның денесінде кірден еш нәрсе қалмайды», – деді. Ол (с.а.с.): «Бес уақыт намаздың мысалы сол сияқты. Аллаһ онымен күнәларды кешіреді», – деді», – деген⁵.*

Әнәс ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.): «Мүмін намазда тұрғанда Раббысымен тілдесіп тұрады», – деді», – деп айтқан⁶.*

Абдуллаһ ибн Амр (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.) бір күні намаз туралы: «Кімде-кім оған ұқыпты болса, Қиямет күні оған (намазы) нұр, айғақ және (оттан) құтқарушы болады. Ал кім оған ұқыпты болмаса, Қиямет күні ол адамға нұр да, айғақ та, құтқарушы да болмайды. Ол Қиямет күні Қарун, Перғауын, Һәмән және Убәй ибн Халәфпен⁷ бірге болады», – деді», – деген⁸.*

Убада ибн әс-Самит (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісінің (с.а.с.): «Аллаһ бес намазды құлдарына міндеттеді. Кімде-кім осылардың*

¹ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-иман, 8. Сахих Муслим, Бәб қәул ән-нәби буния әл-ислам ..., 120.

² Нәпіл намаздары арқылы парыздан кемшін болғаны толықтырылады.

³ Яғни орындалмай қалған парыз амалдардың орны нәпілдермен толықтырылады.

⁴ Сунән әт-Тирмизи, Китәб әс-салаһ, 378. Әт-Тирмизи хасан хадис деген.

⁵ Сахих әл-Бұхари, Бәб әс-Салауат әл-хамс каффаратун ..., 505. Сахих Муслим, Бәб әл-мәши илә әс-саләһ, 667.

⁶ Сахих әл-Бұхари, Китәб әс-салаһ, 396.

⁷ Осы хадисте аты аталған адамдар бұл дүниеде Аллаһтан кеңшілік, байлық берілгендер еді. Бірақ олар Аллаһқа құлшылық істеуден бас тартқан. Намазын тастағандар Ақыретте солармен бірге болады. Ғұламалар: «Адамға намазына ұқыпты болуға байлығы, патшалығы, басшылығы немесе саудасы кедергі келтіруі мүмкін. Байлығы кедергі келтірген Қарунмен бірге, патшалығы кедергі келтірген Перғауынмен, басшылығы және уәзірлігі кедергі келтірген Һәмәнмен, саудасы кедергі келтірген Убәй ибн Халәфпен бірге болады», – деген.

⁸ Муснәд Ахмад, Китәб муснәд әл-муksирин, 6288. Сунән әд-Дәримиде, Китәб әр-рикақ, 2605.

ақысына немқұрайдылықпен қарамай, еш нәрсесін тастамастан орындаса, оған Аллаһтың жаннатқа кіргіземін деген уәдесі бар. Ал кімде-кім оларды орындамаса, онда оған Аллаһтан еш уәде жоқ. Қаласа, азаптайды, қаласа – жаннатқа кіргізеді», – дегенін естідім», – деген¹.

Бұдан намаз оқымаса да, Аллаһ азаптамайды деген жаңсақ пікір туындамауы керек. Оған Аллаһ тағаланың адамға міндеттеген намаз және өзге де парыз амалдарды орындамағандарды азаптайтындығы туралы басқа хадистерде де көптеп айтылған.

Намаз оқу кімге парыз?

Намаз оқу – балиғат жасына толған, ақыл-есі дұрыс әрбір мұсылманға парыз. Яғни намаз парыз болу үшін адамның бойынан төмендегі сипаттар табылуы қажет:

1. Мұсылман болуы. Мұсылман – Аллаһ тағаладан басқа құлшылық етуге лайықты құдай жоқ және Мұхаммед Аллаһтың елшісі екендігіне куәлік беріп, шын жүрегімен сенген адам.

2. Ақыл-есінің дұрыс болуы. Кейбір істерінде жаман қылықтар жасағанымен, жақсы мен жаманды, дұрыс пен бұрысты ажырата алатын адам. Яғни оң мен солды ажырата алатын адам болуы керек.

3. Балиғат жасына толуы. Ер бала ихтиләм арқылы, қыз бала хайыз қанын көрумен балиғатқа толған болып саналады. Егер ихтиләм болмаса және етеккір келмесе, ер балаға да, қыз балаға да һижра жыл санауы бойынша он бес жасынан бастап намаз оқу парыз болады².

Айша (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.): «Үш түрлі адамнан: ұйықтап жатқан оянганша, сәби ихтиләм етпейінше және жынды ақылына келмейінше қалам көтерілді³», – деді», – деген⁴.*

Сәбидің намазы

Жеті жастан асқан сәбидің оқыған намазы қабыл етіледі және оқыған намазының сауабын алады. Сол сияқты оның істеген барлық жақсы амалдарына сауап жазылады. Жеті жасқа келген сәбидің ата-анасы оған намаз оқуды үйретіп, әдеттендіруі керек. Бұл – Ислам тәрбиесіндегі аса маңызды іс. Өйткені Пайғамбар (с.а.с.): *«Сәбилерің жеті жасқа келгенде,*

¹ Сунән ән-Нәсәи, Китәб әс-салаһ, 457. Бұл хадисті имам Ахмад пен Мәлик те риуаят еткен, хасан хадис.

² Әл-Муфассал фи әл-фиқһ әл-ханафи, 107-бет.

³ Яғни мойындарынан міндет түсті.

⁴ Муснәд Ахмад, Китәб бәқи муснәд әл-ансар, 23553. Осы мағынадағы хадисті әл-Бұхари да риуаят еткен.

намаз оқуға бұйырыңдар. Оңға келгенде намаз оқымаса, ұрыңдар және жататын жерлерін бөлектеңдер», – деген¹.

Яғни жеті жасқа толған сәбиге намаз оқуды үйрету керек, бірақ оған бес уақыт намаз оқуды міндеттеу парыз емес. Он жасқа толғаннан кейін баланың намазды толық орындағанын қадағалап, орындамаған жағдайда, жаза қолдану қажет. Бірақ сәби намазды жек көріп кетпеуі үшін зала келтіретіндей ұруға болмайды. Керісінше, сәби намазды өзі қалап орындайтындай етіп тәрбиелеу қажет. Оңға толғаннан кейін балаларды бір төсекке жатқызуға болмайды. Оларды жеке-жеке төсекке жатқызады.

Намаздың үкімі

Аллаһ ризалығы үшін риясыз намаз оқыған адам бұл дүниеде мойнына жүктелген міндеттерден құтылып, Ақыретте орындаған намаздарының сауабын алады және оқыған намаздары оның жаннатқа кіруіне себепші болады. Ал бұл дүниеде намаз оқымаған кісі мойнына жүктелген міндетті орындамағаны үшін Ақыретте жауапқа тартылып, ауыр азапқа ұшырайды.

Намаздың парыз екендігін жоққа шығарып, оны біле тұра, мойындамаған адам, барлық мазһабтардағы ғалымдардың ортақ пікірі бойынша, Ислам дінінен шығады. Ондай адам қайтыс болғанда, шарифатқа сай жуылмайды, кебінделмейді, оған жаназа намазы оқылмайды және мұсылмандардың қорымына жерленбейді. Себебі ол адам дінде белгілі, Құранның жүздеген аяттарында және Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) мыңдаған хадистерінде келген намаз оқудың парыз екендігін жоққа шығарған саналады. Ал Құранның бір аятын жоққа шығару оны толығымен мойындамағанмен пара-пар.

Ал егер намаздың парыз екендігін мойындағанымен, біле тұра, жалқауланып немесе ерініп намаз оқымаған адам туралы ғалымдар арасында екі түрлі пікір бар. Ханафи, мәлики және шафиғи мазһабтарында ондай адам діннен шықпайды, бірақ өте үлкен күнә жасаған болып есептеледі де, оны пасық, күнәкар деп атайды. Ол адам міндетті түрде тәубе етуі керек. Ханафи мазһабы бойынша, ол адам намаз оқуын жалғастырмаса, намаз оқығанға дейін түрмеге қамалып азапталады, бірақ өлтірілмейді. Егер райынан қайтпаса, өлгенше түрмеде жатады. Оның дәлелдері:

Абдуллаһ ибн Масғуд (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елиісі (с.а.с.): «Аллаһтан басқа құдайдың жоқтығына және менің Аллаһтың елиісі екеніме куәлік берген адамның қанын тек үш жағдайда төгуге болады: жанға жан (яғни адам өлтірсе), үйленген адам зина жасаса және дінді тастап, жасағаттан бөлінсе»,* – деді», – деген².

Яғни тек қана намаз оқымағаны үшін оны өлтіруге болмайды.

¹ Сунән Әбу Дауд, Китәб әс-салаһ, 418.

² Сахих әл-Бұхари, Бәб қаул Аллаһ тағала ..., 6878. Сахих Муслим, Бәб мә юбәху биһи дәм әл-муслим, 4468.

Аллаһ елшісі (с.а.с.): *«Расында, Аллаһ Аллаһтың ризашылығын қалап «Лә иләһә иллаллаһ» деп айтқан адамды отқа (тозаққа) харам етті»*, – деген¹.

Усама ибн Зәйд есімді бір сахаба соғыста қашып бара жатқан жауды өлтірейін деп жатқанда, оның «Лә иләһә иллаллаһ» деп айтқанын естиді. Соған қарамастан Усама оны найзамен өлтіреді. Кейін бұл оқиғаны Пайғамбар (с.а.с.) естіген кезде, ол (с.а.с.): *«Ей, Усама! Ол «Лә иләһә иллаллаһ» дегеннен кейін өлтірдің бе!?»* – дейді. Мен (Усама): *«Ол оны құтылу үшін ғана айтты»*, – дедім. Сонда (Пайғамбардың (с.а.с.)) *оны маған қайталай бергені сонша, мен «Шіркін, сол күнге дейін Ислам дінін қабылдамағанымда гой» деп тіледім*, – деген².

Мәлики мен шафиғи мазһабтарында себепсіз намаз оқымаған адамды тәубе жасауға шақырады, айтқанға көнбесе, шарифат жазасы ретінде өлтіріледі. Яғни ол адам кәпір емес, сондықтан оның жаназасы шығарылып, мұсылмандармен бірге көміледі. Олар:

Аллаһ тағаланың: *«Егер тәубе етіп, намаз оқып, зекет берсе, оларды қоя бер. Расында, Аллаһ өте Кешірімді және аса Рақымды»*³, – деген аяты мен Ибн Омардан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) риуаят етілген Пайғамбарымыздың (с.а.с.): *«Маған адамдар Аллаһтан басқа құдай жоқ, Мұхаммед Оның елшісі екендігіне куәлік бергенінше, намаз оқығанынша, зекет бергенінше (олармен) соғысу міндеттелді. Егер осыларды орындаса, олардың қандары мен байлықтары менен аман болады. Тек қана Ислам хақымен ғана (ала аламын). Және олардың есебі Аллаһта»*, – деген хадисіне сүйенген⁴.

Яғни бұл аят пен хадисті «намазды ерініп тастаған кісі діннен шықпайды, бірақ шарифат заңын бұзған қылмыскер ретінде өлтіріледі» деген мағына шығады деп талдаған.

Ханбали мазһабында «намазды жалқауланып оқымаған адам діннен шығады және оны кәпір ретінде өлтіру керек» делінген. Ондай адам қайтыс болғанда, шарифатқа сай жуылмайды, кебінделмейді, жаназа намазы оқылмайды және мұсылмандардың қорымына жерленбейді. Олар Аллаһ тағаланың: *«Егер тәубеге келіп, намаз оқыса, онда діндегі бауырларың»*⁵ деген аятын дәлел ретінде келтірген.

Яғни «тәубеге келіп, намаз оқымаған адам сендердің бауырларың емес» деген мағынаға саяды.

¹ Сахих әл-Бұхари, Бәб әл-мәсәжид, 415. Сахих Муслим, Бәб әр-рухса фи әт-тәхәллүф, 1528.

² Сахих әл-Бұхари, Бәб бәғәсә ән-нәби ..., 4021. Сахих Муслим, Бәб тахрим қатл әл-кафир ..., 288.

³ «Тәубе» сүресі, 5-аят.

⁴ Сахих әл-Бұхари, Бәб фәин тәбу ..., 25. Сахих Муслим, Бәб әл-амр биқатл ән-нәс ..., 133.

⁵ «Тәубе» сүресі, 11-аят.

Жәбир (Аллаһ оған разы болсын): «*Пайғамбардың (с.а.с.): «Адам мен ширк және күпірдің арасында намазды тастау (тұр)», – дегенін естідім»,* – деп айтқан¹. Бұл хадисті «намазды тастаған адам мұсылман емес» деген мағынада түсінуге болады.

Бұрайда (Аллаһ оған разы болсын): «*Аллаһтың елшісі (с.а.с.): «Біз бен олардың арасындағы келісім – намаз. Кімде-кім оны тастаса, күпірлік жасайды», – деді»,* – деген².

Ханбали мазһабын ұстанатын ғалымдардың жоғарыда келтірген хадистерін ғалымдардың көпшілігі намаздың парыз екендігін мойындамаған адам туралы айтылған деп түсіндіреді. Олар намазды ерініп тастаған адамды кәпір демегенімен, ол адамның Ақыреті жаман болады деп санайды. Өйткені намазына берік болмаған адам сеніміне де берік болмайды. Ал намаз мұсылманның күпірліктен қорғайтын сауыты болып табылады³.

Намаздың түрлері

Намаздың үш түрі бар. Олар:

1. Парыз намазы. Ол «парыз кифая» және «парыз айн» деп екіге бөлінеді.

– Парыз айн: әрбір мұсылман оқуға міндетті, күнделікті бес уақыт намаз бен жұма намазы.

– Парыз кифая: жалпы мұсылмандарға міндетті болған, бірақ араларынан бір адам орындаса, қалғандарының мойнынан жауапкершілігі түсетін намаздар. Егер бұл намазды ешкім орындамаса, мұсылмандардың барлығы бірдей күнәкар саналады. Ол – жаназа намазы.

2. Уәжіп намазы. Оны орындауды талап ету парыз намазынан төмен, сүннет намазынан жоғары тұрады. Бұған үтір және аяқталмай жатып бұзып алған нәпіл намаздарының қазасын өтеу жатады⁴.

3. Сүннет намазы. Ол сунна муәккәдә (ратибә) және сунна ғайр муәккәдә (мустахабба, мандуба) деп екіге бөлінеді. Оны қазақ тілінде бекітілген және бекітілмеген сүннет деп те атайды.

Намаз уақыттары

Аллаһ тағаланың құлдарына күнделікті орындалатын парыз еткен намаздың саны – бесеу. Олар: таң (фажр, бамдат), бесін (зуһр), екінті (аср,

¹ Сахих Муслим, Китәб әл-имән, 116.

² Сунән әт-Тирмизи, Китәб әл-имән, 2545. Әт-Тирмизи хасан сахих ғариб хадис деген.

³ Намаз оқымаған адамның үкімі туралы бұл мағлұматтарды «әл-Фикһ әл-ханафи фи сәубиһи әл-жәдид» (I том, 173-174-беттер) және «Ислам ғылымхалы» (95-99 беттер) атты фикһ кітаптарынан алдық.

⁴ Басқа мазһабтарда үтір намазын бекітілген сүннет дейді.

намаздыгер), шам (мағриб, ақшам, намазшам) және құптан (иша, жашиық) намаздары. Бұл намаздардың әрқайсысының оқылатын бекітілген уақыты бар. Себебі Аллаһ тағала Құранда: **«Расында, намаз мүміндерге уақыты белгіленген міндет болды»¹**, – деген.

Яғни мұсылмандар намазды белгілі уақыттарда орындауы тиіс. Құрандағы бес уақыт намазға Абдуллаһ ибн Аббастан жеткен мына риуаят дәлел:

Әбу Разин: «Нәфиг ибн әл-Әзрақ Ибн Аббасқа (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) келіп: «Бес уақыт намаз Құранда (бар) ма?» – деп сұрады. Ол (Ибн Аббас): *«Иә»*, – деп, **«Кеш батарда...»² шам намазы, «таң атарда» таң намазы «...және кешкілік»³ екінті намазы, «және түс кезінде» бесін намазы** (деп осы аяттарды) оқыды және **«құптан намазынан кейін ...»⁴** деген аятты оқыды», – деп айтқан⁵.

Намаздың уақыттарын Пайғамбарға (с.а.с.) Жәбірейіл періштенің өзі үйреткен. Ол туралы сахих хадис бар. Намаздың уақыттары негізінен осы хадистен алынған. Имам әл-Бұхари бұл хадисті осы тараудағы, яғни намаз уақыты тарауындағы ең сахих хадис деген⁶.

Ибн Аббас (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Аллаһтың елиісі (с.а.с.): «Жәбірейіл (аләйһис-сәләм) Үйде (яғни Қағбада) маған екі рет (яғни екі күн) имам болып намаз оқыды. Бесін намазын күн тас төбеден ауған кезде оқыды, ол (көлеңке) аяқкиім бауының мөлшеріндей еді. Екінті намазын көлеңке өзі секілді (яғни көлеңкенің ұзындығы) болғанда оқыды. Шам намазын ораза ұстаған адам ауыз ашатын уақытта оқыды. Құптан намазын шапақ кеткенде оқыды. Таң намазын ораза ұстаушыға тамақ ішіп-жеу тыйым салынған уақытта оқыды. Ертесіне бесін намазын көлеңкесі өзіндей болғанда оқыды. Екінті намазын көлеңкесі екі есе болғанда оқыды. Шам намазын ораза ұстаған адам ауыз ашатын уақытта оқыды. Құптан намазын түннің үштен бір бөлігінде оқыды. Таң намазын таң жарық болғанда оқыды. Одан кейін маған бұрылып: «Ей, Мұхаммед! Бұл – саған дейінгі пайғамбарлардың уақыты, ол осы екі уақыт арасындағы уақыт», – деді», – деген», – деп риуаят етеді⁷.*

Әбу Мұса (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбарға бір кісі келіп, намаз уақыты туралы сұрады. Пайғамбар оған жауап қатпады»⁸*. (Кейін) таң енді енді атып, адамдар бір-бірін зорға ажырататын уақытта таң намазын

¹ «Ниса» сүресі, 103-аят.

² «Рум» сүресі, 17-аят.

³ «Рум» сүресі, 18-аят.

⁴ «Нур» сүресі, 58-аят.

⁵ Әл-Хақим ән-Найсабури. әл-Мустадрак, VIII том, 200-бет. Әл-Хақим: «Әл-Бұхари мен Муслим риуаят етпеген иснәді сахих хадис», – деген. Бұл хадисті имам әл-Бәйһақи де риуаят еткен.

⁶ Әл-Муфассал фи әл-фиқһ әл-ханафи, 112-бет.

⁷ Сунән Әбу Дауд, Китәб әс-салаһ, 332. Сунән әт-Тирмизи, Китәб әс-салаһ, 138.

⁸ Яғни оған намаз уақыттарын сөзбен емес, іспен көрсеткісі келді.

оқыды. Одан кейін күн дәл төбеден ауғанда, оған (Біләлға) бесін намазына қамат айтуға әмір берді. Біреулер күн жаңа ғана дәл төбеге келді дер еді. Ал ол (с.а.с.) мұны (күннің тас төбеге келгенін) олардан жақсырақ білетінді. Сосын күн әлі жоғарыда тұрғанда, екінті намазына қамат айтуға бұйырды. Кейін күн батқан кезде, шам намазына қамат айтуға бұйырды. Содан кейін күннің қызыл шуағы жоғалғанда құптан намазына қамат айтуға бұйырды. Келесі күннің таң намазын кешіктіріп оқыды. Біреулер күн шықты немесе күн шығайын деп қалды дер еді. Одан кейін бесін намазын кешіктіріп кешегі екінті намазының уақытына жақын қалғанда оқыды. Содан соң екінті намазын кешіктіріп оқыды, біреулер күн қызарды дер еді. Одан кейін шапақ тарқаған уақытта шам намазын кешіктіріп оқыды. Ал құптан намазын кешіктіріп алғашқы түннің (соңғы) үштен бірі болғанда оқыды. Одан кейін (намаз уақыты туралы) сұраушыны шақырып: «**Уақыт – осы екеуінің арасы**»¹, – деді», – деп айтқан.

Екінші риуаятта: «Екінші күні шам намазын шапақ жоғалмастан бұрын оқыды», – делінген².

Жәбир ибн Абдуллаһ (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): «*Пайғамбар (с.а.с.) бесін намазын күн тас төбеден ауған кезде, екінті намазын күн тірі³ тірі³ немесе таза кезде, шам намазын күн түскен (яғни батқан) кезде және құптан намазын асықтырып не кешіктіріп оқитын. Егер адамдар жиналса, тездетіп (құптан намазын) оқитын, ал егер адамдар кешіксе, кешіктіріп оқитын. Таң намазын түннің қараңғылығы тарқалмай жатып оқитын*», – деген⁴.

Осы үш хадиспен мағыналас басқа да көптеген хадистер бар. Біз енді әр намаздың уақытына кеңінен тоқталамыз.

Таң намазының уақыты

Таң намазының уақыты – күн сәулесінің таң ата көлденең бағытта жарқырай бастағанынан күн шеңберінің көкжиектен қылаң беруі аралығы. Ғұламалар таңның атуына байланысты екі сәуле туады дейді. Оның алғашқысы: «фәжр кәзиб» (жалған таң ату) және екіншісі: «фәжр садик» (шынайы таң ату). Фәжр кәзиб кезінде күннің сәулесі түн жамылып, көкжиектен тік жоғары қарай бір сызық ретінде көрінеді де, біраз уақыттан кейін ғайып болады. Бұл уақыт түн мезгілі деп есептеледі. Сондықтан бұл уақытта түнгі намазды оқуға, сәресі ішуге болады, ал таң намазын оқуға болмайды. Фәжр садик кезінде күн сәулесі көкжиектен тік ұзын сызық емес,

¹ Яғни бірінші күні және екінші күні бір намазды екі уақытта оқыған, сосын сол екі уақыттың алғашқысының намаздың кірген уақыты, ал екіншісінің шыққан уақыты екендігін көрсеткен.

² Сахих Муслим, Китәб әл-мәсәжид, 971. Сунән Әбу Дауд, Китәб әс-салаһ, 334.

³ Яғни түсі өзгермеген және ыстығы қайтпаған.

⁴ Сунән әд-Дәрімиде, Китәб әс-салаһ, 1161, сахих хадис.

жалпағынан көлденең бағытта көрінеді. Бұл – таң атқандығының белгісі. Бұл уақытта сәресі ішуге болмайды, түнгі намаз оқылмайды және таң намазының уақыты кірді деп есептеледі. Фәжр кәзиб пен фәжр садиктың арасы шамамен он екі минут деп саналады¹.

Ибн Аббастан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын), Аллаһ елшісі (с.а.с.): **«Таң екеу: тамақ харам және (таң) намазы халал болатын таң, (таң) намазы харам және тамақ халал болатын таң»**, – деген².

Жәбир ибн Абдуллаһ (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): **«Аллаһтың елшісі (с.а.с.) таң намазын таңның атқаны оған (с.а.с.) анық болғанда оқыды»**, – деген³.

Махмуд ибн Ләбид өз қауымы ансарлықтардан (сахабалардан): **«Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Таң намазын (айнала) жарық болғанда оқыңдар, өйткені оның сауабы көбірек»**, – деді», – деген⁴.

Рафиғ ибн Хадиж (Аллаһ оған разы болсын): **«Аллаһ елшісінің (с.а.с.): «Таң намазын жарық болғанда оқыңдар, өйткені оның сауабы көбірек»**, – дегенін естідім», – деген⁵.

Таң намазын айнала анық көрінетіндей уақытта оқыған абзал. Себебі бұл уақытта таң намазының уақыты кіргендігіне еш күмән қалмайды.

Бір ғалымдар бұл хадисті таң намазын ұзақ оқыңдар, оны оқып бітіргенде айнала айқын көрінетіндей болсын деп түсіндірген.

Бірақ кейбір ғалымдар бұл ай жарық болатын түнгі таңдарға қатысты деп санайды. Ай жарық түндері таңның алғашқы атқан уақыты анық білінбейді, сондықтан таңның атқандығына күмән болмаған кезде оқыған абзал дейді. Бұл пікірді ханафи мазһабындағы ғалымдардан әт-Тахауи қолдайды⁶.

Тағы бір хадисте: Айша (Аллаһ оған разы болсын): **«Мүмін әйелдер жүннен тоқылған киімдерін оранып, Аллаһ елшісімен (с.а.с.) бірге таң намазын оқитын. Намаз біткеннен кейін үйлеріне қайтатын, олардың кім екендері түннің соңғы қараңғылығынан білінбейтін»**, – деген⁷.

Бұл хадис Пайғамбардың (с.а.с.) таң намазын қараңғылық тарқамай жатып оқығандығына және жамағат намазына әйел адамдардың да қатысатындығына дәлел болады. Ханбали мазһабында осы хадиске сүйеніп, таң намазын таң жаңадан атып келе жатқан кезде оқыған абзал деп есептелді.

¹ Әл-Фикһ әл-ханафи фи сәубиһи әл-жәдид, I том, 381-бет.

² Әл-Мустадрәк, II том, 190-бет. Әл-Хаким: «Бұл – имам әл-Бұхари мен Муслимнің шартына сай сахих хадис», – деген. Бұл хадисті имам әл-Бәйһәки де риуаят еткен.

³ Сунән ән-Нәсәи, Китәб әл-мауәқит, 540.

⁴ Сунән ән-Нәсәи, Китәб әл-мауәқит, 546.

⁵ Сунән әт-Тирмизи, Китәб әс-салаһ, 142. Әт-Тирмизи: «Хасан сахих хадис», – деген.

⁶ Әл-Фикһ әл-ханафи уә әдилләтуһ, I том, 122-бет.

⁷ Сахих әл-Бұхари, Китәб мауәқит әс-салаһ, 544.

Бесін намазының уақыты

Бесін намазы күн тас төбеден ауғаннан бастап, әр заттың көлеңкесі күн тас төбеде тұрған кездегі көлеңкесін алып тастағанда, өз бойынан бір есе болғанға дейін жалғасады. Күн тас төбеде тұрған кезде болатын көлеңкені фақиһ ғалымдар «фай» деп атайды. Бесін намазының шығатын уақытына байланысты ғалымдар арасында екі түрлі пікір қалыптасқан:

1. Әбу Ханифаның пікірінше, бесін намазының уақыты әр заттың көлеңкесі күн тас төбеде тұрғанда болатын көлеңкені қоспағанда, екі есе болғанға дейін жалғасады.

2. Әбу Ханифаның шәкірттері Әбу Юсуф, Мұхаммед, Зуфардың және қалған үш мазһаб ғалымдарының пікірінше, әр заттың көлеңкесі күн тас төбеде тұрған кездегі көлеңкесін алып тастағанда, өз бойынан бір есе болғанға дейін жалғасады. Ханафи мазһабында осы пікірмен амал жасалып, пәтуа беріледі. Имам әт-Тахауи: «Осымен (яғни көлеңке бір есе болғанымен) амал етеміз. Өйткені Жәбірейілдің хадисінде бұл анық айтылған және ол – осы тараудағы ең басты хадис. Мұнымен қазіргі кездегі адамдар амал етеді және пәтуа беріледі», – деген¹.

Бірақ мойынға жүктелген парызды өтеу үшін имамның (Әбу Ханифаның) пікірі ықтияттылау болады. Себебі намазды уақыты кірмей жатып оқыған дұрыс емес, ал намаздың уақыты шыққаннан кейін оқылған намаз дұрыс деп есептеледі әрі екінті намазын екі көлеңкеге кешіктіріп оқу, барлық мазһабтардың пікірінше, қате емес. Намазды уақытынан бұрын не кеш оқымас үшін сақтық ретінде бесін намазын көлеңке бір есеге жетпей жатып, ал екінті намазын көлеңке екі есе ұзарғанда оқу намаздың уақытына қатысты ешқандай күдік тудырмайды².

Сайяр ибн Сәләмә: «Әкеміз екеуіміз Әбу Барза әл-Әсләмиге кіріп, одан намаз уақыттарын сұрадық. Ол: *«Пайғамбар (с.а.с.) бесін намазын күн тас төбеден ауғанда, екінті намазын бір адам Мәдина қаласының ең шеткі жағынан келген кезде, күн әлі тірі (яғни ыстығы қайтпаған) кезде оқитын»*, – деді. Шам намазына қатысты не айтқанын ұмытып қалдым. *«Құптан намазын түннің соңғы үштен бір бөлігіне дейін кешіктіріп оқығанға көңіл бөлмейтін әрі одан бұрын ұйықтағанды және одан кейінгі әңгімені ұнатпайтын. Таң намазын бір адам жанындағы адамды танитын кезде оқитын. Екі ракағатта немесе бір ракағатта алтыс пен жүздің (яғни аят) арасында оқитын»*, – деді», – деген³.

Бесін намазын күн салқын кездері ерте, ал күн ыстық кездері кеш оқыған мустахаб саналады.

¹ Әл-Фикһ әл-ханафи уа әдилләтуһ, I том, 123-бет.

² Әл-Фикһ әл-ханафи уа әдилләтуһ, I том, 123-бет.

³ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-әзән, 729.

Әнәс ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) егер ыстық болса, намазды салқындатып (яғни күннің ыстығы қайтқанда), ал салқын болса, ерте оқитын»*, – деп айтқан¹.

Әбу Һурайра және Абдуллаһ ибн Омар (Аллаһ оларға разы болсын): *«Аллаһтың елшісі (с.а.с.): «Егер ыстық күшейсе, намазды күн салқындағанша кешіктіріңдер. Өйткені қатты ыстық жаһаннамның жалынынан»*, – деді», – деген².

Жаздың күндері күн ыстық кезде бесін намазын күннің ыстығы қайтқан уақытқа дейін кешіктіру және қыстың күндері намаз уақыты кірген алғашқы уақытта оқыған абзал. Бұл, әсіресе, күн ыстық болатын аймақтарда қатты байқалады. Күннің ыстығынан ми айналатын кезде мешітке барып, намаз оқу адамдарға ауыр тиетіндіктен, ыстық қайтқан кезде мешітке жиналып, намаз оқу жеңілрек келеді. Бұл да – Аллаһтың пенделеріне жасаған мейірімділігінің бір көрінісі.

Екінті намазының уақыты

Екінті намазының уақыты бесін намазы аяқталғаннан кейін басталып, күн толық батқанға дейін созылады. Ал бесін намазының қай уақытта аяқталатындығына қатысты ғұламалардың пікірлері жоғарыда айтылды. Әбу Юсуф пен Мұхаммед өздерінің пікіріне Әнәс ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен: *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) екінті намазын күн көтеріліп, тірі³ кезінде оқитын. Ол кезде біреу Ауәлиге⁴ барып қайтқанда, күн әлі көтеріңкі тұратын»⁵*, – деген хадисті дәлел етеді.

Тек күн бұлтты не тұманды болып, көлеңкені анықтай алмаса, сәл кешіктіріп, шығыс жақтан қараңғылықтың түсе бастаған мезгілінде оқу керек. Бірақ көп кешіктіруге болмайды, себебі намаз оқу мәкруһ саналатын уақыттың басталып кетуі мүмкін.

Екінті намазын күннің батуына таяу қалғанға дейін себепсіз кешіктіруге тыйым салынған.

Алә ибн Абдур-Рахман Басрада бесін намазынан тарқаған кезде Әнәс ибн Мәликтің үйіне кіреді. Оның үйі мешіттің жанында болатын, оған кірген кезде, ол: *«Екінтіні оқыдыңдар ма?»* – деп сұрады. Біз оған: *«Енді ғана бесіннен шықтық қой»*, – деп жауап бердік. Ол: *«Екінтіні оқыңдар»*, – деді. Біз (екінті) намазын оқыдық. Намаз оқып болғаннан кейін ол: *«Аллаһ елшісінің (с.а.с.): «Ол⁶ мұнафықтың намазы, күнді бақылап отырады да,*

¹ Сунән ән-Нәсәи, Китәб әл-мауәқит, 495, хасан хадис.

² Сахих әл-Бұхари, Китәб мауәқит әс-салаһ, 502.

³ Яғни түсі өзгермеген, ыстығы қайтпаған кез.

⁴ Мәдинаның маңындағы ауылдың аты. Қазіргі кезде ол Мәдина қаласына қосылып кеткен.

⁵ Сахих әл-Бұхари, Китәб мауәқит әс-салаһ, 517.

⁶ Яғни екінті намазын кешіктіріп оқу.

шайтанның екі мүйізінің арасында болған кезде орнынан тұрып, Аллаһты азғана еске алып, төрт шоқиды»¹, – дегенін естідім», – деп айтқан².

Абдуллаһ ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Аллаһтың елшісі (с.а.с.): «Екінті намазын жіберіп алған адам отбасы мен байлығынан айырылған секілді», – деді», – деген³.*

Шам намазының уақыты

Шам намазының уақыты күннің толық батуынан басталып шапақтың кетуіне дейін жалғасады. Шапақ – күн батқаннан кейін қалатын күннің шуағы. Әбу Ханифа мазһабында күн батқаннан кейінгі жағдайды үшке бөледі: қызыл шапақ, ақ шапақ және қараңғылық. Шам намазының аяқталу уақытына қатысты ғалымдардың пікірлері бірдей емес.

1. Әбу Ханифадан жеткен бір риуаятта «шапақ – күн батқаннан кейінгі қалған ақ шуақ» деген пікір айтылады.

2. Әбу Ханифаның шәкірттері Әбу Юсуф, Мұхаммед және қалған үш мазһаб ғалымдарының пікірінше, шапақ – күннің батқаннан кейінгі қалған қызыл шуағы. Әбу Ханифадан жеткен екінші риуаятта ол осы пікірді айтқан. Кейбір ғалымдар Әбу Ханифа сахабалардың көпшілігінен жеткен риуаяттарда шапақты күннің қызыл шуағы деп айтылғандықтан, алғашқы сөзінен қайтып, көпшіліктің пікіріне қосылған деген. Ханафи мазһабында осы көпшіліктің пікірімен пәтуа беріледі⁴.

Жалпы, шам намазын асықтырып, уақыт кіре салысымен оқу – сүннет. Жаздың жарық түндері күннің қызыл шапағы кетпесе де, аспанда жұлдыз пайда бола бастайды. Шам намазын себепсіз осы уақытқа дейін кешіктіру – мәкруһ. Шам намазын уақыты кіре салысымен оқуға қатысты хадистер көп әрі Жәбірейіл періштенің Пайғамбарға (с.а.с.) намаздың уақыттарын үйреткені баяндалған хадисте ол (с.а.с.) шам намазын екі күнде де бір уақытта оқыған.

Сәләмә (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбармен (с.а.с.) бірге шамды күн батқанда оқитынбыз», – деген⁵.*

Рафиғ ибн Хадиж (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбармен (с.а.с.) бірге шам намазын оқитынбыз. (Намазды) оқып болғанда, әрқайсымыз (атқан) жебесінің түскен жерін көретін», – деп айтқан⁶.*

¹ Яғни құс секілді басын жерге қояр-қоймастан, қайта көтереді.

² Сахих Муслим, Китәб әл-мәсәжид, 987.

³ Сахих әл-Бұхари, Китәб мауакит әс-салаһ, 519. Сахих Муслим, Китәб әл-мәсәжид, 991.

⁴ Әл-Фикһ әл-ханафи уа әдилләтуһ, I том, 126-бет.

⁵ Сахих әл-Бұхари, Китәб мауакит әс-салаһ, 528.

⁶ Сахих әл-Бұхари, Бәб уақт әл-мағриб, 534. Сахих Муслим, Бәб әл-мәсәжид, 637.

Осы хадистер шам намазын күн бата салысымен оқудың сүннет екендігіне дәлел болады.

Құптан намазының уақыты

Құптан намазының уақыты шам намазының аяқталуымен басталады. Шам намазы уақытының қашан аяқталатындығына қатысты ғұламалардың пікірлері жоғарыда айтылды. Құптан намазының уақыты таң атқанға (фәжр садикқа) дейін жалғасады.

Жәбірейілдің (алайһис сәләм) Пайғамбарға (с.а.с.) намаз үйреткен хадисінде: *«Бірінші күні құптан намазын шапақ кеткенде оқыды. Екінші күні құптан намазын түннің (соңғы) үштен бір бөлігінде оқыды»,* – делінген¹.

Имам әд-Дәримі Жәбирден риуаят еткен сахих хадисте: *«Құптан намазын тездетіп не кешіктіріп оқитын. Егер адамдар жиналса, асықтырып (құптан намазын) оқитын, ал егер адамдар кешіксе, кешіктіріп оқитын»,* – деп келген.

Жалпы, құптан намазын кешіктіріп оқыған абзал. Оған келесі хадис дәлел бола алады.

Әбу Сағид әл-Худри (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) бізбен шам намазын оқыды. Сосын түннің жартысы кеткенге дейін бізге (яғни намаз оқу үшін үйінен) шықпады. Одан кейін шығып, олармен (құптан) намазын оқып: «Адамдар намаз оқып, ұйықтап қалды. Сендер намазды күткендерің үшін әлі намаздасыңдар. Әлсіздің әлсіздігі, аурудың ауруы болмаса, бұл намазды түннің ортасына дейін кешіктіруді бұйырар едім»,* – деді», – деген².

Аллаһ елшісі (с.а.с.) құптан намазына дейін ұйықтағанды және одан кейін әңгімелескенді ұнатпайтын³. Сондықтан құптан намазының алдында ұйықтау және одан кейін әңгімелесу мәкруһ болады.

Сонымен, намаз уақыттарына қатысты мынадай қорытындылар жасауға болады:

1. Таң, екінті және шам намаздарын алғашқы уақытында оқыған абзал.
2. Бесін намазын жаздың ыстық күндері сәл кешіктіріп, күннің ыстығы қайтқанда, ал басқа кездерде алғашқы уақытында оқыған абзал.
3. Құптан намазын түннің ортасына дейін кешіктіріп оқыған абзал.

¹ Сунән Әбу Дауд, Китәб әс-салаһ, 332. Сунән әт-Тирмизи, Китәб әс-салаһ, 138.

² Сунән ән-Нәсәи, Китәб әл-мауақит, 535. Осы мағынадағы сахих хадисті имам Әбу Дауд та риуаят еткен.

³ Сахих әл-Бұхари, Бәб мә юкраһу мин ән-нәум қабл әл-иша, 568.

Намаз оқу мәкруһ уақыттар

Ханафи мазһабында намаз оқу мәкруһ уақыттарды екіге бөледі:

1. Мәкруһ таһрими: харамға жақын мәкруһ. Яғни намаз қабыл болмайды және оқыған намазына сауап жазылмайды.

2. Мәкруһ тәнзиһи: халалға жақын. Яғни намазы дұрыс, оған сауап алады, бірақ мәкруһ уақытта оқығандықтан сауабы аз болады.

Мәкруһ таһрими уақыттар

Төмендегі үш уақытта намаз оқу мәкруһ таһримиге жатады:

1. Күннің шеті көкжиектен көрінгеннен бастап, найза бойы көтерілгенге дейін. Қазіргі кезде ол шамамен жиырма минуттай деп есептеліп жүр.

2. Күн тас төбеде тұрған уақыттан бесін намазының уақыты кіргенге дейін.

3. Күн қызарып, оған жалаң көзбен тік қарауға болатын уақыттан бастап, толық батқанға дейін.

Пайғамбар (с.а.с.) бұл уақыттарда намаз оқуға тыйым салған.

Абдуллаһ ибн Омардан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын), Омар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын): *«Күн шығатын және бататын уақытта намаз оқуға тырыспаңдар. Өйткені шайтанның екі мүйізі күнмен бірге шығады және (күнмен) бірге батады»,* – дейтін және адамдарды ол намазды (яғни күн шығып келе жатқанда және батып бара жатқанда) оқығандары үшін ұратын¹.

Уқба ибн Амир әл-Жухәни (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһтың елиісі (с.а.с.) бізге үш уақытта: күн шығып көтерілгенге дейін, дәл төбеде тұрған кезде және күн батуға жақындағаннан батқанға дейін намаз оқуға, мәйітімізді жерлеуге тыйым салатын»,* – деген².

Амр ибн Абәсә (Аллаһ оған разы болсын): *«Уа, Аллаһтың елиісі! Басқа уақытқа қарағанда жақынырақ немесе қалаулы уақыт бар ма?»* – деп сұрады. Ол (с.а.с.): *«Иә, Аллаһ құлына түннің соңғы бөлігінде жақын болады. Егер Аллаһты сол уақытта еске алушылардан болуға шамаң келсе, бол. Себебі (ол уақыттағы) намазға күн шыққанша (періштелер) қатысады. Күн шайтанның екі мүйізінің арасында шығады, ол – кәпірлердің намазының уақыты. Күннің шуағы тарқап, найза бойы көтерілгенге дейін намаз оқыма. Содан соң күн найзаның тіктігіндей күндіздің жартысында, дәл төбеге келгенге дейінгі намазға (періштелер) қатысады. Ол – жаһаннамның есіктері ашылып, лаулайтын уақыт. Ол кезде көлеңке ауғанға дейін намазды қой (оқыма). Одан кейін күн батқанға дейінгі намазға (періштелер) қатысады. Ол (күн) шайтанның*

¹ Муатта, Китәб ән-нидә лис-салаһ, 462.

² Сахих Муслим, Китәб салату әл-мусафирин уа қасруһа, 1373.

екі мүйізінің арасында батады. Ол – (кезде оқылған намаз) **кәпірлердің намазы»,** – деген¹.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Сафуан ибн әл-Мугаттал Аллаһ елшісінен (с.а.с.): «Уа, Аллаһтың елшісі! Мен сенен өзің білетін, мен білмейтін бір нәрсе сұрайын», – деді. Пайғамбар (с.а.с.): «Ол не?» – деді. Ол: «Күндіз не түнде намаз оқуға мәкруһ уақыт бар ма?» – деді. Пайғамбар (с.а.с.): «Иә, егер таң (парыз) намазын оқысаң, күн шыққанға дейін намазды қой (оқыма). Өйткені ол шайтанның екі мүйізінің арасында шығады. Содан кейін күн тас төбеңде найза сияқты тік болғанға дейінгі намазға (періштелер) қатысады әрі қабыл болады. Күн тас төбеңде найза секілді тік болғаннан оң жағыңа ауғанға дейін намазды қой (оқыма). Себебі ол – жаһаннам жағылып, есіктері ашылатын уақыт. Егер күн ауса, екінті намазын оқығанға дейін намаз қабыл болады, (періштелер) қатысады. Одан кейін күн батқанға дейін намазды қой (оқыма)»,* – деген².

Абдуллаһ ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Аллаһтың елшісі (с.а.с.) күннің шығуымен немесе батуымен бірге намаз оқудан қайтарды»,* – деп айтқан³.

Жоғарыда аталған уақыттарда намаз оқудың үкімі

1. Бұл уақыттарда парыз намаздарының қазасы оқылмайды, оқылса да, қабыл болмайды. Жаназа намазы оқылмайды, мәйіт жерленбейді және тиләуәт сәждесі жасалмайды.

Тек қана сол күнгі екінті намазын күн қызарып, оған көзбен тік қарауға болатын уақытта оқуға рұқсат етіледі.

2. Барлық мазһабтарда кімде-кім күн батқанға дейін аср намазының бір ракағатына үлгерсе, ол аср намазына үлгерген болып есептеледі.

3. Күн шыққанша таң намазының бір ракағатына үлгерген адам мәлики және шафиғи мазһабында таң намазына үлгерді деп саналады. Ал ханафи және ханбали мазһабтарында күн шыққанша таң намазын оқып болмаған адамның намазы бұзылады⁴.

4. Бұл уақыттарда дәрет, мешіттің сәлем намазы секілді сүннет пен нәпіл намаздар оқылмайды⁵. Ханафи мазһабынан басқа үш мазһабта жұма күні күн тас төбеде тұрған уақытта мешіттің сәлем намазын оқуға болады. Бұл

¹ Сунән ән-Нәсәи, Китәб әл-мауәқит, 568.

² Сунән Ибн Мәжәһ, Китәб иқамати әс-салаһ уа әс-суннәту фиһа, 1242, хасан хадис.

³ Сунән ән-Нәсәи, Китәб әл-мауәқит, 561, сахих хадис.

⁴ Китәб әс-салаһ алә әл-мазаһиб әл-арбаға, 127-бет.

⁵ Шафиғи мазһабында себебі бар және бір нәрсеге байланысты «муқайяд» нәпіл намаздарды жоғарыда аталған намаз оқу мәкруһ уақыттарда оқи беруге болады. Тек ол уақыттарда жалпы (мутлақ) нәпіл намаздарды оқуға болмайды.

пікірге Әбу Ханифаның ең үлкен шәкірті Әбу Юсуф те қосылған. Мәлики мазһабында Меккедегі харам мешітінде де бұл уақытта мешіттің сәлем намазын оқуға болады.

Мәкруһ тәнзиһи уақыттар

Төмендегі үш уақытта нәпіл намаздарын оқу мәкруһ тәнзиһиге жатады:

1. Таң атқаннан кейін таң намазының сүннетінен басқа намаз оқу. Оған: Хафсаның (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елиісі (с.а.с.) таң атқаннан кейін тек жеңіл екі ракағат намаздан басқа намаз оқымайтын»*, – деген хадис дәлел¹.

Яғни парыз намазынан басқа тек қана екі ракағат намаз оқитын.

2. Екінті намазының парызы оқылғаннан кейін күн батқанға дейінгі уақыт.

Әбу Сағид әл-Худри (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елиісінің (с.а.с.): «Таң намазынан кейін күн көтерілгенге дейін және екінті намазынан кейін күн батқанға дейін намаз жоқ»², – дегенін естідім»*, – деген³.

3. Күн батқаннан кейін шам намазының парызын оқығанға дейінгі уақыт. Себебі шам намазының уақыты өте қысқа. Парыз намазын оқып болғаннан кейін қалағанынша нәпіл намаздарын оқуға болады. Ханафи мазһабында шам намазының алдында оқитын екі ракағат нәпіл намаз шам намазын кешіктіріп оқуға алып барса, ол екі ракағатты оқу – мәкруһ. Егер шам намазын кешіктіріп оқуға алып бармаса, мәкруһ емес.

Бұл уақыттарда қаза намазын өтеуге болады әрі ол мәкруһ деп саналмайды.

Бұл уақытта оқылған сүннет және нәпіл намаздары дұрыс және ол үшін сауап жазылады, бірақ мәкруһ уақытта оқылғаны үшін сауабы азаяды.

Мына кездерде намаз оқу мәкруһ болады:

1. Имам мінберге шығып, құтпа оқып тұрған кезде, нәпіл намазын оқу. Себебі құтпаны тыңдаудың үкімі – уәжіп. Ал Орталық Азия мемлекеттерінде қалыптасқан имамның жұманың алғашқы азанына дейін айтатын уағызы кезінде нәпіл намазын оқу мәкруһ деп есептелмейді. Өйткені ол жұманың құтпасына жатпайды. Жоғарыда айтып кеткендей, Әбу Юсуф және басқа мазһаб ғалымдары «бұл уақытта мешіт намазын оқуға болады» деген пікірді қолдайды.

2. Парыз намазына қамат айтылғаннан кейін нәпіл намазын оқу. Парыз намазына қамат айтылғаннан кейін мешітке кірген адам мешіттің сәлем намазын да, дәрет намазын да, парыз намазының алдында оқылатын

¹ Сахих Муслим, Китәб салати әл-мусафирин, 1185.

² Яғни бұл уақыттарда намаз оқуға болмайды.

³ Сахих әл-Бұхари, Китәб мауақит әс-салаһ, 551.

бекітілген және бекітілмеген сүннет намаздарының ешқайсысын оқымастан, бірден имамға ұйып, парыз намазын оқуға кіріседі. Ханафи мазһабында тек қана таң намазының екі ракағат сүннетін, егер имамға үлгеремін деген ойы басым болғанда ғана оқуға рұқсат етіледі. Себебі таң намазының сүннеті ең маңызды бекітілген сүннет болып табылады. Егер имамға үлгеретіндігіне сенімсіз болса, сүннет намазын оқымастан, бірден имамға үю керек. Қаза болған таң намазының сүннетін парыз намазын оқып болғаннан кейін күн шыққанша оқыған жақсы. Егер күн шыққанша оқи алмаса, күн найза бойы көтерілгеннен кейін түске дейінгі уақытта оқуға болады.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.): «Егер намазға қамат айтылса, парыздан басқа намаз жоқ», – деді», – деген¹.*

3. Айт намазының алдында және кейін мешітте нәпіл намазын оқу. Тек айт намазын оқығаннан кейін ғана үйде намаз оқуға болады.

Әбу Сағид әл-Худри (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһтың елшісі (с.а.с.) айт (намазының) алдында ешқандай намаз оқымайтын. Үйіне қайтқанда екі ракағат (намаз) оқитын», – деген².*

Шафиғи мазһабында айт намазын оқып болғаннан кейін, мешітте имамға ғана нәпіл намазын оқу – мәкруһ, ал басқа адамдарға нәпіл намазын оқу мәкруһ болмайды.

¹ Сахих Муслим, Китәб салати әл-мусафирин, 1160.

² Сунән Ибн Мәжәһ, Китәб иқамати әс-салаһ уә әс-суннәту фиһә, 1283, хасан хадис.

АЗАН

Ислами құндылықтарымыз бен діни рәміздердің ішінде азанның алатын орны ерекше. «Азан» сөзінің араб тіліндегі лексикалық мағынасы «жариялау», «хабар тарату» деген мағына берсе, шарифаттағы терминдік мағынасы: арнайы сөздермен намаз уақытының кіргенін жұртшылыққа жария ету.

Намазға азан айтудың Құран мен хадисте келген төмендегідей дәлелдерін келтіруге болады:

Құраннан:

«Оларды намазға шақырсандар, оны мазақ және ойыншық етіп алады. Өйткені олар – ойланбайтын қауым»¹;

Аяттан имансыздардың азанды естісе, оны мазақ ететіндерін ұғамыз. Бұл аят мұсылмандарды намазға жария түрде шақыратындығына дәлел болады.

«Ей, иман келтіргендер, егер жұма күні намазға шақырылса, Аллаһтың зікіріне асығындар. Білсендер, ол өздерің үшін қайырлы»².

Яғни жұма намазының азанын естіген барша мұсылмандар намазға асығулары керек. Бұл аятта да намазға шақырудың бар екендігі айқын айтылған.

Хадистен:

Мәлик ибн әл-Хууәйрис (Аллаһ оған разы болсын): *«Біз жас кезімізде Пайғамбарға (с.а.с.) барып, оның қасында жиырма түндей болдық. Ол (с.а.с.) бізге өте мейірімді болды. Ол (с.а.с.): «Егер елдеріңе қайтып, оларға үйретсеңдер, мынадай уақытта мына намазды оқуға және мынадай уақытта мына намазды оқуға бұйырындар. Егер намаздың уақыты кірсе, біреулерің азан айтсын және үлкендерің имам болсын», – деді», – деген³.*

Тарихи мәліметтерге сүйенсек, намазға азан айтып, адамдарды шақыру һижраның 1-жылынан басталған. Оған дейін намазға «Әс-салаһ жәмиға» (яғни жамағат намазына жиналындар) деп шақыратын болған. Мәдина қаласында мұсылмандардың саны күннен-күнге көбейіп, жамағат намазының қашан оқылатынын білу көпшілік қауымға қиынға соққанын байқаған Пайғамбар (с.а.с.) мұсылмандарды намазға қалай жинау керектігін сахабаларымен ақылдасады. Олардың бір тобы Пайғамбарға (с.а.с.) *«намаз уақыты келгенде, ту тігіп, белгі бер, сонда оны көргенде, адамдар бір-біріне хабар береді»* деген кеңес береді. Бірақ бұл ұсыныс Пайғамбардың (с.а.с.) көңлінен шықпайды. *«Онда адамдарды намазға сырнаймен шақырайық»* деген де ұсыныс айтылады. Пайғамбар (с.а.с.) оны да ұнатпағанын білдіріп: *«Ол – яһудилердің ісі», – деп жауап береді. Және бірі оған (с.а.с.) қоңырау соғуды ұсынады. Пайғамбар (с.а.с.): «Ол – христиандардың ісі», – деп, оны да жаратпайды. Мұсылмандар үшін*

¹ «Мәида» сүресі, 58-аят.

² «Жұма» сүресі, 9-аят.

³ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-әзән, 644.

жауапты әрі маңызды осы істе қатты ойға берілген Абдуллаһ ибн Зәйд көрген түсін баяндай келе: «Қағбаны айналып жүрген бір кісінің қолындағы қоңырауды көрдім де, одан: «Мынаны маған сатасың ба?» – деп сұрадым. Ол: «Сен мұнымен не істемексің?» – деп сұрады. Мен: «Мұнымен намазға шақырамыз», – деп жауап бердім. Ол: «Мен саған бұдан да жақсысын көрсетейін бе?» – деді. Мен: «Иә», – деп жауап бердім. Ол: «Аллаһу әкбар! Аллаһу әкбар! Аллаһу әкбар! Аллаһу әкбар! Әшһәду әллә иләһә иллаллаһ! Әшһәду әллә иләһә иллаллаһ! Әшһәду әннә Мухаммадәр расулуллаһ! Әшһәду әннә Мухаммадәр расулуллаһ! Хәййя ғаләс салаһ, Хәййя ғаләс салаһ! Хәййя ғаләл фәләх, Хәййя ғаләл фәләх! Аллаһу әкбар! Аллаһу әкбар! Лә иләһә иллаллаһ!», – деп айтасың деді. Одан кейін менен сәл шегініп тұрып, егер намазға қамат айтсаң деп, жоғарыдағы сөздерге «Хәййя ғаләл фәләх» дегеннен кейін «қад қаматис-салаһ», «қад қаматис-салаһ» деген сөздерді қосып айтты. Таң атқанда Аллаһтың елшісіне (с.а.с.) келіп, оған түсімді айтып бердім. Ол (с.а.с.): «Аллаһ қаласа, бұл – шын түс. Біләлмен тұрып, оған көрген түсіңді айт, ол (сол сөздермен) азан шақырсын. Ол саған қарағанда жағымды зор дауысты», – деді. Мен оған айтып тұрдым, ол онымен азан шақырды. Оны (азанды) естіген Омар ибн әл-Хаттаб үйінен шапанын сүйрей шығып: «Сені шындықпен жіберген Аллаһпен ант етемін. Мен де оның көрген түсі секілді түс көрдім», – деді», – деген¹.

1. Осы хадистің негізінде азанның сөздері төмендегідей тәртіппен айтылады:

Аллаһу әкбар! Аллаһу әкбар!
 Аллаһу әкбар! Аллаһу әкбар!
 Әшһәду әллә иләһә иллаллаһ!
 Әшһәду әллә иләһә иллаллаһ!
 Әшһәду әннә Мухаммадәр расулуллаһ!
 Әшһәду әннә Мухаммадәр расулуллаһ!
 Хәййя ғаләс салаһ! Хәййя ғаләс салаһ!
 Хәййя ғаләл фәләх! Хәййя ғаләл фәләх!
 Аллаһу әкбар! Аллаһу әкбар! Лә иләһә иллаллаһ!
Мағынасы: «Аллаһ Ұлы! Аллаһ Ұлы!
 Аллаһ Ұлы! Аллаһ Ұлы!
 Аллаһтан басқа ешбір құдай жоқ екеніне куәлік етемін!
 Аллаһтан басқа ешбір құдай жоқ екеніне куәлік етемін!
 Мұхаммед Аллаһтың елшісі екендігіне куәлік беремін!
 Мұхаммед Аллаһтың елшісі екендігіне куәлік беремін!
 Намазға асығындар! Намазға асығындар!
 Құтылуға асығындар! Құтылуға асығындар!
 Аллаһ Ұлы! Аллаһ Ұлы! Аллаһтан басқа құдай жоқ!»

¹ Бұл оқиға Әбу Дауд, әт-Тирмизи және Ахмадтың хадис жинақтарында риуаят етілген.

Ескерту: таң намазының азанында «Хэйя ғаләл фәләх» сөздерінен кейін: «Әс-Саләту хайрум минән-нау! Әс-Саләту хайрум минән-нау!» – деп айтылады.

Мағынасы: «Намаз ұйқыдан қайырлы! Намаз ұйқыдан қайырлы!»

Бірде Біләл Пайғамбарға (с.а.с.) таң намазына азан шақыру үшін келеді. Оған Пайғамбардың (с.а.с.) ұйықтап жатқандығы айтылады. Сонда Біләл: «*Әс-Саләту хайрум мин ән-нау, әс-Саләту хайрум мин ән-нау*», – деп айтады. Сол кезден бастап осы сөз таң намазында бекітіледі де, осымен амал жасалады¹.

2. Қаматтың (немесе икама) сөздері дәл азанның сөздері сияқты айтылады. Тек «Хэйя ғаләл фәләх! Хэйя ғаләл фәләх!» дегеннен кейін «Қад қаматис-салаһ! Қад қаматис-салаһ!» (Намаз басталды! Намаз басталды!) деген сөздер қосылады.

Азанның артықшылығы

Жалпы, азанның нендей даналығы бар деген мәселеге келсек, Аллаһ тағала азанға көптеген ерекшеліктерді нәсіп еткен. Асылында, азан түсінігі өте ауқымды мағыналарды қамтиды. Онда ең алдымен кәлимаға тіл келтіріліп, Аллаһтың бірлігі дәріптеліп, Оның серігі жоқ екендігіне және Мұхаммед Оның елшісі әрі құлы екендігіне куәлік беріледі. Адамдарды намаз оқуға үгіттеп, оларды Аллаһтың әміріне мойынсұну арқылы тозақ азабынан құтылуға шақырады.

Пайғамбар (с.а.с.) көптеген хадистерінде азанның артықшылықтарын айтып кеткен. Сол хадистердің кейбіріне тоқталсақ:

Әбу Һурайран (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген хадисте Аллаһтың елшісі (с.а.с.): «*Егер намазға (азан) шақырылса, азанды естімес үшін шайтан (дауыстап) жел шығарып кері шегінеді (теріс айналып қашады). Егер (азан) шақыру аяқталса, алға жылжиды (қайтып келеді). Егер намазға қамат айтылса, қамат біткенше кері шегінеді. Одан кейін адам мен оның нәпсісінің арасына кіру (уәсуәсә жасау) үшін келіп, есіне түспеген нәрселерін «мынаны есіңе ал, мынаны есіңе ал» деп айтып тұрады. Тіпті адам қанша намаз оқығанын білмей қалады*», – деген².

Абдуллаһ ибн Абдур-Рахман ибн Әбу Сағсағаға Әбу Сағид әл-Худри (Аллаһ оған разы болсын): «*Мен сенің қойды, шөлді жақсы көретініңді байқадым. Егер малыңның басында немесе шөлде болып, намазға азан шақырсаң, азанда дауысыңды көтер. Өйткені азаныңның даусын естіген жың, адам және кез келген нәрсе оған Қиямет күні куәлік береді*», – деген. Әбу Сағид: «*Мен мұны Аллаһ елшісінен (с.а.с.) естідім*», – деді³.

¹ Сунән Ибн Мәжәһ, Китәб иқамати әс-салаһ уә әс-суннәту фиһа, 708.

² Сахих әл-Бұхари, Бәб фадл әт-тә'зин, 583. Сахих Муслим, Бәб фадл әл-әзән, 885.

³ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-әзән, 574.

Муғауия ибн Әбу Суфиян (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Аллаһ елшісінің (с.а.с.): «Азанышлар – Қиямет күні ең ұзын мойынды адамдар», – деп айтқанын естідім»,* – деген¹.

Азанның үкімі

– Ханафи, мәлики және шафиғи мазһабтарында күнделікті бес уақыт парыз намазы мен жұма намазына азан шақыру – ер кісілер үшін бекітілген сүннет. Ал ханбали мазһабында аталған намаздарға азан шақыру – парыз кифая.

Жаназа, айт, истиска, кусуф сияқты жамағатпен оқылатын намаздарға азан шақырылмайды. Бұларға тек «әс-салаһ жәмиға» (яғни Жамағат намазына жиналыңдар!) деп қана айтылады.

Жәбир ибн Абдуллаһ (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Аллаһ елшісімен (с.а.с.) айт күні намаз оқыдым. Ол (с.а.с.) намазды құтпадан бұрын азансыз, қаматсыз бастады»,* – деп айтқан².

Абдуллаһ ибн Амр (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) заманында күн тұтылғанда, «Иннә әс-саләтә жәмиға» (Жамағат намазына жиналыңдар) деп (намазға) шақырылды»,* – деген³.

Әбу Нурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Бір күні Аллаһтың елшісі (с.а.с.) бізбен бірге истиска (жаңбыр тілеу) намазын оқуға шығып, азансыз, қаматсыз екі ракағат (намаз) оқыды»,* – деген⁴.

– Үтір намазына да азан шақырылмайды. Себебі құптан намазының азаны – үтір намазы уақытының кіргенін білдіретін белгі.

– Сүннет намаздарына да азан шақырылмайды. Себебі ол намаздар парыз намаздарға қосымша ретінде жүреді. Қалаған адам оқиды, қаламаған адамның оқымауға құқығы бар. Ал парыз намаздарын міндетті түрде оқулары керек болғандықтан, адамдарға ол намаздардың уақытының кіргендігін ескерту қажет.

– Адам айдалада жалғыз өзі болса да, намазға азан шақыру – сүннет.

Сәлман әл-Фәрисиді (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһтың елшісі (с.а.с.): «Егер адам шөл далада болғанда, намаздың уақыты кіріп, ол (дәрет алатын) су таппаса, тәяммум алсын. Егер ол намазға тұрса, онымен (екі жағындағы) екі періштесі намаз оқиды. Ал егер азан айтып, қамат түсірсе, оның артынан екі шеті көрінбейтін Аллаһтың әскерлері намаз оқиды», – деді»,* – деген⁵.

– Бір елді мекенде немесе ауылда азан айтылып, қамат түсірілсе, басқа адамдарға жеткілікті деп есептеледі. Бірақ намазды әр жерде бөлек-бөлек

¹ Сахих Муслим, Китәб әс-салаһ, 580.

² Сахих Муслим, Китәб салаһ әл-ғидайн, 1467.

³ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-жумға, 987.

⁴ Сунән Ибн Мәжәһ, Китәб әс-салаһ уә әс-суннәту фиһа, 1258.

⁵ Әл-Муғжам әл-кәбир, VI том, 60-бет, 5997-хадис.

оқыған жамағаттың әрқайсысының өз алдына азан шақырып, қамат түсіргені мандуб әрі абзал.

– Үлкен қалаларда, көрші ықшам аудандағы мешіттің шақырған азаны естілмесе, намаз оқуға тұрған әр жамағаттың азан шақырып, қамат түсіргені – сүннет.

– Бір мешітте бір намазға екі рет азан шақырылмайды.

– Қаза болған намаз мешіттен басқа жерде өтелсе, оған азан айтып, қамат түсіріледі. Ал мешіттің ішінде өтелетін болса, оған азан шақырылмайды. Егер адам бір намазды өз уақытында оқымаса, шарифат үкімі бойынша өз күнәсін жұртқа жарияламай, жасыруы керек.

– Егер қаза намаздары екі не одан да көп болса, барлығына бір азан шақырылып, қаза болған әр намазға қамат айтылады.

– Азан айту үшін азаншының дәреті болуы шарт емес. Бірақ дәреті болғаны абзал. Тек жүніп болған кісінің азан шақыруы – мәкруһ.

– Жеті жастан асқан, ақылы кірген баланың шақырған азаны дұрыс деп есептеледі.

– Әйел кісі азан шақырмайды, қамат түсірмейді. Әйел кісінің азан шақыруы мәкруһ болып табылады. «Әйел адамға азан да, қамат та жоқ» деген пікір атақты табиғиндер Ата, Сағид ибн әл-Мусайяб, Ибраһим, Ибн Сирин және Хасан әл-Басриден риуаят етілген.

Ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Әйелге азан да, қамат та міндет емес»*, – деп айтқан. Әсмә (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһтың елшісі (с.а.с.): «Әйелдерге азан да, қамат та, жұма да және жұмаға жуыну да міндет емес», – деді»*, – деген¹.

Ата: *«Әйелге азан да, қамат та міндет емес»*, – деген².

– Егер оқып тұрған парыз намазын бір себептермен қайта оқу керек болса, жаңадан азан шақырмайды.

Азанның шарттары

1. Ниет. Ханафи және шафиғи мазһабтарында азанға ниет ету шарт емес, сондықтан ниетсіз шақырылған азан дұрыс деп есептеледі. Ал мәлики мен ханбали мазһабтарында азанға ниет ету шарт, сол себепті бұл мазһабтарда ниетсіз шақырылған азан дұрыс деп саналмайды.

2. Азан сөздерінің арасын ұзақ үнсіздікпен немесе басқа сөздермен бөлмеу. Бұл жерде ханбали мазһабынан өзге барлық мазһабтарда азан сөздерінің арасында айтылған басқа сөздердің аз-көптігіне, дөрөкі немесе жай сөз екендігіне қарамастан, азан бұзылады. Ханбали мазһабында бөтен сөз дөрөкі болса ғана азан бұзылады деп есептеледі.

3. Азанның араб тілінде айтылуы. Араб тілінде азан айтуға шамасы келе тұра, басқа тілде азан шақыру дұрыс емес. Тек араб емес бір

¹ Әс-Сунән әл-кубра, әл-Бәйһақи, I-том, 408-бет.

² Мусаннаф, Ибн Әбу Шәйбә, I том, 252-бет.

мұсылманның өзі не өз тілін түсінетін қауымы үшін айтқан азанын үш мазһабта дұрыс деп есептейді. Ал оның тілінде шақырылған азанды жиналған жамағат түсінбесе, ол азан дұрыс емес. Ханбали мазһабында кез келген жағдайда, ол араб болсын, болмасын азан тек қана араб тілінде шақырылады.

4. Азан намаздың уақыты толық кіргеннен кейін ғана шақырылуы тиіс. Барлық мазһабтарда бесін, екінті, шам және құптан намаздарына уақытынан бұрын шақырылған азан дұрыс емес. Үш мазһабта таң намазына уақытынан бұрын шақырылған азан белгілі шарттармен ғана дұрыс деп есептеледі. Ханафи мазһабында таң намазына уақытынан бұрын шақырылған азан дұрыс емес. Олар таң намазына уақытынан бұрын шақырылған азанға қатысты хадистерді адамдарды ояту үшін жасалған тәсбих, яғни Аллаһты ұлықтау сөздері деп түсіндіреді.

5. Азанның сөздерін ретімен айту. Егер азан сөздері ретсіз айтылатын болса, міндетті түрде қайтадан ретімен айту керек. Ал ретімен айтылмаған азан дұрыс болып есептелмейді. Тек ханафи мазһабында ғана ретсіз айтылған азан дұрыс, бірақ азан сөздерін ретсіз шақыру мәкруһ болып табылады. Сол себепті де ретсіз айтылған азан қайта айтылады.

6. Азанды бір адам айту. Егер бір адам азанның басын бастап, екінші адамдар оны аяқтаса, сол сияқты екі не одан да көп адам кезектесіп, бір адам бір сөйлемін, екінші адам екінші сөйлемін өзара келісіп, ретпен айтатын болса да, азан дұрыс деп есептелмейді. Мұндай азан шақыруды *الأذان السلطاني* «الأذان الجوق» «Әзәнү әл-жук» (хор (топ) азаны) немесе «әл-Әзән әс-султани» (сұлтан азаны) деп атайды. Тек қана екі не одан да көп адам азанның барлық сөйлемдерін бірінен кейін бірі айтып шықса ғана азан дұрыс деп есептеледі. Бірақ бұлайша азан шақыру қажеті жоқ, бидғат амал болып табылады. Себебі шариғатта бір жерде бірнеше адамның бір азанды қайта-қайта қайталаулары риуаят етілмеген. Сондықтан шариғатта жоқ мұндай амалды орындау дұрыс емес, тіпті бұған мүлде рұқсат етілмейді де.

Азаншыға қойылатын шарттар

– **Мұсылман болуы.** Егер мұсылман болмаған бір кісі азан шақырса, оның шақырған азаны қабыл етілмейді.

– **Ақыл-есінің бүтін болуы.** Ақыл-есі кем жанның, есі кірмеген сәбидің, мас адамның шақырған азаны дұрыс емес.

– **Ер кісі болуы.** Әйелдің, хунсаның¹ азаны дұрыс деп саналмайды.

Бұл – үш мазһабтың талап еткен шарттары. Ал ханафи мазһабында кәпірдің, жындының, ақыл-есі кірмеген жас баланың, мас адамның, әйелдің азандары дұрыс, бірақ олардың азандарын негіз етіп, намаздың уақыты кіргенін анықтауға болмайды. Яғни осы аталғандардың шақырған азанының үкімі мәкруһ болады. Ханафи мазһабында шақырылған азанға арқа сүйеу

¹ Хунса: қызтеке (гермафродит), яғни қос жынысты адам.

үшін, азан шақырған адам әйел болса да, әділ мұсылман және намаздың уақыттарын білетін, ақыл-есі бүтін болуы керек. Осы аталған шарттардың бірін жоғалтқан адамның азаны дұрыс саналғанымен, оған арқа сүйеуге болмайды. Тек егер әйел кісінің даусы ерлердің шақуатын қоздыратын болса, онда оның азан шақыруына тыйым салынады. Ақыл-есі кірмеген сәбидің шақырған азаны басқалардың мойнынан азан шақырмағандары үшін арқалайтын күнәларын түсірмейді.

Ханафи мазһабы бойынша бір елді мекенде азанды азаншыға қойылатын шарттарға сай келмейтін адамнан басқа ешкім шақырмаса, сол елді мекенде тұратын мұсылмандардың мойнынан күнә түседі. Ал басқа мазһабтарда барлық мұсылмандар күнәкар саналады.

– Сәбидің балиғат жасқа толуы шарт емес. Тек мәлики мазһабында сәбидің балиғатқа толуы азанның шарттарына жатады. Қалған мазһабтарда есі кірген сәбидің азаны дұрыс деп есептеледі.

– Азанның әр сөйлемінің соңында демін үзіп, келесі сөйлемді жаңа деммен бастап оқу ханафи мен шафиғи мазһабтарында шарт емес, бірақ әр сөйлемнен кейін тоқтау – сүннет. Ал мәлики мен ханбали мазһабтарында алғашқы тәкбірлерден басқа сөйлемдерден кейін тоқтау шарт болып табылады. Фикһ ғылымында азанның әр сөйлемінен кейін тоқтауды «тәрәссул» деп атайды.

Жәбир ибн Абдуллаһ (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) Біләлға: «Ей, Біләл! Егер азан шақырсаң, азаныңда асықпа (сөздерді созып оқы). Ал егер қамат түсірсең, тездет», – деді», – деген¹.*

Азанның сүннеттері мен мандубтары

– Азаншының тақуа, салиқалы, аманатқа берік, намаздың уақыттары мен азанның үкімдерін білетін адам болғаны абзал.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Имам кепіл, азаншы аманатшыл (болу керек). Уа, Аллаһ, имамдарды туралыққа (дұрыс жолға) сал, азаншыларды жарылқа», – деді», – деп айтқан².*

– Азанның әр сөйлемін жеке-жеке айту. Бұған жоғарыда тәрәссул мәселесінде тоқталғанбыз.

– Азанды дәретпен шақыру, яғни азаншының дәретінің болуы.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.): «Дәретті адам ғана азан шақырады», – деді», – деген³.*

– Даусы жағымды әрі анық болу.

– Биіктеу жерде тұрып азан шақыру.

¹ Сунән әт-Тирмизи, Китәб әс-салаһ, 180, дағиф хадис.

² Сунән Әбу Дауд, Китәб әс-салаһ, 434.

³ Сунән әт-Тирмизи, Китәб әс-салаһ, 184, дағиф хадис.

– Егер ауру не басқа да жағдай кедергі болмаса, орнынан тұрып азан шақыру.

– Құбылаға қарау. Ескі кітаптарда адамдарға естірту үшін құбыладан денесін басқа жаққа бұрса болады деген ғұламалардың пікірлері әр мазһабтарда айтылған. Бірақ қазіргі кезде микрофонды (дауыс күшейткішті) барлық мешіттерде пайдаланатындықтан, құбыладан денені басқа жаққа бұрудың еш қажеттілігі жоқ.

– «Хәййя ғаләс салаһ» деген кезде денесін бұрмастан, тек жүзін оңға, «Хәййя ғаләл фәләх» деген кезде солға бұру. Ханбали мазһабында көкірегін де бұру мандуб болып табылады.

– Азан айтқан кезде сұқ саусақтарды құлаққа кіргізу.

Уаһб ибн Абдуллаһ (Аллаһ оған разы болсын): *«Мен Біләлдің азан шақырып жатқанында аузын анда, мұнда (яғни оңға, солға) бұрғанын және екі саусағының құлағында болғанын көрдім»,* – деген¹.

– Азан шақырған кісінің қаматты түсіруі. Өйткені Пайғамбардың (с.а.с.) заманында азанды да, қаматты да көбінесе Біләл айтқан. Бірақ азанды бір адам, қаматты екінші адамның айтуына ешқандай тыйым жоқ.

– Қаматты имам шыққаннан кейін түсіру.

Жәбир ибн Сәмура (Аллаһ оған разы болсын): *«Біләл азан айтқаннан кейін сәл кідіретін. Пайғамбардың (с.а.с.) шыққанын көрген кезде намазға қамат түсіретін»,* – деген².

– Шам намазынан басқа намаздарда азан мен қаматтың арасында дәретсіз адамның дәрет алуға жететіндей уақыт күту.

Убай ибн Кағб (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһтың елшісі (с.а.с.): «Ей, Біләл! Азаның мен қаматыңның арасында тамақтанып отырған кісі тамағын асықпай аяқтайтындай, дәрет алатын кісі дәретін асықпай бітіретіндей көмек жаса (яғни уақыт бер)»,* – деді», – деген³.

Азанның мәкруһтері

– Ханафи мен шафиғи мазһабтарында пасық адамның азан шақыруы – мәкруһ. Мәлики мазһабында пасық адам басқа әділ адамға арқа сүйеген кезде ғана оның азаны қабыл болады. Ал ханбали мазһабында пасықтың азаны қандай жағдайда да дұрыс болып саналмайды.

– Құбыладан басқа жаққа қарап азан шақыру. Тек басқаларға естірту үшін құбыладан басқа жаққа қарап айтылған азан мәкруһ емес.

– Жүніп адамның азаны. Ханафи мазһабында жүніп адамның шақырған азанын қайтадан шақыру мандуб болады.

– Әйел кісінің азаны. Бұл жайлы жоғарыда кеңінен айтылды.

¹ Сунән әт-Тирмизи, Китәб әс-салаһ, 181, хасан сахих хадис.

² Сунән Әбу Дауд, Китәб әс-салаһ, 452.

³ Муснәд Ахмад, Китәб муснәд әл-ансар, 20324.

– Азанды басқа сөздермен бөлу. Ханафи мазһабында азанды түшкіргеннен соң адамға айтылатын «ярхамукә Аллаһ», сәлемге жауап қайтару секілді шарифат бұйырған сөздермен де бөлу – мәкруһ. Азан шақырып тұрып, оны басқа сөздермен бөлсе, азанды қайта шақыруы керек¹.

Егер азанды көп сөзбен бөлсе, барлық мазһабтарда азанды қайта шақыру міндеттеледі.

– Жолаушыдан басқалардың отырып немесе көлік үстінде тұрып азан шақыруы.

– Азан сөздеріне қосымша дауыссыз және дауысты дыбыстарды қосып айту немесе шектен тыс созып оқу.

– Шам намазынан басқа намаздардың алдында азаннан кейін қаматты бірден жалғастырып оқу, яғни азан мен қаматтың арасын үзбеу. Жалпы шам намазынан басқа намаздарда азан мен қаматтың арасын сүннет намазын оқумен бөледі.

Азанды естіген адамдарға қатысты сүннет амалдар

Азанды естіген адамның оған жауап қатуы – сүннет. Тіпті ол жүніп, хайыз, нифас халінде болса да, азанға жауап қайтаруы керек. Сол тәрізді азан айтылғанда оқып отырған Құранды келген аяттан аяқтап, басқа сөздерді тоқтату қажет. Бұл мәселеге қатысты пәтуаларда осылай делінеді. Ақиқаты бір Аллаһқа аян².

Естуші азаншының айтқан сөздерін артынан ілесе отырып қайталайды. Тек азаншы: «Хәййя ғаләс салаһ» пен «Хәййя ғаләл фәләх», – деген кезде, «Лә хәулә уә лә қууәтә иллә билләһ» (яғни «Аллаһтан өзге күш те, қуат та жоқ») деп айтуы керек.

Омар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елһиәсі (с.а.с.): «Егер азаның: «Аллаһу әкбар! Аллаһу әкбар!» дегенде, сендердің біреулерің (шын) жүрегімен: «Аллаһу әкбар! Аллаһу әкбар!» десе, одан кейін: «Әшһәду әллә иләһә иллаллаһ!» дегенде, «Әшһәду әллә иләһә иллаллаһ!» десе, сосын: «Әшһәду әннә Мухаммадәр расулуллаһ!» дегенде, «Әшһәду әннә Мухаммадәр расулуллаһ!» десе, одан кейін: «Хәййя ғаләс салаһ!» дегенде, «Лә хәулә уә лә қууәтә иллә билләһ» десе, содан соң: «Хәййя ғаләл фәләх!» дегенде, «Лә хәулә уә лә қууәтә иллә билләһ» десе, одан кейін: «Аллаһу әкбар! Аллаһу әкбар! Лә иләһә иллаллаһ!» дегенде,*

¹ Мәлики мазһабында да азанды шарифат бұйырған сөзбен бөлу мәкруһ болғанымен, азаннан кейін міндетті түрде түшкірген және сәлем берген адамға жауап қайтару керек. Ал шафиғи мазһабында мәкруһ саналмағанымен, оны азан айтылып жатқан уақыттан кейінге шегеру жақсырақ. Ханбали мазһабында азанды дөрекіге жатпайтын аз сөзбен бөлу ештеңе етпейді.

² Бәдәиғ әс-санаиғ, I том, 383-бет.

«Аллаһу әкбар! Аллаһу әкбар! Лә иләһә иллаллаһ!» десе, жаннатқа кіреді», – деді», – деген¹.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісімен (с.а.с.) болған кезімізде, Біләл тұрып азан айтты. Ол тоқтаған кезде, Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Кімде-кім осылайша айқын сеніммен айтса (азанды қайталаса), жаннатқа кіреді», – деді», – деп айтқан².*

Таң намазында «Әс-Саләту хайрум мин ән-науум, әс саләту хайрум мин ән-науум» деп айтылғаннан кейін «садақта уа барарта» («Рас айттың, ырысқа кенелдің») деп айтылады³.

Азан айтылып болғаннан кейін Пайғамбарға (с.а.с.) салауат айту:

Азан айтылып болған соң, Пайғамбарымызға (с.а.с.) салауат айтылып, азан дұғасы оқылуы керек.

«Аллаһуммә Рабба һәзиһид-дағуатит-тәммәти, уәс-саләтил-қайимәти, әти Мухаммадән әл-уасиләтә уәл-фадылләтә, уәбъашу мақаман махмуданил-ләзий уәъдтәһ».

Абдуллаһ ибн Амр ибн әл-Ас (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Аллаһ елшісінің (с.а.с.): «Егер азаныңны естісеңдер, соның айтқандарындай айтыңдар. Сосын маған салауат айтыңдар. Кімде-кім маған бір салауат айтса, Аллаһ оған он салауат айтады, кейін Аллаһтан маған уәсиләні (жаннаттағы жоғарғы орын) сұраңдар. Ол (уәсилә) – жаннаттағы бір орын, ол Аллаһтың құлдарының біреуіне ғана лайықты. Сол адамның өзім болғанын қалаймын. Кімде-кім маған уәсилә сұраса, оған менің шапағатым бұйырады», – дегенін естідім», – деген⁴.*

Жәбир ибн Абдуллаһ (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) жеткізген хадисте: *«Аллаһтың елшісі (с.а.с.): «Кім азанды естіген кезде «Аллаһуммә Раббә һәзиһид-дағуатит-тәммәти, уәс-саләтил-қайимәти, әти Мухаммадән әл-уәсиләтә уәл-фадилләтә, уәбъашу мақамән махмуданил-ләзий уәъдтәһ»⁵», – десе, Қиямет күні менің шапағатым оған халал етіледі», – деді», – делінген⁶.*

¹ Сахих Муслим, Китәб әс-салаһ, 578.

² Сунән ән-Нәсәи, Китәб әл-әзән, 668.

³ Бәдәиғ әс-санаиғ, I том, 383-бет.

⁴ Сахих Муслим, Китәб әс-салаһ, 577.

⁵ Мағынасы: Уа, Аллаһ! Осы азан мен оқылатын намаздың Раббысы! Мұхаммедке шапағат ету құқығы мен ерекшелікті бер және оған Өзің уәде еткен мақтаулы орында қайта тірілте көр!

⁶ Сахих әл-Бұхари, Китәб әзән, 579.

ҚАМАТ (ИҚАМА) ТАРАУЫ

Қамат – парыз намаздарының алдында адамдарға намазға тұрудың басталғандығын белгілі сөздермен жеткізу. Қаматтың үкімі азанның үкімі тәріздес болады.

Негізгі шарттары да азанның шарттарына жақын. Тек төмендегідей екі істе ғана айырмашылығы бар:

1. Әйел адам намазын жеке оқыған жағдайда, оған қамат айтуға рұқсат етіледі. Ал ер кісілермен бірге намаз оқып жатса, мәлики мен шафиғи мазһабтарында оның түсірген қаматы дұрыс емес. Ханафи мазһабында қаматтың үкімі азанның үкімімен бірдей. Әйел адамның шақырған азаны дұрыс, бірақ оған арқа сүйеуге болмайды. Себебі ханафилер азанның шарттарын: дұрыс болу шарттары және толық болу шарттары деп екіге бөледі. Кез келген мұсылман ер болсын, әйел болсын азан шақырса, ол азан дұрыс деп есептеледі. Бірақ азанның толық шарты орындалуы үшін азаншының ер кісі болуы керек. Осыған орай, ер кісілермен бірге намаз оқыған әйелдің түсірген қаматы дұрыс болғанымен, ол мәкруһ саналады. Ал ханбали мазһабында азанды ер кісінің шақыруы шарт болғаны сияқты, қаматты да ер кісінің түсіруі шарт. Сондықтан әйелдің қамат айтуы дұрыс емес.

2. Азан мен намаздың арасын біраз уақытқа ұзу абзал болса, қамат пен намаздың арасын әр жердің әдетіне қарай көп уақыт кідіртпей бірден оқыған абзал. Егер қаматтан кейін көп әңгіме айтып немесе тамақ жеп, одан кейін қайта қамат айтпай намаз оқитын болса, барлық мазһабтарда намаз дұрыс деп есептеледі. Тек ханафи мазһабында ғана қаматтан соң көп әңгіме айтылып не тамақ ішілсе, намазды бастарда қайта қамат айтылады. Ал қамат айтылғаннан кейін имам таң намазының екі ракағат сүннетін оқитын болса, қамат қайта айтылмайды.

Қамат айту басталған соң отырған адамдар қай уақытта орындарынан тұрып, намазға сап түзейді?

Намазға қай уақытта тұру жайлы келтірілген нақты дәлелдер жоқ. Бұл мұсылмандардың өз еркіне қалдырылған амал болып табылады. Сондықтан бұл мәселеде «менікі дұрыс, сенікі қате» деп дауласуға әсте болмайды. Тек ғалымдар намазға қаматтың қай тұсында тұрған абзалырақ дегенге байланысты әртүрлі пікірлер айтқан.

Ханафилерде: «Хәййя ғаләл фәләх» деген кезде тұрған абзал. Себебі бұл – адамдарды құтылуға шақырған үндеу.

Мәликилерде: қамат түсіруші адам қаматты басынан бастап тұрып айтады. Ал жамағат қамат айтылып жатқан кезде немесе қамат айтылып болғаннан кейін тұрғаны абзал дейді.

Шафиғилерде: қамат айтылып болғаннан кейін тұрған абзал.

Ханбалилерде: «Қад қаматис-салаһ!» деген сөз айтылғанда тұрған абзал. Себебі «Қад қаматис-салаһ!» сөзі «намаз басталды» деген мағына береді.

Кейбір ғалымдар Аллаһ елшісінің: *«Мені көргендеріңше орындарыңнан тұрмаңдар»*¹, – деген хадисін басшылыққа алып, имам алға шыққан кезде ғана жамағат орындарынан тұрғаны абзал деген.

Қаматтың сүннеттері

Қаматтың сүннеттері азанның сүннеттері секілді. Тек мынадай бірлі-жарым айырмашылықтары бар:

– Азанның биіктеу жерде айтылғаны – сүннет. Ал үш мазһабта қамат жай жерде айтыла береді. Тек ханбали мазһабында ғана қиындық тудырмаса, қаматтың да азан секілді биіктеу жерде айтылғаны сүннет болып табылады.

– Азанда таржиғ² жасау мәлики мен шафиғи мазһабтарында ғана бар. Ал барлық мазһабтарда қамат айтқан кезде таржиғ жоқ.

– Азан айтқан кезде дауысты соза түскен абзал болса, қамат айтқан кезде, керісінше, дауысты тездеткен абзал.

– Азан айтқан кезде сұқ саусақты құлақтың ішіне кіргізу – ханафи мазһабында мандуб, шафиғи мен ханбали мазһабтарында – сүннет, мәлики мазһабында тек рұқсат етілген амал болады. Ал барлық мазһабтар бойынша қамат айтқан кезде қолды көтермейді.

Азан және қамат айтқаны үшін ақы алу мәселесі

Имамдық іске, шәкірттерге білім беруге ақы төлеуге болатыны тәрізді, азан мен қамат түсіру ісіне де ақы төлеуге рұқсат етілген. Тек ханбали мазһабында азанды және қаматты өз еркімен, ақысыз айтатын адам табылып жатса, басқа адамға ақы беріп айттыруға болмайды.

Намаздан басқа істерге азан шақыру мәселесі

Шарифатта азанды тек қана парыз намаздарының уақыты кіргендігін елге жариялауда ғана емес, сонымен бірге басқа да өмірлік маңызды кейбір істерде де қолданады. Мәселен, жаңа туылған нәрестенің оң құлағына азан, сол құлағына қамат айтып ат қояды. Сондай-ақ өрт шыққан кезде, соғыс оты тұтанғанда немесе басы айналып есінен адасқан не есінен танған адамның құлағына да азан шақырады.

¹ Сахих әл-Бұхари, Бәб әт-тиб ли әл-жумуға, 909.

² Азан айтқан кезде алдымен іштей азанның бір сөйлемін айтып алып, сосын дауыстап қайта айтуды «таржиғ» деп атайды.

НАМАЗ АМАЛДАРЫНЫҢ ҮКІМДЕРІ

Намаз оқу барысында оқылатын сөздер мен орындалатын амалдар үкіміне қарай төмендегіше бөлінеді:

1. Шарт – намаздың ішіне кірмейтін, бірақ намаз оқу үшін міндетті түрде болуы керек амал. Мысалы, намаз оқитын адамның дәреті болуы, әуреті жабық тұруы, құбылаға қарауы және т.б. Бұларды «намаздың шарттары» немесе «намаздың сыртындағы парыздары» деп атайды.

2. Парыз – орындалуы міндетті амал. Егер намаз оқушы намаздың парыздарының бірін орындамаса, намазы бұзылады және оған сол намазды қайта оқу міндеттеледі. Оны «намаздың рукіндері» немесе «ішкі парыздары» деп те атайды.

3. Уәжіп – орындалуы міндетті амал, бірақ намаз оқушы намаздың уәжіптерінің бірін жаңылысып немесе ұмытып орындамаса, намазы бұзылмайды, оның өтеуі ретінде намаз соңында міндетті түрде сәһу сәждесі¹ жасалады.

4. Сүннет – орындалуы міндетті емес амал. Егер намаз оқушы намаздың сүннеттерінің бірін немесе бірнешеуін орындамаса, намазы бұзылмайды және сәһу сәждесін жасамайды. Сүннетті орындағаны үшін сауап алады, әдейі орындамау мәкруһке жатады.

5. Мандуб және әдептер – орындалуы абзал, бірақ орындамағаны үшін сөгіс алмайтын амал. Мандубтың дәрежесі сүннеттің дәрежесінен төмен тұрады.

Енді осы аталған амалдардың үкімдеріне кеңінен тоқталсақ.

¹ «Сәһу сәждесі» тақырыбын қараңыз.

НАМАЗДЫҢ ШАРТТАРЫ

«Намаздың шарты» дегеніміз – намазды бастаудан бұрын намаз оқушыға қойылатын шарттар. Егер намаз оқушы осы шарттардың біреуін (еш себепсіз) орындамай намаз оқыса, ол намаз оқыды деп есептелмейді және оқыған намазы қабыл болмайды. Оны қазақ тіліндегі кей еңбектерде «намаздың сыртқы парыздары» деп те атайды¹.

Намаздың шарттары алтау:

1. Хәдәстен таза болу (рафъу әл-хадас).
2. Нәжістен таза болу (изәләту ән-нәжәс).
3. Әуреті жабық тұру (сәтру әл-ъаура).
4. Құбылаға қарау (истикбалу әл-қиблә).
5. Парыз намаздарға қатысты уақыттың кіруі (духулу әл-уакт).
6. Ниет ету (ән-нийә).

1. Хәдәстен таза болу

Яғни намаз оқушының дәреті және ғұсылының болуы. Шарифатта дәрет алуды «кіші хәдәстен тазалану» деп атаса, жүніптіктен немесе хайыз және нифастан кейін ғұсыл алуды «үлкен хәдәстен тазалану» деп атайды. Бұл туралы «дәрет» және «ғұсыл» тарауларында нақты мағлұматтар берілген.

Дәреттің намаздың шарты екендігіне дәлелдер:

Аллаһ тағала: **«Ей, иман келтіргендер! Егер намазға тұрсаңдар, жүздеріңді, қолдарыңды шынтакпен қоса жуыңдар, бастарыңа мәсіх тартыңдар және аяқтарыңды тобықпен қоса жуыңдар»²**, – деген.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.): «Сендердің біреулерің дәретін бұзған жағдайда, ол (қайта) дәрет алмайынша, Аллаһ намазын қабыл етпейді», – деген»,* – деп айтқан³.

Ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.): «Аллаһ дәретсіз намазды және қиянат (араласқан) садақаны⁴ қабыл етпейді», – деген»,* – дейді⁵.

2. Нәжістен таза болу

Намаз оқушының денесі, киімі және намаз оқитын жерінің нәжістен таза болуы керек.

¹ Мысалы, Ислам ғылымхалы, 103-бет.

² «Мәида» сүресі, 6-аят.

³ Сахих әл-Бұхари, Китәб әс-саләһ, 6554. Сахих Муслим, Бәб ужуб әт-таһара ли әс-саләһ, 559.

⁴ Яғни ұрлықы олжадан берілген садақа қабыл болмайды.

⁵ Сунән Әбу Дауд, Бәб лә тукбалу әс-саләһ, 686. Сунән ән-Нәсәи, Бәб фард әл-удуу, 139.

Киімнің нәжістен таза болуына төмендегі аят пен хадис дәлел болады. Аллаһ тағала: **«Киімінді тазала»¹**, – деген.

Мүміндердің анасы Айша (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісіне (с.а.с.) бір сәбиді әкелгенде, ол сәби Пайғамбардың (с.а.с.) киіміне кіші дәретке отырып қойды. Ол (Пайғамбар (с.а.с.)) су алдырып, оны (зәрді) жуып тастады»*, – деген².

Намаз оқитын жердің таза болуы керектігіне дәлел. Жалпы, намаз оқитын жердің барлығы «мәсжид» (сәжде орны) деп аталады. Намаз оқитын жердің таза болуына дәлел ретінде әл-Бұхари, Муслим және басқа мухаддистер риуаят еткен мына қиссаны келтіруге болады: *«Бірде мешітте бір бәдәуи араб кіші дәрет сындырады. Мұны көрген сахабалар оған зеки бастайды, сонда Пайғамбар (с.а.с.) оларға тыйым салып, дәрет сындырып болғаннан кейін әлгі бәдәуиді шақырып алады да, оған: «Мына мешіттер зәр және лас нәрселерге жарамайды. Олар (мешіттер) Аллаһты еске алу (зікір ету), намаз және Құран оқу үшін», – деп түсіндіреді. Одан кейін сахабаларға әлгі зәр тиген жерге шелекпен су төгіп тазалауды бұйырады»*.

Намаз оқығанда, дененің таза болуына дәлел: шарифат киімнің таза болуын талап еткенде, кез келген адам мұнан дененің де таза болуының талап етіліп тұрғандығын бірден аңғарады. Имам әл-Бұхари және басқа мухаддистер риуаят еткен хадисте Әли (Аллаһ оған разы болсын): *«Мен мәзи жиі келетін адам едім. Оның (Пайғамбардың (с.а.с.)) қызының орнын (ескеріп)³, бір адамға Пайғамбардан (с.а.с.) оның үкімі туралы сұрауды бұйырдым. Ол (с.а.с.): «Дәрет ал және мүшеңді жу», – деді»*, – деген. Имам әл-Бұхари Айша анамыздан риуаят еткен келесі бір хадисте Аллаһ елшісі (с.а.с.) истихада кезіндегі әйелге: **«Қанды жу және намаз оқы»**, – деп айтқан.

Әнәс: *«Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Зәрден (мұқият) тазаланыңдар. Өйткені қабір азабының көбі содан болады»*, – деді», – деген⁴. Яғни денеге тиген зәрдің орнын әрдайым тазалап тастау қажет.

Нәжіске қатысты баяндауды қажет ететін мәселелер

1. «Намаз оқитын жердің тазалығы» деген шарттың мақсаты намаз оқушы адамның денесінің жерге тиетін орындарының намаз оқығанда таза болуы. Егер намаз оқитын жерге нәжіс жақын жатып, бірақ намаз оқушының денесіне тимейтін болса, намазы бұзылмайды.

¹ «Муддассир» сүресі, 4-аят.

² Сахих әл-Бұхари, Бәб бәул әс-сибян, 221.

³ Яғни Пайғамбар (с.а.с.) Фатиманың әкесі болғандықтан, Әли қайын атасынан мәзи туралы сұрауды жөн санамаған.

⁴ Сунән әд-Дарақутни, Бәб нәжәсәту әл-бәул ..., 2, хасан хадис.

2. Намаз оқушының киімі кең болып, намаз кезінде киімі нәжіс жерге тиіп кетсе, намазы бұзылмайды.

3. Намаз оқу барысында аяғын немесе басқа бір мүшесін нәжістің үстіне қоятын болса, оның үкімі нәжістің үстінде қанша уақыт тұрғандығына байланысты беріледі. Егер нәжістің үстінде намаздың бір парызын өтейтіндей уақыт, мысалы, сәжде немесе руқұтты өтейтін уақыт¹ тұрса, намазы бұзылады. Егер нәжістің үстінде осы уақыттан аз тұрып, одан кейін басқа жерге орын ауыстырса, намазы бұзылмайды.

4. Нәжіс жердің үстіне нәжісті көрсетпей жауып тұратын төсеніш болса, оның үстінде оқылған намаз дұрыс болып саналады.

5. Құрғақ жер таза деп есептеліп, ол жерде намаз оқуға болады. Тек онда нәжістің қалдығы болса ғана ол жер таза деп есептелмейді әрі онда намаз оқуға рұқсат етілмейді.

6. Нәжісті тазалауға шамасы келмеген немесе оны тек әуретін ашу арқылы ғана тазалауға шамасы келетін жолаушы нәжіс киіммен немесе нәжістің үстінде тұрып, әуретін ашпай намаз оқиды әрі ол намазды қайталап оқымайды.

7. Тұрғылықты адамға намаздың уақыты шығып кетсе де, нәжіс жерде немесе нәжіс киіммен намаз оқуға болмайды. Ол нәжісті тазалағанша күтеді.

8. Суды пайдалану зиянын тигізетін науқас адам және жиі жел жіберетін, қуығы зәр ұстамайтын немесе үнемі қансырайтын адам киімі мен денесіне тиген нәжіспен намаз оқи береді әрі ол намазын қайталамайды. Бұл туралы ауру және үзірлі адамның намазы туралы тарауда кеңірек айтылады.

9. Намаз оқып болғаннан кейін киімінен нәжісті көрген адамның намазына қатысты үкімді «намазды бұзатын амалдар» тарауынан оқуға болады.

3. Әуреттің жабық тұруы

«Әурет» сөзі араб тілінде «нақыс», «кемшілік» және «олқылық» деген мағыналарды береді.

Шарифатта адамның жабылуы міндетті және оған назар салу харам етілген дене мүшелері әурет деп аталады.

Әуреттің жабық тұруы намаздың шарты екендігіне: **«Ей, Адам балалары, әрбір құлшылық орнында зейнеттеріңді алыңдар (яғни киініңдер)»²**, – деген аят дәлел.

Аяттағы зейнеттің ең аз мөлшері – әуретті жабатын киім.

Пайғамбар (с.а.с.): **«Аллаһ балигатқа толған әйелдің жаулықсыз оқыған намазын қабыл етпейді»**, – деген³.

¹ Оның уақыты үш тасбих айтатындай уақыт деп есептеледі (Радд әл-мухтар, I том, 403-407 беттер).

² «Ағраф» сүресі, 31-аят.

³ Сунән Әбу Дауд, Китәб әс-салаһ, 546.

Муғауия ибн Хайда әл-Қушәйри (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.): «Тек әйелің мен күңіңнен басқадан әуретіңді сақта¹», – деді. Мен: «Егер адамдар бір-бірімен аралас болса ше?» – дедім. Ол (с.а.с.): «Оны ешкімге көрсетпеуге тырыс», – деді. Мен: «Егер оңаша болсақ ше?» – дедім. Ол (с.а.с.): «Аллаһ тағала адамдарға қарағанда ұялуға лайықтырақ», – деді», – деген².*

Әурет екіге бөлінеді: «аура муғаллаза» (ауыр әурет, яғни екі ұятты жер) және «аура хафифа» (жеңіл әурет, яғни кіндік пен тізенің арасы). Аура муғаллазаның дирхам (қазіргі жүз теңге) көлеміндей жерін көрсетуге, ал аура хафифаның төрттен бірінен артығын ашуға тыйым салынады³.

Ер адамның әуреті: кіндік пен тізесінің арасы.

Пайғамбар (с.а.с.): *«Кіндіктің асты мен екі тізеге дейінгі (аралық) – әурет», – деп айтқан⁴.*

Кіндіктің өзі әуретке жатпайды, ал тізе ханафи мазһабы бойынша әурет орнына жатады. Өйткені араб тіліндегі «дейін» септеулігінен кейін келген сөз «дейін» септеулігіне дейінгі сөздің үкіміне кіреді.

Сан әуретке жатады. Санның әуретке жататындығына дәлел болатын хадистер көп. Мысалы:

Ибн Аббастан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) жеткен хадисте Пайғамбар (с.а.с.): *«Сан – әурет», – деп айтқан⁵ және:*

Әлиден (Аллаһ оған разы болсын), Пайғамбар (с.а.с.): *«Саныңды ашна және тірінің де, өлінің де санына қарама», – деді⁶.*

Әйел адамның әуреті: намаз оқыған кезде әйел адамның беті мен білезікке дейінгі екі қолынан басқа жері әуретке жатады. Тобығына дейінгі жеріне байланысты ғалымдар арасында ортақ пікір жоқ. «Әл-Ихтияр» кітабының авторы имам әл-Маусилидің пікірінше, әйел адамның намаз кезінде аяғының басы әурет емес, ал басқа кезде ол әуретке жатады⁷. Шафиғи мазһабында әйелдің аяғы намаздың ішінде де, сыртында да әуретке жатады. Әйел адамның әуретіне дәлел:

Мұхаммед ибн Зәйд ибн Қунфуздың анасы мүміндердің анасы Умму Сәләмәдан (Аллаһ оған разы болсын): *«Әйел қандай киіммен намаз оқиды?» – деп сұрағанда, ол: «Әйел жаулық және аяғының үстін жауып тұратын ұзын көйлекпен намаз оқиды», – деп жауап берген⁸.*

¹ Яғни ешкімге көрсетпе.

² Сунән Әбу Дауд, Китәб әл-хамам, 3501.

³ Әл-Ихтияр, I том, 82-бет.

⁴ Муснәд Ахмад, Китәб әл-муksирин, 6467.

⁵ Сунән әт-Тирмизи, Бәб әннә әл-фахз ғаура, 2765.

⁶ Сунән Әбу Дауд, Китәб әл-жәнәиз, 2732.

⁷ Әл-Ихтияр, I том, 82-бет.

⁸ Сунән Әбу Дауд, Китәб әс-салаһ, 544.

Әуретке қатысты мәселелер мен үкімдер

1. Әуретті жабудағы мақсат – дененің айналасынан қарағанда көрінбейтіндей жабық болуы, яғни дененің астынан немесе жоғары жағынан қарағанда жабық болуы шарт емес.

2. Денені жауып тұратын киім терінің түсін көрсетпей тұруы керек. Егер киген киім жұқа болып, оның астындағы терінің түрін ажыратуға болатын болса, ол киім деп есептелмейді және онымен намаз оқуға болмайды. Ондай киіммен оқылған намазды қайта оқу – парыз. Себебі әуретті жабу – намаздың шарттарына жатады. Ал намаздың бір шарты үзірсіз орындалмаса, намазды қайта оқу керек. Сондай-ақ терінің түсін жауып тұрғанымен, денеге жабысып тұратын киіммен намаз оқу мәкруһ болады.

3. «Намаз үстінде әурет ашылып кеткен жағдайда не болады?» деген жайтқа байланысты «Намазды бұзатын істер» тарауында баяндалған.

4. Егер тұтқында немесе сол сияқты қиын жағдайға тап болып, нәжіс киімнен басқа киім таппаса, нәжіс киіммен намаз оқуға рұқсат және оқыған намазын қайталап оқымайды. Ал бар киімі әуретін жабуға жетпесе, тек екі ұятты жерін ғана жауып намаз оқуға болады. Сол сияқты бір жағдайлармен ешқандай киімсіз, яғни тыр-жалаңаш қалса, отырып, екі аяғын бір-біріне айқастырып, барынша әуретін жабуға тырысып, рукуғ пен сәждені басын изеп оқиды және бұл намазды да қайта оқымайды.

5. Нәжіс киімді екіге бөліп қарастырады:

– Егер киімнің өзі нәжістен тігілген, мысалы, шошқаның терісі немесе тазалауға келмейтін нәжіс зат тиген киім болса, жалаңаш күйі намаз оқу керек. Себебі бұл киімдерді намазда киюге тыйым салынған. Мәлики мазһабында ондай киіммен намаз оқиды және намаздың уақыты шыққанға дейін таза киім таппаса, намазын қайта оқымайды. Ханбали мазһабында тазалауға келмейтін нәжіс тиген киіммен намаз оқиды, бірақ міндетті түрде таза киім тапқаннан кейін намазын қайта оқу керек. Ал нәжістен тоқылған не тігілген киіммен намаз оқымайды, ол кезде жалаңаш намаз оқиды және ол намазды да қайта оқымайды¹.

– Егер өзі таза, бірақ сыртқы себептерге байланысты киюге тыйым салынған, мысалы, ер кісілер жібектен тоқылған киімнен басқа киім таппаған жағдайда, зәру есебінде ол киіммен намаз оқуына болады және ол намазды қайталамайды.

6. Мәлики мазһабында жалаңаш кісі жарықты сөндіруге шамасы келсе, міндетті түрде жарықты сөндіріп намаз оқуы керек. Мұны ғалымдар қараңғылықтың өзі әуретті жауып тұрады деп түсіндіреді.

7. Егер жалаңаш адамның намаздың уақыты шыққанға дейін әуретін жабатын киім табуға үміті болса, намазды соңғы уақытына дейін кешіктіруі керек.

¹ Китәб әл-фиқһ алә әл-мазаһиб әл-арбаға, 111-бет.

8. Имам Ахмадтан жеткен бір риуаятта тартып немесе ұрлап алынған, яғни адал жолмен таппаған киіммен намаз оқу – харам, яғни харам жолмен табылған киіммен намаз оқыған адамның намазы дұрыс емес деген. Көпшілік ғалымдардың пікірінше, ондай адамның намазы дұрыс, бірақ үстіне киген киімін адал жолмен таппағаны үшін күнәкар саналады.

9. Кейбір ғалымдар намазға қатысты киімді жәиз (рұқсат), фадила (абзал), мәкруһ (ұнамсыз) және харам (тыйым салынған) деп төртке бөлген.

– **Жәиз.** Басқа киім таппаған жағдайда әуретті ғана жабу.

Әбу Нурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Бір кісі Аллаһ елшісінен (с.а.с.) бір киіммен намаз оқу туралы сұрады. Аллаһтың елшісі (с.а.с.): «Сендердің әрбіріңде екі киім бар ма!» – деп жауап берді»,* – деген¹.

Бұл жерде Пайғамбарымыз (с.а.с.) әуретін жабуға ғана жететін киімі бар адам сол киіммен намаз оқи береді деген үкім айтқан.

– **Фадила.** Екі не одан да көп киіммен намаз оқу.

– **Мәкруһ.** Киімді толық кимей, қолын жеңінен шығармай, иығына іле салып намаз оқу. Екі киімі бар адамның бір ғана киіммен намаз оқуы.

Абдуллаһ ибн Бурайданың әкесі (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһтың елшісі (с.а.с.) жамылғысының белбеуін байламай және көйлексіз, тек шалбармен намаз оқуға тыйым салды»,* – деген².

– **Харам.** Шарифат бойынша харам саналатын киім екі түрлі болады:

Біріншісі – заты нәжіс (шошқаның терісінен не басқа да нәжіске жататын материалдардан жасалған) киімдер. Ондай киімдермен немесе ондай киімнің үстінде намаз оқуға тыйым салынады.

Екіншісі – тек ер кісілерге тыйым салынған киімдер. Оған жібектен тоқылған, алтынмен зерленген киімдер жатады. Басқа киім таппаған кезде бұл киімдермен намаз оқуға болады. Егер киім матасының құрамында жібектің құрамы өте аз болса, онымен намаз оқуға рұқсат етіледі.

Әбу Осман ән-Нәһди: *«Утба ибн Фарқадпен Әзірбайжанда болған кезімізде бізге Омардың (Аллаһ оған разы болсын) хаты келді. (Ол хатта) Аллаһтың елшісі (с.а.с.) жібектен мынадайдан басқасына тыйым салынады деп бас бармақтан кейінгі екі саусақпен ишарат етті. Біз оны ою-өрнек деп ойладық»,* – деген³.

4. Құбылаға қарау

Намаздың дұрыс болуының бір шарты – намазды Мекке қаласында орналасқан, қасиетті Қағбаға қарап оқу. Құбылаға қарау намаздың шарты екендігіне:

«Қайдан шықсаң да жүзіңді Харам мешітіне бұр. Қайда болсаңдар да, жүздеріңді солай (Қағбаға) қаратындар»⁴, – деген аят дәлел болады.

¹ Сахих әл-Бұхари, Китәб әс-салаһ, 345.

² Сунән Әбу Дауд, Китәб әс-салаһ, 541.

³ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-либәс, 5380.

⁴ «Бақара» сүресі, 150-аят.

Әл-Харам мешітінде болған кісі намаз оқығанда, міндетті түрде дәл Қағбаның өзіне қарауы керек. Ал Қағбадан алыс, оны көрмей тұрған кісі намазды Қағба орналасқан тарапқа қарап намаз оқыса, жеткілікті болады. Себебі Пайғамбар (с.а.с.):

6. Ниет

Ниет араб тілінде «мақсат» деген мағынаны береді.

Шариғаттағы мағынасы: бір амалды істеуге жүректі бекіту.

Ниет – жүректің ісі, сондықтан оны тілмен айту шарт емес. Барлық ықыласын, көңілін намазға бұрып, ойын жинақтау үшін ниетті тілмен айтуға да болады, бірақ дауыстап айтпайды. Себебі ниетті тілмен айту туралы дерек бізге Пайғамбарымыздан (с.а.с.) немесе бірде-бір сахабадан жетпеген. Ал кейбір діни білімі таяз адамдардың ниетті дауыстап және қайталап айтулары дұрыс емес. Омар (Аллаһ оған разы болсын) бұлай жасаған адамды сөккен, себебі ол адамдардың көңіліне күдік ұялатады әрі намаз оқушыларға бөгет жасайды¹.

Ниет – намаздың дұрыс болуының негізгі шарттарының бірі және барлық ғибадаттың қабыл болуының ең басты шарты. Пайғамбар (с.а.с.):

«Шын мәнінде, амалдар тек ниет арқылы (бағаланады) және кім нені ниет етсе, оған сол (тиесілі) болады...», – деген².

Парыз және уәжіп намаздарының ниетіне қатысты шарттар:

1. Алдымен көңіліне қай парыз немесе уәжіп намазын оқитынын бекіту. Мысалы, намаз оқушы бесін, екінті намаздарының парызын немесе үтір намазын оқуды ойына алуы. Себебі парыз намаздарының саны көп әрі бір парыз намаз екінші парыз намазының орнына жүрмейді. Сондықтан тек қана парыз намазын оқуды ниет ету қай парыз намазы екендігін толық ашпайды. Ал қанша рақағат оқуды белгілеу міндетті емес. Өйткені әрбір парыз бен уәжіп намаздарының рақағат саны әуел бастан белгіленіп қойылған.

Егер адам сүннет немесе нәпіл намазын орындауды ниет етсе, оның қай сүннет немесе нәпіл намазы екендігін нақтылау міндет емес, жалпы сүннет намазын оқуға ниет ету жеткілікті³.

Мысалы, бесін не құптан намазының сүннетін орындауды нақтылау шарт емес.

2. Ниетті тәкбиратул-ихрамнан (намазды бастау тәкбірі) бұрын немесе тәкбиратул-ихрам жасап жатқан кезде нақтылау керек. Егер намазхан ниетін нақтыламай, жалпы намаз оқуды ғана ниет етіп, тәкбиратул-ихрамнан кейін ғана оқып тұрған намазын парыз не уәжіп намазы деп ниетін бекітсе, ол

¹ Әл-Муфассал фи әл-фиqh әл-ханафи, I том, 132-133-беттер.

² Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-уахи, 1. Сахих Муслим, Бәб қаулиһи иннәмә әл-ағмәл би ән-ния, 155.

³ Әл-Муфассал фи әл-фиqh әл-ханафи, I том, 132-133-беттер.

намазы парыздың да, уәжіптің де, парыз намазының қазасының орнына да жүрмейді. Ол намазы нәпіл намазы болып қалады. Ал парыз намазының ниетін жаңылысып не ұмытып, намазды жалпы ниетпен бастап кетіп, одан кейін жаңылысқаны есіне түсіп, тәкбиратул-ихрамды қайта алып, намазын қайта бастаса, намазы дұрыс деп есептеледі.

3. Ниетті дәл тәкбиратул-ихрамның алдында нақтылау шарт емес. Мысалы, бір кісі таң намазына тұрып, парызын оқуды ниет етіп, дәрет алып, киімін киіп болғаннан кейін, ниетті таң намазының парызы екенін нақтыламастан, намазын бастап кетсе, оның намазы дұрыс деп есептеледі. Бірақ мұнда ескертетін бір жайт бар: егер адам ниет еткеннен кейін намазға қатысы жоқ басқа іс-әрекеттермен айналысып кетсе, намаз оқудың алдында ниетін қайтадан нақтылауы қажет. Мысалы, таң намазын оқуға ниет етіп, сонан соң дәрет алып болғаннан кейін тамақтанса, ниетті қайта нақтылауы керек. Себебі тамақтану намазға қатысты талап етілетін амалдарға жатпайды¹.

Ниетке қатысты үкімдер

1. Ниет – жүректің ісі, оны тілмен айту шарт емес. Сондықтан жүрегімен бесін намазының парызын өтеуді ниет еткен адам тілімен екінті намазының парызын өтеуді айтса, тілімен айтқаны емес, жүрегімен бекіткені есепке алынады. Яғни бұл мысалда намаз оқушының бесін намазына жасаған ниеті дұрыс деп табылады.

2. Ниет еткенде ракағат санын нақтылау шарт емес, бірақ нақтылаған күннің өзінде оның намазға келіп-кетер еш зияны жоқ. Мысалы, таң намазын төрт ракағат етіп оқуды ниет етсе, оның ниеті екі ракағат болды деп есептеліп, намазы дұрыс саналады. Себебі, жоғарыда айтылғандай, парыз намаздарының ракағат саны шариғат бойынша нақты бекітіліп қойылған.

3. Намазға бір ниетпен кірген адам намаз оқу барысында ниетін басқа намазға өзгертер болса, оның бұл өзгертуі алғашқы ниетін өзгерте алмайды. Мысалы, намазхан бесін намазының парызын оқуды ниет етіп, намазды бастап кеткеннен кейін оқып тұрған намазын сүннет намазы етіп өзгерткісі келсе, оның оқып тұрған намазы сүннет болып өзгермей, сол парыз намазы ретінде қалады.

4. Егер парыз намазын оқуға ниет етіп, намазын бастаған адам сүннет намазын оқып тұрмын деп ойласа, осы қалыпта намазын тамамдайды. Оқып болғаннан кейін есіне түссе, намазы парыз намазы деп есептеледі де, оны қайтадан оқымайды.

5. Қаза намазының ниетімен әдә (уақтылы) оқитын намазды және әдә (уақтылы) намазының ниетімен қаза намазын оқуға болады. Мысалы, бір кісі «бесін намазының уақыты шықпады» деген оймен бесін намазын оқиды және намазын оқып болғаннан кейін ғана бесін намазының уақыты өзі намаз

¹ Әл-Муфассал фи әл-фиqh әл-ханафи, I том, 132-133 беттер.

оқуды бастаудан бұрын шығып кеткендігін білсе, оның намазы дұрыс деп есептеледі. Сол сияқты «бесін намазының уақыты шығып кетті, енді екінті намазының уақыты» деген оймен бесін намазын қаза ниетімен оқып болғаннан кейін, бесін намазының уақыты шықпағаны оған белгілі болса, намазы өз уақытында (әдә) оқылған деп есептеледі¹.

6. Егер мұсылманның мойнында өтелуі тиіс қаза намаздары көп болса, қай қаза намазын өтейтінін алдын ала нақтылап алуы керек. Мысалы, ең соңғы бесін немесе екінті намазының қазасын өтеуге ниет ету. Бұл мәселеге «қаза намазы» тақырыбында тоқталамыз.

7. Имам әйелдерге имам болуды ниет етуі керек. Ал ер кісілерге имам болуды ниет ету шарт емес. Бұл туралы «жамағат намазы» тақырыбынан толық оқи аласыздар.

¹ Әл-Муфассал фи әл-фиqh әл-ханафи, I том, 134-бет.

НАМАЗДЫҢ ПАРЫЗДАРЫ (РУКІНДЕРІ)

Намаздың парыздары дегеніміз – намаздың ішінде міндетті түрде орындалуы тиісті негізгі амалдар. Егер намазхан намаздың парыздарының бірін үзірсіз тастап кетсе, оның намазы бұзылады. Намаздың парыздары алтау:

1. Тахрима – Аллаһқа деген шынайы ықыласпен намазды бастау. Кей еңбектерде ол «тәкбиратул-ихрам» деп аталады¹. Қазақ тіліндегі кітаптарда ол «алғашқы тәкбір» деп аударылып жүр.

2. Парыз және уәжіп намаздарын тұрып оқу.

3. Құран оқу.

4. Рукуғқа бару.

5. Сәждеге бару.

6. Соңғы отырыс. «Тәшәһһуд» дұғасын оқуға кететін уақыт соңғы отырыста отыру.

1. Тахрима

Тахримасыз намаз басталмайды. Тахрима араб тілінде «харам» деген сөзден шыққан туынды сөз. Мағынасы: бір нәрсені харам ету, одан тыю. Ал шарифатта бұл амалдың «тахрима» деп аталуының себебі, намаз оқушыға осы іс арқылы намаздың ішінде орындалатын амалдардан басқа істерді орындауға тыйым салынады.

Ескерту: Тахрима жай «Аллаһу әкбар» деп айту және қол көтеру емес, ол – Аллаһ үшін ықыласпен ниет етіп намазды бастау.

Әбу Ханифа мен Әбу Юсуф тахриманы намаздың шартына (сыртқы парызына) жатқызған. Ал имам Мұхаммед әш-Шәйбәни оны намаздың рукініне (ішкі парыздарына) жатқызған.

Тахриманың парыз екендігін мына хадистен байқауға болады:

Әли (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.): «Намаздың кілті – тазалық, тахримы (басталуы) – тәкбір, тәхлил² (аяқталуы) – сәлем», – деді»,* – деген³.

Тәкбиратул-ихрамның (алғашқы тәкбірдің) дұрыс болу шарттары:

1. Аллаһ тағала үшін шынайы ниетпен, ықыласпен болу. Тахримді «Аллаһу әкбар» сөзімен бастау – уәжіп, оның орнына «Аллаһу архам», «Аллаһу Рахман» және т.б. Аллаһты еске алатын сөздермен бастаса, намазы дұрыс, себебі бұл сөздердің мағынасы да Аллаһты ұлықтауды, еске алуды

¹ Мысалы, «әл-Фикһ әл-ханафи уә әдилләтуһ» кітабында 152-бетте.

² Хадистегі «тәхлил» термині намазда тыйым салынған істерді жасауға рұқсат деген мағынаны білдіреді.

³ Сунән әт-Тирмизи, Китәб әт-таһара, 3.

білдіреді. Бірақ намаз оқып болғаннан кейін намаздың уәжібін (яғни «Аллаһу әкбар» сөзін) тастағаны үшін сәһу сәждесін жасайды¹.

2. «Тәкбиратул-ихрамды» толығымен тіке тұрып айту. Кешігіп келген адам имамға ілесемін деп асығып, тәкбиратул-ихрамның бір бөлігін тұрып, екінші бөлігін рукуғқа барып айту дұрыс емес, сол себепті мұндай жағдайда намазды қайта бастау керек болады.

Рукуғта тұрған имамға ілесемін деп, тек тәкбиратул-ихрамды тұрып айтып, рукуғтың тәкбірін айтпаса, намазы дұрыс және намазын қайта оқымайды.

3. «Тәкбиратул-ихрамды» өзі еститіндей дауыспен айту. Егер даусы жай шығып, тәкбірдің біраз әріптерін естуге мүмкіндігі болмаса, зияны жоқ. Сол сияқты шулы жерде намаз оқығанда, өзі есту үшін даусын табиғи жағдайдан жоғары көтермейді. Мылқау не ауру адам шамасы жеткенше тілін қозғалтып айтады. Оған шамасы келмесе, тек тәкбірге ниет етеді де қояды. Ол адамның мойнынан тәкбірді айту түседі.

2. Парыз және уәжіп намаздарында тік тұру.

Намазда тік тұрудың парыз екендігіне мына аят дәлел: **«Намаздарға, әсіресе, орта намазға сақтық істендер! Әрі Аллаһқа бойсұнған түрде тұрыңдар»².**

Яғни намазда тіке тұрыңдар. Пайғамбар (с.а.с.) парыз намаздардың барлығын тұрып оқыған.

Имран ибн Хусайн (Аллаһ оған разы болсын): *«Мен көтеу ауруымен (геморрой) ауыратын едім. Пайғамбардан (с.а.с.) (осы ауру кезінде оқылатын) намаз туралы сұрадым. Ол (с.а.с.): «Намазды тұрып оқы, оған шамаң келмесе, отырып оқы, оған шамаң келмесе, жаныңмен (жантайып жатып) оқы», – деді», – деген³.*

Асылы, намаз тұрып оқылуы керек, оған шамасы келмеген кезде ғана отырып оқиды.

Қиямға қатысты әртүрлі үкімдер:

1. Тіке тұру дегеніміз – адамның табиғи түрде екі аяғымен тік тұруы. Яғни одан өзінің денесінің табиғи жағдайын өзгертіп, тіп-тік тұру талап етілмейді.

2. Кәрілік, бүкірлік және басқа да ауру себебінен рукуғте тұрғандай еңкейіп қалса да, намазға одан зиян келмейді. Ондай жағдайдағы адам тек рукуғ үшін әдеттегіден сәл еңкейе түседі немесе басымен рукуғке барғанын ишаратпен білдіреді.

3. Науқастануына байланысты тіке тұра алмайтын жағдайда, жоғарыда келген хадисте айтылғандай, шамасы жеткенше отырып я болмаса жатып

¹ Әл-Муфассал фи әл-фиqh әл-ханафи, 136-бет.

² «Бақара» сүресі, 238-аят.

³ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-жумға, 1050.

оқиды. Бұл туралы «Ауру адамның намазы» атты тараудан толық оқи аласыз.

4. Парыз намазын тұрып оқуды бастаған адамның басы айналып немесе тұруға шамасы келмей әлсіреп қалса, оған намазын отырып жалғастыруға рұқсат етіледі. Басы айналғаны тоқтап, тұрып оқуға шамасы келген сәтте қайта тұрып, намазын оқи береді. Ал намаз оқып біткенше басы айналғаны тоқтамаса немесе әлсіздігі кетпесе намазын отырып аяқтайды.

5. Жоғарыда айтқандай, намазды тұрып оқу парыз және уәжіп намаздарының шарттарына жатады. Ал сүннет пен нәпіл намаздарында шарт емес, аталмыш намаздарды отырып та оқуға рұқсат етіледі. Бірақ тұрып оқығанның сауабы көбірек. Себебі Пайғамбарымыз (с.а.с.) сүннет пен нәпіл намаздарын да тұрып оқыған.

Мүміндердің анасы Айша (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қартайғанға дейін түнгі намазды отырып оқығанын көрмегендігін айтқан¹.

Имран ибн Хусайн (Аллаһ оған разы болсын) көтеу ауруымен ауырушы еді. Ол: *«Мен Аллаһ Пайғамбарынан (с.а.с.) адамның отырып оқыған намазы жайлы сұрадым. Сонда (Пайғамбар (с.а.с.)): «Егер тұрып оқыса абзал. Отырып намаз оқығанға тұрып оқыған адамның жарты сауабы жазылады, ал жатып оқығанға отырып оқығанның жарты сауабы жазылады», – деді», – деген².*

Яғни дені сау бола тұра, нәпіл намаздарды отырып оқыған адам, тұрып оқығанның жарты сауабын алады. Ал денсаулығының нашарлығына байланысты тұрып оқуға шамасы жетпеген адам толық сауап алады.

3. Құран оқу

Намазға тұрғанда Құранның бір сүресін немесе бірнеше аятын оқу – парыз. Өйткені Аллаһ тағала Құранның түнгі намаз оқу туралы айтқан аятында намазда адам өзіне оңай әрі толық меңгерген тұсын (яғни сүре мен аяттарды) оқуға бұйырған: **«Ал енді Құраннан жеңіл келгенін оқындар»³**. Яғни Құраннан өздеріңе сол уақытта ыңғайлы болғанын оқындар деген мағынада.

Пайғамбарымыздан (с.а.с.) намазда Құран оқуға қатысты көптеген хадистер жеткен. Мысалы,

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһтың елшісі (с.а.с.): «Қырағатсыз (яғни Құран оқымай) намаз жоқ», – деді», – деген.*

¹ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-жумға, 1051. Бұл хадисті имам Әбу Дауд те риуаят еткен.

² Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-жумға, 1048.

³ «Муззәммил» сүресі, 20-аят.

Әбу Һурайра: «Аллаһ елиісі (с.а.с.) жария оқығанды (яғни дауыстап оқыған намазды) сендерге жария оқыдық, ол (с.а.с.) жасырғанды (яғни іштей оқыған намазды) жасырдық (яғни іштей оқыдық)», – деп айтқан¹.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): «Аллаһ елиісі (с.а.с.) мешітке кіргенде, бір кісі де мешітке кіріп, намаз оқып болғаннан кейін Пайғамбарға (с.а.с.) сәлем береді. Ол (с.а.с.) (сәлеміне) жауап қайтарғаннан кейін: **«Бар! Намазыңды қайта оқы»**, – дейді. Ол алғашқы оқығаны секілді намазды қайтадан оқып, қайта келеді де, Пайғамбарға (с.а.с.) сәлем береді. Ол (с.а.с.): **«Бар! Намазыңды қайта оқы»**, – деп үш рет айтады. Сонда ол кісі: «Сені шындықпен жібергенмен (Аллаһ)пен ант етемін, бұдан жақсы оқи алмаймын, маған үйрет», – дейді. Пайғамбар (с.а.с.): **«Егер намазға тұрсаң, тәкбір айт, одан кейін өзіңе оңай тиген Құран оқы², одан кейін еңкейіп, (дененді) жайбарақат сезінгенше рукуғ қыл. Одан кейін (дененді) көтеріп, тік тұр. Сосын маңдайыңды жерге тигізіп, (дененді) жайбарақат сезінгенше сәжде жаса. Сосын жайбарақат (дененді) сезінгенше (басыңды) көтеріп отыр. Және осыны барлық намаздарыңда орында»**, – деді», – деген³.

Жоғарыда келтірген аят пен хадистерден Құран оқу намаздың бір парызы екендігін түсінеміз.

Қырағатқа (намаз оқығанда оқылатын Құранға) қатысты мәселелер мен үкімдер:

1. Қырағат уәжіп, сүннет және нәпіл намаздардың барлық ракағаттары мен парыз намаздардың алғашқы екі ракағатында – парыз. Ал парыз намаздардың басқа ракағаттарында қырағат уәжіп. Бұл туралы намаздың уәжіптері тарауынан толық оқи аласыздар.

2. Қырағаттың ең азы – әр ракағатта бір аят оқу. Әбу Юсуф пен Мұхаммед әш-Шәйбәни: «Қырағаттың ең азы – қысқа үш аят немесе ұзын бір аят», – деген⁴.

Бірақ тек бір аятты ғана оқудың үкімі «мәкруһ тахрими». Себебі «Фатиха» және бір сүре оқу намаздың уәжібіне жатады.

3. Қырағат дұрыс болу үшін оны өзіне естілер-естілмес дәрежеде оқу керек. Себебі дауыс шығару – қырағаттың шарттарының бірі. Бірақ шулы жерде намаз оқыған адамға өзі есту үшін даусын табиғи қалыптан жоғары көтеру шарт емес. Сондай-ақ тілді дауыссыз қозғалтып оқу да дұрыс емес⁵.

4. Мылқау және басқа да себепті тілін қозғалта алмайтын адам Құранды жүрегімен оқиды.

¹ Сахих Муслим, Китәб әс-салаһ, 599. Муснәд Ахмад, Китәб муснәд әл-муksирин, 773.

² Яғни Құранның бір сүресін не бірнеше аяттарын оқы.

³ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-әзән, 715. Сахих Муслим, Китәб әс-салаһ, 602.

⁴ Әл-Ихтияр, I том, 94-бет.

⁵ Әл-Муфассал фи әл-фиqh әл-ханафи, 138-бет.

5. Әбу Ханифа мазһабында имамға ұюшы Құран оқымайды. Олар өз пікірлеріне мына хадисті дәлел еткен:

Жәбир (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Кімнің имамы болса, имамның қырағаты – оған қырағат», – деді»,* – деген¹.

Жәбир ибн Абдуллаһ (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.): «Имamnың артында оқылған (Фатихасыз) намаздан басқа, Уммул кітапсыз (Фатихасыз) оқылған намаз кем», – деді»,* – деген².

Әбу Нұрайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Имам оған үю үшін. Егер тәкбір алса, тәкбір алыңдар. Егер (Құран) оқыса, тыныш тұрыңдар», – деді»,* – деген³.

Имам Ахмад, Сағид ибн әл-Мусайяб, Хасан, Ибраһим, Мұхаммед ибн Кағб және әз-Зухри **«Құран оқылса, оны тыңдаңдар және тынышталыңдар»**⁴ деген аятты намазға қатысты түскен деп айтқан⁵.

Аятта екі амалға бұйрық бар. Біріншісі – Құранды тыңдау, екіншісі – тынышталу. Іштей оқылатын намаздарда Құранды тыңдау мүмкін болмағанмен, тынышталуға болады. Аяттың сыртқы мәніне сүйенсек, имам Құран оқығанда тыныштық сақтау керек деген мағына шығады.

6. Намазда Құран тек араб тілінде оқылады. Басқа тілге Құранның өзі емес, оның мағыналық аудармалары ғана жасалады⁶.

4. Әрбір ракағатта рукуғке бару

«Рукуғ» сөзі араб тілінде «еңкею» деген мағына береді. Ал шарифат термині ретінде «намаз оқу кезінде еңкейіп екі алақанмен тізені жауып тұру» деген мағына береді.

Рукуғтың парыз екендігіне Аллаһтың: **«Ей, иман келтіргендер! Рукуғ және сәжде жасап, Раббыларыңа ғибадат етіндер»**⁷, – деген аяты дәлел.

Сонымен қатар Пайғамбардың (с.а.с.) көптеген хадистерінде рукуғтың парыз екендігі баяндалған, соның бірі жоғарыдағы Әбу Нұрайрадан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадис.

Рукуғтың парызы өтелетін ең аз мөлшері екі қолды созған кезде тізеге жететіндей еңкею. Ал бүкір және басқа да кесел себебінен тік тұрған кезі мен еңкейген кезі бірдей болса, рукуғке барған кезде көбірек еңкейе түседі я болмаса рукуғке барғанын басымен ишарат етеді.

¹ Сунән Ибн Мәжәһ, Китәб икама әс-салаһ уа әс-суннәту фиһә, 840.

² Әд-Даракутни, I том, 327-бет.

³ Әд-Даракутни, I том, 327-бет.

⁴ «Ағраф» сүресі, 204-аят.

⁵ Әл-Фикһ әл-ханафи уә әдилләтуһ, I том, 154-бет.

⁶ «Не үшін Құран араб тілінде оқылады?» деген сауалға «Күдікпен күрес» және «Ислам ғылымхалы» атты еңбектерден толық жауап таба аласыздар.

⁷ «Хаж» сүресі, 77-аят.

5. Әр ракағатта екі рет сәжде жасау

«Сәжде» сөзі араб тілінде «мойынсыну», «бағыну» және «мандайын жерге тигізу» деген мағыналарды береді.

Ал шарифаттағы мағынасы: намаз оқыған кезде мандайды, мұрынды, екі қолды, екі тізені және екі аяқтың басын жерге тигізу.

Сәжденің парыз екендігіне Аллаһтың: **«Ей, иман келтіргендер! Руқуғ және сәжде жасап, Раббыларыңа ғибадат етіндер»¹**, – деген аяты дәлел болады.

Ал Аллаһ елшісінің (с.а.с.) сүннетінен төмендегі хадистерді дәлел ретінде келтіруге болады:

Ибн Аббастан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.): «Бізге жеті сүйекпен сәжде етуге, киімді және шашты жинамауға әмір етілді», – деді», – деген².*

Ибн Аббас (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.) жеті мүшемен – маңдай, екі қол, екі тізе, және екі аяқпен сәжде етуге әрі шаш пен киімді жинамауға³ бұйырылды», – деген⁴.*

Сәжденің парызы өтелетін ең аз мөлшері – мандайды жерге қою. Сәжденің уәжіптері мен сүннеттеріне келесі тарауларда тоқталамыз.

6. Соңғы отырыс

Намаздың ең соңында «тәшәһһуд» дұғасын оқитындай уақыт отыру намаздың парызына жатады.

Пайғамбар (с.а.с.) Ибн Масғудтың (Аллаһ оған разы болсын) қолынан ұстап, намазда «тәшәһһуд» дұғасын оқуды үйретеді. Ол (с.а.с.): *««Әт-тәхийәту лилләһи уәс-салауәту уәт-тайибат(у). Әс-сәләму ғаләйкә айюһан-нәбию уә рахматуллаһи уә бәрәкәтуһ(у). Әс-сәләму ғалайнә уә ғалә ғибадил-ләһис-салихин(а). Әшһәду әллә иләһә илләллаһу уә әшһәду әннә Мухаммәдән ғабдуһу уә расулһ», – деп айт. Егер осыны болсаң (немесе осыны істесең), онда намазыңды болғаның. (Одан кейін) тұруды қаласаң – тұр, отыруды қаласаң – отыр», – деген⁵.*

Осы хадистегі «осыны істесе» деген тіркес соңғы отырыстың парыз екендігінің дәлелі.

Осы аталған алты амал – ханафи мазһабында парыз. Имам шафиғи мазһабында оған қоса тағы бес амалды намаздың парызына жатқызады. Олар:

1. «Фатиха» сүресін оқу.
2. Руқуғтен кейін тік тұру.

¹ «Хаж» сүресі, 77-аят.

² Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-әзән, 768.

³ Бұл жерде етек-жеңді түріп намаз оқудың мәкруһ екендігі айтылған.

⁴ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-әзән, 767.

⁵ Муснәд Ахмад, Китәб муснәд әл-муқсирин, 3804.

3. Екі сәжде арасында толық отыру.
4. Соңғы отырыста тәшәһһудты және салауатты оқу.
5. Намаз соңында сәлем беру.

Осы аталғандардың барлығы ханафи мазһабында намаздың уәжіптеріне жатады. Тек соңғы отырыста салауат айту – сүннет.

Бұдан байқайтынымыз, намаздың ішінде орындалатын амалдар бірдей және намаз оқығанда бұл амалдарды міндетті түрде орындау керек. Тек үлкен имамдар соңғы бес амалдың намаздың дұрыстығына әсері қаншалықты дегенде әртүрлі пікір ұстанған.

Әбу Ханифа мазһабында намазхан соңғы бес амалдың бірін біле тұра, әдейі тастап кетсе, намазы бұзылады және намаздың уақыты шықпаса, оны қайта оқу керек, ал уақыт шығып кетсе, намазы дұрыс деп есептеледі, бірақ намаздың уәжібін тастағаны үшін күнәкар атанады. Ал білместен, жаңылысып тастап кетсе, намаз бұзылмайды, бірақ намаз соңында сәһу сәждесін жасайды.

Имам Шафиғи мазһабында соңғы бес амалдың бірін тастап кеткен кісінің намазы бұзылады.

НАМАЗДЫҢ УӘЖІПТЕРІ

Ислам дінінде бес парыздың бірі намаз екендігі баршаға аян. Сондықтан да әрбір мұсылманның намаз уәжіптерінің үкімдерін толық менгергені жөн. Сонымен бірге намазхан кісі намаз уәжібін жай біліп қана қоймай, міндетті түрде орындауы да керек. Егер намаз оқып жатқан адам намаз уәжіптерінің бірін қателесіп не жаңылысып тастап кетсе, намазда жіберген кемшілігінің орнын толтыру үшін намаз соңында сәһу сәждесін жасайды. Ал ешқандай үзірсіз, біле тұра, уәжіпті әдейі орындамаған кісі күнәкар болады және намаздың уақыты шықпаса, намазын қайта оқиды. Егер намаздың уақыты шыққанша қайта оқымаса, намаздың қазасын өтемейді, бірақ намазы мәкруһ тахримимен (харамға жақын мәкруһ) дұрыс деп есептеледі, яғни мойнына жүктелген парызынан құтылады.

Намаздың уәжіптері:

1. Тәкбиратул-ихрамды «Аллаһу әкбар» деген сөзбен айту. Егер қателесіп не жаңылысып, мысалы, «Аллаһу ағзам» немесе «Аллаһ архам» деп қойып, намазының басында жаңылысқанын байқаса, намазын қайта бастайды. Егер намаздың ортасында жаңылысқанын байқаса, намазын бұзбайды, бірақ намаз соңында сәһу сәждесін жасайды. Дәлел:

Рифаға ибн Рафиғ риуаят еткен ұзақ хадисте: *«Бір кісі мешітке кіріп намаз оқиды... Пайғамбар (с.а.с.): «Дәрет алып, дәретті орындарына қоймайынша¹, одан кейін тәкбір алып², Аллаһқа мақтау-мадақ айтқанша, адамдардың ешқайсысының намазы толық болмайды», – деді»,* – делінген³.

Басқа риуаятта: *«Дәрет алып, дәретті орындарына қоймайынша, одан кейін «Аллаһу әкбар» деп айтпайынша»,* – деп келген⁴.

Әбу Нурайрадан келтірілген жоғарыдағы ұзақ хадисте Пайғамбар (с.а.с.): *«Егер намазға тұрсаң тәкбір айт»,* – деп келген.

2. «Фатиха» сүресін оқу. Парыз намаздарының алғашқы екі ракағатында, сүннет және нәпіл намаздарының барлық ракағаттарында «Фатиха» сүресін оқу – уәжіп. Оған төмендегі хадис дәлел:

Убада ибн әс-Самит (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһтың елиісі (с.а.с.): «Кітаптың фатихасын⁵ оқымаған кісіге намаз жоқ», – деді»,* – деген⁶.

Әбу Нурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.): «Кім Уммүл Құрансыз¹ намаз оқыса, ол (намаз) кем, толық емес», – деп үш рет*

¹ Яғни дәрет алынатын дене мүшелерін жумайынша.

² Яғни «Аллаһу әкбар» деп айту.

³ Сунән Әбу Дауд, Китәб әс-салаһ, 730.

⁴ Муғжам әт-Табарани, V том, 38-бет.

⁵ Құранның беташары, яғни «Фатиха» сүресі.

⁶ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-әзән, 714. Сахих Муслим, Китәб әс-салаһ, 595.

рет айтқан», – деген². Яғни намазда «Фатиха» сүресін оқымаған адамның намазы дұрыс болғанмен, толық емес.

Қалған үш мазһабта «Фатиха» сүресін оқу намаздың парыздарына жатады. Олар жоғарыда келтірілген және басқа да хадистерге сүйеніп, «Фатихасыз намаз дұрыс емес» деген.

3. Зәм сүресін оқу. Парыз намаздарының алғашқы екі ракағатынан кейін сүннет және нәпіл намаздарының барлық ракағаттарында «Фатиха» сүресінен кейін бір сүре қосу уәжіп. Кейбір еңбектерде ол сүре «зәм» (қосымша) сүресі деп аталады. Оның парызы өтетін ең аз мөлшері қысқа үш аят немесе ұзын бір аят оқу.

Оған мынадай хадис дәлел:

Абдуллаһ ибн Әбу Қатада әкесінен (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.) бесін және аср намаздарының алғашқы екі ракағатында Фатихаға бір сүре қосып оқитын. Бізге аятты анда-санда естіретін. Соңғы екі ракағатта Фатиханы оқитын», – деген³.*

Сүннет және нәпіл намаздарының барлық ракағаттарында «Фатиха» сүресін және тағы бір сүрені қосып оқудың уәжіп болу себебі, бұл намаздардың әр екі ракағаты өз алдына жеке намаз деп есептеледі. Оған дәлел:

Әл-Фадл ибн Аббас (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.): «Намаз екі-екіден (яғни екі ракағаттан), әр екі ракағатта тәшәһһуд (оқылады)», – деді», – деген⁴.*

Осыған байланысты фақиһтер «сүннет және нәпіл намаздарын төрт ракағат етіп оқыған кезде, бірінші отырыстан үшінші ракағатқа тұру «тәкбиратул-ихрамның» орнына жүреді» дейді. Сол себепті соңғы екі ракағатын бұзып алған адамның алғашқы екі ракағаты дұрыс деп есептеледі⁵.

4. Фатиха және одан кейінгі сүрені ретімен оқу. Яғни алдымен «Фатиха» сүресін, одан кейін басқа сүрені немесе аяттарды оқу. Себебі Пайғамбар (с.а.с.) намазда зәм сүресін үнемі Фатихадан кейін оқыған және бізге намазды өзі қалай оқыса, солай оқуды міндеттеген.

«Менің намаз оқып тұрғанымды қалай көрсеңдер, намазды солай оқыңдар», – деген⁶.

Егер намазхан қателесіп, алдымен басқа сүрені оқып қойса, Фатиханы оқып болғаннан кейін, зәм сүресін қайтадан оқиды. Егер рукуғке барып

¹ «Фатиха» сүресі «Уммул Құран» деп те аталады.

² Сахих Муслим, Китәб әс-салаһ, 598.

³ Сахих Муслим, Китәб әс-салаһ, 686.

⁴ Сунән әт-Тирмизи, Китәб әс-салаһ, 351.

⁵ Радд әл-мухтар, I том, 459-бет.

⁶ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-әзән, 595.

қойса, намазын жалғастыра береді, тек намаз соңында сәһу сәждесін жасайды.

5. Сәжде жасаған кезде мандаймен қоса мұрынды да жерге тигізу. Мандайды жерге тигізу парыз, мұнсыз намаз дұрыс болмайды. Ал мұрынды жерге тигізу – уәжіп. Намаз оқушы мұрнын жерге әдейі тигізбесе, намазы бұзылады, ал қателесіп не жаңылысып тигізбеген жағдайда, намаз соңында сәһу сәждесін жасайды.

6. Үш не төрт ракағаттан тұратын намаздардың алғашқы екі ракағатынан кейін отыру. Екінші ракағаттан кейін отырмай, үшінші ракағатқа ұмытып не қателесіп тұрып кеткен адам тізесін жазып, бойын тіктегенше жаңылысқаны есіне түссе, отырады. Ал тізесін жазып, бойын тіктегеннен кейін есіне түссе, қайта отырмайды, бірақ намаз соңында сәһу сәждесін жасайды. Ал екінші ракағаттан кейін әдейі отырмаса, намазы бұзылады.

7. Екінші және соңғы отырыста «тәшәһһуд» (әт-тахият) дұғасын оқу.

Абдуллаһ ибн Масғуд (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.): «Егер әр екі ракағатта отырсаңдар: «Әт-тәхийәту лилләһи уә-салауәту уәт-тайибат(у). Әс-сәләму ғаләйкә айюһан-нәбию уә рахматуллаһи уә бәрақәтуһ(у). Әс-сәләму ғалайнә уә ғалә ғибадил-ләһис-салихин(а). Әһһәду әллә иләһә илләллаһу уә әһһәду әннә Мұхаммәдән ғабдуһу уә расулуһ», – деңдер», – деді», – деген¹.*

8. Бірінші отырыста «тәшәһһуд» дұғасын оқып болғаннан кейін, кідірмей үшінші ракағатқа тұру. Егер намазхан ұмытып не қателесіп «салауат» дұғасын оқып қойса, намаз соңында сәһу сәждесін жасайды. Себебі ол үшінші ракағатқа тұруды кешіктірді.

9. Намазды сәлеммен аяқтау. Себебі Пайғамбар (с.а.с.): *«Намаздың кілті – тазалық, тахрими (басталуы) – тәкбір, тәхлилі (аяқталуы) – сәлем», – деген².*

Жалпы, сәлемнің уәжібі «әс-сәләму» деп айту. Ал «әс-сәләму аләйкум уа рахматуллаһи уа баракәтуһ» деп толық айту – сүннет.

10. Намаздың парыздарын асықпай, байыппен өтеу. Мысалы, руқуғке барғанда, денесі, бұлшық еттері еңкейіп тұратын қалыпқа бейімделуі керек. Себебі намазын асығыс, шала оқыған адамға Пайғамбар (с.а.с.) намаз оқуды

¹ Сунән ән-Нәсәи, Китәб әт-татбиқ, 1151. Муснәд Ахмад, Китәб муснәд әл-муksирин, 3945. Осы мағынадағы хадисті Муслим де риуаят еткен.

² Сунән әт-Тирмизи, Китәб әт-таһара, 3.

үйреткен кезде әрбір мүшені қалыпты жағдайға келтіріп, рукуғ, сәжде және басқа да амалдарды асықпай орындауды тапсырған.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елиісі (с.а.с.): «Егер намазға тұрсаң, тәкбір айт, одан кейін Құраннан өзіңе оңай тигенін оқы¹, одан кейін еңкейіп, (денең) жайбарақат халге түскенге дейін рукуғ жаса. Одан кейін (дененді) көтеріп, тік тұрасың. Кейін маңдайыңды жерге тигізіп, (денең) жайбарақат халге түскенге дейін сәжде жаса. Және осыны барлық намаздарыңда орында», – деді», – деген².*

11. Тағдилул-аркан. Намаздың парыздарын дұрыстап, әрбір парызды өз орнымен толық орындау. Рукуғтен тұрғанда, асықпай тік тұру, екі сәжденің арасында орнығып отыру.

Имам Әбу Ханифа мен Мұхаммед әш-Шәйбәнидің пікірінше, намаз барысында «тама'нина» (жайбарақаттық) және «тағдилул-аркан» (дене мүшелерін дұрыс ұстау) – уәжіп. Ал имам Әбу Юсуф пен имам Шафиғидің пікірінше, бір тәсбих айтатын уақыттың көлеміндей жайбарақаттану – парыз. Бұл екі көзқарастың негізінде мынадай екі үкім шығады: Әбу Ханифаның пікірінше, рукуғтан кейін және екі сәжде арасында намазханның омыртқасын туралауы тік ұстағанға қарағанда еңкейгенге жақынырақ болса, намазы дұрыс, бірақ сәһу сәждесін жасауы керек. Ал Әбу Юсуф пен Шафиғидың көзқарасы бойынша, мұндай жағдайда намазханның намазы бұзылады³.

12. Дауыстап оқылатын намаздарда Құранды дауыстап оқу, іштей оқылатын намаздарда іштей оқу. Ханафи мазһабынан басқа мазһабтарда дауыстап және іштей оқу – сүннет.

Дауыстап оқылатын намаздар:

1. Таң намазы.
2. Ақшам намазының алғашқы екі ракағаты.
3. Құптан намазының алғашқы екі ракағаты.
4. Жұма намазы.
5. Екі айт намазы.
6. Тарауих намазы.

Бізге осы аталған намаздарда Құранды дауыстап оқудың сахабалардан (Аллаһ оларға разы болсын) жеткені еш күмән туғызбайды. Себебі сахабалар өз шәкірттеріне намазда Құранды қай кезде дауыстап, қай кезде іштей оқу керек екендігін үйретіп кеткен.

¹ Яғни Құранның бір сүресін не аяттарын оқы.

² Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-әзән, 715. Сахих Муслим, Китәб әс-салаһ, 602.

³ Бәдәиғ әс-санаиғ, I том, 397-399 беттер.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) жария оқығанды¹ сендерге жария оқыдық, ол (с.а.с.) жасырғанды жасырдық²»*, – деген³.

Бесін және екінті намаздарын іштей оқуға мына екі хадис дәлел болады:

Абдуллаһ ибн Әбу Қатада әкесінен: *«Пайғамбар (с.а.с.) бесін және екінті намаздарының алғашқы екі ракағатында «Кітаптың Фатихасымен»⁴ бір сүре оқитын. Бізге аятты анда-санда естіретін. Соңғы екі ракағатта «Кітаптың Фатихасын» ғана оқитын»*, – деген⁵.

Әбу Мағмар: *«Хаббабтан (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ елшісі (с.а.с.) бесін мен екінті намаздарында (Құран) оқитын ба еді?»* – деп сұрадық. Ол: *«Иә»*, – деді. Біз: *«Оны қалай білуші едіңдер?»* – дедік. Ол: *«(Пайғамбардың (с.а.с.)) сақалының тербелісінен»*, – деп жауап берді», – деген⁶.

Бұл екі хадистен шығар қорытынды, Пайғамбарымыз (с.а.с.) бесін мен екінті намаздарында Құранды ішінен оқитын болған.

Ақшам намазын дауыстап оқуға қатысты дәлел:

Ибн Аббастан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын), Умму әл-Фадл бинт әл-Харис оның (Ибн Аббастың) *«Уәл мурсәләти ьурфа»⁷* оқығанын естіп: *«Ей, «Ей, балақай! Сен осы сүрені оқу арқылы маған оның Аллаһ елшісінен (с.а.с.) естіген ең соңғы сүрем екендігін есіме түсірдің. Ол (с.а.с.) оны ақшам намазында оқыған»*, – деген⁸. Яғни Пайғамбар (с.а.с.) ақшам намазында зәм сүресін дауыстап оқыған.

Бұл хадистегі жай имамға қатысты айтылған. Ал намазын жеке оқыған адамның өз еркі өзінде. Қалауына қарап дауыстап немесе ішінен оқи алады.

Имам қателесіп не ұмытып дауыстап оқылуы керек сүрені ішінен, керісінше, іштей оқылуы керек сүрені дауыстап оқып қойса, намаз соңында сәһу сәждесін жасауы керек.

Күндіз нәпіл намазын оқыған адам Құранды ішінен оқыса, түнде нәпіл намазын оқыған кісі Құран аяттарын дауыстап та, ішінен де оқи алады. Себебі Пайғамбар (с.а.с.): *«Күндізгі намаз үнсіз (дауыссыз), түнгі намаз екі құлағыңа естіледі»*, – деген⁹.

Ал бекітілген сүннет намаздары тек іштей оқылады¹⁰.

¹ Яғни дауыстап оқитын намазды.

² Яғни іштей оқылатын намазды іштей оқыдық.

³ Сахих Муслим, Китәб әс-салаһ, 599. Муснад Ахмад, Китәб муснад әл-муксирин, 773.

⁴ Яғни «Фатиха» сүресімен.

⁵ Сахих Муслим, Китәб әс-салаһ, 686.

⁶ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-әзән, 704. Сунән Әбу Дауд, Китәб әс-салаһ, 678.

⁷ «Мурсаләт» сүресін.

⁸ Сахих Муслим, Китәб әс-салаһ, 704. Сунән Әбу Дауд, Китәб әс-салаһ, 687. Муатта, Китәб ән-нидә лис-салаһ, 158.

⁹ Мусаннаф Ибн Әбу Шәйбә, I том, 401-бет.

¹⁰ Әл-Муфассал фи әл-фиқһ әл-ханафи, I том, 144-бет, Бәдәиғ әс-санаиғ, I том, 396-бет.

13. Намаздың іштей не дауыстап оқылуына қарамастан, имамға ұюшы Құран оқымайды. Бірақ ол Құран аятынан басқа дұғалардың барлығын да оқиды. Егер намазда көңілі басқаға бұрылып кетеді деп қауіптенсе, «Фатиха» және басқа сүре мағыналарын ой елегінен өткізіп, қайталап тұруына болады, бірақ оқымайды.

Мәлики мен ханбали мазһабтарында имамға ұюшы іштей оқылатын намаздарда «Фатиха» сүресін оқиды, ал жария намазда имам оқымай тұрған кезде оқиды. Ханафи мазһабынан бұл пікірді Мұхаммед әш-Шәйбәни құптаған. Ал шафиғи мазһабында имамға ұюшы намаздың іштей не жария оқылуына қарамастан, барлық намаздарда «Фатиханы» оқиды¹.

14. Ұюшы намаздың барлық амалдарын имамға ілесе, бірақ одан сәл кейін жасайды, ал имамнан бұрын не онымен жарыса жасауына болмайды.

Әнәс ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Имам оны басылыққа алу үшін (тағайындалған). Егер тұрып оқыса, тұрып оқыңдар, рукуғке барса, рукуғке барыңдар, көтерілсе, көтеріліңдер. Егер: «Самиғаллаһу лиман хамидәһ», – десе, «Раббәнә ләкәл-хамд», – деңдер. Егер тұрып оқыса, тұрып оқыңдар, отырып оқыса, барлығың отырып оқыңдар», – деді», – деген.*

Әл-Хумәйди²: *«Ол (с.а.с.) «Егер тұрып оқыса, тұрып оқыңдар, отырып отырып оқыса, барлығың отырып оқыңдар» деп, бұрынғы науқасы кезінде айтқан. Одан кейін (қайтыс болар алдында ауырған кезде) Пайғамбар (с.а.с.) намазды отырып, ал адамдар оның (с.а.с.) артында тұрып оқыған. Ол (с.а.с.) оларға отырыңдар деп бұйырмаған. Негізгі амал Пайғамбардың (с.а.с.) соңғы ісіне сәйкес жасалады», – деген³.*

Әл-Бара (Аллаһ оған разы болсын): *«Олар (сахабалар) Аллаһ елшісімен (с.а.с.) бірге намаз оқитын. Егер рукуғке барса, рукуғке баратын, рукуғтен басын көтеріп: «Самиғаллаһу лиман хамидәһ», – деп, маңдайын жерге тигізгенге дейін (сахабалар) тік тұратынбыз, одан кейін оған (с.а.с.) ілесетінбіз», – деп айтқан⁴.*

Сонымен қатар Пайғамбар (с.а.с.) имамнан бұрын амал жасауға тыйым салған.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.): «Сендердің біреулерің басын (сәждеден) имамнан бұрын көтерсе, Аллаһ оның басын есектің басы не кейпін есектің кейпі етіп қояды деп қорықпай ма?!» – деді», – деген⁵.*

¹ Китәб әс-салаһ алә әл-мазаһиб әл-арбаға, 146-бет.

² Ол – Абдуллаһ ибн әз-Зубәйр ибн Иса, һижра жыл санауы бойынша 219-жылы қайтыс болған. Ахмад ибн Ханбал оны «имам» деп атаған.

³ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-әзән, 691.

⁴ Сахих Муслим. Китәб әс-салаһ, 730.

⁵ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-әзән, 650.

15. Үтір намазында «күнүт» дұғасын оқу және оған тәкбір айту. Намазхан үтір намазының үшінші ракағатында «Фатиха» мен зәм сүресін оқып болғаннан кейін, «тәкбиратул-ихрам» кезіндегідей екі қолын көтеріп, тәкбір айтады. Сосын екі қолын қайта байлап, «күнүт» дұғасын оқиды.

Мұнда тәкбір алу мен кез келген бір дұға оқу – уәжіп. Ал екі қолды көтеру және «күнүт» дұғасын оқу – сүннет.

16. Намаздың бір немесе бірнеше уәжібінде қателескен намазханға намаз соңында сәһу сәждесін жасау уәжіп болады.

17. Тиләуәт сәждесін жасау. Тиләуәт сәждесі туралы арнайы тақырыпта тоқталамыз.

НАМАЗДЫҢ СҮННЕТТЕРІ

Намаздың сүннеттері – орындалуы міндетті болмаған іс-әрекеттер. Егер намаз оқушы намаздың сүннеттерінің бірін немесе бірнешеуін орындамаса, оның намазы бұзылмайды және ол үшін сәһу сәждесін жасамайды. Алайда намазхан сүннетті орындағаны үшін сауап алады, ал әдейі орындамауы мәкруһ және ол көптеген сауаптан айырылады. Сүннеттерді Пайғамбарымыз (с.а.с.) істеген, бірақ бізге оны міндеттемеген. Дегенмен Аллаһтың Құрандағы: **«Расында, сендер үшін Аллаһты да, Ақырет күнін де үміт еткендер және Аллаһты көп еске алған кісілер үшін Аллаһ елшісінде көркем өнегелер бар»¹**, – деген аятының астарынан үлкен гибратты көруге болады.

Яғни Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) өмір жолы – әрбір мүмін үшін үлгі-өнеге. Оған (с.а.с.) еліктеу бізді оның (с.а.с.) махаббатына жетелейді, оны (с.а.с.) жақсы көру жүрегіміздегі иманның ләззатын сездіреді. Дегенмен сүннет сүннет қалпында қалады. Шарифатымыз мұсылмандарға сүннетті орындауға қанша үндесе де, оны міндеттемеген. Сондықтан кейбір жастардың сүннетті міндетті түрде орындалуы керек амал ретінде қабылдап, мешіттерде іріткі тудырулары мүлдем орынсыз. Осыған орай, саудиялық белгілі ғалым шейх Салих әл-Фаузан: «Басқа сүннеттер секілді намазда да сүннеттерді орындау міндет емес. Кімде-кім оны істесе, сауабы артады. Кімде-кім оларды немесе бірнешеуін орындамаса, оқасы жоқ. Бүгінде кейбір жастардың сүннет амалдарын орындауда астамшылық жасаулары негізсіз. Тіпті сүннет амалдарын қатты ұстану оларды тік тұрған кезде рукуғте тұрғандай қатты еңкеюге, екі қолын сүннетте келген секілді кеудеге немесе кіндіктің астына ұстаудың орнына, мойынға жақын ұстауға және сутра іздейміз деген оймен нәпіл намаздарында сапты тастап, басқа жерге сутра іздеп кетуге апаруда. Сол сияқты бұл асырасілтеушілік сәждеге барғанда, басын алға, аяғын артқа жіберіп, садақ тәрізді созылуға, сапта тұрғанда, екі аяғын қатты ашып, жанында тұрғандарға залалын тигізуге апаруда. Бұл өрескел сипаттар оларды жиіркенішті астамшылыққа алып баруы мүмкін», – деген².

Намаз сүннеттері:

1. Алғашқы тәкбір (тәкбиратул-ихрам) кезінде жасалатын сүннеттер:

Ер адам екі қолды құлақ тұсына дейін, ал әйел адам екі қолын көкірек тұсына дейін ғана көтереді. Саусақтарын еркін, ашып ұстап, алақандарын құбылаға қаратып, өзіне естілетіндей дауыспен «Аллаһу әкбар» деп айтып, жаймен екі қолын төмен түсіреді.

¹ «Ахзаб» сүресі, 21-аят.

² Салих әл-Фаузан, әл-Мулаххас әл-фиқһи, I том, 135-бет.

Сондай-ақ екі қолды иық тұсына дейін көтеру де сүннет. Қолды құлақ тұсына дейін немесе иық тұсына дейін көтерудің екеуінің де сүннет екендігін шейх Ибн Баз да айтып өткен¹. Ханафи мазһабы Пайғамбар (с.а.с.) қолдарын құлақ тұсына дейін көтеруді көбірек істеген деген тұжырымға келгендіктен, екі қолды құлақ тұсына дейін көтеруді алған². Бірақ бұл екі қолды иық тұсына дейін көтермеу керек дегенді білдірмейді. Сол секілді ханбали мазһабы бойынша екі қолды иық тұсына дейін көтеру деген екі қолды құлақ тұсына көтеру сүннетке кереғар дегенді білдірмейді.

Оған мына хадистер дәлел болады:

Уәил (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбардың (с.а.с.) намазға тұрғанда екі қолын иықтың тұсына дейін көтеріп, екі бас бармағын құлақтың тұсына алып барғанын, сосын тәкбір айтқанын көрген³.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) намазға тәкбір айтса, саусақтарын жаятын»*, – деген⁴.

Ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Егер біреулерің намазды бастаса, қолын көтеріп, алақанын құбылаға қаратсын. Өйткені Аллаһ оның алдында»*, – деді», – деген⁵.

2. Тік тұрған кезде жасалатын сүннеттер:

– Оң қолды сол қолдың үстіне қою, яғни оң қолдың алақанын сол қолдың үстіне қою немесе оң қолмен сол қолдың білезігін ұстау. Кейбір ханафи ғалымдары бұл екеуін біріктіріп, оң қолды сол қолдың үстіне қойып, бас бармақ және шынашақпен сол қолдың білезігінен ұстауды тандаған. Дәлел ретінде төмендегі хадистерді келтіруге болады:

Қабиса ибн Һулб әкесінен. Ол: *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) бізге имам болып, сол қолын оң қолымен ұстайтын»*, – деген.

Әбу Иса (имам әт-Тирмизи): «Һулбтың хадисі – «хасан», бұл хадиспен Пайғамбардың (с.а.с.) сахабалары, тәбиғиндер амал жасаған. Олардан кейінгі ғалымдар намазда оң қолды сол қолдың үстіне қояды деген пікірді ұстанған. Кейбіреулері (екі қолды) кіндіктің үстіне қояды десе, екіншілері кіндіктің төменгі жағына қояды және бұл (мәселеде) кеңшілік бар деген», – дейді⁶.

Пайғамбар (с.а.с.): *«Үш амал пайғамбарлардың сүннетінен: ауызашарды асықтыру, сәресіні кешіктіру және намазда оң қолды сол қолдың үстіне қою»*, – деген⁷.

¹ Әд-Дурус әл-муһимма лиаммати әл-умма.

² Әл-Муфассал фи әл-фиqh әл-ханафи, I том, 145-бет.

³ Сунән Әбу Дауд, Китәб әс-салаһ, 622.

⁴ Сунән әт-Тирмизи, Китәб әс-салаһ, 222.

⁵ Әт-Табарани, әл-Муғжам әл-әсуат, VIII том, 7801-бет.

⁶ Сунән әт-Тирмизи, Китәб әс-салаһ, 234.

⁷ Әд-Дарақутни, әт-Табарани, әл-Бәйһақи. Ибн Хиббан сахих деген.

Ханафи мен ханбали мазһабтарында қолды кіндіктен төмен, шафиғи мазһабында кеудеге қою – сүннет. Ал мәлики мазһабында намазхан намазда тұрғанда екі қолды байламайды. Ханафи мен ханбали мазһабындағылар мына хадиске сүйеніп тұжырым жасаған:

Әли (Аллаһ оған разы болсын): *«Намазда (оң) қолды (сол) қолдың үстіне қойып, кіндіктен төмен ұстау сүннеттен»*, – деді¹.

Әл-Хажжаж ибн Хассан: «Әбу Мижләздан естідім (не сұрадым)», – дейді. «Мен (Оған): «(Қолды) қалай қояды?» – дедім. Ол: *«Оң қолының алақанын сол қолының алақанының үстіне қойып, кіндіктен төмен ұстайды»*, – деді². Хадистің иснады жақсы, ал хадисті риуаят еткендердің барлығы сенімді³.

Уәил ибн Хужр: *«Аллаһ елшісінің (с.а.с.) оңын (оң қолын) солының (сол қолының) үстіне қойып, кіндіктің астына ұстайтын»*, – деген⁴.

– Тәкбиратул-ихрамнан кейін, Фатиханың алдында «сәнә» дұғасын оқу – сүннет. «Сәнә» дұғасы: *«Субханәкә Аллаһумма уә бихамдика, уә тәбәракәсмукә уә тағалә жаддукә, уә лә иләһә гайрук»*.

Мағынасы: Уа, Аллаһ! Барлық данқ пен мадақ Саған тән! Сенің есімің берекелі, беделің жоғары әрі Сенен басқа құдай жоқ!

Бұл дұғаны оқудың сүннет екендігіне төмендегі хадис дәлел болады:

Әбу Сағид әл-Худри (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.) намазды бастаса: «Субханәкә Аллаһумма уә бихамдика, уә тәбәракәсмукә уә тағалә жаддукә, уә лә иләһә гайрук»*, – дейтін», – деген⁵.

Сондай-ақ «сәнә» дұғасының орнына төмендегі дұғаны да оқуға болады.

«Уажжәһту уажжи лилләзи фатарас-самауати уал-арда ханифа, уа мә әнә минәл-муширкин. Иннә саләти уа нусуки уа махйә-йә уа мәмәти лилләһи раббил ғаламин. Лә шәрикә ләһ. Уа бизәликә умирту уа әнә минәл-муслимин».

Мағынасы: Шынайы түрде жүзімді аспандар мен жерді Жаратушыға бағыттадым. Расында, намазым, құлшылығым, тіршілігім, өлімім әлемдердің Раббысы Аллаһтікі. Оның серігі жоқ. Соған бұйырылдым және мен – мұсылмандардың бірімін.

Бұл екі дұға бізге Пайғамбарымыздан (с.а.с.) жеткен. Ханафи мазһабында негізінен «сәнә» дұғасын, ал шафиғи мазһабында екінші дұғаны оқуға машықтанған.

Кейбір ханафи ғалымдарының пікірі бойынша, екінші дұға нәпіл намаздарында оқылады⁶.

¹ Сунән Әбу Дауд, Китәб әс-салаһ, 645.

² Мусаннаф Ибн Әбу Шәйбә, I том, 427-бет.

³ Әл-Фикһ әл-ханафи уа әдилләтуһ, I том, 162-163 беттер.

⁴ Ибн Әбу Шәйбә сахих иснәдпен риуаят еткен. Хадисті риуаят еткендер сенімді.

⁵ Сунән ән-Нәсәи, Китәб әл-ифтитах, 889. Осымен мағыналас хадистер Омардан және Айша анамыздан да риуаят етілген.

⁶ Әл-Фикһ әл-ханафи уа әдилләтуһ, I том, 163.

Егер намазхан бұл дұғаны ұмытып не қателесіп, бірден Фатиханы бастап кетсе, дұғаны қайта оқымайды және сәһу сәждесін жасамайды. Имам Құран оқып тұрған сәтте кешігіп келіп, имамға ұйыған адам «сәнә» дұғасын оқымастан, тәкбір алып, имамның артынан Құранға құлақ түріп, тыныш үнсіз тұрады. Себебі Құранды тыңдап, тыныш үнсіз тұру уәжіп, ал «сәнә» дұғасын оқу сүннет.

– Тек бірінші ракағатта «Фатиха» сүресінің алдында ағузуды және әр ракағатта бисмилләні айту. Ханафи мазһабында ағузу мен бисмиллә барлық намаздарда іштей айтылады. Ал шафиғи мазһабында жария оқылатын намаздарда бисмиллә дауыстап айтылады.

– «Фатиха» сүресін оқығаннан кейін «әмин» деп айту да – сүннет.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.): «Егер имам «әмин» десе, «әмин» деңдер. Кімде-кімнің әмині періштелердің әминіне тура келсе, оның өткен күнәлары кешіріледі», – деген», – дейді¹.*

Ханафи мен мәлики мазһабтарында әминді іштей айтқан абзал. Ал шафиғи мен ханбали мазһабтарында әминді жария намаздарында жария айту керек.

Ескерту: барлық мазһабтарда әминді айтудың үкімі – сүннет. Тек «Әминді дауыстап айтқан абзал ма, әлде іштен айтқан абзал ма?» деген сұраққа ғалымдар екі түрлі жауап берген. Жоғарыда айтылған шейх Фаузанның сүннет амалдарына қатысты пікірін қоштай отырып, әмин мәселесі мұсылмандар арасында іріткі тудырмау керектігін баса айту керек. Кімде-кім «әминді» дауыстап айтуды қаласа, оған тыйым салуға болмайтындығы секілді, әминді іштей айтқан адамға да «сен сүннетті тастап кеттің» деп кінә артуға болмайды².

3. Руқуғте орындалатын сүннеттер (руқуғ жасау – парыз, руқуғты байыппен, асықпай жасау – уәжіп):

– Руқуғке бара жатқанда тәкбір айту.

Абдуллаһ ибн Масғуд (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) әр еңкейгенде, көтерілгенде, тұрғанда және отырғанда «тәкбір» айтатын», – деген³.*

–Еңкейіп, екі алақанды тізелердің үстіне қою.

Омар (Аллаһ оған разы болсын): *«Тізені ұстау сүннеттен», – деген⁴.*

Омар (Аллаһ оған разы болсын): *«(Намазда тұрғанда тізені ұстау) сендерге сүннет етілді. Ендеше, тізені ұстаңдар», – деген⁵.*

¹ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-әзән, 738.

² Қазақстанда етек жайған осы даулы мәселеге М.Исаұлы мен Қ.Жолдыбайдың «Ислам ғылымхалы» атты еңбегінің үшінші басылымында 137-141 беттерінде кеңінен тоқталған.

³ Сунән әт-Тирмизи, Китәб әс-салаһ, 235, хасан сахих хадис.

⁴ Сунән ән-Нәсәи, Китәб әт-татбиқ, 1025.

⁵ Сунән ән-Нәсәи, Китәб әт-татбиқ, 1024.

–Саусақтардың арасын ашық ұстау.

Сәлим ибн әл-Баррад: «Бізге Әбу Масғуд әл-Ансари: *«Сендерге Аллаһ елшісінің (с.а.с.) намазын оқып берейін бе?»* – деп, тәкбір айтты, рукуғке барып, бүкіл денесі тынышталғанша екі қолын тізесінің үстіне қойып, саусақтарын ашық ұстады», – деген¹.

– Рукуғте тұрғанда арқасын түзу ұстап, басын төмен түсірмей және жоғары да көтермей денемен бір деңгейде ұстау. Бұл – барлық мазһабтарда сүннет.

Уәбиса ибн Мағбад (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісінің (с.а.с.) намаз оқып тұрғанда рукуғке барса, арқасына су құйса, (су) біркелкі орнында тұратындай (төгілмейтіндей) түзу ұстайтынын көрдім»,* – деді².

Айша анамыздың Пайғамбардың (с.а.с.) намазын сипаттаған көлемді хадисінде: *«Ол (с.а.с.) рукуғ жасаса, басын көтермейтін және түсірмейтін, бірақ бұл екеуінің арасында ұстайтын»,* – деген³.

– Үш рет «Субхана раббиял ғазим» деп айту. Мағынасы: менің Ұлы Тәңірім Пәк.

Бізге Хузайфадан (Аллаһ оған разы болсын) мына бір оқиға жеткен: Ол бір түні Пайғамбардың (с.а.с.) жанына тұрып, намаз оқыған. Сонда ол (с.а.с.) рукуғте *«Субхана раббиял ғазим»,* сәждеде *«Субхана раббиял әлә»* деп айтатын⁴.

Ханафи мазһабында осы сөздермен үш рет тәсбих айту – сүннет. Тәсбихты одан кем айтса, сүннетті орындаған болып есептелмейді. Олар бұл мәселеде мына хадиске сүйеніп шешімге келген:

Ибн Масғуд (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.): «Егер сендердің біреулерің рукуғке барып, үш рет «Субхана раббиял ғазим» десе, рукуғы толық болды және ол ең азы, егер сәжде жасап, сәждеде үш рет «Субхана раббиял әлә» десе, рукуғы толық болды және ол ең азы»,* – деді⁵.

Имам әт-Тирмизи: «Ибн Масғудтың хадисінің иснәді үзілген. Аун ибн Абдуллаһ ибн Утба, Ибн Масғудты кездестірмеген. Бұл хадиспен ілім иелері амал етеді және намазхан рукуғ пен сәждеде үш тәсбихтан кем оқымағаны мустахаб», – деген⁶.

Егер имамға ұйыған адам үш рет тәсбих айтып болғанша, имам рукуғтен не сәждеден тұрып кететін болса, ұюшы тәсбихтерді айтпастан, имамға ілесіп орнынан тұрады. Себебі тәсбих айту – сүннет, ал имамға ілесу – уәжіп.

¹ Сунән әд-Дәrimi, Китәб әс-салаһ, 1271.

² Сунән Ибн Мәжәһ, Китәб иқамати әс-салаһ уа әс-суннату фиһа, 862.

³ Сахих Муслим, Китәб әс-салаһ, 768.

⁴ Сунән ән-Нәсәи, Китәб әл-ифтиһа, 988.

⁵ Сунән әт-Тирмизи, Китәб әс-салаһ, 242.

⁶ Сунән әт-Тирмизи, Китәб әс-салаһ, 242.

Мәлики мен шафиғи мазһабтарында тәсбихты кез келген тәсбих мағынасын беретін сөздермен айтуға болады. Бірақ жоғарыдағы сөздермен айтқан абзал. Мәлики мазһабында тәсбихты қанша рет айту керектігі жөнінде үкім жоқ. Шафиғи мазһабында тәсбихты он бір рет айту толығырақ деп есептейді. Ал имам үш рет қана тәсбих айтады. Тек артында тұрған жамағат оның тәсбихты он бір рет айтуын ашық қоштаса ғана имам тәсбихты он бір рет айта алады.

Ханбали мазһабында тәсбихты жоғарыдағы сөздермен бір рет айту – уәжіп. Одан көп айту сүннетке жатады¹.

– Рукуғтен тұрып келе жатқанда «Самиғаллаһу лиман хамидәһ» деп, артынша «Раббәнә уә ләкәл-хамд» тіркесін айтып, жайбарақат, еркін тұру. Имамға үюшы тек «Раббәнә уә ләкәл-хамд» десе жеткілікті.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһтың елиісі (с.а.с.): «Егер имам «Самиғаллаһу лиман хамидәһ» десе, «Аллаһумма Раббәнә ләкәл-хамд» деңдер. (Өйткені) кімде-кімнің сөзі періштелердің сөзімен сәйкес келсе, оның өткен күнәлары кешіріледі», – деді», – деген².*

4. Сәждеде орындалатын сүннеттер:

Намазда сәждеге бару – парыз. Сәжденің парызы орындалу үшін ең кемінде маңдайды жерге тигізу керек. Сәжде кезінде маңдаймен бірге мұрынды да жерге тигізу және жайбарақат халде денені еркін ұстау – уәжіп.

Сәждеде орындалатын сүннеттер:

– Сәждеге бара жатқанда тәкбір айту және сәждеге бас тигенге дейін тәкбірді аяқтау.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) *«Аллаһ елиісі (с.а.с.) намазға тұрса, тәкбір айтатын, кейін рукуғке барғанда тәкбір айтатын, сосын рукуғтен омыртқасын көтерген кезде «Самиғаллаһу лиман хамидәһ» дейтін, одан кейін тік тұрған кезде «Раббәнә уә ләкәл-хамд» дейтін, кейін сәждеге бара жатқанда тәкбір айтатын және басын көтергенде тәкбір айтатын, (екінші) сәжде жасағанда тәкбір айтып, кейін басын көтергенде тәкбір айтатын, сосын осыны намазының барлығында істейтін», – деген³.*

– Сәждеге барғанда алдымен жерге екі тізені, сосын қолды, одан кейін маңдай мен мұрынды тигізу керек. Ал сәждеден тұрғанда алдымен маңдай мен мұрынды, кейін қолды, соңынан тізені көтеру керек. Ханафи мен ханбали мазһабтарында бұлай жасау – сүннет.

Уәйл ибн Хужр (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елиісінің (с.а.с.) сәжде жасаса, екі тізесін екі қолынан бұрын қоятынын және (сәждеден) тұрса екі қолын екі тізесінен бұрын көтеретінін көрдім», – деген⁴.*

¹ Китәб әл-фикһ алә әл-мазаһиб әл-арбаға, 150.

² Саһих әл-Бұхари, Китәб әл-әзән, 754.

³ Саһих әл-Бұхари, Китәб әл-әзән, 747. Саһих Муслим, Китәб әс-салаһ, 591.

⁴ Сунән Әбу Дауд, Китәб әс-салаһ, 714. Сунән ән-Нәсәи, Китәб әт-татбиқ, 1077.

Шафиғи мазһабында сәждеден тұрғанда алдымен екі тізені көтеріп, кейін колмен сүйеніп тұру – сүннет.

Мәлики мазһабында сәждеге барғанда алдымен екі қолды кейін екі тізені жерге тигізіп, ал сәждеден тұрғанда тізеден кейін екі қолды көтеру – сүннет.

– Ер кісі екі қолын жанына және аяғын көкірегіне тигізбей, ашық ұстайды. Ал әйелдер қолдарын денелеріне, тізелерін көкірегіне тигізіп ұстайды. Намазхан намаз оқу кезінде қасындағы адамға залалы тимейтін болса ғана қолдарын денеден алшақ ұстауға рұқсат етіледі. Себебі намазда көршісіне зиян келтіруге тыйым салынған¹.

Маймуна (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.) сәжде жасаса, қолдарын жайып (денесіне тигізбей) ұстайтын. Тіпті қозы оның (с.а.с.) қолының астынан өткісі келсе, өтіп кетер еді»*, – деген².

Маймуна (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.) сәжде жасаса, оның (с.а.с.) қолының астынан қозы өткісі келсе, өтіп кетер еді»*, – деген³.

– Сәждеде екі аяқты тік ұстап, бармақтарды құбылаға қарату.

Әбу Хумайд әс-Сағиди (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.) сәжде етіп еңкейсе, қолын қолтығынан алашақ ұстайтын және аяғының бармақтарын құбылаға қарататын»*, – деген⁴.

– Сәждеде қолдың саусақтарын қосып, құбылаға қарата алақанды жерге қою.

Әл-Бара ибн Азиб (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) екі алақанның білезікке жақын жерімен сәжде жасайтын»*, – деген⁵.

Мұхаммед ибн Амр ибн Ата риуаят еткен көлемді хадисте: *«(Пайғамбар (с.а.с.)) сәжде жасаса, қолын жаймастан және жинап алмастан, саусақтарының ұшын құбылаға қарататын»*, – делінген⁶.

– «Субхана раббиял әһлә» деп үш рет айту.

Хузайфа бір түні Пайғамбардың (с.а.с.) қасында тұрып намаз оқыған. Сонда Пайғамбар (с.а.с.) руқуғте *«Субхана раббиял ғазим»*, сәждеде *«Субхана раббиял әһлә»* деп айтқан⁷.

5. Екі сәжде арасында жасалатын сүннеттер:

Екі сәжде арасында еркін, дене қалыпты жағдайға келгенше отыру – уәжіп. Ал бұл отырыстағы сүннеттер:

– Бірінші сәждеден көтеріліп келе жатқанда тәкбір айту.

– Екі сәжденің арасында тәшәһһудты оқуға отырғандай отыру.

¹ Китәб әл-фиқһ алә әл-мазаһиб әл-арбаға, 151.

² Сунән ән-Нәсәи, Китәб әт-татбиқ, 1097.

³ Сахих Муслим, Китәб әс-салаһ, 765.

⁴ Сунән әт-Тирмизи, Китәб әс-салаһ, 280. Сунән ән-Нәсәи, Китәб әт-татбиқ, 1089.

⁵ Муснәд Ахмад, Китәб муснәд әл-муқсирин, 17863.

⁶ Сунән Әбу Дауд, Китәб әс-салаһ, 628.

⁷ Сунән ән-Нәсәи, Китәб әл-ифтитах, 988.

Айшадан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген ұзын бір хадисте: *«Егер (Аллаһ елшісі (с.а.с.)) басын сәждеден көтерсе, толық отырғаниша (қайта) сәжде жасамайтын»*, – деген¹.

– Екі сәжде арасында отырғанда дұға оқу.

Ибн Аббас (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.) екі сәжде арасында: «Аллаһумма изфир ли, уархамни, уа афини, уаһдини, уарзуқни»*, – деп айтатын», – деген².

6. Екінші ракағатқа тұратын кезде орындалатын сүннеттер:

– Тәкбір айту.

– Алдымен асықпай басын, сосын қолын, одан кейін тізесін көтеру, артынша аяқтың басына күш сала көтерілу. Егер ол қарт немесе денсаулығы нашар адам болса, қолымен жер тіреп тұруына болады. Бұл амалдардың екеуі де Пайғамбардан (с.а.с.) жеткен.

Атия әл-Ауфи: «Ибн Омардың, Ибн Аббастың, Ибн әз-Зубайрдың және Әбу Сағид әл-Худридің (Аллаһ оларға разы болсын) намазда аяқтарының ұшымен тұратынын көрдім³», – деген⁴.

7. Алғашқы отырыстағы сүннеттер:

– Екінші сәждеден көтерілгенде тәкбір айту.

– Оң аяғын тік ұстап, бармақтарын құбылаға қаратып, сол аяғынның үстіне отыру. Мұндай отырыс фикһ ғылымында «ифтираш» деп аталады. Намазханның саусақтарын тізесіне жететіндей етіп, қолдарын санының үстіне қойып отыруы – сүннет.

Абдуллаһ ибн Омар (Аллаһ ол екеуіне разы болсын): *«Оң аяқты тік қойып, бармақтарын құбылаға қарату және сол аяқтың үстіне отыру намаздың сүннетінен»*, – деген⁵.

Ханафи мен шафиғи мазһабтарында әйелдер екі аяғын оң жағына жіберіп, бір жамбастап отырады. Бұлай отыруды фикһ ілімінде «тауаррук» деп атайды. Олар бір жамбастап отырса да, ерлер секілді саусақтарын тізелеріне жететіндей етіп қолдарын сандарының үстіне қояды.

Мәлики мазһабында отырғанда қолды санның үстіне қойып, саусақтың ұштарын тіземен бірдей ету – мандуб, ол – сүннет емес.

Ханбали мазһабында қолдарды сандардың үстіне қойса, сүннетті орындаған болады, ал саусақтарды тізеге жақын ұстау шарт емес⁶. Сонымен

¹ Сахих Муслим, Китэб әс-салаһ, 768.

² Сунэн Әбу Дауд, Китэб әс-салаһ, 724.

³ Яғни сәждеден тұрып келе жатқанда және отырғаннан кейін көтерілгенде аяқтың ұшымен тұрған.

⁴ Сунэн әл-Бәйһақи, II том, 125-бет.

⁵ Сунэн ән-Нәсәи, Китэб әт-татбиқ, 1146.

⁶ Китэб әл-фиқһ алә әл-мазаһиб әл-арбаға, 152.

Сонымен бірге ханбали мазһабында алғашқы отырыста «ифтираш», соңғы отырыста «таууарук» түрімен отырған абзал.

– «Әт-тахият» дұғасын оқығанда, «Әшһәду әллә иләһә иллаллаһ» деген кезде оң қолдың сұқ саусағын көтеріп, басқа саусақтарды жинау.

Абдуллаһ ибн әз-Зубайр әкесінен (Аллаһ ол екеуіне разы болсын): «*Аллаһ елиісі (с.а.с.) дұға жасауға отырса, оң қолын оң санының үстіне, сол қолын сол санының үстіне қоятын және (оң қолының) сұқ саусағымен көрсетіп (көтеретін), бас бармағын ортаңғы саусағының үстіне қоятын және сол қолымен тізесін ұстайтын*», – деген¹.

8. Соңғы отырыста жасалатын сүннеттер:

Соңғы отырыста алғашқы отырыстағы сүннеттер орындалады және оған коса мына амалдарды да орындау – сүннет:

– Пайғамбарға (с.а.с.) салауат айту. Салауат дұғасының бірнеше түрі бар. Соның ең кең тараған түрі:

Кағб ибн Ужра (Аллаһ оған разы болсын): «*Аллаһ елиісіне (с.а.с.): «Уа, Аллаһ елиісі! Аллаһ сендерге (әһл әл-бәйт) қалай сәлем беруді үйретті. Енді сендерге салауатты қалай айтамыз?» – дедік. Ол (с.а.с.): «Аллаһумма салли ғалә Мухаммәдин уә ғалә әли Мухаммәдин, кәмә саләйтә ғалә Ибраһима уә ғалә әли Ибраһима, иннәка Хамидун Мәжид. Аллаһумма бәрик ғалә Мухаммәдин уә ғалә әли Мухаммәдин, кәмә бәракәтә ғалә Ибраһима уә ғалә әли Ибраһима иннәкә Хамидун Мәжид, – деңдер*», – деді», – деген².

Мағынасы: Уа, Аллаһ! Ибраһим мен Ибраһимнің әулетін мейіріміңе бөлегеніндей Мұхаммедті және Мұхаммедтің әулетін де мейіріміңе бөлей гөр, расында, Сен Мақтаулы және Даңқтысың!

Уа, Аллаһ! Ибраһим мен Ибраһимнің әулетіне береке бергеніндей Мұхаммедке және Мұхаммедтің әулетіне де береке бере гөр, расында, Сен Мақтаулы әрі Даңқтысың!

– Салауат айтқаннан кейін Аллаһқа жалбарынып, әртүрлі дұғаларды оқу.

Пайғамбардың (с.а.с.) жұбайы Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын): «*Аллаһ елиісі (с.а.с.) намазда «Аллаһумма инни әбузу бикә мин азабил қабри, уә мин фитнатил масихид-дажжал, уә мин фитнати мах-я уәл-мамәти, Аллаһумма инни әбузу бикә минәл мә-сәми уәл-мағрам*», – дейтін», – деген³.

Мағынасы: Аллаһым, мені қабір азабынан сақта. Мәсіх дажжалдың іріткісінен сақта. Тірілер мен өлілердің іріткісінен сақта. Аллаһым, күнәдан және қарызға батудан сақта!

¹ Сахих Муслим, Китәб әл-мәсәжид уа мауадиъ әс-салаһ, 910. Имам ән-Нәуәуи саусақты «Лә иләһә иллаллаһ» деген кезде көтеретіндігін айтқан.

² Сахих әл-Бұхари, Китәб аһадис әл-әнбия, 3119.

³ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-әзән, 789.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Егер біреулерің тәшәһһуд оқыса: «Аллаһуммә инни әбузу бикә мин азаби жаһаннама, уә мин азабил қабри, уә мин фитнати мах-я уәл мамәти, уә мин шарри фитнатил масихид-дажжал» деп, төрт нәрседен (сақтанып) Аллаһтан пана сұрасын», – деді», – деген¹.*

Мағынасы: Аллаһым, мені жаһаннам азабынан, қабір азабынан сақта, өмір мен өлім бүліктерінен және мәсіх дажжалдың жаман іріткісінен сақта!

9. Сәлемге қатысты сүннеттер:

– Оң және сол бағытқа басын толықтай бұру.

Сағд ибн Әбу Уаққас (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) (намазда) оңға және солға сәлем бергенде, бетінің ағын (жүзін) көретінмін», – деген².*

Мінекей, бұлардан басқа да намаз барысында жасалатын сүннет амалдары көп. Кейбір мазһабтарда жоғарыда аталған амалдардан өзге де кейбір амалдар сүннет деп есептеледі. Солардың бірі – шафиғи мен ханбали мазһабтарында намазда төрт жерде қол көтеру, ол сүннетке жатады. Ал ханафи мен мәлики мазһабтарында, керісінше, қолды көтермеген сүннетке жатады. Бұдан қолды көтеруді не көтермеуді мәкруһ деп түсінуге болмайды. Осындай кейбір сүннет амалдардың орындалмауы мұсылмандар арасындағы келіспеушілікке себеп болмауы керек. Сондықтан мұсылмандардың әр мазһабта өзіндік ерекшеліктерге ие болған, өзгешелеу амалдар үшін Аллаһ және Оның елшісі (с.а.с.) талап еткен өзара бауырмашылдық, бірін-бірі жақсы көру сынды аса маңызды амалдарға немқұрайдылық танытуға немесе қарсы шығуға тыйым салынады.

¹ Сахих Муслим, Китәб әл-мәсәжид, 924.

² Сахих Муслим, Китәб әл-мәсәжид уа мауадиъ әс-салаһ, 916.

НАМАЗДЫҢ ӘДЕПТЕРІ

Ханафи мен мәлики мазһабтарында уәжіптен кейінгі намазда орындалатын амалдарды «сүннет» және «мандуб» (немесе мустахаб) деп бөледі. Ал шафиғи және ханбали мазһабтарында сүннет пен мандубты ажыратпайды, барлығын сүннет деп бірге атайды. Ханафи мазһабында «мандуб», «мустахаб» және «әдеп» сөздері бір мағынада қолданылады¹.

Намаздың әдептері (мандубтары):

Намаз – Аллаһ разылығын қалап, Оның әміріне бар ықыласымен мойынсыну мақсатында орындалатын ғибадат түрі. Сондықтан намазхан намазды барынша көркем түрде толығымен орындауға тырысуы қажет. Намаз оқып тұрған кезде өз бойынан мұсылманға тән барлық әдептілікті, Аллаһқа деген қорқыныш пен үмітті бүкіл ішкі дүниесімен сезіне білуі керек. Фақиһ ғалымдар намаз ішіндегі адамның иманын арттыруға септігін тигізетін бірнеше әдептерді атаған. Олар:

1. Егер ас ішу мен намаз оқу уақыттары сәйкес келіп қалса және намаз оқуға уақыт жеткілікті болса, алдымен тамақтанып алған жөн.

Әнәс ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Егер кешкі ас келсе және намаздың уақыты кірсе, шам намазын оқымас бұрын одан (кешкі астан) бастаңдар және кешкі асты асықтырмаңдар», – деді», – деген².*

2. Дәрет қыстаса, дәретті жанарту.

Абдуллаһ ибн әл-Арқам (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.): «Егер намаздың уақыты келсе және біреу әжетханаға барғысы келсе, әжетханадан бастасын», – деді», – деген³.*

3. «Хаия алас-салаһ» деген сөзді айтқанда, тұрып, намазға дайындалу. Себебі бұл сөз «намазға жүріндер» немесе «намазға асығыңдар» деген, яғни намаз оқуға үгіт-насихаттау мағынасын береді.

4. Намаз оқу барысында көзін әр нәрсеге сала бермеу керек. Мәселен, тұрған кезде басының сәждеге тиетін жеріне, рукуғте тұрғанда аяғына, отырған кезде төмен, сәлем берген кезде иығына қарау.

5. Мүмкіндігінше есінеуді басу керек. Есінеуді басуға шамасы келмесе, аузын жеңімен немесе қолымен жабуға рұқсат етіледі.

Әбу Нурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.): «Намазда есінеу шайтаннан. Егер біреулерің есінесе, оны шамасы келгенше тыйсын», – деді», – деген⁴.*

¹ Китәб әл-фиқһ алә әл-мазаһиб әл-арбаға, 155.

² Саһих Муслим, Китәб әл-мәсәжид, 867.

³ Сунән әд-Дәрим, Китәб әс-салаһ, 1391.

⁴ Сунән әт-Тирмизи, Китәб әс-салаһ, 338.

Әбу Сағид әл-Худри (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.): «Егер біреулерің намазда есінесе, қолын аузына қойсын. Өйткені шайтан есінеумен кіреді», – деді»,* – деген¹.

Адий ибн Сәбитке әкесінен, ал оған атасынан жеткен хадисте Пайғамбар (с.а.с.): *«Намазда түшкіру, қалғу, есінеу және хайыз, құсу мен мұрыннан қан ағу шайтаннан»,* – деген².

6. Мүмкіндігінше жөтелмеуге тырысу керек.

7. Әр нәрсеге алаңдамай, көңілін оқып тұрған намазына бөлу керек.

Әбу Зарр (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһтың елшісі (с.а.с.): «Құлы бетін бұрғаниша, Аллаһ оның алдында, егер ол жүзін бұрса, одан бұрылады», – деді»,* – деген³.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Бір күні Аллаһ елшісі (с.а.с.) бізбен намаз оқыды. Намаз аяқталғаннан кейін: «Ей, пәленше! Намазыңды жақсартпайсың ба?! Намазхан өзінің қалай намаз оқып тұрғанына қарамай ма?! Ол намазды өзі үшін оқиды. Аллаһпен ант етемін, мен сендерді алдымнан көріп тұрғандай артымнан да көремін», – деді»,* – деген⁴. Яғни намазға бар ынтасымен берілу керек.

¹ Муснәд Ахмад, Китәб бәқи муснәд әл-муksирин, 10895.

² Сунән әт-Тирмизи, Китәб әл-әдәб, 2672, дағиф хадис.

³ Сунән әд-Дәрим, Китәб әс-салаһ, 1387.

⁴ Сахих Муслим, Китәб әс-салаһ, 642.

НАМАЗДА РҰҚСАТ ЕТІЛЕТІН АМАЛДАР

1. Аллаһтан қорқып жылау.

Абдуллаһ ибн әш-Шиххир (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісінің (с.а.с.) намаз оқып тұрғанын көрдім. Оның көкірегінде жылағаннан қол диірменнің даусындай өксік бар тұғын»,* – деген¹.

2. Күлімсіреу (жымию).

3. Аяқкиіммен намаз оқу. Егер аяқкиім таза болса, онымен намаз оқуға болады. Бірақ мешіттерде төселген кілемдерде аяқкиіммен жүру мешіттің тазалығына кедергі келтіретіндіктен, мешітке аяқкиім таза болса да, кірмеген дұрыс. Ал сыртта намаз оқығанда таза аяқкиімді шешпестен намаз оқи беруге болады.

4. Жайнамазға намаз оқу.

Маймуна (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) төсеніштің үстінде намаз оқитын»,* – деген². Бұл хадистен жайнамаздың үстінде намаз оқудың шарифатта бар екендігі көрінеді.

5. Намазда аздап қозғалу. Мысалы, алдыңғы сапты толтыру үшін арасын үзіп бір-екі қадам жасау.

Әбу Қатада әл-Әнсари (Аллаһ оған разы болсын): *«Мен Пайғамбардың (с.а.с.) адамдарға имам болып тұрғанда, Умама бинт Әбу Уаққасты³ мойнына көтеріп, рукуғке барса, оны түсіріп және сәждеден тұрса, қайтаратынын (мойнына көтеретін) көрдім»,* – деген⁴.

6. Көздің бір заттарға түсіп кетуі.

Икритма: *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) намазда (жан-жаққа) көзінің қырымен мойнын бұрмастан қарайтын»,* – деген⁵.

¹ Сунән Әбу Дауд, Китәб әс-салаһ, 769.

² Сахих әл-Бұхари, Китәб әс-салаһ, 366.

³ Яғни Пайғамбардың (с.а.с.) қызы Зәйнәбтің қызы.

⁴ Сахих Муслим, Китәб әл-мәсәжид, 845.

⁵ Муснәд Ахмад, Китәб муснәд бәну Һәшим, 2356. Осы мағынадағы хадисті Абдуллаһ ибн Аббастан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) әт-Тирмизи де риуаят еткен.

НАМАЗДЫҢ МӘКРУҢТЕРІ

«Мәкруһ» сөзі араб тілінде «жек көру», «ұнатпау» деген мағыналарды береді. Ханафи мазһабында мәкруһті «мәкруһ тахрими» және «мәкруһ танзиһи» деп екіге бөледі.

Мәкруһ тахрими харамға жақын, оны істеген адам күнәкар болады. Мәселен, намаздың бір уәжібін әдейі тастап кету мәкруһ тахримиге жатады.

Мәкруһ танзиһи халалға жақынырақ, оны істеген адам сөгіс алғанымен, күнәкар болмайды. Намаздың сүннетін тастап кету мәкруһ танзиһиге жатады.

Намаздың мәкруһтері:

1. Намаздың бір уәжібін әдейі тастау. Егер намаз оқушы намаздың бір уәжібін қателесіп, не ұмытып тастап кетсе, ол сәһу сәждесін жасайды. Ал әдейі тастап кетсе, күнәкар болады. Ол намаз соңында сәһу сәждесін жасамайды. Ондай жағдайда намаздың уақыты шықпаса, сол намазды қайта оқуы керек. Егер намаздың уақыты шығып кетсе, ол намазын қайта оқымайды.

2. Намаздың бір сүннетін әдейі тастап кету – мәкруһ танзиһи, бірақ сәһу сәждесін жасамайды. Егер қателесіп тастап кетсе, онда еш ағаттығы жоқ.

3. Дәрет қыстап тұрып намаз оқу. Себебі мұндай хәлде болған адамның көңілі бұзылады, намазын жан-тәнімен беріліп оқи алмайды.

4. Отқа, ошаққа қарап намаз оқу. Мұның мәкруһ болуының екі себебі бар: біріншісі – отқа табынатындарға ұқсау, екіншісі – от адамның жанарына шағылысып, көңілін бұзады.

5. Адамның немесе хайуанның суретіне қарап намаз оқу. Жалпы, үйге тірі жандардың суреттерін іліп қою және үйдің ішінде итті ұстау шарифатта тыйым салынған. Сондай-ақ суреттерге қарап намаз оқыған адамның сипаты пұттарға табынатындарға ұқсайды.

Әбу Талха (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісінің (с.а.с.): «Ит және мүсін сурет бар үйге періштелер кірмейді», – дегенін естідім»,* – деген¹.

6. Иығы мен жауырынын ашып, намаз оқу.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.): «Ешкім екі иығында еш нәрсесі болмай, бір киіммен намаз оқымасын», – деді»,* – деген¹.

¹ Сахих әл-Бұхари, Китәб бәд' әл-халқ, 2986.

Сонымен қатар, ең алдымен, Аллаһ тағаланың құзырында әдептілікті сақтау үшін адамдардың алдына киіп шығуға ұялатын үй киімімен намаз оқу да, мәкруһ.

7. Сәждеде, руқуғта және отырғанда Құранды тиләуат ниетімен оқу. Себебі бұл – дұға, тәсбих, тахмид және зікір ететін сәттер. Егер Құран аяттары дұға ниетімен оқылса, оған рұқсат етіледі.

Әли ибн Әбу Талиб (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елиісі (с.а.с.) жібекті және сарыға боялған киімді киюге, алтын жүзік тағуға және руқуғта Құран оқуға тыйым салды», – деген².*

8. Аллаһ алдында үміт пен қорқыныш сезіміне бөлену үшін көзді жұму немесе аспанға қарау.

Ибн Аббас (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Аллаһ елиісі (с.а.с.): «Егер біреулерің намазға тұрса, көзін жұмбасын», – деді», – деген³.*

Жәбир ибн Самура (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елиісі (с.а.с.): «Намазда көздерін аспанға көтеруші қауымдар (адамдар ол істерінен) тыйылсын, болмаса (көздері) оларға қайтпай қалады»⁴, – деді», – деген⁵.*

9. Намаз уақыты жеткілікті болса және сол сәтте ол аш болып, алдына ас келсе, тамақтанбастан бұрын намаз оқу – мәкруһ. Себебі адам намазға ниет еткеніменен, барлық ой-санасы тамаққа ауады. Егер намаз оқитын уақыт аз қалып, тамақтанып болғанша намаздың уақыты шығып кетеді деп күдіктенсе, алдымен намаз оқу керек.

Әнәс ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елиісі (с.а.с.): «Егер кешкі ас келсе және намаздың уақыты кірсе, шам намазын оқымас бұрын одан (кешкі астан) бастаңдар және кешкі асты асықтырмаңдар», – деді», – деген⁶.*

10. Намаз оқып тұрғанда көңілді бөлетін әңгіме, ойын және т.б. амалдардан сақ болу.

Айша (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елиісі (с.а.с.) өрнектері бар көйлекпен намазға тұрды. Намазын оқып болғаннан кейін: «Мына көйлекті Әбу Жаһм ибн Хузайфаға алып барыңдар да, маған оның анбижаниясын⁷ алып келіңдер. Бұл (өрнектері бар көйлек) менің көңілімді аударды», – деді», – деген⁸.*

¹ Сахих әл-Бұхари, Китәб әс-салаһ, 346. Сахих Муслим, Китәб әс-салаһ, 801.

² Сахих Муслим, Китәб әл-либас, 3874.

³ Муғжам әт-Табарани, XI том, 29-бет.

⁴ Яғни көрмей қалады.

⁵ Сахих Муслим, Китәб әс-салаһ, 649.

⁶ Муслим, Бәб кәраһияту әс-саләһ бихадрати әт-тағам, 1269.

⁷ Анбижания – қалың, бір түсті киім.

⁸ Сахих Муслим, Китәб әл-мәсәжид, 864.

11. Екінші ракағатта бірінші ракағаттан үш не одан көп аят артық әрі ұзағырақ оқу.

12. Сүрелерді Құрандағы ретіне қарсы ретпен оқу. Яғни алдымен «Ықылас» сүресін, одан кейін «Тәббәт» сүресін оқу. Себебі Құрандағы сүрелер реті бойынша «Тәббәт» сүресі «Ықылас» сүресінің алдында келеді.

13. Парыз намаздарында бір сүрені екі ракағатта қайталап оқу және бір ракағатта бір сүрені қайталап оқу. Ал сүннет пен нәпіл намаздарындағы ракағаттарда аяттарды қайталап оқуға болады.

14. Намаздың табиғатына сай келмейтін жерлерде намаз оқу – мәкруһ. Мысалы, көпшілік жүретін жол үстінде, қоқыс жерлерде, моншаларда және т.б.

Ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Аллаһ елиісі (с.а.с.) жеті жерде: қоқыс (төгетін) жерде, мал соятын жерде, қабірде, жол үстінде, моншада, түйе (суғарып болғаннан кейін) иіретін жерде және Аллаһ үйінің (Қағбаның) үстінде намаз оқуға тыйым салды»,* – деген¹.

Хадисте *«монша»* сөзімен шомылатын жерді айтқан. Ал қазіргі замандағы моншалардың киім ауыстыратын бөлмелерінде намаз оқуға болады.

15. Намаз амалдарынан тыс қимылдар жасап, тұрақсыз болу. Намазда талап етілмейтін істің барлығы намаз оқу барысында бос, артық амалдар болып табылады.

Айша (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елиісінен (с.а.с.) намаздағы жан-жаққа бұрылу туралы сұрадым. Ол (с.а.с.): «Ол – шайтанның пенденің намазынан ұрлаған ұрлығы»,* – деді», – деген².

16. Намазда есінеу. Ал түшкіру мәкруһке жатпайды. Себебі Аллаһ түшкіргенді жақсы көреді және есінегенді жек көреді.

Әбу Нурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елиісі (с.а.с.): «Аллаһ түшкіргенді жақсы көреді, есінегенді жек көреді. Біреулерің түшкіріп, «әл-хамду лилләһ» десе, оны естігендердің барлығына «ярхамукә Аллаһ» деп айту міндет болады. Ал есінеу болса, біреулерің есінесе, шамасы келгенше оны қайтарсын және «аһ», «аһ» демесін, өйткені ол өзіне күліп тұрған шайтаннан»,* – деді», – деген³.

17. Екі бағананың арасында сапқа тұру. Бұл мешітке адамдар еркін сиятын кезде мәкруһ деп есептеледі. Ал мешітке адамдар лық толған

¹ Сунән әт-Тирмизи, Китәб әс-салаһ, 316.

² Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-әзән, 709.

³ Сунән әт-Тирмизи, Китәб әл-әдәб, 2671, сахих хадис.

кездерде, әсіресе, жұма намазында екі дінгек арасында сап түзеу мәкруһке жатпайды.

Абдул-Хамид ибн Махмуд: «Әнәс ибн Мәликпен жұма күні намаз оқыдық. Бағаналарға қысылған кезімізде, (бағаналардың) алдына және артына тұрдық. Әнәс: «*Біз бұдан (бағаналар арасында сап түзеуден) Аллаһтың елиісі (с.а.с.) заманында сақтанатынбыз*», – деді», – деген¹.

18. Алдына және оң жағына түкіру де намаздың мәкруһтеріне жатады.

Әнәс ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын): «*Пайғамбар (с.а.с.): «Пенде намазда болғанда, Раббысына мінәжат етеді. (Сондықтан) алдына және оң жағына қарап түкірмесін. Сол жағына немесе аяғының астына (түкірсін)»*», – деді», – деген².

19. Намазда үрлеу.

Умму Сәләмаға (Аллаһ оған разы болсын) ағасының ұлы келіп, оның үйінде екі ракағат намаз оқиды. Ол сәжде жасаған кезде топырақты үрлейді. Умму Сәләма: «*Ағамның ұлы, үрлеме, мен Аллаһ елиісінің (с.а.с.) Ясар деген қызметшісі (топырақты) үрлегенде: «Жүзіңді Аллаһ үшін топыраққа тигіз» дегенін естідім деген*», – деген³.

20. Намаз оқу барысында киім мен шашты жинау.

Ибн Аббас (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): «*Пайғамбар (с.а.с.): «Мен жеті сүйекпен: (қолымен мұрнын көрсетіп) маңдаймен, екі қолмен, екі тіземен және екі аяқтың ұшымен сәжде жасауға және киім мен шашты жинамауға бұйырылдым»*», – деді», – деген⁴.

21. Әуретін (жыныстық мүшесін) ұстау.

22. Аяқтарды жайып, құйрықты жерге басып отыру.

Әли (Аллаһ оған разы болсын): «*Аллаһ елиісі (с.а.с.) маған: «Ей, Әли! Мен өзіме жақсы көргенді саған да жақсы көрем, өзіме жек көргенді саған да жек көрем, рукуғте және сәждеде тұрғаныңда (Құран) оқыма, шашыңды өріп намаз оқыма, себебі ол – шайтанның несібесі, екі сәжде арасында екі аяғыңды екі жаққа жіберіп, құйрығыңмен отырма, қиыршық таспен ойнама, (сәждеде) екі шынтағыңды жайма (жерге*

¹ Сунән Әбу Дауд, Китәб әс-салаһ, 576. Муснәд Ахмад, Китәб бәқи муснәд әл-муксирин, 11889.

² Сахих әл-Бұхари, Китәб әс-салаһ, 396.

³ Муснәд Ахмад, Китәб бәқи муснәд әл-ансар, 25360.

⁴ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-әзән, 770. Сахих Муслим, Китәб әс-салаһ, 758.

тигізбе), *имамнан озба* (яғни одан бұрын бастама), *алтын жүзік тақпа, жібек киінбе және жібек тоқымға* (жастыққа) *мінбе*», – деді¹.

Ал екі өкшенің үстіне отыруға болады.

Таус: «Ибн Аббастан екі өкшеге отыру туралы сұрағанымызда, ол: «Ол – сүннет», – деді. Біз оған: «Біздің ойымызша, ол адамға бір тұрақсыздық тудыратын секілді», – дедік. Ол: «Бұл – сенің Пайғамбарыңның (с.а.с.) сүннеті», – деді», – деген².

23. Сәждеде шынтақты жерге тигізу және құстың шоқуы сияқты сәждені жылдам жасау – мәкруһ.

Абдур-Рахман ибн Шибл (Аллаһ оған разы болсын): «*Аллаһ елшісі* (с.а.с.) *қарғаның шоқығанынан, жыртқыштың жатқанынан және түйе секілді мешітте тек қана бір жерді намаз оқитын орын етіп алудан тыйды*», – деген³.

24. Намаз оқып жатқан адамның алдынан өту. Бұл туралы намазда алдына сутра кою тарауында толық айтылған.

25. Киімді кимей, желбегей секілді иыққа жамыла салып немесе аузын бүркеп намаз оқу.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): «*Аллаһ елшісі* (с.а.с.) *намазда киімді иыққа іле салуға және ауызды бүркеуге тыйым салды*», – деген⁴.

¹ Муснәд Ахмад, Китәб муснәд әл-ашара әл-мубашшарин, 1180.

² Сахих Муслим, Китәб әл-мәсәжид, 835.

³ Сунән Әбу Дауд, Китәб әс-салаһ, 731. Сунән ән-Нәсеи, Китәб әс-салаһ, 1100. Сунән әд-Дәримиде, Китәб әс-салаһ, 1289.

⁴ Сунән Әбу Дауд, Китәб әс-салаһ, 548.

НАМАЗДЫ БҰЗАТЫН АМАЛДАР

Намаздың бір шарты немесе бір парызы өтелмей қалса, ол намаз бұзылады. Сонымен қатар намазды бұзатын амалдардың бірі жасалса да намаз бұзылады. Араб тілінде намазды бұзатын амал «муфсиду әс-салаһ» деп аталады.

Намазды бұзатын амалдар қатарына мыналар жатады:

1. Дәреттің бұзылуы.

Дәретті бұзатын амалдардың барлығы намазды бұзатын амалдарға кіреді.

Бірақ намаз оқып тұрғанда кенеттен намазханның ықтиярынан тыс дәреті бұзылса, ол дәретін жаңартып, намазын дәреті бұзылған жерден қайта жалғастыруына болады. Мысалы, намаз оқып тұрғанда мұрнынан қан ақса немесе еркінен тыс жел шығып кетсе. Мұндай жағдайда дәретін бұзғаннан бастап дәрет алып, қайта намазға тұрғанға дейін сөйлемей шарт. Егер ол осы аралықта сөйлеп қойса, намазын басынан бастауы керек. Шафиғи мазһабында намаз барысында дәрет бұзылса, намаз қайта оқылады. Ол намазды дәрет жаңартып жалғастыруға болмайды.

Бұл мәселені фикһ ілімінде «әл-бинә ала әс-салаһ» (намазды қайта жалғастыру) деп атайды. Мұндай жағдайларда намазды қайта бастаған абзал.

– Намазда тұрғанда «дәретім бұзылды» деген күмән келсе, оның намазы бұзылмайды. Тек дәретті бұзғандығына анық көзі жеткенде ғана намазхан намазын тоқтатып, дәретін жаңалағаннан кейін намазын жалғастырады.

2. Киіміне, намаз оқып тұрған жеріне не денесіне нәжістің тиюі.

Егер намазханның денесіне не киіміне сұйық нәжіс тиер болса, намазы бұзылады. Ал нәжіс құрғақ болып және оны тез алып тастаса, оның намазы бұзылмайды. Егер намаздың бір парызын өтейтіндей уақытта (тәсбихты үш рет айтатын уақыт) нәжісті алып тастамаса, намазы бұзылады.

Намаз оқып тұрғанда нәжістің үстіне аяғын қойса және сол жерде намаздың бір парызын өтейтіндей уақыт тұрып қалса, намазы бұзылады. Ал бұл уақыттан кем болса, намазы бұзылмайды.

Намаз оқып тұрғанда жанында нәжіс киімі бар сәби ойнап жүріп, тізесіне не алдына отырса, оның намазы бұзылмайды. Себебі нәжіс сәбиге қатысты деп есептеледі. Бізге жеткен хадистердің бірінде Пайғамбар (с.а.с.) сәбиді көтеріп, намаз оқыған. Бір риуаятта Хасан мен Хусейн (немерелері) сәждеге барған кезде, арқасына мініп алатын және Пайғамбар (с.а.с.) оларды түсіріп, намазын жалғастыра беретін болған.

Әбу Қатада әл-Ансари (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елуісі (с.а.с.) Умама бинт Зәйнәб бинт Расулаллаһты (с.а.с.) көтеріп тұрып намаз*

оқитын, сәжде жасаған кезде (жерге) түсіретін, тұрған кезде (қайта көтеретін)», – деген¹.

Намазхан намаз оқып болғаннан кейін, үстіндегі нәжісті көрсе, көңілі басым түскен екі амалдың бірін жасайды. Яғни егер ойында «ол нәжіс намаз оқып тұрғанда тиді» деген пікір басым болса, намазын қайта оқиды. Ал ойында «ол нәжіс намаз оқып болғаннан кейін тиді» деген пікір басым болса, намазын қайта оқымайды.

3. Әуреттің ашылуы.

Әуретті жабу – намаздың негізгі шарттарының бірі. Ер кісінің әуретіне кіндігі мен тізесінің арасы жатады. Ал әйел кісінің екі қолы мен жүзінен басқа денесінің барлығы әурет болып саналады. Тек аяғының басына қатысты ғалымдардың пікірлерін жоғарыда айтып кеттік.

Намаз оқып тұрған кезде әуреті абайсызда ашылып кетсе:

– егер ашылған жер әуреттің төрттен бірінен аз болса, намазы бұзылмайды;

– егер әуреттің төрттен бірі не одан көп жері ашылса, намаздың бір парызын өтейтін (тәсбихты үш рет айтатын уақыт) уақытқа жеткізбей, оны жауып қойса, намазы бұзылмайды. Ал намаздың бір парызын өтейтіндей уақытта әуретін жауып үлгермесе, намазханның намазы бұзылады.

Ескерту: намазды бастаған кезде әуреттің төрттен бірі, не одан да көбі ашық болса, ол намазы дұрыс емес, ондай намаз қайтадан басынан бастап оқылуы керек. Себебі әуреттің жабық болуы намаздың шартына жатады. Яғни намаздың басынан аяғына дейін әуреттің жабық болуы – парыз.

Әурет мүшелері:

Шариғат заңына сәйкес, ер мен әйел адамның әурет мүшелерін айтатын болсақ, ерге қатысты: жыныс мүшесі және оның айналасы – бір әурет мүшесі. Екі жұмыртқасының әрқайсысы және оның айналасы – бір әурет мүшесі. Артқы мүше – бір әурет, әр құйрық – бір әурет, сан тіземен бірге – бір әурет, кіндік пен жыныс мүшесінің арасы бір әурет және осы жердің арқа тұсы мен екі бүйір жағы да әурет болып есептеледі.

Әйелге қатысты: ер кісіге қатысты айтылған мүшелер және балтыр мен тобық – бір мүше, омырауы (төсі) толық болса – көкірекпен бір мүше, ал бос болса, жеке өзі бір мүше, бір құлақ, бір мүше, шынтақ пен иық арасы бір мүше, білек пен білезік арасы, бір мүше, мойын – бір мүше, бас – бір мүше, ұзын шаш – бір мүше, ал бастың үстіндегі шаш баспен бірге – бір мүше.

Мінекей, осы аталған мүшелердің біреуінің төрттен бірі намаздың бір парызын өтейтіндей уақыт ашық қалса, намаздың дұрыс болуына кедергі болып есептеледі.

Осы аталғандардың барлығы шатасып, не қателесіп, байқамастан әуреттің ашылғанда ескеріледі. Егер намазхан әуретін әдейі ашса, намазы

¹ Сахих әл-Бұхари, Китәб әс-салаһ, 486.

бірден бұзылады. Бұл жағдайда намаздың бір парызын өтейтіндей уақыт ашық болу керек деген шарт жүрмейді.

4. Кеудені құбыладан басқа бағытқа бұруы.

Әлі келетін адам үшін құбылаға қарау және намазын бітіргенше құбыла тарапына қарап тұру намаздың шартына жатады. Намаз оқып тұрып, жүзін құбыладан басқа жаққа үзірсіз бұру – мәкруһ. Бірақ намазы бұзылмайды. Ал Қазақстан аумағында тұратын адам намаз оқығанда құбыладан солтүстікке не шығысқа қарай кеудесін бұрса (яғни құбыла оңтүстік пен батыстың арасында), намаздың бір шарты орындалмаған болып саналады да, оның намазы бұзылады.

5. Намазда Құран және басқа дұғалардан тыс дүнияуи сөздер айту.

Муғауия ибн әс-Суләми (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Намазда адамдардың сөздерінің ешқайсысы жарамайды. Ол (намаз) – тәсбих, тәкбір және Құран оқу», – деді», – деген¹.*

Зәйд ибн Арқам: *«Намаздарды әсіресе орта намазды (яғни екінті намазын) сақтандар да, Аллаһқа мойынсынған күйде тұрындар»² аяты түскенше, Пайғамбардың (с.а.с.) заманында намаз оқыған кезде сөйлей беретін едік. Біреуіміз серігіне қажетіне қатысты тіл қататын. Содан (аят түскеннен кейін) тыныш тұруға бұйырылды», – деген³.*

Намаз барысында айтылған намаздан тыс сөздерді төмендегідей топтастыруға болады:

1. Әдейі, біле тұра намаздың ішінде намаздан тыс сөз айту барлық мазһабтарда намазды бұзады. Сөз, ең кемінде, жеке мағына беретін бір әріптен тұруы керек. Мысалы, қазақ тіліндегі «у» немесе жеке мағына беретін не бермейтін, екі не одан да көп әріптерден тұратын сөз, мәселен, «қи», «ми» және «кр» «гн» сөздері намазда айтылса, намаз бұзылады. Ал жеке мағына бермейтін бір әріп және анық әріпті шығармаған дыбыс (дауыс) намазды бұзбайды.

2. Қателесіп не жаңылып айтылған намаздың амалдарынан тыс сөздер намазды бұзады.

3. Намазда сөйлеуге болмайтынын білмей сөйлеу. Шафиғи мазһабынан басқа үш мазһабта намазда сөйлеуге болмайтынын білмей сөйлеген адамның намазы кез келген жағдайда бұзылады. Ол адамның діни мағлұматқа бай, ғалымдар бар ортада өмір сүргені яки ондай ортадан алыс жерлерде өмір сүргені есепке алынбайды.

4. Намазда тұрған адам біреудің мәжбүрлеуінің нәтижесінде сөйлесе, оның намазы бұзылады.

¹ Сахих Муслим, Китәб әл-мәсәжид, 836.

² «Бақара» сүресі, 238-аят.

³ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-жумға, 1125.

Намазды бұзатын сөзге мыналар да жатады:

а) Ауру, қиналыс және т.б. себептердің салдарынан ыңқылдау, аһылау, үһілеу. «Аһ», «уһ» және «уф» деген сияқты ауырған кезде шығаратын дыбыстарды шығару намазды бұзады.

Бірақ бұл дыбыстарды Аллаһты еске алып, істеген күнеларының ауырлығын сезінгеннен шығарса, намазы бұзылмайды.

ә) Себепсіз жөтеліп, тамақты қырнау үшін екі не одан да көп әріп шығарса, намазы бұзылады. Ал Құран оқығанда дауысты түзеу үшін тамақты қырнауғанда намаз бұзылмайды.

б) Басқаға тіл қату ниетімен Құран оқу. Яғни Құранның кей аяттарында екінші жаққа қарата айтылған сөздер бар. Осы аяттарды Құран оқу ниетімен емес, біреуге тіл қату мақсатында оқыса, намазы бұзылады. Мысалы:

«Ей, Яхия! Кітапты күшпен ал»¹ аятын араб тілін ұғынатын бір жанға «кітапты ал» деген ниетпен намаз оқып тұрып айтса, оның намазы бұзылады. Егер Құранды, тасбихты не тәкбірді, басқалар оның намаз оқып тұрғанын аңғарсын деген ниетпен даусын көтеріп оқыса, намазы бұзылмайды.

Сәһл ибн Сағд (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһтың елиісі (с.а.с.) адамдарға: «Егер сендерге бір жағдай болса², ерлер тәсбих айтсын, әйелдер қолын ұрсын³», – деді», – деген⁴.*

6. Ішіп-жеу.

Ханафи мазһабында тамақты не сусынды біліп не білмей ішіп-жегендігіне қарамастан, намазы бұзылады. Тек тамақ жеп болғаннан кейін ауызда қалған тағам қалдығының көлемі ноқат дәніндей болып, оны жұтып қойса, намазы бұзылмайды. Ал оны үш рет шайнап барып жұтса, намазы бұзылады. Ал тағам қалдығы бұдан аз болып, оны жұтса, намазы бұзылмайды. Ауызда еріген қант және шекер сияқты тәттілерді жұту да намазды бұзады.

7. Намаз амалдарынан тыс көп қозғалу.

Мәлики мен ханбали мазһабында егер намаз оқушының көптеген әрекеті сырттай қараған адамды «ол намаз оқып тұрған жоқ» деген ойға жетелесе, оның намазы бұзылады. Ал ханафи мазһабында сырттай қараған адамның «ол намаз оқып тұрған жоқ» деген ойы нақты болуы керек. Шафиғи мазһабында намазхан арасын үзбестен намаздың амалдарынан тыс анық үш амал жасаса, намазы бұзылады.

Көп қозғалу деп намаз амалынан тыс, қатарынан үш бөтен қимылды үзбей жасауды айтады. Мысалы, бір кісі намаз оқып тұрып, үш рет арасын

¹ «Мәриям» сүресі, 12-аят.

² Яғни имамның жаңылысқанын байқасаңдар.

³ Хадистегі «қолды ұру» деген – бір қолдың ішімен екінші қолдың сыртын ұру.

⁴ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-имама, 785.

үзбестен денесін қаситын болса немесе алдыңғы саптағы бос орынды толтыру үшін қатарынан үш рет қадам жасаса, оның намазы бұзылады. Ал егер әр басқан қадамының арасын үзіп жасаса, намазы бұзылмайды. Алайда намаз үстінде жүрген кезінде денесі құбыланың бағытынан басқа жаққа бұрылатын болса, оның намазы бұзылады.

Ауызда қалған сағызды үш рет қатарынан шайнаса, намазы бұзылады.

Намаз амалдарының бірі артық жасалса, мысалы, сәждені үш рет немесе руқұтты екі рет жасаса, бұған намаз оқушының ниетіне қарай үкім беріледі. Егер ол әдейі жасаса, аз не көп қимылдады демей-ақ ол намаз бұзылады. Ал егер ол шатасып не білмей ағаттық жіберсе, аз не көп қимылдағанына қарамастан, намазы бұзылмайды. Мұндай жағдайда намаз соңында сәһу сәждесі жасалу керек.

8. Таң намазының парызын оқып тұрған кезде күннің шығуы.

Ханафи және ханбали мазһабтарында егер бір адам таң намазы парызының отырысында тәшәһһудты оқып бітпестен немесе оны оқитындай уақыт отырмас бұрын күн шығып кетсе, намазы бұзылады. Себебі күн шығып келе жатқан кезде намаз оқуға харам етілген уақыт кіреді. Бұл туралы намаз уақыттары тарауында толық баяндалды.

9. Құран оқыған кезде өрескел қате жіберу.

Бұл – Құрандағы мағынаны кері мағынаға өзгертетіндей қателік. Мысалы, жаннаттың орнына тозақ, сауаптың орнына азап және иманның орнына күпірлік деген сияқты қарама-қарсы ұғымдар. Мәселен, «Расында, тақуалар жаннатта» деген аятты «расында, кәпірлер жаннатта» деп оқу өрескел қателікке жатады. Егер намаз оқып тұрып қателескенін білсе, артынша сол аятты қайта дұрыстап оқу керек.

10. Намазда тұрып күлу.

Фикһ ілімінің ғалымдары күлуді «езу тарту» (күлімсіреу), «жай дауыспен күлу» және «қарқылдап күлу» деп үшке бөледі:

– Езу тарту намазды бұзбайды.

– Өзі және жанында тұрған адам ғана еститіндей дауыспен күлу барлық мазһабтарда намазды бұзады.

– Айналасындағы адамдардың барлығы еститіндей дауыспен күлу ханафи мазһабында күлген адамның намазын да, дәретін де бұзады. Олар имам әл-Бәйһақи риуаят еткен мына хадисті дәлелге алған:

«Дәретті жеті нәрседен (қайта) алады... » деп намазда қарқылдап күлуді де есептеген»¹.

Усама: *«Біз Аллаһ елшісінің (с.а.с.) артында намаз оқып тұрған кезімізде, бір соқыр адам келе жатып, шұңқырға түсіп кетті. Біз оған*

¹ Әл-Бәйһақи Хиләфат. Имам әз-Зәйләғи: «Бұл хадистің иснадындағы Шәһл ибн Афған мен әл-Жаруд ибн Язид дағиф», – деген (Насб әр-райа. I-том, 44-бет).

күлдік. Аллаһ елиісі (с.а.с.) бізге дәретті толық қайта алуды және намазды басынан қайталауды бұйырды», – деген¹.

Ибраһим ән-Нахағи: «Пайғамбар (с.а.с.) намазда тұрған кезде, соқыр адам келе жатып құдыққа түсіп кетеді². Олар³ күледі. Пайғамбар (с.а.с.) (намаз оқып болғаннан кейін) күлген адам дәретін қайта алсын және намазын қайта оқысын деп бұйырады», – деген⁴.

11. Жаттамаған аяттарды Құранға қарап оқу.

Егер намаз оқушы намазын ұзақ оқу ниетімен алдына Құран қойып, жаттамаған сүрелерін соған қарап оқыса, оның намазы бұзылады. Ал егер алдындағы нәрсеге көзі түсіп кетіп, ондағы жазуды түсінсе, намазы бұзылмайды. Ал алдында тұрған Құранға не михрабқа қарап Құран оқыса, Әбу Ханифада намазы бұзылады. Себебі бұлай Құран оқу үйрену болғандықтан, ол намаздың амалдарына жатпайды, ал намаздың амалдарына жатпайтын іс намазды бұзады. Ал кітапқа қарап оқып тұрған аяттарын жатқа білетін болса, оның намазы бұзылмайды. Себебі бұл үйренуге жатпайды. Имам Әбу Юсуф пен Мұхаммедте намазы бұзылмайды, бірақ бұлайша Құран оқу мәкруһ болып саналады. Құран оқумен қатар парақтарды ауыстыру ниетімен басқа көп амалдар жасаса, намазы бұзылады⁵.

Әбу Ханифаның дәлелі:

Рифаға ибн Рафиғ (Аллаһ оған разы болсын): «Аллаһ елиісі (с.а.с.): *«Егер сенімен Құран болса (яғни жатқа білсең), оқы. Болмаса Аллаһты мадақта (әл-хамду лилләһ), тәкбір (Аллаһу әкбар) ет және тәһлил (лә хаулә уә лә қуәтә иллә билләһ) айт»*, – деді», – деген⁶.

Яғни Құран оқу намаздың парызы екендігіне қарамастан, Пайғамбар (с.а.с.) оған: «Егер Құраннан еш нәрсе жаттамасаң, жазулы тұрған Құранға қарап оқы» демеген.

Абдуллаһ ибн Әбу Ауфа: «Бір кісі Пайғамбарға (с.а.с.) келіп: *«Мен Құраннан еш нәрсе жаттай алмаймын. Маған рұқсат етілгенін үйрет»*, – дейді. Ол (с.а.с.): *«Субханаллаһ, уәл-хамду лилләһ, уә лә илләһә иллаллаһ, уаллаһу әкбар, уә лә хаулә уә лә қуәтә иллә билләһил-Алиил-азим (Аллаһ кемшілік атаулыдан пәк. Барлық мадақ Аллаһқа лайық. Аллаһтан өзге құдай жоқ. Аллаһ – Ұлы. Үстем, Жоғары Аллаһсыз ешқандай күш-*

¹ Сунән әд-Даракутни, II том, 172-бет.

² Пайғамбар (с.а.с.) ол намазды мешіттен тысқары жерде оқыған.

³ Кейбір ғалымдар осы хадистегі «олар» деген сөзді Пайғамбардың (с.а.с.) заманындағы мұнафықтар десе, кейбір ғалымдар олар дінге жаңадан кіргендер деген.

⁴ Мусәннәф Ибн Әбу Шәйбә, I том, 424-бет. Сунән әд-Даракутни, Бәб ахадис әл-қанқана фи әс-саләһ, 43. Бұл хадисті әл-Бәйһәки Әбу әл-Ғалиядан мурсәл иснәдпен де риуаят еткен.

⁵ Әл-Фикһ әл-ханафи фи сәубиһ әл-жәдид, I том, 250-бет.

⁶ Сунән Әбу Дауд, Китәб әс-салаһ, 730. Сунән әт-Тирмизи, Китәб әс-салаһ, 278.

қайрат жоқ»), – де», – деді. Ол (кісі): «Уа, Аллаһтың елиісі! Бұл – Аса мәртебелі Аллаһ үшін. Ал маған не бар?» – деді. Ол (с.а.с.): «Аллаһуммәрхамни, уәрзуқни, уә афини, уәһдини (Аллаһым, мені мейіріміңе бөле, рызық бер, кешір және дұрыс жолға сал)», – де», – деді. Ол орнынан тұрған кезде «былай» деп қолымен ишарат етті¹. Аллаһ елиісі (с.а.с.): «Мынау болса, қолын жақсылыққа толтырды», – деді», – деген².

Пайғамбарымыз (с.а.с.) «Құран оқи алмаймын, маған оның орнына оқуға болатынын үйрет» деп келген сүрелерді жатқа білмейтін адамға: «Құран кітабына қарап оқы» деген. Оның орнына тәсбих, тахмид айту керектігін нұсқаған. Сонымен бірге біз бұл хадистен Құраннан жатқа ешбір аят білмейтін адамның намаз оқуды тастамай, Құраннан бірнеше аят немесе сүрені жаттағанға дейін тәкбір, тәсбих секілді Аллаһты ұлықтайтын сөздерді айту арқылы намаз оқи беретіндігін де ұғамыз.

12. Парыз намаздарында соңғы отырысқа отырмастан бір ракағат артық оқу.

Егер намазхан шатасып, таң намазының екінші ракағатынан кейін отырмастан үшінші ракағатқа бірден тұрып кетсе және үшінші ракағаттың сәждесін жасағанға дейін шатасқаны есіне түспесе, намазы бұзылады және оның оқыған намазы нәпіл орнына есептеледі. Нәпіл намазын жұп ракағат қылып оқу абзал болғандықтан, тағы бір ракағат қосу керек. Ал парыз намазын қайта оқу қажет. Егер үшінші ракағаттың сәждесін жасағанға дейін тіпті рукуғ жасап болғаннан кейін де қателескені есіне түссе, дереу отырып, тәшәһһуд оқиды және намаз соңында сәһу сәждесін жасайды. Себебі соңғы отырыс – намаздың парызы. Ал намаздың парызын орындамау намазды бұзады.

Шам намазының үшінші ракағатынан кейін отырмастан төртінші ракағатқа тұрып кетсе немесе бесін, екінті және құптан намаздарының төртінші ракағатынан кейін отырмастан бірден бесінші ракағатқа тұрып кетсе, таң намазындағы сияқты үкім болады.

Бұл айтылғандардың барлығы – соңғы отырысқа отырмаған жағдайдағы үкімдер. Егер соңғы отырысқа отырғаннан кейін, орнынан тұрған болса, ол адам парыз намазын орындаған болып есептеледі. Ал нәпіл намаздары жұп ракағат болып орындалатындықтан, артық оқыған бір ракағатына тағы бір ракағат қосып, жұп етіп оқығаны абзал³.

13. Ер адам мен әйел адамның бір сапта тұруы.

Әбу Ханифа мазһабында намаздың барысында төмендегі шарттардың бірі кездесетін болса, ер не әйел кісінің намазы бұзылады. Әйелдің екі жағында және дәл артында тұрған ер кісінің ғана намазы бұзылады. Ал осы

¹ Хадистің шархында (түсіндірмесінде) ол жұдырығын жұмған деп келген.

² Сунән Әбу Дауд, Китәб әс-салаһ, 708.

³ Әл-Муфассал фи әл-фиқһ әл-ханафи, 160-бет.

шарттардың бірі де болмаса, екеуінің де намазы бұзылмайды. Қалған үш мазһабта ер мен әйелдің бір сапта тұрып намаз оқулары намазды бұзбайды. Төмендегі шарттар орын алса, бір сапта тұрған ер мен әйелдің намазы бұзылады:

а) Ер кісімен бір сапта қатар тұрған әйел адам балиғатқа толған, ер адамның назарын аударатын (делебесін қоздыратын) әйел болса. Ал қыз бала балиғатқа толмаған болса, намазы бұзылмайды.

ә) Ер кісі мен әйелдің балтыры мен тобығы тура бір сапта болса. Ал егер әйелдің тобығы ер кісінің тобығынан кейін тұрса, ер адамның намазы бұзылмайды.

б) Намаздың бір парызын (рукінін) өтейтіндей уақыт бірге тұрса. Егер тәкбиратул-ихрамды айтқан кезде бір сапта тұрып, содан кейін әйел адам кейін шегінсе, намаз бұзылмайды.

в) Ер кісі мен әйел адам қатар тұрып оқыған намаздың рукуғы мен сәждесі болса. Яғни жаназа намазы сияқты рукуғы мен сәждесі жоқ намаздарда ер мен әйелдің бір сапта тұрулары намазды бұзбайды.

г) Әйел кісі өзі бір сапта тұрған ер кісіге ұйып тұрса немесе екеуі де бір имамға ұйып тұрса, ер кісінің намазы бұзылады. Егер екеуі екі түрлі намазды немесе бір намазды жеке-жеке оқып тұрса, олардың намаздары бұзылмайды. Бірақ бұл жағдайда бір сапта тұру – мәкруһ.

ғ) Ер мен әйелдің арасын бөліп тұратын кедергі (дуал, перде және т.б.) немесе бір кісі сыятындай ашық орын болмаса, ер кісінің намазы бұзылады.

д) Ер кісі әйелге кейін шегін деп белгі бермесе, ер кісінің намазы бұзылады. Ал егер ер кісі белгі берсе, бірақ әйел оған бағынбастан кейін шегінбесе, әйелдің намазы бұзылады.

е) Ер кісі қатар тұрған әйел кісіге имам боламын деп ниет етсе, намазы бұзылады. Егер имам болуды ниет етпесе, намазы бұзылмайды, бірақ әйелдің ол еркекке ұйып оқыған намазы дұрыс емес.

ж) Бір жерде оқу. Егер ер кісі жоғарыда, әйел кісі төменде тұрып намаз оқыса немесе керісінше болған жағдайда екеуінің тобықтары бірдей дәрежеде тұрғаны намазды бұзбайды.

14. Намаз оқу харам етілген уақыттарда қаза болған парыз намазын оқу.

Ол уақыттар:

- күн ұясынан шығып келе жатқаннан, найза бойы көтерілгенге дейін;
- күн дәл тас төбеге келгеннен бесін намазының уақыты кіргенге дейін;
- күнге көзбен тік қарай алғаннан күн ұясына батқанға дейін.

Намазды тоқтатуға болатын жағдайлар:

Намаз Аллаһтың алдындағы құлшылық болғандықтан, оны кез келген іс үшін бөлуге, тоқтатуға болмайды. Шарият бойынша, бір залалды жою не оның алдын алу үшін ғана намазды тоқтауға рұқсат беріледі. Намаз сол

сәттегі зәрулікке қарай не сәлем беріліп, не сәлем берілмей тоқтатылады. Шариғат бойынша, намаз оқуды доғаруға рұқсат берілген жағдайлар:

1. Намазды міндетті түрде (уәжіп) доғару керек болатын жағдайлар:

– үлкен не сәби екендігіне қарамастан, «құтқарындар» деп айқайлап жатқан адамға көмекке ұмтылу;

– өртті сөндіру;

– үлкен не сәбиге төніп тұрған қауіптің алдын алу.

2. Намазды доғаруға болатын жағдайлар:

– ұрлықты өзінің заты болмаса да тоқтату үшін;

– анасының сәбиі үшін қорқуы немесе тамақтың тасып, төгіліп не күйіп кетуінен күдіктенуі;

– қыстап тұрған дәретті сындыру үшін;

– жылан, кесіртке секілді залалын тигізетін хайуандар мен жәндіктерді өлтіру қажет болса;

– ата-анасының бірі оның намаз оқып тұрғанын білместен шақырған жағдайда, оқып тұрған намазы нәпіл болса, намазын тоқтатып, ата-анасына жауап беруі керек. Ал парыз намаздарын ата-анасы шақырғанда да тоқтатуға болмайды.

СӘҺУ СӘЖДЕСІ

Сәһу сәждесі – намаз уәжіптерінің бірін қателесіп не ұмытып тастап кеткенде және намазда жіберген бір қателіктерінің орнын толтыру үшін жасалатын намаздың соңындағы екі сәжде.

«Сәһу» сөзі араб тілінде «жаңылысу», «шатасу», «бір істі аңғармай жасау» деген мағыналарды береді.

Сәһу сәждесінің орындалу ережелері:

Әбу Даудтың хадистер жинағына жасалған «Аун әл-мағбуд» атты шархында (түсіндірмесінде) сәһу сәждесі туралы ғұламалардың пікірлері және сүйенген хадистері кеңінен жазылған. Мұнда сол шархтың сәһу сәждесі туралы мағлұматтары ықшамдалған, еркін аударма түрінде беріліп отыр.

Ғұламалар Пайғамбарымыздан (с.а.с.) сәһу сәждесіне қатысты жеткен хадистерді зерттеп анықтағаннан кейін сәһу сәждесінің қалай орындалатындығына байланысты төрт түрлі пікір ұстанған. Олар:

1. Сәһу сәждесін сәлемнен кейін жасайды дейтіндер. Олар Зул-йәдәйнидің хадисін басшылыққа алған. Бұл пікірді ханафи мазһабының ғалымдары, сахабалардан Әли, Сағд, Ибн әз-Зубәйр (Аллаһ оларға разы болсын), тәбиғиндерден Хасан әл-Басри, ән-Нахағи, Ибн Әбу Ләйлә, әс-Сәури, Хасан ибн Салих және Куфа халқы да осы пікірді ұстанған.

2. Сәһу сәждесін сәлемге дейін жасайды дейтіндер. Бұл пікірді шафиғи мазһабы ұстанған. Олар Ибн Бухайна мен Мағауияның (Аллаһ ол екеуіне разы болсын) хадистеріне сүйенген.

3. «Егер намазда артық амал жасаса, сәһу сәждесін сәлемнен кейін жасайды, оған Зул-йәдәйнидің хадисі дәлел. Ал егер намаздың амалын кем жасаса, сәһу сәждесін сәлемге дейін жасайды» деген пікір. Бұл – имам Мәликтің пікірі.

4. Егер намазхан екінші ракағаттан кейін қателесіп тұрып кетсе, сәлемге дейін сәһу сәждесін жасайды. Оған Ибн Бухайнаның хадисі дәлел. Сол секілді күмәнданып, одан кейін көңіліне нақты тұрақтаған анық оймен амал жасаған адам Әбу Сағидтың хадисіне сүйеніп, сәһу сәждесін сәлемге дейін жасайды. Егер екі ракағаттан кейін сәлем беріп қойса, Әбу Һурайраның хадисіне сүйеніп, сәһу сәждесін сәлем бергеннен кейін жасайды. Сол сияқты күмәнданып, кейін көңіліне басым түскен оймен амал жасаған кісі де Ибн Масғудтың хадисіне сүйеніп, сәһу сәждесін сәлем бергеннен кейін жасайды. Бұл – имам Ахмадтың пікірі.

Кейбір ғалымдар төрт мазһабтағы сәһу сәждесі жайлы ұстанымдарды терең зерттей отырып, «сәһу сәждесін сәлемнен кейін де, бұрын да

орындауға болады, бұл – мұсылмандар қауымына берілген бір жеңілдік» деген пікір айтқан¹.

Негізінен, сәһу сәждесі жайлы айтылған пікірлер өте көп. Біз соның ішінде тек ханафи мазһабы кітаптарындағы сәһу сәждесі туралы келген мәліметтерге ғана тоқталамыз.

Ханафи мазһабында намазхан намаздың соңында сәлемге келгенде, тек оң жағына сәлем береді де, одан кейін отырған күйі тәкбір айтып, екі сәжде жасайды. Одан кейін тәшәһһуд (әт-тәхият) және салауат дұғаларын оқып, екі жағына сәлем беріп, намазын аяқтайды.

Сәһу сәждесінен кейін тәшәһһуд дұғасын оқуға мына хадис дәлел:

Имран ибн Хусайн (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.) олармен намаз оқығанда шатасады да, екі сәжде жасап, одан кейін тәшәһһуд оқиды, одан кейін сәлем береді»,* – деген².

Сәһу сәждесі намаздың бір уәжібін қателесіп тастап кеткенде, уақытынан бұрын не кеш орындағанда, намаздың рукіндерінің (ішкі парыздарының) бірін уақытынан ерте не кеш орындағанда және бір уәжіпті не рукінді артық орындағанда жасалады. Мысалы, үш рет сәжде жасаса, екі рет рукуғке барса және т.б. жағдайларда.

Ескерту: сәһу сәждесін тек шатасып, қателесіп, жаңылысып не ұмытып кеткен кездерде ғана жасауға рұқсат етіледі. Ал біле тұра, әдейі намаздың бір уәжібін тастайтын болса, намазы бұзылады және ол намазды қайта оқу парыз болады.

Намаздың сүннеттерін жаңылысып немесе әдейі тастап кетсе, ол үшін сәһу сәждесі жасалмайды.

Сәһу сәждесіне қатысты мәселелер:

1. Намаздың басында «сәнә» дұғасын ұмытып, бірден «Фатиха» сүресімен бастап кетсе, қайтадан «сәнә» дұғасын оқымайды және намаз соңында сәһу сәждесін жасамайды. Себебі «сәнә» дұғасы намаздың сүннетіне жатады.

2. Егер «Фатиха» сүресінен бұрын зәм (қосымша) сүресін жаңылысып оқыса, «Фатиха» сүресін оқығаннан кейін қайтадан зәм сүресін оқиды және ол намаз соңында сәһу сәждесін жасамайды. Ал «Фатиха» сүресінен кейін зәм сүресін қайталамаса, намаз соңында сәһу сәждесін жасауы керек. Себебі «Фатиха» сүресін зәм сүресінен бұрын оқу намаздың уәжібіне жатады.

3. Егер намаз оқушы «Фатиха» сүресін не зәм сүресін жаңылысып тастап кетіп, рукуғке барғаннан кейін есіне түссе, намазын жалғастыра береді.

¹ Аун әл-мағбуд шарх Сунән Әбу Дауд, Абдуллаһ ибн Жағфардың хадисіне жасалған шархтан (түсініктемесінен) қысқартылып алынып, оған еркін аударма жасалды.

² Сунән әт-Тирмизи, Китәб әс-салаһ, 361. Имам әт-Тирмизи бұл хадисті «хасан гариб» деп атаған.

Бірақ намаз соңында сәһу сәждесін жасайды. Егер «Фатиха» сүресін де, зәм сүресін де тастап кетсе, намазды басынан бастап қайта оқу керек. Себебі Құран оқу – намаздың парызы, ал парыздың бірі орындалмаса, намаз дұрыс емес. «Фатиха» сүресіне қатысты мазһабтар арасындағы пікірлер намаздың парыздары тақырыбында айтылған.

4. Іштей оқылатын намаздарда намазхан бір аят көлеміндей дауыстап оқыса, сәһу сәждесін жасайды.

«Жалпы, дауыстап оқылатын намазда дауыстап оқу, іштей оқылатын намазда іштей оқу уәжіп пе?» деген мәселе төңірегінде ханафи ғұламалары өзара әртүрлі пікірлер ұстанған. Барлығының пікірлерінің тоғысқан жерлері төмендегідей:

– іштей оқылатын намаздарды жеке я имаммен жария оқыса, сәһу сәждесі жасалады;

– жария оқылатын намаздарды имам іштей оқыса, сәһу сәждесі жасалады;

– жалғыз өзі оқыған адамға дауыстап оқылатын намаздарды дауыстап оқу уәжіп емес. Соған орай шам, құптан немесе таң намаздарының бірін жеке өзі оқып тұрған адам іштей оқыса, сәһу сәждесін жасамайды. Ал басқа жағдайларға байланысты пікірлер әралуан¹.

5. Намаз оқушы жаңылысып, рукуғке бармастан бірден сәждеге бас қойса және сәждені аяқтамас бұрын жаңылысқаны есіне түссе, орнынан тұрып, рукуғ жасап, намаз соңында сәһу сәждесін жасауы керек. Ал сәжде жасап болғаннан кейін есіне түссе, рукуғ жасамаған ракағатын есептемейді де, оның орнына басқа ракағат оқиды және намаз соңында сәһу сәждесін жасайды.

6. Жаңылысып немесе тілі күрмеліп, рукуғке, сәждеге бара жатқандағы немесе рукуғ пен сәждеден тұрар кездегі, рукуғ пен сәждеде айтылатын тәсбихтарды тастап кетсе, ханафи мазһабында сәһу сәждесін жасамайды. Себебі намаздың ішіндегі жоғарыда аталған тәсбихтар уәжіп емес, сүннетке жатады.

7. Төрт не үш ракағатты парыз намазында алғашқы қуғудты (екі ракағаттан кейінгі алғашқы отырысты) тастап кеткен жағдайды алайық:

а) Егер жаңылысқаны тізесін тіктегенге дейін, яғни отыруға жақын болған уақытта есіне түссе, дереу отырады. Ол тәшәһһуд дұғасын оқып, намазын ары қарай жалғастырады және намаз соңында сәһу сәждесін жасамайды.

ә) Тізесін тіктегеннен кейін, яғни тұруға жақын болғанда есіне түссе, қайта отырмайды. Ол орнынан тұрып, намазын жалғастырады және намаз соңында сәһу сәждесін жасайды.

Пайғамбарымыздың (с.а.с.) сахабаларының бірі – Абдуллаһ ибн Бухайна (Аллаһ оған разы болсын): «(Бір күні) *Пайғамбар (с.а.с.) бесін намазын олармен бірге оқығанда (сол намаздың) екінші ракағатынан кейінгі алғашқы*

¹ Хашия Ибн Абидин, II том, 657-бет.

отырыста (жаңылысып) оған отырмастан (үшінші ракағатқа) тұрып кеткенде, артындағы оған ұюшы адамдар да онымен бірге ілесе тұрған-ды. Намаздың соңғы отырысына жеткен кезде адамдар оның сәлем беруін күтіп отырды. Пайғамбар (с.а.с.) сәлемнен бұрын сол отырған күйі (яғни тұрмастан немесе басқа қимыл жасамастан) *тәкбір айтып, екі (сәһу) сәжде жасады да, кейіннен барып сәлем берді*», – деген¹.

Әл-Муғира ибн Шұғба (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһтың елиісі (с.а.с.) бізге бесін не екінті намазында имам болды. Ол (екінші ракағаттан кейін) орнынан тұрып кетті. Біз «Субханаллаһ» дедік. Ол (с.а.с.): «Субханаллаһ», – деп, бізге қолымен орнымыздан тұруға ишарат етті. Біз орнымыздан тұрдық. Намаз оқып болғаннан кейін екі сәжде (яғни сәһу сәждесін) жасады. Сосын: «Егер біреулерің орныңнан толық тұрып болғанға дейін (шатасқаны) есіне түссе, отырсын, ал толық тұрып болғаннан кейін отырмасын», – деді»*, – деген².

Әл-Муғира ибн Шұғба (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елиісі (с.а.с.): «Егер біреулерің күмәнданып, екі ракағаттан кейін толық тұрып кететін болса³, жалғастыра берсін және екі сәжде жасасын. Ал егер толық тұрып қоймаған болса, отырсын және оған сәһу жасау міндет емес», – деді»*, – деген⁴.

8. Екінші ракағаттан кейін отырып, бірақ тәшәһһуд дұғасын оқымай шатасып, орнынан тұрып кетсе, ол қайта отырмастан намазын жалғастыра береді. Тек намаз соңында тәшәһһуд дұғасын оқымағаны үшін сәһу сәждесін жасайды.

9. Төрт ракағатты намаздарда үш ракағаттан кейін оны төртінші ракағат деп ойлап отырған мезетте жаңылысқаны есіне түссе, бірден орнынан тұрып, намазын жалғастырады және намаз соңында сәһу сәждесін жасамайды. Егер еркін, үш тәсбих айтатындай уақыт отырғаннан кейін ғана жаңылысқаны есіне түссе, орнынан тұрып, намазын жалғастырады және намаз соңында сәһу сәждесін жасайды.

10. Үш не төрт ракағатты парыз намаздарында екінші ракағаттан кейін отырып, сәлем беріп намазды аяқтаса, оның үкімі екі түрлі болады:

а) Егер ол денесін құбыладан оңға не солға бұрмаса немесе оқыған намазына қатысы жоқ және дұғадан басқа дүнияуи сөздерді сөйлемесе, орнынан тұрып, қалған бір не екі ракағатты оқиды және намаз соңында сәһу сәждесін жасайды.

ә) Егер ол денесін құбыладан оңға не солға бұрса немесе оқыған намазына қатысы жоқ және дұғадан басқа дүнияуи сөздерді сөйлесе, оқыған намазы нәпіл деп есептеледі. Ал оған парыз намазын қайта оқу міндеттеледі.

¹ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-әзән, 786.

² Муснәд Ахмад, Китәб әууәлу муснәд әл-куфиин, 17512.

³ Яғни тізесін және денесін түзу қалыпқа келтіріп қойса.

⁴ Сунән әд-Дарақутни, IV том, 76-бет.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): «(Бір күні) *Аллаһ елиісі* (с.а.с.) (төрт ракағаттық парыз намазды жамағатпен оқып жатқанда жаңылысып), *екі ракағаттан кейін* (сәлем беріп) *тұрып кетеді*. Сол кезде *Зул-иәддәйн* деген сахаба: «*Уа, Аллаһ елиісі! Намаз қысқарды ма? әлде сен ұмыттың ба?*» – дейді. Аллаһ елиісі (с.а.с.): «*Зул-иәддәйн дұрыс айтып тұр ма?*» – деп сұрайды. Адамдар: «*Иә*», – деп жауап береді. Аллаһтың елиісі (с.а.с.) тұрды да, қалған екі ракағатты оқып, соңында сәлем берді. Содан соң *тәкбір айтып, әдеттегідей немесе одан ұзағырақ сәжде жасады*», – деген¹.

Мағауия ибн Худәйж (Аллаһ оған разы болсын): «*Бір күні Аллаһ елиісі* (с.а.с.) (мешітте) *намаз оқығаннан кейін сәлем берді*. Бірақ намазының бір ракағаты кем² еді. Сол кезде бір кісі оған (с.а.с.) келіп: «*Намаздың бір ракағатын ұмыттың*», – деді. *Пайғамбар* (с.а.с.) *мешітке қайта оралып, Біләлға қамат айтуды* (адамдарды намазға тұрғызуға) бұйырды да, адамдармен бірге (ұмыт қалған) бір ракағат намазды оқыды. Мұны адамдарға хабарлады. Олар: «*Сен сол* (Пайғамбарға (с.а.с.) қатесін ескерткен) *кісіні танысың ба?*» – деп сұрады. Мен: «*Көріп тұратыным болмаса, танымаймын*», – деп жауап бердім. Сөйткенше, әлгі адам қасымнан өтіп барады екен: «*Әлгі* (сұрағандарыңыз) *осы кісі болатын*», – дедім. Олар: «*Бұл – Талха ибн Убәйдуллаһ*», – деді», – деген³.

Имран ибн әл-Хусайн (Аллаһ оған разы болсын): «*Аллаһ елиісі* (с.а.с.) *екінті намазында үш ракағатта сәлем беріп, одан кейін орнынан тұрып, үйіне кіріп кетеді*. Сол кезде қолы ұзын бір кісі (басқа риуаяттарда оның аты әл-Харбақ деген): «*Уа, Аллаһтың елиісі! Намаз кеміді ме?*» – деді. Аллаһ елиісі (с.а.с.) *ашуланған күйі* (үйінен қайта) *шықты да, тастап кеткен бір ракағатты оқыды, кейін сәлем берді*. Сосын екі (сәһу) *сәждесін жасап, қайта сәлем берді*», – деген⁴.

Әбу Даудтың риуаятында: «*Пайғамбар* (с.а.с.): «(Әл-Харбақ) ***дұрыс айтты ма?***» – деп сұрады. Адамдар: «*Иә*», – деп жауап берді», – деп келген.

11. Егер намазхан намаздың бір ракағатында сәждені бір рет қана орындаса, намаз соңында орындамаған сәждесін орындап, одан кейін сәһу сәждесін жасайды.

12. Намаздың бір ракағатында екі рет рукуғке барса немесе үш рет сәжде жасаса, ол намаз соңында сәһу сәждесін жасайды. Себебі ол намаздың амалдарынан болған бір амалды артық орындады.

¹ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-әзән, 673.

² Яғни төрт ракағаттық намазды жаңылысып, үш ракағат етіп оқыған.

³ Сунән Әбу Дауд, Китәб әс-салаһ, 863. Сунән ән-Нәсәи, Китәб әл-әзән, 658.

⁴ Сахих Муслим, Китәб әл-мәсәжид, 899.

Мұхаммед: «Әбу Ханифа бізге, Хаммадан, ол Ибраһимнен: «Ұмытып үш сәжде жасаған адам сәһу сәждесін жасайды», – деді», – деген. Мұхаммед: «Біз осыны ұстанамыз, бұл – Әбу Ханифаның да сөзі», – деген¹.

13. Намаз оқып тұрып, қанша ракағат оқығандығына күмәнданған адам көңілінде басым болған оймен амал жасайды. Егер «екі ракағат оқыдым» деген ой басым болса, екі ракағат деп намазын жалғастырады, егер «үш ракағат оқыдым» деген ой басым болса, үш ракағат оқыдым деп намазын жалғастырады. Яғни ол намазды өзінің нақты сеніміне қарай жалғастырады.

Ал егер көңлінде еш ой басым болмаса, ең аз оқыдым деген ракағатты негізге алып, намазын жалғастырады. Мысалы, үш не төрт ракағат оқыдым деген күмәнді ойдың екеуі де тең келіп, еш бірі басым болмаса, үш ракағат оқыдым деген ойды негізге алып, намазын жалғастырады. Осы жағдайлардың барлығында намаз соңында сәһу сәждесін жасайды.

Абдуллаһ ибн Жағфар (Аллаһ оған разы болсын): «*Аллаһ елшісі* (с.а.с.): **«Намазында күмәнданған адам сәлем бергеннен кейін екі сәжде жасасын»**, – деді», – деген².

Осы хадистің иснәдінде Мусғаб ибн Шәйбә деген рауи төңірегінде екі түрлі пікір бар. Ибн Мағин оны сенімді деген және имам Муслим сахихында одан риуаят еткен. Ал имам Ахмад, Әбу Хатим және әд-Даракутни оны дағиф (әлсіз) хадис деген³.

Абдуллаһ ибн Масғуд (Аллаһ оған разы болсын): «*Аллаһ елшісі* (с.а.с.): **«Егер біреулерің намазында күмәнданса, дұрысын қарасын** (сенімдісін алсын), **одан кейін екі сәжде жасасын»**, – деді», – деген⁴.

Ата ибн Ясар: «Абдуллаһ ибн Амр әл-Ас пен Кағб әл-Ахбардан (Аллаһ оларға разы болсын) «намазын үш ракағат оқыдым ба, әлде төрт ракағат оқыдым ба?» деп шатасқан адамның (не жасау қажеттігі туралы) сұрағанымда, ол екеуі де: «*Ол тағы да бір ракағат оқысын. Кейін отырған күйі екі сәжде жасасын»*, – деп, жауап берді», – деген⁵.

Аллаһ елшісі (с.а.с.): «**Сендерден біреу «бір ракағат оқыдым ба, әлде екі ракағат оқыдым ба?» (деп) күмәнданса, бір ракағат оқыдым деп есептесін. Егер «екі не үш ракағат оқыдым ба?» (деп) күмәнданса, екі ракағат оқыдым деп есептесін. Ал егер «үш не төрт ракағат оқыдым ба?» (деп) күмәнданса, үш ракағат оқыдым деп есептесін. Сонан соң намазды аяқтап, сәлем беруден бұрын отырған күйінде екі рет сәжде жасауы керек»**, – деп айтқан⁶.

¹ Мұхаммед ибн әл-Хасан әш-Шайбани, әл-Әсәр, I том, 288-бет.

² Сунән Әбу Дауд, Китәб әс-салаһ, 870. Сунән ән-Нәсәи, Китәб әс-сәһу, 1231.

³ Аун әл-мағбуд, осы хадистің шархы.

⁴ Сунән ән-Нәсәи, Китәб иқамати әс-салаһ, 1202.

⁵ Муатта, Китәб ән-нидә лис-салаһ, 200.

⁶ Муснәд Ахмад, III том, 195-бет. Осы мағынадағы хадисті имам Муслим де риуаят еткен.

14. Намазда күмәнданып тұрып, намаздың бір рукіні өтелетіндей уақытта ойланып тұрып қалса, намаздың келесі амалдарын уақытынан кешіктіргені үшін сәһу сәждесін жасайды.

15. Егер намаз оқып болғаннан кейін немесе соңғы отырыста тәшәһһуд дұғасын оқитындай уақыт отырғаннан кейін қанша ракағат оқығандығына күмәнданса, оның күмәні – шайтанның уәсуәсәсі. Ондайға көңіл бөлмеу қажет. Тек қана қателескендігіне сенімді болса, орнынан тұрып, қалған ракағаттарды оқиды да, соңынан сәһу сәждесін жасайды.

Мұхаммед (әш-Шәйбәни): «Әбу Ханифа бізге Хаммадан, ал ол Ибраһимнің: «Егер намазыңнан тұрғаннан (кеткеннен) кейін саған дәретінде, намазыңда немесе қырағатыңда күмән туса, көңіл бөлме», – дегенін хабарлады», – деген. Мұхаммед: «Біз осыны ұстанамыз, бұл – Әбу Ханифаның сөзі (пікірі)», – деген¹.

16. Намаз соңында артық ракағатқа тұрып кеткен жағдайда, артық ракағаттың сәждесін жасағанға дейін (тіпті рукуғке барғаннан кейін де) қателескені есіне түссе, ол дереу отырып, намазын аяқтайды және намаз соңында сәһу сәждесін жасайды. Егер сәжде жасағаннан кейін қателескені есіне түссе, намазында бір ракағат артық оқыған болып есептеледі.

17. Намазда бір ракағат артық оқу мәселесі жөнінде:

– Егер қателескен адамның оқып тұрған намазы сүннет не нәпіл болса, соңғы отырысты отырғанына не отырмағандығына қарамастан, намазы дұрыс деп есептеледі. Тек ол намазының соңында сәһу сәждесін жасауы керек. Бірақ намазы жұп ракағатты болуы үшін тағы бір ракағат қосып, сосын намазын аяқтағаны мустахаб. Себебі сүннет және нәпіл намаздарды жұп ракағат қылып өтеген абзал.

– Егер оқып тұрғаны парыз намазы болса, оның намазының дұрыс не бұрыстығына соңғы отырысты отырғандығына не отырмағандығына орай үкім беріледі. Себебі соңғы отырыс – намаздың рукіні, оны орындамаған жағдайда намаз дұрыс болмайды. Егер соңғы отырысқа отырып (екі ракағатты намазда екінші ракағаттан кейін, үш ракағатты намазда үшінші ракағаттан кейін, төрт ракағатты намазда төртінші ракағаттан кейін отыру намаздың парызына жатады), одан кейін сәлем берместен, орнынан келесі ракағатқа тұрып кетсе, намазы дұрыс. Тек ол жоғарыда айтылғандай намазының соңында сәһу сәждесін жасайды. Артық оқыған ракағаты нәпіл намазы деп есептелу үшін тағы бір ракағат қосса, мустахаб болады. Егер соңғы отырысқа отырмаса, намаздың парызын өтемегені үшін парыз намазы қате болады, ал оқып тұрған намазы нәпілге айналады. Мұндайда ол тағы бір ракағат қосып, намаз соңында сәһу сәждесін жасайды. Ал бұзып алған парыз намазын қайтадан оқиды.

Абдуллаһ ибн Масғуд (Аллаһ оған разы болсын): «*Аллаһ елуісі* (с.а.с.) (бір күні) *бесін намазын бес ракағат етіп оқыды*. (Намаз аяғында) *адамдар: «Намаздың (ракағаты) көбейді ме?» – деді. Пайғамбар (с.а.с.): «Ол не?» –*

¹ Мұхаммед ибн әл-Хасан әш-Шайбани, әл-Әсәр, I том, 229-бет.

деп сұрады. Сонда олар: «Сен (намазды) бесеу етіп оқыдың», – деді. Аллаһтың елшісі (с.а.с.) аяғын бүгіп, екі (сәһу) сәждесін жасады», – деді¹.

18. Ханафи мазһабында үтір намазын оқып тұрып күнұт дұғасын оқымағандығы рукуғке барғаннан кейін есіне түссе, рукуғтен кейін оны оқымайды. Себебі күнұт дұғасын рукуғке дейін оқу керек. Сондықтан намаз соңында сәһу сәждесін жасайды.

19. Бір намаз бойында бірнеше рет қателескені үшін бір рет қана сәһу сәждесі жасалады.

20. Сәһу сәждесін жасап жатып жаңылысса, қайтадан сәһу сәждесін жасамайды.

21. Егер намаздың бір уәжібін әдейі, біле тұра тастап кетсе, сәһу сәждесін жасамайды және намаздың уәжібін тастағаны үшін күнәкар болады. Мұндайда намаздың уақыты шықпаған болса, міндетті түрде намазды қайтадан оқуы керек.

22. Егер сәһу сәждесін жасау міндет болса және намазхан оны біле тұра орындамаса, намаздың уақыты шықпаған кезде сәһу сәждесін жасау уәжіп болған намазды қайта оқуы керек. Ал намаздың уақыты шығып кетсе, ол намазындағы кемшілікке қарамастан, мойнындағы парыз міндетінен құтылған болып есептеледі. Намаздың уақыты шығып кеткеннен кейін оның қазасын өтеу міндет емес.

Жамағат намазында қателесу жөнінде:

Омар (Аллаһ оған разы болсын): «*Пайғамбар (с.а.с.): «Имамның артындағыға сәһу жоқ. Егер имам жаңылысса, оған (имамға) және оның артындағыға да сәһу сәждесі уәжіп болады. Егер имамның артындағы жаңылысса, оған сәһу сәждесі міндет емес, оған имам жеткілікті», – деді», – деген².*

1. Егер имам жамағат намазында қателесетін болса, имамға ұйыған ер кісілер оған «Субханаллаһ» деп ескерту жасайды. Әйел кісілер бір қолын екінші қолының сыртына ұру арқылы ескертеді. Имам олардың ескертулеріне көңіл аударғанына не аудармағанына қарамастан, жамағат имамға ілесе береді.

2. Имам дауыстап оқитын намазда іштей, іштей оқитын намазда дауыстап оқитын болса, міндетті түрде сәһу сәждесін жасайды. Ал жеке оқыған адам іштей оқылатын намазды жария оқыса, сәһу сәждесін жасамайды.

3. Имам сәһу сәждесін жасаса, оған ұюшылар имамның шатаسقанын аңғармаса да, онымен қосылып сәһу сәждесін жасаулары керек. Сондай-ақ имам қателік жіберген рақаттан соң, кешігіп келіп, жамағатқа қосылған кісі де намаз соңында жамағатпен бірге сәһу сәждесін жасайды.

¹ Сахих әл-Бұхари, Китәб әс-салаһ, 389. Сахих Муслим, Китәб әл-мәсәжид, 890.

² Сунән әд-Дарақутни, IV том, 679-бет.

4. Имам қателеспей, тек ұюшы ғана қателесе, имамға ұюшы сәһу сәждесін жасамайды. Себебі оның намазы имамның намазымен бірге толық деп есептеледі. Ал егер имамнан кешігіп, өзі ғана оқыған ракағатта қателесе, ол сәһу сәждесін жасайды.

5. Жұма, айт намаздары секілді көп жамағат қатысатын намаздарда имам қателесе, адамдарға күмән тудырып, оларды шатастырмас үшін сәһу сәждесін жасамайды.

ТИЛӘУӘТ СӘЖДЕСІ

Құран Кәрімнің он төрт жерінде үсті сызылған сөздер бар және сол сөз келген аяттың соңында ерекше белгі кездеседі. Ханафи мазһабында осы аяттарды оқыған не естіген кезде бір рет сәжде жасау – уәжіп. Қалған мазһабтарда – сүннет. Бұл сәждені тиләуәт (яғни Құран оқу) сәждесі деп атайды. Тиләуәт сәждесі бар аяттар мына мағыналардың бірін қамтыған:

- Аллаһтың сәжде жасауға берген бұйрығы;
- Аллаһтың әміріне бойсұнып, Оған сәжде жасағандар туралы;
- жаратылыстардың Аллаһқа сәжде жасаған халін сипаттау;
- кәпірлердің Аллаһқа сәжде жасамауларын сөгу.

Осы мағыналарды оқығанда не естігенде, мұсылман болған жандар Аллаһтың әміріне мойынсынып, сәжде жасайды.

Тиләуәт сәждесі қалай жасалады?

Сәжде жасаушы қолын көтерместен тәкбір айтып, сәждеге барады, сәждеде үш рет тәсбих айтады немесе Аллаһты басқа да сөздермен ұлықтап, дұға етуіне болады. Одан кейін сәждеден «Аллаһу әкбар» деп басын көтереді, тиләуәт сәждесінен кейін сәлем берілмейді.

Тиләуәт сәждесінің рукіні – маңдайын жерге тигізу. Ал сәжденің алдындағы және кейінгі тәкбір мен сәждеде айтатын тәсбих тиләуәт сәждесінің сүннеттеріне жатады.

Егер тиләуәт сәждесін оқыған не естіген кісі сол сәтте отырған болса, орнынан тұрмастан сәжде жасауына болады, бірақ орнынан тұрып, сәжде жасаса, абзалырақ.

Умму Сәләмә әл-Әздия: «Айшаның (Аллаһ оған разы болсын) мұсахафқа (Құран кітабына) қарап Құран оқығанын және сәждеден (сәжде аятын оқыса) өтсе, (орнынан) тұрып сәжде жасағанын көрдім», – деген¹.

Тиләуәт сәждесінің артықшылығы:

Пайғамбарымыз (с.а.с.) өз үмбетіне Аллаһқа сәжде жасаудың абзалдығы мен артықшылықтары туралы көптеген хадистерінде айтып кеткен. Сол хадистердің бірнешесі:

Сәубан (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісінің (с.а.с.): «Аллаһқа сәжде жасаған пендені Аллаһ бір дәрежеге көтереді және бір күнәсін кешіреді», – дегенін естідім»,* – деген².

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Адам баласы сәжде (аятын) оқыса, шайтан шетке шығып (бөлек шығып), жылаған күйі: «Құрыгыр! Оған сәжде жасау бұйырылды, ол сәжде*

¹ Әс-Сунән әл-кубра, әл-Бәйһақи, II том, 326-бет.

² Сунән әт-Тирмизи, Китәб әс-салаһ, 354.

жасады, енді оған жаннат, мен сәжде жасауға бұйырылдым, (бірақ) қарсы шықтым, енді маған тозақ», – дейді», – деді», – деген¹.

Тиләуэт сәждесінің дәлелдері:

Ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.) бізге сәжде аяты бар сүре оқитын да, сәжде жасайтын, біз де сәжде жасайтынбыз. Тіпті біріміз (адамдардың көптігінен) маңдайын қоятын жер таппайтын», – деді².*

Осман (Аллаһ оған разы болсын): *«Сәжде – тыңдаған адамға уәжіп», – деді. Өз-Зуһри: «Тек таза адам (дәреті бар адам) ғана сәжде жасайды. Егер тұрғылықты болсаң, (тиләуэт сәждесін жасаған кезде) құбылаға қара, ал көлікте болсаң, беттеген жағына (сәжде жасайсың)», – деді³.*

Тиләуэт сәждесіне қатысты үкімдер:

1. Тиләуэт сәждесі намазға ұқсайды. Сондықтан намаздың дұрыс болуы үшін қойылатын шарттар тиләуэт сәждесінің дұрыс болуы үшін де қойылады:

– тиләуэт сәждесі – бес уақыт намаз парыз болған адамға парыз, яғни сәбиге, ақыл-есінен айырылған пендеге, ұйқыдағы адамға және хайыз немесе нифас халіндегі әйелдерге парыз емес;

– тиләуэт сәждесі құбылаға қарап жасалады;

– сәжде жасаушының әуреті намаздағыдай жабық болуы керек;

– сәжде жасаушының дәреті болуы керек және т.б.

Ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Адам тек таза болса сәжде жасайды, тек таза болса, (Құран) оқиды және тек таза болса, жаназана намазын оқиды», – деген⁴.*

2. Тиләуэт сәждесін жасау – Құран оқитынға да, оны еститінге де уәжіп. Сондықтан дәретсіз адамдардың қасында Құран оқып отырған адам сәжде аятына келген кезде даусын басқалар естімейтіндей етіп бәсеңдеткені абзал. Бұл дәретсіз отырған басқа адамдарға қиындық тудырмас үшін жасалады.

3. Егер сәжде аяты бір отырыста бірнеше рет қайталанса, бір сәжде жасау жеткілікті. Ал бірнеше отырыстарда қайталанса, әрбір отырыста жеке-жеке тиләуэт сәждесін жасау керек. Егер Құран оқыған адам бір отырыста бірнеше рет сәжде аяттарын оқыса, әр сәжде аятына бөлек-бөлек сәжде жасалады.

4. Егер Құрандағы сәжде аятын көзімен немесе тілін қимылдатпай ойымен оқыса, сәжде жасау уәжіп емес. Себебі көзбен не оймен оқыған Құран тек қарау және ойлану болады да, ол Құран оқыған болып есептелмейді.

¹ Муснәд Ахмад, Китәб бәки муснәд әл-муksирин, 9336.

² Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-жумға, 1013.

³ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-жумға.

⁴ Әл-Бәйһақи, әс-Сунән әл-кубра, I том, 91-бет.

5. Егер сәжде аяты намаздың сыртында оқылса, бірден сәжде жасау міндет емес. Ол сәждені кешіктіріп жасауға да болады. Мысалы, Құран оқып отырған сәтте сәжде аятына кезіксе, ол бірден сәжде жасамастан, Құран оқып болғаннан кейін жасауына болады. Сол секілді көлікте бара жатып, сәжде аятын естіп қалса, тиләуәт сәждесін көліктен түскеннен кейін не үйіне оралғанда жасауға болады. Бірақ адам өзіне міндет болған сәждені ұмытып кету мүмкіндігі басым болғандықтан, аса кешіктіру мәкруһ болады.

Әбу Сағид әл-Худри (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елиһісі (с.а.с.) мінберде тұрып «Сад» сүресін оқыды. Сәжде аятына жеткен кезде (мінберден) түсіп, сәжде жасады, адамдар да онымен (с.а.с.) бірге сәжде жасады. Басқа бір күні сол сүрені оқыды. Сәжде аятына жеткен кезде адамдар сәжде жасауға дайындала бастады. Сонда Пайғамбар (с.а.с.): «Негізінде, ол – (Дәуд) Пайғамбардың тәубесі, бірақ мен сендердің сәждеге дайындалып жатқандарыңды көрдім», – деп (мінберден) түсіп, сәжде жасады, (адамдар да) сәжде жасады», – деген¹.*

6. Егер намазда сәжде аятын оқитын болса, намаздың жария не іштей оқылатындығына қарамастан, тиуәләт сәждесін жасайды.

Ибн Омардан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын), Пайғамбар (с.а.с.) бесін намазында (тиләуәт) сәжде жасады. Сосын тұрып, руқуғке барды. Ибн Омар: *«Біз ол (с.а.с.) «Тәнзил әс-сәждә»² сүресін оқыды деп ойладық», – деген³.*

Егер намазхан қырағатының соңын сәжде аятымен аяқтағысы келсе не ол аяттан кейін бір немесе екі аят қана оқитын болса, оған арнайы тиләуәт сәждесін жасау шарт емес. Ол қалауына қарай руқуғке, одан кейін сәждеге барып, тиләуәт сәждесін және намаздың сәждесін бірге орындайды немесе тиләуәт сәждесін жасайды да, одан кейін орнынан тұрып, басқа сүре не аяттар оқып намазын жалғастырады.

Абдуллаһ ибн Масғуд (Аллаһ оған разы болсын): *«Егер (намаз оқып тұрған кезде) сәжде сүренің соңында болса, қаласа, руқуғке барсын, қаласа сәжде жасасын», – деген⁴.*

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Омар ибн әл-Хаттабтың таң намазында «Нәжм» сүресін оқыған кезде сәжде жасағанын, кейін (намазын) басқа сүремен жалғастырғанын көрдім», – деген⁵.*

Ал егер намазхан қырағатының басында не ортасында сәжде аятын оқыса, тиләуәт сәждесіне арнайы сәжде жасайды. Тиләуәт сәждесін жасаған кезде қолын көтерместен тәкбір айтып, сәждеге барып, сәждеде тәсбих

¹ Сунән Әбу Дәуд, Китәб әс-салаһ, 1201.

² Сәжде аяты бар Құранның 32-сүресі.

³ Сунән Әбу Дәуд, Китәб әс-салаһ, 684. Осы мағынадағы хадисті әл-Хаким саһих санадпен риуаят еткен.

⁴ Әл-Бәйһақи, әс-Сунән әл-кубра, II том, 323-бет.

⁵ Әл-Бәйһақи, әс-Сунән әл-кубра, II том, 323-бет.

айтып болғаннан кейін қайта тәкбір айтып, орнынан тұрады да, сәжде аятынан кейінгі аяттармен намазын жалғастырады.

Егер намаз оқып болғанша тиләуәт сәждесін жасамаса, оның мойнынан тиләуәт сәждесінің уәжіптігі түседі, бірақ уәжіп амалды тастағаны үшін ол күнәкар болады.

7. Кассетадан, радиодан, теледидардан сәжде аятын естісе сәжде жасай ма?

Ханафи мазхабының ертеректе жазылған кітаптарында жаңғырық арқылы естілген, тотықұстың және жындының айтқан сәжде аяты үшін сәжде жасау уәжіп емес деп келтірілген. Өйткені сәжде аятын ақыл-есі дұрыс адам оқу керек. Осы пәтуаны негізге ала отырып, қазіргі кездегі кейбір ғалымдар «ақпарат құралдары арқылы естілген сәжде аяты үшін сәжде жасау уәжіп емес» дейді. Ал кейбір ғалымдар жоғарыдағы құралдарда ақыл-есі бар адамның оқыған Құранын қайталайтындықтан, сәжде жасау уәжіп дейді. Дұрысы бір Аллаһқа аян.

8. Намаз оқып тұрған адам Құран оқып отырған басқа адамның сәжде аятын оқығанын естісе, намазын оқып болғаннан кейін тиләуәт сәждесін жасайды.

Құрандағы сәжде аяттар:

Құранның Асимнан риуаят етілген Хафс қырағатында он төрт жерде сәжде аяты бар. Олар:

Сүре аты	Аят нөмірі	Сүре аты	Аят нөмірі
1. Ағраф	206	8. Нәмл	25-26
2. Рағд	15	9. Сәжде	15
3. Нахл	49	10. Сад	24-25
4. Исра	107-109	11. Фуссилат	37-38
5. Мәриям	58	12. Нәжм	62
6. Хаж	18	13. Иншиқак	21
7. Фұрқан	60	14. Ғалақ	19

ҮТІР НАМАЗЫ

Үтір намазы – құптан намазынан соң, таң атқанға дейінгі аралықта оқылатын, үш ракағаттан тұратын уәжіп намаз.

Үтір намазының орындалу тәртібіне келсек, үтір намазын шам намазы секілді үш ракағат етіп оқиды. Тек әрбір ракағатта «Фатиха» сүресінен кейін зәм сүресін қосады. Екінші ракағаттан кейін отырып, тәшәһһуд дұғасын оқығаннан кейін, сәлем берместен орнынан тұрып, үшінші ракағатты жалғастырады. Үшінші ракағатта «Фатиха» және зәм сүресін оқып болғаннан кейін, қолын құлақ тұсына дейін көтеріп, тәкбір айтып, қолын қайта байлайды да құнұт дұғасын оқиды.

Үтір намазының үкіміне қатысты имам Әбу Ханифадан үш түрлі риуаят жеткен: парыз, уәжіп және сүннет. Мазһаб ғалымдары осы риуаяттардың дұрысы уәжіп деп, сол бойынша пәтуа жасайды. Қалған үш мазһабта үтір намазының үкімі – бекітілген сүннет және Әбу Ханифаның екі шәкірті осы пікірді ұстанған. Ал Зуфар үтір намазын парыз деп есептейді.

Барлық ғалымдар үтір намазына қатысты төмендегі үкімдерге бірауыздан келіскен:

- үтір намазын мойындамаған адам кәпір емес;
- үтір намазының барлық ракағаттарында зәм сүресі оқылады;
- үтір намазы ниетсіз оқылмайды;
- үтір намазын үзірсіз отырып оқуға болмайды.

Үтір намазын рамазан айынан басқа кезде әрбір адам жеке-дара іштей оқиды. Рамазан айында тарауық (тарауих) намазынан кейін имаммен бірге жария оқиды, тек құнұт дұғасын іштей оқиды.

Үтір намазының дәлелдері:

Бурайда (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елиісінің (с.а.с.): «Үтір хақ¹. Үтір (намазын) оқымаған бізден емес. Үтір хақ. Үтірді оқымаған бізден емес. Үтір хақ. Үтірді оқымаған бізден емес», – дегенін естідім», – деген².*

Амр ибн әл-Ас жұма күні адамдарға құтпа оқып тұрып: *«Әбу Басра маған Пайғамбардың (с.а.с.): «Аллаһ сендерге бір намаз қосты, ол – үтір. Оны құптан намазы мен таң намазының арасында оқыңдар», – дегенін айтты», – деді. Әбу Тәммим: «Әбу Зәһр менің қолымнан ұстап, мешіттің ішінде Әбу Басраға барып, оған: «Сен Амрдың айтқанын Аллаһ елиісінің (с.а.с.) айтып жатқанын естідің бе?» – деп сұрады. Сонда Әбу Басра: «Мен оны Аллаһтың елиісінен (с.а.с.) естідім», – деп жауап берді», – деді³.*

¹ Яғни міндет.

² Сунән Әбу Дауд, Китәб әс-салаһ, 1209.

³ Муснәд Ахмад, Китәб бәқи муснәд әл-ансар, 22731, сахих хадис.

Әбу Сағид (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елиісі (с.а.с.): «Үтір намазына ұйықтап қалған немесе ұмытқан адам оны есіне түскенде оқысын», – деді», – деген¹.*

Пайғамбарымыздың (с.а.с.) үтір намазын бес, үш және бір ракағатты етіп оқығандығын баяндайтын хадистер жеткен. Ханбали мен шафиғи мазһабтары сол хадистерге арқа сүйеп, үтір намазының ең азы бір ракағат дейді.

Сонымен қатар Пайғамбарымыз (с.а.с.) үтір намазын үш ракағатты етіп оқыған деген сахих хадистер де жеткен. Ханафи мазһабы осы хадистермен амал жасап, үтір намазын үш ракағат етіп оқыған абзал деген тұжырымға келген.

Пайғамбарымыздың (с.а.с.) түнде оқыған намаздарын сипаттаған ұзақ хадисте тәһәжжуд намазын оқығаннан кейін таң намазының алдында үтір намазын үш ракағатты қылып оқығандығы айтылған. Осы хадисте Абдуллаһ ибн Аббас (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Сосын үтір намазын үш ракағат етіп оқыды», – деген².*

Убәй ибн Кағб (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елиісі (с.а.с.) үтір намазын үш (ракағатты) етіп оқитын. Бірінші ракағатта «Сәббихисма Раббикал-аьләны», екінші ракағатта «Қул йә әйюһәл-кәфирунды», үшінші ракатта «Қул һууаллаһу әхадты» оқитын және құнұтты рукужке дейін оқитын», – деді³.*

Үтір намазында екінші ракағаттан кейін сәлем бермейді. Оған төмендегі хадис дәлел болады:

Убәй ибн Кағб (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елиісі (с.а.с.) үтір намазында «Сәббих исма Раббикал-аьләны», екінші ракағатта «Қул йә әйюһәл-кәфирунды», үшінші ракатта «Қул һууаллаһу әхадты» оқитын және тек соңында ғана сәлем беретін. Сәлем бергеннен кейін «Субханәл-Мәликил-Қуддус» деп үш рет айтатын», – деді⁴.*

Бірақ Пайғамбардың (с.а.с.) үтір намазында екінші ракағаттан кейін сәлем бергендігі де риуаят етілген. Шафиғи мен ханбали мазһабтары сол хадистерге сүйеніп, екінші ракағаттан кейін сәлем беруге болады деген. Жалпы, аталған екі мазһабта үтір намазын үш, бес, жеті және ең көбі он бір ракағатты қылып оқуға болады.

Үтір намазын қай уақытта оқыған абзал?

Жәбир ибн Абдуллаһ (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Аллаһ елиісі (с.а.с.) Әбу Бәкірден: «Үтірді қашан оқысың?» – деп сұрады. Ол: «Құптаннан кейін түннің алғашқы бөлігінде», – деп жауап берді. Ол (с.а.с.): «Сен ше, ей, Омар?» – деді. Ол: «Түннің соңғы бөлігінде», – деді. Ол (с.а.с.):*

¹ Сунән Әбу Дауд, Китәб әс-салаһ, 1219.

² Сахих Муслим, Китәб салаһ әл-мусафирин, 1280.

³ Сунән ән-Нәсәи, Китәб қиям әл-ләйл, 1681.

⁴ Сунән ән-Нәсәи, Китәб қиям әл-ләйл, 1683.

«Ей, Әбу Бәкір, сен болсаң сенімдімен амал еттің, ал сен Омар, күштірекпен амал еттің», – деді», – деген¹.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Сүйіктім (яғни Пайғамбар (с.а.с.)) маған үш нәрсені өсиет етті. Оларды өлгенше тастамаймын: әр айда үш күн ораза ұстау, духа (сәске) намазын оқу және үтір (намазын) оқып жату», – деді².*

Ғұламалар үтір намазына қатысты хадистерді зерттей келе, «Түнде тәһәжжуд намазына тұра алатындығына сенімді адам үшін үтір намазын кешіктіріп, тәһәжжуд намазынан кейін оқығаны абзал. Ал түнде тұра алатындығына сенімсіз адам үтір намазын жатар алдында оқығаны абзал» деген пікір айтқан.

Егер түнде тұра алатындығына сенімсіздік білдіріп, үтір намазын жатар алдында оқып алып, кейін түнде тәһәжжуд намазына тұрған болса, үтір намазын қайтадан оқымайды.

Талқ ибн Әли (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елиісінің (с.а.с.): «Бір түнде екі үтір жоқ», – дегенін естідім», – деген³.*

Күнұт дұғасы

Араб тілінде «*قنوت*» «күнұт» сөзінің лексикалық мағынасы өте кең. Ол «дұға», «ұзақ уақыт тұру», «бағыну», «қорқу» деген мағыналарды қамтиды. Кейбір ғалымдар оның онға жуық мағынасын келтірген⁴.

Күнұт дұғасының үкімі: ханафи мазһабында уәжіп және оны тастаған адам сәһу сәждесін жасайды. Шафиғи мазһабында суннән әл-әбғадқа жатады (жай сүннеттен жоғары), сондықтан күнұт дұғасын оқымаған адам сәһу сәждесін жасайды.

Шарифатта күнұт дұғасының бекітілген арнайы мәтіні болмағандықтан, мына дұғаны оқы деген де нақты бұйрық келмеген. Бірақ бізге Пайғамбардан (с.а.с.) жеткен екі дұға бар. Сол екі дұғаның бірін оқу – сүннет.

Әбу Абдур-Рахман: *«Ибн Масғуд бізге күнұт дұғасын былай оқуды үйретті: «Аллаһумма иннә нәстәғинукә, уә нәстәғфирукә, уә ну'мину бикә уә нусни ғаләйкәл-хайра уә лә нәкфурукә, уә нәхләуә уә нәтруку мән йәфжурук.*

Аллаһумма ийәкә нәббуду, уә ләкә нусалли уә нәсжуд, уә иләйкә нәсәә уә нәхфид, нәржу рахмәтәкә уә нәхшә ғазәбәк. Иннә ғазәбәкәл-жидди бил-куффәри мулхик»⁵.

Мағынасы: Уа, Аллаһ! Расында, біз Сенен ғана көмек пен кешірім тілеп, Саған ғана иман келтіреміз. Сені (барлық) жақсылықтармен мадақтаймыз

¹ Муснәд Ахмад, Китәб бәқи муснәд әл-муksирин, 13803.

² Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-жумға, 1107.

³ Сунән Әбу Дауд, Китәб әс-салаһ, 1228.

⁴ Иғләм әл-әнәм шарх булуғ әл-марам, I том, 534.

⁵ Мусаннаф Ибн Әбу Шәйбә, II том, 200-бет.

әрі күшірлік жасамаймыз. Саған қарсы шыққандардан безіп, оларды тәрк етеміз.

Уа, Аллах! Біз Саған ғана құлшылық етеміз, Саған ғана намаз оқып, сәжде жасаймыз. Саған қарай ұмтылып, асығамыз әрі Өз рақметіңнен үміт етіп, азабыңнан қорқамыз. Шын мәнінде, Сенің азабың кәпірлерге жетеді.

Хасан ибн Әли (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Атам (яғни Пайғамбар (с.а.с.)) маған үтірдің құнұтында айтатын: «Аллаһумма иһдини фимән һәдәйт. Уә афини фимән афайт. Уә тәуәллини фимән тәуәлләйт. Уә қини шарра мә қадайт. Уә бәрик ли фимә әғтайт. Иннәкә тақдый уә лә юқда ғалайк. Фәиннәһу лә юзәлли мән уәләйт. Субхәнәкә раббанә тәбәрактә уә тағалайт» деген сөздерді үйретті», – деді¹.*

Мағынасы: Аллаһым! Мені дұрыс жолға салғандарыңмен бірге дұрыс жолға сала гөр, кешіргендеріңмен бірге кешіре гөр, Өзің қамқоршысы болғандармен бірге маған да қамқоршы бол, Өзің үкімін шығарғанның жамандығынан сақта, бергеніңді маған берекелі ет, Сен үкім шығарасың, Саған ешкім үкім шығармайды, Сен қамқоршысы болған адаспайды. Сен кемшілік атаулыдан пәксің және ұлықсың.

Бұл екі дұғаның бірін жаттамаған не дұрыс оқи алмайтын кісі басқа жатқа білетін дұғасын оқуына болады. Мысалы: «Аллаһумма иғфир ләнә» деп үш рет айтуына не «Раббана әтинә фиддуния хәсәнә уә фил ахирати хәсәнә, уә қинә азәбән-нар» дұғасын оқуына болады.

Егер намаз оқушы қателесіп, құнұт дұғасын бірінші я екінші ракағаттан кейін оқыса, оны үшінші ракағатта қайта оқымайды. Сол сияқты үшінші ракағатта рукуғке дейін оқымаса, оны рукуғтен кейін де оқымайды.

Құнұт дұғасын рукуғке дейін оқуға мынадай дәлелдер бар:

Асим: «Әнәс ибн Мәликтен құнұт туралы сұрадым. Оған құнұт рукуғке дейін бе, әлде кейін бе?» – дедім. Ол: «*Дейін*», – деді. Мен: «Пәленше сен рукуғтен кейін деген» деді», – дедім. Ол: «*Ол қателеседі, Аллаһ елшісі (с.а.с.) рукуғтен кейін бір ай құнұт оқыды. Ол (с.а.с.) жетпіске таяу «әл-қурра» (яғни қарылар) деп аталатын топты мүшріктерге жіберген. Ол (мүшріктермен) Аллаһ елшісінің (с.а.с.) арасында (бейбіт) келісім болған². Аллаһ елшісі (с.а.с.) соларға қарсы бір ай дұға қылды*», – деп ойлаймын», – деген³.

Имам әл-Асқаләни «Фатх әл-Бәриде» осы хадиске жасаған шархында (түсініктемесінде): «Сахабалардан рукуғке дейін және рукуғтен кейін құнұт дұғасын оқу туралы риуаяттар жеткен. Бұл – соған орай рұқсат етілген іс,

¹ Мусаннаф Ибн Әбу Шәйбә, VII том, 113-бет.

² Ол мүшріктер Пайғамбар (с.а.с.) жіберген адамдарды өлтіріп, арадағы бейбіт келісімді бұзған.

³ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-жумға, 947.

яғни әркім қалауына орай руқуғке дейін немесе руқуғтен кейін құнұт дұғасын оқуына болады», – деген¹.

Убәй ибн Кағб (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) үтір намазын үш (рақағатты) қылып оқитын. Бірінші рақағатта «Сәббихисма Раббикал-ағләны», екінші рақағатта «Қул йә әйюһәл-кәфирунды», үшінші рақатта «Қул һууа Аллаһу әхадты» оқитын және құнұтты руқуғке дейін оқитын», – деді².*

Құнұт дұғасын үтір намазында оқу мәселесі

Пайғамбарымыздан (с.а.с.) және оның сахабаларынан бізге жеткен хадистерде құнұт дұғасының үтір мен таң намаздарында оқылғандығы баян етілген. Осы хадистерді зерттеген ғалымдар өз пікірлерін айтқан.

Ханафи мен ханбали мазһабтарында құнұт дұғасын ел аман, жұрт тыныш кезеңде таң намазында оқымайды. Тек мұсылмандар бір ауыр жағдайға тап болған шақта ғана таң намазында оқуға болады. Өйткені құнұт дұғасын таң намазында оқуға қатысты хадистердің жалпы мағынасы соған саяды.

Шафиғи мазһабында құнұт дұғасын таң намазында оқу сүннет. Бұл мазһабта құнұт дұғасы таң намазының екінші рақағатының руқуғынан кейін оқылады. Ал мәлики мазһабында құнұт дұғасын оқу мандуб.

Ханафи мазһабында құнұт дұғасын үтір намазының үшінші рақағатында руқуғке бармай тұрып оқиды. Оған жоғарыда Убәй ибн Кағбтен риуаят етілген хадис дәлел және:

Алқам: *«Ибн Масғуд және Пайғамбардың (с.а.с.) сахабалары құнұт дұғасын үтір намазында руқуғтен бұрын оқитын», – деген³.*

Ғалымдар құнұт дұғасына қатысты әрбір мазһабтың алға тартқан дәлелдері қуатты болғандықтан, «имам құнұт дұғасын таң намазында немесе рамазан кезінде тарауих намазында руқуғке дейін не кейін оқыса, оған ұйыған жамағат та имамға ілесіп, имамның амалын қайталайды» деген тұжырым жасаған.

¹ Имам әл-Асқаләни, Фатх әл-Бәри, III том, 434-бет.

² Сунән ән-Нәсәи, Китәб қиям әл-ләйл уа татаууғ ән-наһар, 1681.

³ Мусаннаф Ибн Әбу Шәйбә, II том, 202-бет. Әл-Бәйһәқи, әс-Сунән әл-кубра, III том, 41-бет. Имам әл-Бәйһәқи бұл имам Муслимнің шартына сай сахих хадис деген.

ҚАЗА НАМАЗДАРДЫ ӨТЕУ

Шариғатта парыз етілген амалдарды өз уақытында өтеу «әдә» деп аталады. Яғни мойнына жүктелген міндетті жүзеге асыру. Араб тіліндегі бұл сөз – қазақ тіліне «ада» (түк жоқ, құр алақан және т.б.) мағыналарымен кірген кірме сөз.

Уақыты шығып кеткеннен кейін оқылған намаз «қаза намазы» деп аталады.

Өр намаз уақытының басталуы мен аяқталуы белгілі болғандықтан, осы екі аралықтың кез келген мезетінде парыз намаздарды өтеу адамның өз еркіне жүктелген. Егер намазханның намазды орындайтындай ғана я болмаса дәрет алып, одан кейін намазды орындайтындай ғана уақыты қалса, оған сол мезетте намазға тұру немесе дәреті болмаса, дәрет алып, намазға тұру – парыз. Ал кешіктірген жағдайда ол күнәкар болады.

Намаздың қазасын өтеудің дәлелі:

Әнәс ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.): «Кімде-кім намазды ұмытса, оны есіне түскен кезде оқысын. Оның бұдан басқа кәффараты жоқ», – деді», – деген¹.*

Ханафи мазһабында таң намазынан басқа намаздарда тәкбиратул-ихрамға үлгерген адамды намазға үлгерді деп есептейді. Ал таң намазында тәшәһһуд дұғасын оқитындай уақыт отырып үлгерместен, күн шығып кетер болса, ол намазға үлгермеген болып саналады.

Шафиғи мазһабында уақыт шыққанша бір ракағатқа толық үлгермеген адам намазға үлгермеген болып есептеледі.

Парыз амалды уақыты шыққаннан кейін орындау «қаза» (қаза) деп аталады. Төрт мазһабта да парыздың қазасын өтеу – парыз, уәжіптің қазасын өтеу – уәжіп. Тек қаза намазды оқып қана қоймай, сонымен бірге мойнына міндеттелген жүктен толықтай құтылу үшін парыз не уәжіп амалды уақытынан кешіктіргені себепті ол Аллаһтан кешірім тілеуі керек.

Намазды қаза жіберуге болатын үзірлер:

Намазды уақытында орындамағаны үшін адам күнәкар болмайтын жағдайлар екіге бөлінеді:

1. Адамның еркінен тыс жағдайлар:

- ұйқы;
- намаз оқымағандығын ұмытып кету;
- есінен тану;
- намаздың уақыты шыққан жоқ деп қателесу.

Айша (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Үш адамнан: ұйқыдағының оянганына дейін, жындының жазылғанына дейін және*

¹ Сахих әл-Бұхари, Китәб мауақит әс-салаһ, 562.

сәбидің үлкейгеніне дейін қалам көтерілді (яғни оларға күнә жазылмайды)», – деді», – деген¹.

Егер адам есінен адасқан немесе есінен танған күйде алты не одан көп парыз намазды жіберіп қояр болса, ол намаздардың қазасын өтеу міндет емес. Ал қаза қылған намаздарының саны бесеу не одан аз болса, міндетті түрде ол намаздардың қазаларын өтеуі керек.

2. Адамның қалауында, бірақ сыртқы себептердің салдарынан кешіктіру:

– кескілескен ұрыс кезінде тіпті құбылаға жүзін бұрмай оқуға да шамасы келмей, жаумен шайқасып жатқан кезде;

– дәрігер ауру адамның өмірін сақтап қалу үшін жанталасып жатқан кезде;

– толғағы қысқан әйелді босандырған кезде;

– біреуді өлімнен құтқаруға, мысалы, суға батып, тұншығып бара жатқан адамға көмектесу мақсатында;

– өртті сөндіру қажеттілігі туындағанда т.с.с.

Жәбир ибн Абдуллаһ (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Омар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) Хандақ шайқасы күні күн батқаннан кейін келіп, құрайыш кәпірлерін сөге бастады. Ол: «Уа, Аллаһ елшісі! Күн батайын деп қалғанша екінтіні оқымадым (яғни күннің батуына сәл қалғанша)», – деді. Пайғамбар (с.а.с.): «Аллаһпен ант етем, мен де (әлі) оқығаным жоқ», – деді. Сосын Бутханға² бардық. Ол (с.а.с.) дәрет алды, біз де дәрет алдық. Ол (с.а.с.) екінтіні күн батқаннан кейін оқыды, сосын ақшамды оқыды», – деген³.*

Абдуллаһ ибн Масғуд (Аллаһ оған разы болсын): *«Хандақ күні түннің Аллаһ қалаған бөлігі өткенше мүширіктер Пайғамбардың (с.а.с.) төрт намаз оқуына бөгет жасады. Сосын Біләлға азан шақыруға әмір берді. Ол азан айтты, сосын қамат түсірді, ол (с.а.с.) бесінді оқыды. Одан кейін (тағы) қамат түсірді де, екінтіні оқыды. Содан соң қамат түсірді де ақшамды оқыды. Сосын қамат түсірді де, құптанды оқыды», – деген⁴.*

Имам әл-Мубаракфури әт-Тирмизидің хадистер жинағына жазған «Тухфат әл-ахуази» атты шархында (түсіндірме кітабында): «Хандақ соғысы бірнеше күнге созылған. Сондықтан «Жәбир мен Абдуллаһтың хадистері бір-біріне қайшы мағына бермейді» деген пікірді ұстанған ғалымдардың бар екенін айтып, екі хадис те дәлел ретінде жүреді», – деп түсіндірген⁵.

Қазасы өтелетін намаздар:

Күнделікті оқылатын бес уақыт парыз намаздары және үтір мен нәзір сияқты уәжіп намаздарының қазасы өтеледі.

¹ Сунән Әбу Дауд, Китәб әл-худуд, 3822.

² Жердің аты.

³ Сахих әл-Бұхари, Китәб мауақит әс-салаһ, 561.

⁴ Сунән әт-Тирмизи, Китәб әс-салаһ, 164, мунқатиг (иснәді үзілген) хадис.

⁵ Абдур-Рахман әл-Мубаракфури, Тухфат әл-ахуази, I том, 209-бет.

Әнәс ибн Мәлик: *«Пайғамбар (с.а.с.): «Кімде-кім намазын ұмытса немесе ұйықтап қалса, оның кәффараты намазын есіне түскенде оқып алу», – деді», – деген¹.*

Әбу Сағид (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Кімде-кім үтір намазына ұйықтап қалса немесе ұмытса, оны есіне түскенде оқысын», – деді», – деген².*

Кімде-кім өз еркімен сүннет не нәпіл намазын бастап, сосын оны толық аяқтамастан бұзып алса, бұзылған намазды қайта оқуы керек. Өйткені Құранда Аллаһ тағала: **«Ей, иман келтіргендер! Аллаһқа бойсұныңдар, Елшіге (Мұхаммедке) бойсұныңдар және амалдарыңды жоймаңдар»³**, – деген.

Яғни бастаған жақсы амалдарыңды жоймаңдар деген мағынада.

Таң намазының және бесін намазының алдындағы сүннетінің маңыздылығына қатысты келген хадистерге сүйене отырып, ғұламалар «таң намазының сүннетінен және бесін намазының алдындағы төрт ракағатты сүннеттен басқа сүннет намаздардың қазасы өтелмейді» деген.

Имран ибн Хусайн (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісімен (с.а.с.) түнде жолда болдық. Түннің соңғы бөлігі болған кезде, тоқтап дем алдық. Содан күннің ыстығы оятқанға дейін оянбадық. Адамдар үрейлене тұрып, дәрет алуға ұмтылысты. Пайғамбар (с.а.с.) оларға тынышталуды (яғни қалтырап қорықпауды) бұйырды. Одан кейін ол жерден көшіп, жол жүріп кеттік. Күн көтерілген кезде ол (с.а.с.) дәрет алды, сосын Біләлға азан шақыруды бұйырды. Ол азан шақырғаннан кейін таң намазының (яғни парызының) алдында екі ракағат оқыды. Сосын қамат түсірді де, біз (парыз) намаз оқыдық», – деген⁴.*

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Кімде-кім фажрдың екі ракағатын⁵ оқымаса, оны күн шыққаннан кейін оқысын», – деді», – деген⁶.*

Айша (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.) бесінге (яғни оның парызына) дейін төрт ракағат оқымаса, одан (парыз намаздан) кейін оқитын», – деген⁷.*

Қаза болған басқа сүннет намаздарын оқыған адамның намазы сүннет емес, нәпіл деп есептеледі және ол үшін сауап жазылады.

Айт және жаназа намазының қазалары өтелмейді.

¹ Сахих Муслим, Китәб әс-салаһ, 1103.

² Сунән Әбу Дауд, Китәб әс-салаһ, 1219.

³ «Мұхаммед» сүресі, 33-аят.

⁴ Муснәд Ахмад, Китәб әууәлу муснәд әл-басриин, 19115, сахих хадис.

⁵ «Фажр намазы» деп көбінесе таң намазының сүннетін атайды.

⁶ Сунән әт-Тирмизи, Китәб әс-салаһ, 388, сахих хадис.

⁷ Сунән әт-Тирмизи, Китәб әс-салаһ, 391, сахих хадис.

Ханафи мазһабында жұма намазына кешігіп қалған адамдар бір топ болып жамағат құрып, жұма намазын оқи алмайды. Олар жеке-жеке бесін намазын оқиды.

Қаза намазы қашан және қалай өтеледі?

Кез келген намаз қалай қаза болса, солай өтеледі. Яғни бір адам жолаушы болып сапарда жүрген кезінде қасыр қылып оқитын төрт ракағатты намазын, тұрғылықты болғаннан кейін өтесе де, екі ракағатты етіп оқиды. Себебі оның мойнына жүктелген намаз екі ракағатты еді. Сол сияқты тұрғылықты кезінде қаза жіберген төрт ракағатты намазының қазасын сапарға шыққаннан кейін орындайтын болса, оны екі ракағатты қасыр намазы етіп емес, төрт ракағатты қылып орындайды.

Қаза намаздарын мәкруһ тахрими болған уақыттардан басқа кез келген уақытта өтеуге болады. Қаза болған намазды артынша, келесі намаздан бұрын орындаған абзал.

Мәкруһ тахрими уақыттар:

1. Күн ұясынан шығып, найза бойы көтерілгенге дейінгі аралық. Ол күн шыққаннан кейін шамамен жиырма минутқа созылады.

2. Күн тас төбеге жетіп, бесін намазының уақыты кіргенге дейінгі аралық. Бұл да шамамен он бес, жиырма минутқа созылады.

3. Күн қызарып, оған көзбен тура қарай алатын уақыттан бастап, күн ұясына толық батып кеткенге дейінгі аралық.

Бұл туралы намаздың уақыттары тарауында кеңінен баяндалған.

Қаза намаздарында ұстанатын тәртіп:

Қаза намаздарды ретімен өтеген уәжіп. Мысалы, таң намазының қазасын бесін намазына дейін, бесін намазының қазасын екінті намазына дейін оқу керек.

Мына жағдайларда қаза намаздарын тәртіппен орындау міндеті жойылады:

1. Қаза намаздардың саны алты не одан көп болса;

2. Уақыт аз болып, сол уақытта оқылатын парыз намазын орындамаған жағдайда, алдымен сол уақыттағы намазды оқу керек;

3. Уақыттың көп болғандығына қарамастан, қаза болған намаз есінен шығып кетіп, сол уақытта оқылатын намазды оқыған кезде.

Осы жағдайлардың бірі орын алғанда, мойнында қаза намаздары бар адам қаза жіберген намаздарын өз қалауынша оқиды.

Қаза намаздары көп болған жағдайда адам не істейді?

Егер бір мұсылман қанша намазды қаза қылғандығынан қателесіп не оның санына жете алмай қалса, ол қаза намаздарды көңілі жай тауып, мойнындағы қаза намаздардан құтылдым деген ой басым болғанға дейін орындай береді. Ол ең соңғы қаза қылған намазына немесе ең алғашқы мойнына жүктелген намаздың қазасын өтеуге ниет етіп оқиды. Намазды

біраз уақыт оқымай кетіп, кейіннен тәубесіне келген адам үшін әр парыз намазынан кейін, сол уақытта жіберген бір немесе бірнеше намаздың қазасын өтеу жеңілрек болады.

Кейбір ғалымдар «ұзақ уақыт бойы ерініп, намазға селқос қараған адам оқымаған намаздарының қазаларын өтемейді, ол тек тәубеге келеді» деген пікірде.

Егер сүннет намаздарын немесе қаза болған парыз намаздарының бірін ғана өтеуге шамасы жетсе, ол қаза болған парыз намаздарын оқу керек. Себебі парыз сүннеттен әрдайым жоғары тұрады. Бірақ сүннет намаздарын мүлдем тастап кетуге болмайды.

СҮННЕТ (НӘПІЛ) НАМАЗДАРЫ

Ислам дінінде мұсылманның мойнына парыз етіп жүктелген, міндетті түрде орындалуы тиіс амалдардан басқа сүннет амалдар да бар. Аллаһ тағала бұл амалдар үшін сауап жазады және оны бойсұнып орындағандарды орындамағандардан қарағанда жақсы көреді, бірақ сүннет амалдарын міндетті түрде орындауды талап етпейді. Яғни ол амалдарды орындау не орындамау мұсылманның өз еркіне қалдырылған.

Сүннет амалдардың абзалдығы:

1. Аллаһ тағаланың сүйіспеншілігіне бөлейді.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Аллаһ: «Кімде-кім менің уәлиіммен (сүйікті құлыммен) жауласса, оған соғыс ашам. Маған құлым Мен оған парыз еткен амалдан артық Маған сүйікті еш нәрсемен жақындай алмайды. Құлым Маған нәпіл амалдармен жақындаған сайын Мен оны жақсы көре түсемін. Егер оны жақсы көрсем, оның еститін құлағы, көретін көзі, ұстайтын қолы және жүретін аяғы боламын¹. Егер Менен сұраса, міндетті түрде беремін. Көмек сұраса, міндетті түрде көмектесемін...»*, – деді», – деген².

2. Көп сауап алуға себепкер болады.

Айша (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Кімде-кім сүннеттен он екі ракағатты әрдайым оқыса, Аллаһ оған жаннатта үй салады: бесінге дейін төрт ракағат және одан кейін екі ракағат, шамнан кейін екі ракағат, құптаннан кейін екі ракағат және таң намазына дейін екі ракағат»*, – деді», – деген³.

3. Күнәларды кешіріп, дәрежелерді көтереді.

Сәубан (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Сен Аллаһқа көп сәжде жаса. Сен Аллаһқа бір сәжде жасасаң, Аллаһ ол арқылы сенің дәрежеңді көтереді және күнәңді кешіреді»*, – деді», – деген⁴.

4. Қиямет күні кем болған парыз намаздарының орнын толтырады.

Әбу Һурайра: *«Аллаһ елшісінің (с.а.с.): «Қиямет күні пенденің амалынан ең бірінші есептелетіні намазы. Егер ол дұрыс болса, құтылды және (сынақтан) өтті, егер бұрыс болса, ол құрыды және қасірет шекті. Егер оның парыздарынан бір нәрсе кем болса, Даңқты әрі Ұлық Рабб: «Қараңдар, құлымның парызынан кем болғанының орнын*

¹ Яғни осы аталған дене мүшелері арқылы жүзеге асатын істерде Аллаһтың Өзі ол пендеге жәрдем береді. Аллаһ пендені Өзі ұнататын істерге бағыттап, жек көретін нәрселерден аулақ қылады.

² Сахих әл-Бұхари, Китәб әс-салаһ, 6021.

³ Сунән әт-Тирмизи, Китәб әс-салаһ, 379, сахих хадис.

⁴ Сахих Муслим, Китәб әс-салаһ, 753.

толтыратын нәпілі бар ма?» – дейді, одан кейін қалған амалдары да осы тәрзіді есепке алынады», – дегенін естідім», – деген¹.

Сүннет намаздарын үйде оқыған абзал.

Аллаһ міндеттеген парыз намаздардан басқа намаздарды үйде оқыған абзал екендігін баяндайтын хадистер бізге көптеп жеткен. Себебі құлшылықтың қабыл болуының ең басты шарты – ықылас. Сондықтан көпшіліктің алдында оқылған намазға әезіл шайтанның рияны араластыру қаупі көбірек. Ал үйде оңаша қалып намаз оқығанда, риядан келер қауіптің мөлшері аз. Сонымен қатар азан және қамат айтылатын, әрдайым Аллаһ еске алынатын және Құран оқылатын жерлерден малғұн шайтан қашық жүреді.

Пайғамбар (с.а.с.): **«Кімде-кім намазды мешітте оқыса, үйіне де намазынан үлес қалдырсын. Себебі Аллаһ оның үйіне намазы арқылы жақсылық жасайды»²;**

«Адамның үйінде оқыған нәпіл намазы – нұр. Қалаған адам үйін нұрландырсын»³;

«Адамның парыз намазынан басқа үйінде оқыған намазы менің мешітімде оқыған намазынан да абзал», – деген⁴.

Сүннеттің түрлері

Пайғамбарымыздан (с.а.с.) бізге жеткен сүннет намаздар «рауатиб» және «рауатиб емес» деп екіге бөлінеді.

1. Рауатиб дегеніміз – Пайғамбар (с.а.с.) парыз намаздардың алдында және содан кейін оқыған сүннет намаздар. Ол намаздардың өзі іштей «муаккада» және «муаккада емес» деп екіге бөлінеді.

а) Муаккада сүннеттерін Пайғамбар (с.а.с.) үнемі тастамай оқыған, тек кей кездерде ғана мұсылмандар ол намаздардың парыз емес екендігін білсін, сезінсін деген ниетпен оқымаған. Бұл намаздар жайлы жоғарыда имам әт-Тирмизи Айша анамыздан риуаят еткен хадисте айтылған. Олар:

– Таң намазының екі ракағат сүннеті; Пайғамбардың (с.а.с.) хадистерінде көрсетілгендей, таң намазының екі ракағат сүннеті – ең маңызды сүннет намазы. Тіпті кейбір ғалымдар оны үзірсіз отырып оқуға болмайды деген. Сонымен қатар ол намаздың қазасы түске дейін өтеледі.

Айша (Аллаһ оған разы болсын). **«Пайғамбар (с.а.с.): «Таңның екі ракағаты бұл дүниеден және ондағыдан қайырлы», – деді», – деген⁵.**

– Бесін намазының алдындағы төрт ракағат – сүннет. Бұл – таң намазынан кейінгі орында тұратын маңызды сүннет намаз. Жалпы, сүннет

¹ Сунән әт-Тирмизи, Китәб әс-салаһ, 378.

² Муслим, Ахмад.

³ Ахмад.

⁴ Сунән Әбу Дауд, Бәб саләту әр-ражули әт-таттаууғ, 1046.

⁵ Сахих Муслим, Китәб салаһ әл-мусафирин, 1193.

намаздарды екі-екі ракағаттан немесе төрт ракағаттан бір сәлеммен оқуға болады.

Айша (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.) бесіннің алдындағы төрт ракағатты және таңертеңге дейінгі екі ракағатты (яғни таң намазының екі ракағаты) тастамайтын»*, – деген¹.

Егер намазхан бесін намазының алдындағы төрт ракағатты сүннетті ұмытып кетсе, оны парыз намаздан кейін оқиды.

Осы екі сүннеттен басқа сүннет намаздардың дәрежелері тең. Олар:

– бесін намазының парызынан кейінгі оқылатын екі ракағат сүннет намаз;

– шам намазынан кейінгі екі ракағат сүннет;

– құптан намазынан кейінгі екі ракағат сүннет.

Бұл сүннет намаздар туралы жоғарыда имам әт-Тирмизи Айша анамыздан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте айтылған.

ә) Муаккада емес сүннеттер. Бұл намаздарды Пайғамбар (с.а.с.) бірде оқып, бірде оқымаған. Оған төмендегі намаздар жатады:

– Бесін намазының екі ракағат сүннетінен кейін қосымша тағы екі ракағат сүннет намазы.

Умму Хабиба (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.): «Кімде-кім бесінге дейін төрт және одан кейін төрт ракағат оқыса, оған от (яғни тозақ оты) тимейді», – деді»*, – деген².

– Екінті намазының парызына дейінгі төрт ракағат – сүннет.

Ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.): «Аллаһ екінтіге дейін төрт ракағат оқыған адамды мейіріміне бөлесін», – деді»*, – деген³.

Басқа риуаятта: *«Аллаһ екінтіге дейін төрт ракағат оқыған адамға жаннаттан үй салады»*, – делінген.

Тағы бір риуаятта: *«Оны тозаққа харам етті (яғни тозаққа түспейді)»*, – деген.

– Ханафи мазһабынан басқа мазһабтарда шам намазының парызына дейін жеңіл екі ракағат нәпіл намазы оқылады. Ханафи мазһабында шамның парызын кешіктіруге себепкер болмаса, екі ракағат нәпіл намазын оқудың оқасы жоқ.

– Құптан намазының парызына дейінгі төрт ракағат – сүннет.

2. Рауатиб емес сүннеттер: күнделікті бес уақыт оқылатын парыз намаздарға қатыссыз жеке оқылатын намаздар. Бұл намаздар да өз ішінен «муаккада» және «муаккада емес» деп бөлінеді. Олар:

Тарауих намазы: Тарауих намазы ер мен әйел кісілер үшін бірдей сунна муаккада (бекітілген сүннет). Оны кейде «қиямул-ләйл» деп те атайды.

¹ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-жумға, 1110.

² Сунән ән-Нәсәи, Китәб қиям әл-ләйл, 1794.

³ Сунән әт-Тирмизи, Китәб әс-салаһ, 390.

Себебі ол рамазаннан басқа уақытта оқылатын түнгі намаздың орнына жүреді.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елуісі (с.а.с.): «Кімде-кім рамазанда иманмен және сауаптан үміт етіп (намаз) тұрса, оның өткен күнәлары кешіріледі», – деді», – деген¹.*

Тарауих намазын мұсылмандар Омардың (Аллаһ оған разы болсын) заманынан бері жиырма ракағат қылып оқиды. Омар тарауих намазын жиырма ракағат етіп бекіткенде, оған ешқандай сахаба қарсы келместен, бірауыздан мақұлдаған. Яғни бүкіл сахабалар тарауихты Омармен бірге жиырма ракағатты етіп оқыған. Төрт мазһабтың ғалымдары да сахабаларға ілесіп, тарауих намазын жиырма ракағат қылып оқуға келіскен. Бірақ әркімнің оны сегіз, он не он екі ракағат етіп оқуға хақы бар. Ол адам оқыған әрбір ракағаты үшін сауап алады. Кәмәл ибн әл-Һумәм «тарауих намазының алғашқы сегіз ракағаты – сүннет, қалған он екі ракағаты – мустахаб» деген пікірді ұстанған².

Тарауих намазының уақыты – құптан намазы мен үтір намазының арасы. Кейде тарауих намазын үтір намазынан кейін де оқуға болады. Жалпы, тарауихтың уақыты құптан намазынан таң атқанға дейін созылады.

Тарауих намазы қалай оқылады?

Тарауих намазы жамағатпен мешітте дауыстап, екі-екі ракағатты етіп, яғни әр екі ракағаттан кейін сәлем беріп, әр төрт ракағаттан кейін біраз дем алып оқылады. «Тарауих» деген сөз араб тілінде «раха», яғни «дем алу» түбірінен шыққан. Сол себепті де бұл намаз «тарауих», яғни «арасында дем алатын намаз» деп аталған.

Тарауих намазын жеке-жеке оқуға да болады, бірақ жамағатпен оқыған абзал. Кейде ол намазды үйінде отбасымен, әйеліне және балаларына имам болып оқыған да жақсы.

Духа (сәске) намазы. «Духа» араб тілінде «сәске» деген мағынаны береді. Бұл намаз күн найза бойы көтерілгеннен дәл төбеге келгенге дейінгі аралықта оқылады. Сәске уақытында оқылатындықтан ол «духа» намазы деп аталады және оны екі, төрт және сегіз ракағатты қылып оқуға болады.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Сүйіктім (яғни Пайғамбар (с.а.с.)) маған үш нәрсені өсиет етті. Оларды өлгенше тастамаймын: әр айда үш күн ораза ұстау, духа намазын оқу және үтір (намазын) оқып жату», – деді³.*

¹ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-иман, 36. Сахих Муслим, Китәб салаһ әл-мусафирин, 1266.

² Фикһ әс-сунна, I том, 225-бет.

³ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-жумға, 1107.

Айша (Аллаһ оған разы болсын): «*Аллаһ елшісі (с.а.с.) духаны төрт ракағат немесе Аллаһ қалағанша одан да көп оқитын*», – деген¹.

Имам Муслим Әбу Заррдан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Аллаһ елшісі (с.а.с.) екі ракағат духа намазы әрбір дене буынына берілетін садақаның орнына жүретіндігін хабарлаған.

Тәһәжжуд намазы. Тәһәжжуд – түнде оқылатын намаз. Оны оқуға ниеттенген адам екі ракағатты етіп бір рет, екі рет және төрт рет қалағанынша оқуға болады. Әбу Ханифа «түнгі намазды төрт ракағатты бір сәлеммен оқыған абзал» десе, оның екі шәкірті Әбу Юсуф пен Мұхаммед «екі ракағатты бір сәлеммен оқыған абзал» дейді. Имам Шафиғи мен Ахмад та соңғы пікірді ұстанады. Пайғамбар (с.а.с.) тәһәжжуд намазын ұзақ оқитын және рукуғ пен сәждеге барғанда көп дұға айтатын.

Аллаһ Құранда түнде тұрып, құлшылық қылатын құлдарын мақтаған.

«(Ал осылар) бойсұнып, түн ішінде сәжде етіп, тіке тұрып, сондай-ақ Ақыреттен қорқып, Аллаһтың рахметінен үміт еткен кісі сияқты ма? (Мұхаммед!) оларға: «Білгендер мен білмегендер тең бола ма?» – де. Шын мәнінде ақыл иелері ғана үгіт ала алады»², – деген.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): «*Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Рамазаннан кейінгі ең абзал ораза – Аллаһтың айы мухаррамдағы ораза, парыз намазынан кейінгі ең абзал намаз – түнгі намаз*», – деді», – деген³.

Имам әт-Тирмизи, Ибн Мәжәһ риуаят еткен хадисте Аллаһ елшісі (с.а.с.) Мәдина қаласына алғаш келген кезіндегі адамдарға айтқан өсиеттерінің бірінде: «*Адамдар ұйықтап жатқанда намаз оқыңдар. Жаннатқа амандықпен кіресіңдер*», – деген.

Истихара намазы. «Истихара» сөзі араб тілінде жақсылықты жеңілдетуді талап ету, сұрау деген мағыналарды береді. Истихара намазы – Аллаһтан бір істің қайырлысын сұрап, сәлем бергеннен кейін истихара дұғасын оқитын, екі ракағатты нәпіл намаз.

Истихара намазы – адам харам емес бір іске кірісер алдында, сол істің жақсылығын сұрап немесе екі істің біріне таңдау жасауға шешім қабылдай алмай тұрған сәтте, Аллаһтан ең қайырлысын сұрап оқитын намаз. Егер мұсылман харам емес бір амалды істегісі келсе, бірақ ол істің өзіне пайда не зиян екендігіне анық көзі жетпесе, оған екі ракағат истихара намазын оқу – мандуб.

Пайғамбар (с.а.с.) сахабаларға истихараны Құран аятын үйреткендей үйрететін.

Жәбир ибн Абдуллаһ (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): «*Аллаһтың елшісі (с.а.с.) бізге барлық жағдайда оқылатын истихараны Құранның бір сүресін үйреткендей үйретіп: «Сендердің біреуің бір істі істегісі келсе,*

¹ Сахих Муслим, Китәб салаһ әл-мусафирин, 1176.

² «Зумар» сүресі, 9-аят.

³ Сахих Муслим, Китәб әс-сиям, 1982.

парыздан бөлек екі ракағат намаз оқысын және: «Аллаһумма инни астахирукә биъилмикә, уәс-тақдирука биқудратикә, уә әс-әлукә мин фадликәл-ъазыйм, фә-иннака тақдиру уә лә әқдир, уә тәъләму уә лә әъләму, уә әнтә ʔалләмүл-ғүйүб.

Аллаһумма ин кунта тәъләму әннә һәзәл-әмрә¹ хайрун ли фи дини уә маъаши уә ʔақибәти әмри (фи ʔажилиһи уә әжлиһи), фәқдурһу ли уә яссирһу ли суммә бәрик ли фиһ. Уә ин кунта тәъләму әннә һәзәл-әмрә шаррун ли фи дини уә маъаши уә ʔақибәти әмри (фи ʔажилиһи уә әжлиһи) фәсрфһу ʔанни уәсрифни ʔанһу уәқдур лил-хайри хайсу кәнә суммә ардини биһ», – деп, дұға оқысын», – деді», – деген².

Мағынасы: Уа, Аллаһ! Сенің іліміңе сеніп, Өзіңнен маған осы істің қайырлысын білдіруінді сұраймын. Және құдіретіңе сүйеніп, Өзіңнен күш және тағат тілеймін және Сенің ұлы кеңшілігіңнен сұраймын. Өйткені Сенің құдіретің әр нәрсеге жетеді, менің күшім жетпейді, Сен білесің, ал мен білмеймін, сондай-ақ Сен ғайып нәрселерді білесің.

Уа, Аллаһ! Егер осы істің (не іс екенін айту керек) менің дініме, өмір сүруіме және (жақын арада және келешекте) болатын істерімнің соңына (яғни Ақыретіме) қайырлы екенін білсең, оны маған нәсіп ет, оны жеңілдет және оның берекесін бер. Ал егер осы істің менің дініме, өмір сүруіме және (жақын арада және келешекте) болатын істерімнің соңына зиянды екенін білсең, оны менен, мені одан аулақ қыла гөр әрі оның орнына одан қайырлысын нәсіп ет және сонымен мені разы қыла гөр.

Егер бұл дұғаны жатқа білмейтін болса, оның орнына өзі толық білетін, осы дұғаның мағынасына жақын басқа дұғаны оқуға да болады.

Истихара намазын оқығаннан кейін Аллаһтан бір аян келіп, анық нұсқау беріледі немесе түс көреді деп түсіну дұрыс емес. Асылында, истихара намазын оқығаннан кейін Аллаһтың көмегімен жағдай анықталуы мүмкін, болмаса адам өз көңіліне басымырақ түскен ойымен амал жасауға кіріседі.

Қажет намазы. Қажет намазы – қиын жағдайға тап болғанда оқылатын екі ракағаттан тұратын нәпіл намаз. Қажет намазының мәні – оны оқып болғаннан кейін Аллаһтан бір істі жеңілдетуді немесе бір қажетін өтеуді сұрап жалбарыну. Бұл намаз көбінесе адамның басына бір ауыртпашылық түскенде, қиын жағдайға тап болғанда, Аллаһтан медет сұрап оқылады.

Дәрет намазы. Дәрет намазы – дәрет алғаннан кейін оқылатын екі ракағат намаз. Бұл намазды парыз намазымен немесе парыз намазының алдында оқылатын сүннет намазымен бірге ниет етіп оқуға болады.

Уқба ибн Амир (Аллаһ оған разы болсын): «Аллаһ елиісі (с.а.с.): «**Бір мұсылман дәрет алып, дәретін көркем түрде алып** (яғни толық алса)

¹ Бұл жерде істің мәнін еске алу керек. Мәселен, бұл некелесу, сауда-саттық келісімі т.б. болуы мүмкін.

² Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-жумуға, 1097.

болғаннан кейін тұрып, екі ракағат намазды (шын) жүрегімен және жүзін бұрып оқыса, оған жаннат уәжіп болады», – деді», – деген¹.

Мешіттің сәлем намазы (тахият әл-мәсжид). Ол – мешітке кірген кезде оқылатын екі ракағатты намаз. Оны қазақ тілінде «мешіт ақысы» деп те атайды. Ол намазды сүннет намазымен немесе парыз намазымен бірге ниет етіп оқуға да болады. Күніне бірнеше рет мешітке кіріп-шығатын кісі мешіттің сәлем намазын бір рет оқыса жеткілікті. Бірақ ол мешітке әр кірген сайын оқыса, сауабы көбірек болады. Бұл намаз намаз оқу мәкруһ болған уақыттарда оқылмайды. Кейбір ғалымдар «мешіттің сәлем намазын мәкруһ уақытта да оқуға болады» деген пікір айтады. Бұл мәселені зерттеген ғалымдар: «Мәкруһ уақытта мешітке кіріп, намаз оқыған адамға «неге оқисың?» деп немесе оқымаған адамға «неге оқымайсың?» деп сөуге болмайды, себебі ғұламалар осы мәселеге қатысты Пайғамбардан (с.а.с.) жеткен хадистерден түрлі қорытындылар шығарған», – деген.

Әбу Қатада әс-Сәләми (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Егер сендердің біреулерің мешітке кіретін болса, отырмастан бұрын екі ракағат оқысын», – деді», – деген².*

Сүннет пен нәпіл намаздарына ғана қатысты үкімдер

Сүннет және нәпіл намаздарының үкімдері парыз намаздарының үкімдерімен бірдей. Тек аздаған айырмашылықтары бар. Олар:

1. Парыз намаздарында қиям (тұру) – парыз. Парыз намаздарын түрегеп тұрып оқуға шамасы келетін адамның отырып оқуына болмайды, ал отырып оқығанымен, ол намаз дұрыс болып саналмайды. Ал сүннет және нәпіл намаздарында қиям парыз емес. Ол намаздарды отырып оқуға болады. Бірақ оның сауабы түрегеп тұрып оқыған намаздың жарты сауабына тең болады.

Имран ибн Хусайн (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбардан (с.а.с.) отырып оқыған адамның намазы жайлы сұрадым. Ол (с.а.с.): «Кімде-кім тұрып оқыса, сол абзал. Отырып оқыған адамға тұрып оқыған адамның жарты сауабы (жазылады). Жатып оқыған адамға отырып оқыған адамның жарты сауабы (жазылады)», – деді», – деген³.*

Сүннет не нәпіл намазды отырған күйде оқығысы келген адам әт-тәхият (тәшәһһуд) дұғасын оқуға отырғандай отырып, тәкбір айтады. Сосын тіке тұрғандағыдай екі қолын кіндіктің астына не үстіне байлайды. Руқуғке барғанда екі қолын тізесінің үстіне қойып еңкейді.

¹ Сахих Муслим, Китәб әт-таһара, 345.

² Сахих әл-Бұхари, Китәб әс-салаһ, 425. Сахих Муслим, Китәб салаһ әл-мусафирин, 1165.

³ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-жумға, 1049.

Егер намазды тіке тұрып бастағаннан кейін отырып аяқтаса, оның намазы дұрыс болып саналады.

2. Сүннет пен нәпіл намазын бастаған кісі намазын міндетті түрде аяқтауы керек. Ал ол намазын аяқтамаса, оны қайталап оқу: ханафи мазһабында – уәжіп, ал шафиғи мазһабында – мандуб. Себебі Аллаһ тағала Құранда «амалдарынды жоймаңдар» деп, мұсылмандарға бастаған жақсы амалдарын аяғына жеткізуді бұйырған.

«Ей, иман келтіргендер! Аллаһқа бағыныңдар әрі Елшіге бағыныңдар және амалдарынды жоймаңдар»¹, – деген.

3. Күндіз және түнде оқылатын барлық рауатиб намаздар іштей оқылады. Ал рауатибтан басқа сүннет және нәпіл намаздар күндіз оқылса, іштей оқылады. Ал түнде болса, намаз оқушының еркіне қарай іштей немесе дауыстап оқи береді.

4. Жоғарыда айтылғандай, негізі, нәпіл намаздар екі-екі ракағатты болып оқылады. Ал төрт ракағатты етіп оқығанда бір намазға екінші намазды жалғастырған болып есептеледі. Сол себепті ондайда төмендегі жайттарға мейлінше көңіл бөлген жөн:

– Алғашқы екі ракағаттағыдай соңғы екі ракағатта да «Фатиха» сүресінен кейін зәм сүресін қосады. Себебі соңғы екі ракағат жеке намаз іспетті болғандықтан, оған жеке намаздың үкімі беріледі. Ал жеке намазда Фатихаға тағы бір сүре немесе бірнеше аяттар қосып оқиды. Бұл үкімді білмейтін адамның бұрынғы намаздары дұрыс болып саналады. Ал бұл үкімді білетін адам қателесіп не ұмытып орындамай кетсе, намаздың соңында міндетті түрде сәһу сәждесін жасауы керек.

– Төрт ракағатты сүннет не нәпіл намаздың соңғы екі ракағатын бұзып алған адам алғашқы екі ракағаттың барлық парызы мен уәжіптерін дұрыс орындаса, оның намазының алғашқы екі ракағаты дұрыс деп есептеледі.

– Сүннет не нәпіл намазын төрт ракағатты етіп оқуға ниеттенген адам намазын екі ракағатпен ғана шектесе, қалған екі ракағатты оқымауына болады. Себебі соңғы екі ракағат жеке намаз болып есептеледі және намазхан оны бастамаған болып саналады.

5. Түнгі (тәһәжжуд) намазында ұзақ тұру көп сәжде еткеннен абзал. Ұзақ оқылған алты ракағатты намаз, қысқа оқылған сегіз ракағатты намаздан абзалырақ.

6. Сүннет және нәпіл намаздары адамның өз еркінде, яғни қалауына орай не оқиды, не оқымайды. Ал парыз намаздарды оқу әрбір мұсылман баласына міндеттелген.

7. Сүннет және нәпіл намаздарды адам өзінің еркі мен күш-жігеріне байланысты қалауынша оқиды. Ал шаршаған кезде басқа іспен айналысуына болады.

¹ «Мұхаммед» сүресі, 33-аят.

Намазды ықыласпен, бар ынта-жігермен көңіл бөліп оқу

Мұсылман адам намазды шын ықыласымен беріліп, көңілін өзге іске бөлместен, бар ниетін оқып жатқан намазына аударуы керек. Ол өзінің Аллаһтың алдында мінәжат етіп тұрғанын жан дүниесімен сезінуі тиіс.

Намаз оқыған кезде өзінің істеген амалдарының, оқыған Құран аяттары мен дұғаларының мәнісін ұғынуы намазының мәнін, ләззатын сезінуіне көмектеседі.

Намазға тұрғанда парыз және уәжіп амалдарды түсініп оқу – уәжіп. Намаздың парызында шатасу және уәжіп амалдарды жаңылысып қалдырмау үшін оны жан-тәнімен ұғына, мұқият орындау қажет. Ал қате жіберіп алған жағдайда оның орнын толтыру үшін сәһу сәждесі жасалады.

Әбу Нурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) бір күні бізбен намаз оқыды, болғаннан соң (с.а.с.): «Ей, пәленше! Намазыңды көркемдемейсің бе?! Егер намазхан намаз оқыса, қалай оқығандығына қарамай ма?! Ол намазды өзі үшін оқиды ғой. Аллаһпен ант етемін, мен алдымнан көргенімдей, артымнан да көремін», – деді»,* – деген¹.

Айша (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісінен (с.а.с.) намазда жан-жаққа қарау туралы сұрадым. Ол (с.а.с.): «Ол (жан-жаққа қарау) – шайтанның пенденің намазынан жасаған ұрлығы», – деді»,* – деген².

Адам жан-жағына жүзімен қарағаны секілді жүрегімен де қарайды. Егер оның жүрегі тынышталмаса, ойы жан-жаққа шашырап, сан қилы істерді ойлайды. Пайғамбарымыз (с.а.с.) намаз оқып тұрған кезде жан-жаққа көңілімен де алаңдауға тыйым салған. Намаз оқыған адам, міне, осындайдан сақ болғаны жөн.

Намазда зейінін сан-саққа жүгіртетін адам Аллаһтың құдіретін, Оның өзін көріп, естіп, біліп тұрғанын сезіну арқылы, ойын бір арнаға жинақтап, өмірдегі барлық жақсылық пен жамандықтың бір Аллаһтан екендігін есіне алып, Жаратушысына мінәжат етіп, ынта-жігерін намазын дұрыс орындауға, намазының әрбір амалына көңіл бөліп, аяғына дейін жаңылмай жеткізуге тырысуы керек.

Намазда көзі әр нәрсеге түспей, көңілі бірқалыпты болу үшін намазхан тік тұрған кезде маңдайы сәждеге баратын жерге, руқуғке барған кезде екі аяғының басына немесе отыратын жеріне, ал отырған кезде төменге қарауы керек және әрбір істеген амалын ойымен нақтылап, оқыған аяттары мен дұғаларының мағынасына назар аударуы қажет.

¹ Сахих Муслим, Китэб әс-салаһ, 642.

² Сахих әл-Бұхари, Китэб әл-әзэн, 709.

Намазда оқылатын нәпіл дұғалар

Жоғарыда айтылған сәнә дұғасы, рукуғте және сәждеде оқылатын дұғалар бекітілген сүннетке жатады. Пайғамбарымыз (с.а.с.) ол дұғаларды парыз және сүннет намаздарында бірдей оқитын-ды. Сонымен қатар Пайғамбар (с.а.с.) кейде парыз намаздарында және көбінесе нәпіл намаздарында басқа да дұғаларды қосатын еді. Мәселен:

1. Сәнә дұғасынан кейін:

«Аллаһуммәһ-дини ли-әхсәнил ахлақи лә яһди ли-әхсәниһә иллә әнт. Уас-риф ʿанни сәйи-әһә, лә ясрифу сәйи-әһә иллә әнт».

Әли ибн Әбу Талиб риуаят еткен Пайғамбарымыздың (с.а.с.) тәкбиратул-ихрамнан кейін оқыған дұғалары айтылған ұзын бір хадисте: *«Аллаһуммәһ-дини ли-әхсәнил ахлақи лә яһди ли-әхсәниһә иллә әнт. Уас-риф ʿанни сәйи-әһә, лә ясрифу сәйи-әһә иллә әнт»*, – деген¹.

Мағынасы: Уа, Аллаһ! Мені мінездердің ең абзалына бастай гөр. Оның ең абзалына Сенен басқа ешкім бастай алмайды және менен оның жаманын алыс ет, оның жаманын Сенен басқа ешкім алыстата алмайды.

2. Рукуғте тәсбихтарды айтып болғаннан кейін:

«Аллаһуммә ләкә ракәʿту, уә бикә әмәнту уә ләкә әсләмту, хашәʿа ләкә самʿи, уә басари, уә муххи, уә ʿазми, уә ʿасаби».

Әли ибн Әбу Талибтен риуаят етілген хадисте: *«Аллаһ елшисі (с.а.с.) рукуғке барғанда: «Аллаһуммә ләкә ракәʿту, уә бикә әмәнту уә ләкә әсләмту, хашәʿа ләкә самʿи, уә басари, уә муххи, уә ʿазми, уә ʿасаби», – дейтін»*²;

Мағынасы: Уа, Аллаһ! Саған рукуғ жасадым, Саған иман келтірдім, Саған бағындым, құлағым, жанарым, миым, сүйегім және жүйкем Саған мойынсынды.

3. Рукуғтен тұрғанда «Самиға Аллаһу лимән хамидәһты» айтып болғаннан кейін «Раббана ләкәл-хамд, мил-әс-сәмәуәти уә мил-әл-ардый уә мил-ә мә бәйнәһумә уә мил-ә мә ши'тә мин шәй-ин баъд» деген дұғаны қосу. Жоғарыдағы хадистің жалғасында:

*«Рукуғтен тұрғанда: «Аллаһумма, Раббана ләкәл-хамд мил-әс-сәмәуәти уә мил-әл-ардый уә мил-ә мә бәйнәһумә уә мил-ә мә ши'тә мин шәй-ин баъд», – дейтін»*³.

Мағынасы: Уа, Аллаһ! Раббымыз Саған аспан тола, жер тола, ол екеуінің арасы тола және одан кейінгі қалаған нәрселерің тола хамд (мадақ) болсын.

4. Сәждеге барғанда тәсбихтарды оқып болғаннан кейін:

¹ Сунән Әбу Дауд, Китәб әс-салаһ, 649. Осы мағынадағы хадис Муслимде де бар.

² Сахих Муслим, Китәб салаһ әл-мусафирин, 1290.

³ Сахих Муслим, Китәб салаһ әл-мусафирин, 1290.

«Сәждеге барғанда: «Аллаһумма ләкә сәжәдту уә бикә әмәнту уә ләкә әсләмту, сәжәдә уәжһи лил-ләзи халәқәһу уә саууарәһу уә шаққа сәмһәһу уә басарәһу, тәбәракаллаһу әхсәнүл-халиқин», – дейтін», – деген¹.

Мағынасы: Уа, Аллах! Саған сәжде жасадым және Саған иман келтірдім, Саған бойсұндым. Менің жүзім өзін жаратқанға, бейнелегенге, естуін және көруін шығарғанға сәжде жасады. Жаратушылардың ең жақсысы Аллах – Ұлы!

5. Екі сәжденің арасында: «Раббиг-фир ли, уәр-хамни, уәж-бурни, уәр-зукни, уәр-фәһни» дұғасын айту.

Ибн Аббас (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Аллаһтың елшісі (с.а.с.) түнгі намазда екі сәжденің арасында: «Раббиг-фир ли, уәр-хамни, уәж-бурни, уәр-зукни, уәр-фәһни», – дейтін», – деген².*

Мағынасы: Раббым, мені кешір, рақым ет (мейіріміңе бөле), түзет, ризық бер және жоғарылат.

Бұлардан басқа да намаз барысында айтылатын дұғалар туралы имам ән-Науауидің «әл-Әзкәр» және имам ән-Нәсәидің «Амал әл-яуми уәл-ләйлә» атты кітаптарында кеңінен қамтылған.

¹ Сахих Муслим, Бәб әд-дүға фи әс-саләһ, 1848.

² Сунән Ибн Мәжәһ, Китәб иқама әс-саләһ, 888.

ЖАМАҒАТ НАМАЗЫ ТАРАУЫ

Күнделікті бес уақыт парыз намаздары, жұма, айт, тарауих және истиска намаздары жамағатпен оқылады. Жамағат намазы дегеніміз – бір елді мекендегі барлық мұсылмандар бір имамның артынан сап түзеген күйде оған ұйып, намаз оқу.

Үкімі: Жамағат намазы – ер кісілер үшін уәжіпке жақын бекітілген сүннет. Сондықтан оны үзірсіз тастауға болмайды. Бір елді мекеннің мұсылмандары жамағат намазын ешбір себепсіз оқымайтын болса, олардың барлығы да күнәкар болады. Себебі мұсылмандардың бірігіп, сап түзеп, бір имамның артында тұрып, намаз оқулары – Ислам дінінің рәмізі іспетті. Пайғамбарымыз (с.а.с.) жамағат намазына аса мән берген және жамағат намаздарына қатыспау екіжүзділердің белгісі екендігін көптеген хадистерінде ескерткен. Кейбір ғалымдар осы хадистерге сүйене отырып, жамағат намазын уәжіп десе, екінші ғалымдар парыз кифая деген үкім береді. Тіпті бір ғалымдар «парыз айн» деп те айтқан. Осы үкімдер арқылы Исламда адамдардың жамағат болып намаз оқуының қаншалықты деңгейде маңызды екенін көрсететіндігін қорытуға болады.

Абзалдығы: Намазды жеке оқығаннан гөрі жамағатпен оқығанның сауабы мол.

Абдуллаһ ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Жамағат намазы жеке адамның намазынан жиырма жеті дәреже абзал», – деді», – деген¹.*

Мешітте жамағатпен намаз оқи алмаған жағдайда, бір үйдің адамдары немесе көршілер жиналып, жамағат құрып намаз оқуларына болады. Мұндайда намазды имаммен бірге жалғыз адам оқыса да, толық жамағат намазының сауабына ие болады. Ал жамағаттың саны көбейген сайын абзалдығы артып, сауабы молая түседі.

Убай ибн Кағб (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) бір күні бізбен таң намазын оқыды. Ол (с.а.с.): «Пәленше қатысты ма?» – деді. Олар (сахабалар): «Жоқ», – деді. Ол (с.а.с.): «Түгенше қатысты ма?» – деді. Олар: «Жоқ», – деді. Ол (с.а.с.): «Мына екі намаз (күптан мен таң намазы) – мұнафықтар үшін ең ауыр намаз. Егер осы екі намазда не бар екенін (яғни қандай сауап бар екенін) білсеңдер, еңбектен болса да (мешітке, жамағатпен оқуға) келер едіңдер. Бірінші сап періштелердің сабы секілді, оның абзалдығын білсеңдер, оған (бірінші сапқа) жарыса келер едіңдер. Адамның жалғыз өзі оқыған намазынан, бір адаммен бірге оқыған намазы абзал. Екі адаммен оқыған намазы бір адаммен оқыған намазынан абзал. Ал олар көбейген сайын Аллаһ сүйсінеді», – деді», – деген².*

¹ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-әзән, 609.

² Сунән Әбу Дауд, Китәб әс-салаһ, 467.

Жамағат намазына қатыспауға рұқсат етілген жағдайлар:

1. Ауа райы қолайсыз болғанда, мәселен, нөсер жаңбыр жауса, үскірік аяз тұрса немесе дауылды боран соғып, мешітке жету қиынға түссе, мешітте жамағатпен намаз оқымауға рұқсат етіледі.

Ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) Дажнанда¹ азан шақырды. Сосын: *«Намазды үйлеріңде (тұрған жерлерінде) оқыңдар»*, – деді де: *«Бізге (қасындағы серіктеріне) Аллаһ елшісі (с.а.с.) азаныңызға азан шақырғаннан кейін артыңша «сапарда, жаңбырлы не суық түнде намазды үйлеріңде оқыңдар» деп айтуға әмір беретін»,* – деді².

Бұдан өзге «батпақты, қолайсыз күндері намаздарыңды үйлеріңде оқыңдар» деген мағынадағы хадисті имам әл-Бұхари Ибн Аббастан да риуаят еткен.

2. Намазхан өзінің жаны немесе жиған-терген ырыздығы үшін әлде бір залым мен алаяқтардан қауіптенсе немесе көлігінің күтпей кетіп қалуына алаңдаса, жамағат намазына қатыспауына рұқсат етіледі.

3. Мешітке бара алмайтындай дәрежеде қатты сырқаттану. Мысалы, төсек тартып жатса, аяғынан жан кетіп, сал болып қалса. Сол сияқты ауыр халдегі сырқат адамға қарайтын адам үшін мешітке бармауына рұқсат етіледі.

4. Жамағат намазы басталар кезде алдына тамақ келген аш адамға және дәрет қыстаған адамға жамағатқа ілеспеуіне болады.

Айша (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.): «Егер кешкі ас қойылса және намазға қамат түсірілсе, кешкі астан бастаңдар», – деді»,* – деген³.

Ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.): «Егер біреулерің тамаққа отырса, тіпті намазға қамат түсірілсе де, одан қажетін алғанша асықпасын», – деді»,* – деген⁴.

Айша (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісінің (с.а.с.): «Тамақ келгенде және дәрет қыстағанда намаз жоқ (яғни намаз оқылмайды)», – дегенін естідім»,* – деген⁵.

Осы тұста Аллаһ тағала сауапты адамның ниетіне қарай беретінін де ескере кеткеніміз жөн. Кімде-кім мешітке жамағатпен намаз оқуға барғысы келсе, бірақ оған белгілі себептер кедергі келтірсе, Аллаһ оған жамағатпен оқылған намаздың сауабындай сауап береді.

¹ Меккенің атырабындағы бір таудың аты.

² Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-әзән, 596.

³ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-әзән, 631.

⁴ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-әзән, 633.

⁵ Сахих Муслим, Китәб әл-мәсәжид, 869.

Имамның шарттары:

Барлық шариғат амалдарын орындау үшін пенденің мұсылман және ақыл-есінің бүтін болуы керек. Имамдықтың одан басқа бірнеше шарттары бар. Олар:

1. Балиғат жасына толу. Себебі балиғатқа толу мұсылманның мойнына шариғат амалдарын орындауды жүктейді. Ал балиғатқа толмаған сәбидің намазы дұрыс болғанымен, намаз оған міндет емес, сол себепті оның оқыған парыз намаздары нәпіл ретінде жүреді. Алайда ол балиғатқа толғандарға имам бола алмайды. Өйткені балиғатқа толған адамның парыз намазы балиғатқа толмаған имамның нәпіл намазынан күшті. Ал күшті әлсіздің артынан ілеспейді. Ол тек өзі секілді балиғаттық жасқа толмаған сәбилерге ғана имам бола алады.

Балиғатқа толмаған сәбидің имамдыққа өтпейтіндігі Ибн Аббастан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) және имам Шағбиден жеткен.

2. Ер кісі болу. Әйел кісі ер кісіге анасы болса да, имам болмайды.

Жәбир ибн Абдуллаһ (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Аллаһ елиісі (с.а.с.): «Әйел ерге имам болмасын», – деді»,* – деген¹.

Тек барлығы әйел кісілер болса, олар араларынан біреуін имам сайлап, жамағатпен намаз оқуларына болады. Бірақ әйелдердің жамағатпен намаз оқулары – мәкруһ. Мәлики мазһабында әйелдер өздері болса да, тіпті нәпіл намазында да әйел имам болмайды. Шафиғи мен ханбали мазһабтарында әйелдің әйелдерге имам болуы еш мәкруһ емес. Осы пікірді ханафи мазһабынан Кәмәл ибн Һумәм да қоштайды.

Айша (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елиісі (с.а.с.): «Мешітте және жаназадан басқа кезде әйелдердің жамағатында қайыр жоқ», – деді»,* – деген².

Күллі Ислам ғалымдары әйелдердің ер кісілермен бірге болғанда, имамдыққа өтпейтіндігіне бір ауыздан келіскен. Яғни бұл – ғұламалардың ижмағы. Бізге бірде-бір ғалымның әйелге ұйып намаз оқуға рұқсат бергені жайлы сахих хабар жетпеген.

3. Құранды дұрыс оқи алу. Кекеш, сақау және сөздің мағынасын бұзып оқитын адам имамдыққа өтпейді.

4. Үзірлерден аман болу. Қуығы ұстамайтын немесе мұрны қанай беретін адам имам болмайды.

Имамға ұюдың шарттары:

1. Ниет. Яғни имамға ұюды жүрегімен бекіту. Ал имам болып тұрған адамның басқаларға имам болуды ниет етуі шарт емес. Ендеше, бір адамның парыз намаз оқып тұрғанын көрген басқа бір адам оған ұйып, намаз оқуына болады.

¹ Сунән Ибн Мәжәһ, Китәб иқама әс-салаһ, 1071, дағиф хадис.

² Муснәд Ахмад, Китәб бәқи муснәд әл-ансар, 23240, дағиф хадис.

Алайда әйел адамдарға имамдық ететін жағдайда арнайы ниет етіледі. Сондықтан парыз намазын оқып тұрған ер кісінің артынан әйел адам намазға тұра алмайды. Бұл – күнделікті намаздарға қатысты үкім. Ал жұма, айт және мешітте жамағатпен оқылатын намаздарында әйелге имам болуды ниет етудің қажеті жоқ. Себебі бұл намаздарға әйелдердің қатысатыны алдын ала белгілі.

2. Ұюшы адам имамнан кейін не оның жанында тұрады. Ал имамның алдына шығып кеткен жағдайда ұюшының намазы бұзылады. Ол өкшемен есептеледі, яғни имамның өкшесі ұюшының өкшесінің алдында не онымен бірдей тұруы керек. Ұюшының өкшесі имамның өкшесінің алдына шығып кетсе, оның намазы бұзылады.

Себебі Пайғамбар (с.а.с.) барлық намаздарда ұюшылардың алдында не жанында тұрған және еш уақытта ұюшылардан кейін тұрмаған.

3. Имамның намазы ұюшының намазынан дәрежесі кіші болмауы керек. Яғни парыз намазына ниет еткен кісі нәпіл не сүннет намазын оқып жатқан адамға ұйып намаз оқымайды. Ал имамның намазы ұюшының намазынан жоғары болғанда, имамға ұйып намаз оқуға болады. Мысалы, имамның намазы парыз болса, оның артынан сүннет намазына ниет етіп, намаз оқуға болады.

Ал сүннет не нәпіл намазын жамағатпен алдын ала келіспестен, жиналып оқу – мустахаб. Бірақ алдын ала келісіп, бір мезгілде сүннет не нәпіл намазын жамағатпен оқу мәкруһ. Тек рамазан айында тарауих және қиямул-ләйл (түнгі намаз) намаздарын ғана жамағатпен оқуға болады.

4. Имам мен ұюшының парыз намаздары бір болу. Яғни екінті намазының парызын оқып жатқан кісінің артынан бесін намазының қазасын оқу ниетімен ұюға болмайды. Сол сияқты өткен күнгі бесін намазының қазасын осы күнгі бесін намазын өз уақытында оқып жатқан адамға ұйып оқуға болмайды. Бұған шафиғи мазһабында ғана рұқсат етіледі.

5. Имам деп артынан ұюға тұратын адамның өзі басқа бір имамға ұйып тұрса, оның артынан ұйып, намаз оқымайды. Мәселен, бір кісі мешітке кіргенде, имам сәлем беріп, намазды аяқтап қояды. Бірақ соңғы саптағы бір адам бір немесе бірнеше ракағатта имамға кешігіп ұйыған болады да, кешіккен ракағаттарының орнын толтыру үшін орнынан тұрып, намазын жалғастырады. Міне, осы адамның артынан имам сәлем беріп қойғаннан кейін келген адам ұйымайды. Себебі ол адам бір намазда әрі ұюшы, әрі имам бола алмайды.

6. Өзі ұйып тұрған имамға, ұйып тұрған әйелдің артында не жанында тұрмауы шарт. Себебі бір намазда әйелдің артында тұру оның намазын бұзады. Бұл туралы намазды бұзатын амалдар тарауында айтылған.

7. Имам мен ұюшының арасында жол немесе имамның даусын не қозғалысын білуге кедергі келтіретін қабырға болмау керек. Бірақ имам мен ұюшының арасындағы жолмен сап жалғасып жатса, оқасы жоқ. Сол секілді имамның даусын не қозғалысын білуге кедергі келтірмейтін дуалдың да зияны жоқ.

Егер имам мен ұюшының арасында ешбір себепсіз екі сап тұратындай қашықтық болса, имамға ұю дұрыс емес.

8. Имам оқып жатқан мешіттің шатырында намаз оқуға болады. Тек ұюшы имамның даусын және қозғалыстарын біліп тұруы керек. Мешіт пен оның аумағы бір жер деп есептеледі. Сондықтан мешіттің ішіндегі имамға сырттағы адамның ұюы дұрыс және ол жамағат намазының сауабын алады.

Егер адамдар аса көп жиналып, сап мешіттің ауласының сыртына шығып жатса, сол саппен жалғасып жатқан барлық жерде имамға ұюға болады.

Имам бір кемеде, оған ұюшы екінші кемеде болса, имамға ұю дұрыс емес. Тек екі кеме бір-біріне байланып, бір кеме секілді болып тұрса ғана имамға ұюға болады.

9. Адамдар өте көп болып, сәждеге бас қоятын жер таппаған кезде, алдыңғы сапта тұрған адамның арқасына сәжде жасауға рұқсат етіледі.

Басқа да жағдайларға қатысты үкімдер:

1. Дәрет алған адамға тәяммум алған адамның, аяғын жуған адамға мәсіге масих тартқан адамның артынан тұрып намаз оқуына болады. Себебі ол екеуінің де дәреттері дұрыс.

2. Тұрғылықты адамның жолаушыға ұйып намаз оқуына болады. Төрт ракағатты намаздарда жолаушы имам екі ракағаттан кейін сәлем береді, ал жолаушы емес ұюшы сәлем берместен орнынан тұрып, қалған екі ракағатты оқиды. Бірақ имам болған жолаушы адам намазға кірер алдында басқаларға өзінің намазды қасыр қылып оқитынын ескерткені абзал. Ескертпеген жағдайда сәлем бергеннен кейін де өзіне ұйыған адамдарға «Намаздарыңды толтырыңдар! Мен жолаушымын» деп айтуына болады.

Сондай-ақ жолаушы тұрғылықты адамға ұйып намаз оқи алады. Бірақ ол төрт ракағатты намазды имаммен бірге толық оқиды.

3. Түрегеп тұрған адамның отырған адамға ұюына болады. Себебі Пайғамбарымыз (с.а.с.) қайтыс болар алдында ауырған кезінде отырған күйде имам болған. Ал сахабалар оның (с.а.с.) артында түрегелген күйде ұйып намаз оқыған және Пайғамбар (с.а.с.) оларға отыруды әмір етпеген. Бұл хадисті имам әл-Бұхари, Муслим риуаят еткен. Ал

Әнәс ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Имам оған ұю үшін жасалған. Егер отырып оқыса, барлықтарың отырып оқыңдар», – деді»,* – деген¹ хадиске келер болсақ, бұл хадистегі соңғы үкім, яғни имам отырып оқыса, ұюшылардың да отырып оқуы қажет деген үкім мансұх болған (күші жойылған). Өйткені Пайғамбарымыз (с.а.с.) қайтыс болардан бұрын оқыған намазды отырып оқыған. Ал Әбу Бәкір (Аллаһ оған разы болсын) оның (с.а.с.) артында тұрып, адамдарға Аллаһ елшісінің (с.а.с.) тәкбірлерін жеткізіп тұрған, сахабалар Әбу Бәкірге ілесіп, тұрып намаз оқығандығы анық айтылған².

¹ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-әзән, 647.

² Бұл оқиға Сахих Муслимде келген.

Әл-Хумәйди: «Оның (с.а.с.) **«Егер тұрып оқыса, тұрып оқыңдар, отырып оқыса, барлығың отырып оқыңдар»** деген сөзі бұрынғы ауырған кезінде айтылған. Одан кейін (қайтыс болар алдында ауырған кезде) Пайғамбар (с.а.с.) отырып, адамдар оның (с.а.с.) артында тұрып оқыған. Сол кезде ол (с.а.с.) өзіне ұюшыларға «отырындар» деп бұйырмаған. Пайғамбардың (с.а.с.) соңғы ісімен амал жасалады», – деген¹.

Яғни алғашқы кезде имам отырып оқыса, оған ұйығандар да отырып оқитын болған. Кейінірек ол үкім жойылып, оның орнына имам отырып оқыса да, оған ұйығандар тұрып оқиды деген үкім белгіленген.

Арқасы түзу адам, бүкір адамның артында тұрып намаз оқуына болады. Тіпті оның бүкірлігі руқуғте тұрғандай болса да, арқасы түзу адамдар оған ұйып намаз оқи алады. Себебі отырған адамның артында намаз оқуға рұқсат етілгендей, еңкейген адамның артында да намаз оқуға рұқсат етіледі.

4. Дені сау адам үзірлі адамның (үзірлі адам туралы ауру адамның намазы тарауында айтылады) артында тұрып намаз оқымайды. Ал, керісінше, үзірлі адам дені сау адамның артында тұрып намаз оқыса болады.

5. Пасық адамның артында тұрып намаз оқуға рұқсат етіледі. Пасық деп шарифатта тыйым салынған арақ ішу мен өсімқорлықпен айналысу сияқты күнәларды істейтін мұсылманды атайды. Бірақ оның имамдыққа өтуі – мәкруһ.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): **«Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Парыз намазын әрбір жақсы және пасық мұсылманның артында тұрып оқу – сендерге уәжіп, тіпті ол (пасық) үлкен күнәлар істесе де», – деді»,** – деген².

Имамдыққа кім лайық?

Жамағат намазы үйде, мешітте немесе сол секілді көпшілікке арналған орындарда оқылады.

Үйде оқылған жамағат намазына имам болуға үйдің иесі лайықты. Бірақ үй иесі басқа бір кісінің ілімін не басқа да қасиеттерін құрметтеп, имамдыққа өткізсе, сол адам имам болады.

Мәлик ибн Хууайрис (Аллаһ оған разы болсын): **«Аллаһ елшісінің (с.а.с.): «Кімде-кім бір елді зиярат етсе, оларға имам болмасын. Оларға өздерінен біреуі имам болсын», – дегенін естідім»,** – деген³.

Мешіттің бекітілген имамы сол мешітте оқылатын жамағат намазына имам болады. Тіпті сол мешітке имамнан білімдірек басқа біреу келсе де, ол адам имамның рұқсатынсыз имамдыққа өтпейді. Бірақ сол елді мекеннің бас имамы не елдің мүфтиі сияқты мешіттің ресми бекітілген имамынан жоғары дәрежедегі адам болса ғана имамдыққа өте алады.

¹ Сахих әл-Бұхари, Бәб иннәмә жуғилә әл-имам ..., 657.

² Сунән Әбу Дауд, Китәб әс-салаһ, 502.

³ Сунән Әбу Дауд, Китәб әс-салаһ, 504. Сунән әт-Тирмизи, Китәб әс-салаһ, 324. Әт-Тирмизи хасан-сахих хадис деген.

Ал мешіттің бекітілген имамы жоқ кезде немесе бір топ адам көпшілік жиналатын жерде жамағат намазын оқитын болса және олардың арасында басшы болмаған жағдайда ханафи мазһабында имамды төмендегі тәртіппен таңдайды:

1. Адамдар арасында күнәлардан бойын аулақ ұстайтын, тақуа, намаздың парыздары мен оны бұзатын амалдардың үкімдерін жақсы меңгерген адам;

2. Жоғарыда аталған сипатқа бірнеше адам сай келсе, онда қасиетті Құран Кәрімді тәжуидімен сауатты оқитын адам;

3. Бұл сипат та бірнеше адамнан табылған жағдайда күмәнді істерден аулақ жүретін адам;

4. Ол сипаттың өзі бірнеше адамнан табылар болса, олардың ішіндегі жасы үлкені;

5. Бір жастағы адамдардың бірнешеуі болса мінез-құлқының биязылығына қарай таңдалынады;

6. Одан кейін дене-пішімінің сымбаттылығына қарай;

7. Осы аталған сипаттардың барлығы екі не одан да көп адамдарда болған жағдайда, олардың ортасына жеребе тасталады;

8. Жеребеге келіспеген жағдайда дауысқа салу арқылы имамды таңдайды.

Қалған үш мазһабта имамды таңдау тәртібі ханафи мазһабының тәртібі секілді, бірақ аздаған айырмашылықтары бар.

Әбу Масғуд әл-Ансари (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһтың елшісі (с.а.с.): «Адамдарға Аллаһ Кітабын көп білетіні Құранда бірдей болса, сүннетті жақсы білетіні сүннетте бірдей болса, бірінші хижра (Меккеден Мәдинаға бірінші көшкені) хижрада бірдей болса, Исламға бірінші кіргені имам болады. Біреуге басқа біреу өз иелігінде имам болмасын және үйінде сыйлы жерге оның рұқсатынсыз отырмасын», – деді»,* – деген¹.

Фикһ ілімінің мамандарының айтуынша, осы хадистегі *«Құранды және сүннетті жақсы білетін»* деген сөздің түп-төркіні шарифат үкімдерін жақсы игерген деген мағынаға саяды. Сондықтан Құранды жатқа білетін, бірақ шарифат үкімдерін жақсы білмейтін адам мен шарифат үкімдерін жақсы білетін, бірақ Құранды толық жаттамаған адам бірге намаз оқығанда, шарифатты меңгерген адам имамдыққа лайықтырақ болады.

Жамағатқа қатысты әртүрлі мәселелер және жамағатқа үлгеру

1. Азан айтылып болғаннан кейін «Аллаһумма Рабба һәзиһид-даъуатит-тәммати, уәс-сәләтил-қайймати, әти Мухаммәдән әл-уасиләтә уәл-фадыйләтә, уәбъашу мақаман махмуданил-ләзий уәъадтәһ» дұғасын айту – сүннет.

¹ Сахих Муслим, Китәб әл-мәсәжид, 1078.

Мағынасы: «Уа, Аллах! Осы кемел шақыру мен оқылатын намаздың Раббысы! Мұхаммедке уәсилә мен жоғары дәреже бер және оны Өзің уәде еткен мақтаулы орынға жібер.

2. Намазға қаматтың «Хәййя ғаләл-фәләх» деген сөздерін айтқан кезде орнынан тұрып, сап түзеу абзал.

3. Мешітке кірген кезде қамат түсіріліп жатса, сүннет намазды оқымай, бірден имамға ұйып, парыз намазға кіріседі.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.): «Егер намазға қамат түсірілсе, парыздан басқа намаз жоқ», – деді», – деген¹.*

Бірақ таң намазының екі ракағат сүннетін жамағат намазына үлгеретіндігіне сенімді болған кезде парыз намазына қамат түсірілгеннен кейін оқуға болады. Егер сенімсіз болса, сүннет намазын оқымай, бірден имамға ұюы керек. Себебі таң намазының екі ракағат сүннеті, ең маңызды сүннет. Басқа сүннеттерді парыз намазына қамат түсіріліп қойғаннан кейін оқымайды.

Бесін және жұма намазының алғашқы төрт ракағат сүннетін бастап қойған кісі имам парыз намазын бастаған кезде алғашқы екі ракағатын бітірмеген болса, екі ракағаттан кейін сәлем беріп, сүннет намазын аяқтайды да, имамға ұйып, парыз намазын оқуға кіріседі. Ал имам парыз намазды бастаған уақытта ол үшінші ракағатты оқып жатса, намазын толық аяқтайды, сосын имамға ұйып, парыз намазын оқуға кіріседі. Ал екі ракағаттан кейін сәлем беріп аяқтаған намазын парыз намазынан кейін төрт ракағатты етіп толық қазасын өтейді.

Егер бір адам жеке өзі төрт ракағатты парыз намазын оқуды бастаса және имам да сол парыз намазды жамағатпен оқи бастаса, жеке өзі бастаған адам бірінші ракағаттың сәждесін жасап үлгермесе, намазын жеткен жерінен сәлем беріп аяқтайды да имамға ұйиды. Егер бірінші ракағаттың сәждесін жасап қойса, намазы екі ракағатты болу үшін тағы бір ракағат қосып, намазын аяқтайды да, көпшілікпен бірге жамағат намазына қосылады.

Ал екі не үш ракағатты парыз намазын жеке өзі бастағаннан кейін имам сол намазды жамағатпен оқуға тұрса, ол намазын бірден сәлем беріп аяқтап, имамға ұйиды.

3. Имам Құран оқып тұрған кезде кешігіп жеткен адам, тәкбір алғаннан кейін сәнә дұғасын оқымайды. Себебі сәнә дұғасын оқу – сүннет, ал имам Құран оқып жатқан кезде тыныш тұру және оны үнсіз тыңдау – уәжіп. Сондықтан сүннет пен уәжіп қатар келгенде, уәжіппен амал жасалынады.

4. Ханафи мазһабында ұюшы имамның артынан Құраннан басқа барлық дұғаларды қайталайды. Имам Құран оқыған кезде, ұюшылар оның оқыған Құранын тындап, тыныш тұрады. Ханафилар ұюшы адам Құран оқымайды деген үкімге мынадай дәлелдерді келтіреді:

а) Аллаһ тағала: **«Егер Құран оқылса, оны тыңдаңдар әрі тыныш тұрыңдар, мүмкін сендер мейірімге бөленерсіңдер»¹**, – деген.

¹ Сахих Муслим, Китәб салаһ әл-мусафирин, 1160.

Яғни Құран оқылған кезде оны тыңдау және тыныш тұру керек. «Иғлә әс-сунән» деген кітапта бұл аят имамның артында тұрып, Құран оқуға қатысты түскен деген бірнеше дәлелдер келтірілген.

ә) Имам Муслим Әбу Мусадан риуаят еткен мына бір хадисте: *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) бізге құтпа оқып, бізге сүннетімізді баяндап берді және намазымызды үйретті. Ол (с.а.с.): «Егер намаз оқысаңдар, саптарыңды түзеңдер, одан кейін біреулерің имам болсын, егер тәкбір айтса, тәкбір айтыңдар, егер «ғайрил мағдуби алайһим уә ләддаллин» десе, «әмин» деңдер, Аллаһ жауап береді», – деді», – деген².*

Осы хадисте Пайғамбар (с.а.с.) сахабаларға намаз оқуды үйреткендігі нақты айтылған және имам Құран оқыса, сен де оқы деген әмір берілмеген. Келесі бір риуаятта: *«Егер Құран оқыса, тынышталыңдар»* деген қосымша бар. Имам Муслим осы қосымшамен келген риуаятты сахих деген. Бірақ ол бұл хадисті өзінің сахих хадистер жинағына кіргізбеген. Оның себебін бұл қосымша туралы ғалымдар әртүрлі пікірде екендігімен, ал сахих кітабында әртүрлі пікір тудырмайтын, күмәнсіз сахих хадистерді ғана топтастырғандығымен түсіндірген.

б) Әбу Нурайрадан риуаят етілген хадис: *«Пайғамбар (с.а.с.): «Имам оған үю үшін жасалған. Егер Құран оқыса, тынышталыңдар», – деді», – деген³.*

Әбу Дауд: *««Құран оқыса, тынышталыңдар»* деген қосымша жатталмаған. Бізде әлсіз болып тұрған Әбу Халид», – деген. Бірақ имам осы қосымшаны Сүлейменнен риуаят еткен. Ал ол сенімді (яғни оның риуаят еткен хадисін алуға болатын адам), яғни Әбу Халидтың риуаятына, Сүлейменнің риуаяты қосылса, хадистің дәлел ретіндегі дәрежесі арта түспек. Оған имам Муслимнің ашық түрдегі Сүлейменнің риуаяты сахих дегенін қоссақ, бұл хадиспен амал жасауға болады.

в) Жәбірден риуаят етілген хадисте:

Пайғамбар (с.а.с.): *«Кімде-кімнің имамы болса, оның (имамның) Құраны оның Құраны», – деген⁴.*

г) Имам Мәлик «Муатта» кітабында өзінің ұстазы Нафиғтан, ал ол өзінің ұстазы Абдуллаһ ибн Омардан риуаят еткен хадисте:

Абдуллаһ ибн Омардан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Имамның артында біреу Құран оқиды ма?» – деп сұраса, ол: «Егер имамның артында біреу намаз оқыса, имамның қырағаты (Құраны) оған жетеді. Ал егер жеке өзі намазға тұрса, (Құран) оқысын», – деп жауап беретін. (Нәфиғ): «Абдуллаһ ибн Омар имамның артында (Құран) оқымайтын», – деген⁵.*

¹ «Ағраф» сүресі, 204-аят.

² Сахих Муслим, Китәб әс-салаһ, 612.

³ Сунән Әбу Дауд, Китәб әс-салаһ, 511.

⁴ Сунән Ибн Мәжәһ, Китәб иқама әс-салаһ, 840. Муснәд Ахмад, Китәб бәқи муснәд әл-муксирин, 14116.

⁵ Муатта, Китәб ән-нидә лис-салаһ, 178.

Жалпы, имамға ұйып тұрып Құран оқу мәселесіне қатысты ғалымдар арасында көптеген тартыстар бар. Әр мазһаб өз дәлелдерін келтіреді. Ал ақиқаты бір Аллаһқа мәлім.

5. Имам рукуғте тұрған кезде келген адам асықпастан құлақ қағып, тәкбиратул-ихрамды тік тұрып айтады да, одан кейін рукуғте тәкбір айтып, еңкейеді. Ол имам рукуғте тұрғанда не рукуғте жақын тұрған кезде рукуғте барып үлгерсе, сол ракағатқа үлгерді деп есептеледі. Ал имам рукуғтен тұрып қойса не тұруға жақын болса, ол сол ракағаттан кешіккен болып есептеледі.

Егер асығып, тәкбиратул-ихрамды тік тұрып айта салысымен, рукуғте тәкбір алмаса, намазы дұрыс деп есептеледі. Сол сияқты рукуғте тәсбихтарды айтпаса да, намазы дұрыс.

6. Тәкбиратул-ихрамды намазхан тік тұрып не сәл ғана еңкейген кезде айтып бітуі керек. Тәкбиратул-ихрамды екі қолы тізесіне жететіндей дәрежеде еңкейіп тұрғанда айту дұрыс емес және ол намаз қабыл болмайды. Себебі шамасы келген адам үшін тәкбиратул-ихрамды тік тұрып айту намаздың парызына кіреді.

7. Имамға үлгеру үшін мешітке немесе мешіттің ішінде асығып жүгіру – мәкруһ.

Әбу Нурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісінің (с.а.с.): «Егер намазға қамат түсірілсе, оған асығыс келмеңдер. Оған асықпай келіңдер, үлгергендеріңді оқыңдар, үлгермегендеріңді толықтырыңдар», – дегенін естідім», – деген¹.*

8. Егер біреу имам отырғанда немесе сәждеде болған кезде кешігіп жетсе, тік тұрып, тәкбиратул-ихрамды айтады, сосын келесі қозғалысқа көшу үшін тағы тәкбір айтып, имамға ілеседі. Яғни кешігіп келген адам имамның жаңа ракағат бастауын күтпестен, бірден оған ұйып, артынан ілесуі керек.

Әбу Нурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Егер біз сәждеде жатқан кезде намазға келсеңдер, сәжде жасаңдар және оны есептемеңдер (яғни сол ракағатқа үлгердім деп есептемеңдер). Кімде-кім рукуғте үлгерсе, намазға үлгерді», – деді», – деген².*

9. Имамға кешігіп қосылған адам сәждеде және рукуғте үш тасбих айтып бітпей жатып, имам рукуғтен не сәждеден тұрып кететін болса, кешіккен адам тасбихтарды аяқтамастан, имамға ілеседі. Себебі бұл тасбихтер – сүннет, ал имамға ілесу – уәжіп. Ал шарифатта уәжіп пен сүннет қатар келгенде, уәжіппен амал жасалады.

10. Егер ұюшы әт-тәхият дұғасын бітіруден бұрын имам үшінші ракағатқа тұрып кетсе не сәлем беріп намазды аяқтаса, ұюшы әт-тәхият дұғасын аяқтайды, сосын ғана имамға ілеседі. Себебі әт-тәхият дұғасын оқу намаздың уәжібіне кіреді.

¹ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-жумға, 857.

² Сунән Әбу Дауд, Китәб әс-салаһ, 759.

Ал егер ұюшы салауат дұғасын аяқтамас бұрын имам сәлем берсе, ұюшы салауат дұғасын оқуын тоқтатып, имамнан кейін бірден сәлем береді. Өйткені салауат дұғасы намаздың сүннетіне, ал имамға ілесу намаздың уәжібіне жатады. Жоғарыда айтылғандай, уәжіп пен сүннет қатар келгенде, уәжіппен амал жасалады.

11. Имам Құран оқып тұрып, аяттың жалғасын ұмытып қалса, тек соған ұйығандар ғана имамға сүренің жалғасын айтып жібере алады. Егер имам қысқа үш аяттан не ұзын бір аяттан артық оқып және содан кейін ғана жаңылысып қалса, артында тұрғандардың түзетуін күтпестен, бірден рукуғке барғаны абзал.

12. Имамға ұюшылар имамның жіберген қатесін не жаңылысқанын байқамаса да, имаммен бірге сәһу сәждесін жасайды.

13. Әбу Юсуфтың пәтуасы бойынша, егер имам таң намазында құнұт дұғасын оқыса, таң намазында құнұт дұғасын оқымайтындар да имамға ілесіп, құнұт дұғасын оқиды¹.

14. Жамағат намазына кешігіп қосылған адам имам сәлем бергеннен кейін имаммен үлгермей қалған ракағаттарды өтеуі үшін имаммен бірге сәлем бермей, орнынан тұрады.

«Егер ұюшы имаммен соңғы екі ракағатқа үлгерсе, қалған екі ракағатты қалай өтейді? Ол алғашқы екі ракағатқа үлгерді ме, әлде соңғы екі ракағатқа үлгерді ме?» деген сауал туындайды.

Кешіккен адам имаммен бірге соңғы екі ракағатқа үлгерді деп есептеледі де, алғашқы екі ракағатты толықтырады. Яғни «Фатиха» сүресінен кейін зәм сүресін қосады.

Сол сияқты имаммен оқылып жатқан намаздың бір ракағатына кешіккен адам «Фатиха» сүресіне тағы бір сүре немесе бірнеше аяттарды қосады.

15. «Егер жамағат намазында адамдар не имам қателессе, сәһу сәждесі қалай жасалады?» деген мәселе «Сәһу сәждесі» тарауында талданады.

16. Егер имамның намазы бұзылса, оған ұйығандардың да намазы бұзылады.

Сапқа тұру тәртібі

1. Егер имаммен бірге бір ғана адам болса, ол имамның оң жағында сәл ғана артқа шегініп тұрады.

Ибн Аббас (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Бір түні Пайғамбармен (с.а.с.) бірге түнгі (тәһәжжуд) намазын оқыдым. (Намазға тұрғанда) оның (с.а.с.) сол жағына тұрдым, Аллаһтың елшісі (с.а.с.) менің арт жағымнан басымды ұстап, оң жағына ауыстырды, сосын намаз оқыды», – деген².*

2. Егер имамнан басқа екі адам болса, ол екеуі имамның артында сап түзеп тұрады.

¹ Әл-Фикһ әл-ханафи фи сәубиһ әл-жәдид, I том, 271-бет.

² Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-әзән, 684.

Жәбир (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.) намазшамды оқу үшін тұрды. Мен оның (с.а.с.) сол жағына келіп тұрдым. Ол мені тыйып, (яғни сол жағына тұрғызбай), оң жағына тұрғызды. (Сол кезде) менің бір досым келді де, біз оның (с.а.с.) артына сап болып тұрдық. Аллаһтың елиісі (с.а.с.) бізбен бірге, екі шетін айқастырып бір киіммен намаз оқыды», – деді¹.*

Егер намаз оқитын орын тар болса, бір адам имамның оң жағына, екінші адам сол жағына тұрып оқуға болады.

3. Егер ұюшылар екі ер кісі және бір әйел адам болса, имамнан кейін ер кісілер бір сап түзеп, одан кейін әйел жалғыз өзі бір сап болып тұрады. Ханафи мазһабында әйелдің ер кісіден кейін тұруы – парыз. Егер олар қатар тұрса, әйелдің оң мен сол жағындағы және дәл артындағы ер кісінің намазы бұзылады. Бұл жайлы «намазды бұзатын амалдар» тақырыбында толық айтылды.

Әнәс ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын): *«Мен бір жетіммен біздің үйде Пайғамбардың (с.а.с.) артында тұрып намаз оқыдық. Менің анам Умму Суләйм біздің артымызда тұрды», – деген².*

Жалпы, саптардың реті төмендегідей болады:

Имамнан кейін ер кісілер, олардың соңынан жас балалар, олардан кейін қызтекелер (хунсә, гермофродит), содан кейін әйелдер сап түзейді.

4. Сапқа барлық адамдар тура, иықтары мен аяқтарын бір-біріне тигізіп, араларынан еш нәрсе өтпейтіндей иық тіресіп тұрғандары абзал.

Абдуллаһ ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Аллаһтың елиісі (с.а.с.): «Саптарыңды түзеңдер, иықтарыңды жақындатыңдар, ашық жерді жабыңдар, бауырларыңа жеңілдетіңдер (яғни саптың арасына бір адам кіргісі келсе, оған орын беріндер) және шайтанға ашық жер қалдырмаңдар. Кімде-кім сапты жалғаса, Аллаһ оны жалғайды, кімде-кім сапты үзсе, Аллаһ оны үзеді», – деді», – деген³.*

Әнәс ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын): *«Қамат айтылғанда Аллаһ елиісі (с.а.с.) бізге қарап: «Саптарыңды түзеңдер, бір-біріңе жақын тұрыңдар! Мен сендерді арқамнан көремін», – деді», – деген⁴.*

5. Егер намаз оқитын орын тар болып, ерлер мен әйелдер қатар тұратындай болса, ерлердің саптары мен әйелдердің саптарының арасын бөліп тұратын бір затты қояды, ал ондай зат таппаған жағдайда ерлер мен әйелдер саптарының арасын жалғастырмастан ашық қалдыру керек.

¹ Муснәд Ахмад, Китәб бәки муснәд әл-муksирин, 13972.

² Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-әзән, 685.

³ Сунән Әбу Дауд, Китәб әс-салаһ, 570.

⁴ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-әзән, 678.

Имамдыққа басқа біреуді өткізу мәселесі жайлы

«Истихләф» деп намазда имам болып тұрған адамға еркінен тыс бір жағдай туындағанда, орнына имамдыққа басқа біреуді өткізуді айтады. «Истихләф» сөзі араб тілінен аударғанда «ізбасарды талап ету» деген мағынаны береді.

Намаз оқып тұрған кезде имам еркінен тыс бір себептердің салдарынан дәретін бұзса немесе дәретсіз екендігі есіне түссе, орнына өзіне ұйып тұрған басқа бір адамды имамдыққа өткізеді.

Имам әл-Бұхари риуаят еткен хадисте Әбу Бәкір (Аллаһ оған разы болсын) имам болып намаз оқып тұрған кезде Аллаһ елшісі (с.а.с.) келеді. Адамдар оған Пайғамбардың (с.а.с.) келгенін ескерткеннен кейін, ол артқа жылжып, имамдыққа Аллаһ елшісін (с.а.с.) өткізеді. Намаз оқып болғаннан кейін Аллаһ елшісі (с.а.с.) одан: **«Не үшін намазды жалғастыра бермедің?»** – деген кезде, Әбу Бәкір: *«Ибн Әбу Қухафаға (яғни өзі) Аллаһ елшісінің (с.а.с.) алдында намаз оқу (кұқығы) жоқ»,* – деп жауап береді¹.

Егер имам өз орнына ешкімді имамдыққа өткізбесе, жамағаттың арасынан бір адам имамдыққа өте береді. Имамдыққа басқа адамды ишаратпен немесе киімінен ұстап алға тарту арқылы да өткізуге болады. Егер имам «имамдыққа өт» деп ишарат еткен адам имамдықтан бас тартса, имам басқа адамды имамдыққа өткізуіне болады.

Мешіттің әдептері мен үкімдері

Мешіт – Аллаһқа құлшылық ететін ғибадат орны. Араб тілінде «мешіт» (мәсжид) сөзі «сәжде жасайтын жер» деген мағынаны береді. Мешіт – жер бетіндегі Аллаһ тағаланың үйі. Мешіттерді таза ұстау, оған қатысты әдептерді сақтау, бұл онда тыйым салынған нәрселерден аулақ болу және мешіттерге ие болып, оның құрылысына, тазалығына көмектесу – тақуалықтың белгісі. Аллаһ тағала: **«Міне, осы. Кім Аллаһтың белгілерін ұлықтаса, күдіксіз ол – жүректің тақуалығынан»**², – деген.

Ал мешіт Аллаһтың ең айқын белгілерінен.

Мешіттің әдептері:

- мешітке кірген кезде босағаны оң аяғымен аттау;
- мешітке кіретін кезде арнайы оқылатын дұғаны оқу;
- мешітте отырғандарға сәлем беру;
- екі ракағат мешіт ақысы намазын (тәхият әл-мәсжид) оқу;
- мешіттен шыққан кезде сол аяқпен шығу;
- мешіттен шығатын кезде арнайы оқылатын дұғаны оқу.

¹ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-әзән, 643.

² «Хаж» сүресі, 32-аят.

Мешітте мына амалдарды жасауға тыйым салынады:

- жүніп және хайыз кезінде мешітте отыруға;
- нәжіс заттарды кіргізуге;
- мешіттің ішінде қайыр тілеуге;
- есінен адасқан адамды және мешіттің тыныштығын бұзып шулайтын, мешіттің ішін бүлдіретін есі кірмеген сәбилерді кіргізуге;
- мешітте сауда-саттықпен айналысуға;
- мешіт ішінде дауыс көтеріп, дауласуға тыйым салынады.

Тек зәру жағдайда ғана болмаса, мешітте жоғалтқанын сұрауға болмайды.

Ал сарымсақ, пияз секілді иісі бар көкөніс жегендер үшін мешітке кіру – мәкруһ.

ЖҰМА НАМАЗЫ

Жұма намазы – аптасына бір рет жұма күні бесін намазының уақытында жамағатпен оқылатын екі ракағатты парыз намаз.

Аллаһ тағала: **«Ей, иман келтіргендер! Егер жұма күні намазға (азан) шақырылса, Аллаһтың зікіріне асығындар және сауданы тастаңдар. Білсеңдер, ол өздерің үшін қайырлы»¹**, – деген.

Жұма намазы балиғат жасына толған, дені сау, ақыл-есі бүтін, басшылығы бар елді мекендегі тұрғылықты ер кісілер үшін парыз айн.

Осы анықтамаға сәйкес төмендегі адамдар үшін жұма намазы парыз емес:

1. Балиғатқа толмағандарға парыз емес. Бірақ олар жұма намазына қатысса, жұма намазына тиісті сауаптарды алады.

2. Әйелдерге мешітке барып, жамағат намаздарына қатысу парыз емес болғандықтан, оларға жұма намазына қатысу да парыз емес. Тіпті олардың үйлерінде оқыған намаздарының сауабы мешітте жамағатпен оқыған намаздарының сауабынан көбірек.

3. Ауру, соқыр, өз аяғымен мешітке бара алмайтын қарттар үшін парыз емес.

4. Жұма намазы тек әкімі не басшысы бар қалалар мен ауылдарда басшылықтың рұқсатымен ғана оқылады.

Жұма намазының оқылуының жалпы сипаты:

Жұма намазы жұма күні бесін намазының уақытында мешітте жамағатпен оқылады. Жұма намазына бірінші азан² шақырылғаннан кейін төрт ракағат сүннет намазы оқылады. Одан кейін екінші азан шақырылады. Екінші азаннан кейін имам мінберге шығып, екі құтпа оқиды. Одан кейін қамат түсіріліп, екі ракағат парыз намазы оқылады. Парыз намазынан кейін тағы төрт ракағат сүннет намазы оқылады.

Жұма намазының дұрыс болуының шарттары:

1. Елді мекенде болуы;

Әли (Аллаһ оған разы болсын): *«Елді мекенде немесе үлкен қаладан басқа жерде жұма да, таширқ та, ораза айт намазы және құрбан айт намазы да жоқ»*, – деді.

Хажжак: *«Атаның³ осыған ұқсас айтқандарын естідім»*, – деген.

¹ «Жұма» сүресі, 9-аят.

² Пайғамбарымыз (с.а.с.) жұма күні азан шақырылғаннан кейін құтпа оқитын болған. Кейіннен мұсылмандар саны артып, адамдардың жұмаға кешігу қаупі көбейгенде, Осман (Аллаһ оған разы болсын) халифа болып тұрған кезде бірінші азанды қосқан. Османның бұл шешіміне барлық сахабалар келісіп, ол бізге сүннет болып жеткен.

³ Ата ибн Әбу Рабах танымал табиғин ғалым.

Хузайфа (Аллаһ оған разы болсын): *«Ауыл тұрғындарына жұма парыз емес. Жұма – қалалар секілді елді мекендердің тұрғындары үшін парыз»*, – деген¹.

Имам әл-Асқаләни: *«Әлидің (Аллаһ оған разы болсын) «Елді мекеннен басқа жерде жұма да, таириқ та жоқ»* деген хадисін Әбу Убайд сахих иснәдпен Әлиге телген», – деген². Яғни бұл – Әлидің сөзі.

Ескерту: ханафи мазһабының ауылды жерлерде жұма намазы оқылмайды дегендегі «ауыл» сөзінің мақсаты бес-алты үйлі не басшысы немесе қазысы жоқ кішігірім ауылды білдіреді. Ал басшысы және қазысы бар елді мекен ауыл деп есептелмейді.

Қалған мазһабтарда адамдар тұрақтап тұратын жер болса жеткілікті және ол жерлерде қала не ауыл екендігіне қарамастан, жұма намазы оқыла береді.

Қазіргі кездегі көптеген ауылдарда басшы немесе оның орынбасары бар. Сондықтан ондай ауылдарда жұма намазын оқу – парыз. Оған қоса Омардан (Аллаһ оған разы болсын) Бахрейнде қызмет етіп жүрген Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) жұма намазы туралы сұрағанда, ол: *«Жұма намазын қайда болсаңдар да, оқыңдар»*, – деген³.

2. Жұма намазының алдында құтпа оқу. Құтпадан бұрын немесе құтпасыз оқылған жұма намазы дұрыс болып саналмайды. Әбу Ханифа мазһабында имам елдің басшысы не орынбасары немесе басшы рұқсат берген адам болуы керек. Қазіргі кезде жұма намазында имамдыққа дінбасы тағайындаған адам шығады.

3. Елдің барлығына ортақ, жария болу. Яғни жұма намазын бір топ адамға рұқсат етіліп, басқа бір топтың қатысуына тыйым салынбауы керек.

4. Жұма намазына қатысушылардың санының көп болуы шарт емес. Әбу Ханифа «имамнан басқа үш адам болу керек» десе, оның екі шәкірті «имамнан басқа екі адам жетеді» дейді. Бірақ имамға ұйыған екі адам бірінші ракағаттың алғашқы сәждесін жасағанша, намаздан шығып кетпеулері керек.

5. Жұма намазын бесін намазының уақытында оқу. Үзірлі не үзірсіз бесін уақытын шығарып алғандар жұма намазын оқымайды. Оның орнына бесін намазының қазасын өтейді.

Әнәс ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.) жұманы күн (төбеден) ауған кезде оқитын»*, – деген⁴.

Жұма намазына қатысты үкімдер

1. Жұма намазы ауруға, аурудың қасында міндетті түрде болуы керек дәрігерге, соқырға және сол секілді үзірлі кісілерге парыз емес. Егер

¹ Мусаннаф Ибн Әбу Шәйбә, II том, 10-бет.

² Фатх әл-Бәри, III том, 389-бет.

³ Әл-Бұхари.

⁴ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-жумға, 853.

біреумен арада жанжалы болып, оның жұма намазына қатысуы адамдар арасында іріткі тудыратын болса, табиғаттың алай-дүлей дауылы сияқты сұрапыл жағдайға тап болса және өзінің жаны үшін біреулерден қорықса, жұма намазына қатысудың парызы оның мойнынан түседі.

2. Жұма намазына азан шақырылғаннан кейін мұсылмандар басқа жұмыстарын тоқтатып, мешітке жұма намазын оқуға баруы керек.

3. Жұма намазы парыз болған адамға жұма намазына азан шақырылғаннан кейін жолға шығу – мәкруһ. Ондай адам сапарға жұма намазын оқып болғаннан кейін ғана шығуы керек. Қазіргі кезде тасымал көліктері белгілі бір уақытпен жүретіндіктен, кешіккен жағдайда сапардан қалып қоятын болса, жұма намазына азан шақырғаннан кейін жолға шығу мәкруһ емес. Бірақ мүмкіндігінше бұлай жасамауға тырысу керек.

4. Имам мінберге шығып, құтпаны бастағаннан кейін өзара сөйлесу – мәкруһ тахрими. Тіпті жұма намазының құтпасы кезінде жұманың сүннеті де оқылмайды. Себебі құтпаны тыңдаудың үкімі – уәжіп, ал сүннет намазының үкімі – сүннет.

Әбу Нурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Жұма күні имам құтпа оқып тұрған сәтте серігіңе тыныш дегеніңнің өзі артық сөз», – деді», – деген¹.*

«Жақсылыққа бұйырып, жамандықтан тыю» – шарифатта уәжіп амал. Ал құтпа айтылып жатқанда сөйлеу дұрыс емес және құтпа оқылып жатқан кезде бар пейілді соған бұру керек. Тіпті қасындағы сөйлеп, шулап отырған адамға «тыныш отыр» деп айтуға да тыйым салынады. Осы түсініктеме негізінде ханафи мазһабында құтпа кезінде сүннет және нәпіл намаздар да оқылмайды деген тұжырым жасалған.

5. Жұманың парыз намазынан бұрын және кейін төрт ракағат сүннет намазын оқу.

Әбу Нурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Егер сендердің біреулерің жұма намазын (парыз) оқыса, одан кейін төрт ракағат оқысын», – деді», – деген².*

Абдуллаһ ибн Масғуд жұманың алдында және содан кейін төрт ракағат оқитын³.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) заманында жұма намазы үшін азан бір рет айтылатын. Ол уақытта Аллаһ елшісі (с.а.с.) мінберге шығып, адамдармен амандасқаннан кейін сахабалардың бірі азан шақыратын да, кейін Пайғамбар (с.а.с.) тұрып құтпа айтатын. Яғни адамдарға осы екі аралықта сүннет не нәпіл намазын оқуға іс жүзінде уақыт жоқ та еді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) дүниеден өткеннен кейін мұсылмандар саны көбейіп, адамдардың жұма намазына кешігу қаупі ұлғайғандықтан, Осман (Аллаһ оған разы болсын) алдымен бір рет азан шақырып, адамдарға жұма намазы уақытының

¹ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-жумға, 882.

² Сахих Муслим, Китәб әл-жумға, 1457.

³ Сунән әт-Тирмизи, Китәб әл-жумға, 481.

кіргендігін хабарлауды, адамдар жиналғаннан кейін екінші рет азан шақырып, имамның құтпа оқуын бекіткен. Осыдан кейін мешітке жұма күні екі азанның арасында біреулер екі ракағат, біреулер төрт ракағат, келесі біреулер одан да көп ракағат намаз оқитын. Сондықтан кейбір ғалымдар «жұма намазының алдында бекітілген арнайы сүннет намазы жоқ, әркім өз қалауынша намаз оқи береді» деген.

6. Жұма намазына кешігіп жеткен адам имам сәлем бермес бұрын оған ұйыса, намазға үлгерген болып саналады. Имам сәлем бергеннен кейін, сәлем берместен орнынан тұрып, үлгермеген екі ракағатын толықтырады.

Қалған үш мазһабта жұма намазына үлгеру үшін, кем дегенде, оның бір ракағатына үлгеру керек. Әбу Ханифаның шәкірті Мұхаммед әш-Шәйбәни де осы пікірді ұстанады.

7. Жұма намазына кешіккен адам жұма намазының орнына төрт ракағатты бесін намазын оқиды.

8. Жұмаға келген адамдардың саны өте көп болған кезде, имам намазда шатасып қалса, сәһу сәждесін жасамайды. Себебі адамдар арасындағы намазымыз дұрыс болды ма, әлде қате ме деген түсініспеушіліктердің орын алу қаупінен сақтану керек.

9. Жұма намазының парызын имам жария оқиды.

10. Жолаушы және ауру адам жұма намазында имам бола алады.

11. Егер жұмаға қатысқан адамдар көп болып, артқы сапқа имамның даусы жетпейтін болса, орта саптан біреуі имамның артынан тәкбірлерді қайталап, рукуғке бару, одан тұру секілді қозғалыстарды соңғы саптағыларға жеткізіп тұруына болады. Қазіргі кезде мұндай қызмет микрофонның көмегімен атқарылады. Пайғамбар (с.а.с.) ауырған кезде Әбу Бәкір оның (с.а.с.) жанында тұрып, тәкбірлерді адамдарға жеткізіп тұрған¹.

12. Үзірсіз жұма намазына қатыспау – үлкен күнә. Аллаһ елшісі (с.а.с.) немқұрайлылықпен жұма намазына қатыспаудың күнәсінің ауыр болатынын бірнеше хадистерде ескерткен.

Абдуллаһ ибн Омар және Әбу Һурайра (Аллаһ оларға разы болсын): *«Аллаһтың елшісі (с.а.с.) мінберінің (ағаштарының) үстінде: «Адамдар жұманы тастағандарын қоймаса, Аллаһ олардың жүректерін мөрлейді². Сөйтіп, олар немқұрайдылардан болады», – дегенін естіген», – деген³.*

Усама (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһтың елшісі (с.а.с.): «Кімде-кім (қатарынан) үш жұманы үзірсіз тастаса, мұнафықтардан саналады», – деді», – деген⁴.*

¹ Сахих Муслим, Бәб истихләф имам изә арада ..., 968.

² Яғни ақиқатты түсінбейтін, естімейтін және көрмейтін болып қалады.

³ Сахих Муслим, Китәб әл-жумға, 1432.

⁴ Өт-Табарани, әл-Муғжам әл-кәбир, I том, 178-бет.

Жұма намазының құтпасы

Құтпа – жұма намазының дұрыс болуының бір шарты. Оның ең азы Аллаһқа бір хамд (мадақ) не тәсбих айтылуы керек. Егер имам Аллаһқа мадақ айтқаннан кейін сасып қалса немесе Аллаһтан қорыққанынан сөйлей алмай қалса, құтпасы дұрыс. Сол сияқты шамасы келмегендіктен тұрып бастаған құтпасын отырып аяқтаса да, құтпа дұрыс деп саналады.

Құтпа екі бөліктен тұрады.

Абдуллаһ ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.) екі құтпа оқитын және екеуінің арасында отыратын»*, – деген¹.

Имам мінберге асықпай, оң аяқпен ғана көтеріледі. Яғни бірінші баспалдаққа оң аяғын қойғаннан кейін сол аяғын қояды, одан кейін екінші баспалдаққа оң аяғын қояды, сосын сол аяғын қояды. Осылайша жоғары көтеріледі. Жоғары көтеріліп болғаннан кейін, мінбердің оң жағына отырады.

Екінші азанды имам мінберге шыққаннан кейін айту – сүннет.

Құтпаны сүннетке сай Аллаһқа мадақ айтудан, Пайғамбарға (с.а.с.) салауат айтудан және кәлимаға тіл келтіруден бастайды. Одан кейін құтпаға кіріседі. Құтпаны анық, нақты сөздермен айтқан жақсы. Құтпа айтқан кезде әртіс тәрізді жасанды ашуланып, жылап немесе басқадай бір образға кіру – мәкруһ. Имам бірінші құтпадан кейін аз уақыт отырып, екінші құтпаға тұрады. Бірінші құтпа екіншіге қарағанда ұзағырақ болса жақсы. Екінші құтпаны қысқарақ оқып, соңында жұмаға қатысушыларға және барлық мұсылмандарға дұға жасайды.

Құтпа – намаз емес, сондықтан құтпа оқушының дәретінің болуы шарт емес. Сол себепті құтпаны дәретсіз адам және киіміне нәжіс тиген бар адам да оқи алады. Бірақ ондай адамдардың құтпа оқуы – мәкруһ.

Құтпаның дұрыс болуының шарттары:

1. Намаздың алдында оқылуы;
2. Құтпа ниетімен оқуы;
3. Құтпаның уақытында болуы;
4. Құтпаны, кем дегенде, жұма парыз болған бір адамның тыңдауы;
5. Құтпамен намаздың арасын басқа іспен бөлмеу.

Ескерту: Құтпаның тек араб тілінде болуы шарт емес.

Жұма күнінің абзалдығы мен әдептері:

Жұма – мұсылмандардың мереке күні. Аллаһ жұма күнін жылдың басқа барлық күндерінен абзал еткен.

Ибн әс-Саббақ (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) жұмалардың бірінде: «Уа, мұсылмандар! Аллаһ бұл күнді мейрам етті. Сондықтан шомылыңдар, кімде әтір болса, оны пайдаланғаннан зиян*

¹ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-жумға, 876.

жоқ, (яғни иіссу жақсын) **және мисуак пайдаланыңдар**, (яғни міндетті түрде ауыздарыңды тазалаңдар)», – деді», – деген¹.

Аллаһтың мейрам еткен осы күнінде мұсылман қауымының мына амалдарға көңіл бөлгені абзал:

1. Денесін толық тазалау, яғни ғұсыл құйыну, тырнақ алу, қолтық және әуреттің түгін қысқарту.

Осы тазалықты бүкіл отбасымен әдетке айналдырған абзал.

Абдуллаһ ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) Пайғамбардың (с.а.с.): **«Кімде-кім жұмаға келсе, шомылсын»**, – дегенін естіген².

Самура: «Аллаһ елшісі (с.а.с.): **«Кімде-кім жұма күні дәрет алса, онымен нығыметке бөленді. Ал кімде-кім ғұсыл алса, ол (ғұсыл алған) абзал»**, – деді», – деген³.

Бірде Абдуллаһ ибн Аббас (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) жұма намазының алдында дәрет су алдырып дәрет алады. Сонда оған кейбір серіктері: «Ғұсыл алмайсың ба?» – деп сұрайды. Ол: «Бүгін күн суық», – деп жауап береді де, дәрет алады⁴.

2. Таза киім кию.

Әсіресе жұма намазына баратын кезде таза киім киген өте жақсы. Себебі Пайғамбар (с.а.с.) жұмаға сәнденіп, иіссу себініп баруға үгіттеген.

Ибн Сәләм (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ елшісінің (с.а.с.): **«Сендердің біреулерің таба алса немесе таба алсаңдар, жұма күні жұмыс киімінен басқа екі киім кісін»**, – дегенін естіген⁵.

3. Жұмаға ерте бару.

Мешітке барар жолда адамдармен амандасып, олардың көңілдерін көтеріп, мешітке кіргенде, аса қажет болмаса, алдыңғы сапқа ұмтылмай бос орынға отыру.

4. Имам мінберге шыққаннан кейін тынышталып, жан-жағына алаңдамай, бүкіл ынтасымен құтпаны тыңдау.

5. Жұма күні «Кәһф» сүресін оқу – сүннет.

Әбу Сағид әл-Худри (Аллаһ оған разы болсын): **«Кімде-кім жұманың түнінде «Кәһф» сүресін оқыса, онымен Қағбаның арасында нұр болады»**, – деді⁶.

Имам әл-Бәйһақи риуаят еткен хадисте Пайғамбар (с.а.с.): **«Кімде-кім жұма күні «Кәһф» сүресін оқыса, оған екі жұма аралығында нұр шашып тұрады»**, – деген.

¹ Муатта, Китәб әт-таһара, 131.

² Сунән әт-Тирмизи, Китәб әл-жумға, 454.

³ Сунән Әбу Дауд, Бәб фи әр-рухсати фи тәрк әл-ғусл ..., 354.

⁴ Муатта, Бәб әл-иғтисәл йәум әл-жумға, 65.

⁵ Сунән Әбу Дауд, Китәб әс-салаһ, 910.

⁶ Сунән әд-Дәrimi, Китәб фадаил әл-Куран, 3273.

6. Жұма күнін отбасымен болатын, туған-туысқандарын зиярат ететін күнге айналдырған жақсы.

7. Арнайы жұма күні ғана нәпіл оразасын ұстауға болмайды. Себебі Аллаһ тағала бұл күнді мейрам күні еткен. Бірақ жұмамен қоса бір күн алдында не бір күн кейін ораза ұстауға болады.

Жұманың абзалдығы туралы хадистер:

1. Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһтың елшісі (с.а.с.): «Кімде-кім жұма күні жүніптен ғұсыл алғандай ғұсыл алып, одан кейін (мешітке) барса, түйені құрбандық еткендей болады. Кімде-кім екінші сағатта барса, сиырды құрбандық еткендей, кімде-кім үшінші сағатта барса, мүйізді қошқарды құрбандық еткендей, ал кімде-кім төртінші сағатта барса, тауықты құрбандық еткендей, кімде-кім бесінші сағатта барса, жұмыртқаны құрбандық еткендей болады. Имам (мінберге) шыққанда, періштелер қатысып, зікірді (құтпаны) тыңдайды», – деді», – деген¹.*

Ескерту:

– *«Жүніптен ғұсыл алғандай»*, бұл жүніп болған кездегідей бүкіл денесін толық жуу деген мағынада.

– Ғұламалар осы хадистегі *«сағат»* деген сөзге мынадай түсініктеме береді: жұма күні күн шыққаннан жұма намазының уақытына дейінгі аралық бес уақытқа бөлінеді. Бұл хадистегі әрбір сағаттың алпыс минут болуы шарт емес.

– *«Құрбандық еткендей»*, яғни садақа етіп таратты деген мағынада.

2. Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) жұма күнін еске алып: «Ол күні бір мезет бар, оған намаз оқып тұрып, Аллаһтан бір нәрсе сұраған мұсылман құл тап келсе (яғни сол мезетте дұға етсе), (Аллаһ) оған (сұрағанын) береді», – деді», – деген².*

3. Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Күн шыққан күндердің ішіндегі ең жақсысы – жұма күні. Ол күні Адам ата жаратылды, сол күні жаннатқа кіргізілді, сол күні одан (жаннаттан) түсті. Ол күні бір мезет бар, оған намаз оқып тұрып, Аллаһтан бір нәрсе сұраған мұсылман пенде тап келсе (яғни сол мезетте дұға етсе), (Аллаһ) оған (сұрағанын) береді», – деді», – деген³.*

4. Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһтың елшісі (с.а.с.): «Егер үлкен күнәлардан ашақ болса, бес намаз (күнделікті оқылатын бес уақыт парыз намаздар), жұма мен жұма және рамазан мен рамазан араларындағы (күнәларды) жояды», – деп айтатын», – деген⁴.*

¹ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-жумға, 832.

² Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-жумға, 883.

³ Сунән әт-Тирмизи, Китәб әл-жумға, 453.

⁴ Сахих Муслим, Китәб әт-таһара, 344.

АЙТ НАМАЗЫ

«Айт» сөзі араб тілінен аударғанда «қайта оралу» деген мағынаны береді. Бұл мейрамның «айт» деп аталу себебі, ол жыл сайын қайта айналып келіп отырады.

Ораза және құрбан айт намаздары алғаш рет Пайғамбарымыз (с.а.с.) Мәдина шаһарына қоныс аударған жылы оқылған.

Айт мейрамының тарихы:

Пайғамбар (с.а.с.) Мәдинаға көшкенде, жергілікті адамдардың жыл сайын тойлайтын екі күні болатын. Аллаһ тағала сол екі күнді ораза және құрбан айт мейрамдарымен алмастырған.

Әнәс ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын): *«Жәһилият кезінде адамдардың әр жылы тойлайтын екі күні болған еді. Пайғамбар (с.а.с.) Мәдинаға келген кезде: «Сендердің тойлайтын екі күндерің бар еді, Аллаһ ол екеуін ол екеуінен жақсырағымен ауыстырды: ауыз ашар күні, (яғни ораза біткен күн) және құрбандық күні (яғни құрбандық шалатын күн)», – деді»,* – деген¹.

Айт намазының үкімі:

Айт намазы – жұма намазы парыз болған адамдардың барлығына уәжіп. Себебі Пайғамбар (с.а.с.) адамдардың айт намазына шығуына әмір берген. Айт намазын оқу үшін имамнан басқа бір адам болса да жеткілікті.

Умму Атия (Аллаһ оған разы болсын): *«Бізге айт күні шығуға, (яғни айт намазына) әмір етілетін. Тіпті шымылдықта отыратын қыздарды да, хайызы келген әйелдерді де шығаратынбыз. Олар адамдардың артында олардың тәкбірлерін қайталап, олардың дұғаларымен дұға етіп, сол күннің берекесі мен тазалығынан үміт ететін»,* – деген².

Айт намазы жолаушыға, әйелге, балиғатқа толмағандарға, өз күшімен мешітке бара алмайтын ауруларға, басшылығы жоқ ауыл тұрғындарына уәжіп емес.

Негізінен, айт намазы мешіттің сыртында ашық жерде оқылады. Сахабалар заманында мешіттің сыртында айт намазы үшін арнайы орын болған. Олар (Аллаһ оларға разы болсын) сол жерді бүлдіріп кетпес үшін малдардан қоритын-ды.

Әбу Сағид әл-Худри (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) ораза және құрбан айт күндері мусаллага³ шығатын. Ол (с.а.с.) намаздан*

¹ Сунән ән-Нәсәи, Китәб салаһ әл-идайн, 1538.

² Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-жумға, 918.

³ Мусалла – мешіттің сыртында намаз оқуға арналған ашық орын. Пайғамбардың (с.а.с.) заманында мусалла Мәдина қаласының сыртында болған.

бастайтын, сосын саптарында отырған адамдарға қарсы тұрып (яғни жүзін адамдарға қаратып) уағыз айтатын және өсиет ететін...», – деді¹.

Тек күн суып, жаңбыр немесе қар жауған кезде ғана айт намазын мешітте оқуға болады.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): «*Айт күні жаңбыр жауды. Сонда Пайғамбар (с.а.с.) олармен (сахабалармен) айт намазын мешітте оқыды*», – деген².

Айт намазының уақыты:

Айт намазының уақыты – сәске (духа) намазының уақыты. Айт намазын күн найза бойы көтерілгеннен бастап, тал түске жеткенге дейінгі аралықта оқуға болады. Егер айт намазын оқып жатқан кезде күн тас төбеге келіп қойса, намаз бұзылады. Ораза айт намазын қатты дауыл, нөсер жаңбыр немесе жаңа туған айды білмеген кездегі сияқты үзірлі жағдайларда екінші күнге қалдыруға рұқсат етіледі. Бірақ оны еш себепсіз кешіктіруге тыйым салынады.

Әбу Умайр ибн Әнәс сахабадан риуаят еткен хадисте: «*Бір топ адам Аллаһ елшісіне (с.а.с.) келіп, кеше жаңа туған айды көргендерін айтып куәлік береді. Сонда Пайғамбар (с.а.с.) адамдарға ауыздарын ашуға және ертең айт намазын оқуға бұйырды*», – деген³.

Ал құрбан айт намазының ораза айт намазынан айырмашылығы – бұл намазды үзірлі жағдайда келесі үш күннің ішінде оқуға рұқсат етіледі. Себебі Пайғамбар (с.а.с.) Мәдинада Айша анамыздың үйінде ән салып жатқан екі күнге тыйым салғысы келген Әбу Бәкірге: «*Ол екеуіне тиме. Бұл айт күндері зой*»⁴, – деп, құрбан айттан кейінгі үш ташриқ күндерін айт күндері деп атаған.

Айт намазының оқылу тәртібі:

Айт намазы екі ракағаттан тұрады. Таң намазы мен жұма намазының парызы секілді бұл намаз да жария оқылады. Бірақ айт намазына азан да, қамат та айтылмайды. Оның орнына адамдарды «Әс-салаһ жәмиғә» деп шақырады. Басқа намаздардан тағы бір айырмашылығы айт намазында қосымша тәкбірлер айтылады. Бірінші ракағатта сәнә дұғасынан кейін үш тәкбірді имаммен бірге қайталайды. Әр тәкбірді айтқанда қолын көтеріп, қайта түсіреді, қолын түсірген кезде байлаудың қажеті жоқ. Әр тәкбірден кейін имам өзіне ұйып тұрғандар тәкбір алып болғанша үнсіз тұрады. Осы аралықта «Субхана Аллаһ, уәл-хамду лилләһ. Уә лә иләһә иллаллаһ» деп айтса да болады⁵.

¹ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-жумға, 903.

² Сунән Әбу Дауд, Китәб әс-салаһ, 980.

³ Сунән Әбу Дауд, Китәб әс-салаһ, 977.

⁴ Сунән ән-Нәсәи, Китәб салаһ әл-идайн, 1579.

⁵ Әл-Фикһ әл-ханафи фи сәубиһ әл-жәдид, I том, 325-бет.

Бірақ Пайғамбардан (с.а.с.) осы аралықта айтылатын арнайы бір дұға бізге жетпеген.

Екінші ракағатта зәм сүресін оқып болғаннан кейін рукуғке бармай тұрып, алғашқы ракағаттағыдай тағы да үш рет тәкбір алады. Сосын барып рукуғке барады.

Ибн Масғұдтан (Аллаһ оған разы болсын) айт намазының тәкбірлері туралы сұрағанда, ол: «(Бірінші ракағатта) *Құран оқығанға дейін* (алғашқы тәкбірге үшеу қосып) *төрт тәкбір айтасың. Одан кейін Құран оқисың да, оны аяқтаған соң тәкбір айтып, рукуғқа барасың. Сосын екінші ракағатқа тұрып Құран оқисың. Оқып болғаннан кейін* (тағы да) *төрт тәкбір айтасың*», – деген¹.

Егер имам басқа мазһабты ұстанушы болып, тәкбірлерді артық істесе, оған ұюшы қай мазһабты ұстанатындығына қарамастан, имаммен бірге тәкбір алады².

Айт намазына азан да, қамат та айтылмайды.

Ата: «Ибн Аббас және Жәбир ибн Абдуллаһ: *«Ораза айты күні және құрбандық күні азан айтылмайтын еді»*, – деген», – деді³.

Ибн Аббас (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Аллаһ елиісі (с.а.с.) отбасын айт күні шығарғанды жақсы көретін. Біз (айт намазына) шықтық. Ол (с.а.с.) азансыз және қаматсыз намаз оқыды. Сосын адамдарға құтпа жасады»*, – деді⁴.

«Аллаһ елиісі (с.а.с.) айт намазын азансыз және қаматсыз оқитын», – деп көрсетілген⁵.

Айтқа қатысты мәселелер:

1. Ораза айт намазы мен құрбан айт намазы бірдей оқылады, екеуінің айырмашылығы жоқ.

2. Айт намазының үкімдері мен шарттары күнделікті намаздардың үкімдері мен шарттары сияқты. Тек айт намазына кешігемін деп қорыққан адам дәретсіз болса, тәяммуммен оқуына болады. Себебі бұл намаздың қазасы өтелмейді.

3. Егер бір адам өзіне жақын мешіттегі айт намазынан кешігіп қалса, айт намазын оқымаған екінші бір мешітке барып оқуына болады.

4. Қосымша тәкбірлердің үкімі уәжіп. Имам шатасып, қосымша тәкбірлерді тастап кетсе, намаз соңында сәһу сәждесін жасайды. Бірақ адамдар көп болып, олардың арасында күмән мен шатасу көбейеді деп қауіптенсе ғана сәһу сәждесін жасамауға рұқсат етіледі.

¹ Әл-Бәйһақи, әс-Сунән әл-кубра, III том, 418-бет.

² Әл-Муфассал фи әл-фикһ әл-ханафи, 208-бет. Әл-Фикһ әл-ханафи фи сәубиһ әл-жәдид, I том, 325-бет.

³ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-жумға, 907.

⁴ Муснәд Ахмад, Китәб муснәд бәни һашим, 3144.

⁵ Сунән Әбу Дауд, Бәб тәрк әл-әзән фи әл-ғид, 1149.

5. Имам қосымша тәкбірлерді айтып болғаннан кейін, айт намазына кешігіп қосылған адам тәкбиратул-ихрам алып болғаннан кейін сәнә дұғасын оқымастан қосымша тәкбірлерді айтады. Имам рукуғке барып қойғаннан кейін ұйыған мұсылман тәкбиратул-ихрамды алғаннан соң қосымша тәкбірлерді алмастан рукуғке барады.

6. Бірінші ракағаттан кешіккен адам, имам сәлем бергеннен кейін, орнынан тұрып, бірінші ракағатты қосымша тәкбірлерімен орындайды. Ал имам екінші ракағаттың рукуғынан тұрып қойғаннан кейін намазға қосылған адам, имам сәлем бергеннен соң, сәлем берместен орнынан тұрып, екі ракағатты қосымша тәкбірлерімен бірге орындайды.

7. Имамға ұйыған адам имаммен бірге оның барлық қимылдарын қайталайды. Егер имам екі ракағатта да тәкбірлерді Құран оқудан бұрын айтса, ол имаммен бірге тәкбір алады. Егер басқа мазһабты ұстанушы имам үш тәкбірден артық тәкбір алса, үюшы имам қанша тәкбір алса, сонша тәкбір алады.

8. Имаммен бірге айт намазын оқуға кешіккен адам немесе адамдар өз бетінше жамағат құрып, айт намазын оқи алмайды. Тіпті айт намазын имаммен бірге бастап, намаз оқып тұрған кезде дәретін бұзып алған адам имам сәлем бергенше қайта тәяммум соғып үлгермесе, айт намазын қайтадан оқымайды. Бірақ қаласа, айт намазының орнына нәпіл намазын оқуына болады.

9. Шағын ғана ауылдың тұрғындарымен өзара келіспеген дауы бар адам сол жердегі айт намазынан басқа жердегі айт намаздарына қатыса алмайтындай жағдай болса, адамдар арасында іріткі тудырмас үшін оған айтқа қатысу уәжіп болмайды.

10. Айт намазының алдында нәпіл намазын үйде де, мешітте де оқу мәкруһ. Айт намазынан кейін мешітте нәпіл намазын оқу – мәкруһ. Ал үйде оқуға болады. Себебі Пайғамбар (с.а.с.) айт намазынан бұрын да, кейін де басқа намаз оқымаған.

Ибн Аббастан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын), Пайғамбар (с.а.с.) ораза айты күні екі ракағат оқыды. Онан (екі ракағаттан) бұрын да, кейін де намаз оқымады. Сосын әйелдерге Біләлмен бірге келіп, оларға садақа жасауға әмір берді. Олар садақа бере бастады. Әйелдер сырғасы мен моншағын (садақа қылып) тастады¹.

11. Жаңа айдың туғанын білмеген жағдайда және су тасқыны, қарлы боран тәрізді табиғаттың қолайсыз жағдайларында айт намазын екінші күнге кешіктіруге болады.

12. Айт намазынан кейін құтпа оқу – сүннет.

13. Айт күндері ораза ұстауға болмайды.

Әбу Убайд құрбандық күні айт (намазына) Омар ибн әл-Хаттабпен (Аллаһ оған разы болсын) бірге қатысты. Ол (Омар) (айт) намазын құтпадан бұрын оқыды. Одан кейін адамдарға құтпа оқыды да: *«Уа, халайық!»*

¹ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-жумға, 911.

Расында, Аллаһ елиісі (с.а.с.) сендерді мына екі айт: оразаларыңда ашатын күндерің мен құрбандықтарыңнан жейтін (яғни құрбандық шалатын күн) күндеріңде ораза ұстаудан тыйды», – деген¹.

Айт намазының құтпасы:

Айт намазының құтпасы жұма намазының құтпасымен бірдей. Бірақ айт намазында құтпаны намаздан кейін оқиды. Яғни имам айт намазын оқып болғаннан кейін, екі құтпа оқиды. Құтпаны екіге бөліп, екеуінің арасында аздаған уақыт отырады.

Жәбир ибн Абдуллаһ (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.) (айт күні) орнынан тұрып, намаздан бастады, сосын адамдарға құтпа оқыды», – деді².*

Имам намаз оқып болғаннан кейін мінберге шығады да, отырмастан бірден құтпа айтуға кіріседі.

Бірінші құтпаны тоғыз тәкбірмен, екінші құтпаны жеті тәкбірмен бастап, бас-аяғы он төрт тәкбірмен аяқтау – сүннет³.

Айт намазының құтпасында пітір садақасы туралы, оның абзалдығы мен үкімдері жайлы адамдарға түсіндіреді. Бірақ пітір садақасын айт намазына дейін беру керек болғандықтан, имам ол туралы айттың алдындағы жұма намазында адамдарға түсіндіріп, ескертуі қажет.

Ал құрбан айт кезінде имам құрбандық жайлы, оның абзалдығы мен үкімдерін түсіндіруі тиіс. Қай уақытта және қандай мал сойылу керек деген сияқты көпшілікке аса қажет сұрақтарға кеңірек тоқталып, адамдарға шарият үкімдерін баян етеді. Сонымен қатар құрбан айттан кейінгі ташрик күндері айтылатын тәкбірлер туралы да айтады.

Айттың құтпасын тыңдау – сүннет.

Абдуллаһ ибн әс-Сәиб (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.) айт намазын оқығаннан кейін: «Кімде-кім кеткісі келсе, кете берсін. Кімде-кім құтпаға қалғысы келсе, қалсын», – деді», – деген⁴.*

Айт күнгі сүннет амалдар:

1. Ғұсыл алу.

Нәфиғ: *«Абдуллаһ ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) ораза айты күні намаз оқитын жерге шыққанға дейін ғұсыл алатын», – деген⁵.*

2. Жаңа, таза киімдерін кию.

Әбу Римсә (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбардың (с.а.с.) екі жасыл шапанмен (яғни киіп) құтпа оқып тұрғанын көрдім», – деді⁶.*

¹ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-адахи, 5145.

² Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-жумға, 908.

³ Радд әл-мухтар, VI том, 168-бет.

⁴ Сунән ән-Нәсәи, Китәб салаһ әл-идәйн, 1553.

⁵ Муатта, Китәб ән-нидә лис-салаһ, 384.

⁶ Сунән ән-Нәсәи, Китәб салаһ әл-идәйн, 1554.

3. Өтір себу.

Айша (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елиісіне (с.а.с.) (яғни үстіне) ихрам киместен бұрын және Қағбаны тауап жасамастан бұрын құрбан айт күні миск араласқан өтір жақтым»,* – деді¹.

4. Мешітке бара жатқан кезде тәкбір айту.

Ораза айтында іштей, құрбан айтта жария түрде тәкбір айтуы керек. Бұл – Әбу Ханифаның пәтуасы. Әбу Юсуф пен Мухаммад ораза айтында да тәкбірлерді жария айтады деген².

Ал мешіттен қайтқан кезде тәкбір айтылмайды.

5. Пітір садақасын беру.

Пітір садақасын айттан бірнеше күн бұрын шығарып қоюға да болады.

6. Ақ жарқын көңіл күйде болу.

7. Мешітке бір жолмен барып, басқа жолмен қайту және жолда кездескен адамдарға сәлем беріп, айтымен құттықтау.

Жәбир ибн Абдуллаһ (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.) айт күні жолды өзгертетін»*³, – деді⁴.

8. Ораза айты күні намазға дәм татып шығу – сүннет. Ауызды құрмамен не басқа да тәтті нәрселермен ашқан жақсы. Ал құрбан айтта ауызды құрбандыққа шалған малдың етімен ашқан сүннет.

Әнәс ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елиісі (с.а.с.) ораза айты күнінде құрма жемейінше шықпайтын (яғни намаз оқитын жерге бармайтын)»,* – деді.

Әнәс ибн Мәликтен жеткен екінші риуаятта: *«Пайғамбар (с.а.с.) құрманың санын тақ қылып жейтін»,* – деп келген⁵.

Бұрайда (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елиісі (с.а.с.) ораза айты күні (үйден) шықпастан бұрын тамақтанатын. Құрбан айт күні құрбандығынан жегенге дейін тамақтанбайтын»,* – деген⁶.

Ташрик тәкбірлері:

Құрбан айттан кейінгі үш күн «ташрик күндері» деп аталады. «Ташрик» сөзі араб тілінде «етті жіліктеп, күнге кептіру» деген мағынаны береді. Айттан кейінгі күндерде құрбандыққа сойылған малдың еті жілікке бөлініп, кептірілетін болғандықтан, бұл күндер «ташрик күндері» деп аталған.

Құрбан айттың алдындағы күн «арафа күні» деп аталады. Арафа күнінің таңынан бастап, айт күндерінің төртінші күнінің екінті намазына дейінгі барлық парыз намаздарынан кейін тәкбір айту – уәжіп. Бұл – ерге де, әйелге

¹ Сунән ән-Нәсәи, Китәб мәнәсик әл-хаж, 2644.

² Бәдәиъ әс-санәиъ, I том, 625-бет.

³ Яғни айт намазын оқитын жерге бір жолмен баратын, ал қайтарда басқа жолмен қайтатын.

⁴ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-жумға, 933.

⁵ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-жумға, 900.

⁶ Сунән әд-Дәримә, Китәб әс-салаһ, 1551.

де, жеке оқығанға да, жамағатқа да, тұрғылықтыға да, жолаушыға да, ауыл тұрғынына да, қала тұрғынына да міндет. Бұл – Әбу Юсуф пен Мұхаммедтің берген пәтуасы және ханафи мазһабында да амал осы пәтуа бойынша жасалады. Ал имам Әбу Ханифа «ташрик тәкбірлері – айт намазы уәжіп болғандарға ғана уәжіп» деген.

Ташрик тәкбірінің сөздері:

«Аллаһу әкбар, Аллаһу әкбар, лә иләһә иллаһу, уаллаһу әкбар, Аллаһу әкбар, уә лилләһил-хәмд».

Осы сөздерді әрбір парыз намаздарынан кейін бір рет айту – уәжіп. Ал одан көп айту – мустахаб. Әйел адамдар тәкбірді іштерінен айтады.

Құрбандық (Удхия)

«Удхия» сөзі араб тілінде «духа (сәске) уақытында сойылатын құрбандық» деген мағынаны береді.

Шариғатта «удхия» деп құрбан айт кезінде Аллаһтың разылығы үшін құрбандыққа шалынатын малды атайды.

Құрбандық шалудың үкімі – уәжіп. Әр отбасына бір құрбандықтан шалса жеткілікті.

Пайғамбар (с.а.с.): *«Ей, адамдар! Әр үй әр жылы құрбандық шалуға міндетті»*, – деген¹.

Құрбандыққа мал шалу кімдерге уәжіп?

Балиғаттық жасқа толған, ақыл-есі бүтін, құрбандық шалуды жағдайы көтеретін тұрғылықты мұсылман үшін (ер және әйел) құрбандыққа мал шалу – уәжіп.

Яғни құрбандық шалу жолаушыға, қаражаты жетпейтінге, балиғатқа толмаған сәбиге, есі кем жындыға уәжіп емес. Ер кісіге жас балалары үшін құрбандық шалу уәжіп емес.

Шариғатта «жағдайы көтеретін адам» деп құрбан айт күндері өзінің және отбасының негізгі қажетінен артық нисапқа (85 грамм алтын) жететін байлығы бар адамды айтады.

Құрбандық шалу жағдайы көтеретін адамның өзіне ғана уәжіп. Яғни оған балалары үшін құрбандық шалу міндет емес.

Құрбандыққа шалынатын мал мынадай шарттарға сай келуі керек:

1. Шариғат бекіткен малдан болу. Олар: түйе, сиыр, қодас, енеке (буйвол), қой және ешкі. Бұл жануарлардың еркек не ұрғашы болуы шарт емес. Құрбандыққа шалынатын малдың еті семіз әрі дәмді болғаны жақсы.

2. Малдың он екі мүшесі сау болуы шарт. Яғни ауру, бір көзі жоқ, соқыр, ақсақ, көтерем, шұнақ, сонымен қатар құлағы не құйрығының үштен бірі

¹ Сунән Әбу Дауд, Бәб мә жә-ә фи ижәб әл-удхия, 2790.

кесілген мал құрбандыққа жарамайды. Ал құлағы тілініп не тесіліп ен салынған мал құрбандыққа жарамды. Бірақ мұндай малды құрбандыққа шалу – мәкруһ.

Тоқал және мүйізі сынған, піштірілген мал да құрбандыққа жарамды деп саналады¹.

Егер құрбандыққа шалынатын малды сатып алғаннан кейін оның денесіндегі бір кемістікті байқаса, оны ауыстыру керек. Ал сойғаннан кейін не сояйын деп жүріп майып қылып алса, оқасы жоқ. Мысалы, соямын деп пышақты малдың алқымына тақай бергенде, мал ытқып кетіп, пышақты малдың көзіне тығып алса немесе союға сүйреп келе жатып, аяғын сындырып алса, сол малды құрбандыққа шала береді.

3. Құрбандыққа арналған мал шарифат бекіткен жасқа толуы керек.

Қой мен ешкінің жасы бір жылдан асқан болуы керек. Тек алты айдан асқан семіз, бір жастан асқан басқа қойлардан дене-бітімі кем емес, бағлан марка қозыны құрбандыққа шалуға болады.

Сиыр екі жастан, ал түйе бес жастан асқан болуы қажет.

Құрбандыққа шалынатын мал қанша адамға жетеді?

Қой және ешкіні бір адам ғана сояды. Бір адам екі не одан да көп құрбандық шала алады және ол барлық құрбандықтарының сауабын алады. Ал сиыр мен түйені жеті адам бірігіп союларына болады. Бір адам жалғыз өзі бір сиыр не түйені құрбандыққа шалуына рұқсат етіледі.

Жәбир ибн Абдуллаһ (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Худайбия жылы Аллаһ елшісімен (с.а.с.) бірге түйені жеті адамның және сиырды жеті адамның (атынан) бауыздадық»,* – деді².

Құрбандықтың уақыты:

Құрбандық шалудың бекітілген белгілі уақыты бар. Осы уақыттан бұрын және кейін құрбандық шалуға болмайды. Ал осы уақыттан бұрын шалынған құрбандық күнделікті қажеттілік үшін сойылған мал есебінде болады және ол құрбандықтың орнына жүрмейді.

Жундәб ибн Суфиян әл-Бәжәли (Аллаһ оған разы болсын): *«Бір күні Аллаһ елшісімен (с.а.с.) құрбандықтарымызды шалдық. Сонда бір адамдар құрбандықтарын (айт) намаздан бұрын шалып қойыпты. Пайғамбар (с.а.с.) кетер кезде олардың құрбандықтарын намаздан бұрын шалғанын көрді де: «Кімде-кім намаздан бұрын шалса, орнына басқасын шалсын. Кімде-кім әлі шалмаса, Аллаһтың атымен шалсын»,* – деді», – деген³.

Әл-Бара (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбардың (с.а.с.) құтпа оқып тұрып: «Біздің сол күні ең бірінші істейтін амалымыз – намаз оқу. Одан соң (үйге) қайтып, құрбандық шаламыз. Кім осылай істесе, біздің*

¹ Әл-Муфассал фи әл-фиқһ әл-ханафи, 214-бет.

² Сахих Муслим, Китәб әл-хаж, 2322.

³ Сахих әл-Бұхари, Китәб әз-зәбәих, 5074.

сүннетімізге дәп түседі. Ал кім (айт намазынан бұрын) сойса, (сойған малы) отбасы үшін дайындаған ет болады және ол ешқандай құрбандық малына жатпайды», – дегенін естідім», – деген¹.

Айт намазы уәжіп болған елді мекендерде құрбандық шалу айт намазын оқып болғаннан кейін басталады. Ал айт намаздары оқылмайтын жерлерде таң атқаннан бастап малын соя беруге болады. Құрбандық шалу ташриқ күндерінің үшінші күні күн батқанға дейін жалғасады. Осыған орай мынадай үкімдер шығады:

– құрбандық құрбан айт намазы уәжіп болған елді мекенде тұратын адам құрбандығын айт намазы уәжіп емес жерге жіберген жағдайда, ол құрбандықтың айт намазынан кейін сойылуы шарт емес. Ол малды таң атқаннан кейін сойса да, жарай береді;

– айт намазын оқуға табиғи жағдай кедергі келтіргенде (қарлы боран, қатты нөсер және т.б.), құрбандықты айт намазын оқитындай уақыттан кейін сояды;

– егер адамдар жаңылысып, айт намазын бір күн бұрын оқып, құрбандықтарын шалып қойғаннан кейін қателескендерін білсе, оқыған намаздары мен шалған құрбандықтары дұрыс деп табылады.

Құрбандықтың үкімдері:

1. Ханафи мазһабында құрбандық шалу – уәжіп. Сондықтан құрбандық шалатын уақыт өтіп кетсе де, оны шалу уәжіптігі құрбандық шалу міндет болған адамның мойнынан түспейді.

2. Егер адам құрбандыққа деп сатып алған малын ұрлатып алса, қашып кетсе немесе өліп қалса, шамасы келсе басқасын сатып алуы керек. Басқа мал сатып алғаннан кейін жоғалтып не ұрлатып алған малын тауып алса, екеуінің арасынан жақсысын таңдап сояды. Егер жағдайы көтерсе, екеуін де союына болады.

3. Құрбандықтың дұрыс болуы үшін үш шарт бар:

– құрбандыққа шалынатын мал жоғарыда аталып кеткен шарифат талап еткен шарттарға сай болуы керек;

– құрбандық белгіленген уақытында бауыздалуы тиіс;

– ол малды құрбандық ниетімен бауыздау керек. Ниетті тілмен айту шарт емес, бастысы – ол бауыздаған малын құрбандық ниетімен шалғандығын жүрегімен бекітсе жеткілікті.

4. Құрбандық шалу – уәжіп, ал оның етін тарату – сүннет. Негізінен, құрбандықтың етін үшке бөлген дұрыс. Бір бөлігі өзі және отбасына, екінші бөлігі қонақтарға, ал үшінші бөлігі кедей-кепшіктерге садақа етіп таратуға арналады.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.): «Егер біреулерің құрбандық шалса, құрбандығынан жесін», – деді», – деген².*

¹ Сахих әл-Бұхари, Бәб әз-зәбх бағд әс-саләһ, 5240.

² Муснәд Ахмад, Китәб бәқи муснәд әл-муksирин, 8717.

Әбу Сағид әл-Худри (Аллаһ оған разы болсын): «*Аллаһ елшісі* (с.а.с.) *құрбандықты үш күннен артық сақтауға тыйым салды. Сосын: «Жеңдер және тамақтандырыңдар», – деді», – деген¹.*

Имам ән-Нәсәи риуаят еткен екінші бір хадисте Аллаһ елшісі (с.а.с.) алдымен құрбандық етінен өз үлестерін алуға үміттеніп келген бәдәуилерге таратып беру үшін құрбандық малының етін сақтауға тыйым салғандығы, сосын құрбандық етін сақтауға және одан тамақтануға рұқсат бергендігі айтылған. Кейбір деректерде «сол жылы халық арасында ашаршылық орын алғандықтан, Пайғамбар (с.а.с.) мұқтаждарға құрбандық етін тараттыру үшін оны сақтауға тыйым салған» деп келген.

5. Құрбандық шалуды өзге адамға тапсыруға болады. Сондай-ақ құрбандық малын сатып алып, одан кейін оны сойдыру үшін өзге біреуге құнын беруге болады.

6. Егер өзге біреуге құрбандық малын сатып алу үшін оның құнын берсе және ол адам малды сатып алғаннан кейін құрбандық иесінің рұқсатынсыз бауыздап қойса, құрбандық дұрыс деп есептеледі. Себебі құрбандықтың иесі оны құрбандық ретінде сою үшін алған еді.

7. Егер екі адам шатастырып, бірінің малын екіншісі құрбандыққа шалып қойса, бұл құрбандық дұрыс деп есептеледі. Тек қана олар құрбандыққа шалған малдарын ауыстырулары керек.

8. Құрбандыққа шалынған малдың еш нәрсесін сатуға болмайды. Терісін, жүнін, тіпті мүйізін де сатпайды.

9. Құрбандық малын басқа біреуге бауыздатса, оған еңбегінің ақысы ретінде құрбандыққа шалған малдың етінің бір бөлігін немесе терісін беруге болмайды. Ал сыйлық ниетімен беруге болады. Оған еңбегінің ақысы ақша не басқа бір зат ретінде төленуі керек.

Құрбандық шалатын адамға мустахаб амалдар:

1. Құрбандық шалуға ниет еткен адам малдарының арасынан ең семізін, еттісін таңдағаны абзал.

2. Құрбандығын шамасы келсе және соя алатын болса, өзі сойғаны абзал. Егер өзі соя алмаса, құрбандық шалынып жатқан жердің басында тұруы керек.

Имран ибн Хусайн (Аллаһ оған разы болсын): «*Аллаһ елшісі* (с.а.с.): «**Ей, Фатима! Тұр, құрбандығыңа қатыс», – деді», – деген².**

3. Құрбандық шалған кезде «Бисмилләһи, уаллаһу әкбар» деп дұға жасау.

Жәбир ибн Абдуллаһ (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): «*Аллаһ елшісімен* (с.а.с.) *мусаллада³ құрбандыққа қатыстым. Құтпа оқып*

¹ Сунән ән-Нәсәи, Бәб әл-иддихар мин әл-удхия, 4434.

² Әл-Бәйһақи, әс-Сунән әл-кубра, V том, 239-бет.

³ Пайғамбарымыз (с.а.с.) заманында мешіттер тар болатын. Сондықтан Мәдина қаласының айналасындағы ауылдық жерлердің тұрғындары да қатысатын айт

біткеннен кейін ол мінбеден түсті. Оған (с.а.с.) қошқар алып келді. Аллаһтың елшісі (с.а.с.) оны өз қолымен бауыздады және «Бисмиләһи, уаллаһу әкбар (Аллаһтың атымен, Аллаһ ұлық). Бұл менен және менің үмбетімнен құрбандық шалмағандардан», – деді», – деген¹.

4. Мал бауыздаудың әдептерін сақтау. Мысалы, өткір пышақты қолдану, малды қинамау, басқа малдардан оқшау жерге алып бару, бауыздағаннан кейін қаны толық аққанша ұстап тұру және т.б.

намазы секілді аса көп жамағат жиналатын намазды оқу үшін қала сыртында арнайы орын болған. Ол жер «мусалла» деп аталатын.

¹ Сунән Әбу Дауд, Китәб әд-дахаиа, 2427.

САПАР НАМАЗЫ

Аллаһ тағала пендесіне ауырлықты, шамасы келмейтін істі жүктемейді, керісінше, оларға жеңілдікті қалайды. Мұсылман бір ауыр жағдайға тап болғанда, одан шығатын тиімді жолды көрсетеді.

Сапар кезінде адамдар көбінесе шаршап-шалдығып, көптеген қиындықтарға кезігуі мүмкін. Аллаһ тағала жолаушы адамға жеңіл тииоі үшін төрт ракағатты парыз намаздарды қысқартып оқуды бұйырған.

Яхия ибн Әбу Исхак: «Әнәстің (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбармен (с.а.с.) Мәдинадан Меккеге шықтық. Ол (с.а.с.) Мәдинаға қайта оралғанша екі-екі ракағаттан намаз оқыды»*, – дегенін естідім. Одан: *«Меккеде тұрдыңдар ма?»* – деп сұрадым. Ол: *«Онда он күн тұрдық»*, – деп жауап берді», – деді¹.

Шарифатта жаяу жүріспен үш күндік не одан да алыс жерге он бес күннен аз уақытқа барғысы келген адам жолаушы саналады. Қазіргі кезде ол шамамен сексен бір шақырым деп есептеледі. Ал кейбір ғалымдар оны сексен тоғыз шақырым деп санаған дұрыс дейді².

Сапарға шығуға жиналған адам өзі тұратын елді мекеннің ең шеткі үйлерінен өткеннен кейін жолаушы саналады. Бұл жағдайда оның мінетін көлігінің жайлылығы мен жылдамдығы сапардың ұзақтығы мен қиындығына еш қатысы жоқ. Себебі сапардағы жеңілдіктер – Аллаһтың құлдарына берген садақасы. Пайғамбар (с.а.с.) мұсылмандарға Аллаһтың садақасын қабыл етуді бұйырған.

Омар (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ елшісінен (с.а.с.): *«Намазды неге қысқартамыз?»* – деп сұраған. Аллаһ елшісі (с.а.с.): *«Аллаһтың сендерге жасаған садақасы, Оның садақасын қабыл алыңдар»*, – деген³.

Сапарға шыққан адам тұрғылықты жеріне оралғанға дейін немесе бір елді мекенде он бес күннен артық тұрақтауды ниет еткенге дейін жолаушы деп есептеледі.

Егер жолаушының бөтен елде істері уақытша болса және ол жақтан ісі біткен күні қайтуды көздесе, бірақ жұмысын бітіре алмай, сол елде он бес күннен артық тіпті бір ай тұруға мәжбүр болса да, ол жолаушы деп есептеледі. Өйткені Пайғамбар (с.а.с.) Тәбук соғысында он тоғыз немесе жиырма күн бойы намазды қысқартып оқыған. Себебі Пайғамбар (с.а.с.) ол жерде тұрақтауды ниет еткен жоқ болатын және ісі біткен күні қайтуды ойлаған.

Жалпы, «сапар намазын қанша күн оқиды?» деген сауалға жауап берген ғұламалар арасында ортақ пікір жоқ. Ибн Аббастан жеткен сенімді риуаятта «он тоғыз күн» делінген. Ал мәлики мен шафиғи мазһабтары төрт күн, имам

¹ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-жумға, 1019.

² Әл-Фикһ әл-ханафи фи сәубиһ әл-жәдид, I том, 310-бет.

³ Сахих Муслим, Китәб салаһ әл-мусафирин, 1108.

Ахмад «жиырма бір намаз» десе, Имам Суфиян әс-Сәури және ханафи ғұламалары «он бес күн» деген пікірді ұстанған.

Осы аталған пәтуалардың әрқайсысының өз дәлелдері бар. Алайда біз тек ханафи мазһабының дәлелдерін ғана келтірумен шектелеміз.

Мұхаммед: «Бізге Әбу Ханифа Муса ибн Муслимнен, ол Мужаһидтен, ол Абдуллаһ ибн Омардан (Аллаһ оған разы болсын) жеткізген риуаятта ол (Ибн Омар): *«Егер жолаушы болған кезіңде өзіңді он бес күн тұрақтауға дайындасаң, намазыңды толық оқы. Егер қашан жолға шығарыңды білмесең, (намазыңды) қысқарт»,* – деген», – деп айтқан¹.

Ибн Омар: *«Кімде-кім он бес күн тұрақтаса, намазын толық оқысын»,* – деген².

Ибн Аббас (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) Меккеде он бес күн тұрған (кезінде) намазды екі-екі ракағат етіп оқыды»,* – деген³.

Ибн Аббас (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) Мекке алынған жылы Меккеде тұрған (кезде) он бес күнде намазды қысқартып оқыды»,* – деген⁴.

Әл-Хафиз әл-Асқалани Фатх әл-Бәриде: «Он бес күн деген риуаятқа келер болсақ, оны ән-Нәуәуи «әл-Хуләсада» дағиф дейді. Бірақ бұл құптайтындай пікір емес. Себебі бұл хадистің рауилері сенімді (сикат). Оны тек Ибн Исхақ қана емес, сонымен қатар ән-Нәсәи оны Ирақ ибн Мәликтен, ол Убайдуллаһтан да риуаят еткен және ол риуаят сахих», – деген⁵.

Жолаушыға берілетін үкімдері:

1. Жолаушыға жұма мен айт намаздарына қатысу міндет емес. Бірақ мүмкіндігі болса, бұл намаздарға қатысқаны абзал.

2. Жолаушы рамазан айында оразасын бұзуына рұқсат етіледі. Ал егер өзіне қиын тимесе, оразасын бұзбауына болады.

3. Жолаушыға құрбандық шалу міндет емес. Егер құрбандық шалса – абзал, оған құрбандық шалғанының сауабы жазылады.

4. Жолаушы үшін мәсісіне үш тәулік, ал тұрғылықты адам үшін бір тәулік бойы мәсіх тартуға рұқсат етіледі.

5. Жолаушы төрт ракағатты парыз намаздарын міндетті түрде екі ракағатты қылып қысқартып оқиды. Яғни төрт ракағатты парыз намаздарды сапарда жүргенде қысқартып, екі ракағатты етіп оқу – уәжіп.

¹ Мұхаммед әш-Шәйбәни, әл-Әсәр, I том, 241-бет.

² Сунән әт-Тирмизи, Китәб әл-жумға, 503.

³ Сунән ән-Нәсәи, Китәб тақсир әс-салаһ фи әс-сафар, 1436.

⁴ Сунән Әбу Дауд, Китәб әс-салаһ, 1042.

⁵ Фатх әл-Бәри, «Намазды қысқартып оқу» тарауындағы 1081-хадистің шархында келген.

Омар (Аллаһ оған разы болсын): *«Мұхаммедтің (с.а.с.) тілімен сапар намазы екі ракағат, жұма намазы екі ракағат, ораза және құрбандық (айты) екі ракағат, толық қасыр емес»,* – деді¹.

6. Егер кімде-кімнің арасы алыс екі елді мекенде де баспанасы болып, өзін сол жерде тұрғылықтымын деп есептейтін болса, ол сол екі елді мекенде де намазды қысқартпайды. Мысалы, оның Алматыда бір үйі және Астанада екінші үйі бар делік. Ол тек жол сапарында оқылатын намаздарын ғана қысқартады. Ал Алматыға не Астанаға, яғни өз үйіне келгенде, намазын толық оқиды.

7. Егер кімде-кім туған жерінен басқа жаққа көшіп кетсе, туған жеріне зиярат етіп барған кезде он бес күннен аз тоқтаса ғана намазын қысқартады. Тіпті онда ата-анасы және барлық ағайын-туыстары тұрса да, ол намаздарын толық оқымайды.

8. Егер кімде-кім жұмыс бабымен екінші бір жерге үнемі баратын болса және ол жерден жалға үй алып қойса, ол жерде он бес күн не одан да көп тұруды ниет етпейінше намазын қысқартып оқиды.

Сапар намазының үкімдері:

1. Сапар барысында қысқартылып оқылатын намаз «қасыр намазы» деп аталады. Сапарда төрт ракағатты бесін, екінті және құптан намаздарын екі ракағатты қылып оқу – уәжіп. Бірақ алғашқы кездері барлық намаз екі-екі ракағаттан болатын. Кейінірек тұрғылықты кезде оқылатын кей намаздарға екі ракағат қосылған.

Айша (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ намазды парыз еткенде тұрғылықты кезде де, сапарда да екі-екі ракағаттан қылып парыз етті. (Кейінірек) сапар намазы сол күйінде бекітілді де, тұрғылықты кезде (оқылатын) намазға қосылды»,* – деген².

Айша (Аллаһ оған разы болсын): *«Меккеде намаз екі-екі ракағатты болып парыз етілді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) Мәдинаға келген кезде әрбір екі ракағатқа тағы да екі ракағаттан қосылды. Тек шам намазына (қосылмады), себебі ол күндіздің үтірі және ұзақ оқылатыны үшін таң намазына (қосылмады)»,* – деді³.

2. Шариғат бойынша, сапар кезінде тек қана парыз намаздары қысқартылып оқылады, ал сүннет намаздары толық оқылады. Негізінен, сүннет намаздарын оқу мұсылманның өз еркіне қалдырылған. Сондықтан сапар кезінде қонақүй секілді ыңғайлы бір жерлерде аялдағанда, сүннет намазын оқуға болады. Ал қолайсыз әрі ыңғайсыз жерлерде сүннет намаздарын оқымауға рұқсат етіледі.

3. Егер намаз оқушы өзінің жолаушы екендігін есінен шығарып алып, төрт ракағатты намазға ниет етсе және есінен шыққаны алғашқы отырыстан

¹ Сунән ән-Нәсәи, Китәб икама әс-салаһ, 1054.

² Сахих әл-Бұхари, Китәб әс-салаһ, 337.

³ Муснәд Ахмад, Китәб бәқи муснәд әл-ансар, 24849.

тұрмай жатып есіне түссе, сәлем беріп намазын аяқтайды. Мұндайда оның намазды төрт ракағатты етіп оқуға ниет еткені есепке алынбайды.

4. Егер қателесіп немесе жаңылысып төрт ракағат намазды толық оқыса, оның алғашқы екі ракағаты парыз намазы, ал қалған екі ракағаты нәпіл ретінде есептеледі.

5. Егер жолаушы адам қателесіп үшінші ракағатқа алғашқы отырысқа отырмастан тұрып кетсе, парыз намазы бұзылады. Себебі алғашқы отырыс – жолаушы үшін парыз. Ал осылай оқып бітірген намазы нәпіл ретінде қабыл етіледі де, ол қасыр намазының парызын қайта оқуы керек.

6. Жолаушы тұрғылықты адамға ұйып намаз оқи алады. Ол тұрғылықты имамға ұйыған кезде намазын қысқартпай төрт ракағатты етіп толық оқиды.

Әбу Мижләз: «Ибн Омарға (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): «Жолаушы олардың, яғни тұрғылықты адамдардың намаздарының екі ракағатына үлгерсе, сол жеткілікті ме, әлде олардың (тұрғылықтылардың) намазымен оқиды ма?» – дедім. Сонда ол күліп: «*Олардың (тұрғылықтылардың) намазымен оқиды*»¹, – деді», – деген².

7. Қасыр намазын қаза қылған жолаушы дәл сол намазды қаза қылған тұрғылықты адамға ұйып, намаз оқымайды. Себебі адам бір намазды қалай қаза жіберсе, солай өтеуі керек.

8. Тұрғылықты адам да жолаушыға ұйып намаз оқи алады. Төрт ракағатты намаздарды қысқартып, сапар намазы етіп оқыған жолаушы имамға ұйыған тұрғылықты адамдар имам сәлем бергеннен кейін, сәлем берместен орындарынан тұрып, намазының қалған екі ракағатын толықтырады. Ал жолаушы имам ұюшыларға өзінің намазды қысқартып оқитындығын және олардың тағы екі ракағат оқулары керек екендігін ескерткені дұрыс.

Абдуллаһ ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): «*Омар ибн әл-Хаттаб Меккеге келгенде, (ол жердің тұрғындарымен) екі ракағат оқитын. Сосын: «Ей, Мекке тұрғындары! Намаздарыңды толық оқыңдар. Біз жолаушылармыз (яғни Мәдинадан келгендер)», – дейтін», – деген*³.

9. Намазды қысқартып немесе толық оқу намазханның намаз оқуға кіріскен сәтімен байланысты. Кімде-кім тұрғылықты болған кезінде бесін намазының уақыты кірсе, бірақ ол бесін намазын оқымастан жолға шығып кетсе, бесін намазын қысқартып оқиды. Сондай-ақ сапарда болған кезде намаздың уақыты кіргенмен, намазды тұрғылықты жеріне келгеннен кейін оқыса, оны толық оқиды.

10. Қаза болған намаз қалай қаза болса, солайша өтеледі. Мысалы, сапарда жүріп, екінті намазын қаза жіберсе, тұрғылықты болғаннан кейін сапардағы қаза еткен екінті намазын екі ракағат етіп оқиды. Сол секілді

¹ Яғни төрт ракағат оқиды.

² Әл-Бәйһақи, әс-Сунән әл-кубра, III том, 157-бет.

³ Муатта, Китәб ән-нидә лис-салаһ, 315.

тұрғылықты кезіндегі қаза жіберген намазын сапарда жүргенде өтегісі келсе, толық төрт ракағатты етіп өтеуі керек.

Сапарда екі намазды қосып оқу мәселесі:

Мәлики мен шафиғи мазһабтарында жолаушы бесін мен екінтіні және шам мен құптанды қосып оқуына болады. Ханбали мазһабында да қосып оқуға рұқсат етіледі, бірақ ол мазһабта қосып оқымаған абзал. Ал ханафи мазһабында екі намазды қосып оқуға болмайды.

КУСУФ ЖӘНЕ ХУСУФ НАМАЗДАРЫ

Араб тілінде күннің толықтай не жартылай тұтылуын «кусуф», айдың толықтай не жартылай тұтылуын «хусуф» деп атайды. Осыған орай күн тұтылғанда оқылатын намаз «кусуф намазы», ай тұтылғанда оқылатын намаз «хусуф намазы» деп аталады.

Кусуф намазы

Кусуф намазына қатысты дәлел болатын хадистер өте көп. Хижраның 9-жылы Пайғамбарымыздың (с.а.с.) ұлы Ибраһим қайтыс болған күні күн тұтылады. Адамдар сол күнгі күннің тұтылуын Ибраһимнің қазасымен байланыстырады. Адамдардың бұл жорамалын естіген Пайғамбар (с.а.с.) оларға күн мен айдың Аллаһтың жаратқандарынан және олардың тұтылуының бір адамның өлуіне не туылуына еш қатысы жоқ екендігін айтады. Сонымен қатар табиғаттың барлық заңдылықтары оны жаратқан Жалғыз Аллаһ тағаланың қалауында екендігін баяндап, адамдарға тек қана Аллаһ тағалаға құлшылық ету керек екендігін түсіндіреді.

Аллаһ тағала: **«Түн және күндіз, күн және ай Оның белгілерінен. Күнге де, айға да сәжде жасамандар. Егер Оған (Аллаһқа) құлшылық ететін болсаңдар, оларды жаратқан Аллаһқа ғана сәжде жасаңдар»**¹, – деген.

Пайғамбар (с.а.с.) табиғаттың әртүрлі құбылыстарын ырымға жорып, олардан жақсылық сұрауға не жамандықтан сақтауды тілеп, жалбарынуға болмайтындығын, керісінше, оларды жаратушы Аллаһқа ғана жалбарыну керек екендігін айтқан. Себебі Аллаһ күн мен айды, осы әлемді адамзаттың қызметі үшін жаратты.

Пайғамбар (с.а.с.) күн тұтылған бойда дереу мешітке барып, жамағатқа имам болып, күннің тұтылуы аяқталғанша ұзақ уақыт бойы намаз оқып, намаз оқып болғаннан кейін дұға жасап, намазды аяқтайтын. Сосын сахабаларға күн тұтылғанда, осылайша намаз оқу керек екендігін айтатын.

Күн тұтылған кезде Аллаһ тағаланы еске алып, Одан қабір азабы мен тозақ отынан сақтауды сұрап, дұға жасау керек.

Әбу Мұса (Аллаһ оған разы болсын): *«Күн тұтылғанда Пайғамбар (с.а.с.) «Қиямет болды ма?!» деп қауіптеніп қорқып, орнынан тұрды да, мешітке келіп, қиямы (тіке тұру), рукуғы мен сәждесі ең ұзақ намаз оқыды. Мен оның ешқашан осылай жасағанын көрген емеспін. (Содан кейін) ол (с.а.с.): «Аллаһ жіберетін бұл белгілер біреудің өлімі яки өмірі себебінен болмайды, бірақ Аллаһ олармен Өз құлдарын қорқытады, сондықтан ондай бір нәрсе көрсеңдер, (Аллаһты) зікір етіп, Оған дұға қылуға және Одан кешірім өтінуге асығыңдар», – деді», – деген².*

¹ «Фуссиләт» сүресі, 37-аят.

² Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-жумға, 999.

Кусуф намазын оқу – бекітілген сүннет (суннә муәккәдә). Оны үш мазһабта құпия оқиды. Тек ханбали мазһабында ғана дауыстап оқу – сүннет. Кусуф намазында Құранды ұзақ оқиды, рукуғ пен сәждеде де біршама ұзақ тұрады. Намаз оқып болғаннан кейін дұға жасайды.

Муғира ибн Шуғба (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елиісінің (с.а.с.) кезінде Ибраһим (Пайғамбардың (с.а.с.) ұлы) шетінеген күні күн тұтылды. Сонда адамдар: «Ибраһимнің өлімі себепті күн тұтылды», – десті. (Мұны естіген) Аллаһ елиісі (с.а.с.): «Расында, күн мен ай біреудің өлімі яки өмірге келуі себебінен тұтылмайды, егер (тұтылғанын) көрсеңдер, намаз оқып, Аллаһқа дұға жасаңдар», – деді», – деген¹.*

Сәмура ибн Жундәб (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.) күн тұтылғанда бізбен намаз оқыды. Біз оның даусын естімедік», – деді².*

Әбу Юсуф және ханбали ғұламалары «кусуф намазы жария оқылады» деген. Олар мына хадиске арқа сүйеген.

Айша (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.) күн тұтылуы намазында дауыстап Құран оқыды. Құран оқып болған кезде тәкбір айтып, рукуғқа барды, ал рукуғтан (кеудесін) көтерген кезде: «Сәмиғаллаһу лимән хамидәһ, Раббәнә уә ләкәл-хамд!» – деді. Сосын тағы Құран оқыды. Күн тұтылуы намазында екі ракағатта төрт рукуғ, төрт сәжде бар», – деген³.*

Шафиғи мазһабында осы хадиске сүйеніп, кусуф намазында екі ракағат намазбен салыстырғанда рукуғ саны екі есе көп болады деген.

Кусуф намазы жамағатпен де, жеке де оқыла береді. Егер бұл намаз жамағатпен оқылатын болса, азан шақырмайды және қамат түсірмейді. Ол намазға «Жамағат намазына жиналыңдар!» (әс-салаһ жәмиғә!) деп қана шақырады.

Абдуллаһ ибн Амр (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Аллаһ елиісінің (с.а.с.) кезінде күн тұтылғанда: «Жамағат намазына жиналыңдар! (әс-салаһ жәмиғә!)» деп шақырылды», – деген⁴.*

Күнделікті бес уақыт намаз бен жұма намазына имам болатын адам кусуф намазына да имам болады.

Кусуф намазын оқып болғаннан кейін дұға жасайды. Имам дұғаны құбылаға немесе адамдарға бет бұрып жасай береді.

Кусуф намазы жамағатпен оқылмаса, әр адам өзінше жеке оқиды. Кусуф намазын екі не төрт ракағатты етіп оқуға болады.

Хусуф намазының үкімі де кусуф намазымен бірдей. Тек бірер ғалымдар «хусуф намазы – жеке-жеке үйде оқылатын мандуб намаз, оны екі не төрт ракағатты етіп дауыстап оқуға болады» деген пікірлер айтады.

¹ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-жумға, 1000.

² Сунән әт-Тирмизи, Китәб әл-жумға, 515. әт-Тирмизи хасан-сахих хадис деген.

³ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-жумға, 1004.

⁴ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-жумға, 987.

ҮЗІР ИЕСІ ЖӘНЕ АУРУ АДАМНЫҢ НАМАЗЫ

Үзір иесінің намазы

Адам баласының басына өмірде әртүрлі жағдайлар тап келуі әбден мүмкін. Шарифатта осы мәселелер де ескеріліп, пенденің Аллаһ тағала алдындағы ұлық міндеттерін дұрыс өтеуі үшін көптеген жеңілдіктер жасалған. Бұл жеңілдіктер, әсіресе, ауру адам мен сапардағыларға қатысты.

Үзір иесі деп мына адамдарды атайды:

– Истихада кезіндегі әйел. Истихада – әйел адамға хайыз және нифас кезінен басқа кездерде келетін қан.

– Қуығы зәр ұстамайтын ауруға шалдыққан адам (шыжың).

– Шегінде жел бар, яғни үнемі жел шыға беретін адам.

Шарифатта үнемі дәретін бұзып ала беретін адамдарға қатысты жеке үкімдер берілген. Ол үкімдер – адамдарға шарифат үкімдерін орындау үшін жасалған жеңілдіктер.

Үзірдің пайда болуы мен кету мәселесі:

1. Жоғарыда аталған адамдардың бірі намаз оқығысы келсе, үзірінің бар болғанына қарамастан, дәрет алып намаз оқиды. Мысалы, қуығы зәр ұстамайтын адам намаз уақыты кірген кезде дәрет алып, намазға тұрады.

2. Егер бір намаздан екінші намазға дейін оның үзірі жалғасса, ол адам үзір иесі деп есептеледі. Мысалы, бесін намазының уақыты кіргенде, оның қуығы ұстамады және бұл ауруы екінті намазының уақыты кіргенше кетпейтін болса, ол адам «үзір иесі» деп аталады.

3. Егер бір намаздың уақыты өткенше оның үзірі (яғни ауруы) қайта ұстамаса, ол үзір иесі деп есептелмейді.

4. Егер оны үзір иесі еткен ауруын әлдебір тәсілдермен тоқтатуға мүмкіндік болса, ол үзір иесі деп есептелмейді. Ол сол тәсілдерді қолданып, намаздарын өз уақытында орындауға міндетті.

Үзір иесіне қатысты үкімдер:

1. Ауыратын жерін таңуы не ол жерді бір нәрсемен жабуы керек.

2. Әр парыз намазының уақытында дәрет алады. Ол кез келген мұсылман сияқты бір дәретпен сол уақыттағы парыз намазына, қаза болған парыз, уәжіп намаздарын және қалауынша сүннет және нәпіл намаздарын оқи алады. Ал келесі намаздың уақыты кіргенде, ол қайта дәрет алуы керек.

3. Үзірі бар адам түрегеп тұрып намаз оқығанда дәреті бұзылатын болса, отырып оқуына рұқсат етіледі.

Ауру кісінің намазы

Тұрып оқуға шамасы келмеген ауру адам намазын отырып оқиды, ал отырып оқуға шамасы келмеген адам жатқан күйде оқиды.

Имран ибн Хусайн (Аллаһ оған разы болсын): *«Менде көтеу (геморрой) ауруы болды. Пайғамбардан (с.а.с.) (осы ауру кезінде) намаз туралы сұрадым. Ол (с.а.с.): «Тұрып оқы, оған шамаң келмесе, отырып оқы, оған да шамаң келмесе, жатып оқы», – деді», – деген¹.*

Ауру адамға қатысты үкімдер:

1. Ауру адам тұрып оқуға шамасы келмесе немесе тұрып оқығаннан ауруы асқынып кету қаупі болса, ол намазын отырып оқуына болады.

2. Егер оның денсаулығы біраз уақыт тұруға жарайтын болса, шамасы келгенге дейін тұрады. Мысалы, тәкбиратул-ихрамды ғана тұрып алуға шамасы келсе, оны тұрып алады, сосын намазын отырған күйде жалғастырады.

Намазын тұрып оқуға әлі келмейтін адам тәшәһһуд дұғасын оқитын кездегідей отыра алатын болса, солай отырғаны жақсы. Егер олай отыруға шамасы келмесе, өзіне ыңғайлы халде отыруына болады. Отырып рукуғке барған кезде екі тізесін ұстап еңкейеді, одан кейін сәжде жасайды. Ал сәжде жасауға шамасы келмесе, сәждеге еңкейетін кезде, рукуғке еңкейгеннен көбірек еңкейеді.

3. Намаз оқып тұрғанда басы айналып, тұруға әлі келмей қалса, намазын отырып жалғастырады. Егер намазын сырқатының себебінен отырып бастап, намазының бір не одан көп ракағаты қалғанда ауруы тарқаса, қалған ракағаттарды тұрып оқиды. Ал отырып оқыған ракағаттарын қайталап оқымайды.

4. Намазды отырып оқыған кезде сәжде жасай алмаса, оның орнына бір затты көтеріп, соған сәжде жасауға болмайды.

Абдуллаһ ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Егер аурудың сәжде жасауға шамасы келмесе, басымен изейді және маңдайына (сәжде жасау үшін) еш нәрсені көтермейді», – дейтін².*

5. Намазын отырып оқуға әлі келмейтін науқас адам оң иығымен немесе сол иығымен жатып оқиды. Оған шамасы келмесе, екі аяғын құбыла жаққа қаратып, басын сәл көтеріп, шалқасынан жатып оқиды.

Намазын жатып оқуға мәжбүр болған науқас рукуғ пен сәждені басымен ишарат етіп жасайды.

¹ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-жумға, 1050.

² Муатта, Бәб ән-нидә, лис-салаһ, 365.

ЖАНАЗА НАМАЗЫ

Бұл дүние әлеміндегі күллі тіршілік иелері ерте ме, кеш пе, әйтеуір, өлімнің дәмін бір татады. Бұл – барлық адамзат мойындайтын ащы шындық. Аллаһ тағала: **«Әрбір жан – өлімді татушы»¹**, – деген.

Мұсылман адам әрқашан өлімді қаперінен шығармай, харам істерден аулақ жүріп, ізгі амалдарын көбейтіп, тосыннан келетін өлімге әрдайым дайындықта болуы қажет.

Шәддәд ибн Әус (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.): «Ақылды – өзін есепке алған және өлімнен кейінгіге амал еткен. Әлсіз – нәпсісін қиялға ергізіп, Аллаһқа арқа сүйеген», – деді»,* – деген².

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.): «Дүниеге құштарлықты жоюшыны (яғни өлімді) жиі еске алыңдар!» – деді»,* – деген³.

Муғаз ибн Жәбәл (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Кімнің соңғы айтқан сөзі «Лә иләһә иллаллаһ» болса, Аллаһ тағала оны жаннатқа кіргізеді», – деді»,* – деген⁴.

Жаназа намазының үкімі:

Жаназа намазын бір топ мұсылман оқыса да, тіпті бір адам оқыса да жеткілікті. Яғни жаназа намазының үкімі – парыз кифая. Жаназа намазын көбінесе ер кісілер оқиды, ал ер кісілер болмаған жағдайда әйелдің оқуына рұқсат беріледі. Сол сияқты өлікті жуу, кебіндеу және көмудің де үкімі – парыз кифая.

Жаназа намазының парыз кифая екендігі Пайғамбардың (с.а.с.) хадистерімен бекітілген. Ал оны мойындамаған адам діннен шығады.

Сәләмә ибн әл-Әкуағ (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбарға (с.а.с.) жаназа намазын оқу үшін бір жаназаны (яғни өлікті) алып келді. Ол (с.а.с.): «Оның қарызы бар ма еді?» – деді. Олар (сахабалар): «Жоқ», – деді. (Пайғамбар (с.а.с.)) оған (жаназа) намазын оқыды. Одан кейін басқа бір жаназаны (яғни өлікті) алып келді. Ол (с.а.с.): «Оның қарызы бар ма еді?» – деді. Олар (сахабалар): «Иә», – деп жауап берді. Ол (с.а.с.): «Серіктеріңе жаназа намазын оқыңдар», – деді (яғни Пайғамбардың (с.а.с.) өзі оқымады). Сонда Әбу Қатада (Аллаһ оған разы болсын): «Уа, Аллаһтың елшісі! Оның қарызын мен көтерем», – деді. Сонда (Пайғамбар (с.а.с.)) оған жаназа намазын оқыды»,* – деген⁵.

¹ «Әлі Имран» сүресі, 185-аят.

² Сунән әт-Тирмизи, Китәб сифат әл-қияма уа әр-рақайк, 2383. әт-Тирмизи, хасан хадис деген.

³ Сунән әт-Тирмизи, Китәб әз-зуһд, 2229.

⁴ Сунән Әбу Дауд, Китәб әл-жәнәиз, 2709.

⁵ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-хиуәләт, 2131.

Тірі мұсылмандардың қайтыс болған бауырлары алдындағы борышы – оны шомылдыру, кебіндеу, жаназа намазын оқу және жерлеу.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісінің (с.а.с.): «Мұсылманның мұсылмандағы ақысы бесеу: сәлем қайтару, ауру адамның көңілін сұрау, жаназасына қатысу, шақыруына жауап беру және түшкіргенде «Ярхәмука Аллаһ» деп айту», – дегенін естідім», – деген¹.*

Жаназа намазының дұрыс болу шарттары:

Жаназа намазының дұрыс болуының шарттары басқа намаздардың шарттарымен бірдей және сол шарттарға мына шарттар қосылады:

1. Қайтыс болған адамның мұсылман болуы.

Аллаһ тағала: *«(Мұхаммед!) Олардың (кәпірлердің) ешқайсысына жаназа намазын оқыма және қабірінің басында тұрма. Өйткені олар – Аллаһқа және Оның елшісіне күпірлік келтіріп, пасық күйлерінде өлгендер»²,* – деген.

Мұсылман емес адамға жаназа намазы оқылмайды. Сонымен қатар мұсылман емес адамды жумайды, кебіндемейді және мұсылмандардың қабірлерімен бірге жерлемейді.

2. Мәйіттің таза болуы.

Яғни қайтыс болған адамды жуып болғаннан кейін ғана оған жаназа намазын оқиды. Егер мәйітті жумай тұрып жерлеген болса, оны жуу үшін қайта қазып алмайды, тек жаназаны қабірінде оқиды. Ал егер жуылмай қабірге қойылғанымен, үсті әлі топырақпен көмілмесе, мәйіт қабірден қайта шығарылып, жуылады және содан кейін ғана жаназа намазы оқылады.

3. Кебінделуі. Кебіндеудің ең кемі – әуретінің жабық болуы. Ал мүмкіндік болса, ер кісілерді үш матамен, әйелдерді бес матамен кебіндеу – сүннет.

4. Ханафи мен мәлики мазһабтарында мәйіттің бар болуы шарт, жоқ мәйітке немесе басқа жерде қайтыс болған адамның сыртынан жаназа намазын оқымайды. Ал Пайғамбардың (с.а.с.) Нәжәшидің сыртынан жаназа намазын оқығандығына келсек, ол (с.а.с.) Нәжәшиден өзге басқа жерде қайтыс болған ешкімге жаназа намазын оқымаған. Яғни бұл үкім тек Нәжәшиге қатысты болатын.

Ханбали мазһабында егер мұсылман бір адам қайтыс болған уақыттан бір ай аспаса, оған жаназа намазын оқуға болады. Ал шафиғи мазһабында мәйіттің сыртынан жаназа намазын оқу мәкруһ емес деп саналады.

5. Ниет ету.

6. Мәйіттің жаназа намазын оқитындардың алдында тұруы.

¹ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-жәнәиз, 1164.

² «Тәубе» сүресі, 84-аят.

Жаназа намазының парыздары екеу:

1. Төрт тәкбір.

Жаназа намазында әрбір тәкбір бір ракағаттың орнына жүреді. Сондықтан жаназа намазына кешігіп келген адам имамның тәкбірін күтеді. Имам сәлем бергеннен кейін ғана қалған тәкбірлерді орындайды.

Егер имам жаңылып, тәкбірді төрт реттен көп айтып қойса, оған үюшылар ілеспей, сәлем бергенше күтеді. Кейін барлығы бірге сәлем береді, сонда жаназа намазы дұрыс болады. Егер біле тұра тәкбір төрт реттен аз айтылса, жаназа намазы бұзылады.

Сондықтан жамағат арасынан бір кісі тәкбірдің кем болғандығын имамға ескертуі керек, сонда имам тәкбірдің кем болғанын айтып, қайта сәлем береді. Жаназаны қайта оқу шарт емес.

2. Тік тұру.

Бірақ үзірлі кездерде отырып жаназа намазын оқуға рұқсат етіледі.

Жәбир ибн Абдуллаһ (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Аллаһтың елшісі (с.а.с.): «Сендердің бауырларың дүниеден өтті. Тұрып оған (жаназа) намазын оқыңдар», – деді. Біз тұрып екі сап болдық», – деді¹.*

Жаназа намазының сүннеттері:

1. Сәнә (субханәкә) дұғасын оқу;

Сәнә дұғасының орнына «Фатиха» сүресін дұға ниетімен оқуға болады².

2. Салауат дұғасын оқу;

3. Жаназа намазының дұғасын оқу;

4. Имамның, мәйіттің көкірек тұсында тұруы.

Түсік және туыла салып шетінеген сәбидің үкімі:

1. Егер түсіктің қолы, аяғы немесе шашы әлі қалыптаспаған болса, түсікке ештеңе жасалмайды және оның анасы нифас халінде деп есептелмейді.

2. Егер қолы, аяғы секілді дене мүшелері пайда болғанымен, толық қалыптасып болмаса, анасы нифас халінде деп есептеледі. Ал түсікті бір матаға орап, көміп тастайды.

3. Егер денесі толық қалыптасқан болып, бірақ ана құрсағынан өлі туылса, жуылады және ат беріледі, бірақ жаназа намазын оқымайды.

4. Егер тірі туылып немесе денесінің көп бөлігі ана құрсағынан шыққанша тірі болса, жуылады, ат беріледі және жаназа намазын оқиды. Сонымен қатар оған қатысты шарифаттың мирас секілді басқа да үкімдері орындалады.

¹ Сахих Муслим, Китәб әл-жәнәиз, 1584.

² Әл-Фикһ әл-ханафи фи сәубиһи әл-жәдид, I том, 340-бет.

Жаназа намазының оқылу реті:

Имам Әбу Ханифа мазһабында кең тарағаны – имам ер мен әйел мәйіттің көкірек тұсында тұруы. Әбу Юсуфтың пікірінше, имам әйел адамның орта тұсында тұрады.

Сүннет бойынша имам саптың алдында тұрады. Бірақ кімде-кім саптан орын таппаса, имамның оң жағы мен сол жағына қатарласып тұруларына болады. Жаназаға жиналған адамдар үш қатар болып сап түзегені абзал.

Жаназа намазы төрт тәкбірден тұрады, оның әрқайсысы бір рақатқа тең, яғни «Аллаһу әкбарды» төрт рет қайталайды. Алғашқы тәкбірді айтқанда қолдарын көтеріп, құлақтарын қағады. Қалған тәкбірлерде қолды қайта көтермейді. Әбу Ханифадан жеткен бір риуаятта және қалған үш мазһабта әрбір тәкбір сайын қолдарын көтереді. Егер имам әр тәкбір сайын қолдарын көтерсе, имамға ілесіп, қол көтерген жақсы¹.

Бірінші тәкбірден кейін: Әғузу, бисмилләһ және сәнә дұғасы оқылады. Сәнә дұғасының орнына «Фатиха» сүресін дұға ниетімен оқуға болады.

Екінші тәкбірден кейін: Пайғамбарымызға (с.а.с.) салауат оқылады, яғни «Аллаһумма салли» және «бәрик» дұғалары оқылады.

Үшінші тәкбірден кейін: мәйітке арналып, төмендегі дұғалардың бірі айтылады.

Бірінші дұға:

«Аллаһуммәғ-фир лихайина уа мәйитина уа шәһидина уа ғайибина уа сағирина уа кәбирина уа зәкәрина уа унсәна. Аллаһуммә мән ахйяйтаһу миннә фа-ахийһи ғаләл-ислами уа мән тауафғәйтәһу миннә фатауаффаһу ғаләл-иман. Аллаһуммә ин кәнә һәзал-мәйитү мухсинан фәзидһу фи ихсаниһи уа ин кәнә мусиан фатажауаз ғанһ(у)»².

Мағынасы: «Уа, Аллаһ! Біздің тірілерімізді және өлілерімізді, барларымызды және жоқтарымызды, еркектерімізді және әйелдерімізді, кішілерімізді және үлкендерімізді жарылқай гөр! Аллаһым! Бізден кейін дүниеге келетін жаңа ұрпақтарға Ислам дінінде өмір сүруді және біздің арамыздан дүниеден озатындарға иманмен қайтуды нәсіп ет! Уа Аллаһ! Егер бұл мәйіт жақсы адам болса, оның жақсылығын арттыр, ал егер жаман адам болса, оған кешірім ет!»

Екінші дұға:

Ауф ибн Мәлик Пайғамбарымыздан (с.а.с.) риуаят еткен хадисте мына дұғаны оқуды өсиет еткені айтылады:

«Аллаһуммәғ-фир ләһу уәр-хамһу уә ғафиһи уәғфу ғанһу уа әкрим нузуләһу уа уәссиг мудхаләһу уа гәссилһу билмә-и уәс-сәлжи уәл-бәради уа наққиһи минәл-хатая кәмә юнаққас-сәбул-әбяду минәд-дәнәси уа әбдилһу дәрән хайран мин дәриһи уа әһлән хайран мин әһлиһи уа зәужан

¹ Әл-Фикһ әл-ханафи фи сәубиһи әл-жәдид, I том, 341-бет.

² Соңғы сөйлемнен басқасын Әбу Дауд, әт-Тирмизи риуаят еткен.

хайран мин зәужихи уа адхилһул-жәннәтә уә аьизһу мин ьазабиль-қабри уа ьазабин-нар!»¹

Мағынасы: «Уа, Аллах! Оны кешіріп, рақым ете гөр. Оның күнәларын кешіріп, жарылқай гөр! Ақ көйлекті кірден тазартқандай, оны да күнәларынан тазарта гөр және оған өз мекенінен де қайырлы мекен, туған-туыстарынан да қайырлы туыстар, отбасынан да қайырлы отбасын, әйелінен жақсы әйел нәсіп ете гөр! Оны тозақ отынан және қабір азабынан сақтап, жаннатқа кіргізе гөр!»

Егер мәйіт ер кісі болса, осы дұға оқылады, ал әйел болса, «Аллаһуммәғ-фир ләһу» деудің орнына «Аллаһуммәғ-фир ләһә» деп айту керек және әйел адамға «зәужан хайран мин зәужихи» деп айтпайды.

Егер жаназа оқушы бұл дұғаны білмесе, білген дұғасын оқуына болады. Төртінші тәкбірден кейін сәлем беріледі. Жаназада салауат оқылмаса намаз бұзылмайды, өйткені салауат жаназаның парызы емес сүннетіне жатады. Ал ниет Әбу Ханифа мазһабында рүкін емес, яғни ішкі парыздарына жатпайды, ол намаздың шарты, яғни сыртқы парызы болып саналады.

Төрт айлық немесе одан үлкен нәрестелердің ата-аналарына Аллаһтан рақым, кешірім және жарылқау тілейді. Өйткені Пайғамбарымыз (с.а.с.): *«Шетінегендерге жаназа намазы оқылып, ата-аналарына Аллаһтан рақым, кешірім және жарылқау тілейді»*, – деген².

«Аллаһуммәж-ьалһу ләнәә фәрәтан уәжғалһу ләнәә әжрән уә зухран уәжғалһу ләнәә шәәфиған уә мушәффәян»³.

Мағынасы: «Уа, Аллах! Бұл сәбиді бізден бұрын жұмаққа кіргіз. Бұл баланы бізге сауап пен Ақырет азығы үшін шапағатшы қылып, шапағатын қабыл ет».

Төртінші тәкбірден кейін: аздаған уақыт үнсіз тұрып, әуелі оң жаққа, содан кейін сол жаққа басын бұрып, «әс-сәләму әләйкум уә рахмәтуллаһ» деп сәлем береді. Сондай-ақ оң жағына ғана сәлем берумен шектелсе де болады. Оң жаққа дауыстап, ал сол жаққа іштей сәлем беріледі.

Адам басқа елде қайтыс болып, сол жақта жерленсе, бірақ жаназасы шығарылмаған болса, оған жаназа намазын оқу – мустахаб. Дінімізде өзін-өзі өлтіргендерге және жол торушы қарақшыларға жаназа намазын оқуға болады. Дегенмен сол елдің әміршісі, имамы немесе дін ғалымдары өзгелерге сабақ, ескерту ретінде ондай адамға жаназа шығармағаны жөн. Бірақ ондай адамдар қарақшылық кезінде, адамдардың малын тонап жатқан кезде қаза тапса, оларға жаназа намазы оқылмайды. Себебі Әли Нихрауан

¹ Сахих Муслим, Бәб әд-дұға ли әл-мәйт, 2276.

² Сунән Әбу Дауд, Бәб әл-мәши әмәмә әл-жаназа, 3180.

³ Егер мәйіт қыз бала болса, (Аллаһуммәж-ьалһу)-дің орнына (Аллаһуммәж-ьалһә) деп айтылады, (уәжғалһу)-дің орнына (уәжғалһә) деп айтылады, (шәәфиған)-нің орнына (шәәфиғатән) деп айтылады, (мушәффәян)-ның орнына (мушәффәятән) деп айтылады.

қақтығысында жамағатқа қарсы шығып қайтыс болғандарға жаназа намазын оқымаған.

Пайғамбарымыздың (с.а.с.) бір амалына сәйкес, мәйітке жаназа намазын мешітте оқуға болады. Бірақ сүннет бойынша жаназа намазына мешіттің сыртында арнайы бір жер белгіленген дұрыс.

Жаназа намазына кім имам болады?

Жаназа намазында әмірші не оның орынбасары имам болады. Олар болмаса, мүфти, мүфти болмаса, қазы, қазы болмаса, жергілікті мешіттің имамы, олар да болмаса, марқұмның бір жақын адамы жаназа намазын оқиды.

Егер қайтыс болған кісі «пәленше мені жусын және жаназамды оқысын» деп өсиет қалдырса, егер ол кісі жоғарыдағы айтылған шарттарға сәйкес келсе, онда өсиет орындалады. Егер шарттарға сәйкес келмесе, онда өсиет есепке алынбайды. Жаназаны қайталап оқу – мәкруһ. Өйткені жаназа бір-ақ рет оқылады. Егер жаназа көпшіліксіз оқылған болса, оны жамағатпен қайта оқу керек.

Жерлеу рәсімдері:

Өлікті көтеру және жерлеу ер кісілер атқаратын амалдарға жатады.

Әбу Сағид әл-Худриден (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Егер жаназа қойылса және оны ер кісілер көтергенде, (мәйіт) салиқалы болса, «алып барыңдар» дейді. Ал салиқалы болмаса, «Ойбай! Оны қайда алып бара жатыр?» дейді. Бұл дауысты адамнан басқа әрбір нәрсе естиді. Егер (адам) оны (мәйіттің дауысын) естісе, есінен танып қалар еді», – деді», – деген¹.*

Әйелдер мәйітті жерлеуге қатыспайды. Әйелдердің жерлеуге қатысуы – мәкруһ тахрими. Себебі Умму Атия (Аллаһ оған разы болсын): *«Бізге (әйелдерге) жаназаға ілесуге (яғни жерлеуге баруға) тыйым салынды. Бірақ (ол тыйым) қатаң түрде емес еді», – деген².*

Мәйітті көп кешіктірместен тездетіп жерлеген жақсы.

Әбу Нурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.): «Жаназаны асықтырыңдар...», – деді», – деген³.*

Мәйітті жерлеуге алып бара жатқан кезде жанында және артында жүру – мустахаб. Себебі Пайғамбар (с.а.с.) хадистерінде *«жаназаға ілескендер»* деп атаған.

Әбу Нурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.): «Кімде-кім жаназа намазын оқыса, оған бір қират. Кімде-кім оны қабіріне қойғанша ілессе, оған екі қират», – деді», – деген. Әбу Хәзим: «Уа, Әбу Нурайра!*

¹ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-жәнәиз, 1230.

² Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-жәнәиз, 1199.

³ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-жәнәиз, 1231.

«Қират» деген не?» – дедім. Ол (Әбу Һурайра): «Ухуд (тауы) секілді (яғни оның сауабы Ухуд тауындай)», – деді», – деген¹.

Қабірдің тереңдігін адамның бойындай не көкірегінен жоғары болатындай етіп терең қазған жақсы. Ал ұзындығын адамның бойымен бірдей, ал енін ұзындығының жартысындай өлшемде жасаған дұрыс.

Қабірдің ішінен лақат қазу (үңгіп қазу) жақсы. Ал егер жер құмдауытты болып, қабірдің жанынан лақат жасай алмайтындай болса, қабірдің түбінен тік қылып мәйітті көметін жер қазуға болады. Оны «шақ» (жарма, жарып қазу) деп атайды.

Ибн Аббас (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): «*Пайғамбар (с.а.с.): «Лақат бізге, шақ (жарма) бізден басқаларға», – деді», – деген².*

¹ Сахих Муслим, Китәб әл-жәнәиз, 1572.

² Сунән әт-Тирмизи, Китәб әл-жәнәиз, 966.

ЗЕКЕТ КІТАБЫ

Ислам дінінің бес тірегінің бірі – зекет. Зекет араб тілінен аударғанда «өсу», «көбею», «тазалану» және «мақтау» деген мағыналарды береді¹.

Ислам шариғатында зекет – жыл сайын байлығы нисапқа жеткен байлардың кедейлерге беретін байлығының бір мөлшері.

Ал фикһ ғылымында зекет – Аллаһ разылығы үшін белгілі байлықтың белгілі мөлшерін арнайы адамдарға иелендіру².

Бұл анықтаманы кеңірек талдасак:

Аллаһ разылығы үшін. Ғибадаттың кез келген түрі секілді зекетті де тек Аллаһтың әмірі екендігін терең ұғынып, өзіне жүктелген міндетті орындау ниетімен шығару керек. Зекетті берген кезде ниет ету – шарт. Ниетсіз шығарылған садақа зекеттің орнына жүрмейді. Себебі зекет басқа нәпіл садақалардан ниет арқылы ерекшеленеді. Зекетті атақ құмарлық немесе жұртшылыққа мақтану ниетімен беруден сақ болу қажет. Өйткені Аллаһ тағала біздің шынайы жасаған құлшылықтарымызды ғана қабыл етеді, сондықтан әрбір мұсылман баласы мұны әрдайым жадынан шығармауы тиіс. Байлығы нисапқа жеткен мұсылман өзіне осындай мөлшерде ризық, байлық нәсіп еткен Аллаһқа шүкіршілік етіп әрі сауаптан үміт етіп, шынайы түрде зекетін бергені жөн.

Белгілі байлық. Шариғат адамның қолындағы байлығының барлығынан зекет шығаруды парыз етпеген. Ол адам тек шариғат талап еткен байлық түрінен ғана зекет шығарады. Зекеті шығарылатын дүние-мүліктің мөлшеріне және оған қойылатын шарттарға алдағы тақырыптарда кеңінен тоқталамыз.

Белгілі мөлшер. Шариғат зекеті берілетін байлықтың түріне қарай, оның белгілі бір мөлшерін зекет ретінде шығаруды міндетті адамдарға парыз еткен. Осыған байланысты байлықты зекеті берілетін мөлшеріне қарай екіге бөлуге болады.

1. Байлықтың өзінен және оның пайдасынан алынатын зекет. Яғни зекет негізгі капитал мен сол капиталдан түскен өнімнен жылына бір рет алынады. Оған мал, ақша және сауда-саттық заттары жатады. Зекеттің малдан алынатын белгілі мөлшері оның түріне байланысты. Ал сауда-саттық тауарларының белгілі бір мөлшері екі жарым пайызды құрайды.

2. Өнім бергенде байлықтың өзінен емес, тек сол өнімнен ғана зекет алынатын байлық. Бұл байлықтың зекетін шығару үшін бір жылдың толуы шарт емес. Оған егін және жеміс-жидектер жатады. Оның белгілі мөлшері оннан бірі (ұшыр) немесе жиырмадан бірі³. Байлықтың белгілі мөлшері туралы алда арнайы тақырыптарда айтылады.

¹ Лисән әл-араб, VI том, 64-65 беттер.

² Әл-Муфассал фи әл-фикһ әл-ханафи, 301-бет.

³ Фикһ әз-зәкәт, I том, 498-бет.

Арнайы адамдар – «Тәубе» сүресінің 60-аятында аты аталған зекет алуға құқылы адамдар тобы.

Иелендіру (тәмлик) – яғни зекет ретінде шығарылған байлықты толығымен сол адамның иелігіне, жеке басының меншігіне өткізу.

Зекеттің үкімі

Зекет – өзінің қажетінен артық байлығы нисапқа жеткен, жасы балиғатқа толған, ақыл-есі дұрыс әрбір мұсылман үшін парыз.

Зекеттің парыз екендігіне келтірілетін дәлелдер өте көп. Аллаһ тағала Құранның отыз екі жерінде зекетті намазбен қатар атаған. Сол аяттардың бірінде Аллаһ тағала: **«Намаз оқындар және зекет беріндер»¹**, – деп, намаз оқумен қатар зекет беруді де әмір еткен.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с.) мындаған хадистерінде зекеттің парыз екендігін, оның абзалдығын, зекет беруден бас тартқан адамның Ақыретте тартатын жазасын және керісінше, зекет берген адамның алатын сауабын да баяндаған.

Ол төмендегі мынандай хадистерден көрініс табады:

Ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Ислам бес (тірекке) құрылған: Аллаһтан басқа құдай жоқ және Мұхаммед Аллаһтың елшісі екендігіне куәлік беру, намаз оқу, зекет беру, қажылық (жасау) және рамазан (айында) ораза ұстау», – деді», – деген².*

Әбу Умәме (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қоштасу қажылығында құтпа оқып тұрып: «Раббыларың Аллаһтан қорқындар, бес (уақыт парыз) намаздарыңды орындаңдар, (рамазан) айларыңда ораза тұтыңдар, байлықтарыңның зекетін беріндер, басшыларыңа бағыныңдар (сонда) Раббыларыңның жаннатына кіресіңдер», – дегенін естідім», – деп айтқан³.*

Имам Ахмадтың риуаятында *«Раббыларың Аллаһқа құлшылық етіңдер...»*, – деп келген.

Зекет Ислам дінінің негізгі тіректерінің бірі болғандықтан, күллі дін ғалымдары оны бір ауыздан парыз деп қабылдаған. Олар зекет Ислам дінінде намаз секілді әрбір мұсылман білуге тиіс ғибадат екендігін, оны білмедім деген сылтаудың қабыл етілмейтіндігін және оны білмеу адамды жауапкершіліктен құтқармайтындығын ескерткен.

Зекеттің парыз екендігін мойындаған және байлығы нисапқа жетіп тұрса да, оны беруден бас тартқан немесе бермеудің жолын іздеген адам үлкен күнә жасаған болып табылады, бірақ діннен шықпайды. Ал парыз екендігін мойындамаған адам діннен шығады. Себебі ол Құранда және Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) хадистерінде сөз етілген байлықтың зекетін шығару

¹ «Бақара» сүресі, 43-аят.

² Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-иман, 7. Сахих Муслим, Китәб әл-иман, 21.

³ Сунән әт-Тирмизи, Китәб әл-жумға, 599, сахих хадис.

керек деген бұйрықты мойындамай отыр. Ал шарифат заңы бойынша, Құран мен хадисте келген бұйрықты мойындамаған адам мұсылман емес.

Зекеттің шарифаттағы орны және оны орындаудан бас тартқан жандардың Қияметтегі жазасы

Зекет һижраның 2-жылы оразадан бұрын парыз болған. Аллаһ тағала Құран Кәрімнің отыз екі жерінде намаз бен зекетті бірге атағандығын жоғарыда айттық. Бұл зекеттің Ислам шарифатындағы маңызды ғибадат екендігін көрсетеді.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) дүниеден озғаннан кейін, Ислам дінін жаңадан қабылдаған кейбір тайпалар зекет беруден бас тарта бастады. Сонда Әбу Бәкір (Аллаһ оған разы болсын) олармен соғысу керектігін жариялаған кезде, оған Омар (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһтың жалғыз екендігіне және Мұхаммедтің Оның елшісі екендігіне куәлік берген адаммен қалай соғысасың?!»* – дейді, сонда Әбу Бәкір: *«Аллаһпен ант етемін! Намаз бен зекетті бөлген адаммен міндетті түрде соғысамын. Аллаһпен қасам ішем! Аллаһ елшісіне (с.а.с.) беріп жүрген лақтарын беруден бас тартқандары үшін олармен соғысамын»*, – деп жауап береді. Сонда Омар (Аллаһ оған разы болсын) өзінің қателігін түсініп, Әбу Бәкірдің пікірімен келісіп, зекет бермегендермен соғысуға шығады. Бұл оқиғаны әл-Бұхари, Муслим және басқа да мухаддистер риуаят еткен.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Кімде-кімге Аллаһ байлық берсе және ол сол (байлықтың) зекетін бермесе, Қиямет күні (байлығы) көздерінде екі қара дағы бар улы жылан кейпінде келеді. Сосын оны орап алып, ұртына, яғни жақтарына жабысып: «Мен – сенің байлығыңмын, мен – сенің қазынаңмын», – дейді. Сосын (Пайғамбар (с.а.с.)): «Сараңдық еткендер есептемесін...»¹ деген аятты оқыды», – деген².*

Аллаһ тағала: *«Алтын мен күмісті қазына етіп және оны Аллаһ жолында жұмсамағандарды қатты азаппен сүйіншіле. (Қиямет) күні жаһаннамның отында қыздырылып, онымен олардың маңдайлары, қабырғалары және арқалары таңбаланып: Мынау өздерің үшін қазына еткендерің. Ал енді қазына еткендеріңнің дәмін татындар (делінеді)»³*, – деген.

Ғұламалар «осы аяттағы «қазына» деген сөздің мағынасы – зекеті шығарылмаған байлық, ал зекеті шығарылған байлықтың мөлшері қанша көп болса да, азапқа лайық болатын байлыққа жатпайды» деген.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Кез келген алтынның не күмістің иесі оның ақысын (zeketін) бермесе,*

¹ «Әлі Имран» сүресі, 180-аят.

² Сахих әл-Бұхари, Китәб әз-зәкәт, 1315.

³ «Тәубе» сүресі, 34-35 аяттар.

Қиямет күні оған оттан жалпақ кесектер жасалып, жаһаннамның отына қыздырылады. Сонымен оның бүйірі, маңдайы және арқасы үтіктеледі. Ол (кесектер) салқындаған сайын пенделердің арасындағы төрелік бітіп, жолының жаннатқа не тозаққа баратынын көргенге дейін ұзақтығы (бұл дүниедегі уақытпен салыстырғанда) елу мың жылға жететін Күнде қайталанады», – деді», – деген¹.

Зекеттің кейбір пайдасы

1. Аллаһ тағала пендеге парыз амалдарды орындағаны үшін мол сауап жазады, ал оны орындамағаны үшін жазалайды. Аллаһ пендесіне берген байлықтың бір бөлігін нисапқа толғаннан кейін жылына бір рет зекет ретінде үлестіруді парыз еткен. Кімде-кім осы міндетті мүлт жібермей орындаса, Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) айтқанындай, оның бұл ісі тозақтың отынан құтылуға және жаннатқа кіруіне себепші болады.

2. Зекет жүректі сараңдықтан, байлықты харамнан тазалайды. Зекет пен садақа беруді әдетке айналдырған адамдардың жүрегінде бұл дүниенің арзымас байлығына деген дүниеқорлық болмайды. Сонымен қатар зекет сауда-саттық жасағанда және басқа да жолмен ақша тапқан кезде жіберілген қателіктерді жуады.

3. Зекет бай мен кедей арасында болатын менсінбеу, жек көру, көре алмау, қызғану және тағы басқа жаман әдеттердің алдын алады. Соның арқасында қоғамда бейбітшілік, өзара татулық пен түсіністік орнайды.

Зекет кімдерге парыз?

Зекет – өзінің негізгі күнделікті тұрмыстық қажеттілігінен артық, нисапқа толған байлығы бар және қарызы жоқ, балиғат жасына толған, ақыл-есі бүтін әрбір мұсылман үшін парыз.

Яғни зекет парыз болу үшін адамның бойында мына шарттардың бәрі болуы тиіс:

1. Ислам. Зекет – тек қана мұсылманға парыз. Себебі зекет – Аллаһ разылығы үшін өтелетін ғибадат. Ханафи мен ханбали мазһабтарында кәпірге зекет беру парыз емес. Ол өзінің күпірлігін тастап, тәубесіне келгенге дейін Аллаһқа ғибадат етуге лайықты емес және оның берген зекеті қабылданбайды. Ал мәлики мен шафиғи мазһабтарында Ислам – зекеттің дұрыс болуының ғана шарты. Сондықтан кәпірге зекет беру парыз болғанымен, оның берген зекеті дұрыс емес. Яғни ханафи мен ханбали мазһабтарында Ислам ғибадаттың дұрыс және парыз болу шарты болса, мәлики мен шафиғи мазһабтарында Ислам – ғибадаттың тек дұрыс болу шарты².

¹ Сахих Муслим, Китэб эз-зекэт, 1647.

² Китэб эл-фиқһ алэ эл-мазаһиб эл-арбаға, 333-бет.

2. Балиғатқа толуы¹. Ханафи мазһабында балиғат жасына толмаған сәбидің және ақыл-есі кем адамның байлығы нисапқа толғанымен, зекетін бермейді. Себебі зекет – намаз тәрізді ғибадат, оған намазды орындау міндет болмағаны секілді байлығының зекетін беру де міндет емес. Қалған үш мазһабта зекет адамға қатысты емес, ол байлыққа қатысты деп түсіндіреді. Сондықтан байлық иесінің балиғатқа толмағанына және ақыл-есінің дұрыс еместігіне қарамастан оның байлығынан зекет шығарылуы керек. Яғни зекет шығару сәбиге парыз болмағанымен, оның байлығынан зекет шығару – парыз. Бұл істі сәбидің уәлиі (қамқоршысы немесе жауапты туысы) атқарады.

Сәби балиғатқа толған күннен бастап, оның байлығы есепке алынып, бір жыл өткеннен кейін зекетін шығару керек.

3. Ақыл-есінің бүтін болуы. Шарифатта ақыл-естен айырылу: бір-жола және уақытша деп екіге бөлінеді. Ақыл есінен біржола адасқан адамның байлығынан зекет шығарылу парыз емес. Ал уақытша анда-санда ғана ауруы ұстайтын адамға байлығының зекетін шығару парыз. Егер ондай адамның ауруы бір жылдан ұзақ уақытқа созылса, зекеттің парыздығы мойнынан түседі².

4. Өзінің негізгі қажеттілігінен артық байлығының болуы. Адамның негізгі қажеттілігіне баспанасы, үй жиһаздары, көлігі, киім-кешегі және басқа да өзіне пайдалану мақсатында алған мүліктері жатады.

Зекеті шығарылатын байлыққа қойылатын шарттар

1. Зекеті шығарылатын байлықтың түрінен болуы. Олар:

- алтын, күміс, ақша және басқа да құнды қағаздар, сауда тауарлары;
- түйе, сиыр, қой-ешкі;
- егін;
- қазба байлықтар.

2. Байлықтың нисапқа толуы. Нисаб – байлықтың зекетін шығару үшін қажетті ең аз мөлшері. Яғни шарифат бекіткен байлықтың зекет беруге жеткен ең аз мөлшері. Ол байлықтың түріне қарай әртүрлі болады.

3. Адамның байлығы негізгі қажеттілігінен артық болуы. Жоғарыда айтып өткеніміздей, адамның негізгі қажеттілігі деп оның күнделікті тіршілігіне жұмсайтын ақшасын, киім-кешегін, көлігін, баспанасын, үй жиһаздарын атайды.

¹ Балиғатқа толу. Ер бала ихтиләм арқылы, қыз бала хайыз қанын көрумен балиғатқа толған деп есептеледі. Егер ихтиләм болмаса және етеккір келмесе, ер балаға да, қыз балаға да һижра жыл санауы бойынша он беске толғанда балиғатқа жетті деп, оған намаз оқу секілді барлық құлшылықтарды орындау парыз болады (әл-Муфассал фи әл-фиqh әл-ханафи, 107-бет).

² Әл-Муфассал фи әл-фиqh әл-ханафи, 307-308 беттер.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): «*Пайғамбар (с.а.с.): «Мұсылманға (мініп жүрген) аты және қызметкері үшін зекет беру парыз емес», – деді», – деген¹. Яғни бұлар оның негізгі қажеттілігіне жатады.*

4. Зекеті шығарылатын байлық зекет шығарушының толық иелігінде болуы – шарт. Осыған байланысты мынадай үкімдер шығады:

– өзіне берілген немесе берілетін, бірақ толық иелігіне өтпеген байлыққа зекет шығарылмайды. Мысалы, бір адам қайтыс болған бір туысының артында қалған мұрасынан өз үлесін алғанға дейін ол үлестен зекет шығарылмайды;

– кепілдікке қойылған бағалы заттың зекетін шығару кепілдікке берушіге де, алушыға да парыз емес. Себебі кепілдікке беруші оны қалағанынша жұмсай алмайды, яғни толық иесі емес. Кепілдікке алушы да оның негізгі иесі болып табылмайды.

5. Ай күнтізбесі бойынша нисапқа толған байлық адамның иелігінде бір жыл тұруы керек. Мысалы, бір адамның осы жылғы рамазан айында нисапқа толған байлығы болды делік. Оның келесі жылғы ораза айында нисапқа толатын не ол мөлшерден асып кететін байлығы болса, ол адам міндетті түрде зекет шығарады.

Абдуллаһ ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): «*Жыл толмайынша байлықтың зекетін шығару парыз емес», – дейтін².*

Ханафи мазһабында зекеттің уақытын есептеген кезде оның парыз болған алғашқы уақыты мен ең соңғы, яғни парыз болғаннан бір жыл өткеннен кейінгі күнді есепке алады. Осы екі аралықта ол байлық нисаптан азайып, жыл соңында қайтадан нисаптан асып кетсе, оның зекеті шығарылады. Мысалы, бір мұсылман өткен жылғы рамазан айында нисапқа жететін байлыққа ие болды делік. Одан кейін келер жылдың мухаррам айында оның байлығы бір себептермен нисаптан азайып қалды. Бірақ осы жылдың ораза айына дейін оның байлығы қайтадан нисапқа толған болса, ол байлықтың зекеті шығарылады.

Имам ән-Нәуәуи: «Біздің (яғни шафиғи) мазһабта, Мәлик, Ахмад және көпшіліктің мазһабында зекеті шығарылатын байлықтың жыл бойы нисапқа толып тұруы – шарт. Егер жылдың бір мезетінде байлық нисаптан азайып қалып, одан кейін қайта нисапқа толса, зекет шығаратын уақытты қайтадан есептейді. Ал Әбу Ханифа: «Нисаптың жылдың басындағы мен соңындағы мөлшері есептеледі. Осы екі аралықтағы байлықтың нисаптан азайып қалуы зекет шығаруға еш әсер етпейді», – деген», – деп айтқан³.

Ал жер өнімдерінен зекет шығарған кезде оған бір жыл толуы шарт емес. Қай уақытта өнім жинап алынса, сол уақытта зекеті шығарылады.

¹ Сахих әл-Бұхари, Китәб әз-зәкәт, 1370.

² Муатта, Китәб әз-зәкәт, 517.

³ Әл-Мажмұғ, VI том, 19-бет және Фихһ әс-сунна, I том, 468-бет.

Зекеті берілмейтін байлық түрлері

1. Маржан, алмаз және басқа да асыл тастардың, алтын мен күмістен басқа түрлі-түсті және қара металдардың зекеті шығарылмайды. Бірақ аталған заттар сауда тауары ретінде пайдаланылса, олар тауар ретінде есептеліп, зекеті шығарылады.

Әли (Аллаһ оған разы болсын): «*Асыл таста зекет жоқ*», – деген¹.

2. Адам өзінің тұратын баспанасы үшін зекет шығармайды. Тіпті оның бірнеше өте қымбат баспанасы болса да, олардың зекетін шығару парыз емес. Сол сияқты қолдану үшін алған барлық заттардың (теледидар, жиһаз және т.б.) да зекетін шығармайды. Себебі ол заттар пайдалану мақсатында алынып отыр. Егер аталған заттар сату мақсатында алынған болса, онда олардың сауда заты ретінде зекеті беріледі. Сондай-ақ мінетін көлік үшін де зекет шығарылмайды.

3. Жоғалып кеткен мал-мүлік үшін зекет берілмейді.

4. Егер қарыз алған адам қарызын мойындамай жатса және қарыз берушінің қолында оның қарызға ақша бергендігін растайтын айғақ болмаса, қарыз беруші қарызға берген ақшасы үшін зекет шығармайды.

5. Жоғарыда айтылғандай кепілдікке алынған және қойылған заттың да зекеті берілмейді.

6. Пайдалану, өзінің қажеті үшін жұмсау ниетімен сатып алған заттар үшін зекет берілмейді. Тек шарифат зекетін беруді талап ететін алтын, күміс секілді байлық түрлеріне олардың қандай мақсатта сатып алынғандығына қарамастан зекет шығарылады.

7. Егер бір затты алдымен пайдалану ниетімен сатып алып, кейіннен оны сатуға ниеттенсе, ол затты сатпайынша оның зекеті берілмейді.

Зекетін беруге міндетті байлық түрлері және олардың нисабы

1. Алтын, күміс, ақша және басқа да құнды қағаздар.

Алтынның нисабы – жиырма мысқал. Бір мысқал шамамен бес грамды құрайды. Күмістің нисабы – 580 грамм. Ғалымдар «алтын динар мен күміс дирхамның қазіргі салмақ өлшемі граммен есептегенде қанша болады?» деген сұраққа қатысты әртүрлі пікірлер ұстанған². «Алтын динардың салмағы 85, 87 және 100 грамм, күміс дирхамның салмағы 580, 590, 595 және 700 грамға тең» деген де пікірлер бар. Доктор Юсуф әл-Қардауи осы мәселені терең зерттеп, нәтижесінде, алтынның салмағы – 85 грамм, күмістің салмағы 595 грамм деген пікірді қолдаған³. Егер біреуде 85 грамм

¹ Әл-Бәйһақи, әс-Сунән әл-Кубра, IV том, 146-бет.

² Пайғамбарымыз (с.а.с.) заманында алтын ақшаны «динар», күміс ақшаны «дирхам» деп атаған.

³ Юсуф әл-Қардауи, Фихһ әз-зәкәт. 2003, I том, 283-бет.

алтын немесе 580 грамм күміс болса, ол оның 2,5 пайызын зекет ретінде шығарады.

Аллаһ елшісі (с.а.с.): *«Егер сенде екі жүз дирхам болса және оған бір жыл толса, онда (zeket ретінде) бес дирхам (беру парыз болды). (Алтында) жиырма динар болғанда және оған бір жыл толғанда саған (ол үшін) еш нәрсе беру міндет емес. Егер оған жыл толса, жарты динар беру (парыз)»*, – деген¹.

Әйелдің алтын не күмістен жасалған білезік, сырға секілді әшекейлерінен де зекет беріледі.

Айша (Аллаһ оған разы болсын): *«(Бірде) Аллаһ елшісі (с.а.с.) маған кірген кезде менің қолымдағы үлкен күміс жүзікті көрді де: «Ей, Айша! Мынау не?» – деді. Мен: «Уа, Аллаһтың елшісі! Оны саған сәндену үшін жасадым», – дедім. Ол (с.а.с.): «Оның зекетін бересің бе?» – деді. Мен: «Жоқ немесе Аллаһ қалағанда», – деп жауап бердім. Ол (с.а.с.): «Ол – сенің тозақтан үлесің», – деп жауап берді», – деген².*

Шафиғи мазһабында әйелдің әшекейлік бұйымдарының зекеті берілмейді. Себебі ол әшекейлер әйелдің киімі секілді күнделікті тұтынатын заты ретінде қарастырылады. Ал егер зекет беруден жалтарып, байлығын әшекей түрінде сақтаса, ондай әшекейдің зекеті берілуі керек. Қазіргі замандағы ғалымдар «сақтық ретінде сырға, алқа секілді әйелдердің әшекей заттарынан зекет берген абзал» дейді.

Әбу Ханифаның пікірінше, нисапқа толмаған алтын мен күмісті бір-біріне құнын қосып есептейді. Ал Әбу Юсуф пен Мұхаммедтің пікірінше, әрқайсысын жеке-жеке есептейді. Мысалы, бір адамның 50 грамм алтыны және 35 грамм алтынның құнымен тең, бірақ күмістің нисабына жетпейтін күмісі болса, ол адам, Әбу Ханифаның пікірінше, зекет береді, ал екі шәкіртінің пікірінше, зекет бермейді³. Бұл жерде Әбу Ханифаның дәлелі басымырақ. Себебі Аллаһ елшісі (с.а.с.) Амр ибн Хазмға жазған нұсқау хатында: *«Егер алтынның құны екі жүз дирхамға⁴ жетсе, әрбір қырық дирхамда бір дирхам⁵»*, – деп айтқан⁶. Хаким: *«Бұл – Мұслимнің шартына сай сахих хадис»*, – деген. Яғни Аллаһ елшісі (с.а.с.) алтынның салмағын емес, құнын есептеген. Бұл – алтынның өз салмағы нисапқа (85 грамм) толмаса, бірақ оның құны 580 грамм күмістің құнына тең келсе, оның зекеті шығарылады деген сөз. Сондықтан алтын мен күміс және басқа да құнды қағаздар бір-біріне қосып есептеледі.

Ханафи мазһабында басқа металдармен араласқан қоспа алтынның зекетін шығарған кезде алдымен оның сол қоспадағы таза салмағына

¹ Сунән Әбу Дауд, Китәб әз-зәкәт, 1342.

² Сунән Әбу Дауд, Китәб әз-зәкәт, 1338, сахих хадис.

³ Әл-Фикһ әл-ханафи уа әдилләтуһ, I том, 330-332 беттер.

⁴ Яғни екі жүз дирхам күміске жетсе.

⁵ Яғни әрбір қырық дирхамның бірін зекет ретінде шығарады.

⁶ Әл-Мустадрәк, III том, 476-бет.

қарайды. Егер қоспадағы таза алтынның салмағы 85 грамға жетсе, оның зекеті міндетті түрде шығарылуы керек. Ал егер алтынның таза салмағы нисапқа толмаса, онда оның қоспадағы жалпы үлесі назарға алынады. Егер алтын қоспаның жартысына тең не одан көп болса, барлық қоспа үшін зекет шығарылады. Ал шафиғи мен ханбали мазһабтарында қоспадағы таза алтынның салмағы нисапқа толғанға дейін оның зекетін беру парыз емес.

Қазіргі заманның сауда-саттық айналымында алтын мен күмістің орнына қағаз ақша жүреді. Сондықтан кімде-кім алтынның немесе күмістің нисабына жететін қажетінен артық ақшасы болса, ол оның 2,5 пайызын зекет ретінде шығарады. Кейбір ғалымдар алтынның құны жоғары әрі күміске қарағанда тұрақты екенін есепке алып, ақшаның нисабын алтынмен есептегенді дұрыс деп санайды. Ал кейбір ғалымдардың пікірінше, күміспен есептеген дұрыс, себебі алтынның құны қымбат болғандықтан, зекет шығаратын адамдардың саны аз болады да, бұл өз кезегінде кедейлерге толық көмектесуге кедергі жасайды. Үшінші бір ғалымдар, жалпы, қағаз ақшаның нисабын алтынмен немесе күміспен шектеместен зекет шығаратын уақытта мұқтаж жандарға ол екеуінің қайсысымен есептеген тиімдірек болса, сонымен есептеген жақсы деген көзқарасты ұстанады.

2. Сауда тауарлары.

Сауда тауарларына сатуға арналған барлық заттар, жылжымайтын мүлік, төрт түлік мал жатады.

Сәмура ибн Жундуб (Аллаһ оған разы болсын): *«Сосын Аллаһ елшісі (с.а.с.) бізге сатуға арналған заттан садақа¹ шығаруды бұйыратын»,* – деген².

Егер бұл заттардың барлығы сату емес, пайдалану мақсатында сатып алынған болса, оның зекеті берілмейді.

Ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Саудаға арналғаннан басқа затта зекет жоқ»,* – деген³.

Саудагер сауда тауарларының зекетін шығарған кезде олардың барлығының зекет парыз болған күнгі жалпы құнын есептеп, оған сол уақытқа дейін тапқан таза пайдасын қосады. Яғни жалпы капиталын (қаржы қорын) және сол капиталдың үстінен көрген пайдасын қоса есептейді.

3. Мал.

Шариғатта зекеті бекітілген малға: түйе, сиыр, қой-ешкі жатады. Шариғатта зекетін шығару үшін малды «сә-имә» және «ғалуф» деп екіге бөледі.

¹ Құранда және Пайғамбардың (с.а.с.) хадистерінде зекетті садақа деп те атайды.

² Сунән Әбу Дауд, Китәб әз-зәкәт, 1335. Бұл хадисті әл-Бәйһақи де риуаят еткен.

³ Әл-Бәйһақи, әс-Сунән әл-кубра, IV том, 147-бет. Бұл хадисті Ибн Әбу Шәйбә да риуаят еткен.

Сә-имә – жылдың көп мезгілінде қорегін еркін жайылымда жүріп өз тұяғымен тауып жейтін мал. Яғни өріске шығып, уақыттың көп мезгілінде жайылымда жүретін мал.

Ғалуф – жылдың көп мезгілінде қолдан қоректендірілетін мал. Яғни малдың иесі жылдың көп бөлігінде малды қорада ұстап, оған арнайы шөп егіп немесе сатып алып, өсіретін мал.

Егер ғалуф, яғни қолда ұсталатын мал өсіру, көбейту, бордақылау мақсатында болса, оның зекеті берілмейді. Мұнда мал санының нисапқа толған-толмағандығына мән берілмейді. Ал егер мал сату мақсатында өсірілсе, сауда заты ретінде олардың зекеті шығарылады.

Жайылым (сә-имә) малынан зекет шығару үшін мына шарттардың орындалуы қажет:

1. Жылдың жартысынан көп бөлігінде еркін жайылымда болып, қорегін өзі тауып жейтін болса.

2. Көбейту, пайда көру мақсатында бағу. Егер мініс немесе сүтін ішу, етін жеу мақсатында, яғни жеке қажеттілігі үшін бағатын болса, одан зекет шығармайды.

3. Мал санының нисапқа толуы. Әр малдың нисабы әртүрлі, ол туралы алдыңғы тақырыптарда сөз қозғалады.

4. Мал зекет шығарушының иелігінде болғанына бір жыл толу. Малдың саны нисапқа толғанда, оның алғашқы уақыты мен соңғы уақытына қарайды. Жыл ортасындағы мал санының нисаптан кемігендігі есепке алынбайды. Мысалы, былтырғы жылдың ораза айында бір адамда қырық қой болды делік. Сол уақыттан бастап оның қойынан зекет шығару үшін есепті бастайды. Биылғы жылдың ражаб (ережеп) айында оның қойының саны отыз беске кеміп қалды да, рамазан айында қайтадан қырыққа толды. Яғни былтырғы ораза мен биылғы оразаға қарағанда оның малы нисап көлемінен кеміген жоқ деп есептеледі де, оған бір қойды зекет ретінде шығару міндеттеледі.

Ал басқа үш мазһабта малдың саны нисаптан жыл бойы кемімеуі керек. Ол туралы имам ән-Нәуәидің пікірі жоғарыда айтылды.

5. Малдың барлығының үлкен болуы шарт емес. Тіпті жас малдың арасында бір үлкен мал болса және олардың саны нисапқа жетіп тұрса, зекеті беріледі.

Имам Әбу Ханифа мен имам Мұхаммедтің пікірінше, тек қана жас мал ғана болса, олардың зекеті берілмейді. Олар мына хадиске сүйенген:

Сууайд ибн Ғафалә: «Бізге Пайғамбардың (с.а.с.) зекет жинаушысы келді. Мен оның алдына отырдым. Сонда оның: «*Менің келісімімде сүт емгенді алмауымыз бар*», – дегенін естідім», – деген¹.

Имам Шафиғи және Әбу Юсуф «қырық қозыға – бір қозы, отыз бұзауға – бір бұзау. Тек ботада жиырма беске жеткенше зекет жоқ» деген. Яғни оның

¹ Сунән ән-Нәсәи, Китәб әз-зәкәт, 2414.

пікірінше, малдың жасына қарамай, саны нисапқа толса, одан зекет беріледі¹.

Аллаһ елшісінен (с.а.с.) малдың зекетіне қатысты жеткен хадистер:

Әнәстен (Аллаһ оған разы болсын). Әбу Бәкір (Аллаһ оған разы болсын) оны (zeket жинау үшін) Бахрейнге жібергенде: *«Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен! Бұл – Аллаһ елшісі (с.а.с.) мұсылмандарға міндеттеген және Аллаһ Өз елшісіне бұйырған парыз садақа. Ол мұсылмандардың қай-қайсысынан болсын тиісті мөлшерде талап етілсе, оны берсін, ал кімнен одан артығы талап етілсе, бермесін.*

Жиырма төрт және одан кем түйеден (zeket) қоймен (алынады), әрбір бес (түйеден) – бір қой. Егер (түйелер) жиырма бестен отыз беске дейін жетсе, онда бір жасар ұрғашы бота. Егер отыз алтыдан қырық беске дейін жетсе, онда екі жасар ұрғашы түйе. Егер қырық алтыдан алпысқа дейін жетсе, онда үш жасар қашар түйе. Егер алпыс бірден жетпіс беске дейін жетсе, онда төрт жасар түйе. Егер жетпіс алтыдан тоқсанға дейін жетсе, онда екі жасар екі ұрғашы түйе. Егер тоқсан бірден жүз жиырмаға дейін жетсе, онда екі жасар қашар түйе. Ал егер жүз жиырмадан асса, онда (жүз жиырмадан кейінгі) әрбір қырық (түйеден) екі жасар түйе, ал (жүз жиырмадан кейінгі) әрбір елу (түйеден) үш жасар түйе. Төртеуден басқа түйесі болмаған (кісі), өзі қаламаса, zeket бермейді, ал бес түйеге жетсе, онда бір қой.

Қойлардың zeketіне қатысты, олардың өріске шығатындары² қырықтан жүз жиырмаға дейін болса, бір қой (алынады). Жүз жиырмадан екі жүзге дейін көбейсе, екі қой, екі жүзден үш жүзге дейін көбейсе, үш қой, ал үш жүзден асса, әр жүз қойдан – бір қой. Егер кісінің өріске шығатын қойы қырық қойдан біреу кем болса да, өзі қаламаса, zeket бермейді. Күмістен қырықтан бір бөлігі (алынады). Егер ол жүз тоқсан (дирһамнан) аспаса, иесі қаламаса, онда zeket алынбайды», – деп хат жазған³.

Абдуллаһ ибн Масғудтан (Аллаһ оған разы болсын). Пайғамбар (с.а.с.): **«Отыз сиырдан бір тана немесе тайынша, әрбір қырық (сиырдан) екі жастан асқан бір сиыр (zeket ретінде беріледі)», – деген⁴.**

Ұсақ малдың, яғни қой мен ешкінің zeketі

Араб тілінде ұсақ малды «ғанам» деп атайды. Қазақ тілінде қой мен ешкіні «уақ» немесе «ұсақ мал» деп атайды¹. Осы деректің негізінде ғанамды уақ немесе ұсақ мал деп аударуға болады.

¹ Әл-Фикһ әл-ханафи уа әдилләтуһ, I том, 328-329 беттер. Фикһ әс-сунна, I том, 504-505 беттер.

² Өріске шығатын мал (сә-имә) – жылдың жартысынан көбінде корегін өз тұяғымен тауып жейтін мал.

³ Сахих әл-Бұхари, Китәб зәкәт әл-ғанам, 1362.

⁴ Сунән әт-Тирмизи, Китәб әз-зәкәт, 565.

Ұсақ малдың нисабы – қырық. Егер ұсақ малдың саны қырықтан аз болса, оның зекетін шығару парыз емес. Егер ұсақ малдың барлығы қой болса, зекет ретінде ешкіні, ал ешкі болса, қойды зекет ретінде бермейді. Ал екеуі тең болса, қалағанынан береді. Ханафи мазһабында зекет ретінде ұрғашы мал секілді еркек ұсақ малды да шығаруға болады. Шафиғи мазһабында егер оның қойларының барлығы еркек болса ғана еркек малды зекет ретінде шығаруға болады. Ал егер оның қойлары аралас болса, міндетті түрде ұрғашыны зекет ретінде шығарады.

Ұсақ малдың зекеті	
Нисаб мөлшері	Парыз болған мөлшері
40-120 қой	1 қой
121-200 қой	2 қой
201-399 қой	3 қой
400-499 қой	4 қой

Одан әрі қарай ұсақ малдың саны 500-ге жеткеннен кейін әрбір жүз қой үшін бір қой қосылып отырады². Сонда 500 қойдан 599 қойға дейін бес қой, 600 қойдан 699 қойға дейін алты қой шығарылады.

Сиырдың зекеті

Сиырдың шарифат бекіткен нисабы – отыз бас. Одан азының зекетін шығару парыз емес. Жоғарыда сиырдың зекетіне қатысты Аллаһ елшісінен (с.а.с.) жеткен хадисті келтірдік. Сол хадистің негізінде сиырдың зекетінің кестесі төмендегідей:

Сиырдың зекеті	
Нисаб мөлшері	Парыз болған мөлшері
30-39 сиыр	Бір жастан асқан бір тана
40-59 сиыр	Екі жастан асқан бір сиыр
60-69 сиыр	Бір жастан асқан екі тана

¹ Қазақ тілінің сөздігі, 675-бет және 686-бет.

² Ислам ғылымхалы, 309-бет.

70-79 сиыр	Бір жастан асқан бір тана және екі жастан асқан бір сиыр
80-89 сиыр	Екі жастан асқан екі сиыр
90-99 сиыр	Бір жастан асқан үш тана
100-109 сиыр	Бір жасар екі тана және екі жасар бір сиыр
110-119 сиыр	Бір жасар бір тана және екі жасар екі сиыр
120 сиыр	Бір жасар төрт тана немесе екі жасар үш сиыр

Сиырдың саны жүз жиырмадан асқаннан кейін әрбір отыз сиырға бір тана және әрбір қырық сиырға екі жасар бір сиыр беріледі¹. Мысалы, 150 сиырға – бір жасар бес тана, 160 сиырға екі жасар төрт сиыр береді. Сиырдың зекетін шығарғанда, зекет ретінде шығарылған малдың ұрғашы не еркек болуы шарт емес.

Түйенің зекеті

Түйенің шариғат бекіткен нисабы – бесеу. Одан кеміне зекет шығару парыз емес. Түйенің зекеті бұл түліктің тек ұрғашысынан беріледі. Ал ұрғашы болмаған кезде еркек түйенің құны беріледі². Кейбір ғалымдар түйенің барлығы еркек болса, еркек түйені зекет ретінде шығаруға болады деген³. Мазһабтар арасында ұсақ мал, сиырдың зекетін есептеуде пікір қайшылығы жоқ. Ал түйенің зекетін есептегенде жүз жиырмаға дейін барлық мазһабтардың пікірі бір. Тек жүз жиырмадан кейінгі есепте екі түрлі тәсіл бар. Әуелі жүз жиырмаға дейінгі түйенің зекетінің кестесін беріп, одан кейін мазһабтар арасындағы екі түрлі тәсілге де тоқталамыз.

Түйенің зекеті	
Нисаб мөлшері	Парыз болған мөлшері
5-9 түйе	Бір қой
10-14 түйе	Екі қой
15-19 түйе	Үш қой

¹ Фатх бәб әл-ғиная бишарх ән-нукая, I том, 491-бет.

² Фатх бәб әл-ғиная бишарх ән-нукая, I том, 488-бет.

³ Фикһ әс-сунна, I том, 499-бет.

20-24 түйе	Төрт қой
25-35 түйе	Бір жастан асқан ұрғашы тайлақ
36-45 түйе	Екі жастан асқан ұрғашы түйе
46-60 түйе	Үш жастан асқан ұрғашы түйе
61-75 түйе	Төрт жасар ұрғашы түйе
76-90 түйе	Екі жастан асқан екі ұрғашы түйе
91-120 түйе	Үш жастан асқан екі ұрғашы түйе

Жүз жиырмадан кейінгі есептеу жолы:

1. Шафиғи, ханбали мазһабтарында және имам Мәликтен жеткен бір риуаятта жүз жиырмадан асқан әрбір қырық түйе үшін екі жасқа толып, үшінші жылға аяқ басқан бір ұрғашы түйені және әрбір елу түйе үшін үш жастан асып, төрт жасқа аяқ басқан бір ұрғашы түйені зекет ретінде шығарады. Ханафи ғұламаларынан бұл пікірді шейх әс-Сағуржи және шейх Абдул-Бала' әл-Ләкнәуи әл-Һинди колдайды¹. Доктор әл-Қардауи де осы пікірді дұрысырақ деп санайды. Көпшілік ғалымдар жоғарыда имам әл-Бұхари риуаят еткен хадистің негізінде жүз жиырмадан кейінгі есепті осылай есептеген.

2. Ханафи мазһабында және имам Мәликтен жеткен бір риуаятта² жүз жиырмадан кейінгі түйенің зекеті төмендегі тәсілмен жүргізіледі:

121-144-ке дейін үш жасар екі түйе мен әрбір бес түйе үшін бір қой яки ешкі беріледі.

145-149-ға дейін үш жасар екі түйе мен бір жасар бір түйе беріледі.

150-ге жеткенде, үш жасар үш түйе беріледі.

Бұдан кейін 174-ке дейін әрбір бес түйе үшін бір қой, яки ешкі беріледі.

175-185-ке дейін үш жасар үш түйе мен бір жасар бір түйе беріледі.

186-195-ке дейін үш жасар үш түйе мен екі жасар бір түйе беріледі.

196-200-ге дейін үш жасар төрт түйе беріледі. Бұдан кейін жүз елуден кейінгі елу түйеден жасалған есеп екі жүзден кейінгі әр елу түйеде де қолданылады³.

¹ Әл-Фикһ әл-ханафи уа әдилләтуһ, I том, 326-бет. Фикһ әз-зәкәт, I том, 207-208 беттер.

² Фатх бәб әл-ғиная бишарх ән-нуқая, I том, 486-487 беттер.

³ Әл-Ихтияр литағлил әл-мухтар, I том, 146-147 беттер, Ислам ғылымхалы, 307-бет.

Уакс мәселесі

Уакс – зекет шығарған кезде екі парыздың арасындағы артық сан. Уакстан зекет шығарылмайды. Мысалы, егер сиырдың саны отызға жетсе, одан бір жастан асқан бір тананы зекет ретінде шығару парыз екендігі белгілі. Сол секілді егер сиырдың саны қырыққа жетсе, екі жастан асқан бір сиырды зекетке шығару парыз. Ал осы отыз бен қырықтың аралығындағы сандар «уакс» деп аталады.

Жылқының зекеті

Жылқының зекетіне қатысты ғалымдардың пікірлерін төмендегіше топтастыруға болады:

1. Егер жылқы малы сауда мақсатында өсірілсе, барлық ғалымдардың пікірінше, оның зекеті сауда заты ретінде шығарылады. Яғни бүкіл саудаға арналған жылқылардың құны есептеліп, оның екі жарым пайызы зекет ретінде шығарылады.

2. Егер жылқыны мініс, жүк тасу көлігі ретінде ұстаса немесе оны жылдың көп мезгілінде қолдан тамақтандыратын болса, барлық ғалымдардың пікірінше, оның зекетін беру парыз емес.

3. Егер біреуде жылдың көп мезгілінде жайылымда болатын тек қана еркек жылқылар болса, барлық ғалымдардың пікірінше, оның зекеті берілмейді. Тек Әбу Ханифадан жеткен бір риуаятта оның зекеті беріледі¹.

4. Әбу Ханифаның пікірінше, кімде-кімнің еркегі мен ұрғашысы аралас немесе тек қана ұрғашы сәи-мә жылқылары болса, оның зекетін екі түрлі жолмен шығаруға болады:

1. Әр жылқы үшін бір динар шығарады.

2. Жылқыларының құнын есептеп, нисапқа толғаннан кейін оның екі жарым пайызы зекет ретінде шығарылуы керек. Ал кімде-кімнің тек еркек жылқылары болса, Әбу Ханифадан жеткен екінші риуаятта олардың зекетін шығару міндет емес. Себебі ұрғашы мен еркек аралас жылқылар көбейе алады, сол сияқты тек қана ұрғашы жылқыларды үйірге қосу арқылы көбейтуге болады. Ал тек қана еркек жылқылар көбеюі мүмкін емес. Сондықтан оның зекетін шығару парыз етілмейді. Жоғарыда айтылғандай, зекеті шығарылатын малдың көбеюге бейім болуы – шарт.

Әбу Ханифаның дәлелдері:

1. Аллаһ тағала: **«Олардың байлығынан садақа (яғни зекет) ал»²**, – деген. Бұл аятта Аллаһ тағала байлық деп жалпылай атаған. Ал жылқы жалпы байлыққа жатады.

Жәбир (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Сәи-мә жылқыда, әрбір жылқы үшін бір динар», – деді»,* – деген¹.

¹ Фатх бәб әл-ғиная бишарх ән-нукая, I том, 493-бет.

² «Тәубе» сүресі, 103-аят.

Абдуллаһ ибн Әбу Хусәйн: Ибн Шинабқа Османның (Аллаһ оған разы болсын) жылқының садақасын және әс-Сәиб ибн Ухт Нәмирдің Омарға (Аллаһ оған разы болсын) жылқының садақасын бергендігін хабарлаған².

Әбу Ханифаның екі шәкірті Әбу Юсуф пен Мұхаммед және қалған үш имамдардың пікірінше, жылқы малынан зекет шығармайды. Ханафи мазһабының ғұламалары бұл пікірде бір тоқтамға келмеген. Имам әт-Тахауи екі шәкірттің пікірін қолдап, сонымен пәтуа берсе, имам әс-Сәрхаси Әбу Ханифаның пікірін қолдаған³.

Оған дәлел ретінде төмендегі хадистерді келтірген:

Әбу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын), Аллаһ елшісі (с.а.с.): *«Мұсылманға құлы және жылқысы үшін зекет парыз емес»*, – деген⁴.

Әли (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Жылқының және құлдың зекетін кешірдім (яғни парыз емес), күмістің зекетін әкеліңдер»*, – деді», – деген⁵.

Әбу Ханифа бұл хадистердегі жылқыны мініске арналған жылқы деп түсіндірген. Сондықтан «көлік ретінде пайдаланған жылқыға зекет берілмейді» деген пікірді қолдаған.

Есек пен қашырдың зекеті

Барлық мазһабтарда есек пен қашырдың зекеті шығарылмайды.

Әбу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын), Аллаһ елшісінен (с.а.с.) есектер (яғни зекеті) туралы сұралғанда, ол (с.а.с.): *«Маған ол туралы «Кімде-кім шаңның салмағындай жақсылық жасаған болса, оны көреді. Кімде-кім шаңның салмағындай жамандық жасаса, оны көреді»⁶ деген мына толық қамтушы, дара аяттан басқа ешнәрсе түскен жоқ»*, – деп жауап берген⁷. Яғни Пайғамбарға (с.а.с.) есектің зекетіне қатысты нақты аят түспеген, тек әр адамның бұл дүниеде істеген әрбір жақсылығы мен жамандығы есепке алынатынын баяндаған жоғарыдағы аят түскен.

Оған қоса бізге сахабалардың (Аллаһ оларға разы болсын) есек пен қашырдан зекет алғандығы жайында хабар да жеткен емес.

¹ Әл-Бәйһақи, әс-Сунән әл-кубра, IV том, 119-бет. Сунән әд-Даракутни, V том, 273-бет, дағиф хадис.

² Мусаннаф Ибн Әбу Шәйбә, III том, 43-бет.

³ Фатх бәб әл-ғиная бишарх ән-нуқая, I том, 493-494 беттер.

⁴ Сахих әл-Бұхари, Бәб ләйсә ьалә әл-муслим ..., 1464. Сахих Муслим, Бәб лә зәкәтә ьалә әл-муслим ..., 2320.

⁵ Сунән әт-Тирмизи, Китәб әз-зәкәт, 563.

⁶ «Зилзәлә» сүресі, 7-8 аяттар.

⁷ Сахих әл-Бұхари, Китәб әз-зәкәт, 4581.

Қарыздың зекеті

Егер бір кісінің басқаларда қарызы болса, қарыздың зекетін шығару мәселесі оның түріне және олардан сол қарызды қайтарып алу мүмкіндігінің қаншалықты екендігіне қарай қарастырылады.

1. Күшті қарыз. «Күшті қарыз» деп қарызға алушы, өз мойнындағы қарызын мойындап, оны төлеуге даяр екендігін білдірген қарызды атайды. Қарыз иесіне бұл қарызының зекетін беру – парыз. Ол өз қалауына сай әр жылы парыз берген уақытта шығарады немесе қарызын алғаннан кейін шығарады.

2. Тұрақсыз қарыз. Тұрақсыз қарыз деп қарызын өтеуге дәрменсіз (шығынға ұшыраған) адамдағы қарызды, қарызға алған адамды таппай қалған жағдайдағы қарызды немесе қарызға алған адам мойындамай қойғанда және қарыз иесінің нақты дәлелі болмаған жағдайдағы қарызды атайды. Мұндай жағдайда қарыз иесіне қарызын алғанға дейін, оның зекетін шығару парыз емес.

Егер қарыз алушы тән алмай қойғанмен, қарыз иесінің заңды әрі нақты дәлелі болса, оның зекетін шығару керек. Себебі оның қарызын сотқа жүгіну арқылы өтеп алу мүмкіндігі бар.

3. Ұзақ мерзімдік қарыз. «Ұзақ мерзімдік қарыз» деп бір немесе бірнеше жылға берілген қарызды және қарызға алушы бірден қайтаруға дәрменсіз болып, бірнеше жылда құтылатын қарызды айтады.

«Ұзақ мерзімге қарыз беруші қарызын алғаннан кейін бір жылдың ғана зекетін шығара ма, әлде өткен барлық жылдардың зекетін шығара ма?» деген мәселеде ғалымдар екі түрлі пікір ұстанады.

– Көпшілік ғалымдар (ханафи, шафиғи және ханбали мазһабтарында): «Өткен барлық жылдардың зекетін шығарады және бұл жақсы әрі қарызға берушінің сауабын арттырады. Оған қарызға бергені, сабыр сақтағаны және зекетін өтегені үшін сауаптар жазылады», – деген.

– Мәлики мазһабында мұндай жағдайда тек бір жылдың ғана зекетін шығарады. Кейбір ғалымдардың айтуынша, бұл пәтуа қарызға берушілер үшін жақсы. Олар өз бауырларына ұзақ мерзімге қарыз беру, олардың зекеттері үшін еш кедергі келтірмейтіндігін білгеннен кейін, еш қиналмастан бауырларына көмектесуге себепші болады.

Егін және жеміс-жидектің зекеті

Егіннің және жеміс-жидектің зекеті ұшыр және ұшырдың жартысы деп аталады. Ұшыр сөзі араб тілінде «оннан бір» деген мағынада. Яғни жиналған астықтың оннан бірін немесе оннан бірінің жартысын зекет ретінде шығару керек болғандықтан, оны ұшыр немесе ұшырдың жартысы деп атаған.

Егін және жеміс-жидектің зекетін беру керек екендігі Құранда және Аллаһ елшісінің (с.а.с.) хадистерінде келген.

Аллаһ тағала: «**Ей, иман келтіргендер! Кәсіп еткендеріңнің жақсыларынан және сендерге жерден шығарғанымыздан беріндер**»¹;

«**Оның ақысын жинаған күні беріндер**»², – деген. Яғни егінді жинаған кезде оның зекетін беріндер.

Абдуллаһ ибн Омардан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын), Пайғамбар (с.а.с.): «**Жаңбыр және бұлақ суарған немесе өздігінен³ сусынданғанда оннан бір. Ал қолмен суарылғанда оннан бірдің жартысы**», – деген⁴.

Ханафи мазһабында сәби мен ақыл-есінен айырылғанға байлығының зекетін шығару парыз емес екендігін, ал қалған мазһабтарды сәби мен жындының байлығының зекетін уәлидің шығаратындығы айтылған. Ханафи мазһабында басқа мазһабтар секілді балиғатқа толмаған сәби мен ақыл-есі кеміс жанның егіні мен жеміс-жидегінің зекеті шығарылады. Яғни егіннің зекетін шығару үшін балиғатқа толған және ақыл-есі бүтін болуы шарт емес.

Әбу Ханифаның пікірінше, астықтың және жеміс-жидектің нақты нисабы жоқ және астықтың немесе басқа өнімнің еш қиындықсыз бір жыл сақтауға жарамды болуы міндетті емес. Егін жиналған кезде оның оннан бірін немесе жиырмадан бірін зекет ретінде шығару керек. Ол мына дәлелдерге сүйенген:

«**Ей, иман келтіргендер! Кәсіп еткендеріңнің жақсыларынан және сендерге жерден шығарғанымыздан беріндер**»⁵.

Аллаһ тағала осы аятта жерден шыққан егіннің аз-көптігіне және оны сақтауға болатындығына не болмайтындығына қарамастан, оның зекетін беруді парыз еткен. Аллаһ елшісі (с.а.с.) жаңбырмен, арықпен суарылған егістің оннан бірін (он пайызы), қолмен су тасып, қиындықпен суарылған егістің оннан біріннің жартысын (бес пайызы) зекет ретінде шығаруды бұйырған. Сондықтан астықтың нақты бір нисапқа толуы және оны сақтауға болатындығы міндетті емес. Ханафи мазһабында пәтуа имам Әбу Ханифаның пікірімен беріледі. Бұл пікір Ибраһим ән-Нахағиден, Омар ибн Абдул-Азизден және Мужаһидтен де риуаят етілген.

Олар төмендегі хадистерге сүйенген.

Муғаз ибн Жәбәл (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбарға (с.а.с.) көкөніс (яғни зекеті) туралы сұрап хат жазады. Ол (с.а.с.): «**Онда еш нәрсе жоқ**», – деген⁶.

Мұса ибн Талхадан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте Аллаһ елшісінің (с.а.с.) көкөністен зекет алуы тыйым салғандығы айтылған⁷.

Айша (Аллаһ оған разы болсын): «**Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Жерден өскен көкөністе зекет жоқ**», – деді», – деп айтқан⁸.

¹ «Бақара» сүресі, 267-аят.

² «Әнғам» сүресі, 141-аят.

³ Яғни арнайы қолмен емес құралдар арқылы.

⁴ Сахих әл-Бұхари, Китәб әз-зәкәт, 1388.

⁵ «Бақара» сүресі, 267-аят.

⁶ Фикһ әз-зәкәһ, I том, 382-бет.

⁷ Фикһ әз-зәкәһ, I том, 382-бет.

⁸ Әт-Тирмизи, дағиф хадис деген.

Әбу Ханифаның пікірінше, қауынның, қарбыздың, қиярдың, қызанақтың, сәбіздің, пияздың және басқа да көкөніс пен алма, алмұрт, шабдалы, өрік секілді жемістердің зекеті беріледі¹. Ал екі шәкіртінің пікірінше, бұл көкөністердің зекеті берілмейді. Себебі оларды еш қиындықсыз бір жыл сақтауға жарамайды.

Әбу Ханифа мен екі шәкіртінің пікірінше, мақта, зығыр, қант тростнигі және осыларға ұқсас өсімдіктердің зекеті беріледі².

Әбу Юсуф, Мұхаммед және имам Шафигидің пікірінше, астық пен жеміс-жидектердің зекетін шығару үшін оның салмағы бес уасққа толу және ол астық немесе жеміс бір жыл еш қиындықсыз сақтауға жарамды болуы керек.

Бір уасқ – алпыс сағқа тең. Сағты келімен есептеуде ғалымдар арасында әртүрлі пікірлер бар. Бір ғалымдар «бес уасқ – 675 кг» десе, бір ғалымдар «бес уасқ – 653 кг» деген, ал әл-Қардауи «бес уасқ – 647 кг» деген. Бұдан басқа да пікірлер бар.

Әбу Сағид әл-Худри (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбардың (с.а.с.) мына сөздерін жеткізеді:

«Бес уасқтан азда зекет жоқ»³;

«Бес уасққа жеткенге дейін дәнде де, құрмада да зекет жоқ»⁴;

«Уасқ – алпыс сағ»⁵.

Балдың зекеті

Көпшілік ғалымдардың пікірінше, балдың зекеті берілмейді. Себебі Аллаһ елшісінен (с.а.с.) балдың зекетіне қатысты сахих хадис жетпеген. Бұл пікірді имам әл-Бұхари де қолдаған.

Ал ханафи мазһабында және имам Ахмадтың пікірінше, балдың зекеті беріледі. Себебі Аллаһ елшісінен (с.а.с.) бұған қатысты сахих хадис жетпегенмен, бірін-бірі қуаттап, күшейтетін көптеген сахабалардан, табиғиндерден риуаяттар жеткен. Өйткені бал өсімдіктің, ағаштың гүлінен алынып, салмағы өлшенеді және сақталады.

Әбу Ханифаның пікірінше, балдың нисабы жоқ. Оның аз-көптігіне карамастан, оннан бірі зекет ретінде беріледі.

Әбу Сайяра әл-Мутағи: *«Мен: «Уа, Аллаһтың елшісі! Менің бал арам бар», – дедім. Ол (с.а.с.): «Ұшырын⁶ шығар», – деді», – деп айтқан⁷.*

¹ Сунән әд-Дарақутни, V том, 160-бет.

² Сунән әд-Дарақутни, V том, 149-бет.

³ Сахих әл-Бұхари, Китәб әз-зәкәт, 1389.

⁴ Сахих Муслим, Китәб әз-зәкәт, 1628.

⁵ Муснәд Ахмад, Китәб бәқи муснәд әл-муksирин, 11359.

⁶ Яғни оннан бірін зекет ретінде шығар деген.

⁷ Сунән ибн Мәжәһ, Китәб әз-зәкәт, 1813.

Қазба байлықтың зекеті

Шариғатта қазба байлыққа қатысты негізгі үш термин бар. Олар: риказ, мағдан және кэнз. Әбу Ханифа мазһабында бұл үш терминге төмендегідей анықтама беріледі.

Кэнз – адамдардың жерге көмген байлығы, қазына, көмбе.

Мағдан – Аллаһ тағаланың жер қойнауында жаратқан қазба байлығы.

Риказ – Аллаһ тағаланың жер қойнауында жаратқан қазба байлығы және адамдардың көмген қазынасы. Яғни риказ кэнз бен мағданды қамтиды¹. Көбінесе риказ бен мағдан ханафи мазһабында бір мағынада қолданылады.

Ханафи мазһабында қазба байлықты үш түрге бөледі:

1. Отпен балқытуға болатын заттар. Оған алтын, күміс, мыс, қорғасын, темір секілді металдар жатады. Олардың бестен бірі зекеті ретінде беріледі.

2. Сұйық заттар. Оған битум, мұнай секілді заттар жатады. Ханафи мазһабында сұйық қазба байлықтан зекет берілмейді.

3. Отпен балқытуға келмейтін және сұйық та емес заттар; оған әк, асыл тас, корунд секілді заттар жатады. Сұйық қазба байлық секілді бұлардан да зекет берілмейді.

Жылжымайтын мүлік, жер, зауыт және фабрикалардың зекеті

Негізі, адамның иелігіндегі байлықты төмендегідей бөлуге болады.

1. Алтын, күміс, ақша және басқа да құнды қағаздар. Бұлар нисапқа толғаннан кейін екі жарым пайызы зекетке беріледі.

2. Егіндік жерлер. Бұл жерлердің өзінен зекет берілмейді. Тек шыққан өнімнің оннан бірі немесе оннан бірінің жартысы зекет ретінде шығарылады.

3. Жалға берілген жерлер және жылжымайтын мүлік (зауыт, фабрика). Мұндай жерлердің өзінен зекет шығарылмайды. Тек жалға берген құнынан ғана зекет шығарылады. Зауыт пен фабриканың шығарған өнімдерінен зекет алынады.

4. Сатуға арналған жер және жылжымайтын мүлік сауда тауары ретінде есептеліп, нисапқа толса, бір жыл өткеннен кейін оның өзінен де зекет беріледі. Яғни жылжымайтын мүліктің және сатуға арналған жердің зекет парыз болған уақыттағы нарықтық құны есептеліп, соның екі жарым пайызы зекет ретінде шығарылады.

5. Мал. Малға қатысты зекет үкімдері жоғарыда кеңінен мәлімделген.

¹ Фатх бәб әл-ғиная, I том, 514-бет.

Зекет алуға құқылы адамдар

Аллаһ тағала Құран Кәрімде зекет берілетін адамдарды атап кеткен. Сондықтан зекет берілетін адамдарға қатысты мазһабтар арасында пікір алшақтықтары жоқ. Аллаһ тағала: **«Садақа (зекет) тек қана пақырларға, міскіндерге, зекет жұмысымен айналысушыларға, жүрегі жібітілетіндерге, құлдықтан азат етуге, қарызға батқандарға, Аллаһ жолында және сапарда қалушыларға (беру) Аллаһтан парыз болды. Аллаһ барлық нәрсені Білуші, аса Дана»¹**, – деген.

Зәйд ибн әл-Харис әс-Судайи (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісіне (с.а.с.) бір кісі келіп, одан: «Маған зекеттен бер», – деді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) оған: «Аллаһ тағала зекетке қатысты Өзі үкім шығарып, оны сегіз топқа бөлгенше, пайғамбардың да және басқаның да үкіміне разы болмады. Егер сол топтардан болсаң, сенің ақыңды беремін», – деді», – деген².*

Аллаһ тағала зекет берілетіндерді Өзі белгілеп көрсеткен. Олар:

1. Пақырлар. Яғни нисапқа толатын қажетінен артық байлығы жоқ кедейлер. Олардың тұратын баспанасы, мінетін көлігі, пайдаланатын заттары қажетіне жатады. Ал кімде-кімнің осы қажетінен артық нисапқа толмаған байлығы болса, ол пақыр деп есептелмейді.

2. Міскіндер. Еш нәрсесі жоқ, пақырдан да жағдайы төмен кедейлер.

Ханафи мен мәлики мазһабтарында пақырлар мен міскіндерді осылай бөледі. Ал шафиғи мен ханбали мазһабтарында міскін – нисапқа толмайтын, күнделікті қажетінен аспайтын байлығы бар адам. Ал пақыр – түгі жоқ мүлдем тақыр кедей адам.

Ханафилер мен мәликилер дәлел ретінде Құранның төмендегі аяттарын келтіреді:

«Немесе топыраққа ие міскінді...»³. Яғни Аллаһ тағала топырақтан басқа түгі жоқ адамды міскін деп атаған.

«Ұстамдылық себепті білмейтін (надан), оларды байлар деп ойлайтын Аллаһ жолында шектеліп отырған пақырларға (беріңдер). Оларды белгілерінен танысыңдар. Олар адамдарға жабысып сұрамайды. Сендер не қайыр берсеңдер, расында, Аллаһ оны біледі»⁴.

Осы аятта адамдарға қолын жая бермей, өмірдің тауқыметіне ұстамдылық танытқан кедейлерді пақырлар деп есептеген. Егер олардың еш нәрсесі болмаса, надандар олардың кедей екендіктерін бірден біліп қояр еді.

¹ «Тәубе» сүресі, 60-аят.

² Сунән Әбу Дауд, Китәб әз-зәкәт, 1389, дағиф хадис.

³ «Бәләд» сүресі, 16-аят.

⁴ «Бақара» сүресі, 273-аят.

Яғни олар бір нәрсеге қатты мұқтаж болса да, қолдарындағы барға қанағат тұтатындықтан, өзгелер олардың мұқтаждықтарын бірден аңғара қоймайды.

Шафиғи мен ханбали ғалымдары мына дәлелдерге сүйенген:

1. Аллаһ тағала зекет берілетіндерді атаған кезде, алдымен пақырларды атаған. Тәпсіршілердің айтуынша, Құранда бірінші аталған одан кейінгі аталғанға қарағанда маңыздырақ деген. Сонда пақыр міскінге қарағанда зекетке мұқтажырақ, яғни міскіннің жағдайы пақырдан жақсырақ.

2. Аллаһ тағала Мұса (аләйһис-сәләм) мен Қыдыр арасында болған оқиғада кемелері бар кедейлерді міскіндер деп атаған. Яғни міскіндердің иелігінде бір зат бар. Сондықтан олардың жағдайы пақырлардан жоғары делінген. Аллаһ тағала: **«Ал кеме болса, теңізде жұмыс істейтін міскіндердікі еді»¹**, – деген.

Кейбір ғалымдар зекеттен алатын үлесіне қатысты пақыр мен міскіннің айырмасы жоқ. Тек адамдардан тіленбейтін кедейлерді міскін деп атайды деген².

3. Зекет жинаушылар. Зекет жинаушылар – зекетті жинау, есептеу, қажетті жерлерге жеткізу үшін бекітілген адамдар. Оларды мемлекет немесе зекет иесі тағайындайды. Оларға жиналған зекеттен істеген амалдарына лайықты көлемде беріледі. Зекет жинаушы бай адам болса да, оған жұмысына қажетті көлемде зекеттен беруге болады.

Әбу Сағид әл-Худри (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Садақа байға бес жағдайдан басқа кезде халал болмайды: оны (zekетті) жинаушыға, Аллаһ жолында күресушіге, оны (садақаны кедейден) өз ақшасына сатып алушыға, кедейге садақа етіп берілгеннен кейін оны байға сыйға тартса және қарызға батушыға», – деді»,* – деген³.

Егер зекетті жинаушының жұмысы ауыр болып, зекеттің көп бөлігі оның шығынына кететін болса, зекетке шығарылған байлықтың жартысынан артық беруге болмайды. Сол секілді зекет жинаушы Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) әулетінен болса, оған да зекеттің бұл үлесінен беруге болмайды.

Егер зекет оны жинаушыда болған кезде жоғалып не болмаса басқа да себептермен жоқ болып кетсе, жинаушы зекеттен ешнәрсе алмайды. Ал зекет иелеріне зекеттерін қайта шығару парыз емес⁴.

4. Муәлләфәтул-қулуб. Жүректері Исламмен татуласуы көзделгендер. Оларды үш топқа бөлуге болады:

– олардың Исламды қабылдауы және өз қауымын дінге шақыруы үміт етілген кәпірлер;

¹ «Кәһф» сүресі, 79-аят.

² Фикһ әс-сунна, I том, 521-бет.

³ Сунән Ибн Мәжәһ, Китәб әз-зәкәт, 1831.

⁴ Әл-Фикһ әл-ханафи уа әдилләтуһ, I том, 345-бет.

– Исламға және мұсылмандарға тиетін жамандықтарынан сақтану үшін берілетін кәпірлер;

– Ислам дінін жаңадан қабылдаған иманы әлсіздер.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Сафуан ибн Умайяға Хунәйн ғазауатындағы жеңістен кейін оған алдымен жүз түйе, сонан кейін жүз түйе, содан соң жүз түйе берген. Сонда Сафуан: *«Аллаһпен ант етейін, Аллаһ елшісі (с.а.с.) ол мен үшін ең жек көрінішті адам кезінде маған берді. Ол мен үшін ең сүйікті адам болғанша беруін жалғастыра берді»*, – деген¹.

Әнәс ибн Мәликтен (Аллаһ оған разы болсын). Бір кісі Пайғамбардан (с.а.с.) екі таудың арасындағы қойларды сұрайды. Сонда ол (с.а.с.) (қойларды) оған береді. (Әлгі кісі) қауымына келгеннен кейін: *«Ей, елім! Ислам дінін қабылдаңдар! Аллаһпен ант етейін, Мұхаммед (с.а.с.) кедейліктен қорықпайтындай байлық береді»*, – деген. (Әнәс): *«Бір кісі Исламды дүние үшін қабылдаса, (аз уақыт өтпей жатып) Ислам ол үшін дүниеден және ондағыдан сүйіктірек болады»*, – деген².

Әбу Ханифа мазхабындағы ғалымдардың пікірінші, бұл топқа Әбу Бәкірдің (Аллаһ оған разы болсын) заманынан бастап зекет беру тоқтатылған. Әбу Бәкірдің халифаттығы кезінде Пайғамбарымыз (с.а.с.) көзі тірісінде зекеттен үлес алып жүрген осы топқа жататын Ғұйәйнә ибн Хисн, әл-Акрағ ибн Хәбис, Аббас ибн Мирдас келіп өз үлестерін талап етеді. Сонда Әбу Бәкір олардың үлестерін жазып, оны куәландыру үшін Омарға (Аллаһ оған разы болсын) жібереді. Омар олардың үлестері жазылған затты алып келгенде, оны жыртып тастайды да: *«Мұны Аллаһ елшісі (с.а.с.) сендердің жүректеріңді Исламмен татуластыру үшін беретін болған. Аллаһ Исламды үстем етті. Исламды берік ұстаныңдар, әйтпесе біз бен сендердің араларыңда қылыш (яғни соғыс) болады»*, – деп қайтарып жібереді. Олар Әбу Бәкірге шағымданып келіп: *«Омар халиф пе, сен халифсің бе?»* – деп сұрайды. Сонда Әбу Бәкір: *«Қаласа, Омар халиф»*, – деп жауап беріп, Омардың ісін жөн санайды және Әбу Бәкірдің бұл шешіміне ешқандай сахаба қарсы келмейді. Міне, сол уақыттан бастап олардың үлесі тоқтатылған³. Оларға Осман мен Әлидің халифаттығы кездерінде де зекеттен үлес берілмеген.

Ғалымдар Аллаһ елшісінің (с.а.с.) Муғаз ибн Жәбәлді (Аллаһ оған разы болсын) Йеменге қазылыққа жіберген кезде, зекетке қатысты *«Олардың байларынан алып, кедейлеріне қайтарасың»*, – деген хадисімен жоғарыдағы муәлләфәтул-қулубтың үкімі мансух⁴ болды деген⁵. Осы

¹ Сахих Муслим, Китәб әл-фадаил, 4277.

² Сахих Муслим, Китәб әл-фадаил, 4276.

³ Бұл оқиғаны әт-Табаридің және әл-Әлусидің «Тәубе» сүресінің 60-аятына жасаған тәпсірінен оқи аласыздар.

⁴ Мансух – үкімі жойылған. Шарифатта кейбір үкімдер алғашқыда басқаша болған, кейіннен ол үкімдердің күші жойылып, орнына басқа үкімдер келген.

⁵ Бұл хадистің негізін әл-Бұхари риуаят еткен.

хадистегі **«олардың»** деген есімдік арқылы мұсылмандар меңзелген. Яғни зекетті мұсылман байлардан алып, мұсылман кедейлерге қайтарасың, кәпірлерге бермейсің деген мағынада айтылған.

Мәлики мазһабында егер муәлләфәтул-қулуб иманы әлсіз мұсылмандар туралы айтылса, оның үкімі тоқтатылмаған. Ал кәпірлер туралы айтылса, оның үкімі мансух не мансух еместігіне қатысты пікірталастар бар. Дұрысы – кәпірлердің жүректерін Исламмен татуластыру үшін олардың Ислам туралы кереғар пікірлерін өзгерту қажет болса, оларға зекеттен үлес беруге болады деген пікір¹.

Қазіргі кезде барлық мазһабтардағы көптеген ғалымдар «қажеттілік туған жағдайда кәпірлердің жүректерін Исламға бұру мақсатында оларға зекет беруге болады» деген пікірді қолдайды.

5. Құлды азат ету. Ислам – әу бастан адам баласының азат болуын мақсат тұтқан дін. Сондықтан көптеген шарифат үкімдерін орындамағандарға олардың өтемі ретінде құлды азат етуді міндеттеген және адамды құлдықтан босатудың үлкен сауапты іс екендігін баяндаған. Сонымен қатар арнайы түрде зекеттің бір бөлігін құл азат етуге ажыратқан. Қазіргі кезде құлдық жүйенің болмауына байланысты зекеттің бұл бөлігін тұтқынға алынған мұсылмандарды құтқарып алуға жұмсауға болады. Орта ғасырларда құлдық бүкіл әлемдік жүйе болып тұрған кезде мұсылман мемлекеттерінде құл менен оның қожайынының арасында келісімшарт жасасуға болатын еді. Ол келісімшарт бойынша, құл қожайынына белгілі мөлшерде құн төлегеннен немесе бір амалдарды орындағаннан кейін құлдықтан азат етілетін болған. Олар мукәтәб деп аталады. Зекеттің құлдықтан азат етуге арналған бөлігін сол мукәтәбтерге де беруге болатынды.

6. Қарызға батқандар. Шарифатта «қарызға батқан» деп қарызынан артық нисапқа толатын байлығы жоқ, мойнында қарызы бар адамды атайды².

Әнәс ибн Мәликтен (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ елшісі (с.а.с.): **«Сұрау үшеуден: тақыр кедей, үрейлі қарызға батқан және ауыр қан көтергендерден басқаларға рұқсат етілмейді»**, – деген³.

Араб тайпалары арасында бір рудың адамы екінші рудың адамын өлтірген кезде, өлтірген адамның өзі өлтірілетін не ол өлген адамның құнын төлейтін. Кейде екі ру арасында жанжал туындап, оның арты қанды қақтығысқа айналатын. Осындай істі насырға шаптырмас үшін кейбір адамдар қайтыс болған адамның құнын төлеуді өз мойнына алып, екі руды татуластыратын. Шарифатта осындай екі елді татуластыру үшін мойнына

¹ Китәб әл-фикһ алә әл-мазәһиб әл-арбаға, 350-бет.

² Әл-Фикһ әл-ханафи фи сәубиһ әл-жәдид, 370-бет.

³ Сунән Әбу Дауд, Китәб әз-зәкәт, 1398.

қанның құнын қарыз етіп көтерген адамға зекеттен үлес беруге болады. Жоғарыдағы хадисте келген «ауыр қан» деген сөз осы мағынаны береді.

Кедейге қарағанда, зекетті қарызға батқандарға берген абзал. Сонымен қатар оларға қарыздарын өтейтін мөлшерде зекеттен үлес беруге болады. Қазіргі кездегі ханафи мазһабының фаһиктарының бірі Мәжид Итр мәһрге және үйленуге қажетті басқа да нәрселерді табуға шамасы келмей жүргенді, қарызға үй сатып алып, оның құнын төлей алмай жүргендерді қарызға батқандардың санатына қосады¹.

7. Аллаһ жолында. Көпшілік ғалымдар «Аллаһ жолында» деген сөздің мағынасын «жиһад» деп түсіндіреді. Бірақ бұл «жиһад» сөзі қазіргі кезде көптеген адамдар ұғымындағы «соғыс» деген тар мағынада емес. Жиһадты Аллаһ жолында, Оның сөзін адамдарға жеткізуде тер төгіп, еңбектеніп, қайраткерлік таныту деген ауқымды мағынасында түсіну керек. Сондықтан бұл топқа діни білім алып жүргендер, Ислам дағуатын таратушылар және адамдарға кітап, журнал, газет, телехабарлар арқылы діни мағлұмат жеткізу ісі де жатады.

Имам Әбу Ханифаның шәкірті Мұхаммед «Аллаһ жолында» деген сөздің мәнін «жарты жолда қалып қойған қажы» деп түсіндірген. Ал Әбу Юсуф зекет Аллаһ жолында күресіп жүрген кедейлерге ғана беріледі, ал байларға бұл үлестен берілмейді деген². Ол бай адамға зекет алуға тыйым салған хадиске сүйеніп, өз пікірін пайымдаған.

Абдуллаһ ибн Амр (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елиһісі (с.а.с.): «Садақа (алу) байға және он екі мүшесі сау, күшті адамға халал емес», – деді»,* – деген³.

Имам Мәлик пен Шафиғи Аллаһ жолында күресіп жүрген байларға да зекеттен алуға болады деген⁴. Оған төмендегі хадисті дәлел ретінде келтіреді:

Әбу Сағид әл-Худри (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елиһісі (с.а.с.): «Садақа байға бес жағдайдан басқа кезде халал болмайды: оны (zekетті) жинаушыға, Аллаһ жолында күресушіге, оны (садақаны кедейден) өз ақшасына сатып алушыға, кедейге садақа етіп берілгеннен кейін оны байға сыйға тартса және қарызға батушыға», – деді»,* – деген⁵. Яғни осы аталған бесеуден басқа бай адамға зекеттен үлес алуға болмайды. Олардың ішіне Аллаһ жолында күресіп жүргендер де кіреді.

8. Жолда қалғандар. Шарифатта жолда ақшасы таусылып, еліне жете алмай қалған мұсылмандар үшін еліне жететіндей көлемде қаражат зекеттен

¹ Әл-Муфассал фи әл-фиқһ әл-ханафи, 317-бет.

² Әл-Фикһ әл-ханафи уа әдилләтуһ, I том, 346-бет.

³ Сунән Әбу Дауд, Китәб әз-зәкәт, 1392.

⁴ Фатх бәб әл-ғиная бишарх ән-нуқая, I том, 534-бет.

⁵ Сунән ибн Мәжәһ, Китәб әз-зәкәт, 1831.

бөлінеді. Мұндай адам өз елінде бай болса да, жолда қалып қаражат таба алмауына байланысты зекеттен алуына рұқсат етіледі. Бірақ ол шамасы келсе, жолына жететін қаражатты зекеттен емес қарызға алғаны абзал, бірақ бұл міндет емес және де жолда қалғандарға қажетінен артық зекеттен алуға болмайды.

Мінеки, жоғарыда аталған сегіз топтан болған адамдарға зекеттен жиналған байлық, мал, жеміс-жидек, көкөніс, дәнді-дақылдар мен ақшалай қаражаттардан үлес алуды Аллаһ тағала халал еткен. Зекеттен үлес беру ауыр жағдайда, кедейшілікте тұрмыс кешіп жатқан Аллаһтың мұсылман пенделеріне өмір тауқыметін жеңілдетуге, қиын жағдайда жолда қалған мұсылмандарға қол ұшын созуға, қарызға батқандарды да қарыздарынан құтқаруға арналған.

Ислам – адамдар арасындағы бір-біріне деген сүйіспеншілікті, өзара көмекті, бауырмашылықты үгіттейтін Аллаһ тағаладан түсірілген игі дін.

Зекет берілмейтін адамдар

Аллаһ тағала жағдайлары жақсы мұсылмандардан жиналған зекеттің жағдайы нашар мұсылмандарға пайдасы көбірек тиюі үшін зекет қазынасынан үлес алуды бір топ адамдарға рұқсат етпеген. Яғни бұл топқа жататындарға зекет алу харам етілген. Олар:

1. Кәпірлер. Өйткені Аллаһ елшісі (с.а.с.) Муғазға (Аллаһ оған разы болсын): *«Байларынан алып, кедейлеріне қайтарасың»*, – деп бұйрық берген. Яғни мұсылман байлардан алып, мұсылман кедейлерге бересің деген ұғымда. Ибн әл-Мунзир: «Біз білетін ғылым иелерінің барлығы зиммиге¹ зекеттен жиылған байлықтан еш нәрсе берілмейді, – деп айтқан», – деген².

Кәпірлерге зекеттен беруге болмайды, бірақ жалпы садақа беруге рұқсат етіледі. Сахабалар және одан кейін келген халифалар тұсында мұсылман мемлекетінде өмір сүретін жастары келген зимми қарияларға мемлекеттің қазынасынан арнайы көмек көрсетілетін болған. Ал муәлләфәтул-қулубқа, яғни Ислам дінін қабылдайды деп үміттенген кәпірлерге қатысты үкімдер жоғарыда баяндалды.

2. Һәшим әулеті. Шарифатта Һәшим әулетіне Мұхаммед пайғамбармен (с.а.с.) туыстық қатынасы бар Әлидің, Ақилдің, Жағфардың, Аббастың және әл-Харистің ұрпақтары жатады³. Һәшим әулетіне зекет пен садақа беруге болмайтындығына барлық ғұламалар бір ауыздан келіскен.

¹ Зимми – мұсылман мемлекетінде тұратын христиан немесе яһуди. Шарифат заңы бойынша олар мұсылмандарға байлықтарының зекетін бермейді және оларға зекет берілмейді. Бірақ салық ретінде жизия төлейді.

² Фикһ әс-сунна, I том, 537-бет.

³ Әл-Фикһ әл-ханафи уа әдилләтуһ, I том, 350-бет.

Құрма піскен кезде адамдар оның зекетін Аллаһ елшісіне (с.а.с.) алып келетін болған, сонда ол құрмалар үлкен бір үймеге айналатын. Бірде Хасан мен Хусейн¹ осы құрмалармен ойнап отырған кезде Хасан бір құрманы аузына салады. Оны байқаған Аллаһ елшісі (с.а.с.) Хасанның аузындағы құрманы алып тастап: *«Мұхаммедтің әулетінің садақа жемейтіндігін білмедің бе?!»* – деген².

3. Зекетті өзінің әке-шешесі мен ұрпақтарына беруге болмайды. Шариғат адам баласына әкесін, атасын, анасын, әжесін, ұлдарын, қыздарын және немерелерін, тіпті қыздарының ұл-қыздарын да асырауды парыз еткен. Сондықтан оларға бөлінетін қаражат адамның қажетіне жұмсайтын қаражат ретінде қарастырылады.

Имам Мәлик «әкені асырау ұлдың парызы болғандықтан, оған атасы мен әжесіне және әкеге бала-шағасын асырау парыз болғандықтан, атаға немерелеріне зекетін беруге болады» деген пікірді ұстанады³.

4. Ер кісі әйеліне зекет бере алмайды. Бұған қатысты мазһабтар арасында пікір қайшылығы жоқ. Себебі ер кісіге әйелін бағу – ата-анасын бағу секілді жүктелген міндет. Тек бір ғалымдар әйелінің жеке қарыздары болса, ері оған қарызға батушы ретінде зекетінен беруіне болады дейді⁴.

Әбу Ханифада әйелі еріне зекетін бере алмайды. Себебі ол екеуінің негізгі істері мен мүліктері ортақ. Бұған Аллаһ тағаланың Мұхаммед пайғамбарды (с.а.с.) Хадиша анамыздың (Аллаһ оған разы болсын) байлығымен бай деп есептегені дәлел болады. Аллаһ тағала: *«Сені кедей күйінде тауып, бай етті»*⁵, – деген. Муфассирлер (тәпсірші ғалымдар) осы аяттағы *«бай етті»* деген сөзді «Хадиша анамыздың байлығының арқасында сені бай етті» деп түсіндірген.

Әбу Юсуф, Мұхаммед және имам Шафиғи бай әйелдің зекетін кедей күйеуіне беруіне болады деген көзқарас ұстанған. Олар төмендегі хадисті өз пікірлеріне дәлел еткен:

Аллаһ елшісі (с.а.с.) бір айт намазынан кейін адамдарға құтпа оқып, садақа беру туралы айтады. Осы уағыздан кейін Абдуллаһ ибн Масғудтың әйелі Зәйнәб (Аллаһ екеуіне разы болсын) Аллаһ елшісінен (с.а.с.) келіп, өзінің *«Абдуллаһ пен балаларына садақа беруіне бола ма?»* – деп сұрайды. Сонда Аллаһ елшісі (с.а.с.): *«Оған туысқанға көмектескені және садақа үшін екі сауап»*, – деген⁶.

¹ Аллаһ елшісінің (с.а.с.) немерелері.

² Сахих әл-Бұхари, Китәб әз-зәкәт, 1390.

³ Фикһ әс-сунна, I том, 539-бет.

⁴ Фикһ әс-сунна, I том, 540-бет.

⁵ «Духа» сүресі, 8-аят.

⁶ Бұл қиссаны әл-Бұхари, Муслим және басқа да мухаддистер хадис жинақтарында келтірген.

Имам Әбу Ханифа бұл хадисте нәпіл садақа туралы айтылуда, зекет туралы емес деп түсінген.

5. Байларға зекеттен үлес алуға болмайды. Шариғат бойынша иелігінде бір жыл тұрған, нисапқа жететін, негізгі қажетінен артық байлығы бар адам бай деп есептеледі. Кімде-кім осы анықтамадағы сипатқа сай келсе, оған зекет берілмейді. Сол секілді он екі мүшесі түгел, дені сау, ақыл-есі бүтін, бірақ жұмыс істеп, ақша табуға ерінетін жалқауларға да зекет беруге болмайды. Егер де денсаулығы жақсы адам жұмыс таба алмаған жағдайда немесе жалақысы өзіне және отбасына жеткіліксіз болса, оған зекеттен беруге болады¹.

Оған дәлел болатын хадистердің бірнешеуі жоғарыда аталды. Солардың бірі:

Абдуллаһ ибн Амр (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Аллаһ елиісі (с.а.с.): «Садақа (алу) байға және он екі мүшесі сау, күшті адамға халал емес», – деді», – деп айтқан².*

6. Зекетті Құранда аты аталғандардан басқаларға беруге және өзге орындарға жұмсауға болмайды. Себебі Аллаһ тағала: *«Садақа (zeket) тек қана пақырларға, міскіндерге, зекет жұмысымен айналысушыларға, жүрегі жібітілетіндерге, құлдықтан азат етуге, қарызға батқандарға, Аллаһ жолында және сапарда қалушыларға (беру) Аллаһтан парыз болды. Аллаһ барлық нәрсені Білуші, аса Дана»³,* – деп ашық белгілеген. Яғни осы аталғандардан басқаларға зекетті беруге болмайды.

Аяттағы «إِنَّمَا» сөзі араб тілінде «тек қана» деген мағынаны береді. Оған қоса зекетті аятта аталғандардың иелігіне өткізу керек. Себебі араб тіліндегі «ләм» септеулігі меншіктікті білдіреді. Демек, зекет аятта аталғандардың меншігіне берілу керек.

Сондықтан зекеттің ақшасына мешіт салуға, тек қана кедейлерге арналған ауруханалар салуға, қайтыс болған адамды кебіндеуге, оның қарыздарын өтеуге және көпір, жол секілді қоғам пайдаланатын заттарға жұмсауға болмайды. Себебі бұл істерде иелікке, меншікке өткізу шарты орындалмайды.

Зекеттің әдептері

1. Зекетті жасырын шығару. Себебі бұл адамның ниетін риядан, көпшіліктің алдында мақтанудан сақтауға септігін тигізеді. Дегенмен елге танымал бай болып, зекетін шығармады деп адамдар айыптамас үшін және басқаларға үлгі болсын деген ниетпен зекетін жария түрде шығаруға

¹ Әл-Муфассал фи әл-фиqh әл-ханафи, 318-бет.

² Сунән Әбу Дауд, Китәб әз-зәкәт, 1392.

³ «Тәубе» сүресі, 60-аят.

болады. Зекетін адамдарға берген кезде, әсіресе, өз ортасында сыйлы кедейге берген кезде, оның абыройын түсірмес үшін зекет екендігін айтпаған жөн болады.

2. Байлығынан кедейге ең керегін, ең абзалын шығару. Бірақ бұл парыз іс емес, тек сауабы мол болады. Аллаһ тағала: **«Ей, иман келтіргендер! Кәсіп еткендеріңнің жақсыларынан беріңдер»¹**, – деген.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Мұғазды Йеменге қазы ретінде жіберген кезде оған: **«Егер саған зекет беруге бойсұнса, олардың қымбат байлықтарын (алудан) сақ бол»,** – деп өсиет еткен². Тек зекет шығарушы өз қалауымен малының жақсысын зекет ретінде беруді қаласа, зекет жинаушыға оны алуына болады. Сонымен қатар зекетке көтерем, нашар, ауру-сырқау, мертккен малды да беруге болмайды.

3. Зекет беруді ең мұқтаж өзінің туыстарынан бастаған жақсы. Зекетті өзінің туыстарынан бастау арқылы ол екі сауапқа кенеледі. Бірінші, туыстық қатынасты сақтағаны үшін, екінші, зекетін өтегені үшін мол сауап беріледі. Зекетті кедейлерге берген кезде алдымен тақуалығына және аса мұқтаждығына қарай үлестірген жөн. Кедейлерге беріп жатқан ақшасы не малы зекет екенін айту шарт та, мустахаб та емес, айтпағаны тіпті абзал. Тек зекет беруші жүрегімен зекетін шығаруды ниет етсе жеткілікті. Ал адамдарға оны сыйлық немесе жай көмек деп те айтуға да рұқсат етіледі.

Зекетке қатысты әртүрлі үкімдер

1. Салық зекетке жатпайды және зекеттің орнына жүрмейді. Сондықтан салықты зекеттің орнына немесе зекеттен деп есептеуге болмайды. Себебі зекет – жекелеген адамдардың меншігіне берілетін үлес, ал салық мемлекеттің қазынасына түсетін үлес. Үкіметтің мемлекетті қорғау, жол, мешіт-медресе, аурухана, балабақша салуы үшін халықтан салық жинауға хақысы бар³.

2. Зекет негізгі байлықтан және одан түскен жыл бойғы таза табыстан алынады. Кімде жыл басында, яғни байлығы нисапқа толған уақытта жүз мың теңгесі болып, бір жыл толғаннан кейін онда жүз елу мың теңге негізгі қажетінен артылып тұрса, барлық имамдардың пікірінше, зекет шығарушы осы жүз елу мың теңгеден зекет шығаруға міндетті.

3. Зекет шығару нисапқа толған байлыққа бір жыл толған уақытта бірден парыз болады. Зекет беру парыз болғаннан кейін байлықтың кемігені немесе көбейгенінің зекетті шығаруға әсері болмайды. Себебі байлықтың кемуі не

¹ «Бақара» сүресі, 267-аят.

² Сахих Муслим, Китәб әл-иман, 27.

³ Әл-Муфассал фи әл-фиqh әл-ханафи, 320-бет.

көбеюі зекет парыз болған кезден кейін ғана орын алғанына орай, зекет парыздық күшін жоймайды.

4. Зекетті шығару мерзімі: адамның қажетінен артық байлығы нисапқа толғаннан кейін ай күнтізбесі бойынша бір жыл толғанда зекет шығару парыз етіледі. Ханафи мазһабында зекетті парыз болған сәттен бастап бір жылдың ішінде шығаруға рұқсат етілген. Бірақ зекетті парыз болғаннан кейін кешіктірмей бірден шығару абзалырақ әрі оның сауабы көбірек.

Басқа мазһабтарда зекетті кешіктірмей бірден шығарып, тиісті орындарына үлестіру қажет. Зекет шығару себепсіз кешіктірілгенде күнәкар болады. Зекетті кешіктіру тек қана кедейлерге және басқа да зекеттен үлес алатындарға пайдалы болса, оның уақытын ұзартуға болады.

5. Зекетті зекеті шығарылу парыз болған байлықтың түрінен немесе оның құнын шығаруға болады. Мәселен, қойдың зекетін алайық, зекет ретінде қой немесе сол қойдың зекет шығару парыз болған кезіндегі нарықтағы құнымен есептеп, басқа затпен шығаруға болады.

6. Парыз етілген зекетті шариятта халал деп есептелетін кез келген байлық түрінен шығаруға болады. Зекет ретінде май, ірімшік, бидай, мата және т.б. заттарды беруге болады. Бірақ кедейлерге және зекеттен үлесі бар басқа да адамдарға ең қажетті, зәрулік тудырған заттардан берген абзал. Мәселен, олар ақшаға көбірек мұқтаж болса, зекетті ақшалай, ұн қажеттірек болса, ұнмен, киім-кешекке мұқтажырақ болса, киім-кешек түрінде берген жақсы.

7. «Бір кедейге қанша мөлшерде зекеттен үлес беруге болады?» деген сұрақта фақиһ ғалымдар арасында әртүрлі пікірлер бар.

Ханафи мазһабында бір кедейге нисаптың көлемінен артық мөлшерде зекет беру – мәкруһ. Егер ол кедейдің әйелі мен бала-шағасы болса, әрқайсысына нисапқа толатын зекеттен беруге болады.

Имам Мәлик пен Ахмадта бір кедейге және оның отбасындағыларға бір жылдық қажетін беруге болады деген пікірлер бар.

Шафиғи мазһабында және имам Ахмадтан жеткен басқа бір риуаятта бір кедейге оны өмір бойы кедейліктен құтқаратын көлемде беруге болады делінген.

Ибраһим әс-Силқини «осы пікірлерді бір-бірімен қарсы келместей етіп түсіндіру үшін кедейлерді екіге бөлген жөн» дейді. Оның пікірінше, кедейлер:

а) Жұмыс жасауға қабілетті, қолынан іс келетін саудагер, қолөнерші немесе диқан секілді кедейлер. Бірақ олардың қаражаты болмағандықтан, сауда жасауға не жерді өңдеуге қажетті құрал-саймандары жоқ. Бұл топқа жататын кедейлерге аяқтарынан тұрып кету үшін өздеріне және отбасыларының қажеттеріне жетерлік көлемде зекеттен беруге болады.

ә) Жұмыс жасауға қауқарсыз, қолынан іс келмейтін жетім-жесірлер, зағип жандар, жасы келген қарияларға зекеттен бір жылдық қаражатын беруге болады.

Кедейлерді жағдайына қарай осылай бөлу Омар ибн әл-Хаттаб пен Әли ибн Әбу Талибтан (Аллаһ ол екеуіне разы болсын) жеткен өсиеттерге сай келеді.

Әли ибн Әбу Талиб (Аллаһ оған разы болсын): «*Аллаһ байлардың байлықтарында кедейлеріне жететін көлемдегіні парыз етті*», – деген және Омар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын): «*Егер (зекеттен) берсеңдер, бай қылыңдар*», – деген¹.

Сондықтан жұмыс істеуге қабілетті адамға жұмыс істеуіне, үйі жоққа үй сатып алуына және үйлене алмай жүргенге үйленуіне қажетті көлемде зекеттен беруге болады².

8. Қарызды кешіру зекеттің орнына жүрмейді. Себебі меншікке өткізу – зекеттің дұрыс болуының шарты. Ал қарызды кешіргенде меншікке өту, иелендіру жүзеге аспайды. Қарызды кешіру – қарыздар адамды мойнындағы бір міндеттен босату ғана.

Егер зекет парыз болған адамның бір кедейде қарызы болса, оған алдымен зекетін беріп, одан кейін ғана кедейге қарызын есіне салуға болады. Ал егер зекет берушінің жағдайы өте жақсы болса және кедейдегі қарызына мұқтаждығы болмаса, қарызын кешіріп жібергені абзал.

9. Зекетті қателесіп, зекеттен үлесі жоқ біреуге беріп қойса, оған зекетін қайта шығару парыз емес. Бұлай берілген зекет дұрыс деп есептеледі.

Бірде Язид садақа шығарып, оны мешітте отырған бір кісіге кедейлерге таратып беруі үшін береді. Сонда Язидтың ұлы Мағн оның әкесінің садақасы екендігін білместен сол садақадан алады. Мұны білген Язид ұлының өзінің садақасынан алғанын құптамай, төрелікті білу үшін Аллаһ елшісіне (с.а.с.) жүгінеді. Сонда Аллаһ елшісі (с.а.с.): «*Ей, Язид! Саған ниет еткенің (бұйырады). Ей, Мағн! Саған алғаның (бұйырады)*», – деген³.

10. Тәхәйул – адамның зекетін шығармас үшін айла қолдану. Өкінішке қарай, Аллаһ нығмет берген адамдардың арасында барға қанағат, Аллаһтың берген байлығына шүкіршілік етпейтін, байлығының зекетін бермеу мақсатында әртүрлі айла-әдіс қолданып, зекет төлеуден жалтаратындар да кездесіп жатады. Мысалы, меншігінде болған қырық қойын бір жыл толуға жақын қалғанда, екіге бөліп, жартысын әйеліне сыйлайды. Сол арқылы қойымның саны нисапқа толған жоқ деп, зекеттен жалтарады немесе зекет шығармау ниетімен қырық қойдың бірнешеуін сатып, орнына сиыр сатып алады. Егер осы секілді айла істерді зекеттен қашу ниетімен істеген болса, ол өзін алдаған және Аллаһтың азабына душар болған деп есептеледі. Егер адал ниетпен істеген болса, жазадан аман қалады. Өйткені Аллаһ елшісі: «*Амалдар ниетіне қарай. Әркімге ниет еткені бұйырады*», – деген.

¹ Әл-Бәйһақи, әс-Сунән әл-кубра, VII том, 23-бет. Мусаннаф Ибн Әбу Шәйбә, III том, 70-бет.

² Әл-Муфассал фи әл-фикһ әл-ханафи, 321-322 беттер.

³ Сахих әл-Бұхари, Китәб әз-зәкәт, 1333.

11. Егер біреуге зекет парыз болып, ол оны өтемесе, күнәкар болады және зекеттің парыздығы оның мойнынан түспейді. Намаздың қазасын өтеу секілді бір немесе бірнеше жыл бойы төлемеген зекеттің де қазасын өтеу – парыз. Яғни ол сол жылдары қанша зекет төлеу парыз болса, сонша мөлшерде зекетін шығару керек. Кейде адам тәубесіне келіп, өткен жылдардың зекетін шығаруды ниет еткенімен, қолындағы бар байлығы зекетіне жетпейтін болса немесе ол қаражатқа өзі мұқтаж болса, зекетті бөліп-бөліп аз-аздан, ұзақ уақыт бойы шығаруына рұқсат етіледі. Егер ол адам қария болып әрі өлімнен қорқатын болса, мұрагерлеріне өзі төлеп үлгермеген зекетін шығаруды өсиет етіп кетуі керек. Өйткені зекеті шығарылмаған байлық Қияметте сұр жылан күйінде келіп, мойынға оралып, адамның жағынан шағады. Аллаһ ондайдың бетін аулақ қылсын. Сондықтан парыз етілген зекетті өз мезгілінде, кешіктірмей шығару пендені осындай бәледен сақтайды.

Егер бай адам шығынға ұшырап, кедей болып қалса, өтеп үлгермеген зекеттерін қолына байлық тиген кезде шығаруды ниет етіп, істеген күнәсі үшін шынайы тәубе жасауы керек.

12. Егер адам өзінің ажалының жақын қалғанын сезіп, әлі шығарып үлгермеген зекеті, қарыздары немесе мойнында өзгелердің кеткен басқа да ақылары болса, мұрагерлеріне сол құқықтарды шығаруды өсиет етуі қажет. Шариғат заңы бойынша, мұндай өсиеттер марқұмнан қалған байлықтың үштен бірінен беріледі, қалған үштен екісі – мұрагерлерінің ақысы. Егер марқұмның өтелінбеген зекеті осы үштің бірінен де көп болса, мұрагерлеріне үштен бірінен артығын зекет ретінде шығару парыз емес. Тек мұрагерлер келісіп, өздеріне тиесілі үштен екісінен зекеттің қалғанын шығаруды қаласа, марқұмның зекеті толықтай мұраға қалдырған байлығынан шығарылады.

Егер марқұм зекетін өтеуді өсиет етпесе, мұрагерлеріне оны шығару міндет емес. Себебі зекет – ғибадат. Ал ғибадаттың басты шарты – ниет. Бұл жағдайда марқұмның зекетін шығаруы ниет етілмеген. Сондықтан мұрагерлеріне оны шығару міндеті жүктелмейді. Тек қана өздері қалап, марқұмның зекетін шығарса, шариғат бойынша дұрыс деп есептеледі. Өйткені қажылық парыз болған адам қайтыс болғанда, оның артынан ұрпақтарына қажылық жасауға рұқсат етіледі, зекеттің де үкімі сол сияқты.

Зекетті есептеу тәсілі

Егер зекет шығарушы саудагер, қолөнерші, ұста, жермен немесе қозғалмайтын мүлікпен сауда жасаушы болса, зекетін төмендегі тәртіп бойынша есептейді:

1. Сатуға арналған қолында бар тауарлардың, жерлердің, жылжымайтын мүліктің зекет парыз болған сәттегі базардағы құнын есептейді. Егер ол көтерме саудамен айналысса, тауардың көтерме саудадағы құнын, даналап сатумен айналысса, тауардың даналап сатудағы құнын есептейді.

2. Сауда тауарларының құнына өзінің қолындағы ақшаны және басқалардағы қарыздарын қоса есептейді.

3. Алтын-күмісі бар болса, нисапқа толғанын-толмағанына қарамастан, жоғарыда жиналған ақшаға алтын мен күмістің құнын қосады. Себебі алтын-күміс, ақша және сауда тауарлары зекеті шығарылатын байлықтың бір түрі деп есептеледі.

4. Басқаларға берешек қарыздарын, жұмыс барысындағы шығындарын, жұмысшылардың айлықтарын және салықтарды жоғарыда жиналған ақшадан шегеріп тастайды.

5. Жиналған таза пайданың екі жарым пайызын зекет ретінде шығарады. Мысалы, жиналған таза пайда жүз мың теңге болса, екі мың бес жүзін зекет ретінде шығарады. Бір қарағанда немесе соншама көп байлығы бар адамға мұндай көлемде жылына бір-ақ рет зекет шығару өте оңай әрі жеңіл көрінуі мүмкін. Бірақ ол Аллаһтың алдында жүздеген есеге дейін еселеніп, зекет шығарушының тозақтан құтылуына зор септігін тигізетіні сөзсіз.

Зекеттегі өкілеттік (уәкілдік)

Зекет шығару парыз болған адамға зекетін шығаруды басқа біреуге тапсыруына рұқсат етіледі. Оны шарифатта «уәкіл» деп атайды. Егер зекет шығарушы зекетін шығарған кезде ниет еткен болса, уәкілі оны кедейлерге таратқан кезде ниет етуі шарт емес. Уәкіл зекетті тарату жұмысын зекет шығарушының рұқсатынсыз басқа бір адамға тапсыра алады. Егер зекет иесі зекетті арнайы адамдарға ғана беруді тапсырған болса, уәкілі оны тек сол адамдарға беруі тиіс. Егер зекет иесі арнайы адамдарды атамастан, тек кедейлерге үлестіруді тапсырса, уәкілі оны әйеліне және кедей ұл-қыздарына, туған-туысқандарына беруіне болады. Егер зекет иесі уәкілге мына зекетті қалаған жеріңе бер десе, одан өзіне де алуға болады. Ал басқа жағдайларда өзіне алуына болмайды.

Зекетті басқа жерлерге жіберу

Негізі, зекетті парыз болған жердегі кедейлерге және басқа да зекеттен үлесі барларға беру қажет. Егер сол елде зекеттен үлесі барлар табылмаған жағдайда, оны басқа жерге жіберуге болады. Зекетті себепсіз басқа елді мекенге жіберу – мәкруһ. Тек басқа елді мекендегілер зекетке көбірек мұқтаж болса немесе елден жырақта зекетке мұқтаж жақын туысы болса яки білім алып жүрсе, зекетті соған жіберуге рұқсат етіледі.

Зияд немесе басқа басшылар Имран ибн Хусайнды (Аллаһ оған разы болсын) зекет жинауға жібереді. Ол қайтып келген уақытта Имраннан: «Байлық қайда?» – деп сұрайды. Сонда ол: *«Мені байлық үшін жіберген бе едің? Аллаһ елиісі (с.а.с.) заманында алған жерден алдық та, Аллаһ елиісі*

(с.а.с.) заманында қоятын жерге қойдық», – деп жауап берген¹. Яғни зекетті сол жердің байларынан жинап, сол елді мекеннің кедейлеріне үлестіріп берген.

Зекет бергенде айтылатын дұға

Әбу Нурайра (с.а.с.): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Егер зекет берсеңдер, оның сауабын және «Аллаһумма ижъалһа мәғнамән уә лә тажъалһә мәғрамә (Аллаһым, мұны олжа ет, шығын етпе)» деп айтуды ұмытпаңдар», – деді»,* – деп айтқан².

Аллаһ елшісі (с.а.с.) зекет және садақа әкелген адамға: *«Аллаһым, оған игілік бер»,* – деп дұға қылатын.

Абдуллаһ ибн Әбу Әуфә (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Егер біреулер Пайғамбар (с.а.с.) зекеттерін алып келсе, ол (с.а.с.): «Аллаһым, пәленшенің әулетіне игілік бер», – дейтін. (Бірде) менің әкем зекетін алып келді. Сонда ол (с.а.с.): «Аллаһым, Әбу Әуфәнің әулетіне игілік бер», – деді»,* – деген³.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) бірде біреу түйесінің зекетін шығарғанда, оған *«Аллаһым, оған және оның түйесіне береке бер»,* – деп дұға қылған⁴.

¹ Сунән Әбу Дауд, Китәб әз-зәкәт, 1384. Сунән Ибн Мәжәһ, Китәб әз-зәкәт, 1801.

² Сунән Ибн Мәжәһ, Китәб әз-зәкәт, 1787.

³ Сахих әл-Бұхари, Китәб әз-зәкәт, 1402.

⁴ Сунән ән-Нәсәи, Бәб әл-жамғ бәйнә әл-мутәфәрриқ ..., 2458.

ПІТІР САДАҚАСЫ

Ораза айт намазына дейін әрбір мұсылман үшін шығарылатын уәжіп садақаны «пітір садақасы» дейміз. Оны кейде «пітір зекеті» деп те атайды.

Пітір садақасы хижраның 2-жылы шағбан айында шарғи амал ретінде бекітілді.

Үкімі: қажетінен артық нисапқа толған байлығы және бас бостандығы бар әрбір мұсылманға уәжіп. Пітір садақасының уәжіп болуының шарттары:

1. Ислам. Пітір садақасы мұсылман еместерге уәжіп емес.

2. Қажетінен артық нисапқа толған байлығының болуы.

Пітір садақасын шығару үшін балиғатқа толу мен ақыл-есі бүтін болу шарт емес. Сәби мен жарым естің пітір садақасын уәліі (қамқоршысы) шығарады. Сол сияқты жас балалары мен ақыл-есі кем үлкен балалары үшін пітір садақасын әкесі шығарады.

Пітір зекетін шығару үшін нисапқа толған байлықтың бір жыл тұруы және оның саудаға арналуы шарт емес.

Қалған үш мазһабта негізгі қажетінен артық және өзі мен отбасының айт күнгі қажетінен артық байлығы бар адамға пітір садақасын шығару – уәжіп. Яғни көпшілік ғалымдардың пікірінше, пітір садақасын шығару үшін қолдағы байлықтың нисапқа толуы шарт емес¹.

Пітір садақасының уәжіп екендігін аңғартатын хадистер Аллаһ елшісінен (с.а.с.) көп жеткен.

Ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) әрбір мұсылман құл мен басы азатқа, еркек пен әйелге, жас пен үлкенге бір сағ құрма не бір сағ арпа (мөлшерінде) пітір зекетін беруді парыз етті және оны адамдар (айт) намазына шығудан бұрын беруді бұйырды»,* – деген².

Ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) жасқа да, үлкенге де, басы азатқа да, құлға да бір сағ арпа немесе бір сағ құрма (мөлшерінде) пітір садақасын беруді парыз етті»,* – деп айтқан³.

Пітір садақасы рамазан айында тұтқан оразаның кемшілігінің орнын толтырады, ораза ұстаған адамның жіберген қателіктерін, дөрекі сөздерін кешіртеді. Кедейлердің көңілдеріне қуаныш ұялатып, оларды адамдардан қайыр сұраудан құтқарады.

Ибн Аббас (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) пітір зекетін ораза ұстаушыға бос, дөрекі сөзден тазалану және міскіндер үшін арналған тамақ ретінде парыз етті. Кімде-кім оны (ораза айт) намазынан бұрын шығарса, ол – қабыл болған садақа. Кімде-кім оны намаздан кейін шығарса, (жай) садақалардың бірі»,* – деген⁴.

¹ Әл-Муфассал фи әл-фиqh әл-ханафи, 295-бет.

² Сахих әл-Бұхари, Китәб әз-зәкәт, 1407.

³ Сахих әл-Бұхари, Китәб әз-зәкәт, 1416.

⁴ Сунән Әбу Дауд, Китәб зәкәт әл-фитр, 1371, сахих хадис.

Пітір садақасын кімнің атынан шығарады?

Пітір садақасын мұсылман өзі үшін және балиғатқа толмаған сәбилері мен балиғатқа толған ақыл-есі кем балалары үшін шығаруы керек. Ханафи мазһабында ата-анасы және жұбайы үшін пітір садақасын шығару міндет емес. Ал шафиғи және басқаларда егер әйелі мен ата-анасы кедей болса, еркекке олардың атынан пітір садақасын шығару – уәжіп. Пітір садақасын шығару уәжіп болған адамға балиғатқа толмаған інілері мен қарындастары үшін пітір садақасын шығару міндет емес. Өзі қалап, еркімен шығаруына рұқсат етіледі және бұл сауабы мол іске жатады.

Егер пітір садақасын балиғатқа толған балаларының, әйелінің, ата-анасының атынан олардың рұқсатынсыз шығарса, дұрыс деп есептеледі. Себебі әдет-ғұрыпта бұндай істерге рұқсат етіледі.

Пітір садақасын шығаратын уақыт

Пітір садақасы айт күнгі таң атумен уәжіп болады. Сондықтан пітір садақасын таң атқанға дейін туылған нәрестенің атынан шығару – уәжіп және таң атпай тұрып қайтыс болған адамның атынан шығару уәжіп емес.

Пітірді ораза айт намазының алдында шығарған мустахаб. Пітірді рамазан айының басынан бастап шығара беруге рұқсат етіледі. Өйткені пітірдің уәжіп болуының екі себебі бар: рамазан айындағы ораза және сол оразаны аяқтау. Егер осы екі себептің бірі болса, пітір садақасын шығара беруге болады. Бірақ айт күні кедейлердің көңіл күйлері көтеріңкі болу үшін пітір садақасын рамазан айының соңғы күндері шығарған жақсы.

Пітір садақасын уақытында шығармаған адамның мойнынан оның уәжіптік міндеті өтегенше түспейді¹.

Пітір садақасы шығарылатын астық және оның мөлшері

Пітір садақасын күнделікті аста пайдаланатын астықтың түрлерінен шығару керек. Оны бидайдан, арпадан, күріштен және т.б. астық түрлерінен шығаруға болады. Әрбір жан үшін берілетін пітірдің көлемі төменде келтіріледі.

Әбу Сағид әл-Худри (Аллаһ оған разы болсын): *«Пітір зекетін бір сағ тамақ немесе бір сағ арпа не бір сағ құрма яки бір сағ құрт, болмаса бір сағ мейіз ретінде шығаратынбыз»*, – деген².

1. Бидай мен оның ұнынан жарты сағ мөлшерінде пітір шығарылады. Ол шамамен екі келіге тең келеді.

¹ Әл-Муфассал фи әл-фикһ әл-ханафи, 295-бет.

² Сахих әл-Бұхари, Китәб әз-зәкәт, 1410. Сахих Муслим, Китәб әз-зәкәт, 1640.

2. Құрмадан, арпадан, мейізден де бір сағ мөлшерінде пітір шығарылады. Ол шамамен төрт келіге теңеріледі.

Ханафи мазһабында пітір ретінде осы аталған астықтардың құнына теңесетін ақшаны шығарса да болады. Жалпы, пітір садақасын шығарған уақытта кедейлер неге көбірек мұқтаж болса, сол заттан берген абзал. Егер ақшаға мұқтаж болса, қаржылай, тамаққа мұқтаж болса, тамақпен берген абзал.

Қазіргі кезде жоғарыда аталған астық түрлерінің құнының арасындағы алшақтық көп болғандықтан, пітір шығаратын адам өзінің жағдайына қарай, шамасына сай келеді-ау деген астықтың түрінен немесе соған сәйкесетін оның құнын шығарғаны дұрыс.

Пітір садақасы кімдерге беріледі?

Пітір садақасын алуға зекеттен үлесі барлар құқылы. Пітір садақасын өзіне туыстық қатынасы жағынан жақын адамнан бастаған абзал. Бірақ оны әке-шешесіне, ата-анасына және өзінен тарайтын ұрпақтарына беруге болмайды. Ханафи мазһабында күйеуі әйеліне және әйелі күйеуіне пітір садақасын бермейді.

Пітір садақасына қатысты үкімдер:

1. Пітір оразадан кейін келгенімен, оған қатысы жоқ, өз алдына жеке ғибадат. Сондықтан адам ораза ұстағанына не ұстамағандығына қарамастан, пітір садақасын беруі қажет.

2. Пітір садақасы пақырлар мен міскіндердің ақысы болғандықтан, оны ауруханаларға не мешіт салу үшін қайырымдылық қорларына беруге болмайды. Тек қайырымдылық қорлары жиналған пітірді кедейлерге үлестіріп беретін болса ғана сол қорларға өткізуге болады.

3. Пітір садақасын шығару ғибадатқа жататындықтан, оны шығаруға ниет ету қажет. Ал пітір ниетінсіз ораза айында, тіпті айт намазының алдында ғана шығарылған садақаның өзі пітір садақасының орнына жүрмейді. Мұндай жағдайда қайтадан пітір ниетімен садақа шығару керек.

Пітір садақасын алатын адамның оның пітір екендігін білуі шарт та, мустахаб та емес.

4. Бақуатты әйелге күйеуі кедей болса да, балалары үшін пітір шығару міндет емес. Егер балалары үшін пітір садақасын шығарса, сауапқа кенеледі.

5. Күйеуіне әйелінің басқа күйеуінен туған балалары үшін пітір шығару міндет емес.

6. Бір адамның пітірін бірнеше кедейге бөліп беруге және бірнеше адамдардың пітірін бір кедейге беруге болады.

7. Уақытында шығармаған пітір садақасы өтегенге дейін ол адамның мойнынан түспейді. Егер пітір садақасын өтеп үлгермей, дүниеден озса, мұрагерлері оның артында қалған мұрасының үштен бірінен пітір садақасын шығарады.

ОРАЗА КІТАБЫ

Ислам дінінде әрбір мұсылманға жүктелген бес парыздың бірі – ораза тұту. «Ораза» сөзі араб тілінде «саум» немесе «сиям» деп аталады. Оның лексикалық мағынасы: бір нәрседен шектелу, тыйылу. «Лисән әл-араб» атты араб тілінің түсіндірме сөздігінде: «саум – тамақтан, сусыннан, үйленуден және сөйлеуден тыйылу» деп берілген¹.

Шарифатта ораза тұту Аллаһ ризашылығы үшін ниет етіп, шынайы таң атқаннан (фәжр садик) күн батқанға дейін оразаны бұзатын нәрселерден оразаның белгіленген шарттарын орындай отырып, тыйылуды білдіреді. Бұл анықтамаға талдау жасап, ішкі мағынасына кеңірек тоқталсақ:

Аллаһ ризашылығы үшін – кез келген ғибадаттың қабыл болуының негізгі шарты сол ғибадатты Аллаһ жолында шынайы ықыласпен орындау болып табылады.

Шынайы таң ату (фәжр садик) – таң сәулесінің көкжиекті бойлай шығуы. Ол туралы намаздың уақыттары тарауында толық айтылған. «Фәжр кәзиб» пен «фәжр садиктың» арасы шамамен он екі минутты құрайды². Ораза кезінде ауыз бекіту шынайы таң атудан басталады.

Самура ибн Жундуб (Аллаһ оған разы болсын): «*Аллаһ елшісі* (с.а.с.): «*Сендерді сәресіден* (таң сәулесі) *былай жалпақ болғанша Биләлдің азаны және көкжиектегі тік ақ* (сәуле) *азғырмасын* (тыймасын)», – деді», – деген. Хаммад: оны қолымен көрсетіп: «Яғни жалпағынан», – деп айтқан³.

Биләл (Аллаһ оған разы болсын) ұйықтап жатқан адамдардың таң намазына дайындалуы үшін оянсын және түнде намазға тұрып, ғибадат ететіндер таң намазы уақытының жақындағанын білсін деп, таң намазы кірместен бұрын азан шақыратын болған. Сондықтан Аллаһ елшісі (с.а.с.) Биләлдің таң атпай тұрып, азан шақыратындығын ескерткен.

Абдуллаһ ибн Омардан (Аллаһ әкесі екеуіне оған разы болсын), Аллаһ елшісі (с.а.с.): «*Биләл түнде азан шақырады. Сондықтан Ибн Умму Мәктум азан шақырмайынша жеңдер, ішіңдер*», – деген. (Ибн Омар): «*Ол* (Ибн Умму Мәктум) *соқыр кісі еді. Оған таң атты, таң атты дегенге дейін азан шақырмайтын*», – деді⁴. Муслимнің риуаятында «*Ибн Умму Мәктумнің азанын естімейінше...*» деп келген.

«*Күн батқанға дейін*» тіркесі күннің толық ұясына кіргенге дейінгі уақытты білдіреді. Егер күннің толық батқандығын байқай алмайтындай жағдай болса, оны шығыс жақтан қараңғылық байқалған уақытпен білуге болады. Яғни шығыс жақтан қараңғылықтың қылаулауы күннің батқандығының дәлелі болып саналады.

¹ Лисән әл-араб, VII том, 445-бет.

² Әл-Фикһ әл-ханафи фи сәубиһ әл-жәдид, I том, 381-бет.

³ Сахих Муслим, Китәб әс-сиям, 1833.

⁴ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-әзән, 582.

Оразаны бұзатын амалдар мен оның шарттары жеке-жеке тақырыптарда талданады.

Оразаның маңыздылығы мен абзалдығы

1. Ораза ұстау парыз амал болғандықтан, оны ұстаған адам жүктелген міндеттен құтылады және сол үшін зор сауапқа кенеледі. Себебі Аллаһ тағала нәпіл амалдарға қарағанда парыз амалдарына көп сауап береді.

Аллаһ елшісі (с.а.с.): *«...Пендем маған Өзім оған парыз еткеннен артық Мен үшін ең сүйікті амалмен жақындаған емес...»*, – деген¹.

2. Ораза адамның нәпсісін игеруге, тәрбиелеуге көмектеседі. Адамның ерік-жігерін, күшін арттырады. Таң атқаннан күн батқанға дейін тамақ, сусын секілді нәрселерден нәпсісін тежей білген адам кез келген сәтте күнәлі істерден де нәпсісін ауыздықтай алады. Ораза тұту адамды ұстамдылыққа, сабырлыққа, сөзіне берік әрі ісіне ұқыпты болуға тәрбиелейді.

3. Аллаһ тағала оразаны басқа ғибадаттардан ерекшелеп, оның сауабының қаншалықты екендігін Өзі ғана білетіндігін айтқан.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ елшісінен (с.а.с.) риуаят еткен қудси хадисте: Аллаһ: *«Адам баласының оразадан басқа барлық амалы өзі үшін. Ал (ораз) Мен үшін, оның сауабын Мен беремін»*, – деген².

4. Ораза Қияметте тозақтан қорғайтын қалқан болады.

Әбу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын), Аллаһ елшісі (с.а.с.): *«Ораза – (тозақтан) қалқан, сондықтан (ораз) тұтушы) бұзықтық істемесін және надандыққа бармасын. Ал егер бір кісі оған соқтықса немесе балағаттаса, екі рет: «Мен оразамын» деп айтсын. Жаным қолында болған (Аллаһ)пен ант етейін, ораза тұтушының ауызының иісі Аллаһ тағаланың алдында мисктің иісінен де жағымдырақ. (Сондай-ақ Аллаһ былай дейді): «Ол Мен үшін тамағын, сусынын және шақуатын тастады. Ораза Мен үшін және оның сыйын Өзім беремін, ал қайырлы іске дәл сондай он есе (сауап беріледі)»*», – деген³.

5. Ораза тұту мен Құран оқу Қиямет күні шапағатшы болады.

Абдуллаһ ибн Амрдан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын), Аллаһ елшісі (с.а.с.): *«Ораза мен Құран пендеге Қиямет күні шапағат жасайды. Ораза: «Уа, Раббым! Оны тамақтан және шақуаттан күндіз тыйдым. Мені оған шапағатшы ет», – дейді. Құран: «Оны түнде ұйқыдан тыйдым. Мені оған шапағатшы ет», – дейді. (Пайғамбар (с.а.с.): «Ол екеуі шапағатшы болады», – деді»*⁴.

¹ Сахих әл-Бұхари, Бәб шәһәдәту әл-ағмә ..., 2513.

² Сахих әл-Бұхари, Китәб әс-саум, 1771.

³ Сахих әл-Бұхари, Китәб әс-саум, 1761.

⁴ Муснәд Ахмад, Китәб муснәд Абдуллаһ ибн Амр, 6337.

6. Аллаһ үшін бір күн ораза ұстаған адамның жүзі жетпіс жылға тозақтан алшақтатылады.

Әбу Сағид әл-Худри (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Пенде Аллаһ жолында бір күн ораза ұстаса, Аллаһ тағала сол күн үшін тозақты оның жүзінен жетпіс күз алшақтатады», – деді»,* – деп айтқан¹.

7. Жаннаттың тек ораза тұтқандарға арналған арнайы қақпасы да бар.

Сәһлден (Аллаһ оған разы болсын), Пайғамбар (с.а.с.): *«Расында, жаннатта «Райһан» деп аталатын бір қақпа бар, одан ораза тұтқандар кіреді, ол қақпадан олардан басқа ешкім кірмейді. «Ораза тұтушылар қайда?» делінеді. Сонда олар (ораза ұстағандар) тұрады, одан олардан басқа ешкім кірмейді. Олар кірген соң, (Райһан) жабылып, (ол қақпадан) ешкім кірмейді»,* – деген².

Аллаһ елшісі Мұхаммедтің (с.а.с.) хадистерінде оразаның басқа да артықшылықтары туралы көп айтылған. Ол хадистерді үлкен хадис жинақтарынан оқуға болады.

Оразаның түрлері

Ханафи мазһабында оразаны парыз, уәжіп, сүннет (нәпіл) және мәкруһ оразалар деп бірнеше топқа бөлген³. Енді оразаның түрлерін ханафи мазһабының кітаптарында айтылған тәртіпке сай бөліп қарастырсақ:

1. Уақыты бекітілген парыз ораза. Ол – рамазан айында тұтылатын ораза. Рамазан айында ораза ұстаудың дәлелі Құранда, сүннетте анық айтылған және барлық ғұламалар рамазан айында ораза ұстаудың парыз екендігін әрі оны мойындамаған адамның діннен шығатындығын бірауыздан құптаған.

Рамазан айында ораза ұстаудың міндет екенін білетін, ақыл-есі бүтін, балиғатқа толған әрбір мұсылманға аузын бекіту – парыз. Аллаһ тағала: **«Рамазан айы сондай бір ай, ол айда адам баласына тура жол және (ақ пен қараны) айыратын дәлел түрінде Құран түсірілді. Сендерден кім**

¹ Сунән ән-Нәсәи, Китәб әс-сиям, 2219. Сунән әт-Тирмизи, Китәб фадаил әл-жиһад, 1548, сахих хадис.

² Сахих әл-Бұхари, Китәб әс-саум, 1763.

³ Мәлики, шафиғи және ханбали мазһабтарында оразаны төрт түрге бөлген. Олар:

1. Парыз ораза. Оған рамазан айындағы ораза мен оның қазасы, кәффарат және нәзір оразалар жатады.
2. Сүннет оразалар. Оған дүйсенбі, бейсенбі күндері, шәууәл айындағы алты күн және басқа да хадистерде айтылған оразалар жатады.
3. Мәкруһ оразалар. Оған жұма күні, рамазан айынан бір күн бұрын ораза ұстау жатады.
4. Харам оразалар. Оған екі айт және ташриқ күндері (құрбан айттан кейінгі үш күн) ораза ұстау жатады (әл-Фикһ алә әл-мазаһиб әл-арбаға, 306-бет).

рамазан айында болса, ораза ұстасын. Ал біреу науқас не сапарда болса, басқа күндерде (тұтпаған оразасының) санын толтырсын. Аллаһ сендерге жеңілдік қалайды, ауыршылық қаламайды. Сендерді тура жолға салған Аллаһқа шүкірлік етулерің үшін санын толтырындар. Әрі Аллаһты ұлықтаңдар»¹, – деген.

2. Уақыты бекітілмеген парыз ораза. Оған рамазан айында тұтпаған оразаның қазасы және кәффарат оразалар жатады.

Рамазан айындағы ұсталмаған оразаны үзірсіз немесе үзірлі болғандығына қарамастан қазасын өтеу керек. Өйткені Аллаһ: **«Ал біреу науқас не сапарда болса, басқа күндерде санын толтырсын»²**, – деген.

Кәффарат оразалары:

– **Ант кәффараты** (кәффарату ямин). Кімде-кім берген антын бұзатын болса, бір құлды азат етуі немесе он кедейді тамақтандыруы не киіндіруі, оған шамасы келмесе, қатарынан үш күн арасын үзбей ораза ұстауы керек. Аллаһ тағала: **«Аллаһ анттарыңдағы бос сөзді есепке алмайды. Алайда (ант бұзсаңдар), біле тұра істеген анттарыңнан жауапкер етер. Оның төлеуі: үй-іштеріңе жегізетіндей азықпен орта есеппен он міскінді тамақтандыру не оларды киіндіру немесе бір құл азат ету. Мұны таппаған біреу үш күн ораза ұстау (керек). (Бұзған) анттарыңның жазасы – осы. Анттарыңды қорғандар. Аллаһ сендерге аяттарын осылайша түсіндіреді, шүкірлік етерсіңдер»³**, – деген.

– **Зиһар кәффараты.** Арабтарда әйелін өзі өмір бойы үйленуіне болмайтын анасы, қызы, әпкесі секілді әйелдің бір мүшесіне теңеу, салыстыру талақпен бірдей болған. Мысалы, әйеліне «сен маған анамның арқасындайсың» деп айту. Ал кімде-кім осы зиһарды қолданған болса, оның кәффаратын өтемейінше, әйеліне жақындасуына болмайды. Аллаһ тағала: **«Сондай жұбайларын зиһар еткендер, сосын айтқан сөздерінен қайтса, сонда екеуі қосылудан бұрын бір құл азат етуге тиіс. Міне сендерге осы нұсқау беріледі. Аллаһ не істегендеріңді толық біледі. Сонда біреу құл таба алмаса, екеуі қосылудан бұрын тұтас екі ай ораза ұстасын. Біреудің оған да шамасы келмесе, алпыс аш кісіні тамақтандырсын. Бұл – Аллаһқа, елшісіне иман келтірулерің үшін. Сондай-ақ осы Аллаһтың шектері, қарсы болушыларға жантүршігерлік азап бар»⁴**, – деген.

Оның кәффараты мына тәртіппен өтеледі:

Бір құлды азат етеді. Егер азат етуге құл не құн таба алмаса, екі ай арасын үзбей ораза ұстайды. Егер екі ай ораза ұстауға шамасы келмесе не

¹ «Бақара» сүресі, 185-аят.

² «Бақара» сүресі, 185-аят.

³ «Мәида» сүресі, 89-аят.

⁴ «Мужәдәлә» сүресі, 3-4 аяттар.

денсаулығы жарамаса, алпыс кедейді шамамен өзі тамақтанып жүрген тамақпен тамақтандырады.

– **Байқамай біреуді өлтіріп қоюдың кәффараты.** Байқаусызда біреуді өлтіріп қоюдың да кәффараты зиһар кәффараты секілді. Тек мұнда азат ететін құл не күң мұсылман болуы керек. Аллаһ тағала: **«Бір мүміннің бір мүмінді өлтіруіне болмайды. Бірақ қателесіп өлтірсе басқа. Және біреу бір мүмінді қателесіп өлтірсе, сонда бір мүмін құл азат етуі әрі өлгеннің иесіне құн тапсыруы керек. Бірақ олар кешірім етсе, ол басқа. Егер өлтірілген сендермен дұшпан елдегі бір мүмін болса, (құн төлемей) бір мүмін құл азат етуі керек. Ал егер (өлтірілген мүмін) сендермен олардың арасында келісім болған бір елден болса, өлгеннің иесіне құн тапсырып әрі бір мүмін құл азат етуі керек. Бұларды таба алмаған кісі Аллаһқа тәубе (ісінің қабыл болуы) үшін тұтас екі ай ораза ұстауы керек. Аллаһ (әр нәрсені толық) Білуші, хикмет Иесі»¹**, – деген.

– **Рамазан айындағы оразаның кәффараты.** Бұл мәселе арнайы рамазан оразасы тақырыбында кеңінен талданады.

– **Қажылық не умра амалдарын өтеу үшін ихрам халіне өткен адамның аң аулағаны не аулауға көмектескені үшін өтейтін кәффараты.** Егер мухрим (ихрам жағдайындағы адам) құрлықта өмір сүретін аңды өлтірсе немесе өлтіруге көмектесе, өлген аңды екі әділ кісі бағалап, сонымен тең келетін мал алып, Меккеде бауыздап, етін садақа етіп таратады. Болмаса, оның орнына соның құнына тең келетін тамақ алып, пітір садақасы секілді әр кедейге жарты сағ бидайдан немесе бір сағ арпа не бір сағ құрмадан бөліп береді. Яки әр кедейдің мөлшерінің орнына бір күн ораза ұстайды. Аллаһ тағала: **«Ей, иман келтіргендер! Сендер ихрамда аң өлтірмеңдер. Сендерден біреу оны әдейі өлтірсе, оның жазасы: өлтіргеніндей бір мал, оны сендерден екі әділ кісі Қағбаға баратын бір құрбанды үкім етеді. Не міскіндерді тамақтандыру немесе оның орнына ораза ұстау»²**, – деген.

– **Үзірлі жағдайда қажылықтың тыйым салынған бір амалын істеп қойғанда өтелетін кәффарат.** Егер қажылыққа немесе умраға ниет етіп, ихрамға кірген адам иісу себіну, шаш не тырнақ алдыру, тігілген киім кию секілді ихрам кезінде тыйым салынған амалдардың біреуін белгілі себептермен істеген болса, төмендегі үш амалдың қалағанын орындау қажет:

- бір қой сойып, садақа ретінде тарату;
- алты кедейдің әрқайсысына жарты сағ бидайдан беру;
- үш күн ораза ұстау.

¹ «Ниса» сүресі, 92-аят.

² «Мәйда» сүресі, 95-аят.

Аллаһ тағала: «Егер сендерден біреу (ихрам кезінде) науқас немесе басында бір жайсыздық болып, шаш алдырса, ораза не садақа немесе құрбандықтан төлеу салады»¹, – деген.

– Қажылықтың тәмәттуғ және қиран түрін жасағандар мал союға шамалары келмесе, орнына он күн ораза ұстайды. Оның үш күнін қажылық кезінде, қалған жеті күнін қажылық амалдарын аяқтағаннан кейін ұстайды. Аллаһ тағала: «Егер біреу құрбандық таба алмаса, қажылықта үш күн, үйге қайтып келгенде жеті күн болып, толық он күн ораза ұстайды»², – деген.

3. Уақыты белгіленген уәжіп ораза. Оған мына уақытта немесе мына күні ораза ұстаймын деп нәзір еткен ораза жатады. Өйткені Аллаһ тағала адамдарға берген уәделерін орындауды жүктеген. Аллаһ тағала: «**Және нәзірлерін орындасын**»³, – деген.

Айшадан (Аллаһ оған разы болсын), Пайғамбар (с.а.с.): «**Кімде-кім Аллаһқа мойынсынуға нәзір етсе, мойынсынсын** (нәзірін орындасын). **Ал кімде-кім Аллаһқа қарсы шығуды нәзір етсе, Оған қарсы шықпасын** (нәзірін орындамасын)», – деген⁴.

4. Уақыты белгіленбеген уәжіп ораза. Оған мына оразалар жатады:

– **Нақты мына күні ораза ұстаймын деп шектеу қоймаған нәзір ораза.** Мысалы, мен үш күн ораза ұстауды нәзір еттім десе, ол адамға кез келген үш күнде ораза ұстау уәжіп болады.

– **Бұзып алған сүннет оразаның қазасы.** Егер біреу өз еркімен ұстаған сүннет оразасын бұзатын болса, ханафи мазхабында оған сол оразаның қазасын өтеу уәжіп болады. Өйткені Аллаһ пенделеріне бастап қойған жақсы амалдарын жоймауды бұйырған. Аллаһ тағала: «**Және амалдарыңды жоймаңдар**»⁵, – деген.

Айша (Аллаһ оған разы болсын): «*Хафса екеуіміз ораза едік. Бізге жегіміз келген тамақ келді де, біз одан жеп қойдық. Аллаһ елшісі (с.а.с.) келген кезде Хафса, ол әкесінің қызы еді⁶, менен бұрын оған барып: «Уа, Аллаһтың елшісі! Біз ораза едік. Бізге жегіміз келген тамақ келді де, біз одан жеп қойдық», – деді. Ол (с.а.с.): «**Оның орнына басқа бір күні қазасын өтеңдер**», – деді⁷», – деген⁷.*

– **Нәзір иғтикаф кезінде ұстайтын ораза.** Бұл ораза туралы толық мағлұмат иғтикаф тақырыбында айтылады.

¹ «Бақара» сүресі, 196-аят.

² «Бақара» сүресі, 196-аят.

³ «Хаж» сүресі, 29-аят.

⁴ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-әймән уә ән-нузур, 6202.

⁵ «Мұхаммед» сүресі, 33-аят.

⁶ Яғни Хафса әкесі Омар (Аллаһ ол екеуіне разы болсын) секілді батыл еді.

⁷ Сунән әт-Тирмизи, Китәб әс-саум, 667.

5. Нәпіл (сүннет) оразалар. Нәпіл оразаларға арнайы тақырып арналған.

6. Мәкруһ тәнзиһи ораза. Яғни ұстағаннан гөрі ұстамаған абзалырақ оразалар. Оған мына оразалар жатады:

– Мухаррам айының тоғызыншы немесе он бірінші күні ораза ұстамай, тек қана оныншы күні ораза ұстау және аптаның тек қана сенбі немесе жексенбі күндері ораза ұстау. Өйткені бұл яһуди мен христиан дінінің гибадатына жатады. Ал шарифатта басқа діндегілерге ұқсауға тыйым салынған. Бірақ осы аталған күндерге бір не бірнеше күндерді алдына немесе кейін қосып ұстайтын болса, бұл ораза мәкруһ болмайды.

– Тек қана жұма күні ораза ұстау. Себебі жұма мұсылмандардың мейрамы болғандықтан, мұсылман пенденің жұма күні аузының ашық болғаны абзал.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Ешқайсыларың жұма күні ораза ұстамасын. Тек одан бұрын не кейін (күн қосып) ораза ұтаса, болады», – деді»,* – деп айтты¹.

– Өмір бойы ораза ұстау.

– Арасын үзбестен екі тәулік бойы ораза ұстау. Оны «саум уисал» (уисал оразасы) деп атайды. Яғни түнде де аузын ашпастан қатарынан екі күн бойы ораза ұстау.

– Ешбір үн қатпастан ораза ұстау. Яғни тамақтанумен қатар сөйлеуден де бас тарту арқылы ораза ұстау. Шарифатта бұлай ораза ұстауға тыйым салынған. Себебі отқа табынатын мәжустер осылайша ораза тұтатын болған.

– Күйеуінің рұқсатынсыз әйелдерге нәпіл ораза ұстау да мәкруһ болып есептеледі.

7. Мәкруһ тахрими оразалар. Оразаның бұл түріне екі айт күні және тәшриқ күндері (құрбан айттан кейінгі үш күн) ұстаған ораза жатады. Аллаһтың елшісі (с.а.с.) бұл күндері де ораза ұстаудан қайтарған. Тіпті ханафи мазһабының кейбір ғалымдары басқа үш мазһабтың пікірін қолдап, бұл күні ораза ұстауды харам деген².

Әбу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын), Аллаһ елшісі (с.а.с.) екі күн: құрбандық күні және ауызашар (ораза айты) күні ораза ұстаудан қайтарған³. қайтарған³.

Ал тәшриқ күндері – мұсылмандардың бір-біріне қонаққа барып, айтқа әзірленген тағамдардан дәм тататын, көңіл көтеретін мейрамдары. Сондықтан бұл күндері де ораза ұстауға тыйым салынған.

Нубәйша әл-Һузәли (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Тәшриқ күндері – тамақтану мен сусындану күндері», – деді»,* – деген¹. Яғни ол күндер – ойын-сауық, мейрам күндері.

¹ Сахих Муслим, Китәб әс-сиям, 1929.

² Бәб фатх әл-ғиная би шарх ән-нуқая, I том, 581-бет.

³ Сахих Муслим, Китәб әс-сиям, 1921.

Рамазан айындағы оразаның дәлелдері

Мұнда Ислам дінінің бір тірегі – рамазан айында ораза ұстаудың тікелей дәлелдері талданады. Ислам дінінің негізгі бес тірегі бар. Ол туралы Аллаһ елшісінен (с.а.с.) көптеген хадистер жеткен. Сол хадистердің ішінде халық арасында кең тарағаны – Жәбірейіл періште мен Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) арасында болған сұрақ-жауап риуаят етілген хадис. Сол хадисте оразаның Исламның бес тірегінің бірі екендігі нақты айтылған.

Аллаһ тағала оразаны Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) үмбетінен бұрынғы пайғамбарлардың да үмбеттеріне парыз еткен. Ол туралы Аллаһ тағала: **«Ей, иман келтіргендер! Сендерден бұрынғыларға ораза ұстау парыз етілгендей, сендерге де парыз етілді. Мүмкін тақуалық етерсіңдер»²**, – деген.

Яғни ораза ұстау да намаз оқу сияқты Аллаһ тағала жіберген барлық шарияттарда міндетті болған.

Ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Ислам бес (тірекке) құрылған: Аллаһтан басқа құдай жоқ және Мұхаммед Аллаһтың елшісі екендігіне куәлік беру, намаз оқу, зекет беру, қажылық (жасау) және рамазан (айында) ораза ұстау»*, – деді», – деген³.

Әбу Умәмә (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қоштасу қажылығында құтпа оқып тұрып: «Раббыларың Аллаһтан қорқыңдар, бес (парыз) намаздарыңды оқыңдар, (рамазан) айларыңда ораза тұтыңдар, байлықтарыңның зекетін беріңдер, басшыларыңа бағыныңдар, (сонда) Раббыларыңның жаннатына кіресіңдер»*, – дегенін естідім», – деген⁴. Имам Ахмадтың риуаятында *«Раббыларың Аллаһқа құлшылық етіңдер...»*, – деп келген.

Рамазан айының абзалдығы мен маңыздылығы

Бізге рамазан айының және ол айда ораза ұстаудың абзалдығы туралы Аллаһ елшісінен (с.а.с.) көптеген хадис жеткен. Осы тақырыпты қамтыған хадистердің бірнешеуіне тоқталуды жөн көрдік:

Пайғамбар (с.а.с.) рамазан туралы: *«Ол (айда) аспанның есіктері ашылады, тозақтың есіктері жабылады, әрбір қарсы шығушы шайтан кісенделеді. Әр түні шақырушы: «Ей, жақсылық қалаушы! Кәне, бері кел! Ей, жамандық қалаушы! Тыйыл!»* – деп шақырады», – деген⁵.

¹ Сахих Муслим, Китәб әс-сиям, 1926.

² «Бақара» сүресі, 183-аят.

³ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-иман, 7. Сахих Муслим, Китәб әл-иман, 21.

⁴ Сунән әт-Тирмизи, Китәб әл-жумъа, 599, сахих хадис.

⁵ Сунән ән-Нәсәи, Китәб әс-сиям, 2081.

Әбу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген хадисте Аллаһ елшісі (с.а.с.): **«Егер үлкен күнәлардан аулақ болса, бес (уақыт) намаз, жұма жұмаға дейінгі және рамазан рамазанға дейінгі аралықтағы күнәларды жояды»**, – деп айтатын¹.

Әбу Сағид әл-Худри (Аллаһ оған разы болсын): **«Аллаһ елшісінің (с.а.с.): «Кімде-кім рамазанда ораза тұтса, шектерін білсе, онда (рамазанда) сақтану керек нәрселерден сақтанса, өткен күнәларын кешіреді»**, – деп айтқанын естідім», – деген².

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): **«Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Кімде-кім Аллаһтың оған берген рұқсатынсыз рамазанда бір күн ауыз ашса, өмір бойы тұтса да, қазасын өтей алмайды»**, – деді», – деген³.

Рамазан айының туғанын анықтау

Егер күн тізбесінде жаңа күн түнгі он екіден кейін басталатын болса, ай тізбесі бойынша жаңа күн күн батқаннан кейін басталады. Мысалы, бүгінгі күннің батуымен ертеңгі күн басталады. Күн тізбесі күннің қозғалуымен есептелетін болса, ай тізбесі бойынша уақыт айдың толуымен және жаңадан туылуымен есептеледі. Ай тізбесі бойынша жаңа ай бірде жиырма тоғыз күнде, бірде отыз күнде туылады, соған қарай жаңа ай есептеледі.

Шағбан айының жиырма тоғызыншы күні күн батар кезде рамазан айының басталғандығын анықтау үшін жаңа айдың туғанын не тумағанын бақылау керек. Егер жаңа ай көрінсе, шағбан айы аяқталып, рамазан айы басталады. Ал көрінбесе немесе аспан бұлтты не тұманды болып, адамдар айдың туғанын көре алмаса, шағбан айын отызға толтырып, одан кейін рамазан айын бастайды. Яғни жаңа айдың туғанын белгілеудің екі жолы бар: жаңа айдың туғанын көру немесе айды отызға толтыру.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): **«Пайғамбар (с.а.с.): «Оны (жаңа айды) көргенде, ораза ұстаңдар, оны көрген кезде ауыз ашыңдар. Егер бұлтты болса, шағбан айын отызға толтырыңдар»**, – деді», – деп айтқан⁴.

Абдуллаһ ибн Омардан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын), Аллаһ елшісі (с.а.с.): **«Ай жиырма тоғыз түн (болуы да мүмкін). Сондықтан оны (жаңа айды) көрмейінше ораза тұтпаңдар. Егер бұлтты болса, (күндер санын) санды (шағбан айын) отызға толтырыңдар»**, – деген⁵.

Аспан бұлтты болып, көпшілік жаңа айдың туғанын көре алмаған кезде, бір әділ кісі жаңа айдың туғанын көргендігін хабарласа, оның хабары қабыл

¹ Сахих Муслим, Китәб әт-таһара, 344.

² Муснәд Ахмад, Китәб муснәд Әбу Сағид әл-Худри, 11098.

³ Сунән Әбу Дауд, Китәб әс-саум, 2045.

⁴ Сахих әл-Бұхари, Китәб әс-сиям, 1776.

⁵ Сахих әл-Бұхари, Китәб әс-сиям, 1774.

етіліп, барша мұсылмандарға келесі күннен бастап ораза ұстау парыз болады.

Осындай бұлтты күндердің бірінде бір бәдәуи (көшпенді сахара арабы) Пайғамбарға (с.а.с.) келіп, жаңа айдың туғанын көргендігін айтады. Сонда Аллаһ елшісі (с.а.с.) оған: *«Аллаһтан басқа құдай жоқ екендігіне куәлік бересің бе?»* – дейді. Ол: *«Иә»*, – дейді. Пайғамбар (с.а.с.): *«Мұхаммедтің Аллаһ елшісі екендігіне куәлік бересің бе?»* – дейді. Ол: *«Иә»*, – деп жауап береді. Сонда Аллаһ елшісі (с.а.с.): *«Ей, Биләл! Адамдарға жеткіз, ертең ораза ұстасын»*, – дейді¹. Егер жаңа туған айды көрген жалғыз адам болса, оның әділ болуы шарт. Әділ адам деп үлкен күнә жасамайтын, кіші күнәларға дағдыланбаған адамды айтады².

Егер басшы не жаңа айды анықтау міндетін атқарушы жаңа туған айды көрген адамның куәлігін қабылдамаса, ол адам өзі көргендіктен ораза тұтады, ораза тұтпаған жағдайда, рамазаннан кейін сол күннің қазасын өтейді, бірақ кәффаратын өтемейді. Айдың соңында да елден бұрын ауыз ашпайды. Себебі Аллаһ елшісі (с.а.с.) ораза айт намазы мен құрбан айт намазын көпшілікпен бірге өткізуді міндеттеген.

Әбу Ханифаның пікірінше, аспан ашық болған кезде екі адамның куәлігі жеткілікті. Тұрған жердің биіктігі мен аспанның қаншалықты ашық екендігі жаңа айды анықтауға әсер етеді.

Ханафи, мәлики және ханбали мазһабтарында бір елді мекенде жаңа айды көрсе, жер бетіндегі барлық мұсылмандарға ораза ұстау парыз болады.

Шафиғи мазһабында елді мекендердің алшақтығы ескеріледі.

Мысалы, Орталық Азия мемлекеттері өзара жақын елдер деп, Қазақстан мен Мысыр алыс елдер деп есептеледі. Сонда Қазақстан жаңа айды көргендіктерін хабарласа, бүкіл Орталық Азия мемлекеттеріне ораза ұстау төрт мазһабта міндет. Ал Қазақстанда ай көрінгенімен, Мысыр тұрғындары жаңа айды көрмесе, оларға Қазақстанның айды көргендіктеріне сүйеніп, ораза ұстау үш мазһабта міндетті, шафиғи мазһабында міндетті емес.

Жаңа айдың туылуына қатысты ортақ пікірге келе алмаған кезде көпшілік өздері өмір сүретін елдің діни басқармасының пәтуасына жүгінеді³.

Күмәнді күні (иәум әш-шәк) ораза ұстау

Шағбан айының жиырма тоғызыншы күні аспан бұлтты не тұманды болып, күн батар кезде жаңа туылған ай көрінбесе, келесі күн «күмәнді күн» деп аталады. Себебі ол күннің шағбанның отызыншы немесе рамазан айының бірінші күні болуы әбден мүмкін. Күмәнді күн шағбан айының соңғы күні деп есептеледі. Өйткені Аллаһ елшісі: *«Егер бұлтты болса,*

¹ Бұл оқиғаны Әбу Дауд, әт-Тирмизи және ән-Нәәси риуаят еткен.

² Әл-Фикһ әл-ханафи уә әдилләтуһ, I том, 366-бет.

³ Әл-Муфассал фи әл-фикһ әл-ханафи, 288-бет.

шағбанды отызға толтырыңдар», – деген. Күмәнді күні ораза тұтуға қатысты ғалымдар арасында әртүрлі пікір қалыптасқан:

1. Күмәнді күнді рамазанның бірінші күні деген нық сеніммен ниет етіп ораза тұту – мәкруһ тахрими.

2. Күмәнді күні нәзір оразаны тұту – мәкруһ тәнзиһи. Сол секілді егер күмәнді күн рамазанның бірінші күні болса, парызға, ал шағбан айы болса, нәпілге ниет еттім деп те ораза тұту мәкруһ тәнзиһи болады. Яғни оның ораза ұстауға нақты ниеті бар, бірақ қай ораза екендігіне нақты шешім шығармаған.

3. Егер күмәнді күн адамның ораза ұстауды дағдыландырған күніне сай келсе, ол күні ораза ұстау мәкруһ емес. Мысалы, күмәнді күн дүйсенбі немесе бейсенбі күнге тура келсе, ол күні ораза ұстау мандуб болады.

4. Ораза ұстауды нақты шешпей, екі ойлы ниетпен ораза ұстау дұрыс емес. Яғни егер күмәнді күн рамазанның бірінші күні болса, ораза ұстаймын, ал шағбанның отызыншы күні болса, аузымды аша саламын деген ниетпен ұстаған ораза қабыл етілмейді. Себебі оның ораза тұтамын деген нақты ниеті болмаған.

Егер күмәнді күнді нәпіл ораза ұстаймын деген ниетпен бастап, одан кейін ол күн рамазанның алғашқы күні екендігі анықталса, оның тұтқан оразасы рамазандағы парыз оразаға жатады. Ал нәпіл ниеті үкімін жояды. Себебі сол күнгі ораза парыз оразасы тұтылатын күнге тура келіп тұр¹.

Нәпіл оразалар

Шариғат бойынша рамазан айында ораза ұстаудың парыз екендігі жоғарыда айтылды. Бірақ одан басқа да нәпіл оразалар бар. Ол күндері ораза ұстаған адам зор сауапқа кенеледі және тұтқан оразалары о дүниеде тозақ отынан қалқан болады, ал ораза тұтпаған адам күнәкар емес, бірақ сол күнгі оразаның сансыз сауабынан құр қалады. Енді шариғат нәпіл етіп бекіткен оразаның түрлеріне жеке-жеке тоқталсақ:

1. Ай күнтізбесі бойынша рамазан айынан кейін келетін шәууәл айында алты күн ораза тұту.

Әбу Айюб әл-Ансариден (Аллаһ оған разы болсын), Аллаһ елшісі (с.а.с.): **«Кімде-кім рамазанда ораза ұстаса, сосын оны шәууәлдан алты күнмен жалғастырса, жыл бойы ораза ұстағандай** (болады)», – деген².

Жалпы, шәууәл айындағы алты күн оразаның арасын үзіп немесе үзбей ұстау адамның өз еркіне тасталған. Бір ғалымдар «бұл оразаның арасын үзбей тұтқан абзал» десе, екінші бір ғалымдар «аптасына екі күннен тұтқан абзал» дейді.

¹ Әл-Муфассал фи әл-фиқһ әл-ханафи, 288-289 беттер.

² Сахих Муслим, Китәб әс-сиям, 1984.

2. Қажылық сапарда жүргендерден басқаларға зул-хиджа айының алғашқы он күні мен арафа күні ораза ұстау.

Хафса (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.) төрт нәрсені тастамайтын: ашура күні, он күнде¹, әр айдан үш күн ораза ұстауды және таң намазынан (парызынан) бұрын екі рақазатты тастамайтын»,* – деген².

Ашура күніне алдыңғы не кейінгі бір күнді қосып екі күн немесе алдыңғы мен кейінгі күндерді қосып үш күн ораза тұтқан абзал.

3. Шағбан айында көп ораза тұту. Айша анамыздан жеткен хадисте (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ елшісінің (с.а.с.) рамазаннан басқа ешқандай айда толық ораза тұтпағандығы және шағбан айында басқа айларға қарағанда көбірек ораза тұтатындығы айтылған³.

4. Әр аптаның дүйсенбі және бейсенбі күндері ораза тұту.

Әбу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын), Аллаһ елшісі (с.а.с.): *«Адамдардың амалдары жұмасына екі рет дүйсенбі күні және бейсенбі күні көрсетіледі. Сонда өзі мен бауырының арасында араздығы бар пендеден басқа әрбір мүмін пенденің (күнәсі) кешіріледі. Ол екеуіне: «Мына екеуін (араздықтарынан) арылғанша тастаңдар немесе кері шегіндіріңдер»,* – делінеді», – деп айтқан⁴.

Екінші бір хадисте Аллаһ елшісінен (с.а.с.) *«не үшін дүйсенбі күні ораза тұтасыз?»* деп сұраған да, ол (с.а.с.): *«Ол күні мен дүниеге келдім және сол күні маған уахи түсірілді»,* – деп жауап берген⁵.

5. Ай күнтізбесі бойынша ай толғанда үш күн ораза тұту.

Әбу Зәһр әл-Ғифари (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) бізге әр айдың ақ⁶: он үшінші, он төртінші және он бесінші күндерінде ораза тұтуды бұйырды»,* – деген⁷.

6. Күнара ораза тұту. Бірде бір сахаба Аллаһ елшісіне (с.а.с.) өзінің күнде ораза тұтуға құдіретті екендігін айтқан кезде, Аллаһ елшісі (с.а.с.) оған алдымен әр айда үш күн ораза тұтуды айтады. Сонда ол қуатының одан да артық екендігін айтқанда, Пайғамбар (с.а.с.) әр аптада үш күн ораза тұтуды айтады. Сонда ол одан да қуаттырақ екендігін айтқанда, Аллаһ елшісі (с.а.с.) оған Дәуіт пайғамбар секілді күнара ораза тұтуға кеңес берген⁸.

¹ Яғни зул-хиджа айының алғашқы он күні.

² Сунән ән-Нәсәи, Китәб әс-сиям, 2373.

³ Сахих әл-Бұхари, Бәб саум шағбан, 1969. Сахих Муслим, Бәб сиям ән-нәби фи ғайр рамадан, 2777.

⁴ Сахих Муслим, Китәб әл-бир уа әс-силәһ, 4654.

⁵ Сахих Муслим, Бәб истихбәб сәләсәт әйям мин кулли шәһр, 1162.

⁶ Ай толған уақытта түн жарық болғандықтан, оны ақ түндер деп атайды. Бұл жерде осыны меңзеп отыр.

⁷ Сунән ән-Нәсәи, Китәб әс-сиям, 2379.

⁸ Бұл қиссаны имам Ахмад риуаят еткен.

Оразаның рукіндері (ішкі парыздары)

Ханафи мен ханбали мазһабтарында оразаның бір ғана рукіні бар. Ол – оразаны бұзатын нәрселерден тыйылу. Шафиғи мен мәлики мазһабтарында оразаның рукініне ниетті де жатқызады¹. Ал ханафи мен ханбали мазһабтарында ниет ету оразаның шартына жатады.

Осы мәселеге байланысты «Бәдәиғ әс-санаиғ» кітабының авторы, атақты фақиһ Аләуддин әл-Кәсәни: «Оразаның рукіні – тамақтан, сусыннан және жыныстық қатынастан тыйылу. Себебі Аллаһ тағала рамазанның түндерінде тамақтануға, сусындануға және жыныстық қатынасқа рұқсат берген», – деген².

Аллаһ тағала: «**Сендерге оразаның кешінде әйелдеріңе жақындасу халал етілді. (Өйткені бір-бірінді қорғауда) олар сендерге киім, сендер де оларға киім (іспетті)сіңдер. Аллаһ өздеріңе зиян қылатындықтарыңды біледі. Сондықтан тәубелеріңді қабыл етіп сендерді кешірді. Ал енді (бұдан былай) оларға жақындасыңдар. Аллаһтың өздеріңе жазғанын талап етіндер. Және таңнан, қара жіптен ақ жіп (қараңғылықтан сәулені) айырылғанға дейін ішіндер, жеңдер де...**»³, – деген.

Яғни таң қылаң бергенге дейін осы аталғандар сендерге халал етілді. Одан кейін аяттың жалғасында ол амалдардан тыйылу әмір етілді.

«...одан кейін оразаны кешке дейін толық орындандар»⁴. Бұл – оразаның рукіні оны бұзатын нәрселерден тыйылу ғана екендігіне дәлел⁵.

Оразаның шарттары

Оразаның шарттары үш түрге бөлінеді:

1. Оразаның парыз болу шарттары;
2. Ораза тұтудың шарттары;
3. Оразаны дұрыс тұтудың шарттары.

Оразаның парыз болу шарттары:

1. Ислам. Яғни ораза тек мұсылмандарға парыз етілген. Мұсылман емес адамдарға ораза тұту парыз емес. Бұл мәселе жөніндегі ғалымдар арасындағы көзқарастарға намаздың кімдерге парыз екендігі туралы тарауда арнайы тоқталынған болатын.

¹ Китеб әл-фиқһ алә әл-мазаһиб әл-арбаа, 307-бет.

² Бәдәиғ әс-санаиғ, II том, 236-бет.

³ «Бақара» сүресі, 187-аят.

⁴ «Бақара» сүресі, 187-аят.

⁵ Бәдәиғ әс-санаиғ, II том, 236-237 беттер.

2. Ақыл-есі дұрыс болу. Ислам діні шарғи міндеттерді орындауды тек ақыл-есі толықтарға ғана жүктеген. Егер біреу рамазан айының жартысында ақылынан адасып, екінші жартысында есін жиса, онда оған сол ауырған кезіндегі жіберіп алған күндерінің қазасын өтеу парыз болады. Ал егер рамазан айын толығымен ақыл-есінен айырылып өткізсе, оған оразаның қазасын өтеу міндет емес.

3. Балиғатқа толу. Балиғатқа толмаған балаларға ораза тұту парыз емес, бірақ олардың тұтқан оразалары дұрыс. Сондықтан балаларды жастайынан ораза ұстауға үйрету және дағдыландыру қажет.

Шариғатта сәбидің, ақыл-есінен адасқанның және ұйықтап жатқан адамның шарғи міндеттерді орындаудан босатылғандығы туралы хадис намаз кітабында айтылған. Осыған қатысты толық мәліметтерді намаз кітабынан қарауға болады.

Ораза тұтудың шарттары:

1. Денсаулық. Аллаһ тағала ораза ұстауды тек денсаулығы жарайтындарға парыз еткен. Бірақ ауру адамдар денсаулығы жақсарғаннан кейін жіберіп алған оразаларының қазасын өтеуге міндетті.

2. Тұрғылықты болу. Жолаушыға ораза ұстау парыз емес. Бірақ науқас немесе жолаушы адам ораза ұстаса, олардың оразалары дұрыс және мойындарындағы парыз міндетінен құтылады. Ал сапарда жүргенде ұстамаған оразаларының қазасын тұрғылықты болғаннан кейін өтейді.

Аллаһ тағала: «**Сендерден кімде-кім ауру не сапарда болса, (ұстамаған оразаларының) орнына басқа күндері (ұстасын)**»¹, – деген.

Оразаны дұрыс тұтудың шарттары:

1. Ниет. Ниет ету – ғибадатты әдеттен, ғибадаттың бір түрін екінші түрінен ажырататын ең басты негіз әрі Аллаһ пенделердің амалдарының сауабын сол ниетіне қарай береді. Ораза ұстауды жүрекпен бекіту ниет деп есептеледі. Ниетті тілмен айту шарт емес. Бір ғалымдар «оны тілмен айту – сүннет» десе, екінші ғалымдар «сүннет емес, тек ойын жинақтау үшін айтса болады» дейді, ал үшінші бір ғалымдар «қазіргі кезде адамның ойын сан түрлі жаққа бөлетін істердің көптігінен ниетті тілмен айтқан жақсы» деген².

Ханафи мазһабында оразаға ниет етудің ең соңғы уақыты ұсталғалы отырған оразаның түріне байланысты екіге бөлінеді.

а) Рамазан, нәпіл және уақыты бекітілген нәзір оразаларға ниет ету уақыты түннің алғашқы уақытынан, яғни күн батқаннан келесі күнгі үлкен сәскеге дейін жалғасады. Шариғатта «үлкен сәске» деп күн дәл төбеге келуге бір сағат қалған уақытты айтады. Бұл оразалардың күндері алдын ала нақты болғандықтан, сәскеге дейін ниет етуге рұқсат етіледі.

¹ «Бақара» сүресі, 184-аят.

² Китәб әл-фиқһ әл-әл-мазаһиб әл-арбаға, 308-бет. Әл-Муфассал фи әл-фиқһ әл-ханафи, 271-бет. Әл-Фикһ әл-ханафи фи сәубиһ әл-жәдид, I том, 383-бет.

«Оразаның аталған түрлеріне таң атқаннан кейін де ниет етуге болады» деген пәтуа адамдарға көп жеңілдік береді. Мұның артықшылығы кейбір адамдар түнде ниет етуді естерінен шығарып әрі таң атқанға дейін ұйықтап қалған жағдайларда және әйелдердің түнде нифас және хайыздары тоқтаған жағдайларда білінеді.

ә) Рамазанның қазасын, кәффарат оразаларды, уақыты бекітілмеген нәзір оразаларды және бұзып алған нәпіл оразалардың қазасын өтеу үшін күн батқаннан таң атқанға дейін ниет ету керек. Себебі бұл оразалардың күні алдын ала нақтыланбаған. Сондықтан таң атқанға дейін өзінің келесі күні ораза ұстайтындығына не ұстамайтындығына ниет етіп алуы қажет.

Барлық фақиһтердің пікірінше, ниет ететін ең абзал уақыт – екінші таң ататын кез. Бірақ ол уақытты көп адам ажырата алмайды және ол уақыт ұйқының ең тәтті шағына сәйкес келеді. Сол себепті бұл сәттерде ниет ету әркімге нәсіп бола бермейді.

Шафиғи мен ханбали мазһабтарында рамазан, кәффарат, нәзір секілді парыз оразаларына ниетті таң атқанға дейін жасау қажет. Ал нәпіл оразалар үшін күндіз жасалған ниет те жарамды.

Ал мәлики мазһабында оразаның кез келген түрі үшін ниетті таң атқанға дейін немесе таң атқан шақпен бірге жасау керек. Ал күндіз жасалған ниет саналмайды¹.

2. Хайыз және нифастан таза болу. Әйелдің хайыз және нифас кезінде ұстаған оразасы дұрыс болып есептелмейді. Оған тазарғаннан кейін сол күндердің оразасының қазасын өтеу – парыз.

Айша анамыздан (Аллаһ оған разы болсын) Муғаза бинт Абдуллаһ деген әйел: «Не үшін хайызы келген әйел оразасының қазасын өтейді, ал намазының қазасын өтемейді?» – деп сұрадым деген. Сонда Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын): *«Біз хайыз болатынбыз, сонда бізге оразаның қазасын өтеу бұйырылатын, ал намаздың қазасын өтеу бұйырылмайтын»*, – деп жауап берген².

Хайыз және нифасқа қатысты толық үкімдерді хайыз және нифас тақырыбынан оқуға болады.

3. Ораза уақытында оны бұзатын амалдардың орын алмауы. Ол туралы келесі тақырыпта тоқталамыз.

Оразаны бұзатын амалдар

Жыныстық қатынастан сақтану, ас-судан бас тарту оразаның рукіні екендігі жоғарыда айтылды. Сондықтан ораза дұрыс болу үшін осы аталғандардан таң атқаннан күн батқанға дейін тыйылу қажет.

Оразаны бұзатын амалдар екіге бөлінеді:

1. Оразаның қазасымен бірге кәффаратын өтеу;

¹ Китәб әл-фикһ алә әл-мазаһиб әл-арбаға, 308-309 беттер.

² Сахих Муслим, Китәб әл-хайд, 508.

2. Тек оразаның қазасын өтеу.

Оразаның қазасын және кәффаратын өтеуді қажет ететін оразаны бұзатын іс-амалдар

1. Рамазан оразасы кезінде аузы берік екендігін біле тұра, әйелімен жақындасу. Барлық мазһабтарда рамазан айында күндіз әйелімен жақындасқан адамның сол күнгі оразасы бұзылады және оның қазасымен бірге кәффараты да өтеледі.

Ал рамазаннан басқа уақытта ұстаған оразаны әдейі бұзса да, оның кәффаратын өтемейді, тек қазасын ғана орындайды.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Бірде Пайғамбардың (с.а.с.) алдында отырғанымызда, оған бір кісі келіп: «Уа, Аллаһтың елшісі! Мен құрыдым!» – деді. (Пайғамбар (с.а.с.):*

– *Саған не болды? – деп сұрады.*

– *Ораза болып тұрып, әйеліммен жақындасып қойдым, – деді. Аллаһ елшісі (с.а.с.):*

– *Азат етуге құл таба аласың ба? – деп сұрады.*

– *Жоқ, – деді.*

– *Қатарынан (арасын үзбестен) екі ай бойы ораза тұтуға шамаң келеді ме? – деп (сұрады).*

– *Жоқ, – деді.*

– *Алпыс міскінге тамақ таба аласың ба? – деп сұрады.*

– *Жоқ, – деді», – деген.*

(Әбу Һурайра былай деген): *«Сосын Пайғамбар (с.а.с.) үнсіз қалды, біз солай отырғанда, Пайғамбарға (с.а.с.) ішіне құрма салынған тоқылған себет әкелінді. (Пайғамбар (с.а.с.):*

– *Сұрақ беруші қайда? – деді. Ол:*

– *Мен, – деді. (Пайғамбар (с.а.с.):*

– *Мынаны ал да, садақаға бер, – деді. Оған (әлгі) кісі:*

– *Өзімнен кедейге ме, уа, Аллаһтың елшісі?! Аллаһпен ант етейін, (Мәдинаның) екі тастағының арасында менің отбасымнан кедей отбасы жоқ! – деді. Сонда Пайғамбар (с.а.с.) тістері көрінгенше күлді де: «Мұнымен отбасыңды тамақтандыр», – деді»¹.*

2. Рамазан оразасы кезінде әдейі, тамақ болатын бір нәрсені ешқандай үзірсіз жеу не ішу².

Әбу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын), Пайғамбар (с.а.с.) рамазанда (күндіз) аузын ашқан адамға бір құлды азат етуді не екі ай ораза ұстауды немесе алпыс кедейді тамақтандыруды бұйырған³.

¹ Сахих әл-Бұхари, Бәб изә жамаға фи рамадан ..., 1936.

² Китәб әл-фикһ алә әл-мазаһиб әл-арбаға, 317-бет.

³ Сахих Муслим, Китәб әс-сиям, 1872.

Оразаның кәффараты

Бұзып алған оразаның кәффараты – таба алса, бір адамды құлдықтан азат ету. Егер таба алмаса не қоғамда құлдық жүйе мүлде жоқ болса, арасын үзбестен екі ай ораза ұстау керек. Бұл екі айдың ішінде екі айт және ташрик күндері болмауы қажет. Өйткені ол күндері ораза ұстауға болмайды. Егер қатарынан екі ай ораза ұстауға денсаулығы жарамсыз болса немесе нәпсісін ауыздықтай алмайтын болса, алпыс кедейді екі реттен тойдырып тамақтандыруы я болмаса әр кедейге жарты сағ бидайдан беруі керек¹.

Тек қана оразаның қазасын өтеуді міндеттейтін оразаны бұзатын амалдар

1. Әдетте тамақ болмайтын және оны жеуге адамның аңсары аумайтын нәрсені қателесіп болса да жұтып қойса, сол күнгі оразаның тек қана қазасы өтеледі. Мысалы, бір түйір жүгері, тырнақтай қамыр не теңге, кішкентай темір, тас және т.б. заттар.

2. Зәру жағдайда немесе біреулер мәжбүрлеп тамақ жегізген жағдайда да сол күнгі оразаның қазасын өтейді. Біреулер мәжбүрлеп аузын аштырса, ол үшін кәффарат төлемейді. Тек кейіннен сол күннің қазасын ғана өтейді.

Ораза ұстаушының денсаулығы нашарлап, күші кетіп, тамақтануға не дәрі ішуге мәжбүр болған кезде, оған аузын ашуға рұқсат етіледі.

Оразада қателесу деп дәрет алып жатқан кезде, байқаусызда ішке су кетіп қалу мен әйел заты тамақтың дәмін көремін деп тілімен сезгісі келген кезде тағамның ішіне кетіп қалу тәрізді жағдайларды айтады.

3. Таң атқаннан кейін әлі таң атқан жоқ деп ойлап, тамақтанып қойса немесе керісінше, күн батпастан бұрын күн батып кетті деп ойлап, аузын ашып қойса, сол күнгі оразаның қазасын өтеуге тура келеді.

4. Ораза ұстаушы бір нәрсені істеп қойып, ол істегені оразасын бұзды деп ойлап, әрі қарай аузын ашып жіберсе де, сол күннің қазасын өтейді.

5. Әйелге күндіз хайыздың не нифастың келуі де сол күнгі оразаны бұзады.

6. Әдейі құсу да оразаны бұзады. Егер өзіне ие бола алмай, еркінен тыс құсатын болса, оразасы бұзылмайды.

Әбу Нурайрадан (Аллаһ оған разы болсын), Пайғамбар (с.а.с.): *«Кімде-кімнен (ораза кезінде) құсық басым түссе, қазасын өтемейді. Ал кімде-кім әдейі құсса, (оразаның) қазасын өтейді»*, – деген².

¹ Әл-Муфассал фи әл-фиqh әл-ханафи, 274-бет.

² Сунән әт-Тирмизи, Китәб әс-саум, 653, сахих хадис.

7. Сағыз шайнау. Ертеректе жазылған фикһ кітаптарында¹ ораза кезінде сағыз шайнау мәкруһ делінген. Бірақ ол кездегі сағыздар табиғи сағыз деген мағынада қолданылған. Ал қант және басқа да тәтті қоспалар араласқан бүгінгі заманның сағыздары, барлық ғұламалардың пікірінше, оразаны бұзады.

Ескерту: рамазан айында оразасын бұзған адам сол күні күн батқанға дейін рамазан айын құрметтеп, басқа ораза тұтушылар секілді оразаны бұзатын амалдардан өзін тыюы қажет. Тек жолаушыдан, аурудан және хайыз не нифас болған әйелден бұл талап етілмейді.

Оразаны бұзбайтын амалдар

1. Егер біреу ораза екендігін ұмытып кетіп, тамақтанып, сусынданып не жыныстық қатынас жасап қойса, оразасы бұзылмайды. Ораза екендігі есіне түскен мезет аталған іс-әрекеттерді бірден тоқтату керек.

Әбу Нурайрадан (Аллаһ оған разы болсын), Пайғамбар (с.а.с.): «(Кімде-кім) **ұмытып ішсе не жесе, оразасын аяғына жеткізсін, өйткені Аллаһ оны ішкізіп-жесгізді**», – деп айтқан².

Ораза екендігі есінен шығып кетіп, жыныстық қатынас жасаудың оразаны бұзбайтындығы, тамақ пен сусынға қияс (салыстырылып) жасалып, оразаны бұзбайды деген үкім шығарылады.

Егер бір адам ораза тұтып жүргеннің тамақтанып жатқанын көрсе, оған ораза екендігін ескерткені жөн. Алайда әлгі адам өте әлсіз не қария кісі болса, оған ораза екендігін айтпағаны жақсы.

2. Ихтиләм. Ораза тұтушы күндіз ұйықтап жатқан кезде жүніп болып қалса, оразасы бұзылмайды. Өйткені ол – адамның еркінен тыс болған жағдай. Асылында, адам өзінің еркімен істеген амалдары үшін жауап береді.

Әбу Сағид әл-Худри (Аллаһ оған разы болсын): «**Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Үш нәрсе ораза ұстаушының оразасын ашпайды: хижма, құсық және ихтиләм**», – деді», – деген³.

Егер әйелге шакуатпен қараудың не ойлаудың салдарынан мәни сыртқа шықса, ораза бұзылмайды. Себебі арнайы жақындасу болмағандықтан, бұл да ихтиләмнің үкімін алады. Ал адам мәниді қолымен шығаратын болса, ол оразаның қазасын өтеуі керек⁴.

3. Егер адам таңды жүніп күйінде атырса, оразасы бұзылмайды. Тіпті жүніп күйінде күнді батырса да, оразасы бұзылмайды. Себебі жүніптіктен таза болу оразаның шарттарына жатпайды.

¹ Мысалы, Фәтх бәб әл-ғиная би шарх ән-нуқая, I том, 577-бет.

² Сахих әл-Бұхари, Китәб әс-саум, 1797.

³ Сунән әт-Тирмизи, Китәб әс-саум, 652.

⁴ Әл-Фикһ әл-ханафи уә әдилләтуһ, I том, 372-бет. Фәтх бәб әл-ғиная би шарх ән-нуқая, I том, 575-бет.

Айша және Умму Сәләмәдан (Аллаһ екеуіне разы болсын), Аллаһ елшісі (с.а.с.) әйелдерінің бірінен жүніп болған күйі таң аттыратын. Одан кейін (таң атқан соң) ғұсыл құйынып, ораза тұтатын¹.

Оған қоса Аллаһ тағала әйелмен жақындасуды таң атқанға дейін рұқсат еткен. Яғни таң атқанға дейін әйелімен бірге болған адам таң атқаннан кейін ғана ғұсыл ала алады.

4. Қақырықты, түкірікті және сіңбірікті жұтып қою оразаны бұзбайды. Бірақ бұларды жұтқаннан шығарып тастаған дұрыс. Сол секілді тістің арасына тұрып қалған көлемі ноқаттан аз тамақты жұту да оразаны бұзбайды. Себебі бұлар тамақтың емес, сілекейдің үкіміне жатады әрі олардан сақтану қиын.

5. Адамның еркінен тыс ауыз толып не толмай шыққан құсық. Оған «Тек қана оразаның қазасын өтеуді міндеттейтін оразаны бұзатын амалдар» деген тақырыптағы имам әт-Тирмизи мен Әбу Дауд Әбу Нурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадис дәлел. Ал Әбу Юсуфтың пікірінше, егер құсық қайта ішке кетсе, ораза бұзылады және қазасы өтеледі².

6. Түтінді, шаңды, тамақтың буын иіскеу оразаны бұзбайды. Бірақ ораза кезінде тамаққа тәбеті шауып, оның исін әдейілеп иіскеу – мәкруһ. Кейбір ғалымдар «әдейі қазанның бетін ашып, тамаққа тәбеті шауып иіскейтін болса, оразасы бұзылады» дейді³.

7. Ғұсыл алу, тазалану, дене шынықтыру, салқындау және басқа да мақсатпен шомылу. Жоғарыда Аллаһ елшісінің (с.а.с.) ораза кезінде таң атқаннан кейін жүніптіктен ғұсыл алғандығы туралы хадисті келтірдік. Сонымен қатар шомылып жатқан кезде құлаққа су кетіп қалса да, ораза бұзылмайды деп саналады.

8. Шыбын, маса секілді шіркейлердің тамаққа өтіп кетуі.

9. Көзге сүрме жағу, дәрі тамызу және денеге иіссу себіну. Ораза кезінде көзге дәрі тамызу оразаны бұзбайды. Бұл пікірді сахабалардан Ибн Омар, Әнәс ибн Мәлик, Ибн Әбу Әуфә (Аллаһ оларға разы болсын), имамдардан Әбу Ханифа, Шафиғи, әл-Әузағи қолдаған. Бірақ имам Ахмад, Ибн Мубарак және Суфиян «ораза кезінде көзге сүрме жағу – мәкруһ» деген⁴.

Әнәс ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын) ораза кезінде сүрме жағатын⁵.

10. Ауруларға қарсы арнайы вакциналар салдыру, емделу мақсатымен терінің астына не бұлшық етке укол салдыру. Ал адамға күш беру үшін гемоглобин секілді қорек болатын дәрілерді егу оразаны бұзады.

Тамырға салынатын уколға қатысты ғалымдар арасында екі түрлі пікір бар. Бір ғалымдар оразаны бұзбайды десе, екінші ғалымдар оразаны бұзады деген пікір айтады.

¹ Сахих әл-Бұхари, Китәб әс-саум, 1791.

² Фәтх бәб әл-ғиная би шарх ән-нуқая, I том, 576-бет.

³ Әл-Муфассал фи әл-фикһ әл-ханафи, 276-бет.

⁴ Фикһ әс-сунна, I том, 604-бет, Әл-Фикһ әл-ханафи уә әдилләтуһ, I том, 372-бет.

⁵ Сунән Әбу Дауд, Китәб әс-саум, 2030.

Ғалымдардың бір тобы: «Уколдың барлық түрі оразаны бұзбайды. Себебі ол ішке тамақ арқылы бармайды», – деген пікір ұстанған¹.

Бірақ зәру жағдай болмаса, ине ектіруді күн батқаннан кейінге қалдырған жақсы.

11. Есінен тану және қояншығы ұстау. Ораза ұстап жүрген адам бір себептермен күндіз есінен танса не қояншығы ұстаса, оразасы бұзылмайды.

12. Егер ораза ұстаған адам бір себептермен оразасын бұзуды ниет етіп, одан кейін райынан қайтса, оразасы бұзылмайды. Себебі шариятта ниет амалмен бекітілмесе, оның ешқандай да үкімдік күші болмайды.

13. Әйелдердің жыныстық мүшесіне медициналық тексеру жүргізу оның оразасын бұзбайды. Ал жатырға ине салдыру оразаны бұзады.

14. Әйелін сүю және құшақтау. Өзінің нәпсісіне ие бола алатын адамға ораза кезінде әйелін сүюге, құшақтауға болады. Тек нәпсісін тежеуден қорықса, ондай әрекетке бару – мәкруһ.

Айша (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.) ораза кезінде (әйелдерін) сүйетін және құшақтайтын. Ол сендердің (іштеріңдегі) шақуатына ең беріктерің еді»*, – деген².

15. Мисуак және тіс пастасын пайдалану да оразаны бұзбайды. Тек шафиғи мазһабында түс қайтқаннан кейін мисуак және тіс пастасын пайдалану – мәкруһ.

Айша (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Сисуак – ораза ұстаушының жақсы қасиеттерінен», – деді»*, – деп айтты³.

Оразаның сүннеттері

Ораза тұтушыға төмендегі амалдарды орындау – сүннет.

1. Сәресі ішу. Ол – ораза ұстауды ниет еткендердің түннің соңғы бөлігінде таң атпастан бұрын ішетін тамақтары. Сәресі ішуде де сауап бар.

Әнәс ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.): «Сәресі ішіңдер. Өйткені сәресіде береке бар»*, – деді», – деп айтқан⁴.

Сәресіні ішіп, аяқтау мен таң намазының арасында шамамен елу аят оқитын уақыт болғаны жақсы.

Әнәстен, Зәйд ибн Сәбит (Аллаһ екеуіне разы болсын): *«(Бірде) Пайғамбармен (с.а.с.) бірге сәресі іштік, сосын ол намазға тұрды»*, – деді. (Әнәс): *«Мен: «Азан мен сәресінің арасы қанша уақыт болды?» – деп (сұраған едім), ол: «Елу аят (оқитындай) шамада»*, – дейді⁵.

¹ Фиқһ әс-сунна, I том, 605-бет.

² Сахих әл-Бұхари, Китәб әс-саум, 1792. Сахих Муслим, Китәб әс-саум, 1854.

³ Сунән Ибн Мәжәһ, Китәб әс-сиям, 1667.

⁴ Сахих әл-Бұхари, Китәб әс-саум, 1789.

⁵ Сахих әл-Бұхари, Китәб әс-саум, 1787.

2. Ауызашарды күн батқаннан кейін кешіктірмеу. Бірақ ауызашарға асығамын деп, күн батпай тұрып ауыз ашып қоюдан сақтану керек. Ауызды ақшам намазын оқудан бұрын ашқан жөн.

Сәһл ибн Сағдтан (Аллаһ оған разы болсын), Аллаһ елшісі (с.а.с.): *«Ауызашарды асықтырған сайын адамдар жақсылықта болады»,* – деп айтқан¹.

3. Ауыз ашқан кезде дұға жасау. Дұғаның қабыл болатын уақыттарының бірі – ауызашар сәті. Дұғаны алдымен Пайғамбардың (с.а.с.) жасаған дұғасымен бастап, одан кейін адам өзінің ойында жүрген нәрсесін Аллаһтан тілегені жақсы.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Үш адамның дұғасы кері қайтарылмайды: ауыз ашқанға дейін ораза тұтушының, әділ басшының және зұлымдыққа ұшырағанның. Аллаһ (олардың дұғаларын) бұлттың үстіне көтеріп, оған аспанның қақпаларын ашады және Раббы: «Өзімнің үстемділігіммен ант беремін, сені біраз уақыттан кейін болса да жеңіске жеткіземін», – дейді»,* – деп айтқан» – деген².

Абдуллаһ ибн Амр ибн Ас (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Ораза ұстаушыға ауызашар кезде кері қайтарылмайтын дұға бар»,* – деді», – деп айтқан³.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) ауызашарда мына дұғаны айтатын болған:

*«Аллаһумма! Ләкә сумту уа ʿала ризқикә әфтарту (Уа, Аллаһым! Сен үшін ораза ұстадым және Сенің ризығыңмен ауыз аштым)»*⁴.

Ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) аузын ашса: «Зәһәбәз-замәу уәбтәләтил-ʿуруқу уа сәбәтәл-әжеру униә Аллаһ (Шөл басылды, тамырлар толды және Аллаһ қаласа, сауап жазылды)»,* – дейтін», – деген⁵.

4. Тарауих намазын оқу. Тарауих намазын рамазан айындағы түнгі намаз (қиям әл-ләйл) деп те атайды.

Әбу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген хадисте Аллаһ елшісі (с.а.с.): *«Кімде-кім рамазанды иманмен және (сауаптан) үміт етіп (түнгі намазға) тұрса, оның өткен күнәлары кешіріледі»,* – деген⁶.

Тарауих намазына қатысты үкімдер нәпіл намазына қатысты тарауда кеңінен баяндалған.

5. Мүмкіндік болса, құрмамен ауыз ашу. Ал құрма болмаған жағдайда, сумен ауыз ашқан жақсы.

¹ Сахих әл-Бұхари, Китәб әс-саум, 1821. Сахих Муслим, Китәб әс-сиям, 1838.

² Сунән әт-Тирмизи, Китәб әд-дағауат, 3522.

³ Сунән Ибн Мәжәһ, Китәб әс-сиям, 1743.

⁴ Сунән Әбу Дауд, Китәб әс-саум, 2011.

⁵ Сунән Әбу Дауд, Китәб әс-саум, 2010.

⁶ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-иман, 36. Сахих Муслим, Китәб салаһ әл-мусафирин, 1266.

Әнәс ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Кімде-кім құрма тапса, сонымен ауыз ашсын. Таба алмаған сүмен ауыз ашсын. Өйткені су таза», – деді», – деп айтқан¹.*

Құрма мен су болмаған жағдайда, кез келген жеміспен не пісірілмеген не қайнатылмаған тағаммен ауыз ашқан жақсы.

Әнәс (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.) үш құрмамен немесе от тимеген (яғни пісірілмеген) нәрсемен ауыз ашқанды жақсы көретін», – деген².*

6. Садақа беруді көбейту. Аллаһ елшісі (с.а.с.) жомарт кісі болатын, оның (с.а.с.) жомарттығы рамазан кезінде арта түсетін.

Ибн Аббас (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.) адамдардың ең жомарты болатын. Әсіресе рамазанда аса жомарт болатын», – деген³.*

7. Рамазан айында, әсіресе, рамазанның соңғы он күнінде құлшылыққа баса ден қою – сүннет. Кез келген адам шамасы келгенше құлшылық етуді көбейтуі керек. Себебі Аллаһ елшісі (с.а.с.) басқа уақыттарда рамазанның соңғы он күнінде құлшылық еткеніндей көп құлшылық етпейтін⁴.

Ауызашар жасау

Ислам – адамдарды татулыққа, достыққа, өзара сенімділік пен әділдікке шақыратын дін. Шарифат барлық жағдайларда қоғамда жақсы қарым-қатынастың орын алуын көздейді. Рамазан айында ауызашар беру – соның бір көрінісі. Ауызашар беру адамның өз қалауындағы іс болғандықтан, шақырылған қонақтардың кедей болулары шарт емес. Өйткені Аллаһ елшісі (с.а.с.) бай, кедей деп бөлместен барлық ораза тұтқандарға ауызашар беріп, сауапқа кенелуге үгіттеген. Пайғамбарымыздан (с.а.с.) қалған осы өсиет барлық мұсылман халықтарының ортақ дәстүріне айналған.

Зәйд ибн Халид әл-Жуһани (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Кімде-кім ораза тұтқанға ауыз аштырса, ораза тұтушының сауабынан ешқандай кеміместен оған (оразатұтушының) сауабындай сауап беріледі», – деді», – деп айтты⁵.*

Оразаны бұзуға болатын үзірлі жағдайлар

Ораза тұту әрбір балиғатқа толған, ақыл-есі бүтін мұсылманға парыз екендігі жоғарыда айтылды. Ораза – дене мүшесі арқылы іске асатын құлшылық болғандықтан, оған адамның денсаулығы жарамды болуы қажет.

¹ Сунән әт-Тирмизи, Китәб әс-саум, 630.

² Муснәд Әбу Йәғлә әл-Маусили, VII том, 331-бет.

³ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-манакиб, 3290.

⁴ Осы мағынаны беретін хадис Сахих Муслимде риуаят етілген.

⁵ Сунән әт-Тирмизи, Китәб әс-саум, 735.

Адам баласына жеңілдікті қалайтын Ислам шарифаты кей жағдайларда ораны бұзуға және оның қазасын басқа бір күні өтеуге рұқсат берген.

1. Ауру. Егер ораза тұту адамның денсаулығына зиянын тигізіп, ауруы асқынатын болса немесе жазылуы кешігетін яки қатты қиналатын болса, ханафи, мәлики және шафиғи мазһабтарында оған оразасын бұзуға рұқсат етіледі. Ал ханбали мазһабында ондай ауру адамға оразасын бұзу – сүннет және ораза ұстау – мәкруһ. Ал егер ораза тұту оның денсаулығына қатты зиянын тигізетін болса, барлық мазһабтарда оған ораза ұстауға тыйым салынады, яғни оған ораза ұстау – харам¹.

Ал дені сау, бірақ ешқандай да себепсіз ораза денсаулығыма зиянын тигізеді деген сылтаумен ораза ұстамау – үлкен әбестік және бұл шарифатта үзірге жатпайды. Ораза адамды сабырлыққа, төзімділікке және басқа түскен түрлі ауыртпалықты көтере білуге дағдыландырады.

Аллаһ тағала: **«Кімде-кім ауру не сапарда болса, (тұтпаған ораның) орнына басқа күндерде (ораза тұтсын). Аллаһ сендерге жеңілдікті қалайды және ауырлықты қаламайды»**², – деген.

2. Сапар. Аллаһ тағала науқас адамға жеңілдік жасағаны секілді жолаушыға да белгілі мөлшерде жеңілдік жасаған. Оған жоғарыда келтірілген аят дәлел болады.

Шарифатта адам жолаушы деп есептелу үшін белгілі бір қашықтықтағы алыс жерге баруы және сол барған жерінде он бес күннен кем қалуы – шарт. Ол туралы жолаушы намазы туралы тақырыптан толық мәлімет алуға болады. Ханафи мазһабында ол қашықтық сексен екі шақырым деп есептеледі.

Жолаушыға ораза ұстамау үшін үш мазһабта екі шарт қойылады:

1. Намазды қасыр (қысқартып) қылып оқитындай қашықтыққа сапарға шығу.

2. Сапарға шығуды таң атпай жатып ниет ету және жолға шығу.

Ал ханбали мазһабында ораза кезінде күндіз сапарға шыққан адамға оразасын бұзуға рұқсат делінген.

Егер адам таң атқаннан кейін үлкен сәскеге дейін жолға шыкса және ораза ұстауды ниет етпесе, сол күні ораза ұстамауына рұқсат етіледі. Ал егер ораза ұстауды ниет еткен болса, аузын ашуға болмайды және ол міндетті түрде оразасын соңына дейін жеткізуі керек. Ал аузын ашып қойған жағдайда кәффарат төлемейді³.

Жолаушыға сапарда жүрген барлық күндерінде аузын бекітпеуге рұқсат. Тек бір жерде он бес күннен артық тұрақтауды ниет етсе, оған ораза ұстау парыз болады.

¹ Китэб әл-фикһ алә әл-мазһаһиб әл-арбаға, 323-бет. Әл-Муфассал фи әл-фикһ әл-ханафи, 282-бет.

² «Бақара» сүресі, 185-аят.

³ Әл-Муфассал фи әл-фикһ әл-ханафи, 283-бет.

«Жолаушыға ораза тұту абзал ма, ауыз ашқан абзал ма?» деген сұраққа байланысты ғалымдардың көзқарастары әртүрлі:

1. Ханафи мен шафиғи мазһабтарында егер жолаушыға ауыр болмаса, ораза ұстағаны мандуб, ал қиын болатын болса, ауыз ашқаны жақсы. Себебі Аллаһ тағала жолаушыларға қатысты: **«...және ораза тұтуларың сендерге жақсырақ...»**¹, – деген.

2. Мәлики мазһабында қиындық болмаса, ораза тұтқаны абзал делінеді.

3. Ханбали мазһабында жолаушыға аузын ашқан сүннет және ораза ұстау қиын болмаса да мәкруһ². Себебі Аллаһ елшісі (с.а.с.): **«Сапарда ораза ұстау игіліктен емес»**, – деген³.

Басқа мазһабтардың ғалымдары бұл хадис сапарда оразаның ауыртпалығын көтере алмай, құлап қалған адамға қатысты айтылған деген.

Оған қоса сахабалардың Аллаһ елшісімен (с.а.с.) бірге сапарда, ғазуатта болған кездерінде олардың біреулері ораза тұтқан, екіншілері тұтпаған және Пайғамбар (с.а.с.) оларға ораза тұт не тұтпа деп бұйырмаған. Яғни сапарда ораза тұту адамның өз қалауына тасталған⁴.

Сондықтан сапарда болғанда ораза тұту қатты қиындыққа душар ететін болса, барлық мазһабтардың пікірінше, ондай жолаушыға ораза тұту – харам.

3. Емізулі баласы бар және жүкті әйел. Ислам шариғаты бойынша жүкті және емізулі сәбиі бар әйелге егер ораза ұстау өзіне не сәбиіне зиян келтіретін болса, ораза тұтпауға рұқсат берілген.

Мұнда жүкті және емізулі сәбиі бар әйелді уақтылы тамақтану мен дәрі қабылдауды қажет ететін науқасқа теңеуге болады. Ораза ұстаудың құрсақтағы сәбиге қаншалықты зиян екендігін білгір әрі сенімді дәрігердің тексеруімен және кеңесімен ғана анықтауға болады.

Әнәс ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын): **«Аллаһ елшісі (с.а.с.) өзі үшін қорқатын жүкті әйелге және сәбиі үшін қорқатын емізуші әйелге ауыз ашуға рұқсат берді»**, – деген⁵.

4. Қатты аштықта және шөл қысқанда. Егер ораза тұтқан кезде құрдымға кететіндей дәрежеде аштыққа ұшыраса не шөлдесе, зәру жағдайға душар болды деп есептеліп, аузын ашуға рұқсат етіледі. Сол секілді білгір әрі сенімді дәрігердің бұйрығымен де аузын ашуға болады. Мұндай жағдайға тап болған адам кейіннен, жағдайы жақсарғанда тұтпаған оразаларының тек қана қазасын өтейді.

¹ «Бақара» сүресі, 184-аят.

² Китәб әл-фиқһ алә әл-мазаһиб әл-арбаға, 324-бет.

³ Сахих әл-Бұхари, Бәб әт-тиб лил-жумуға, 1946. Сахих Муслим, Бәб жәуәз әс-саум уа әл-фитр ..., 2668.

⁴ Әл-Бұхари, Муслим осы мағынаны беретін хадистерді Әнәс ибн Мәликтен және Әбу Сағид әл-Худридентен (Аллаһ ол екеуіне разы болсын) риуаят еткен.

⁵ Сунән Ибн Мәжәһ, Китәб әс-сиям, 1658.

5. Мәжбүрлеген жағдайда. Егер біреулер қатты соққыға жығамыз не бір жерінді майып қыламыз деп қорқытып, оразаңды бұз деп зорласа, ауызды ашып жіберуге рұқсат етіледі және оның да тек қазасы өтеледі.

6. Соғыста. Кескілескен күрес жүріп жатқан кезде жаумен алысуға дәрменсіз болып қаламын деген ой басым болған жауынгерге де оразасын бұзуға рұқсат етіледі.

7. Әйелдерге хайыз немесе нифастың келуі. Хайыз бен нифас оразаны тоқтатуына үзір ғана емес, сонымен бірге оразаның дұрыс болуына кедергі де болады. Егер хайыз және нифас кезінде әйел ораза тұтса, оның оразасы дұрыс емес және қабыл болмайды. Ол хайыз немесе нифастан тазарғаннан кейін ұстамаған оразаларының қазасын өтейді.

Ораза ұстауға шамасы келмейтіндердің үкімі

Ораза ұстауға шамасы келмейтіндерге үлкен жастағы қартайып, күш-қуаты сарқылған қариялар мен созылмалы ауруға шалдыққан науқастар жатады. Ондай адамдарға оразаның қазасын өтеу міндет емес, бірақ оразаның әр күні үшін фидия төлеу қажет.

Фидия – ораза ұстауға шамасы келмейтін қариялар мен созылмалы аурулары бар науқастардың тұтпаған оразаларының өтемі ретінде берілетін садақа. Оның көлемі ораза тұтпаған әр күні үшін бір кедейді екі мезгіл тойдыра тамақтандыру не пітір садақасына тең садақа беру. Ал пітір садақасының көлемі – жарты сағ (екі келі) бидай немесе оның ұны. Болмаса, екі келі бидайдың немесе ұнның құнын ақшалай зекеттен үлесі барларға беру.

Егер фидия беруге шамасы келмесе, оның мойнынан фидия беру міндеті түседі.

Иғтикаф

«Иғтикаф» сөзі араб тілінде «бір жерде қалу», «тұрақтау», «тұру» деген мағыналарды береді. Ал шариғатта иғтикаф – Аллаһқа жақындау ниетімен бес уақыт намаз оқылатын мешітте қалу.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) рамазан айының соңғы он күнінде ылғи мешітте иғтикаф жасайтын, ал қайтыс болатын жылы жиырма күн иғтикафта болған. Ол (с.а.с.) дүниеден өткеннен кейін әйелдері мен сахабалары оның (с.а.с.) осы сүннетін жалғастырған¹.

Иғтикафтың түрлері және үкімдері:

1. Мустахаб. Иғтикафтың бұл түрі ниет етіп, кез келген бір уақытта Құран, намаз оқып, зікір етіп мешітте қалу және оның белгіленген бір

¹ Әл-Бұхари және басқа да имамдар осы мағынаны беретін хадистерді риуаят еткен.

уақыты жоқ. Бір сағат не бірнеше сағат, бір күн немесе бірнеше күн иғтикаф жасауға болады.

2. Бекітілген сүннет. Рамазан айының соңғы он күнінде иғтикаф жасау бекітілген сүннетке жатады. Себебі Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қайтыс болғанға дейін әр жылы рамазанның соңғы он күнінде иғтикафқа отырған және Қадір түнінің осы күндерге сәйкес келетіндігін ескерткен.

3. Уәжіп. Егер бір адам иғтикафқа отыруды нәзір етсе, мойнына алған міндетін орындау да уәжіп болады. Нәзір оразаның уақыты адамның берген нәзіріне байланысты. Мысалы, бір күн иғтикафқа отырамын деп ниеттенсе, оның уақыты – бір күн, екі күн иғтикафқа отырамын деп ниеттенсе, оның уақыты екі күн деп есептеледі.

Иғтикафтың шарттары:

1. Мұсылман болу.

2. Ақыл-есі бүтін болу, таза мен нәжісті ажырата білетін жасқа келу. Жақсы мен жаманды ажырата алатын балиғатқа толмаған сәбидің иғтикафы дұрыс.

3. Әйелдердің хайыз бен нифастан таза болулары.

4. Ханафи мазһабында әйелдерге үйлеріндегі мешітте иғтикаф жасау керек және олар үшін жамағат намаздары оқылатын мешітте иғтикаф жасаудың үкімі мәкруһ тәнзиһи болып табылады. Себебі әйелге үйінде оқыған намаз мешітте оқыған намаздан абзалырақ, сол секілді әйел адамға үйінде иғтикаф жасаған мешітте жасағаннан абзал. Ол абзалды тастағандықтан, мәкруһ деп есептеледі¹.

5. Нәзір уәжіп иғтикафы кезінде ораза ұстау.

Иғтикафтың уақыты:

Уәжіп иғтикафтың ең аз уақыты – бір күн, ал сүннет иғтикафтың ең аз уақыты – бір сағат. Бұл – Мұхаммед әш-Шайбани мен имам Шафиғидің пікірі және ханафи мазһабында осы пікір бойынша пәтуа беріледі. Себебі бұл іс иғтикафты ниет етушінің өз еркіне қалдырылған. Ниет етуші қаласа, бір сағат, қаласа, бір күн иғтикафта отыруы мүмкін. Фикһ ғалымдарында сағат деген жиырма төрт сағаттың бір бөлігі деген мағынада емес, уақыттың кез келген бір бөлігі деген мағынада қолданады. Ал Әбу Юсуф «күндіздің көп бөлігінде отыру керек» деген шарт қойған².

Иғтикафқа отырған кезде ораза тұту мәселесі:

Мәлики мазһабынан басқа барлық мазһабтарда сүннет иғтикаф кезінде ораза тұту адамның еркіне тасталған, қаласа, ораза тұтады, қаламаса,

¹ Китәб әл-фикһ алә әл-мазаһиб әл-арбаға, 329-бет. Әл-Фикһ әл-ханафи фи сәубиһ әл-жәдид, I том, 379-бет.

² Фәтх бәб әл-ғиная би шарх ән-нуқая, I том, 595-бет.

тұтпайды. Ал уәжіп иғтикаф кезінде ораза тұтуға байланысты екі түрлі пікір бар:

1. Имам Мәлик, әл-Әузағи және ханафи мазһабында уәжіп иғтикаф кезінде ораза тұту да – уәжіп. Бұл пікір Ибн Омардан, Ибн Аббастан, Айшадан (Аллаһ оларға разы болсын), Сағид ибн Мусайябтан және әз-Зуһриден риуаят етілген.

2. Имам Шафиғи, Ахмад «уәжіп иғтикаф кезінде ораза тұту уәжіп емес, қаласа, тұтады, қаламаса, тұтпайды» деген. Бұл пікір Әлиден, Ибн Масғудтан (Аллаһ ол екеуіне разы болсын), Атадан, Таустан, әл-Хасан әл-Басриден риуаят етілген¹.

Иғтикафтың әдептері:

1. Тек қана жақсы сөз айтып, әдеп сақтау.

2. Шамасы келгенше иғтикафты үлкен мешітте өткізген абзал. Бірінші Меккедегі әл-Харам мешіті, одан кейін Мәдинадағы Пайғамбардың (с.а.с.) мешіті, одан кейін Ақса мешіті, одан кейін адамдар көп жиналатын орталық мешіттер.

3. Иғтикаф уақытында Құран, тәһәжжуд және басқа да шариғатта келген нәпіл намаздарды оқу, көп зікір ету, тәсбих тарту, Аллаһқа көп мадақ айту, Пайғамбарға (с.а.с.) салауат оқу және пайдалы ғылыммен айналысу.

Иғтикафтың мәкруһтері:

1. Сөйлему. Егер сөйлему ғибадат деп ойлайтын болса, оның үкімі мәкруһ тахрими болады.

2. Сауда жасау. Жалпы, Ислам шариғатында мешітте сауда жасау – құпталмайтын іс деп есептеледі.

3. Өзіне қажетті емес немесе өзіне байланысы жоқ істерге араласу.

Иғтикаф кезінде рұқсат етілетін амалдар:

1. Туған-туыстарымен қоштасу үшін мешіттен шығу;

2. Шашты тарау, қысқарту, тырнақ алу, денені тазалау және иіссу себіну;

3. Табиғи қажеттілікті өтеу үшін мешіттен шығу;

4. Мешітте тамақтану.

Иғтикафты бұзатын амалдар:

1. Жыныстық қатынас жасау. Барлық мазһабтарда иғтикаф кезінде жыныстық қатынас жасаған адамның иғтикафы бұзылады. Жақындасу болмағанымен, аймалау немесе басқа да жақындасуға түрткі болатын себептерге байланысты мәни бөлінетін болса, иғтикаф бұзылады.

2. Мешіттен қажетсіз, орынсыз шығу. Егер мешіттен орынсыз шығатын болса, уәжіп иғтикаф бұзылады, ал нәпіл иғтикафы аяқталады.

¹ Фикһ әс-сунна, I том, 621-622 беттер.

3. Ақылынан адасу, мас болу және әйелдерге хайыздың келуі де иғтикафты бұзады.

ҚАЖЫЛЫҚ КІТАБЫ

Ислам дінінің бесінші тірегі – қажылық. Хаж (қажылық) араб тілінде «құрметті орынды зиярат ету» деген мағынаны береді. Ал бұл сөздің шарифаттағы мәні – белгілі орындарды белгіленген уақытта, белгіленген амалдарды орындау арқылы зиярат ету немесе діннің бір тірегін орындау мақсатында Қағбаны зиярат ету¹.

Белгілі орындар – Меккедегі Харам мешіті, Мина үстірті, Арафат және Муздалифа аймақтары.

Белгіленген уақыт – қажылық айлары.

Белгіленген амалдар – ихрам киімін кию, тауап пен сағи жасау, Арафатта тұру, Мина мен Муздалифада түнеу, құрбандыққа мал шалу, шаш алдыру және т.б. амалдар.

Қажылықтың үкімі

Қажылық – балиғат жасына толған, ақыл-есі бүтін, қаражаты жеткілікті және қажылық сапарына денсаулығы жарайтын әрбір мұсылманға парыз.

Қажылықтың парыз екендігіне Құран, сүннет және барлық мұсылман ғұламаларының бірауызды келісімі (ижмағ) дәлел болады. Аллаһ тағала: **«Оның жолына шамасы келген адамдарға Аллаһ үшін Үйге (Қағбаға) қажылық жасау міндет»²**, – деген.

Әбу Нұрайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) бізге құтпа оқып: «Ей, адамдар! Аллаһ сендерге қажылықты парыз етті, сондықтан қажылық жасаңдар», – деді. Сонда бір кісі: «Уа, Аллаһтың елшісі! Жыл сайын ба?» – деп сұрады. Ол (с.а.с.) үндемеді. (Әлгі кісі) сұрағын үш рет қайталағаннан кейін, Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Егер «иә» десем, парыз болатын еді және сендердің оған (жыл сайын қажылық жасауға) шамаларын келмес еді», – деді де, сосын: «Мені өздеріңе қалдырған нәрседен жайыма қойыңдар»³. Өйткені сендерден ілгері өткендерді сұрақтарының көптігі және пайғамбарларымен келіспеушіліктері себебінен құрыды. Сондықтан сендерге бір нәрсе бұйырсам, оны шамаларың келгенше орындаңдар, ал егер бір нәрседен тыйсам, оны тастаңдар», – деді», – деп айтқан⁴.*

Қажылықтың артықшылықтары

Кез келген құлшылықтың өзіндік артықшылықтары болатыны тәрізді қажылықтың да өзіне тән артықшылықтары мен пайдасы бар.

¹ Әл-Муфассал фи әл-фиqh әл-ханафи, 329-бет.

² «Әлі Иман» сүресі, 97-аят.

³ Яғни мен сендерге айтпаған амал туралы тәптіштеп (қазбалап) сұрамаңдар.

⁴ Сахих Муслим, Китәб әл-хаж, 2380.

1. Пенде мойнына жүктелген міндеттен құтылу арқылы сансыз сауапқа кенеледі. Аллаһ тағаланың нәпіл амалдарға қарағанда парыз амалдар үшін көбірек сауап беретіні жоғарыда айтылды.

2. Аллаһ қажылық ғибадатын орындаған пенденің өткен күнәларын кешіреді.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбардың (с.а.с.): «Кімде-кім әйеліне жақындаспай, ешқандай күнә және жамандық істемей, Аллаһ үшін қажылық жасаса, (үйіне) анасынан жаңа туғандай болып қайтады», – деп айтқанын естідім», – деген¹.*

Яғни Аллаһтың разылығын тілеп, біліп және білмей жасаған күнәларына шынайы ықыласымен кешірім сұрап, жаннатты үміт етіп қажылық амалдарын толық орындаған адам күнәдан жаңа туған сәбидей пәк, таза болады. Бірақ адамдардың ақысы мен қаза болған парыз айн амалдарының күнәсі қажылық арқылы өшпейді. Сонымен қатар біреуге зұлымдық жасаған болса, одан кешірім сұрау және рұқсатсыз, зорлықпен алған затын қайтару – парыз, ал қаза болған намаз, ораза секілді ғибадаттардың қазасын өтеу қажет.

3. Қажылар мен умра жасаушылар – Аллаһтың қонақтары және өз елдерінің өкілдері.

Әбу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын), Аллаһ елшісі (с.а.с.): *«Қажылар және умра жасаушылар – Аллаһқа келген (өз елдерінің) өкілдері. Егер олар Оған дұға қылса, жауап береді (дұғаларын қабыл етеді), егер кешірім сұраса, оларды кешіреді», – деген².*

Аллаһ Өзіне қонақ болып келген пенделерді сый-құрметпен қарсы алады. Оларға жомарттығын еселеп, әрбір құлшылығының сауабын арттырады. Себебі ғалымдар қажылық сапарына жұмсалған қаражатты Аллаһ жолында жұмсалған деп есептейді. Ал Аллаһ жолында жұмсалған қаражаттың сауабы жеті жүз есеге дейін көбейеді.

4. Қажылық адамның жүрегін тәкаппарлықтан, дүниеқорлықтан тазалайды. Сондықтан Аллаһ разылығы үшін қажылықтың жоралғыларын толық орындаған адам еліне қайтқанда өзін пәк сезінеді.

5. Қабыл болған қажылықтың сауабы – тек қана жаннат.

Қажылықтың парыз болу шарттары

1. Мұсылман болу. Қажылық Ислам шариғатының амалы болғандықтан, оны орындайтын адам ең алдымен мұсылман болуы шарт.

2. Балиғатқа толу.

3. Ақыл-есі бүтін болу. Ғибадаттың кез келген түрінің парыз болуы үшін пенденің балиғат жасына толуы және ақыл-есінің бүтін болуы – шарт. Ол туралы намаз тарауында толық мағлұмат берілген.

¹ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-хаж, 1424.

² Сунән ибн Мәжәһ, Китәб әл-хаж, 2883.

4. Азат болу. Қажылықты өтеу құлдарға, тұтқындарға және басқа да бас бостандығынан айырылғандарға парыз емес.

5. Қажылық амалдарын өтеуге денсаулығы жарамды және қаражатының жеткілікті болуы. Өйткені Аллаһ тағала қажылықты жағдайы жетіп, шамасы келетіндерге ғана парыз еткен.

«Оның жолына шамасы келген адамдарға Аллаһ үшін Үйге (Қағбаға) қажылық жасау міндет»¹, – деген.

Қажылық сапарына аттануға шаманың келуі екі түрлі болады:

1) қаржысының жетуі мен денсаулығының жарамды болуы.

2) қажылыққа баруға кедергі келтіретін бөгеттердің болмауы.

Ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Бір кісі Пайғамбарға (с.а.с.) келіп: «Уа, Аллаһтың елшісі! Қажылықты не парыз етеді?» – деді. Ол (с.а.с.): «Қаражат және түйе», – деп жауап берді», – деген².*

Қаражат – қажылыққа барып қайтуға жететін орташа қаражат. Түйе – қажылық сапарында мінетін көлік³.

Кімде-кімнің қажылық айларында өзінің негізгі қажеттіліктерінен артық, қажылықтың шығынына және артында қалған отбасына қайта оралғанша жететін қаражаты болса, оған қажылық жасау – парыз. Ал адамның негізгі қажеттіліктері туралы мәліметтер зекет тарауында кеңінен айтылған.

Шаманың келуіне қатысты үкімдер:

1. Егер ақыл-есі бүтін, балиғатқа толған мұсылманда қажылық айларында (шәууәл, зул-қағда және зул-хиджжаның алғашқы он күні) өзінің қажеттілігінен артық қажылыққа барып қайтуға жететін қаражаты болса, оған қажылық жасау парыз болады. Ондай адам қажылықты дәл сол жылы жасамаса да, оның парыздығы мойнына жүктелген міндет болып қалады.

2. Қажылық парыз болғаннан кейін оны өтемейінше, ол адамның мойнынан түспейді.

3. Қажылықтан қайтқаннан кейін сәлем бере келген қонақтарға кететін шығын және қажылықтан әкелген сый-сияпаттар қажылық шығынына жатпайды.

4. Шамасы келу қажының орташа шығынымен есептеледі. Мысалы, қажыдан төрт не бес жұлдызды қонақүйде тұру талап етілмейді. Қажылыққа автокөлікпен баруға шамасы келетін адам автокөлікпен, ұшақпен баруға шамасы келетін адам ұшақпен бара алады.

5. Қажылыққа бару үшін баспанасын сату немесе оны арзан баспанаға айырбастап, үстінен қалған ақшаға қажылық жасауды шарифат талап етпейді. Бірақ кімде-кім осылай істеуді шешсе, оған тыйым салынбайды.

¹ «Әлі Иман» сүресі, 97-аят.

² Сунән әт-Тирмизи, Китәб әл-хаж, 741. Имам әт-Тирмизи: «Бұл хадис хасан және ғалымдар онымен амал жасаған», – деп айтқан.

³ Фатх бәб әл-ғиная би шарх ән-нуқая, I том, 603-бет.

Алайда ол өзі қажылыққа кеткенде, оған отбасының қажеттіліктерін қамтамасыз етіп кету шарифатта міндеттелетінін естен шығармауы тиіс.

6. Кімде-кімнің екі баспанасы болса және одан басқа парыз қажылығын өтеуге ақшасы болмаса, екі баспананың бірін сатып, қажылыққа баруы қажет.

7. Кедейге біреу немесе өзінің туған баласы не әкесі қажылыққа баратын қаражатын беруіне болады.

8. Зекеттің ақшасын кедейге қажылық жаса деп беруге болмайды. Себебі зекет адамдардың өмірлік қажеттіліктерін өтеуі үшін міндеттелген. Ал қажылыққа бару кедейге міндет емес. Дегенмен кедей бір мұсылманға садақа не сый ретінде қаражат беріп, оны қажылыққа жіберуіне болады.

Қажылықты өтеудің шарттары

Егер жоғарыда аталған талаптар мен төмендегі шарттар орындалып, мұсылманға қажылық жасау парыз болса, оған міндетті түрде сол жылдан кешіктірмей қажылық жасау парыз етіледі.

1. Қажылық амалдарын орындауға және қажылыққа барып-қайтуға денсаулығының жарамды болуы.

2. Қажылыққа баруға кедергі келтіретін жайлардың болмауы. Мысалы, түрме, қажылық визасын ала алмау, кеденнен өткізбей қою және т.б.

3. Жолдың сенімді болуы. Яғни қажылыққа баратын жолда соғыс немесе басқа да адамның өміріне қауіп төндіретін жағдайлардың орын алмауы. Егер Меккеге баратын басқадай жол табылмаса, қажылық міндеті адамның мойнынан түседі.

4. Қажылықты өтеуді ниет еткен адамның көмегіне өте мұқтаж адамдардың болмауы. Егер қажылыққа барғысы келген адамның үйінде қария немесе сырқат ата-аналары болып, оларға қарайтын басқа адам жоқ болса, оның қажылыққа бармауына рұқсат етіледі. Сол секілді бір елді мекендегі аурулардың өмірі қажылықты ниет еткен дәрігердің көмегіне өте зәру болса, ол дәрігердің де қажылыққа бармауына болады.

5. Ханафи мен ханбали мазһабтарында әйелге қажылық жасау үшін қасында махрамы болуы керек. Махрам – әйелдің күйеуі және үйленуге болмайтын еркек туыскандары. Олар: әкесі, атасы, ұлдары, немерелері, туған аға-інілері, олардың ұлдары, әпке-сіңлілерінің ұлдары, әкесінің туған аға-інілері, туған нағашы аға-інілері, күйеуінің әкесі (қайын атасы), атасы, күйеуінің басқа әйелдерінен туған ұлдары, сүт анасының күйеуі, аға-інілері, ұлдары және сүт анасынан емген басқа еркектің ұлдары. Себебі шарифатта бір анадан емген екі адамның ұл-қыздарына да бір-біріне үйленуге болмайды.

Аллаһ елшісі (с.а.с.): *«Әйел махрамсыз қажылық жасамасын»*, – деген кезде, бір кісі өзінің соғысқа баруға жазылып қойғандығын, ал әйелінің

қажылық жасауды ниет еткендігін айтады. Сонда Аллаһ елшісі (с.а.с.): *«Кері қайт та (яғни соғысқа барма), әйеліңмен бірге қажылық жаса»*, – деген¹.

Бұл хадис және жалпы әйел заты үш күннен артық махрамсыз жол жүруге тыйым салынғандығын білдіретін сахих хадистер, әйел адамның махрамсыз қажылық жасауға болмайтындығының тағы бір дәлелі.

Мәлики мен шафиғи мазһабтарында қасында біреуінің не бірнешеуінің махрамы бар бір топ сенімді әйелдермен бірге махрамы жоқ әйел қажылыққа бара алады. Егер олар сенімсіз болса, баруға болмайды.

Омар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ елшісі (с.а.с.) қайтыс болғаннан кейін оның (с.а.с.) әйелдеріне қажылық жасауға рұқсат береді. Сонда олардың әрқайсысының қасында махрамы болмайды. Омар олармен бірге қажылыққа Осман ибн Аффанды және Абдур-Рахман ибн Ауфты (Аллаһ ол екеуіне разы болсын) қосып жібереді².

Мәликилер мен шафиғилер Омардың осы ісін және басқа да хадистерді дәлел етіп, жол аман да сенімді адамдармен бірге әйел махрамсыз да қажылық сапарға шыға алады деген пікірге келген³.

6. Қажылық уақытында әйелдің иддада болмауы қажет. Идда – күйеуі қайтыс болғаннан немесе ажырасқаннан кейін әйелдің үйінен шықпай, күтетін мерзімі. Міне, осы мезгілде әйелдерге қажылық жасау парыз емес.

Егер қажылық жасаудың парыздары мен оны өтеудің шарттары орындалса, үш мазһабта сол жылдан кешіктірмей қажылық жасау қажет. Қажылықты үзірсіз кешіктірген кісілер күнәкар болады. Шафиғи мазһабында және Әбу Ханифаның шәкірті Мұхаммедтің пікірінше, қажылықты алдағы жылдарға кешіктіруге болады⁴.

Ибн Аббас (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Кімде-кім қажылық жасауды қаласа, асықсын»*, – деді», – деген⁵.

Көпшілік ғалымдар «аталған хадиспен мағыналас басқа да хадистерді басшылыққа ала отырып, қажылықты кешіктірмей орындау – міндет» деген. Ал имам Шафиғи мен Мұхаммед әш-Шәйбәни «қажылық 6-жылы парыз болғанымен, Пайғамбар (с.а.с.) тек 10-жылы ғана қажылық жасаған» дейді. Сондықтан қажылық жасауды келесі жылдарға қалдыруға болады, бірақ көп ұзатпай қажылық парыз болған жылы жасаған абзал деген.

Сәбидің қажылығы және оның үкімі

Барлық ғұламалардың ортақ пікірінше, балиғатқа толмаған, алайда есін біліп қалған сәбидің жасаған қажылығы дұрыс болып есептеледі. Бірақ ол қажылығы нәпіл амалдардың қатарына жатады. Яғни парыз қажылығының

¹ Осы мағынаны беретін хадисті Ибн Әбу Шәйбә мен әд-Даракутни риуаят еткен.

² Сунән әл-Бәйһақи әл-Кубра, Бәб хажж ән-ниса, 8404.

³ Әл-Муғни фи фикһ әл-хажжи уа әл-умра, 20-24 беттер.

⁴ Фатх бәб әл-ғиная би шарх ән-нуқая, I том, 606-607 беттер.

⁵ Сунән Әбу Дауд, Китәб әл-хаж, 1472. Әл-Хақим бұл сахих хадис деген.

орнына жүрмейді. Сәби парыз қажылығын шамасы келсе, балиғатқа толғаннан кейін жасауы керек.

Ибн Аббас (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Бір әйел сәбиін көтеріп: «Уа, Аллаһтың елшісі! Мынаған қажылық болады ма?» – дейді. Ол (с.а.с.): «Иә, әрі саған сауап», – деп жауап береді», – деген¹.*

Ғалымдар осы хадисті сәбидің қажылығының дұрыс екендігіне дәлел ретінде келтіреді.

Ибн Аббас (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Кез келген сәби қажылық жасағаннан кейін балиғатқа толса, оған басқа (парыз) қажылығын жасау міндет», – деді», – деп айтқан².*

Сәби қажылығының оның жағдайына қарай кейбір өзіндік ерекшеліктері бар:

1. Ақыл-есі кірмеген (шамамен алты жасқа келмеген сәби) сәбидің орнына уәлиі (әкесі немесе оны қажылыққа алып барған адам) ихрамға ниет етіп, ихрам киімін кигізеді, онымен бірге тауап, сағи жасайды, Арафатқа алып шығады және сәбиді ихрам кезінде тыйым салған амалдардан сақтап жүреді. Бірақ оның орнына тауаптан кейінгі екі ракағат намазды оқымайды.

2. Ақыл-есі кірген, жақсы мен жаманды ажыратып қалған сәби міндетті түрде әкесінің не қажылыққа ертіп келген уәлиінің нұсқауымен өзі ихрамға ниет етеді әрі орындай алатын қажылық амалдарының барлығын өзі жасайды. Мұндай жағдайда оның шамасы келетін амалдарды уәлиіне орындауға болмайды.

Жәбир (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісімен (с.а.с.) бірге қажылық жасадық. Бізбен бірге әйелдер және сәбилер болды. Сонда сәбилердің атынан тәлбия айттық және тас лақтырдық», – деді³.*

3. Ханафи мазһабында, егер бала ақыл-есін тоқтатқандығына және тоқтатпағандығына қарамай, қажылықтың бір парызын орындай алмай, оны бұзып алса немесе уәжіптерінің бірін бұзса, оған ешқандай жаза жоқ. Себебі шарифат амалдары сәбиге парыз емес.

4. Ханафи мазһабында егер балиғат жасына толмаған бала Арафатта тұрудан бұрын балиғатқа толып, жаңадан ихрам халіне кіріп, қажылыққа ниет етсе, ол парыз қажылық орындаған болып есептеледі. Ал егер алғашқы ниетімен қалса, қажылығы нәпіл деп есептеледі және ол жағдайы келсе, кейін қайта парыз қажылығын жасауы қажет. Ал шафиғи мазһабы бойынша, ихрамға қайта кіргеніне немесе кірмегеніне қарамастан, оның қажылығы парыз қажылық болып есептеледі.

5. Балиғатқа толмаған бала қажылықтың қай түрін (тәмәттуғ немесе қиран) жасағандығына қарамастан, оған құрбандық (һәди) шалу міндет емес.

¹ Сахих Муслим, Китәб әл-хаж, 2378.

² Әл-Бәйһақи, әс-Сунән әл-кубра, V том, 179-бет.

³ Сунән Ибн Мәжәһ, Китәб әл-хаж, 3029.

Әйелдердің қажылығы және оларға ғана қатысты үкімдер

1. Қажылық жасауға жағдайдың келу-келмеу мәселесінің үкімі еркектер мен әйелдер үшін бірдей. Тек, жоғарыда айтылғандай, әйелдердің қасында махрамы болуы және идда мерзімінің аяқталуы керек.

2. Әйелдердің арнайы ихрам киімдері жоқ, олардың ихрамы жүзін және екі қолын білезікке дейін ашу арқылы жүзеге асады. Яғни әйелдерге қажылық кезінде жүзін және қолдарын жабуға рұқсат етілмейді. Тек бөтен еркектердің жанынан өткен кезде, беттерін көйлектерінің жеңімен, жаулықтарының ұшымен немесе басқа бір затпен көлегейлеуге болады.

Айша (Аллаһ оған разы болсын): *«Біз Аллаһ елшісімен (с.а.с.) бірге мухрим¹ болған кезімізде көліктілер (аттылар) біздің қасымыздан өтетін. Егер олар бізбен қатарласса, біздің біреулеріміз басынан жылбабын² түсіріп, жүзін жабатын. Олар өтіп кеткеннен кейін оны (жылбабты) қайта ашатынбыз», – деген³.*

3. Қажылық сапарға шыққан әйелге ихрамға кіргенге дейін не кіргеннен кейін хайыз немесе нифас қаны келсе, ол қажылығын жалғастыра береді. Тек хайыздан немесе нифастан тазарғанға дейін тауап жасамайды. Сонымен қатар етеккірдің келуін уақытша тоқтататын дәрілерді қабылдауына да болады.

4. Әйелдер ихрам кезінде киген киіміне ихрам халіне өткенге дейін және одан кейін иіссу сеппейді және тәлбияны даусын көтеріп айтпайды.

5. Тауаптың алғашқы үш айналымында және сағида екі жасыл белгі арасында ерлер секілді жылдам жүрмейді, баяу жүріспен өтеді.

6. Қажылықтың барлық уақытында, мүмкіндігінше адамдар тығыз жерден алшағырақ жүреді.

7. Әйелге Муздалифада түнемеуге рұқсат етіледі.

8. Әйелдер шашын толық алдырмайды, олар тек шаштарының ұшынан аз ғана қысқартады.

9. Егер қажылық аяқталып, әйелдің қасындағы күйеуі немесе махрамы қайтатын болса, әйелге қоштасу тауабын жасау міндет емес. Мұндай кезде қоштасу тауабы оның мойнынан түседі және ол үшін ешқандай жаза өтемейді.

10. Әйел өзінің жеке байлығынан қажылық жасайды, оны қажылыққа алып бару күйеуінің міндеті емес. Тек күйеуі өз қалауымен оны қажылыққа алып баратын болса, өте жақсы.

¹ Мухрим – қажылықты ниет етіп, ихрам халіне өткен адам.

² Жилбәб – ұзын, бүкіл денені жауып тұратын әйелдер киімі.

³ Сунән Әбу Дауд, Китәб әл-хаж, 1562.

Умра немесе кіші қажылық

«Умра» сөзі араб тілінде «зиярат ету» деген мағынаны береді.

Шариғатта «умра» Қағба мешітін белгілі ғибадат түрін орындау мақсатымен зиярат ету дегенді білдіреді.

Умраның үкімі:

Ханафи мен мәлики мазһабтарында мұсылманға ғұмырында бір рет умра жасау – бекітілген сүннет.

Талха ибн Ғұбайдұллаһ (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ елшісінің (с.а.с.): **«Қажылық – жиһад (парыз), умра – нәпіл құлшылық»**, – дегенін естіген¹.

Ал шафиғи мен ханбали мазһабтарында шамасы келген адамға ғұмырында бір рет умра жасау – парыз².

Умраның уақыты:

Умраны арафа және одан кейінгі төрт күннен басқа кездің барлығында жасауға болады. Арафа және одан кейінгі төрт күн қажылық күндері болғандықтан, ол уақыттарда умра жасау мәкруһ тахрими болып есептеледі³.

Умраның артықшылықтары:

Әбу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын), Аллаһ елшісі (с.а.с.): **«Қажылар және умра жасаушылар – Аллаһқа (келген өз елдерінің) өкілдері. Егер Оған дұға қылса, жауап береді (дұғаларын қабыл етеді), егер кешірім сұраса, оларды кешіреді»**, – деген⁴.

Яғни Аллаһ тағала қажылардың дұғасын қабыл алғаны секілді қаласа, умра жасағандардың да дұғасын қабыл етеді.

Әбу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын), Аллаһ елшісі (с.а.с.): **«Умра (келесі) умраға дейінгі аралықтағы (күнәларды) жуады. Ал қабыл болған қажылықтың сауабы – тек қана жаннат»**, – деген⁵.

Умраны рамазан айында жасаған абзал. Себебі Аллаһ елшісі (с.а.с.) бұл айда жасалған умраның басқа уақытта жасалған умралардан артық екендігін баяндап: **«Рамазандағы умра қажылыққа тең»**, – деген⁶. Екінші риуаятта **«менімен жасаған қажылыққа тең»** деп келген.

¹ Сунән Ибн Мәжәһ, Китәб әл-хаж, 2980.

² Китәб әл-фиқһ алә әл-мазаһиб әл-арбаға, 383-бет.

³ Әл-Муфассал фи әл-фиқһ әл-ханафи, 338-бет.

⁴ Сунән Ибн Мәжәһ, Китәб әл-хаж, 2883.

⁵ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-хаж, 1650.

⁶ Сахих әл-Бұхари, Бәб умра фи рамадан, 1690. Сахих Муслим, Бәб фадл әл-умра фи рамадан, 3097.

Қажылық пен умра амалдары

Умра амалдары:

1. Алдымен микатқа¹ жеткенде не одан бұрын умраға ниет етіп, арнайы ихрам киімін киіп, «Ләббәйкә Аллахумма умратан»² деп тәлбия айтылады.

2. Қағбаны айналып тауап жасау. Умра жасаушы Меккеге келіп, заттарын қонақүйге жайғастырғаннан немесе зат сақтау камерасына өткізгеннен кейін, Харам мешітіне барып, Қағбаны қара тас бұрышынан, сағат тіліне қарама-қарсы бағытта жеті рет айналады. Бұл рәсім «тауап» деп аталады. Әр айналым қара тас орналасқан бұрыштан басталып, дәл сол жерден аяқталады. Қағбада тауап жасап болғаннан кейін, мүмкіндікке орай Мақам Ибраһимнің³ арт жағына барып, екі ракағат тауап намазын оқиды.

3. Сафа мен Мәруаның арасында сағи жасау. «Сағи» деп қажылық пен умра кезінде Сафа мен Мәруа төбелерінің арасында жүру рәсімін айтады. Қағбада тауап жасап болғаннан кейін умра жасаушы сағи жасау үшін Сафаға қарай бет алады. Қазіргі кезде Сафа мен Мәруа төбелері Харам мешітімен жалғасып жатыр. Екі төбе арасы – шамамен 450 метр. Сағи жеті шауттан тұрады. Сафадан Мәруаға дейін бірінші шаут. Мәруадан Сафаға дейін екінші шаут. Осылайша сағи Сафадан басталып, Мәруадан аяқталады. Сафа мен Мәруаның арасында екі жасыл белгі бар, осы екі белгі арасында ер кісілер жылдам жүреді. Екі белгінің арасы шамамен – 70 метр. Оны «һәруалә» деп атайды.

4. Шаш алдыру немесе қысқарту. Сағидан кейін умра жасаушы шашын алдырады немесе қысқартады. Осы рәсімдерден соң ол ихрамнан шығып, умрасы аяқталған болып есептеледі.

Ханафи мазһабында ихрам мен тауап умраның парызына, сағи мен шаш алдыру не қысқарту умраның уәжібіне жатады. Ал шафиғи мазһабында осы төрт амалдың барлығы және оларды рет-ретімен орындау умраның парызына жатады.

Қажылық амалдары:

1. Микатқа жеткенде не оған дейін қажылыққа ниет етіп ихрамға кіру.

2. Меккеге келгеннен кейін Қағбаға барып, тауап жасау. Оны тауафул-қудум (сәлем тауабы) деп атайды.

3. Зул-хижжа айының сегізінші күні Мина үстіртіне шығу және сонда түнеу. Ол күн «тәруия күні» деп аталады.

¹ Микат – қажылық рәсімдерін бастау үшін ихрамға кіретін жер.

² Мағынасы: Уа, Аллах! Умра жасау үшін Сенің алдыңдамын.

³ Қағбаның қара тас бұрышынан өткеннен кейін, Қағбадан шамамен 10 метрдей жерде диаметрі 1 метрге жақын домалақ күмбез орналасқан. Сол жер «Мақам Ибраһим» деп аталады.

4. Арафатта тұру. Зул-хижжа айының тоғызыншы күні Арафат жазығына бет алады және онда күн батқанға дейін болады. Арафат жазығы Минадан шамамен жиырма шақырым қашықтықта орналасқан.

5. Муздалифада түнеу. Муздалифа – қажылық кезінде Арафатта тұрғаннан кейінгі түнейтін жердің аты. Ол – Арафат пен Минаның арасында орналасқан таулы аймақ. Арафатта тұрғаннан кейін қажылар Муздалифаға келіп, сонда таң атқанға дейін түнейді.

6. Муздалифада таң намазын оқығаннан кейін қажылар Минаға тас лақтыруға барады. Ол күні тек үлкен жамаратқа (жамартул-кубра немесе жамартул-акаба) ғана жеті тас лақтырады¹.

7. Қажылар жамартул-кубраға тас лақтырғаннан соң, шаш алдырады немесе қысқартады. Мұнан кейін оған қажылық кезінде тыйым салынған барлық амалдар рұқсат етіледі. Тек әйелімен жақындасуға болмайды.

8. Қажылықтың парыз тауабын өтеу. Ол «тауафул-ифада» немесе тауафуз-зияра» деп те аталады. Қажылар шаш алдырып болғаннан кейін ихрам киімдерін шешулеріне болады. Одан кейін Қағбаға келіп, парыз тауабын жасайды. Парыз тауабын жасағаннан кейін олардың әйелімен жақындасуына да рұқсат етіледі.

9. Сафа мен Мәруаның арасында сағи жасау. Парыз тауабын орындап, екі ракағат тауап намазын оқығаннан кейін сағи жасалады.

10. Құрбан айт күнінен кейін ташрик күндері басталады. Сол күні қажылар тағы да Минаға барып, онда екі не үш күн түнейді. Минада түнеген әр күні жамаратқа барып, жамаратус-суғрадан бастап, әрбір жамаратқа жеті тастан лақтырады.

11. Минада түнеп, жамараттарға тас лақтырып болғаннан кейін қажылық амалдарынан тек қоштасу тауабы ғана қалады. Қажы қоштасу тауабын Меккеден қайтатын кезде орындайды.

Қажылық пен умраның түрлері

Қажылық пен умра төрт түрлі тәсілмен орындалады.

1. Тек қана умра жасау. Ихрамға кірген кезде тек қана умра жасауға ниет етіліп, тәлбия айтылып, умраның амалдары ғана орындалады.

2. Тек қана қажылық жасау. Ихрамға кірген кезде тек қана қажылыққа ниет етеді. Оны «ифрад» деп атайды.

3. Қиран – қажылыққа умраны қосып, бір ихраммен өтеу. Осылайша екі ғибадатты қосып орындайды. Яғни қажылықтың қиран түрін орындаушы умра мен қажылық аралығында ихрамнан шықпайды.

4. Тәмәттуғ – қажылыққа умраны қосып, екі ихраммен өтеу. Яғни қажылықтың тәмәттуғ түрін орындаушы қажылық айларында умра жасап,

¹ Бұрын тас лақтыратын жамараттар биік дінгек болатын. Қазіргі кезде оларды ұзын дуал етіп қайта орнатқан.

одан кейін ихрамнан шығады. Сосын қажылық мерзімі басталғанда, қайта ихрамға кіріп, қажылық амалдарын жасайды.

Ескерту: қажылық тәмәттуғ болу үшін умра мен қажылықты бір сапарда жасау керек.

Қиран мен тәмәттуғтың айырмашылығы:

1. Қарин (қажылықтың қиран түрін жасаушы) қажылық және умра үшін бірге ниет етіп, умра амалдарын аяқтағаннан кейін ихрам халінен шықпастан қажылықты күтеді және ихрам кезінде тыйым салынған амалдардан бойын аулақ ұстайды. Қажылық басталған кезде қажылық рәсімдерін сол ихрамымен орындайды.

2. Мутәмәттіғ (қажылықтың тәмәттуғ түрін орындаушы) қажылық айларында (шәууәл, зул-қағда және зул-хиджа айының алғашқы он күні) алдымен умра жасауға ниет етеді. Умра амалдарын бітіргеннен кейін ихрамнан шығып, иіссу себіну, тігісі бар киім кию, әйелмен жақындасу секілді ихрам кезінде тыйым салынған амалдардың барлығын орындай беруіне рұқсат етіледі. Одан кейін қажылық басталар кезде қайта ихрамға кіріп, қажылық амалдарын орындайды.

Қажылықтың қиран және тәмәттуғ түрін орындайтындарға қажылық кезінде құрбандық (һәди) шалу – міндет. Құрбандық шалуға шамасы келмеген адам оның орнына қажылық кезінде үш күн, еліне оралғаннан кейін жеті күн ораза тұтады. Жәһилият заманында арабтарда қажылық пен умраны бірге орындау үлкен күнә болып саналатын. Мұсылмандар өздеріне Аллаһ тағаланың бір мезетте екі құлшылықты орындап, мол сауапқа кенелуді нәсіп еткендігі үшін құрбандық шалып, шүкіршілік жасайды.

Ескерту: қажылықтың ифрад түрін орындаушы умраны қажылықтан кейін орындайды. Себебі умраны қажылыққа дейін орындайтын болса, ол қажылықтың қиран түрін орындаушы деп есептеліп, оған қиранның үкімдерін орындау міндет болады.

Пайғамбарымыздың (с.а.с.) қажылығы

Жәбир (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбардың (с.а.с.) құрбандық күні түйесінің үстінде тұрып, (тас) лақтырғанын және «(Қажылық) рәсімдерін менен алыңдар. Мен білмеймін, мүмкін, бұл қажылығымнан кейін қажылық жасамайтын шығармын», – деп айтқанын көрдім», – деген¹.*

Осы хадиске орай, Пайғамбарымыздың (с.а.с.) қажылығын қалай орындағанын әңгімелейтін хадисті келтірсек:

Жәбир (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елісі (с.а.с.) тоғыз жыл қажылық жасаған жоқ. Сосын 10-жылы Аллаһ елісі (с.а.с.) қажылық жасайтынын жариялады да, Мәдинаға халық көп жиналды. Олардың барлығы Аллаһ елісіне (с.а.с.) ілесіп, ол орындаған рәсімдерді істеуді*

¹ Сахих Муслим, Китәб әл-хаж, 2286.

қалаған-ды. Біз онымен бірге шығып, Зул-Хуләйфаға бардық. (Сол жерде) Әсмә бинт Умайс Мұхаммед ибн Әбу Бәкір (деген ұлын) босанып, не істеймін деп Аллаһ елшісіне (с.а.с.) (кісі) жіберді. (Аллаһ елшісі (с.а.с.)): **«Ғұсыл құйын және қан ағып тұрған жерге ұзынша келген жалпақ мата қойып, оның екі шетін алды-артынан байла да, ихрамға кір»**, – деп (тапсырды). Аллаһ елшісі (с.а.с.) мешітте екі ракағат намаз оқыды да, сосын Қасуа (дейтін түйесіне) отырды. Түйесі шөл далаға шыққанда, оның алды-артынан, оң жақ, сол жағынан көзім жетер аралықта (көп) аттылы-жаяу (адамдарды) көрдім. Аллаһ елшісі (с.а.с.) біздің арамызда еді. Оған Құран түсіп тұрды әрі ол бұл (аяттардың) мән-мағынасын білетін. (Сондықтан) ол не істесе, біз де соны қайталайтынбыз. Ол (дауысын көтере): **«Ләббәйкә Аллаһумма ләббәйк, ләббәйкә лә шәрикә ләкә ләббәйк, иннәл-хамдә уән-ниъмәтә ләкә уәл-мулк, лә шәрикә ләк (Міне, мен Сенің құзырыңдамын, уә, Аллаһ! Міне, мен Сенің құзырыңдамын! Міне, мен Сенің құзырыңдамын, Сенің серігің жоқ! Міне, мен Сенің құзырыңдамын! Расында, барлық мадақ, барлық нығмет және бар билік Саған тән! Сенің ешқандай серігің жоқ)»**, – деп Аллаһтың жалғыз Құдай екенін білдіретін сөздермен тәлбия айтты. Адамдар да осы (сөздерді) қайталап, тәлбия айтты. Аллаһ елшісі (с.а.с.) оларды мұның ешқайсысынан қайтарған жоқ және ол (с.а.с.) тәлбия айтуын жалғастыра берді.

Біз қажсылықтан басқаны ниет етпеген едік және умраның не екенін білмейтінбіз. (Пайғамбармен (с.а.с.)) бірге Қағбаға жеткенімізде, ол (оның) бұрышын сипады да, сосын оны үш рет жылдамдатып, төрт рет жай жүріспен айналды. Сонан соң Ибраһимнің (аләйһис-сәләм) мақамына барып, **«Ибраһимнің мақамынан намаз оқитын орын етіп алыңдар»**¹ (деген аятты) оқыды. Сосын (Аллаһ елшісі (с.а.с.) Ибраһимнің) мақамын өзі мен Қағба арасында қалдырып тұрды да, **«Ықылас»** және **«Кәфирун»** сүрелерін тиләуат етіп, екі ракағат намаз оқыды². Содан кейін ол (Қағбаның) бұрышына қайта келіп, оны сипады да, қақпадан шығып, Сафаға бет алды. Сафаға жақындағанда **«Расында, Сафа мен Мәруа (яғни олардың арасында жүру) Аллаһтың рәсімдерінен»**³ (деген аятты) оқыды да, сосын: **«Мен Аллаһ бастағаннан бастаймын»**⁴, – деді. Сөйтіп, ол Сафадан бастады және оған Қағба көрінетіндей биіктікке көтеріліп, құбылаға жүзін бұрды да, Аллаһтың жалғыз Құдай екенін жариялап, Оны ұлықтады. Сосын: **«Лә иләһә иллаллаһу уәхдәһу лә шәрикә ләһу, ләһул-мулкү уә ләһул-хамду уә һууә ʿалә кулли шәй-ин қәдиир. Лә иләһә иллаллаһу уәхдәһу, әнжәзә уәһдәһу уә насара ʿабдәһу, уә һәзәмәл-ахзабә**

¹ «Бақара» сүресі, 125-аят.

² Яғни бірінші ракағатта Фатихадан кейін «Кәфирун» сүресін, екінші ракағатта «Ықылас» сүресін оқыған.

³ «Бақара» сүресі, 158-аят.

⁴ Басқа бір риуаятта: «бастандар», – деген.

уәхдәһу (Ешқандай серігі болмаған жалғыз Аллаһтан басқа ешбір құдай жоқ. Барлық мадақ пен патшалық Оған тән. Ол уәдесін орындады, Өз құлына жәрдем берді және дұшпандарды жалғыз Өзі күйретті)», – деді.

Сонан соң ол (с.а.с.) Аллаһқа жалбарынып, дұға жасады және мұны үш рет қайталады. Содан кейін ол Мәруа бағытына қарай төмен түсе бастады. Аяғы жазыққа тиген соң жылдамдата жүрді де, қыраттау жерге жеткенде жай жүріске ауысты. Мәруаға көтерілгенде (Аллаһ елшісі (с.а.с.)) Сафада істегенін қайталады. Ол соңғы сағиды Мәруада аяқтап: **«Егер қазіргі білгенімді бұрын білгенімде, құрбандық малын айдап келмес едім және умра жасар едім. Қайсыбіріңде құрбандық малы болмаса, ол ихрамнан шығып, (алдында істегендерін) умра қылсын», – деді.**

Сонда Сурақа ибн Мәлик ибн Жүғшум орнынан тұрып: **«Уа, Аллаһтың елшісі! (Бұл үкім) біз үшін биылға ма, әлде барлық уақытта ма?» – деп сұрады. Аллаһ елшісі (с.а.с.) саусақтарын тарақтап: «Умра қажылықтың ішіне кіреді», – деп екі рет айтты да, сосын: «Бұл барлық уақытта», – деп жауап берді.**

Осы кезде Әли Йеменнен Пайғамбардың (с.а.с.) құрбандық түйелерін алып келеді. Ол Фатиманың (Аллаһ оған разы болсын) ихрамнан шығып, боялған киім киіп, сүрме жағып алғанын көреді. Әли бұл үшін жазғырғанда, ол: **«Әкем (яғни Аллаһ елшісі (с.а.с.)) маған осылай етуді бұйырды», – дейді. Әли Иракта жүргенінде¹: «Мен Фатиманың бұл істегені үшін шағымдануға және оның айтқанының жөнін білу үшін Аллаһ елшісіне (с.а.с.) бардым. Оған (с.а.с.) (Фатиманы) жазғырғаным туралы айтқан едім, ол (с.а.с.): «Ол рас айтты! Ол рас айтты! Сен қажылықты бастағанда не айттың?» – деді. Мен оған: «Уа, Аллаһ! Сенің пайғамбарың не үшін ихрамға кірсе, сол үшін ихрамға кіремін», – деп айттым», – дедім. Сонда ол (с.а.с.): «Менімен бірге құрбандық малы бар, сондықтан сен де ихрамнан шықпа!» – деп тапсырды», – дейтін.**

Жәбир әңгімесін жалғап: **«Әли Йеменнен айдап келген және Пайғамбардың (с.а.с.) өзі әкелген құрбандық малдарының жалпы саны жүз (түйе) болатын. Пайғамбар (с.а.с.) мен одан өзге құрбандық малын айдап келгендерден басқалар ихрамнан шығып, шаиштарын алдырды. Ал тәрууия күні (яғни зул-хижжаның сегізі күні) олар қажылыққа тәлбия айтып, Минаға аттанды. Аллаһ елшісі (с.а.с.) түйесіне мініп барды. Ол (с.а.с.) (Минада) бесін, аср, ақшам, құптан және таң намаздарын оқыды. Сосын күн шыққанша біраз тұрды және Намираға² өзіне жүн шатыр тігуді бұйырды. Аллаһ елшісі (с.а.с.) жолға шыққанда, құрайыштар оның (Муздалифадағы) әл-Машиғар әл-Харамға (Харам аймағының шекарасына) тоқтайтынына күмәнданбаған еді. Өйткені жәһилият дәуірінде құрайыштар солай ететін. Алайда Аллаһ елшісі (с.а.с.) Арафатқа**

¹ Яғни кейіннен Иракта өмір сүрген кезінде.

² Бұл мешіттің басым бөлігі Арафат аймағының сыртында орналасқан.

жеткенше еш жерге аялдаған жоқ. Намирада ол (с.а.с.) үшін шатыр тігіліп қойған еді, ол сол жерге тоқтады. Түс қайтқаннан кейін ол Қасуаны¹ әкелуді бұйырды да, оған мініп, жүгін артып, ойпаттың ішіне түсті және сол жерде адамдарға құтпа жасап: «**Расында, сендердің қандарың мен дүние-мүліктерің бір-біріңе осы айдағы, осы қаладағы осы күннің қасиетіндей қастерлі! Жәһилият істерінен барлық амалдарға тыйым салынды! Жәһилият кезінде төгілген қанға тыйым салынды! Біздің қан төгуімізден мен тыйым салатын ең бірінші қан – Ибн Рабига ибн Харисаның** (кегін қайтару үшін төгілетін) **қан². Жәһилият кезіндегі өсімқорлыққа тыйым салынды! Біздің өсімімізден мен тыйым салатын ең бірінші өсім – Аббас ибн Абдулмутталибтің өсімі.** (Өсімнің) **барлығына тыйым салынды!**

Әйелдеріңе қатысты Аллаһтан қорқыңдар! Өйткені сендер оларды Аллаһтың кепілімен алдыңдар және Аллаһтың сөзі бойынша иемдендіңдер. Сендердің (әйелдердегі құқықтарың –) **олар өздерің ұнатпайтын ешкімді көрпелеріңе аяқ бастырмауы тиіс. Егер бұлай етсе, оларды аса батырмай ұрыңдар. Ал** (әйелдердің) **сендердегі** (құқықтары –) **оларды тиісінше нәпақамен қамтамасыз етіп, киіндіруге міндеттісіңдер!**

Расында, мен сендерге одан бекем ұстап айырылмасаңдар, сендер бұдан кейін еш уақытта адаспайтын бір нәрсе қалдырдым, ол – Аллаһтың кітабы. Сендерден мен туралы сұраса, не деп айтасыңдар?» – деп сұрады. Адамдар: «Сен жолдауыңды жеткізгеніңе, міндетіңді орындағаныңа және насихат жасағаныңа куәлік береміз», – деп жауап берді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) сұқ саусағын көкке көтерді де, сосын осы саусағымен адамдарды көрсетіп: «**Уа, Аллаһ, куә бол! Уа, Аллаһ, куә бол! Уа, Аллаһ, куә бол!**» – деді.

Сонан соң азан және иқама айтылды да, ол бесін намазын оқыды. Содан кейін (тағы да) иқама айтылып, (Пайғамбар (с.а.с.)) аср намазын оқыды. Ол (с.а.с.) осы екеуінің арасында басқа намаз оқыған жоқ. Сосын (түйесіне) мінді де, мауқиғқа³ келді. (Пайғамбар (с.а.с.)) түйесі Қасуаны жартасқа шөктірді және жаяу адамдардың тобын алды жағына ұстап, құбылага бұрылды да, күн батқаниша сол жерде тұрды. Сары шапақ біраз басылып, күннің көзі ұясына кіргенде, Аллаһ елшісі (с.а.с.) Усаманы арқасына мінгестіріп жолға шықты. (Пайғамбар (с.а.с.)) Қасуаның бұйдасын қатты тартқаны сонша, тіпті оның басы үзеңгіге тірелді. Ол (с.а.с.) оң қолымен (ишара жасап): «**Ей, адамдар! Ақырын, ақырын!**» – деп айтып келе жатты. Әр төбеге келгенде (Аллаһ елшісі (с.а.с.) Қасуа қиналмай) шығу үшін бұйданы біраз босатып отырды.

¹ Пайғамбарымыздың (с.а.с.) түйесі.

² Ол баланы бәну сағд руынан бір әйелге сүт бала ретінде бергенде, हुआй тайпасының адамдары өлтірген болатын.

³ Мауқиғ – Арафаттағы жер.

Муздалифаға жеткен соң, (Пайғамбар (с.а.с.)) бір азан, екі қаматпен ақшам және құптан намаздарын оқыды. Екеуінің арасында нәпіл намаз оқыған жоқ. Сосын Аллаһ елшісі (с.а.с.) таң атқанша жатып демалды. Таң білінгенде, бір азан, бір қаматпен таң намазын оқыды. Сонан соң Қасуаға мініп, Харам (аумағының) шекарасына келді. (Онда) жүзін құбылаға қаратып, Аллаһқа дұға жасады, Оны ұлықтады, Аллаһтан басқа ешбір құдай жоқтығына куәлік берді және таухид сөздерін айтты. (Ол жерде) таң толық жарық болғанына тұрған (Пайғамбар (с.а.с.)) күн шықпай тұрып жолға түсті және Фадл ибн Аббасты мінгестіріп алды. (Фадл) сұлу шапты, ақ реңді, сымбатты жігіт еді. Жол-жөнекей жандарынан бір әйелдер өткенде, Фадл оларға қарай бастады. Аллаһ елшісі (с.а.с.) қолымен оның бетін жауып еді, ол басын басқа жаққа бұрып қарай берді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) оның жүзін (әйелдерге) қараудан басқа жаққа бұру үшін қолын сол жаққа Фадлдың бетіне ауыстырды. Сөйтіп, (Пайғамбар (с.а.с.)) Мухассир жазығына¹ келіп жетті және жүрісті біраз тездетті.

Содан кейін ол (с.а.с.) үлкен бағанаға апаратын ортаңғы жолмен жүріп, ағаш жанындағы бағанаға келді де, оған жеті майда тас лақтырды және әрбір тасты лақтырғанда Аллаһқа тәкбір айтып отырды. (Аллаһ елшісі (с.а.с.) тасты) ойпаттың ішкі жағынан атты.

Сонан соң (Пайғамбар (с.а.с.)) құрбандық шалатын орынға барып, өз қолымен алтыс үш (түйені) бауыздады. Сосын Әлиге тапсырды да, қалғанын сол бауыздады. (Осылай Аллаһ елшісі (с.а.с.)) оны құрбандық малдарына серіктестірді. Содан кейін ол (с.а.с.) әр түйенің (етінен) бір кесектен алдырып, олар қазанға салынып, пісірілді. (Пайғамбар (с.а.с.)) бұл еттен жеп, оның сорпасынан ішті. Сонан кейін Аллаһ елшісі (с.а.с.) (түйесіне) отырып, Қазбаға қарай жүрді. Бесін намазын Меккеде оқыған соң, зәмзәм суын шығарып, әперіп тұрған Абдулмутталиб әулетінің (адамдарына) келіп: **«Тартыңдар, Абдулмутталиб әулеті! Адамдар сендерді су тартып әперу қызметтеріңнен ығыстырып, шығарып жіберуінен қауіптенбегенімде, сендермен бірге мен де су тартар едім»,** – деді. Сонда олар оған (зәмзәмнан) бір шелек су беріп еді, (Аллаһ елшісі (с.а.с.)) одан ішті», – деген².

Қажылық сапарына дайындық

Аллаһтың алдындағы қажылық борышын өтеуді ниет еткен адам алдымен қажылықты дұрыс орындау үшін осы тақырыпта жазылған кітаптарды оқып, қажылық туралы дәрістерге қатысып, түсінбегендерін білетіндерден сұрап, қажылыққа теориялық тұрғыдан дайын болуы қажет.

¹ Бұл – Мина мен Муздалифа аралығындағы жазық жер.

² Сахих Муслим, Китәб әл-хаж, 2137.

Одан кейін ихрам киімін, тобықты жаппайтын аяқкиімін, қажылық сапарында өзіне қажетті дәрі-дәрмегін, қаржысын және басқа да заттарын дайындап қоюы керек.

Қажылық сапарды ниет еткендерге төмендегі амалдарды орындау мустахаб:

1. Ол Аллаһтың қонағы болғандықтан, ниетін дұрыстап, жүрегіндегі басқаларға деген ызасын, көреалмаушылық, жеккөрушілік тәрізді басқа да жаман қасиеттерінен толықтай арылуға тырысуы керек. Егер ол біреулерге зұлымдық жасаған, өзгелердің өзінде ақылары болса, оны қайтарып, олардан кешірім өтінуі қажет. Өйткені қажылық адамдарға, әсіресе, олардың мал-мүлкіне қатысты жасалған зұлымдықтың күнәсінен тазарта алмайды.

2. Туған-туыстарымен, құда-жегжаттарымен қоштасу.

3. Егер ұшақта немесе әуе жолында ихрамға кіретін болса, оған үйінен дайындалып шығады. Мысалы, тырнақ алу, қолтық және шат түктерін алу, мұрт басу, ғұсыл құйыну және иіссу себіну. Бұлардың барлығы – ихрамның алдында орындалатын сүннет амалдар.

4. Қажылық сапарға аттанарда екі ракағат нәпіл намазын оқып, Аллаһтан ниетінің қабыл болуын және қажылығының дұрыс орындалуын нәсіп етуді сұрау.

5. Сапар дұғасын оқу.

6. Тұрғылықты кісі қаласының не ауылының шетіне шыққаннан бастап жолаушы болып есептеледі. Ол төрт ракағатты парыз намаздарды қысқартып оқу сияқты жолаушыға қатысты үкімдерді орындау және жеңілдіктерді пайдалану құқығына ие болады.

7. Егер қажылар ұшақта ихрамға кіретін болса, миқаттан ихрам киімінсіз өтпеу үшін міндетті түрде ихрам киімін өзімен бірге кішігірім сөмкеге салып, қолына алғаны жөн. Себебі көптеген адам ұшақта ихрамға кіретіндіктеріне мән бермей, ихрам киімдерін жүкпен бірге өткізіп жібереді.

Қажылық және умра амалдарының үкімдері

Қажылық амалдары парыз, уәжіп, сүннет деп бөлінеді. Алдымен осы үкімдерге жалпылай, одан кейін жеке-жеке арнайы тоқталамыз.

Қажылықтың парыздары:

1. Ихрам;
2. Арафатта тұру;
3. Ифада (парыз) тауабы.

Қажылықтың уәжіптері:

1. Сафа мен Мәруаның арасында сағи жасау;
2. Муздалифада тұру;
3. Минада тас лақтыру;

4. Шаш алдыру немесе қысқарту;
5. Қоштасу тауабы.

Қажылықтың сүннеттері:

1. Сәлем тауабы (тауаф әл-кудум);
2. Арафа күні Минада түнеу;
3. Арафатта тұрғаннан кейін Муздалифада түнеу;
4. Ташриқ күндері Минада түнеу.

Қажылық парыздары

Қажылық парыздары – қажылықтың дұрыс болуы үшін міндетті түрде орындалуы керек амалдар. Егер адам қажылық парыздарының бірін тастап кетсе, қажылығы дұрыс болып саналмайды. Ханафи мазһабында қажылықтың үш парызы бар. Олар: ихрам, Арафатта тұру және парыз тауабын жасау. Кімде-кім осы аталған үш амалдың бірін орындамаса, оның қажылығы қабыл болмайды және мойнына жүктелген міндетінен құтылған болып есептелмейді. Басқа мазһабтарда сағи жасау да қажылықтың парызына жататындықтан, оны ұқыпты орындауға ерекше көңіл бөлу қажет.

Ихрам (қажылықтың бірінші парызы)

Қажылық үшін ихрамға кіру – қажылық ғибадатын орындауға ниет етіп, тәлбия айту. Ниет еткен кезде қажылықтың қай түрін орындайтындығын жүрегімен бекітеді. Ихрамсыз қажылық пен умраны бастауға болмайды. Себебі ихрам парыз амалға жатады.

Ихрам – шектеулер немесе тыйымдар аймағына кіру. Яғни басқа уақытта рұқсат етілген амалдардан белгілі ғибадатты өтеу барысында тыйылу. Мысалы, кімде-кім намазға тәкбиратул-ихрам айтып кірсе, оған ішіп-жеу, сөйлеу, күлу секілді намаздан тысқары уақытта рұқсат етілетін нәрселерге тыйым салынады. Сол секілді кімде-кім қажылық ғибадаты үшін тәлбия айтып, ихрамға кірсе, оған әйелімен жақындасу, тігілген киім кию, аң аулау тәрізді қажылық кезінде тыйым салынған амалдарды істеуге болмайды.

Ихрам киімі – үлкен сүлгі секілді тігісі жоқ екі ақ түсті матадан тұрады. Оның бірімен дененің кіндіктен төменгі жағын жабады, оны «изар» деп атайды. Ал екіншісімен дененің кіндіктен жоғарғы жағын жабады, оны «рида» деп атайды.

Ихрамға миқатта немесе оған дейін кіру қажет. Ихрамға кірген кезде міндетті түрде тігілген барлық киімдерін шешіп, тек қана екі ихрам киімін ғана киеді. Осы сәттен бастап оған тігісі бар киім киюге, басын жабуға, иссабын пайдалануға, шашын не тырнағын алуға және т.б. ихрам халінде тыйым салынған амалдарды орындауға болмайды. Ихрам кезінде тыйым салынған және рұқсат етілген амалдарға арнайы тақырып арналады.

Миқаттан өткеннен бастап, Қағбаны көргенге дейін тәлбияны жиі айту – мустахаб.

Ихрамға қатысты үкімдер:

1. Қажылыққа ниет ету намазға ниет ету, тәлбия айту, намазға тәкбиратул-ифтитах (тәкбиратул-ихрам) айту сияқты. Намазға ниет етіп, тәкбиратул-ифтитахты айтқанға дейін намазға кірген болып есептелмейтін секілді қажылыққа ниет етіп, тәлбия айтпайынша, қажылыққа кірген болып саналмайды.

2. Ер кісілер ихрамға кірген кезде бүкіл киімдерін шешіп, орнына екі ақ түсті матадан тұратын ихрам киімін ғана киеді. Әйелдер күнделікті киімімен жүзін және екі қолын білезікке дейін жаппай ихрамға кіре береді.

Абдуллаһ ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Бір кісі орнынан тұрып: «Уа, Аллаһтың елшісі! Ихрам кезінде қандай киім киюге бұйырарсың», – деді. Пайғамбар (с.а.с.): «Көйлек, шалбар, сәлде және бас киімдер кимеңдер. Тек кебісі (қонышы жоқ аяқкиім) жоқ адам мәсіні тобықтан артығын кесіп тастап кісін. Зағфаран¹, уарс² тиген киімді кимесін, мухрим әйел никаб³ және қолғап кимесін», – деді», – деген⁴.*

3. Қажылық ихрамына қажылық айларында кіру. Қажылық айлары: шәууәл, зул-қағда және зул-хижжа айының алғашқы он күні. Өйткені Аллаһ тағала қажылықтың арнайы айлары бар екендігін ескерткен.

«Қажылық – белгілі айлар»⁵. Кімде-кім қажылық үшін осы айлардан бұрын ихрамға кірсе, ханафи мазһабында оның ихрамы қажылық үшін жарамды деп есептеледі. Бірақ бұлай істеу – мәкруһ. Ал шафиғи мазһабында бұл айлардан бұрын қажылыққа жасалған ихрам умраның ихрамына айналады.

4. Ихрамға миқаттан өтпей тұрып кіру. Қажылықты не умраны ниет еткен адам миқаттан ихрам халіне кірмей өтпеуі қажет. Ихрамға кірместен бұрын миқаттан өтіп кететін болса, ол миқатқа қайта оралып, ихрамға кіруі керек болады. Ал миқатқа қайтпастан жолда ихрам халіне кіріп, қажылығын немесе умрасын жалғастыратын болса, Меккеге барғаннан кейін міндетті түрде мал сойып, кедейлерге үлестіруі керек.

Ибн Аббас (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Меккеге ешкім ихрамсыз кірмесін», – деген⁶.*

¹ Зағфаран – өсімдіктің аты.

² Уарс – жағымды исі бар, бояу ретінде қолданылатын сары өсімдік.

³ Никаб – әйелдердің жүзін жауып тұратын бас киім, пәренже.

⁴ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-хаж, 1707.

⁵ «Бақара» сүресі, 197-аят.

⁶ Әл-Мусаннаф Ибн Әбу Шәйбә, 4-том, 288-бет.

Миқат

Миқат – қажылық рәсімдерін бастау үшін ихрам халіне өтетін орын. Қажылық жасау ниетімен Меккеге бағыт алған адамдар осы орындарға жеткенде, күнделікті киімдерін шешіп, ихрам киімін киіп, қажылық рәсімдерін орындауды бастауға ниет етулері керек. Қажылар миқаттан өткеннен кейін тәлбия айтуды бастайды. Миқаттың саны бесеу:

1. Шам (Сирия, Палестина, Ливан және Иордания) тұрғындары және сол тараптан қажылыққа келе жатқандар үшін миқат – Жухфа. Ол Рабиғ қаласына жақын жерде орналасқан. Қазіргі кезде Жухфа ауылының жойылуына байланысты қажылар Рабиғ қаласынан ихрамға кіреді.

2. Нәжд тұрғындары және сол тараптан қажылыққа бағыт алғандар үшін миқат – Қарнул-мәнәзил. Қазір бұл жер Сәйлул-кәбир деп аталады.

3. Йемендіктер және сол тараптан қажылыққа келе жатқандар үшін миқат – Яләмләм. Ол Мекке қаласының оңтүстігінде орналасқан.

4. Мәдина тұрғындары және сол тараптан қажылыққа келе жатқандар үшін миқат – Зул-Хуләйфа. Ол Мәдина қаласының оңтүстігінде, оған жақын орналасқан. Қазір ол жер Әбиар-Әли деп аталады.

5. Ирак тұрғындары және сол тараптан қажылыққа келе жатқандар үшін миқат – Зәту Ирк.

Жоғарыда аталған елдер мен қалалардан және сол жолдармен өтетін басқа жерлерден келген умра не қажылық өтеушілер осы миқаттарды ұстануы тиіс. Ал кімде-кім аталған миқаттардың Мекке жағында, яғни ішкі жағында тұратын болса, өз үйінен ихрам халіне кіреді.

Ибн Аббас (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) Мәдина тұрғындары үшін Зул-Хуләйфаны, Шам тұрғындары үшін Жухфаны, Нәжд тұрғындары үшін Қарнул-Мәнәзилді, Йемен тұрғындары үшін Яләмләмді миқат етіп: «Ол (миқаттар) – сол жердегілер үшін және сол жерлерге келіп, қажылық не умра жасауды қалаған басқалар үшін. Оларға жетпейтін жерде тұрғандарға¹ ихрамға тұрған жерінен кіреді. Сол секілді Мекке тұрғындары сол жерден (яғни Меккеден) ихрамға кіреді», – деді», – деп айтқан².*

Айшадан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген хадисте Аллаһ елшісі (с.а.с.) Ирак тұрғындары үшін Зәту Иркты миқат еткен³.

Имам әл-Бұхари риуаят еткен хадисте адамдар Омардан (Аллаһ оған разы болсын) Ирак тұрғындарының миқатын сұрағанда, оларға Зәту Иркты миқат етіп белгілеп берген. Яғни Омар (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ елшісінің (с.а.с.) Ирак тұрғындары үшін Зәту Иркты миқат етіп бекіткенін

¹ Миқаттың ішкі жағында, яғни Мекке жағында тұратындар үшін ихрамға кіретін жерлері тұрғылықты жерлері болып есептеледі.

² Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-хаж, 1429. Сахих Муслим, Китәб әл-хаж, 2022.

³ Сунән Әбу Дауд, Китәб әл-хажж, 1477.

білместен, Пайғамбарымыз (с.а.с.) сияқты белгілеген. Ал Омардың пікірлерінің қаншама рет шарифатқа сәйкес келгендігі тарихтан белгілі¹.

Ихрамның сүннеттері

1. Ихрамға кірместен бұрын ғұсыл құйыну. Егер шомылуға мүмкіндігі болмаса, дәрет алуға да болады. Ғұсыл құйыну – барлық адамдар үшін сүннет. Шомылумен бірге тырнақ алу, мұртты басу, тазалану, қолтық пен шаттың түгін қыру және ихрам киімінің жаңа немесе таза болуы да – сүннет.

Зәйд ибн Сәбиттен (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ елшісінің (с.а.с.) ихрам үшін киімдерін шешіп, ғұсыл алғанын көргені риуаят етілген².

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қажылық жасаған жылында Әбу Бәкірдің әйелі Әсмә бинт Ғумайс (Аллаһ ол екеуіне разы болсын) қажылық жасауды ниет етіп, жолға шығады. Ол Зул-Хуләйфаға келген кезде Мұхаммед деген ұлы дүниеге келеді. Сонда Аллаһ елшісі (с.а.с.) Әбу Бәкірге оған (яғни әйеліне) ғұсыл алып, ихрам халіне кіруі керектігін жеткізуді бұйырады³. Ғалымдар осы хадисті нифас және хайыз болғанына қарамастан, қажылық үшін ниет етіп, ихрамға кірген адамға ғұсыл алу – сүннет, тіпті Хасан әл-Басри ихрам үшін ғұсыл алуды уәжіп деген⁴.

2. Денеге иіссу себу. Шомылып болғаннан кейін ихрам киімін кіместен бұрын денеге иіссу себу.

Пайғамбардың (с.а.с.) әйелі Айша (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісіне (с.а.с.) ихрамға кіретін кезде ихрам үшін және Қағбада тауап жасаудан бұрынғы хиллі⁵ үшін иіссу себетінмін»*, – деген⁶.

Ескерту: иіссуды тек ихрамға кірместен бұрын денеге ғана себу керек және ихрам киіміне ихрамға кірместен бұрын және кіргеннен кейін де иіссу себуге болмайды.

3. Ихрамға кіруді ниет еткенде екі ракағат намаз оқу. Егер парыз намазынан кейін ихрамға кірер болса, екі ракағат нәпіл намазын оқымауға болады. Ихрамға дейін екі ракағат нәпіл намазын оқудың мустахаб екендігін Ибн Омар, Ибн Аббас (Аллаһ оларға разы болсын), төрт имам және көптеген ғалымдар айтқан⁷.

¹ Әл-Муғни фи фикһ әл-хажжи уа әл-умра, 62-бет.

² Сунән әт-Тирмизи, Китәб әл-хаж, 760.

³ Сахих Муслим, Китәб әл-хаж, 2137.

⁴ Имам ән-Нәуәидің «Сахих Муслимге» жасаған шархы, IV-том, 288-бет.

⁵ Хилл – құлшылықтың кез келген бір түрін тамамдау арқылы сол ғибадатты өтеу барысында тыйым салынған амалдарды орындауға рұқсат ету. Бұл жерде қажылық кезінде алғашқы тас лақтырып және шаш алдырып болғаннан кейінгі бірінші рұқсат ету туралы айтылған.

⁶ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-хаж, 1439.

⁷ Әл-Муғни фи фикһ әл-хажжи уа әл-умра, 72-бет.

Ғұруа ибн эз-Зубәйрден (Аллаһ оған разы болсын), Аллаһтың елшісі (с.а.с.) Зул-Хуләйфа мешітінде екі ракағат намаз оқитын. Көлігіне (түйесіне) мінгеннен кейін тәлбия айтатын¹.

Ибн Аббастан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын), Аллаһтың елшісі (с.а.с.) (қажылық үшін) ихрамға намаздан кейін кірген².

Ханафи мазһабы бойынша, ихрамға намаз оқу мәкруһ уақытында кірер болса, екі ракағат ихрам намазы оқылмайды.

Тәлбия

Тәлбия – қажылыққа ниет етіп, ихрамға кірер кезде және алғашқы тас лақтырғанға дейін айтылатын дұға.

Умму Сәләмә (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісінің (с.а.с.): «Ей, Мұхаммедтің әулеті! Сендерден кімде-кім қажылық жасаса, қажылығында тәлбияны дауыстап айтсын», – дегенін естідім»,* – деп айтқан³.

Тәлбияның үкімі:

Ханафи мазһабында тәлбия дұғасын немесе оның мағынасын қамтыған, сол дұғаның орнына жүретін басқа дұғаны оқу – ихрамның шарты. Сондықтан ихрамға кірген кезде тәлбия не оның орнына жүретін басқа бір дұғаны оқымаса, ол адам ихрамға кірді деп есептелмейді.

Мәлики мазһабында тәлбия айту – уәжіп. Сондықтан тәлбия айтпаған адам үшін құрбандық шалу міндет.

Ал шафиғи мен ханбали мазһабтарында тәлбия айту – сүннет, ал оны ихрамға кірген кезде айту – мустахаб⁴.

Тәлбия дұғасының сөздері:

Абдуллаһ ибн Омардан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын), Аллаһ елшісінің (с.а.с.) тәлбиясы *«Ләббәйкә Аллаһумма ләббәйк, ләббәйкә лә шәрикә ләкә ләббәйк. Иннәл-хамдә уән-ниъмәтә ләкә уәл-мүлк лә шәрикә ләк! (Міне, мен Сенің құзырыңдамын, уә, Аллаһ! Міне, мен Сенің құзырыңдамын! Міне, мен Сенің құзырыңдамын, Сенің серігің жоқ! Міне, мен Сенің құзырыңдамын! Расында, барлық мақтаулар, барша игілік және бүкіл билік Өзіңе ғана тән! Сенің серігің жоқ!)»* болған⁵.

Ер кісілерге тәлбияны дауыстап айту – мустахаб:

¹ Муатта, Китәб әл-хаж, 644.

² Сунән ән-Нәсәи, Бәб әл-амал фи әл-иһләл, 2754. Сунән әт-Тирмизи, Бәб мәтә ахрама ән-нәби, 819. Әт-Тирмизи хасан хадис деген.

³ Муснәд Ахмад, Муснәд Умми Сәләмә, 26735.

⁴ Фикһ әс-сунна, I том, 672-бет.

⁵ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-хаж, 1448.

Әс-Сәиб ибн Халладтан (Аллаһ оған разы болсын), Аллаһ елшісі (с.а.с.): *«Маған Жәбірейіл келіп: «Ей, Мұхаммед! Сахабаларыңа тәлбияны дауыстап айтыңдар деп бұйыр», – деді», – деп айтқан¹.*

Әбу Бәкір Сыддықтан (Аллаһ оған разы болсын), Пайғамбардан *«Қандай қажылық абзал?»* деп сұралды. Сонда ол (с.а.с.): *«Тәлбияны дауыстап айту және құрбандық шалу», – деп жауап берді².* Яғни қажылық кезінде тәлбияны дауыстап айту және құрбандық шалу жақсы.

Ал әйелдер тәлбияны өздері еститіндей дәрежеде ғана дауыстарын шығарып айтады. Бұл пәтуа Ибн Аббастан, Ибн Омардан (Аллаһ оларға разы болсын) риуаят етілген³.

Мынадай орындарда тәлбияны көбірек айту мустахаб болады: көлікке мінгенде және түскенде, жоғары не төмен қозғалғанда және әрбір намаздан кейін.

Көптеген ғалымдар «тәлбия айтқаннан кейін Пайғамбарымызға салауат айтуды, Аллаһтан жаннатты нәсіп етуді, күнеларын кешіруді сұрау – мустахаб» деген⁴. Өйткені Аллаһтың елшісі (с.а.с.) тәлбияны айтқаннан кейін Аллаһтан кешірімі мен разылығын сұрап, тозақтан сақтауды тілеген⁵.

Тәлбияны айтатын уақыт: қажылыққа ниет етіп, ихрамға кіргеннен бастап, жамаратул-акабаға алғашқы күні бірінші тасты лақтыратын уақытқа дейінгі аралықта айтылады.

Фадлдан (Аллаһ оған разы болсын), Аллаһтың елшісі (с.а.с.) жамаратқа жеткенге дейін тәлбия айтуын тоқтатпады⁶.

Ал умрада тәлбияны тауапты бастағанға дейін жалғастырады⁷.

Ихрам кезінде тыйым салынған амалдар (Махзурат әл-ихрам)

Кімде-кім қажылыққа ниет етіп, ихрамға кірсе, оған қажылықтың үкімдерін орындау және тыйым салынған амалдардан аулақ болу керек. Олар:

1. Жыныстық қатынас, оны еске алу және соған алып баратын сүю, аймалау секілді барлық амалдар;
2. Аллаһқа бойсұнбау және күнәлі істер;

¹ Сунән ән-Нәсәи, Китәб әл-хаж, 2703.

² Сунән әт-Тирмизи, Китәб әл-хаж, 757.

³ Әл-Муғни фи фикһ әл-хажжи уә әл-умра, 87-бет.

⁴ Әл-Муғни фи фикһ әл-хажжи уә әл-умра, 85-бет. Фатх бәб әл-ғиная бишарх ән-нукаия, I том, 629-бет.

⁵ Әд-Даракутни, әл-Бәйһақи.

⁶ Сахих әл-Бұхари, Бәб ән-нузул бәйнә Арафа уә Жамғ, 1586. Сахих Муслим, Бәб истихбәб идәмәти әл-хажж, 3147.

⁷ Әл-Муғни фи фикһ әл-хажжи уә әл-умра, 90-бет.

3. Басқа қажылармен, қызметшілермен және өзге адамдармен ұрсысу, бір нәрсеге таласу, жанжалдасу, оларға тіл тигізу. Тек өзінің ақысын талап етіп, ақиқат үшін сөз таластырып, өзін не жолдастарын қорғауына рұқсат етіледі.

Осы айтылған тыйым салынған амалдардың дәлелі Аллаһ тағаланың төмендегі аятында айтылған.

«Кім осы айларда (өзіне) қажылықты парыз қылса (яғни қажылыққа баруды ниет етсе), онда қажылықта әйелге жақындасу, күнә істеу және жанжалдасу жоқ»¹, – деген аятына негізделген.

Әбу Нурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбардың (с.а.с.): «Кімде-кім әйеліне жақындаспай, ешқандай күнә мен жамандық істемей, Аллаһ үшін қажылық жасаса, (үйіне) анасынан жаңа туғандай болып қайтады», – деп айтқанын естідім»,* – деген².

4. Аң аулау. Ихрамдағы адамға құрлықта тіршілік ететін аңдарды аулауға, өлтіруге, союға, оны аулауға көмектесуге тіпті аңның қайда екендігін қолымен көрсетуге болмайды. Аллаһ тағала: **«Сендерге және саяхатшыларға пайда ретінде теңіз (жануарларын) аулау мен оларды жеу халал етілді. (Бірақ) ихрамда болсаңдар, сендерге құрлық (жануарларын) аулауға тыйым салынды»³**, – деген.

Яғни ихрам халіндегі кісіге құрлықта мекен ететін жан-жануарды аулауға болмағанымен, суда тіршілік ететін жан-жануарды аулауға рұқсат етілген.

5. Киімге қатысты салынған тыйымдар. Ер кісілерге ихрам кезінде екі ихрам киімінен басқа, тігілген және адамның дене пішіміне лайықты етіп тоқылған киімдерді және тобық пен өкшені жауып тұратын аяқкиімді киюге болмайды.

Ибн Омардан риуаят етілген хадисте бір адам Пайғамбардан (с.а.с.) ихрамдағы адамның киетін киімі туралы сұрағанда, Пайғамбар (с.а.с.): *«Көйлек, шалбар, сәлде және бас киімдер кимеңдер. Тек кебісі (қонышы жоқ аяқкиім) жоқ адам мәсіні тобықтан артығын кесіп тастап қисін. Зағфаран, уарс тиген киімді кимесін, мухрим әйел ниқаб және қолғап кимесін»,* – деп жауап берген⁴.

Ихрам кезінде киюге болмайтын киімдер:

а) Тігісі бар киімдер. Тігісі бар киімге көйлек, шалбар, бас киім, қолғап ретінде тігілген немесе адамның денесіне лайықталып тоқылған киімдер мен маталар жатады. Ал жыртылып қалған ихрам киімін тігуге және жамауға болады.

ә) Сәлде, тақия және басты жауып тұратын кез келген матаны киюге болмайды. Бірақ басқа тимейтін қолшатыр тәрізді заттарды көлеңкелеу мақсатында ұстауға болады.

¹ «Бақара» сүресі, 197-аят.

² Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-хаж, 1424.

³ «Мәида» сүресі, 96-аят.

⁴ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-хаж, 1707.

б) Бетті, ауызды, иекті жабатын заттар. Себебі Пайғамбар (с.а.с.) түйесінен құлап өлген адамның бетін жаппауға бұйырған.

Ибн Аббас (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Аллаһ елшісімен (с.а.с.) бірге бір кісі болды. Ол түйесінен құлап, мойнын сындырып, мерт болады. Сонда Пайғамбар (с.а.с.): «Оны шомылдырыңдар, иіссу жақындатпаңдар және жүзін жаппаңдар. Өйткені ол тәлбия айтқан күйі қайта тіріледі», – деді», – деп айтқан¹.*

в) Ихрам киіміне түсі бар немесе түсі жоқ иіссу себуге тыйым салынады. Егер қажылықты ниет еткен адам осы үкімді білместен ихрам киіміне иіссу сепкен болса, оны жууы қажет. Негізі, ихрам киімінің ақ түсті болғаны абзал. Бірақ басқа түспен боялған болса, оқасы жоқ².

6. Денеге қатысты салынған тыйымдар:

а) Шаш алдыру, қысқарту және дененің кез келген жерінен шыққан түкті жұлу.

ә) Тырнақты қысқарту. Тек қана сынайын деп тұрған тырнақты алып тастауға рұқсат етіледі.

б) Денеге иіссу себу. Сонымен қатар қош иісі бар сабынды, сусабынды (шампунь) пайдалануға болмайды. Денені кірден тазалау үшін кірсабынды пайдалануға болады.

в) Әдемілік, сәндік үшін басқа, шашқа, денеге әртүрлі иісмайлар жағуға болмайды. Бірақ жарақатқа емдік үшін түрлі дәрілік майларды (крем, мазь) жағуға болады.

7. Ханафи мазһабынан басқа мазһабтар бойынша, ихрамдағы адамға үйленуге және басқаларды үйлендіруге болмайды.

Көпшілік ғалымдардың дәлелдері:

Осман ибн Аффаннан (Аллаһ оған разы болсын), Аллаһтың елшісі (с.а.с.): *«Мухрим³ үйленбейді, үйлендірмейді және құда түспейді», – деген⁴.*

Ханафилердің дәлелі:

Ибн Аббастан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) жеткен хадисте Пайғамбар (с.а.с.) Маймунаға мухрим кезінде үйленген⁵.

Көпшілік ғалымдар бұл хадисті риуаят еткен Ибн Аббас (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) қателескен немесе ол Пайғамбардың (с.а.с.) Харам территориясында үйленгендіктен, «мухрим» деп атаған деп түсіндіреді. Сондай-ақ Маймунадан және Аллаһ елшісі (с.а.с.) мен Маймунаның арасында елшісі болған Әбу Рафиғ деген сахабадан жеткен риуаятта Пайғамбардың (с.а.с.) Маймунаға ихрамнан шыққаннан кейін үйленгендігі айтылған. Ханафи мазһабындағылар көпшіліктің келтірген хадисіндегі «үйлену» деген сөздің мақсаты «косылу» деген ұғымда келген деп

¹ Сахих Муслим, Китэб әл-хаж, 2100.

² Әл-Муфассал фи әл-фиqh әл-ханафи, 370-бет.

³ Мухрим – қажылық немесе умраға ниет етіп, ихрамға кірген адам.

⁴ Сахих Муслим, Китэб ән-никах, 2524.

⁵ Сахих әл-Бұхари, Китэб әл-хаж, 1706.

түсіндіреді. Оған дәлел ретінде имам әл-Бұхаридің осы хадистің жалғасында «*Оған (яғни Маймунаға) халал кезінде (яғни ихрамнан шыққаннан кейін) кірді (яғни жақындасты)*», – дегенін келтіруге болады. Ал неке қидыруға рұқсат етіледі, оның үстіне, Маймуна – Ибн Аббастың нағашы әпкесі. Сондықтан ол туысқанының жағдайын басқалардан гөрі жақсы біледі әрі Әбу Рафиғтан риуаят етілген хадистің дәрежесі Ибн Аббастан риуаят етілген хадистен төмен. Оған қоса әт-Тахауи, Ибн Хиббан, әл-Бәйһақи және ән-Нәсәи «әс-Сунән әл-кубрада» Айша анамыздан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен риуаятта Пайғамбардың (с.а.с.) мухрим кезінде үйленгендігі және қан алдырғандығы айтылған¹.

Ихрам кезінде мыналарға рұқсат етіледі:

1. Жүзік, сағат тағу және қару асыну.
2. Белдік тағу.
3. Сөмке асыну.
4. Ханафи мазһабында изардың екі шетін байлап қоюға рұқсат етілгенмен, олай істеу мәкруһ.
5. Шомылу, ғұсыл алу. Ибн Аббас пен әл-Мисуар ибн Махрама «ихрамдағы адам басын жуа ма, жумай ма?» деп пікір таластырып қалады. Ибн Аббас «жууға болады» десе, Ибн Махрама «болмайды» дейді. Екеуі Әбу Абдуллаһ ибн Хунайнді Әбу Айюб әл-Ансариге төрелік айту үшін жібереді. Сонда Әбу Айюб өзінің басын жуып, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) ихрам кезінде басын жуғанын көргендігін айтады².
6. Ихрам киімін жуу.
7. Үйдің, көліктің, шатырдың астында көлеңкелеу және күннен сақтану үшін қолшатыр пайдалану.
8. Ихрамдағы адамға: шаян, қарға, тышқан, қарақұс, жылан, құтырған ит және шабуыл жасаған кез келген аң мен құсты өлтіруге рұқсат етіледі. Абдуллаһ ибн Омардан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын), Аллаһ елшісі (с.а.с.): «***Бес хайуанды мухрим кезінде өлтіргенге күнә жоқ: шаян, тышқан, құтырған ит, қарға және қарақұс***», – деген³.
9. Қажет болған жағдайда қару ұстап, жаумен соғысуға рұқсат етіледі.
10. Көзге хош иісі жоқ сүрме жағуға болады.

Арафатта тұру (қажылықтың екінші парызы)

Арафат – Минадан шамамен жиырма шақырым жерде орналасқан аймақ. Зул-хижжа айының тоғызыншы күні күн шыққаннан кейін қажылар

¹ Фатх бәб әл-ғиная бишарх ән-нукаия, I том, 630-бет және II том, 20-22 беттер.

² Сахих әл-Бұхари, Бәб әл-иғтисәл ли әл-мухрим, 1743. Сахих Муслим, Бәб жәуәз ғусл әл-мухрим, 2946.

³ Сахих әл-Бұхари, Китәб бәд' әл-халқ, 3068.

Минадан Арафатқа бет алады. Жолда тәлбия, Аллаһқа мадақ, Пайғамбарға салауат және басқа да дұғалар айтады.

Арафа күнінің артықшылығы:

Арафа – зул-хиджа айының тоғызыншы күні.

Айша анамыздан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте Аллаһ елшісі (с.а.с.): *«Аллаһ басқа күндері тозақ отынан дәл Арафа күніндегідей көп адамды құтқармайды. Ол (Аллаһ) оларға (адамдарға) жақындайды. Сосын періштелерге олармен (адамдармен) мақтанады да: «Олар нені қалайды?» – дейді»,* – деген¹.

Талха ибн Ғұбайдуллаһ ибн Кариздан (Аллаһ оған разы болсын), Аллаһ елшісі (с.а.с.): *«Шайтан Арафа күніндегідей кішкене, (құлталқаны шығып) жеңілген, сорлы, ашулы болып көрінген емес. Мейірімділіктің түсуі мен Аллаһтың үлкен күнәларды кешіруінен гана (шайтан) сондай халге түседі...»,* – деген².

Арафатта тұрудың үкімі:

Барлық мазһабтарда Арафатта тұру – қажылықтың ең басты парызы. Сондықтан кімде-кім Арафатта тұру сәтінен кешігіп қалса, қажылықтан кешіккен болып есептеледі.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Арафатта болған кезде нәждтік бір топ адамдар одан (с.а.с.) қажылық жайлы сұрайды. Сонда Пайғамбар (с.а.с.): *«Қажылық – Арафат. Кімде-кім Жамғ түні (Муздалифада түнейтін түн) таң атқанша (Арафатқа) келсе (яғни Арафаттың аумағына кіріп үлгерсе), қажылыққа үлгерді. Мина күндері – үш күн (яғни құрбан айтынан кейінгі үш күн). Кімде-кім екі күннен кейін асықса (яғни Минада қалмай қайтып кетсе), оған ешқандай күнә жоқ. Кімде-кім кешіксе, оған да күнә жоқ»,* – деп жауап беріп, осы сөздерді адамдарға жеткізуді бір кісіге жүктейді³.

Арафатта тұратын уақыт:

Арафа күні (зул-хиджа айының тоғызыншы күні) түс ауғаннан бастап, келесі күннің (құрбан айт күнінің) таңы атқанға дейін жалғасады.

Көпшілік ғалымдарың пікірінше, кімде-кім Арафат аймағына күн батудан бұрын жетсе, ол жерде күн батқаннан кейін бірнеше минут болса да қалғаны – уәжіп. Шафиғи мазһабында Арафатқа күн батпас бұрын жеткен адам үшін күн батқаннан кейін қалу – сүннет⁴. Ал Арафат аймағына күн батқаннан кейін жетсе, оған таң атқанша түнеу міндет емес. Сондықтан көпшіліктің пікірі бойынша, Арафаттан күннің батуынан бұрын кетіп қалған қажы жаза ретінде құрбандық шалуы керек. Ал Арафатқа күн батқаннан

¹ Сахих Муслим, Китәб әл-хаж, 2402.

² Муатта, Китәб әл-хаж, 840.

³ Сунән ән-Нәсәи, Китәб әл-хаж, 2994.

⁴ Фикһ әс-сунна, I том, 733-бет.

кейін келген қажыға сондай-ақ күн батпас бұрын Арафат аймағынан шығып кетіп және күн батпай тұрып, қайта оралған қажыға құрбандық шалу міндет емес¹.

Арафатта қалу немесе аялдаудың мақсаты:

Арафатта тұратын уақыттың бір сәтін болса да Арафат аймағында өткізу. Осы уақытта қажылар тәлбия айтып, дұға етіп тұратындықтан, ол «Арафатта тұру» деп аталған. Қажы Арафатта тұрудың парызын өтеу үшін түс ауғаннан таң атқанға дейінгі уақыт аралығында бір сәт болса да, сол аймақта тұруы керек. Қазіргі кезде Арафат аймағы арнайы белгіленіп қойылған. Сондықтан қажылар өздерінің Арафат аймағына кіргендіктерін нақтылап алулары қажет.

Арафатта тұру үшін қажының дәреті және ғұсылы болуы шарт емес. Себебі Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) қажылық амалдарын бастаған кезде хайызы келіп, не істерін білмей, Аллаһтың елшісінен (с.а.с.) сұрайды. Сонда Пайғамбар (с.а.с.): **«Қажының істейтіндерін істе, тек тазаланғанға дейін Үйді (Қағбаны) тауап етпе»**, – деп бұйырады².

Бұл хадис Арафатта тұру үшін дәреттің және ғұсылдың болуының шарт еместігін көрсетеді.

Арафатта тұру үшін арнайы ниет ету де шарт емес. Себебі қажы қажылық ғибадатына ниет етіп, ихрам халіне кірген. Яғни оның ниеті бар. Себебі мұсылман намаз оқу үшін бір рет қана ниет етеді. Ал намаздың әр парызына жеке-жеке ниет етудің шарт еместігі тәрізді қажылықтың да әр парызына жеке-жеке ниет ету шарт емес.

Арафатта тұрудың сүннеттері:

1. Зул-хижжаның тоғызыншы күні күн шыққаннан кейін, Минадан тәлбия, тәкбір айтып, Арафатқа қарай беттеу.

Омар (Аллаһ оған разы болсын): **«Біздің біреулеріміз тәлбия, біреулеріміз тәкбір айтып, Аллаһ елшісімен (с.а.с.) Минадан Арафатқа таң атқанда беттедік»**, – деген³.

2. Арафатта тұрған уақытта дәретті болу. Егер дәреті бұзылса, кешіктірместен қайта дәрет алу.

3. Мүмкіндікке орай, Нәмирада тоқтап, ғұсыл алу. Өйткені Аллаһтың елшісі (с.а.с.) Нәмирада тоқтаған⁴.

¹ Әл-Мұфассал фи әл-фикһ әл-ханафи, I том, 417-бет.

² Сахих Муслим, Китәб әл-хаж, 2115.

³ Сахих Муслим, Китәб әл-хаж, 2252.

⁴ Ол туралы имам Муслим Жәбірден (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қажылығы туралы риуаят еткен хадисте айтылған. Имам Мәлик Муаттада Ибн Омардың (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) Арафатта тұру үшін ғұсыл алатынын риуаят еткен.

4. Рахма төбесінің (Жәбәл Рахма) етегіндегі үлкен тастардың қасында тұру. Өйткені Аллаһ елшісі (с.а.с.) осы тастардың қасында тұрып, құбылаға қарап дұға жасаған¹. Бірақ таудың үстіне көтерілу сүннет емес.

5. Ораза ұстамау. Себебі Аллаһтың елшісі (с.а.с.) Арафатта тұрған кезінде ораза ұстамаған². Ал Арафа күні ораза тұту – қажылықта болмағандар үшін сүннет.

6. Көп дұға жасау, Аллаһты зікір ету, Құран оқу, Пайғамбарға салауат айту және осылардың барлығын шын ықыласымен орындау.

Пайғамбар (с.а.с.): *«Ең жақсы дұға – Арафа күнгі дұға. Мен және пайғамбарлар айтқан ең жақсы (дұға): **Лә иләһә иллаллаһу уахдәһу лә шәрикә ләһу, ләһул-мулку уә ләһул-хамду уә һууә ғала кулли шәй-ин қадир (Аллаһтан басқа құдай жоқ, Ол – Жалғыз, Оның серігі жоқ, бар мүлік пен мадақ Соған тән және Оның күші бәріне жетеді)**»*, – деген³.

7. Дұға жасаған кезде екі қолды көтеру.

8. Мүмкіндігінше Арафатқа жетуге асығу.

Тауап

(қажылықтың үшінші парызы)

Тауап – қара тас тұрған бұрыштан бастап, Қағбаны жеті рет құлшылық ниетімен сағат тілінің қозғалысына қарама-қарсы бағытта айналу.

Тауаптың түрлері:

Нәпіл тауап – Аллаһқа жақындау ниетімен жасалған тауап. Ол намаз тәрізді. Өйткені Пайғамбар (с.а.с.): *«**Тауап жасау – намаз. Егер тауап жасасаңдар, сөзді азайтыңдар**»*, – деген⁴.

Харам мешітіне кірген кезде, сол мешіттің сәлемі ретінде тауап жасау – мандуб.

Сүннет тауап – қажылық кезінде Меккеге келгендегі алғашқы жасалатын сәлем тауабы. Ол «тауаф әл-қудум» деп аталады.

Уәжіп тауап – қажылық және умра кезінде жасалатын ең соңғы қоштасу тауабы. Ол «тауаф әл-уәдәғ» деп аталады.

Парыз тауап – қажылық пен умраның парыз тауабы. Қажылық кезінде жасалатын парыз тауап «зиярат тауабы» және «ифада тауабы» деп те аталады.

Тауаптың қалай өтелетіндігі «Умра амалдары» тақырыбында айтылған.

¹ Сахих Муслим, Китәб әл-хажж, 2137.

² Ол туралы Сахих әл-Бұхариде Уммул-Фадл бинт әл-Харистен риуаят еткен хадисте келген.

³ Сунән әт-Тирмизи, Китәб әд-даъауат, 3509.

⁴ Муснәд Ахмад, 27-том, 158-бет.

Тауаптың үкімдері:

1. Қажылық кезінде орындалатын парыз тауапты міндетті түрде орындау қажет. Өйткені ол – қажылықтың парызы.

2. Парыз тауабының уақыты Құрбан айт күнінің таңы атқаннан басталып, өмірінің соңына дейін жалғасады. Бірақ оны айт күндері өтеу – уәжіп.

3. Үш мазһабта тауаптың барлық жеті шаутын (айналым) жасау – парыз. Ханафи мазһабында алғашқы төрт шаутты жасау – парыз, ал оны жетіге толтыру – уәжіп.

4. Қағба Харам мешітінің ортасында, ашық алаңқайда (әл-матаф) орналасқан. Сондықтан тауап Қағбаның айналасындағы ашық алаңқайда және Харам мешітінің ішінде ғана жасалады. Мешіттің сыртынан тауап жасауға болмайды. Өйткені ол Қағбаға емес, Харам мешітіне жасалған тауап болып есептеледі.

5. Егер тауап жасаған кезде қанша шаут жасағандығына қателесе, намаздағыдай ең аз санымен амал етіп, тауабын аяғына жеткізеді.

6. Егер әдейі сегіз шаут айналса, оған тағы алты шаут қосып, тауабын аяқтау уәжіп болады. Себебі ол жеті шауттан кейін тауабының аяқталғандығын анық біле тұра, келесі тауапты жасауға кіріскен болып есептеледі. Сондықтан оған жаңа бастаған тауабын аяқтау үшін алты шаут жасау – уәжіп¹.

Тауаптың уәжіптері:

Егер тауап жасаушы тауаптың уәжіптерінің бірін әдейі, қателесіп немесе ұмытып тастап кетсе, оған тауапты қайта жасау – уәжіп. Ал қайта жасамаған жағдайда фидия төлеу керек. Фидия туралы қажылық амалдарын бұзғанда өтетін жазалар туралы тарауда кеңейтіліп айтылады. Тауаптың уәжіптеріне мыналар жатады:

1. Парыз тауапты айттың алғашқы үш күнінде өтеу. Егер бұл уақыттан кешіктірсе, жаза ретінде құрбандыққа бір қой шалу керек. Ал умра тауабының арнайы уақыты жоқ.

2. Кіші және үлкен хәдәстен таза болу. Яғни дәретсіз, ғұсылсыз (жүніп халде) тауап жасауға болмайды. Сол тәрізді әйелдердің хайыз бен нифастан таза болулары да – шарт. Ал ханафи мазһабында киімнің нәжістен таза болуы – сүннет. Бұған жоғарыда келтірген Айша анамыздың (Аллаһ оған разы болсын) хадисі дәлел болады. Пайғамбар (с.а.с.) Меккеге келген кезде алдымен дәрет алып, сосын тауап жасаған.

Айша (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.) (Меккеге) келген уақытта бірінші дәрет алып, сосын тауап жасады»,* – деген².

3. Әуреттің жабық болуы. Исламға дейін арабтар тауапты жалаңаш жасайтын болған. Пайғамбар (с.а.с.) Әбу Бәкірді (Аллаһ оған разы болсын) қажылыққа әмір етіп жіберген жылы адамдарға биылдан кейін мүшрікке

¹ Әл-Муфассал фи әл-фикһ әл-ханафи, 378-бет.

² Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-хаж, 1510.

(Аллаһқа серік қосушы) қажылық жасауға (яғни оларға Меккеге кіруге болмайды) және жалаңаш күйде тауап жасауға тыйым салынғандығын жариялауды бұйырады¹.

Үш мазһабта тауап жасаған кезде әуреттің жабық болуы тауаптың дұрыс болу шартына жатады. Ал ханафи мазһабында ол – тауаптың уәжібі.

4. Тауапты қара тастың тұсынан бастау.

5. Тауапты хижрдың² сыртынан жасау.

6. Шамасы келетін адам тауапты жаяу жасау керек. Ал шамасы келмейтінге, ауруға және әлсізге көлікке мініп тауап жасауға болады.

7. Тауапты сағаттың тіліне қарама-қарсы бағытта жасау. Яғни Қағба тауап жасаушының сол жақ тұсында болуы керек.

Жәбир ибн Абдуллаһтан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген хадисте Аллаһтың елшісі (с.а.с.) Меккеге келгенде, қара тасқа барып, оны сүйеді. Сосын оң жаққа қарай жүріп, үш рет тездетіп, төрт рет жай жүреді³.

Бұл хадистен Аллаһ елшісінің (с.а.с.) тауапты сағаттың тіліне қарама-қарсы бағытта жасағандығын түсінеміз.

8. Қағбаны жеті рет айналып, тауапты толық жасау.

9. Тауаптың уәжіптерін бұзған жағдайда не істеу қажеттігі жайлы сұраққа жинаят (қылмыстар) тақырыбында жауап беріледі.

10. Тауаптың кез келген түрінен кейін екі ракағат намаз оқу.

Тауаптың сүннеттері:

1. Тауап жасаушы тауапты бастаған кезде ихрам киімінің бір шетін оң қолтығының астынан өткізіп, оң иығын ашып, сол иығын жауып жүру. Оны «идтибағ» деп атайды. Тауап жасап болғаннан кейін иығын қайта жауып алады. Өйткені идибағ тек тауап жасаған кезде ғана жасалады. Сонымен қатар өзінен кейін сағи жасалатын барлық тауаптарда идибағ жасау – сүннет.

Абдуллаһ ибн Аббастан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын), Аллаһ елшісі (с.а.с.) мен сахабалары Жиғирранада умраға кіріп, ридаларын (яғни дененің жоғарғы жағын жабатын ихрам киімін) қолтықтарының астына идибағ жасаған⁴.

2. Алғашқы үш шаутта тездетіп, қадамдарының арасын қатты ашпай, иықтарын қозғалтып (рамл), ал қалған төрт шаутта жай жүріспен жүру. Бұл – тек еркектерге ғана сүннет. Ал әйелдер тез жүрмейді. Сондай-ақ адамдар алғашқы үш шаутты жасаған кезде адамдар көп болып, рамл жасай алмаса,

¹ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-хаж, 1517.

² Хижр – Қағбаның қара тас тұрған бұрышынан кейін орналасқан доғал пішіндегі жартылай тұрғызылған қабырға. Хижрдың іші Қағбаға жатады.

³ Сахих Муслим, Китәб әл-хаж, 2139. Яғни алғашқы үш шаутты тездетіп, қалған төрт шаутты жай жүріспен жүрген. Тауап жасағанда иықтарды қозғалтып, жылдам жүруді «рамл» деп атайды.

⁴ Муснәд Ахмад, Муснәд Абдуллаһ ибн Аббас VI том, 188-бет.

қалған төрт шаутта рамл жасамайды. Себебі рамлді тек алғашқы үш шаутта ғана жасау – сүннет.

3. Тауапты қара тас тұрған бұрыштың алдындағы йемен бұрышы жақтан келіп бастау. Сосын қара тасқа қарап, қолын көтеріп, тәкбір айтып, өзінің тауапты қара тас тұрған жерден бастағандығын нақтылап алу.

4. Тауапты бастаған кезде және әр тауаптың алдында қара тасты сүю немесе оған қолмен, аса таяқпен ишарат ету.

Ескерту: қара тасты сүю тек адамдар аз кезде оған басқаларды итермелеп, соқтығыспай, оларға зиянын тигізбей бара алса ғана сүннет. Ал қара тасты сүю үшін басқаларды таптап, ығыстыруға болмайды. Себебі Пайғамбар (с.а.с.) Омарға (Аллаһ оған разы болсын): **«Ей, Омар! Сен күшті адамсың. Сондықтан қара тастың алдында сығылысып, әлсіздерді жәбірлеме. Егер бос орын тапсаң, оны (қара тасты) сүй. Басқа жағдайда оған қарап тәһлил және тәкбір¹ айт»,** – деген².

Имам әш-Шәукәни осы хадиске сүйене отырып, қара тасты адамдар көп болған кезде сүйместен оған қарап, тәһлил және тәкбір айтумен шектеледі деген³.

Егер адамдар аса көп болып, қара тасты сүюге мүмкіндік тумаса, оған аса таяқ немесе басқа бір затпен ишарат етіп, екі қолын иықтың тұсына дейін көтеріп, қара тасқа қарап: «Бисмилләһ. Уаллаһу әкбар!» деп айту – мустахаб⁴. Өйткені Ибн Аббастан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) риуаят етілген хадисте Пайғамбар (с.а.с.) Қағбаны түйесіне мініп, тауап жасаған кезде, қара тас тұрған бұрышқа келген сайын оған қолындағы таяғымен ишарат етіп, тәкбір айтқандығы айтылған⁵.

5. Үш мазһабта және Мұхаммед әш-Шәйбәнидің пікірінше, йемен бұрышын ұстау – сүннет. Ал ханафи мазһабында бұл – мустахаб⁶. Ол – Қағбаның қара тас орналасқан бұрышына дейінгі бұрышы. Тауап жасаған кезде ол бұрышты қолмен ұстау – сүннет, бірақ оны сүю, қолмен ишарат ету сүннет емес. Қалған екі бұрышты ұстамайды және оларға қарап ишарат та жасамайды.

Абдуллаһ ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): **«Аллаһ елшісінің (с.а.с.) Үйдің (Қағбаның) йемендік екі бұрышынан басқасын сипағанын көрген жоқпын»,** – деген⁷.

Имам ән-Нәуәуи осы хадистің шархында: **«Йемендік екі бұрыш: қара тас және йемен бұрыштары»,** – деген.

¹ Тәһлил – «Лә иләһә иллаллаһ» деп айту. Тәкбір – «Аллаһу әкбар» деп айту.

² Муснәд Ахмад, Муснад Омар ибн әл-Хаттаб, 185.

³ Нәйл әл-аутар, I том, 988-бет.

⁴ Иғләм әл-әнәм, шарх булуғ әл-марам, II том, 540-бет.

⁵ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-хаж, 1509.

⁶ Әл-Ихтияр, I том, 192-бет. Әл-Муфассал фи әл-фикһ әл-ханафи, 379-бет.

⁷ Сахих Муслим, Китәб әл-хаж, 2222.

6. Ер кісілерге мүмкіндігінше Қағбаға жақын жүру. Ал әйелдер адамдар көп жерден алшақ жүргендері абзал. Себебі адамдар көп жерде олар бір-бірімен иық тірестіріп, қатты қысылыс болуы мүмкін.

7. Тауап жасағанда мүмкіндігінше шауттардың арасын үзбеу де сүннетке жатады.

Тауапты үзуге (тоқтауға) болатын жағдайлар:

Шамасы келетін адамға тауапты аяғына дейін, шауттардың арасын үзбей жалғастыру – сүннет. Тек кейбір жағдайларда тауапты уақытша тоқтата тұруға болады:

1. Намазға қамат айтылғаннан кейін, парыз намазын оқу үшін тоқтату;
2. Жаназа намазын оқу үшін;
3. Қатты шаршаған кезде демалу үшін;
4. Дәретін жаңарту үшін.

Мінеки, осы жағдайлардың барлығында адам уақытша тоқтатқан тауабын тоқтаған жерінен бастап жалғастыра береді. Бұл пікірді имам әл-Бұхари «Сахих хадистер» жинағында иснадсыз Ибн Омардан, Абдур-Рахман ибн Әбу Бәкірден (Аллаһ ол екеуіне разы болсын), Атадан келтірген¹.

Тауапқа ниет ету:

Ниет ету – тауаптың дұрыс болуының шарты. Тауаптың парыз немесе сүннет екендігін нақтыламастан жалпы тауап жасауға ниет ету жеткілікті.

Уақыты белгілі тауаптар:

1. Умраның тауабы – Меккеге келгенде жасалатын бірінші құлшылық. Сондықтан оны Харам мешітіне алғаш кіргенде жасайды.

2. Сәлем (қудум) тауабы. Ол да – Меккеге келгенде жасалатын бірінші құлшылық және оны да Харам мешітіне алғаш кіргенде жасайды.

3. Парыз тауабы Арафатта тұрғаннан кейін жасалады.

4. Қоштасу тауабы қажы немесе умра жасаушы парыз тауабын өтегеннен кейін, еліне қайтар кезде жасайтын соңғы құлшылығы.

Егер қажы осы уақыттарда жасалатын тауапты өтеместен нәпіл тауапқа ниет етіп, тауап жасайтын болса, оның тауабы сол уақытта өтелетін тауап болып саналады да, нәпіл деп есептелмейді. Мысалы, Меккеге бірінші рет келген қажы сәлем тауабын жасаудан бұрын нәпіл тауапқа ниет етіп, тауап жасайтын болса, оның тауабы сәлем тауабы деп есептеледі. Себебі бұл уақыттарда орындалатын тауаптарды алдымен өтеу керек.

¹ Әл-Бұхари, «Егер тауапта тоқтаса» тақырыбы. Имам әл-Бұхари сахих хадистердің мағынасын ашу үшін тарауға немесе тақырыпқа ат беруде кейбір хадистер мен сахабалардың сөздерін қолданған. Осы хадистер мен сахабалардың сөздерінің сахих болуы шарт емес. Имам әл-Бұхари тек иснадпен берген хадистерінің сахих болуын ғана шарт етіп ұстанған.

Харам мешітінің сәлем тауабы:

Харам мешітінің өзге мешіттерден айырмашылықтарының бірі: бұл мешітке кіргенде Қағбаны айналып тауап жасау мешіттің сәлем намазының орнына жүреді әрі ол сәлем намазынан да абзал деп есептеледі. Харам мешітіне күніне бірнеше рет кіретін адам бір рет қана сәлем тауабын жасаса жеткілікті. Мешітке кірген кезде парыз намазына қамат айтылса, алдымен намаз оқып, содан кейін тауап жасауға болады.

Ал егер адам ауру немесе шаршаған болса, сәлем тауабының орнына екі ракағат сәлем намазын оқуына болады. Бірақ жоғарыда айтылған Харам мешітінің сәлемі ретінде нәпіл тауап жасау нәпіл намаз оқудан абзал.

Нәпіл тауабының үкімі нәпіл намазы сияқты. Ол арқылы пенде Раббысына жақындай түседі. Бірақ әр нәпіл тауабынан кейін екі ракағат тауап намазын оқу – уәжіп. Екі не одан да көп тауапты арасын үзбестен жасау – мәкруһ. Сондықтан көп тауап жасағысы келген адамның әр тауаптан кейін екі ракағат намаз оқып, аздап тынығып алғаны дұрыс.

Тауаптан кейін оқылатын екі ракағат намаз

Ханафи мен мәлики мазһабтарында әр тауаптан кейін екі ракағат намаз оқу – уәжіп. Ал шафиғи мен ханбали мазһабтарында бұл – сүннет¹.

Ол екі ракағаттың шектеулі уақыты жоқ. Егер Харам мешітінде нәпіл намазын ұмытып яки қателесіп оқымаса, үйіне қайтқаннан кейін оқуына болады. Сол секілді тауаптан кейін бірден оқи алмаса, бір күн өткеннен кейін тіпті бір жылдан кейін болса да оқуына болады².

Бұл намазды Харам мешітінде Ибраһимнің мақамының артында оқыған абзал. Тауаптың екі ракағат намазын адам көп болса, мешіттегі кез келген орында оқуға болады. Бірінші ракағатта «Кәфирун», екінші ракағатта «Ықылас» сүресін оқу – сүннет. Имам Муслим риуаят еткен Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қажылығын сипаттаған ұзын хадисте оның (с.а.с.) Ибраһимнің мақамының артында тұрып, екі ракағат намаз оқығандығы және алғашқы ракағатта «Кәфирун», екінші ракағатта «Ықылас» сүрелерін оқығандығы айтылған.

Ханафи мазһабында бұл екі ракағат намазды мәкруһ уақыттарда оқуға болмайды. Оған келесі хадис дәлел болады.

Абдур-Рахман ибн Абд әл-Қари Омар ибн әл-Хаттабпен (Аллаһ оған разы болсын) бірге таң намазынан кейін Қағбада тауап жасайды. Омар тауабын аяқтағаннан кейін айналасына қарағанда, күннің шыққанын көрмеген. Сондықтан (түйесіне) мініп, оны Зу Туа деген жерде шөктіреді де, тауаптың екі ракағат сүннет намазын оқиды³.

¹ Китәб әл-фикһ алә әл-мазаһиб әл-арбаға, 368-бет.

² Әл-Муфассал фи әл-фикһ әл-ханафи, 381-бет.

³ Муатта, Китәб әл-хаж, 722.

Ал шафиғи мен ханбали мазһабтарында Харам аумағында намаздың мәкруһ уақыты жоқ деп саналады. Сондықтан оны қалаған уақытында оқи беруге болады¹.

Себебі Пайғамбар (с.а.с.): *«Ей, Абдуманафтың ұлдары! Бұл үйді тауап еткенді және түннің немесе күндіздің қалаған уақытында намаз оқығанды тыймаңдар»*, – деген².

Қажылықтың уәжіптері

Қажылықтың уәжібі деп міндетті түрде орындалуы талап етілетін, оны істемеу – харам, бірақ істемеген жағдайда қажылығы бұзылмайтын амалды атайды. Бірақ бұл амалды орындамағаны үшін фидия төлеуі керек.

Мұнда қажылықтың жеке амалы ретінде келген уәжіптер туралы айтылады. Олар:

1. Сафа мен Мәруаның арасында сағи жасау;
2. Муздалифада тұру;
3. Жамаратта тас лақтыру;
4. Шаш алдыру не қысқарту;
5. Қоштасу тауабы.

Сафа мен Мәруаның арасында сағи жасаудың үкімдері:

1. Сафа мен Мәруа арасында жүру «сағи» деп аталады. «Сағи» араб тілінде жылдам жүру деген мағына береді. Мұнда қажылар екі жасыл белгінің арасында жылдам жүретін болғандықтан, Сафа мен Мәруаның арасында жүру осылай аталып кеткен.

2. Үш мазһабта сағи жасау қажылықтың парызына, ал ханафи мазһабында уәжібіне жатады.

3. Ханафи мазһабында сағидың парызы – тауаптағы секілді төрт шаут. Егер қалған үш шаутты жасамаса, әр шауттың орнына пітір садақасы көлемінде садақа береді³.

4. Шамасы келетін адамға сағиды жаяу жасау – уәжіп. Ал ауру және сағиды жаяу жасауға әлі келмейтін адам көлікке мініп жасауға болады. Қазіргі кезде масғаның⁴ ортасында шамасы келмейтіндерге арнайы қол арбалар жүретін жол жасалған. Аурулар мен әлсіздер сол арбаларға отырып, сағи жасайды. Харам мешітінің екінші қабатында аурулар мен тауап жасауға шамасы келмейтіндерге тауап жасау үшін де арнайы арбалар жүретін шеңбер жасалып қойған.

¹ Әл-Муфассал фи әл-фиқһ әл-ханафи, 381-бет.

² Сунән ән-Нәсәи, Китәб әл-Мауақит, 581.

³ Әл-Муфассал фи әл-фиқһ әл-ханафи, 383-бет.

⁴ Масға – сағи жасайтын жер.

5. Сағидың дұрыс болуы үшін оның алдында парыз не нәпіл тауап жасалуы шарт. Кімде-кім тауаптан бұрын сағи жасаса, оның сағиы дұрыс болып саналмайды. Оған тауаптан кейін қайта сағи жасау міндеттеледі.

6. Сағида да тауаптағыдай тоқтап, дем алып, дәрет жаңартып алуға рұқсат етіледі.

Сағидың сүннеттері

1. Сағиды тауаптан кейін көп кешіктірместен жасау.

2. Сағи жасағанда дәреті болу және киімі мен денесінің нәжістен таза болуы. Егер қажылыққа не умраға ниет еткен адам дәретсіз сағи жасайтын болса, оның сағиы дұрыс деп есептеледі.

3. Саға мен Мәруаға жеткен кезде оның үстіне шығып, Қағба көрінетіндей жерге орналасып, дұға жасау.

4. Ер кісілерге екі жасыл белгінің арасында жылдам жүру.

Қажылық кезінде сағиды Арафатта тұру мен парыз тауабынан бұрын орындау.

Умра кезінде сағидың уақыты умра тауабынан кейін, ал қажылық кезінде Арафатта тұру мен парыз (ифада) тауабынан кейін болады. Бірақ қажылық кезінде сағиды Арафатта тұру мен парыз тауабынан бұрын орындауға болады және ол мәкруһ емес. Сондықтан сағиды сәлем тауабынан немесе кез келген нәпіл тауаптан кейін де орындауға болады. Ханафи мазһабында сағидың алдында орындалатын кез келген тауапта идтибағ жасау және алғашқы үш айналымда рамл (тез жүру) сүннет. Жоғарыда айтып өткеніміздей, сағидың дұрыс болуы үшін алдымен тауап жасау – шарт.

Муздалифада тұру (қажылықтың екінші уәжібі)

Муздалифа – Арафат пен Минаның арасында орналасқан таулы жердің атауы. Қажылар Арафаттан Минаға Муздалифа аумағы арқылы өтеді. Сол сапар барысында Муздалифада, кем дегенде, бірнеше минут тұрақтау – уәжіп. Оны «Жамғ» және «әл-Машғарул-Харам» деп те атайды¹.

Муздалифада тұрудың үкімдері:

1. Муздалифада тұру – барлық мазһабтарда уәжіп. Муздалифада тұрудағы мақсат – онда бірер мезет болу.

¹ «Жамғ» араб тілінде жинау деген мағына береді. Өйткені қажылар Муздалифада шам мен құптан намаздарын қосып бірге оқиды. Сондықтан бұл жерді «жамғ» деп атаған. «Әл-Машғарул-харам» – Муздалифа аймағында орналасқан таудың аты. Сондықтан Муздалифаны кейде «әл-Машғарул-харам» деп те атайды.

2. Ауру, әлсіз жандар мен әйелдерге адам өте көп кезде Муздалифада тұрудың уәжіптігі түседі.

3. Ханафи мазһабында Муздалифада тұратын уақыт таң атқаннан, күн шыққанға дейін созылады. Кімде-кім осы уақыт аралығында, кем дегенде, бірер сәтке Муздалифаға тоқтаса, онда тұрудың уәжібін орындады деп есептеледі. Шафиғи мен ханбали мазһабтарында Муздалифада тұратын уақыт түннің жартысынан басталып, таң атқанға дейін созылады. Кімде-кім Муздалифаға таң атпастан бұрын жетіп, таң атқаннан кейін бір сәт тұрса, барлық мазһабтарда оның Муздалифада тұруы дұрыс деп есептеледі.

4. Муздалифада құптан намазының уақытында шам мен құптан намаздарын қосып оқу – уәжіп. Кімде-кім қателесіп, шам намазын Арафатта немесе жол бойында оқыса, Муздалифаға келгеннен кейін оны құптанмен қосып қайта оқиды. Егер құптан намазының уақыты шығып кетеді деп күдіктенсе, ол екі намазды кез келген жерде оқуға болады.

Муздалифадағы сүннеттер:

1. Таң намазын уақыты кірген сәттен кешіктірмей оқу.
2. Таң намазын оқып болғаннан кейін ұзақ тұрып, таң бозарып атқанға дейін дұға жасау, тәкбір айту және зікір ету.
3. Минаға күн шықпас бұрын аттану.

Жамаратта тас лақтыру (қажылықтың үшінші уәжібі)

Жамарат – Минадағы тас лақтыратын жерлер. Ол үш діңгектен тұрады: жамаратул-кубра (үлкен тас лақтыратын бағана), жамаратул-уста (ортаңғы тас лақтыратын бағана) және жамаратус-суфра (кіші тас лақтыратын бағана). Аллаһ тағала Ибраһим пайғамбарға ұлы Исмаилді құрбандыққа шалуды бұйырған кезде, Аллаһтың бұйрығын орындауға бел буған Ибраһимді азғыру үшін шайтан осы жерлерде кездеседі. Сонда Ибраһим оны алғашқы кездескен кезде жеті тас атып қуады. Екінші рет кездескенде де, жеті тас атып қуады. Үшінші рет кездескенде де, жеті тас атып қуып жібереді¹.

Тас атудың үкімдері:

1. Тастан басқа ағаш, темір секілді заттарды лақтыруға болмайды. Ханафи мазһабы бойынша, тас орнына кесекті не сазды лақтыруға болады. Өйткені олар да тас сияқты жер қыртысына жатады.

2. Әр жамаратқа әр тасты жеке-жеке ату керек. Егер барлық жеті тасты бірден ататын болса, ол бір тас атқан болып есептеледі. Ендеше, тағы да алты тас ату керек болады.

¹ Бұл оқиға туралы риуаяттар әл-Бәйһақи мен әл-Хақимнің хадистер жинағында келкен.

3. Тас атушының тас ауды ниет етуі. Егер адамдар итерісіп, қолындағы тастарын біреулер қағып жіберсе және ол тас дінгекке барып тисе, ол тас атты деп есептелмейді. Сол секілді атылған әрбір тас дінгектің айналасындағы шеңбердің ішіне түсуі керек. Егер шеңберге жетпесе, қайта лақтырады.

4. Тас атуға шамасы келетін адамның тасты өзі атуы – уәжіп. Егер шамасы келмесе, орнына басқа біреуді тас атуға жіберуіне болады.

5. Лақтырылатын тастар ноқат бұршағынан сәл ғана үлкен шамамен саусақтың ұшындай болғаны – сүннет.

6. Тас лақтыратын жерден тас жинау және бір тасты екіге не одан да көп бөлшектерге бөлу – мәкруһ.

7. Тәлбияны жамаратқа келіп, бірінші тасты лақтыратын кезде тоқтатады.

Тас лақтырудың саны және уақыттары

Тас лақтыратын күндер саны төртеу:

1. Қажылар құрбан айт күні (зул-хижжаның оныншы күні) жамаратул-ақабаға ғана тас лақтырады.

2. Құрбан айттан кейінгі ташриқ күндері деп аталатын үш күн. Ол күндері барлық жамараттарға тас лақтырады.

1. Құрбан айт күнгі тас лақтыру. Бұл күні қажылар тек жамаратул-ақабаға (Мекке жақтағы бірінші дінгек) ғана жеті тас лақтырады. Тас лақтыратын уақыт сол күнгі таң атқаннан бастап, келесі күні таң атқанға дейін жалғасады. Бірақ таң атқаннан түс ауғанға дейін лақтыру – сүннет және күндіз лақтыруға шамасы келетін адам үшін оны түнге кешіктіру – мәкруһ. Қажылық кезіндегі тәлбияны осы күнгі бірінші тас лақтырған кезде тоқтатады.

2. Ташриқ күндеріндегі тас лақтыру. Ташриқтың алғашқы екі күні үш жамаратқа тас лақтыру – уәжіп. Бұл екі күні тас лақтырудың уақыты түс ауғаннан бастап, келесі күні таң атқанға дейін жалғасады. Жалпы тасты түс ауғаннан күн батқанға дейін лақтыру – сүннет. Тас лақтырған кезде жамараттағы тас лақтыратын дінгектердің ретін сақтау сүннет. Яғни алдымен жамаратус-суғраға, одан кейін жамаратул-устаға, сосын жамаратул-ақабаға тас лақтыру – сүннет. Әрбір тасты лақтырғанда тәкбір айтылады. Егер қанша тас лақтырғанынан шатасып қалса, ең аз лақтырдым-ау деген ойымен амал жасап, тас лақтыру санын жетіге толтырады. Бірінші жамаратқа (жамаратус-суғра) тас лақтырып болғаннан кейін Аллахқа тәсбих, Пайғамбарға (с.а.с.) салауат айтып дұға жасап, одан кейін екінші жамаратқа (жамаратул-уста) да алғашқы жамаратқа тас атқан тәрізді тас атады және одан кейін де дұға оқиды. Сосын үшінші жамаратқа (жамаратул-ақаба) барып, онда да тас атады. Бірақ бұл жамараттан кейін дұға жасамайды.

Ташриқтың екінші күні тас лақтырып болғаннан кейін Минадан кетуге рұқсат етіледі. Бірақ ол Минадан үшінші күнгі таңның атысына дейін шығып кету керек. Мұны «ән-Нәфрул-әууәл» (бірінші қозғалыс, алғашқы кету) деп атайды. Егер қажы Минада үшінші күні таң атқаннан кейінге қалса, оған міндетті түрде сол күні де жамараттарға тас лақтыруы керек болады. Бұл күнгі тас лақтыратын уақыт түс ауғаннан күн батқанға дейін созылады. Әбу Ханифа «бұл күні таң атқаннан бастап тас ата беруге» болады деген. Бұл күні тас атып болғаннан кейін қажыларға қалаған уақыттарында Минадан кете берулеріне болады. Бұл «ән-Нәфрус-сәни» (екінші қозғалыс, екінші кету) деп аталады. Минада үшінші күні қалудың сауабы мол.

Ташриқ күндері қажыларға үзір болмаған жағдайда Минада түнеу – сүннет.

Біреудің орнына тас атуға қатысты үкімдер:

1. Өздігінен тас ата алмайтын сәбидің орнына тасты қамқоршысы атады.
2. Ауру немесе тас атуға шамасы келмейтін адам міндетті түрде орнына біреуді тас атуға жіберу керек. Сонда біреудің орнына тас ататын адам алдымен өзі үшін, одан кейін басқа адам үшін тас атады. Яғни алдымен өзі үшін жеті тасты бірінші жамаратқа атады, одан кейін өзге үшін атады. Сосын екінші және үшінші жамараттарда да солай жасайды. Бір тасты өзі үшін, сосын өзге үшін атса да болады. Бірақ олай жасау – мәкруһ.
3. Әртүрлі жағдайлармен әлсіреп, есінен танған немесе ауру адам тас ата алмаса және орнына тас ататын адам таппаса, тас ату міндеті мойнынан түседі.

Шаш алу не қысқарту (қажылықтың төртінші уәжібі)

Шаш алдыру не қысқарту үш мазһабта қажылықтың уәжібіне, ал шафиғи мазһабында қажылықтың рукініне (парызына) жатады.

Ер кісілерге шаштарын ұстарамен толық алу, ал әйелдерге шаштарын саусақтың ұшындай ғана қысқарту абзал. Әйелдерге шаштарын ұстарамен алу – мәкруһ.

Абдуллаһ ибн Омардан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын), Аллаһ елшісі (с.а.с.): «**Аллаһым! Шаштарын алғандарды мейіріміңе бөле**», – деді. Олар (сахабалар): «*Уа, Аллаһтың елшісі! Шаштарын қысқартқандарды да¹*», – деді. Ол (с.а.с.): «**Аллаһым! Шаштарын алғандарды мейіріміңе бөле**», – деді. Олар (тағы): «*Уа, Аллаһтың елшісі! Шаштарын қысқартқандарды да*», – деді. Ол (с.а.с.): «**Қысқартқандарды да²**», – деді³.

¹ Яғни шаштарын ұстарамен алмай, қысқартқандарға да дұға жаса деген.

² Яғни шаштарын қысқартқандарды да мейіріміне бөле деп, Аллаһқа дұға қылған.

³ Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-хаж, 1612.

Ханафи мазаһында басында бір тал шашы жоқ таздарға басын ұстарамен арлы-берлі жүріп өту – уәжіп. Ал көпшілік ғалымдар уәжіп емес, тек сүннет деген¹.

Егер адамның басында жарасы болып, шашын алдыруға не қысқартуға мүмкіндігі болмаса, шаш алудың уәжіптігі оның мойнынан түседі және ол үшін ешқандай өтем төлемейді.

Шаш алдыратын уақыт пен орын:

Шаш алдыру мерзімі жамаратул-ақабаға тас лақтырып болғаннан кейін құрбан айттың соңғы үш күніне дейін жалғасады.

Шашты Меккенің айналасындағы Харам аймағында алу – уәжіп. Кімде-кім еш себепсіз шашын Харам территориясынан тыс жерде алатын болса, оған құрбандық шалу – міндет.

Қажылықтың тәмәттуғ және қиран түрін жасаушы һәдиді (қажылық құрбандығын) сойғаннан кейін ғана шашын алдыруы керек.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Минада құрбандыққа арналған түйелерін шалып болғаннан кейін Муғаммар ибн Абдуллаһқа (Аллаһ оған разы болсын) шашын алуды бұйырған².

Умра кезінде шашты сағидан кейін алдырады.

Ихрамнан бірінші және екінші шығу:

Жамаратул-ақабаға тас лақтырып, шашын алдырғаннан кейін қажыларға ихрам кезінде тыйым салынған амалдардың әйелге жақындасуынан басқаларының барлығын жасауға рұқсат етіледі. Бұны «ихрамнан бірінші шығу» (эт-тәхәлуллүл-әууәл) деп атайды. Яғни шаш алдырып болғаннан кейін күнделікті киімдерін киюге, иссабын пайдалануға, тырнақтарын алуға болады. Парыз (ифада) тауабынан кейін оған әйелімен жақындасуға да рұқсат етіледі. Мұны «екінші не соңғы ихрамнан шығу» (эт-тәхәллүл әс-сәни) деп атайды.

Қоштасу тауабы (қажылықтың бесінші уәжібі)

Қоштасу тауабы – қажылардың сапар алдында Меккеде орындайтын ең соңғы амалдары. Бұл Меккемен, Қағбамен қоштасу болғандықтан, «қоштасу тауабы» деп аталады.

Ибн Аббас (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): «(Қажылық біткеннен кейін), *адамдардың барлығы жан-жаққа кетіп жатқан еді. Сонда Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Үймен (Қағбамен) қоштаспайынша ешкім Меккеден кетпесін», – деді», – деп айтқан³.*

¹ Фикһ әс-сунна, I том, 760-бет.

² Муснәд Ахмад, Муснәд әл-қабәл, 27249.

³ Сахих Муслим, Китәб әл-хаж, 2350.

Ибн Аббас (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): «Адамдарға Қазбадағы соңғы амалдары (тауап жасау) бұйырылды. Оны жасамау тек хайыз (кезіндегі) әйелге ғана жеңілдетілді¹», – деген².

Қоштасу тауабына қатысты үкімдер:

1. Қоштасу тауабы ханафи мен ханбали мазһабтарында – уәжіп, мәлики мазһабында – сүннет. Ал имам Шафигиден екі түрлі риуаят жеткен, оның бірінде уәжіп делінсе, екіншісінде сүннет делінген.

2. Қоштасу тауабы – тек миқаттың сырт жағында тұратындарға ғана уәжіп. Миқаттың сыртын «Әфақ аумағы», онда тұратындары «әфақи» деп атайды³. Ал Мекке тұрғындары мен миқаттың ішкі жағында тұратындар үшін қоштасу тауабы уәжіп емес.

3. Қоштасу тауабы умра жасаушылар үшін уәжіп емес. Себебі қоштасу тауабы қажылық амалдарының мөрі, қажылықтың аяқталғанын білдіру үшін уәжіп болған.

4. Ханафи мазһабында қоштасу тауабының уақыты парыз тауабынан соң жолға шыққанша жалғасады. Қоштасуды ниет еткеніне қарамастан, парыз тауабынан кейінгі жасалған кез келген нәпіл тауап қоштасу тауабының орнына жүреді.

Шафиғи мазһабында қоштасу тауабының уақыты қажылардың жолға шығуға ниет еткенінен кейін басталады. Қоштасу тауабын жасағаннан соң, сапар әзірлігімен қажетті заттарын сатып алу үшін сауда орындарын аралауға және билеттерін әзірлеуге болады.

5. Етеккірі келген әйел қоштасу тауабын жасаудан бұрын жолға шығуға мәжбүр болса, оған қоштасу тауабын жасамай, еліне қайтуына болады. Бірақ оның етеккірі тоқтағанша Меккеде қалуға мүмкіндігі болса, ол тазаланғанын күтіп, одан кейін қоштасу тауабын жасап, еліне қайтады. Бұған жоғарыдағы хадис бірден-бір дәлел.

¹ Әйелдерге хайыз және нифас кезінде қоштасу тауабын орындамастан елдеріне қайта беруге рұқсат етілген.

² Сахих әл-Бұхари, Китәб әл-хаж, 1636. Сахих Муслим, Китәб әл-хаж, 2351.

³ Жалпы, бүкіл Жер шары қажылық пен умра амалдарын өтеуге қатысты үшке бөлінеді:

а) Харам аумағы – Мекке қаласының айналасында өсімдігін жұлуға, аңдарын өлтіруге және соғысуға тыйым салынған жер. Осы аумақта тұратындар қажылық ихрамына үйлерінен кіреді. Ал умра ихрамына харам аумағының сыртына шығып кіреді.

ә) Хилл аумағы – Харам аумағы мен миқаттың аралығындағы жерлер. Осы жерлердің тұрғындары қажылық пен умра ихрамына өздерінің тұрғылықты жерлерінен кіреді.

б) Әфақ аумағы – Миқаттың сырт жағы. Қажылық пен умра амалдарын бастау үшін ихрамға кіретін бес миқаттан тысқары барлық жерлер «Әфақ аумағы» деп аталады. Бұған Жер шарының миқаттың сыртындағы барлық аймақтары жатады.

6. Кімде-кім қоштасу тауабын жасамай, Меккеден шығып кетер болса, оған Меккеге қайта оралып, қоштасу тауабын жасау – уәжіп. Ал қайта орала алмаған жағдайда қажылықтың бір уәжібін орындамағаны үшін бір қойды құрбандыққа шалуы керек.

Қажылықтың сүннеттері

1. Әфақ аумағында тұратындар үшін сәлем тауабын жасау – сүннет. Оны «тауафул-қудум» деп те атайды. Оның уақыты Меккеге кірген сәттен Арафатта тұрғанға дейін жалғасады. Сәлем тауабын Меккеге кіргеннен соң кешіктірмей орындау – сүннет.

– Мекке және миқаттың ішкі жағында тұратындар үшін сәлем тауабын жасау талап етілмейді.

– Умра мен тәмәттуғ қажылығын жасаушыларға умра жасап болғаннан кейін қайта қажылық үшін ихрамға кіргенде, сәлем тауабын жасау міндет емес.

– Қиран қажылығын жасаушылар умра амалдарынан кейін қажылықтың алғашқы амалы ретінде сәлем тауабын жасайды.

– Кімде-кім Меккеге кірмей, бірден Арафатқа барса, сәлем тауабын жасамайды. Себебі сәлем тауабының уақыты Арафатта тұруға дейін ғана жалғасады.

2. Имамның құтпасы. Қажылық кезінде имамға үш құтпа жасау – сүннет. Кімде-кім құтпаға қатысса, көп сауап алады, ал қатыспаған адамға күнә емес.

а) Бірінші құтпа зул-хижжаның жетісі күні, тәруия күнінен бұрын Меккеде оқылады. Онда көпшілікке қажылықтың үкімдері туралы кеңірек түсіндіріп, оларды жиі кездесетін қателіктерге бой алдырмауға шақырады.

ә) Екінші құтпа Арафатта бесін және екінті намаздарынан бұрын оқылады.

б) Үшінші құтпа зул-хижжа айының он бірінші күні Минада оқылады.

3. Арафат түні¹ Минада түнеу және онда бес уақыт намаз оқу.

4. Муздалифада түнеу. Муздалифада бірер сәтке тоқтау – уәжіп, ал онда түнеу – сүннет.

5. Ташрик күндері Минада түнеу.

Тәмәттуғ пен қиранға қатысты үкімдер

Қажылықтың тәмәттуғ немесе қиран түрін өтеуде төмендегі жайттарға көңіл бөліну қажет:

1. Умра мен қажылықты тек қажылық күндерінде өтеу.

¹ Мұсылман жыл санауы бойынша күннің батуымен жаңа күн басталады деп есептеледі. Яғни Минада алғашқы түнейтін түн Арафа күнінің түні деп есептеледі.

2. Қажылықтың осы түрлерін өтеушінің әфаки (миқаттың сырт жағында тұратын адам) болуы.
3. Умра мен қажылықты бір сапарда өтеу.
4. Қажылық пен умраны қажылық күндерінде бір сапармен орындағандарға һәди (құрбандық) шалу – уәжіп.

Осы айтылғандардан мынадай жалпы үкімдер шығады:

1. Умраны қажылық айларында өтеп, одан кейін еліне қайтса әрі дәл сол жылы тек қажылық жасау үшін Меккеге қайта оралса, оған құрбандық шалу уәжіп емес. Себебі ол умра мен қажылықты бір сапарда өтеген болып саналмайды.
2. Миқаттың ішкі жағында (хилл территориясында) және Мекке қаласында тұратындарға һәди уәжіп емес. Себебі олар үшін арнайы қажылық сапары деген ұғым болмайды.
3. Қажылықтан кейін умра жасаған адамға да һәди шалу уәжіп емес. Себебі ол умраны қажылық күндері өтеген жоқ.

Қиранның үкімдері

1. Қиранға ниет еткенде қажылықты умрадан бұрын не кейін айтудың еш зияны жоқ.
2. Қиран кезінде алдымен умра амалдары өтеледі, яғни ихрамға кіргеннен кейін тауап пен сағи жасалады. Бірақ шашын алдырып немесе қысқартпайды. Себебі ол қажылықты умрамен бірге, бір ихрам халінде өтуді ниет еткен, сондықтан шашын алдырса да, қысқартса да, ихрам халінде деп есептеледі. Бірақ ихрам кезінде тыйым салынған амалды істегені үшін оған бір қойды құрбандыққа шалу уәжіп болады.
3. Қарин (қиран қажылығын жасаушы) ғибадатын умраның тауабынан бастайды. Қарин сәлем тауабын жасамайды, себебі оған Меккеге алғаш келген уақытта бірінші умраның тауабын жасау – міндет. Сондықтан қарин сәлем тауабына ниет етсе де, оның тауабы умраның тауабы деп есептеледі. Умраның тауабынан кейін ғана оған сәлем не нәпіл тауаптарын өтеуіне болады.
4. Егер қарин қажылықтың сағиын Арафатта тұрудан бұрын орындағысы келсе, оны кез келген нәпіл тауабынан кейін орындай алады. Сағидан бұрын жасалатын тауапта рамл (алғашқы үш айналымда тез жүру) мен идтибағ (барлық айналымда оң иықты ашып жүру) жасау – сүннет. Егер ұмытып немесе қателесіп рамл мен идтибағ жасамаса, оның күнәсі жоқ.
5. Қарин умра амалдарын бітіргеннен кейін, ихрам халінен шықпай, таруия күнін күтеді де, қажылықтың барлық амалдарын муфрид (қажылықтың түрін орындаушы) секілді орындап шығады. Тек тас лақтырып болғаннан кейін һәдиін (құрбандығын) бауыздайды. Құрбандық шалуға шамасы келмесе, қажылықта үш күн, еліне қайтқаннан кейін жеті күн ораза ұстайды.

6. Құрбандық шалу (һәди). Құрбан айт күні жамаратқа тас лақтырып болғаннан кейін қаринге шашын алдырудан бұрын құрбандық шалу уәжіп деп есептеледі. Себебі қажылық амалдарының тәртібі бойынша бірінші тас лақтырылады, сосын мал сойылады, содан кейін ғана шаш алдырады. Ханафи мазһабы бойынша, бұл тәртіп сақталмаса, бір қойды құрбандыққа шалуы керек. Шафиғи мазһабында бұл тәртіпті сақтау – сүннет. Сондықтан құрбандықтан бұрын шашын алдырғанға ешқандай жаза жоқ.

Тәмәттуғқа қатысты үкімдер

1. Тәмәттуғты қиран сияқты тек миқаттың сыртында тұратын әфакилар ғана жасай алады. Егер миқаттың ішкі жағында және Меккеде тұратындар қажылық айларында умра жасап, одан кейін сол жылы қажылық жасайтын болса, ол сол жердің тұрғыны болғандықтан, тәмәттуғ қажылығын жасаған болып есептелмейді.

2. Мутәмәттіғ қажылар (тәмәттуғ қажылығын жасаушылар) умра амалдарын аяқтағаннан кейін Меккеде тәруия күніне дейін қалады. Сондықтан олар Мекке тұрғындары секілді қажылық басталғанда сәлем тауабын жасамайды.

3. Мутәмәттіғ қажы үшін умра амалдарын аяқтағаннан кейін міндетті түрде ихрамнан шығу шарт емес. Ол умрадан кейін, ихрам күйінде қажылығын бастай алады.

4. Мутәмәттіғ қажыға да қарин тәрізді һәди шалу – уәжіп әрі ол да қарин сияқты тас ату, құрбандық пен шаш алдырудың ретін сақтайды.

5. Егер мутәмәттіғ умра амалдарын бітіргеннен кейін еліне қайтып, дәл сол жылы қажылыққа қайта келсе, ол мутәмәттіғ деп есептелмейді. Сондықтан оған һәди уәжіп емес. Ал егер өз еліне емес, басқа жаққа сапарға шығып, одан кейін Меккеге қажылық өтеу үшін оралса, ол мутәмәттіғ деп есептеледі де, оған һәди уәжіп болады. Себебі ол жолаушы күйінде қалды.

Һәди

Һәди – қажылық кезінде Харам территориясында құрбандыққа шалынатын мал. Аллаһ тағала: **«Кімде-кім умра арқылы қажылыққа тәмәттуғ жасаса, ол қолайлы бір һәди (құрбандық) шалады. Егер біреу (һәди) таба алмаса, қажылықта үш күн, үйге қайтып келгенде жеті күн, барлығы толық он күн ораза ұстайды. Бұл үйі Харам мешітінің маңында болмағандар үшін»**¹, – деген.

Жубәйр ибн Мутғимнан (Аллаһ оған разы болсын), Пайғамбар (с.а.с.): **«Урана сайынан басқа Арафаттың барлығы тұратын жер, Мухассирден басқа Муздалифаның барлығы тұратын жер, Минаның барлық**

¹ «Бақара» сүресі, 196-аят.

шатқалы құрбандық шалатын жер және таширлықтың барлық күндерінде құрбандық шалуға болады», – деген¹.

Һәди малына қойылатын шарттар удхия² малына қойылатын шарттармен бірдей:

1. Шарифат бекіткен жануарлардан болуы. Олар: түйе, сиыр, қой және ешкі. Бұл жануарлардың еркек не ұрғашы болуы шарт емес. Құрбандыққа шалынатын малдың семіз әрі еті дәмді болғаны абзал.

2. Малдың он екі мүшесі сау болуы – шарт. Яғни ауру, бір көзі жоқ, соқыр, ақсақ, көтерем, шұнақ, сонымен қатар құлағы не құйрығының үштен бірі кесілген мал құрбандыққа жарамайды. Дегенмен құлағы тілініп не тесіліп ен салынған малды құрбандыққа шалуға болады. Бірақ мұндай малды құрбандыққа шалу – мәкруһ.

Тоқал, мүйізі сынған не піштірілген мал да құрбандыққа жарайды³.

Егер құрбандыққа шалынатын малды сатып алғаннан кейін, оның денесінен бір кемшілікті байқаса, оны ауыстыру керек. Ал сойғаннан кейін не соямын деп жүріп майып қылып алса, оның оқасы жоқ. Мысалы, сойғалы жатып, пышақты малдың алқымына тірей бергенде, мал ытқып кетіп, пышақты оның көзіне тығып алса немесе сүйреп келе жатып, аяғын сындырып алса, сол малды құрбандыққа шала беруге болады.

3. Малдың шарифат бекіткен жасқа толуы.

Қой және ешкі бір жастан асқан болуы керек. Тек дене бітімі бір жастан асқан басқа қойлардан кем емес, алты айдан асқан, семіз марқа қозы құрбандыққа жарамды.

Сиырдың екі жастан, түйенің бес жастан асқаны болуы қажет.

Құрандыққа шалынатын мал қанша адамға жетеді?

Қой мен ешкі бір адамға жетеді. Бір адам екі не одан да көп құрбандық шала алады және оның барлығының сауабын алады. Сиыр мен түйені жеті адам бірігіп союларына болады. Сондай-ақ бір адамның өзіне бір сиыр не түйені құрбандыққа шалуына рұқсат етіледі.

Жәбир ибн Абдуллаһ (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Худайбия жылы Аллаһтың елшісімен (с.а.с.) бірге түйені жеті адамның және сиырды жеті адамның (атынан) бауыздадық», – деді⁴.*

¹ Муснәд Ахмад, Китәб муснад Жубәйр ибн Мутғим, 34-том, 107-бет.

² Һәди – қажылықтың тәмәттуғ пен қиран түрін орындайтындар міндетті түрде шалатын және қажылық кезінде жасаған қате амалдарының жазасы ретінде өтейтін құрбандық. Ал удхия – құрбандық күні қажылыққа барғандар да, бармағандар да шалатын құрбандық.

³ Әл-Муфассал, фи әл-фикһ әл-ханафи, 214-бет.

⁴ Сахих Муслим, Китәб әл-хаж, 2322.

Һәдиге қатысты үкімдер:

1. Барлық мазһабтарда қажылықтың тәмәттуғ және қиран түрін жасағандарға һәди – уәжіп. Тек ханафи мазһабында балиғатқа толмаған сәби мен ақыл-есі кем жанға уәжіп емес.

2. Һәди мен удхия малына қойылатын шарттар бірдей. Үш мазһабта һәдиден жеуге болады. Ал шафиғи мазһабында һәдиден жеуге болмайды. Қажылық кезінде кеткен кемшіліктердің орнын толтыру үшін шалынған малдың етінен иесіне жеуге болмайды, ондай құрбандық етінің барлығын кедейлерге үлестіріп беру керек.

3. Һәдиді айттың алғашқы үш күнінде құрбандыққа шалуға болады. Ханафи мазһабында мына ретті сақтау уәжіп:

- тас лақтыру;
- құрбандық шалу;
- шаш алдыру.

Егер осы рет сақталмаса, қажы жасаған кемшілігі үшін бір қойды құрбандыққа шалуы керек. Себебі Аллаһ елшісі (с.а.с.) қажылық жасағанда осы реттілікті сақтаған. Ал шафиғи мазһабы бойынша, көрсетілген ретті сақтау – сүннет, ал ол ретті ұстанбаған адамнан құрбандық шалу талап етілмейді. Өйткені Пайғамбар (с.а.с.) тас лақтыру, тауап жасау, құрбандық шалу секілді қажылық амалдарының ретін сақтамағандарға жеңілдіктер берген.

4. Һәди құрбандығын Харам аймағында шалу керек. Сондықтан Харам территориясынан тыс жерде шалынған мал һәдидің орнына жүрмейді.

Һәдидің орнына ораза тұту

Егер қарин мен мутәмәттіғ һәдиге шамалары келмесе, оның орнына он күн ораза тұтулары керек. Оған жоғарыда келтірілген «Бақара» сүресінің 196-аяты дәлел.

Осы аяттың негізінде мынадай үкімдер шығады:

1. Құрбандық шалуға шамалары келмейтін қарин мен мутәмәттіғ үшін қажылық кезінде үш күн, елдеріне оралғаннан кейін жеті күн ораза тұту – уәжіп. Бұл оразаның арасын үзбей тұту міндет емес, қаласа, араларын үзіп ұстауға да болады.

2. Қажылық кезінде тұтатын үш күн оразаның уақыты ихрамға кіргеннен құрбандық шалатын күнге дейін созылады.

3. Егер құрбандық шалатын күнге дейін үш күн ораза тұтқаннан кейін құрбандық шалуға шамасы келсе, міндетті түрде құрбандық шалады. Ал тұтқан оразасы һәдидің орнына жүрмегенімен, ол оның сауабын алады. Егер шашын алдырғаннан кейін құрбандық шалуға шамасы келсе, оған құрбандық шалу міндет емес. Өйткені ол шаш алдыру арқылы ихрамнан шыққан болып есептеледі. Бұл – тәяммуммен намаз оқып болғаннан кейін су тапқан адамға намазын қайталаудың міндет емес екендігі секілді жағдай.

4. Ханафи мазһабында құрбандық шалатын күнге дейін ораза тұтпаған адам міндетті түрде һәди шалуы керек. Себебі құрбандық шалатын күні оразаның уақыты бітеді. Ал шафиғи мазһабында құрбандық күніне дейін ораза тұтпаған адамға одан кейін де ораза тұтуына болады. Себебі бұл оразаның рамазандағы сияқты уақыты белгіленген. Рамазан оразасының қазасы өтелетініндей бұл оразаның да қазасы өтеледі.

Ихсар

«Ихсар» сөзі араб тілінде «тыйым», «бір жерде тосылып қалу» деген мағыналарда қолданылады.

Ихсар – қажылық не умра жасау үшін ихрамға кірген адамның қажылығын немесе умрасын аяқтамастан, ихрамнан шығуға мәжбүр болуы. Мысалы, жау шабуылы, сырқаттану, кеденнен өткізбей қою және т.б. осы секілді халге душар болған адамды «мухсар» деп атайды. Аллаһ тағала: **«Қажылық пен умраны Аллаһ үшін толық орындандар. Егер (жолда) тосылсандар, құрбандықтан қолайлысын шалу керек. Құрбандық орнына барғанға дейін шаштарыңды алдырмандар»**¹, – деген.

Ихсарға қатысты үкімдер:

1. Қажылық амалдарын жасауда кедергілерге тап болып, қажылықты жалғастыра алмаған адамға ихрамнан шығу үшін құрбандық шалу – уәжіп.

2. Ханафи мазһабында мухсар құрбандығын Харам территориясында ғана шалу керек. Егер ол территорияға кіре алмаса, басқа біреу арқылы құрбандығын сол жаққа жіберіп немесе құрбандықтың құнын беріп, оны Харам территориясында шалдыруы тиіс. Ол уәкілімен, яғни құрбандықты Харам аймағында шалатын адаммен құрбандықты шалатын мерзімге келіседі де, сол уақыттан кейін ихрам халінен шыға береді.

Басқа мазһабтарда мухсар қажылығын не умрасын жалғастыруды кездейсоқ бөгеттен тоқтаған жерінде құрбандығын шала береді. Себебі Аллаһ елшісі (с.а.с.) құрайыштар умра жасауға кедергі келтірген кезде құрбандығын Худәйбияда шалған. Ал Худәйбия Харам аймағына жатпайды².

Бірақ ханафи мазһабында әл-Уақидидің: «Худәйбия – Харам территориясының бір шеті. Ол Қағбадан тоғыз мил қашықтықта орналасқан», – деген сөзіне сүйеніп, Худәйбияның бір шеті Харам аумағына кіретіндігін, Худәйбия жылы Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қосыны хилл аумағында болғанмен, құрбандығын Харам аумағында шалғанын айтқан³. Сондай-ақ аятта құрбандық шалынатын орынға жеткенше шаш алдырмауға бұйырған. Ал құрбандықтың орны Харам аумағы болып табылады.

¹ «Бақара» сүресі, 196-аят.

² Әл-Муғни фи фикһ әл-хажжи уа әл-умра, 151-бет.

³ Фатх бәб әл-һиная би шарх ән-нуқая, I том, 728-бет.

3. Ихсар құрбандығынан иесі және бай адамға жеуге болмайды. Оны тек кедейлерге садақа ретінде үлестіру керек.

4. Ханафи мазһабында қиран қажылығына ниет етіп, ихрамға кірген адам мухсар болса, екі құрбандық шалуы керек. Себебі ол умра мен қажылықтан тосылған. Ал тек умраға немесе қажылыққа ниет етіп, ихрамға кірген адам ғана бір құрбандық шалады.

5. Егер мухрим (ихрамға кірген адам) жолда мухсар болып, өзінің атынан бауыздау үшін құрбандығын беріп жібергеннен кейін ғана ихсар жағдайынан шықса, төмендегідей үкімдер беріледі:

– егер қажылыққа және құрбандыққа үлгеретін болса, міндетті түрде қажылық жасайды;

– егер құрбандыққа үлгергенімен, қажылыққа үлгермесе, қажылыққа үлгермегендіктен құрбандығын шалып, ихрамнан шығады;

– егер қажылыққа үлгергенімен, құрбандыққа үлгермесе, қажылығын жалғастыруына немесе құрбандық шалынғаннан кейін ихрамнан шығуына болады. Бірақ мұндай жағдайда қажылығын жалғастырғаны абзал.

6. Ихсарға тап болған адам үшін қаза болған қажылығының не умрасының қазасын өтегені – уәжіп. Бұл – Ибн Масғұдтың, Ибн Омардың және Ибн Аббастың (Аллаһ оларға разы болсын) пікірі¹.

Қажылықтан кешігу

Ихрам халіне кірген адам Арафатта тұрудан кешіксе, қажылықтан кешікті деп есептеледі. Арафатта тұратын уақыт арафа күні түс ауғаннан келесі күннің таңы атқанға дейін жалғасады. Осыған байланысты қажылықтан кешіккенге қатысты мынадай үкімдер шығады:

1. Барлық ғұламалардың пікірінше, қажылыққа ниет етуші құрбан айт күнінің таңы атқанша Арафатқа үлгермесе, қажылықтан кешіккен болады.

2. Қажылықтан кешігіп қалған адам ихрамнан умра жасап шығады. Яғни тауапты, сағиды жасайды және шашын алдырады немесе қысқартады. Содан кейін ғана ихрамнан шығады.

3. Төрт имамның барлығы «нәпіл қажылығы болса да, кешігіп қалған қажылықтың қазасын өтеу – уәжіп» деген. Өйткені Аллаһ тағала: **«Қажылық пен умраны Аллаһ үшін тамамдаңдар»²**, – деген.

4. Ханафи мазһабында қаза қажылығы кезінде құрбандық шалу уәжіп емес, басқа үш мазһаб бойынша уәжіп.

5. Егер қажылықты қаза қылып алған адам қарин болса, оның жағдайына қарай екі түрлі үкім шығарылады:

– қажылығы қаза болмай тұрып, умраға тауап жасап үлгерсе, умрасын аяқтайды;

¹ Фатх бәб әл-ъиная би шарх ән-нукая, I том, 730-бет.

² «Бақара» сүресі, 196-аят.

– егер умраны да өтемесе, ол умрасын толық орындап, одан кейін қажылықтан кешіккені үшін тағы толық умра жасайды. Оған қажылықтан кешігіп қалғаны үшін һәди уәжіп емес, бірақ кешіккен қажылығының қазасын өтейді.

6. Мутәмәттіғ қажылықтан кешіксе, оның тәмәттұғы жойылады және ол қажылық пен умраны бір сапарда өтей алмағаны үшін һәдиді құрбандыққа шалу уәжіптігі мойнынан түседі.

Жинаят (қажылық заңдарын бұзу)

Жинаят – қажылық пен умра заңдарын бұзу. Мұнда қажылық пен умра кездерінде істеуге тыйым салынған амалдарды жасау және жасаған қылмысының жазасын өтеу туралы айтылады.

Негізгі ережелер:

1. Балиғатқа толмаған сәбиге шарифат үкімдерін орындау міндет болмағандықтан, олар жасаған жинаяттары (қылмыстары), қажылықтың уәжіптерін тастағаны үшін жазаланбайды.

2. Жинаят (қылмыс) жасағанды жазалау кезінде оның әдейі не қателесіп, біліп не ұмытып істеген амалының қылмыс екендігінен хабары бар не жоқ екендігіне қарамайды. Олардың барлығы да жазаны өтеуі тиіс. Тек біле тұра, қасақана, өз еркімен шарифат үкімдерін бұзса, күнәкар болады және ол істеген қылмыстары үшін Аллаһтан кешірім сұрауы тиіс.

3. Уәжіпті шарғи үзірдің салдарынан тастайтын болса, үзір қабыл етіледі. Ауру не басқа да мәжбүр жағдайларда уәжіпті орындамауға рұқсат етіледі.

4. Қажылық кезінде жіберген кемшіліктерінің орнын толтыру үшін жасалатын амалды «жаза», «кәффарат» немесе «фидия» деп атайды. Қажылық кезіндегі жазаның үш түрі бар:

– құрбандық шалу – Харам аумағына арналған сыйлық болғандықтан, бұл да «һәди» деп аталады¹;

– садақа; жалпы ол пітір садақасымен бірдей;

– ораза тұту.

5. Қажылықты ниет еткен адам оның амалдарын орындап, тыйым салынған амалдардан аулақ болуы керек. Қажылық заңына қарсы әрекет жасап, кейін оның жазасын өтей саламын деу – қате түсінік. Себебі үзірсіз жасаған қылмысының күнәсі артылады және бұл ісі үшін Аллаһтан шын ниетімен кешірім сұрауы керек. Имам ән-Науауи осылай ойлау туралы: «Ол – анық қателесу және нағыз надандық», – деген².

¹ Әл-Муфассал фи әл-фикһ әл-ханафи, 406-бет.

² Әл-Муфассал фи әл-фикһ әл-ханафи, 406-бет.

Тыйым салынған амалдар арқылы жасалатын жинаяттар (қылмыс)

1. Ұмытып, әдейі, ауырып және т.б. жағдайлармен миқаттан ихрамсыз өткен адам кері қайтып, миқаттан ихрамға кіруі керек. Сол сияқты миқаттан өткеннен кейін ихрамға кірген адам да кері қайтып, миқаттан қайта ихрамға кіруі тиіс. Егер кері оралып, миқаттан ихрамға кірмей, қажылығын жалғастырса, оған Харам территориясында бір қойды құрбандыққа шалу міндеттеледі. Ал кері қайтып, миқаттан ихрамға кіретін болса, оған еш нәрсе міндет емес.

2. Ихрам кезінде тыйым салынған киімдерді киген адамға қатысты үкім оның сол киімді қанша уақыт кигеніне байланысты беріледі:

– егер күндіз толық немесе бір түн толық болатындай уақыт киген болса, оған бір малды (қой) құрбандыққа шалу – міндет.

– егер бір күннен не бір түннен аз уақыт киген болса, оған пітір садақасына тең садақа немесе оның құнын беру – міндет.

3. Денеге иіссу себу:

– егер қол, аяқ секілді үлкен дене мүшесінің бәріне миск және басқа да иіссу жағатын болса, оған құрбандық шалу – міндет;

– егер бүкіл денесіне бір уақытта иіссу себетін болса, бір қойды құрбандыққа шалу – міндет. Себебі олардың барлығына бір уақытта иіссу себілгендіктен, бір дене мүшесі ретінде үкім беріледі;

– егер әр дене мүшесіне әртүрлі уақытта иіссу себетін болса, әр иіссу сепкені үшін бір қойды құрбандыққа шалады;

– егер бір дене мүшесіне толық иіссу сеппесе, оған пітір садақасына тең келетін садақаны немесе оның құнын беру – міндет.

Ескерту: иіссу сепкен жерді жуып тастау керек. Егер иіссу сепкені үшін құрбандық шалғаннан кейін ол жерді жумаса, оған қайта құрбандық шалу міндеттеледі.

4. Денені майлау:

– егер сәндік үшін денесіне исті не иіссіз кез келген май (крем, мазь) жағатын болса, оның үкімі иіссудің үкімімен бірдей;

– ал майды, кремді, мазьді дәрі ретінде қолданатын болса, оған ешқандай жаза өтеу міндет емес.

5. Шаш алдыру немесе қысқарту:

– кімде-кім ихрам кезінде шашының не сақалының барлығын немесе төрттен бірін алатын болса, оған жаза ретінде құрбандық шалу міндет болады;

– кімде-кім ихрам кезінде шашының не сақалының төрттен бірінен азын алып тастайтын немесе қысқартатын болса, оған пітір садақасына тең садақа немесе оның құнын беру – міндет;

– кімде-кім мойнындағы, шатындағы, қолтығындағы түктерді толық алатын болса, оған жаза ретінде құрбандық шалу міндет болады. Егер осы

жерлердегі түктерді толық алмаса, оған пітір садақасы сияқты садақа немесе оның құнын беру – міндет;

– кімде-кім бір отырыста бірнеше дене мүшелеріндегі шаштары мен түктерін алып тастаса, оған бір малды (қойды) құрбандыққа шалу – міндет. Себебі ол бір уақытта, яғни отырыста бір істі жасады;

– кімде-кім басын қасығанда, дәрет алғанда я шомылғанда шашын жұлса немесе әдейі түсірсе, әр түскен шашы үшін бір уыс тамақ (бидай) береді¹;

– егер мухримнің шашы өздігінен түссе, күнә емес.

6. Тырнақ алу:

– егер мухрим бір қолының не бір аяғының тырнақтарын алса, оған бір малды (қойды) құрбандыққа шалу – міндет. Сол секілді қолы мен аяқтарының тырнақтарын бір отырыста алса, оған бір малды (қойды) құрбандыққа шалу – міндет. Себебі ол бір уақытта, яғни отырыста бір істі жасады.

– егер бір қолының бес саусағынан азының немесе екі қолынан бес саусақтың тырнақтарын алатын болса, оған әр тырнақ үшін пітір садақасына тең садақа не оның құнын беру міндеттеледі;

– егер тырнақ сынып, сынған бөлігі өне алмайтын, яғни жұлып тастамаса, қайта бітпейтіндей болса, ол тырнақты алып тастауға болады.

7. Аңшылық:

Ихрамға кіргеннен кейін қай жерде болсын құрлықта тіршілік ететін жануарларды аулауға тыйым салынады. Осы тыйымды бұзған адам істеген қылмысының жазасын өтеуі керек. Аллаһ тағала: **«Ей, иман келтіргендер! Сендер ихрам кездерінде аңды өлтірмеңдер. Сендерден (яғни ихрамда болғандардан) кімде-кім (аңды) әдейі өлтірсе, оның жазасы: өлтіргеніндей бір мал, оны сендерден екі әділ кісі Қағбаға баратын бір құрбанды үкім етеді. Не бодауына міскіндерді тамақтандыру немесе оның орнына ораза ұстау. Бұл істегенінің жазасын тарту үшін»**², – деген.

Төрт имамның ортақ пікірі бойынша, ихрам кезінде әдейі, байқамай, біле тұра, білмей, ұмытып аң аулағанына қарамастан, кез келген жағдайда оның жазасын өтеу керек.

Үкімі: әділ екі ер мұсылман өлтірілген аңның құнын белгілейді. Аңның құнын белгілеген уақытта аң ауланған жердің құнымен есептейді. Аңның құны белгіленгеннен кейін заң бұзушыға үш амалдың бірін істеу еркі беріледі:

а) Егер ауланған аңның құны құрбандық малының (қойдың) құнына жетсе, һәди сатып алып, Харам территориясында құрбандыққа шалады.

ә) Әр кедейге пітір садақасына тең жарты сағ бидай немесе бір сағ арпа не құрма береді. Бір кедейге осы көлемнен кем беруге және толықтай құнын беруге болмайды.

б) Әр кедейге беретін тамақтың орнына бір күн ораза ұстайды.

¹ Әл-Муфассал фи әл-фиқһ әл-ханафи, 409-бет.

² «Мәида» сүресі, 95-аят.

8. Жыныстық қатынас.

Ихрам жағдайынан толық шыққанша жыныстық қатынас жасауға болмайды. Ихрам кезінде жыныстық қатынас жасап қойған адамға қатысты үкім оның қай уақытта болғанына қарап беріледі.

Қажылық кезінде:

а) Егер ихрамға кірген адам Арафатта тұрғанға дейін жыныстық қатынас жасаса, барлық ғалымдардың пікірінше, (ижмағ) оның қажылығы бұзылады.

ә) Егер ихрамға кірген адам Арафатта тұрғаннан кейін бірінші ихрамнан шығуына (тәхәллүлул-әууәл) дейін жыныстық қатынас жасаса, ханафи мазһабында қажылықтың негізгі парызы – Арафатта тұруды өтегендіктен, қажылығы бұзылмайды, бірақ жазасының өтемі ретінде құрбандыққа түйе шалуы керек. Қалған үш мазһабта ихрамнан шыққанға дейін жыныстық қатынас жасап қойғандықтан, оның қажылығы бұзылады.

б) Егер ихрамға кірген адам бірінші ихрамнан шыққаннан (тәхәллүлул-әууәл) кейін парыз тауабына дейін жыныстық қатынас жасаса, барлық мазһабтарда оның қажылығы бұзылмайды. Бірақ заңды бұзғандығы үшін ханафи, шафиғи және ханбали мазһабтарында бір қойды, мәлики мазһабында бір түйені құрбандыққа шалу міндеттеледі¹.

Умра ихрамы кезінде жыныстық қатынас жасау:

а) Умраға ниет етіп, ихрамға кіргеннен кейін умраның негізгі парызы тауапты орындағанға дейін жыныстық қатынас жасаса, умрасы бұзылады. Бірақ сол ихраммен бастаған умрасын аяғына дейін орындайды және ондай жағдайда қайта умра жасау – уәжіп. Сонымен қатар умрасын бұзғаны үшін бір малды құрбандыққа шалады.

ә) Егер умраның тауабын өтегеннен кейін сағи мен шаш алдырғанға дейін, яғни ихрамнан шыққанға дейін жыныстық қатынас жасаса, умрасы бұзылмайды, бірақ бір малды (қой) құрбандыққа шалады.

Жыныстық қатынасқа алып баратын амалдар:

а) Барлық мазһабтарда қажылық не умраның ихрамына кірген адам әйелін шақуатпен аймалау, сүю секілді жыныстық қатынасқа тікелей бастайтын амалдарды жасаса, мәнидің аққанына немесе ақпағанына қарамастан, бір малды (қойды) құрбандыққа шалу керек. Бірақ қажылығы немесе умрасы бұзылмайды.

ә) Жыныстық қатынасқа жол ашатын, шақуатпен ойлау, әйелге қарау сияқты әрекеттер жасаған адамның қажылығы бұзылмайды және ол үшін құрбандық шалмайды.

б) Егер жыныстық мүшесімен ойнап, соның салдарынан мәни ақса, оған құрбандық шалу – міндет. Бірақ қажылығы немесе умрасы бұзылмайды. Ал егер ихтиләм болып қалса, оқасы жоқ.

¹ Әл-Муфассал фи әл-фикһ әл-ханафи, 410.

Тауап жасау тәртібін бұзу

Тауаптың ережелерін бұзу оның уәжіптерін дұрыс орындамау арқылы жүзеге асады. Тауаптың ережелерін бұзғанда оның түріне, яғни парыз, уәжіп не нәпіл екендігіне орай, әртүрлі үкімдер шығарылады. Және оларды төмендегіше топтастыруға болады:

1. Қажылықтың парыз тауабының ережелерін бұзу;
2. Сәлем, қоштасу және нәпіл тауаптарының ережелерін бұзу;
3. Умра тауабының ережелерін бұзу.

Тауаптың парыз не нәпіл екендігіне қарамастан, тауаптың орындалуының уәжіп амалдары:

1. Таһарат. Тауап жасаушы кіші және үлкен хәдәстен, әйелдердің хайыз бен нифастан таза болулары керек.
2. Әуреттің жабық болуы. Егер тауап жасаушының әуреті намазды бұзатындай дәрежеде ашылса, оған тауабын қайтадан жасау – уәжіп болады.
3. Тауапты қара тас бұрышынан бастау және хижрдың сыртынан айналу. Егер хижрдың ішінен айналса, сол шаутты қайта жасау – уәжіп.
4. Шамасы келетін адамға тауапты жаяу жасау – уәжіп.
5. Тауапты сағат тіліне қарама-қарсы бағытта жасау – уәжіп.
6. Парыз бен умраның тауабын жеті шаутқа толтыру. Ханафи мазһабында басқа тауаптарды жеті шаутқа толтыру – сүннет.

Негізгі ереже: Осы аталған тауаптың уәжіптерінің бірін орындамаған адамға тауапты қайта орындау – уәжіп. Егер тауапты қайта орындамаса, оған кәффарат төлеу міндеті жүктеледі.

Парыз тауабының уәжібін тәрк ету:

Кімде-кім парыз тауабы кезінде тауаптың уәжіптерінің бірін орындамаса, оған тауапты қайта жасау – уәжіп. Егер тауапты қайта орындамаса, оған бір қойды құрбандыққа шалу міндет болады. Тек тауапты жүніп күйінде жасаған болса, оған бір түйені құрбандыққа шалу – міндет. Сол секілді тауапты жеті шаутқа толтырмаса, тіпті бір ғана шаут орындамаған болса да бір қойды құрбандыққа шалу – міндет.

Сәлем, қоштасу және нәпіл тауабының уәжібін бұзу:

Нәпіл тауабын бастаған адамға оны аяқтау уәжіп. Сондықтан нәпіл тауабының үкімі сәлем және қоштасу тауаптарының үкімімен бірдей.

1. Кімде-кім тауаптың парызын (алғашқы төрт шаут) толық орындамаса, оған бір қойды құрбандыққа шалу, егер парызын орындаған болса, қалған әр шаут үшін садақа беру – міндет.

2. Кімде-кім сәлем, қоштасу немесе нәпіл тауабын дәретсіз жасағаннан кейін оны қайта орындамаса, оған садақа беру міндет болады.

3. Егер жүніп күйінде тауап жасағаннан кейін оны қайта орындамаса, бір қойды құрбандыққа шалу міндет болады.

Умра тауабының уәжібін бұзу:

Кімде-кім умра тауабының бір шаутын болса да дәретсіз немесе жүніп күйінде айналатын болса және бір шаут болса да орындамаса, оған құрбандыққа қой шалу міндеті жүктеледі. Егер кеткен қателігін түзеу үшін қайта тауап жасаса, оған құрбандық шалу немесе садақа беру міндет емес.

Қажылық заңдарын бұзуға қатысты басқа да үкімдер:

1. Шамасы келген адамға Муздалифада тұру – уәжіп. Кімде-кім себепсіз Муздалифада тоқтамаса, оған құрбандық шалу – міндет. Ал кімде-кім белгілі бір себептермен тоқтай алмаса, оған ештеңе міндеттелмейді.

Шарифатта Муздалифада қалмауға рұқсат беретін себептерге ауру мен әлсіздік жатады. Сонымен қатар әйелдерге халық көп болып, үлкен қысылыс орын алған кездерде және хайыз уақыты келіп қалып, парыз тауабын орындауға үлгермеймін-ау деген күдік басым болған жағдайда Муздалифада тұрмауға рұқсат етіледі.

2. Ханафи мазхабында ташрик күндері Минада түнеу сүннет болғандықтан, онда түнемеген адамнан жаза ретінде еш нәрсе талап етілмейді. Қалған үш мазхабта онда түнеу уәжіп болғандықтан, оның жазасы өтеледі. Ол мазхабтарда кімде-кім ташрик күндерінің бәрінде (үш күн) Минада түнемесе, оған бір қойды құрбандыққа шалу – міндет. Бір не екі түн түнемесе, әрбір түн үшін садақа (бір муд тағам) беріледі.

3. Ауру, әлсіз адамға өзінің орнына басқа біреуді тас ату үшін уәкіл ету – міндет.

4. Минада тас ататын күндердің барлығы (құрбан айт пен ташрик күндері) бірін-бірі толтырады. Сондықтан тас атудың барлығын не бір күнін немесе бір күнде лақтыру керек тастардың жартысынан көбін лақтырмаған жағдайда бір қойды құрбандыққа шалу керек. Егер бір күнде лақтыратын тастардың жартысынан азын лақтырмаса, әр лақтырмаған тас үшін садақа береді.

5. Ханафи мазхабында сағи қажылықтың уәжібіне жатады. Сондықтан сағиды орындамаған адамға бір малды (қойды) құрбандыққа шалу міндеттеледі.

6. Егер бір адам шамасы келе тұрып, сағиды көлікке мініп жасаса және оны қайтадан жасамаса, оған бір малды құрбандыққа шалу міндет болады.

7. Егер сағидың үш не одан да аз шаутын орындамаса, орындамаған әрбір шауттың орнына садақа береді.

Қажылықтың бұзылуы

Бүкіл ғұламалардың пікірінше, қажылықты Арафатта тұрғанға дейін бір ғана амал бұзады. Ол – мәнидің бөлінгендігіне немесе бөлінбегендігіне қарамастан, жыныстық қатынас жасау.

Арафатта тұрғанға дейін истимнә (қолдан мәни ағызу), ойлау арқылы шақуаттанып, мәни ағызса және Арафатта тұрғаннан кейін жыныстық қатынас жасаса, қажылық бұзылмайды. Бұған қатысты үкімдер жоғарыда айтылған.

Қажылығын бұзған адам төмендегі амалдарды орындауы керек:

1. Қажылығын бұзып алғанына қарамастан, Арафатта тұру, Муздалифада түнеу, тас лақтыру, сағи жасау тәрізді қажылықтың барлық амалдарын орындайды.

2. Бұзып алған қажылығы нәпіл болса да, оның қазасын өтеу – уәжіп.

3. Қажылығын бұзып алған адам қайта ихрамға кірсе де, оның жаңадан кірген ихрамы есепке алынбайды.

Умраның бұзылуы

Егер умраның ихрамына кірген адам умраның тауабын жасаудан бұрын немесе умра тауабының алғашқы төрт айналымын орындаудан бұрын (тауаптың алғашқы төрт айналымы – парыз) жыныстық қатынас жасаса, оның умрасы бұзылады. Ол бұзып алған умрасының жазасы ретінде құрбандыққа қой салады және умрасының қазасын өтейді.

Бәдәл қажылық (біреудің атынан қажылық жасау)

Шариғатта басқа адамның атынан қажылық ғибадатын өтеуге рұқсат етілген. Ол «бәдәл хаж» деп аталады.

Егер қажылықты өтеуге адамның денсаулығы жарамаса, ол бір адамның қажылыққа жұмсайтын бүкіл қаражатын көтеріп, оны өзінің атынан қажылық ғибадатын өтеу үшін уәкіл етуі керек. Бірде бір әйел Пайғамбарға (с.а.с.) келіп: *«Менің әкем – атқа отыруға шамасы келмейтін қария адам. Оның атынан қажылық жасасам бола ма?»* – деп сұрайды. Сонда Пайғамбар (с.а.с.): *«Иә»*, – деп жауап береді¹.

Бұл хадистен басқа адамның атынан қажылық жасауға рұқсат ететін көптеген хадистер бар.

¹ Сахих Муслим, Бәб әл-хажж ған әл-ғайр, 3316.

Бәдәл қажылығының дұрыс болу шарттары:

1. Адамның қажылықты өзі өтеуіне қайтыс болғанға дейін шамасы келмеуі. Мысалы, сал ауруымен ауыруы, көзі соқыр болуы сияқты айығудан үміті аз дертті халде болуы. Ал уақытша ауру болса, айыққанша күтеді. Сол секілді түрмеде жатса, бостандыққа шыққанын күтеді. Бұдан мынадай үкімдер шығаруға болады:

– егер уақытша ауырып немесе түрмеде жатқанда, оның орнына басқа біреу бәдәл қажылығын өтейтін болса және ол ауруынан айықпастан не түрмеде қайтыс болса, оның орнына жасалған қажылық парыз қажылығы ретінде жүреді. Егер ауруынан айықса немесе түрмеден шықса, оның орнына жасалған қажылық нәпіл қажылығы болып есептеледі де, парыз қажылығын өтеу міндеті оның мойнынан түспейді;

– егер ауруынан айығады деген үміті жоқ адамның атынан бәдәл қажылығын жасағаннан кейін, Аллаһтың қалауымен әлгі адам ауруынан айығатын болса, оның атынан жасалған қажылық парыз қажылығының орнына жүреді де, оған қайта парыз қажылығын жасау міндет болмайды.

2. Қажылық ниеті дұрыс болу үшін қажылықты кімнің атынан жасайтын болса, соның бұйрығымен немесе келісімімен бәдәл қажылық жасалады. Егер бәдәл қажылық оның рұқсатынсыз жасалатын болса, парыз қажылығының орнына жүрмейді.

3. Қажылық шығынының барлығын не көпшілігін өзінің атынан қажылық жасалатын адам көтеруі керек.

4. Бәдәл қажылығы өтелетін, яғни қажылық парыз болған адамның елінен қажылыққа баруды талап етеді. Бірақ қазіргі кездегі көптеген ғалымдар «қажылық парыз болғанымен, өтеуге денсаулығы жарамайтын немесе дүниеден өтіп кеткен адамның атынан Меккеден болса да, бәдәл қажылығын жасауға» болады деген пікір ұстанады.

5. Егер бәдәл қажылығын өтеу міндеті нақты бір адамға жүктелсе, оған бұл міндетті екінші бір адамға тапсыруына болмайды.

6. Бәдәл қажылығын орындаушымен ақы төлеу шартын жасасуға болмайды. Бәдәл қажылығын орындаушыға тек қажылық кезінде кететін өзінің және отбасының шығынын ғана төлеу керек.

7. Бәдәл қажылығын мойнына алған кісі оны адал әрі дұрыс орындауы тиіс. Егер ол қажылығын бұзып алса, оны қажылыққа жіберген адамның да қажылығы бұзылды деп есептеледі.

8. Бәдәл қажылығын орындаушы қажылықты қажылық міндетін тапсырушы адамның ниеті мен бұйрығына сай жасауы керек. Яғни ол ифрад қажылығын жаса десе, ифрад қажылығын, қиран қажылығын жаса десе, қиран қажылығын жасауы керек.

9. Бәдәл қажылығын өтеуші бір мезетте екі ихрамға ниет ете алмайды. Яғни алдымен қажылық міндетін өтеуді жүктеген адамның, одан кейін өзінің не екінші біреудің атынан ихрамға кіре алмайды. Тек қажылық амалдары біткеннен кейін өзінің немесе басқа біреудің атынан умра жасауына болады. Бірақ осы умраға кеткен шығынды өзі төлеуі қажет.

Ескерту: ханафи, мәлики мазһабтарында және имам Ахмадтан жеткен бір риуаятта өзінің парыз қажылығын өтемеген адамның басқа біреудің атынан бәдәл қажылығын жасауы мәкруһ. Ал шафиғи мен ханбали мазһабтарында өзінің парыз қажылығын өтемеген адамға басқа біреудің атынан бәдәл қажылығын өтеуге болмайды¹.

Өйткені Аллаһ елшісі (с.а.с.) бір адамның *«Ләббәйкә ған Шубурма»*², – дегенін естіп: *«Шубурма деген кім?»* – деп сұрайды. Ол: *«Менің бауырым»*, – дейді. Аллаһ елшісі (с.а.с.): *«Өзің қажылық жасадың ба?»* – деп сұрайды. Әлгі адам: *«Жоқ»*, – деп жауап береді. Сонда Пайғамбар (с.а.с.): *«Алдымен өзіңнің атыңнан, одан кейін Шубурманың атынан қажылық жаса»*, – деген³.

Қосымша үкімдер:

1. Кімде-кім қажылық парыз болғаннан кейін ажалының жақындағанын сезсе, ол мұрагерлеріне өзінің атынан қажылық жасауды өсиет етіп кетуі керек.

2. Қайтыс болған адамның артына қалдырған мұрасының үштен бірінен қажылық қаражаты шығарылады. Егер оның артында қалған байлығының үштен бірі қажылыққа жеткіліксіз болса, Мекке қаласынан болса да оның атынан бәдәл қажылығын өтеуге болады.

3. Біреудің атынан жасаған нәпіл бәдәл қажылығы кезінде жоғарыда келген шарттарды орындау міндетті емес. Себебі нәпіл ғибадат адамның еркіне берілгендіктен, одан ол шарттарды сақтау талап етілмейді.

Мәдина қаласын зиярат ету

Мәдина қаласын, Пайғамбардың (с.а.с.) мешітін және қабірін зиярат ету – қажылыққа қатысы жоқ жеке амал. Адамдардың көпшілігі Меккеге қажылық және умра сапарымен барғанда, жолда Мәдинаға да ат басын бұратындықтан, ғалымдар Мәдинаны зиярат етуді қажылық кітабынан кейін жазатын болған.

Мәдинадағы Пайғамбарымыздың (с.а.с.) мешітін зиярат ету және Аллаһ елшісіне (с.а.с.) сәлем беру нәпіл амалдарға жатады және бұл зияраттың белгіленген уақыты жоқ. Адам өз қалауы бойынша кез келген уақытта зиярат етуіне болады.

Мәдина қаласындағы Пайғамбардың (с.а.с.) мешітіне арнайы зиярат ниетімен баруға қатысты ғалымдар арасында ешқандай пікірталас жоқ. Барлық ғұламалардың пікірінше, Пайғамбардың (с.а.с.) мешітін зиярат ету – мустахаб амал. Себебі Аллаһтың елшісі (с.а.с.): *«Үш мешіттен басқа*

¹ Әл-Муғни фи фикһ әл-хажжи уа әл-умра, 50-51 беттер.

² Яғни Шубурманың атынан қажылық жасауды ниет еттім.

³ Сунән Әбу Дауд, Бәб әр-ражул йәжужжу ған ғайриһ, 1813. Бұл хадисті Ибн Мәжәһ пен Ахмад та риуаят еткен.

(мешіттерді құлшылық мақсатымен зиярат ету үшін) *сапарға шығуға болмайды: мына менің мешітім, Харам мешіті және Ақса мешіті*», – деп айтқан¹.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қабірін зиярат етудің үкіміне байланысты ғалымдар әртүрлі пікір ұстанады. Көпшілік ғалымдар оның мандуб (мустахаб) екендігін айтқан. Кейбір мәликилер мен заһирилер² «Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қабірін зиярат ету – уәжіп» десе, ханафилер оны уәжіпке жақын дейді.

Шаригатта қабірлерді зиярат ету жалпы мандуб болса, Пайғамбардың (с.а.с.) қабірін зиярат ету – ерекше мандуб амал. Себебі әрбір мұсылман Аллаһтың елшісін (с.а.с.) басқалардан, ата-анасынан, бала-шағасынан тіпті өзінен де артық жақсы көруі әрі құрметтеуі керек.

Пайғамбарымыздың (с.а.с.) мешітін зиярат етудің әдептері

1) Мешітке оң аяқпен кіріп: «Бисмилләһ. Уәс-саләту уәс-сәләму ғалә расулилләһ. Аллаһуммаф-тах ли әбуәбә рахмәтик!» – деп айту.

Мағынасы: «Аллаһтың есімімен! Аллаһ елшісіне тыныштық және сәлем болсын! Уа, Аллаһ! Маған Өз мейіріміңнің қақпаларын аша гөр!»³

2) Мешіттің ішіне кірген соң екі ракағат тахиятул-масжид (мешіттің сәлем) намазын оқу. Өйткені Пайғамбардың (с.а.с.) және басқа да мешіттерде мешіттің әдептері мен құқықтарын сақтау керек.

3) Сонан соң Аллаһ елшісі (с.а.с.) және онымен қатарлас жатқан екі сахабасына: «Әс-сәләму ғаләйкә, я, расулаллаһ! Әс-сәләму ғаләйкә, я, Әбә Бәкр! Әс-сәләму ғаләйкә, я, Омар!» – деп сәлем беру.

Мағынасы: «Саған сәлем болсын, уа, Аллаһтың елшісі! Саған сәлем болсын, уа, Әбу Бәкір! Саған да сәлем болсын, уа, Омар!»

Содан кейін құбылаға бұрылып, Аллаһ тағалаға жалбарына дұға қылу және Аллаһ елшісінің (с.а.с.): «*Тілесен, тек Аллаһтан тіле, жәрдем сұрасан, тек Аллаһтан жәрдем сұра!*» – деген сөзін еске алу⁴.

4) Мешіттің терезе-дуалдарын т.с.с. нәрселерін сипамау, сүймеу, одан артқа шегіншектеп шықпау, өйткені бұлай жасау – дінімізге жат амалдар.

5) Аллаһ елшісіне (с.а.с.) жиі салауат айту, өйткені ол (с.а.с.): «*Кім маған бір рет салауат айтса, Аллаһ ол үшін оған он рет салауат айтады* (яғни игілігіне бөлейді)», – деген⁵.

¹ Сахих әл-Бұхари, Бәб фадл әс-саләһ фи масжид Макка ..., 1132. Сахих Муслим, Бәб лә тушәдду әр-рихалу ..., 3450.

² Заһири – Құран мен сүннеттің астарына үңілместен, сыртқы мағынасына қарап, үкім беретін топ.

³ Бұл дұға кез келген мешітке кіргенде оқылады.

⁴ Сунән әт-Тирмизи; сахих хадис, 2516.

⁵ Сахих Муслим, Бәб истихбәб әл-қаул ..., 875.

5) Мәдинада болғанда барлық намаздарды Пайғамбардың (с.а.с.) мешітінде оқуға тырысу. Өйткені Пайғамбарымыздың (с.а.с.) мешітінде оқылған намаздың дәрежесі басқа мешіттерде оқылған намаздан мың есе артық.

Мәдинада мына жерлерді де зиярат ету – сүннет:

1) «Бақиғ» қорымы.

«Бақиғ» қорымы Пайғамбар (с.а.с.) мешітінің жанында орналасқан. Онда Айша анамыз, Осман ибн Аффан, көптеген сахабалар (Аллаһ оларға разы болсын), имам Мәлик және басқа да үлкен-үлкен имамдар жерленген.

2) Ухуд шайқасында шәһид болған мұсылмандар жерленген орын.

Олардың қабірлері Ухуд тауының маңына орналасқан.

3) Құба мешіті.

Исламдағы ең алғашқы салынған «Құба» мешітіне дәрет алып барып, екі рақағат намаз оқу – сүннет.

Ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) риуаят еткен хадисте Аллаһ елшісі (с.а.с.): *«Кімде-кім үйінен дәрет алып, одан кейін Құба мешітіне келіп намаз оқыса, умраның сауабындай сауап алады»*, – деген¹.

Алайда «Жеті мешіт», «Қос құбылалы мешіт» сияқты орындарға баруға қатысты шарифатта нұсқау келмеген.

Мәдина қаласының айналасындағы Харам территориясы:

Мәдина қаласының айналасында Мекке қаласының айналасында аң аулауға, табиғи жолмен өскен өсімдігін жұлуды тыйым салынған территория секілді территория бар. Оны «Харам Мәдина» (Мәдина қаласының Харамы) деп атайды. Тек ханафи мазһабында бұл аумақта аң аулауға рұқсат етіледі.

¹ Сунән Ибн Мәжәһ, Бәб мә жә'ә фи әс-саләһ ..., 1412.

Фикһ кітабында келген діни терминдердің түсініктемесі

- А -

Азан – «азан» сөзінің араб тіліндегі лексикалық мағынасы: «жариялау», «хабар тарату». Шариғаттағы терминдік мағынасы: белгілі сөздермен намаз уақытының кіргенін жариялау. Егер бір адам азанның басын бастап, екінші адам оны аяқтаса, азан дұрыс деп есептелмейді. Сол сияқты екі не одан да көп адам кезектесіп, бір адам бір сөйлемін, екінші адам екінші сөйлемін өзара келісіп, ретпен айтса да, азан дұрыс деп есептелмейді. Бұлай азан шақыруды *الأذان السلطاني أو أذان الجوق* «Әзәну әл-жуқ» (хор (топ) азаны) немесе «әл-Әзән әс-султани» (сұлтан азаны) деп атайды.

Айт – «айт» сөзі араб тілінде «қайта оралу» деген мағына береді. Бұл мейрамның айт деп атау себебі ол жыл сайын қайта айналып келіп отырады.

Айт намазы: айт намазы ораза және құрбан айт намазы деп екіге бөлінеді. Ораза айт намазы – ай күнтізбесі бойынша рамазан айы біткеннен кейін, шәууәл айының алғашқы күні сәске уақытында оқылатын, екі ракағатты уәжіп намаз. Оның «ораза айт» деп аталу себебі: бұл мейрам мұсылмандар оразаны аяқтағаннан кейін болады. Құрбан айт намазы – ай күнтізбесі бойынша зул-хижжа айының оны күні сәске уақытында оқылатын екі ракағатты уәжіп намаз. Оның «құрбан айт» болып аталу себебі: бұл күні Аллах тағалаға арналып құрбандық шалынады.

Алғашқы қуғуд – үш не төрт ракағатты намаз оқыған кезде екі ракағаттан кейінгі отырыс.

Арафа күні – Құрбан айттың бір күн алдындағы күн «арафа күні» деп аталады. Себебі бұл күні қажылар Арафатта тұрады.

Арафат – Минадан шамамен жиырма шақырым жерде орналасқан үлкен жазықтық. Ол жазықтықтың аумағында Рахма тауы бар. Кейбір риуаяттарда Адам ата мен Хауа ана жерге түскеннен кейін осы тауда кездескен. Көп адамдар осы тауды Арафат тауы деп те атап кеткен. Зул-хижжа айының тоғызыншы күні күн батқанға дейін Арафатта тұру – қажылықтың ең маңызды парызы.

Ахуал шахсия – фикһ ғылымының адамдар арасындағы үйлену, ажырасу тәрізді азаматтық істерді зерттейтін саласы.

Ауызашар – ораза ұстаған адамның күн батқаннан кейін тамақтануы.

- Ә -

Әдә – парыз амалды уақытында өтеу. Яғни мойнына жүктелген міндеттен құтылу. Қазақ тіліндегі «ада етті» деген тіркестегі бірінші мүше арабтың осы сөзінен алынған.

Әурет – «әурет» сөзі араб тілінде «нақыс», «кемшілік» және «олқылық» деген мағыналарды береді. Шариғатта: жабуы міндетті және оған қарау

харам етілген дене мүшелері. Әурет екіге бөлінеді: «аура муғаллаза» (ауыр әурет, яғни екі ұятты жер) және «аура хафифа» (жеңіл әурет, яғни кіндік пен тізенің арасы). Аура муғаллазаның дирхам (қазіргі жүз теңге көлеміндей) көлеміндей жерін көрсетуге, ал аура хафифаның төрттен бірінен артық жерін ашуға тыйым салынады.

Әфақ аумағы – Миқаттың сырт жағы. Қажылық амалдарын бастау үшін ихрамға кіретін бес миқаттың тысқары барлық жерлерді Әфақ аумағы деп атайды.

Әфақи – Әфақ аумағының тұрғындары.

- Б -

Бай – шарифатта (зекет бабында) қолында бір жыл тұрған, нисапқа жететін, негізгі қажетінен артық байлығы бар адамды бай деп есептейді. Кімде-кім осы анықтамадағы сипатқа сай келсе, оған зекет беруге болмайды.

Бақиғ – Пайғамбар (с.а.с.) мешітінің жанында орналасқан үлкен қорым. Онда Айша анамыз, Осман ибн Аффан мен көптеген сахабалар (Аллаһ оларға разы болсын), имам Мәлик және басқа да үлкен имамдар жерленген.

Бәдәл хаж – басқаның атынан қажылық жасау. Шарифатта денсаулығы жарамайтын және қайтыс болған адамның атынан қажылық ғибадатын өтеуге болады.

Әл-бинә ала ас-салаһ (намазды қайта жалғастыру) – намазда тұрғанда күтпеген жерден намаз оқушының ықтиярынан тыс дәреті бұзылса, ол дәретін жаңартып, намазын дәретін бұзған жерден қайта жалғастыруына болады. Мысалы, намаз оқып тұрып, мұрны қанап кетсе, ықтиярынан тыс жел шығып кетсе т.с.с. Мұнда дәретін бұзғаннан бастап, дәрет алып, қайта намазға тұрғанға дейінгі уақытта сөйлемей – шарт. Егер ол осы уақыт аралығында сөйлеп қойса, намазын басынан бастайды. Шафиғи мазһабында намаз оқып тұрып дәрет бұзылса, намаз қайта оқылады. Оны дәретін жаңартып келіп жалғастыруға болмайды. Бұл мәселе фикһ ілімінде «әл-бинә ала ас-салаһ» деп аталады. Мұндай жағдайда намазды қайта бастау абзал.

- Ғ -

Ғалуф – жылдың көп мезгілінде қолдан қоректендірілетін мал. Яғни малдың иесі жылдың көп уағында малды қорада ұстап, оған арнайы шөп егіп немесе сатып алып, бағатын мал.

Ғанам – араб тілінде ұсақ малды «ғанам» деп атайды. Ол қой мен ешкіні қамтиды.

Ғибадат – құлшылық. Фикһ ғылымының дәрет, намаз, ораза, зекет және қажылық тарауларын зерттейтін саласы «ғибадат» деп аталады.

Ғұсыл – араб тілінде «жуыну» деген мағынаны береді. Яғни ғұсыл шомылу, жуыну деген мағыналарды қамтиды. Шарифатта: ғұсыл – ауызды шаю, мұрынға су алу және дененің барлық жеріне су тигізу.

- Д -

Дағиф – сахих немесе хасан хадистің бір не бірнеше сипаттары жоқ хадисті «дағиф хадис» деп атайды. Басқаша айтсақ: сахих не хасан хадиске қажетті шарттардың бірі не бірнешесі орындалмаған хадис «дағиф хадис» деп аталады. Дағиф хадис шарғи үкім шығаруға негізгі дәлел ретінде жарамайды.

Дәрет намазы – дәрет алғаннан кейін оқылатын екі ракағатты намаз.

Дәрет – шарифатта намаз және басқа да ғибадаттардың қабыл болуы үшін белгілі дене мүшелерін жуу (бетті, екі қолды шынтакпен қоса, аяқты тобықпен қоса) және басқа мәсіх тарту.

Духа (сәске) намазы – «духа» сөзі араб тілінде «сәске» деген мағынаны береді. Бұл намаз – күн найза бойы көтерілгеннен дәл төбеге келгенге дейін оқылады. Сәске уақытында оқылатындықтан «духа» намазы деп аталады. Оны екі, төрт және сегіз ракағатты қылып оқуға болады.

- Ж -

Жамағат намазы дегеніміз – бір елді мекендегі барлық мұсылмандардың бір имамның артынан ұйып, сап түзеп намаз оқуы. Күнделікті бес уақыт намаз, жұма, айт, истиска намаздары жамағатпен оқылады.

Жамарат – Мина үстіртіндегі тас лақтыратын жерлер. Ол үш дінгектен тұрады: жамарат әл-кубра (үлкен тас лақтыратын жер), жамарат әл-уста (ортаңғы тас лақтыратын жер) және жамарат әс-суғра (кіші тас лақтыратын жер).

Жамғ – Муздалифаның екінші атауы. «Жамғ» сөзі араб тілінде «жинау» деген мағына береді. Өйткені қажылар Муздалифада шам мен құптан намаздарын қосып оқиды. Сондықтан бұл жерді «жамғ» деп атаған.

Жаназа намазы – қайтыс болған мұсылманға жамағатпен оқылатын намаз.

Жәлләлә – нәжіспен қоректенген малды шарифатта «жәлләлә» деп атайды.

Жинаят – шарифат заңдарын бұзу.

Жухфа (Рабиғ) – Сирия, Палестина, Ливан және Иордания тұрғындары үшін ихрамға кіретін жер, миқат.

Жұма намазы – аптасына бір рет жұма күні бесін намазының уақытында жамағатпен оқылатын екі ракағатты парыз намаз.

Жүніп – денесінен шақуатпен мәни бөлінген адам.

Жүніптік – денеден мәнидің шақуатпен бөлінгенінен кейінгі жағдай.

Зәм сүрелері – намазда Фатихадан кейін оқылатын сүрелер.

Зәту Ирк – Ирак тұрғындары үшін ихрамға кіретін жер, миқат.

Зекет – зекет араб тілінде «өсу», «көбею», «тазалану» және «мақтау» деген мағыналарды береді. Ислам шариғатында зекет – жыл сайын байлығы нисапқа жеткен адамдардың кедейлерге беретін байлығының бір мөлшері. Ал фиқһ ғылымында зекет – Аллаһ ризалығы үшін белгілі байлықтың белгілі мөлшерін белгілі адамдарға иелендіру.

Зимми – мұсылман мемлекетінде тұратын христиан немесе яһуди. Шариғат заңы бойынша олар мұсылмандарға байлығының зекетін бермейді. Бірақ салық ретінде жизия төлейді.

Зиһар кәффараты – арабтарда әйелін өзі өмір бойы үйленуіне болмайтын анасы, қызы, әпкесі секілді әйелдің бір мүшесіне тенеу, салыстыру талақпен бірдей болған. Мысалы, әйеліне «Сен маған анамның арқасындайсың» деп айту. Ал кімде-кім осы зиһарды қолданған болса, оның кәффаратын өтемейінше, әйеліне жақындасуына болмайды.

Зул-Хуләйфа – мәдиналық қажылар үшін ихрамға кіретін жер. Бес миқаттың бірі.

Иәум әш-шәк – қара: күмәнді күн.

Иғтикаф – араб тілінде «бір жерде қалу», «тұрақтау», «тұру» деген мағыналарды береді. Ал шариғатта игтикаф – Аллаһқа жақындау ниетімен бес уақыт намаз оқылатын мешітте қалу.

Идда – күйеуі қайтыс болғаннан кейін және ажырасқаннан кейін әйелдің үйден шықпай күтетін мерзімі.

Идтибағ – тауапты бастаған кезде ихрам киімінің бір шетін оң қолтығының астынан өткізіп, оң иығын ашып, сол иығын жауып жүру.

Иемен бұрышы – Қағбаның қара тас орналасқан бұрышына дейінгі бұрышы. Тауап жасаған кезде ол бұрышты қолмен ұстау – сүннет.

Ижмағ – бір ғасырда өмір сүрген ғалымдардың бір мәселеге қатысты берген бірауызды ортақ пәтуалары. Ижмағ шариғатта Құран мен сүннеттен кейінгі үшінші дәлел ретінде жүреді.

Ижтиһад – Құран мен сүннеттен белгілі бір мәселеге қатысты үкімнің дәлелін басқа да шарғи дәлелдермен салыстыра отырып іздену, тер төгу.

Изар – ихрам киімін қара.

Иқама(т) – қара: қамат.

Иснад – хадисті риуаят еткен адамдардың тізбегі.

Истибра – нәжіс шыққан жерді, әсіресе, зәр шыққаннан кейін мұқият тазалау. Үрпі бойындағы несеп жолын сығып тастау.

Истижмар – дәрет сындырғаннан кейін денеден шыққан нәжістің орнын судан басқа шариғат рұқсат берген тас, кесек секілді затпен тазалау.

Истимнә – қолдан мәни ағызу.

Истинжә – дәрет сындырғаннан кейін денеден шыққан нәжістің орнын сумен не шарифат рұқсат берген затпен тазалау.

Истинзәһ – киімді, денені нәжістен, әсіресе, зәрдің шашырауынан сақтау.

Истиншақ – оң қолмен мұрынға су алып барып, оны демменен ішке тартып, содан кейін сол қолмен сіңбіріп тастау.

Истисқа – қуаңшылық кезде Аллаһтан жаңбыр тілеу намазы.

Истихада – «Истихада» сөзі араб тілінде «ағудың жалғасуы немесе үзілмеуі» деген мағына береді. Шарифатта: әйел адамдарда етеккір және нифас кезінен басқа уақыттарда қан келу, яғни қанның мезгілсіз келуі. Ол көбінесе әлде бір сырқат себебінен болады және ол құрсақтан емес, тамырдан ағады.

Истихара – «Истихара» сөзі араб тілінде «жақсылықты сұрау», «жеңілдетуді талап ету» деген мағынаны береді. Истихара намазы – Аллаһтан екі істің қайырлысын сұрап, сәлем бергеннен кейін истихара дұғасын оқитын екі ракағатты нәпіл намаз. Истихара намазы – адам харам емес бір істі бастар алдында сол істің жақсылығын сұрап немесе екі істің бірін таңдай алмай тұрған кезде Аллаһтан жақсылық сұрап оқитын намаз.

Истихләф – намазда имам болып тұрған адамға бір еркінен тыс жағдай болғанда, орнынан имамдыққа басқа біреуді өткізу. Истихләф араб тілінде «ізбасарды талап ету» деген мағына береді.

Ифтар – ауызашар.

Ифрад – қажылыққа умраны араластырмай, тек қана қажылық жасау.

Ифтираш – намазда оң аяғын тік ұстап, бармақтарын құбылаға қаратып, сол аяғын төсеп, соның үстіне отыру. Бұлай отыру фикһ ғылымында «ифтираш» деп аталады.

Ихрам – шектеулер немесе тыйымдар аймағына кіру. Яғни басқа уақытта рұқсат етілген нәрселерден белгілі ғибадатты өтеу барысында тыйылу. Мысалы, кімде-кім намазға тәкбиратул-ихрам айтып кірсе, оған ішіп-жеу, сөйлеу, күлу секілді намаздан тысқары уақытта рұқсат етілетін нәрселерге тыйым салынады. Сол секілді кімде-кім қажылық ғибадатына ихрам етіп, тәлбия айтып кірсе, оған әйелімен жақындасу, тігілген киім кию, аң аулау секілді қажылық кезінде тыйым салынған нәрселерді істеуге болмайды.

Ихрам киімі – үлкен сүлгі секілді тігілмеген екі ақ мата. Оның бірімен кіндіктен төменгі дене мүшесін жабады, оны «изар» деп атайды. Ал екіншісімен кіндіктен жоғарғы дене мүшесін жабады, оны «рида» деп атайды.

Ихрамнан шығу – Жамаратул-ақабаға тас лақтырып, шашын алдырғаннан кейін қажыларға ихрам кезінде тыйым салынған амалдардың әйелге жақындасуынан басқаларының барлығын жасауға рұқсат етіледі. Мұны «ихрамнан бірінші шығу» (эт-гәхәлуллүл-әууәл) деп атайды. Яғни шаш алдырып болғаннан кейін күнделікті киімдерін киюге, иіссабын пайдалануға, тырнақтарын алуына болады. Парыз (ифада) тауабынан кейін

оған әйелімен жақындасуға да рұқсат етіледі. Бұл «ихрамнан екінші не соңғы шығу» (эт-тәхәллүл әс-сәни) деп аталады.

Ихсар – қажылық немесе умра жасау үшін ихрамға кірген адамның қажылығын немесе умрасын аяқтамастан, ихрамнан шығуға мәжбүрлеген жағдай. Мысалы, жау, ауру, шекарадан өткізбей қою және т.б. осындай халге душар болған адамды «мухсар» деп атайды.

Ихтиләм – ұйықтап жатқан кезде мәнидің бөлінуі.

- К -

Кәз – адамдардың жерге көмген байлығы, қазына, көмбе.

Курсуф – қайыз қаны тоқтағаннан кейін жатырға қоятын мақта.

Кусуф және хусуф намаздары – араб тілінде күннің толықтай не жартылай тұтылуын «кусуф», айдың толықтай не жартылай тұтылуын «хусуф» деп атайды. Күн тұтылғанда оқылатын намаз «кусуф намазы», ай тұтылғанда оқылатын намаз «хусуф намазы» деп аталады.

Күмәнді күн – Шағбан айының жиырма тоғызыншы күні аспан бұлтты не тұманды болып, күн батар кезде жаңа туылған ай көрінбесе, келесі күн «күмәнді күн» деп аталады.

Күшті қарыз – «күшті қарыз» деп қарызға алушы, өз мойнындағы қарызын мойындап, оны төлеуге дайын екендігін білдірген қарызды атайды. Қарыз иесіне бұл қарызының зекетін беру – парыз. Ол қаласа, әр жылы парыз болған уақытты шығарады, қаласа, қарызын алғаннан кейін шығарады.

Кітап иелері – яһуди мен христиан дінін ұстанушылар. Олар Бір Жаратушыға құлшылық етпегенімен Оның бір және бар екендігіне сенеді.

- Қ -

Қада – парыз амалды уақыты шыққаннан кейін орындау «қада» (қаза) деп аталады. Төрт мазһабта парыздың қазасын өтеу – парыз, уәжіптің қазасын өтеу – уәжіп. Уақыты шығып кеткеннен кейін оқылған намаз «қаза намазы» деп аталады.

Қажылық (Хаж) – араб тілінде «құрметті орынды зиярат ету» деген мағына береді. Ал шариғатта – белгілі орынды, белгілі уақытта белгілі амалдарды орындау арқылы зиярат ету немесе Қағбаны діннің бір тірегін орындау мақсатында зиярат ету.

Қаза намазы – уақытынан кешіктіріліп оқылған намаз. Қаза намазының ниетімен «әдә» (уақтылы) оқитын намазды және «әдә» (уақтылы) намазының ниетімен қаза намазын оқуға болады.

Қамат – намазға екінші шақыру «қамат» (немесе иқама) деп аталады, ол парыз намазы басталар алдында айтылады.

Қара тас – Қағбаның бір бұрышында жерден шамамен 130-140 см жоғары, көп бөлігі қабырғаның іш жағында орналасқан тас. Ол тастың

жаннаттан түсірілгендігі және алғашқы кезде ақ болғандығы туралы деректер бар.

Қарин – қажылықтың қиран түрін жасаушы.

Қарнул-Мәнәзил – Нәжд тұрғындарының миқаты.

Қасыр намазы – сапар кезінде төрт ракағатты намаздарды қысқартып, екі ракағатты қылып оқу.

Қиран – қажылыққа умраны қосып, бір ихраммен өтеу. Сол арқылы екі гибадатты қосып орындау.

Қияс – шарифатта үкімі жоқ нәрсені үкімі бар нәрсемен екеуіне ортақ себеп негізінде салыстыра отырып, үкімі жоқ нәрсеге үкім шығару.

Қоштасу тауабы – қара: тауафул-уадағ.

Қуғуд (отыру) – намазда екінші және соңғы ракағаттардан кейін тәшәһһуд және салауат дұғаларын оқу үшін отыру.

Қулла – орта ғасырлардағы су сақтайтын үлкен құмыра. Қазіргі кезде ғалымдар оны шамамен 204 келіге тең деп есептеген.

Құба мешіті – қазіргі кезде Мәдина қаласының аумағына кіретін жерде орналасқан Исламдағы ең алғашқы салынған мешіт. Ол алғашқы кезде Мәдина қаласының аумағына кірмейтін болған. Кейіннен Мәдина қаласы үлкейіп, Құба мешіті тұрған жер де Мәдинаның құрамына кіріп кеткен. Ол мешітке арнайы дәрет алып барып, екі ракағат намаз оқу сүннет.

Құбыла – Қағба орналасқан тарап. Намаз оқыған кезде жүзді Қағба тарабына бұруды «құбылаға қарау» деп атайды.

Құнұт – «құнұт» сөзінің лексикалық мағынасы өте ауқымды. Ол «дұға», «ұзақ уақыт тұру», «бағыну», «қорқу» деген мағыналарды береді. Шарифатта: құнұт дұғасы – үтір намазының үшінші ракағатында оқылатын дұға.

Қырағат – «қырағат» сөзі араб тілінде «оқу» деген мағына береді. Фикһ ілімінде «қырағат» сөзінің мағынасы намаздың – ішінде Құран оқу.

- Л -

Лақат – мәйітті қою үшін қабірдің бір шетін үңгіп қазу.

- М -

Мағдан – Аллаһ тағала жер қойнауында жаратқан қазба байлығы.

Мадмада – дәрет алған кезде ауызға су алып, ауыздың барлық қуыстарына суды жеткізу үшін арлы-берлі шайқап, төгіп тастау.

Мазһаб – араб тілінде «ұстанатын жол» деген мағынаға саяды. Ол мазһабтар көп жағдайда сол мазһабтың негізін салушы ғұламаның атына телініп аталады. Мысалы: Әбу Ханифаға телініп ханафи мазһабы, Мәликке телініп мәлики мазһабы, Шафиғиға телініп шафиғи мазһабы және Ахмад ибн Ханбалға телініп ханбали мазһабы деп аталады.

Мақам Ибраһим – Қағбаның қара тас бұрышынан өткеннен кейін, Қағбадан шамамен 10 метрдей жерде диаметрі 1 метрге жақын домалақ күмбез орналасқан. Сол жерді «Мақам Ибраһим» деп атайды.

Мандуб және әдептер – орындалуы абзал, орындамағаны үшін сөгіс алмайды.

Мансух – үкімі жойылған заң.

Масға – қажылық кезінде Саға мен Мәруа төбелерінің арасында сағи жасайтын жер.

Матаф – Қағбаның айналасындағы тауап жасайтын ашық алаңқай.

Маудуғ – Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) айтпаған сөзді не істі ол (с.а.с.) айтты не істеді деп жалған айтылған сөз. Ол сөздерді ғалымдар шартты түрде маудуғ хадис деп атайды.

Махрам – әйелдің күйеуі және ешқашан үйленуге болмайтын еркек туыскандары. Олар: әкесі, атасы, ұлдары, туған аға-інілері, олардың ұлдары, әпке-сіңлілерінің ұлдары, әкесінің туған аға-інілері, туған нағашы аға-інілері, күйеуінің әкесі (қайын атасы), атасы, күйеуінің басқа әйелдерінен туған ұлдары, сүт анасының күйеуі, ұлдары. Сондай-ақ сүт анасының әкесі, күйеуі, аға-інілері, ұлдары және одан емген басқа еркектің ұлдары. Себебі шарифатта бір анадан емген екі адамның ұл-қыздарына да бір-біріне үйленуге болмайды.

Әл-Машғарул-Харам – Муздалифа аймағында орналасқан таудың аты. Сондықтан Муздалифаны кейде әл-Мағшарул-Харам деп те атайды.

Мәзи – жыныстық қатынас жайлы ойлаған кезде денеден бөлінетін мөлдір сұйықтық.

Мәкруһ – шарифат тыйым салмаған, бірақ оны істеуді құптамайтын жақсы емес амалдар. Ол екіге бөлінеді: 1) мәкруһ тахрими: ол – харамға жақын мәкруһ. 2) мәкруһ тәнзиһи: ол – халалға жақын мәкруһ.

Мәни – (сперма) жыныстық қатынас кезінде денеден атылып бөлінетін сұйықтық.

Мәсі – тобықты жауып тұратын қонышты аяқкіім.

Мәсіх – «мәсіх» сөзі араб тілінде «ылғалды қолмен бір нәрсені ұстау, сипау» деген мағынаны береді. Мәсіх тарту – ылғалды қолмен басты және мәсіні сипау.

Мешіт – Аллаһқа құлшылық ету үшін салынған ғимарат. Жалпы, намаз оқитын жердің барлығы «мәсжид» (сәжде орны) деп аталады.

Мешіттің сәлем намазы – мешітке кірген кезде оқылатын екі рақатты намаз.

Миқат – қажылық рәсімдерін бастау үшін ихрамға кіретін жер. Қажылық ниетімен Меккеге келе жатқан адамдар осы жерлерге келгенде, күнделікті киімдерін шешіп, тек екі ақ матадан жасалған ихрам киімін киіп, қажылық рәсімдерін орындауды бастауға ниет етулері керек. Қажылар миқаттан өткеннен кейін тәлбия айта бастайды. Миқаттың саны бесеу: Сирия, Палестина, Ливан және Иордания тұрғындары үшін миқат – Жухфа (Рабиғ), Нәжд тұрғындары үшін – Қарнул-Мәнзил, йемендіктер үшін – Яләмләм,

Мәдина тұрғындары үшін – Әбиар-Әли деп аталатын Зул-Хуләйфа, Ирак тұрғындары үшін – Зәту Ирк. Жоғарыда аталған елдер мен қалалардан және сол жолдармен өтетін басқа жерлерден келген умра не қажылық өтеушілер осы микаттарды ұстануы тиіс.

Муәккәдә емес сүннеттер (Сунна ғайр муәккәдә) – бұл амалдарды Пайғамбар (с.а.с.) бірде орындап, бірде орындамаған.

Муәккәдә сүннет (сунна муәккәдә) – муаккада сүннеттерін Пайғамбар (с.а.с.) үнемі тастамай орындаған, бірақ кей кездерде мұсылмандар ол амалдардың парыз емес екендігін білсін, сезінсін деген ниетпен істемеген.

Муәлә – дәрет алатын мүшелердің арасын үзбей, бірінен кейін бірін жуу.

Муғамалат – фиқһ ғылымының адамдар арасындағы сауда-саттық, жалға алу, беру секілді қарым-қатынастарды зерттейтін саласы.

Мужтаһид – Құранға, хадиске және шариғаттың басқа да дереккөздеріне сүйеніп, өзінің білімімен ижтиһад (ізденіс) жасап үкім шығара алатын ғалым.

Муздалифа – қажылық кезінде Арафатта тұрғаннан кейін түнейтін жердің аты. Ол – Арафат пен Минаның арасында орналасқан таулы аймақ.

Мукәтәб – қожайынымен құлдықтан азат болу үшін белгілі күн төлеуге келіскен құл.

Мусалла – Пайғамбарымыз (с.а.с.) заманында мешіттер тар болғандықтан, айт намазы секілді Мәдина қаласының айналасындағы ауылдық жерлерде тұратындар да қатысатын, көп жамағатты намаз оқу үшін қала сыртындағы арнайы орын.

Мутәмәттиғ – қажылықтың тәмәттуғ түрін орындаушы.

Муфрид – қажылықтың ифрад түрін орындаушы.

Мухрим – қажылықты ниет етіп, ихрам халіне өткен адам.

Мухсар – белгілі кедерлігер себебінен қажылығын немесе умрасын аяқтай алмаған адам. Қара: ихсар.

Мұсылман – Аллаһ тағаладан басқа табынатын құдай жоқ және Мұхаммед Аллаһтың елшісі екендігіне куәлік беріп, Аллаһ тағалаға және оның елшісіне шын жүрегімен сенген адам.

Мүшрік – Аллаһтан өзгеге табынушы, Аллаһқа серік қосушы.

Міскін – еш нәрсесі жоқ, пақырдан да жағдайы төмен кедей.

- Н -

Намаз – намаздың шариғаттағы терминдік мағынасы: тәкбірмен басталып, сәлеммен аяқталатын, белгілі сөздер мен қимылдардан тұратын ғибадат.

Нәжіс – шариғат таза емес деп есептеген зат.

Нәфәр – кету, қозғалу. Қажылардың Минадан ташриқ күндері қайтулары «нәфәр» деп аталады. Қажылардың Минадан ташриқтың үшінші күнгі таң атқанға дейін шығып кетулері «ән-нәфәр әс-сәни» деп аталады.

Ән-Нәфәрул-әууәл – ташриқтың алғашқы екі күні тас атып болғаннан кейін Минада шығып кету. Қажыларға ташриқтың алғашқы екі күні жамараттарға тас атқаннан кейін Минадан кете беруге рұқсат. Сондықтан оны «ән-Нәфәрул-әууәл», яғни әуелгі (алғашқы, бірінші) қозғалыс деп атайды.

Ән-Нәфәрус-сәни – ташиқтың барлық үш күнін Минада өткізіп, сол күндері жамараттарға тас атып, болғаннан кейін Минадан кету.

Ниет – тілдік мағынасы: мақсат. Шариғаттағы мағынасы: бір амалды істеуге жүректі бекіту.

Никаб – әйелдердің жүзін жауып тұратын бас киім, пәренже.

Нисабут-туһр – «туһр» сөзі араб тілінде «тазалық» деген мағынада, ал нисаб «мөлшер» деген мағынада. Сонда «нисабут-туһр» деген тіркес қазақ тілінде «тазалық мөлшері» деген мағына береді. Яғни хайыз қаны келерден бұрын, кем дегенде, он бес күн таза болу керек. Осы мерзімді фақиһтер «нисабут-туһр» деп атайды. Истихада да нисабут-туһрға жатады.

Нисаб – шариғат бекіткен байлықтың зекет беруге жеткен ең аз мөлшері.

Нифас – «нифас» сөзі араб тілінде «босану» деген мағына береді. Шариғатта босанғаннан кейін келетін қанды «нифас қаны» деп атайды.

- О -

Ораза – араб тілінде «саум» немесе «сиям» деп аталады. Оның лексикалық мағынасы бір нәрседен шектелу, тыйылу. Лисән әл-арабта: саум – тамақтан, сусыннан, үйленуден және сөйлеуден тыйылу деп келген. Шариғатта ораза – Аллаһ ризашылығы үшін ниет етіп, шынайы таң атқаннан (фәжр садик) күн батқанға дейін оразаны бұзатын нәрселерден оразаның шарттарын орындай отырып тыйылу.

- П -

Пақыр – нисапқа толатын қажетінен артық байлығы жоқ кедей. Оның тұратын баспанасы, мінетін көлігі, пайдаланатын заттары қажетіне жатады. Ал кімде-кімнің осы қажетінен артық нисапқа толмаған байлығы болса, ол пақыр деп есептелмейді.

Парыз – орындалуы міндетті амал. Егер намаз оқушы намаздың парыздарының бірін орындамаса, намазы бұзылады да, сол намазды міндетті түрде қайта оқу керек болады.

Парыз айн – әрбір мұсылман орындауы қажет, міндетті амалдар. Мысалы, күнделікті бес уақыт парыз намаздар.

Парыз кифая – жалпы мұсылмандарға міндетті болған, бірақ біреулері орындаса, қалғандарының мойнынан түсетін амалдар. Егер адамдардың ешқайсысы орындамаса, барлығы бірдей күнәкар болады. Мысалы, жаназа намазы.

Пітір садақасы – ораза айт намазына дейін қажетінен артық нисапқа толған байлығы және бас бостандығы бар әрбір мұсылманға уәжіп. Оны «пітір зекеті» деп те атайды.

- P -

Рабиг – Жухфаға қараңыз.

Рамазан – һижра жыл санауы бойынша тоғызыншы ай. Ислам дінінде бұл айда ораза ұстау – парыз.

Рамл – тауап жасағанда алғашқы үш шаутты тездетіп, иықтарды қозғалтып, жылдам жүру.

Рауатиб – парыз намаздарының алдында және кейін оқылатын сүннет намаздар. Ол намаздар муаккада және муаккада емес деп екіге бөлінеді.

Рауатиб емес сүннеттер – күнделікті бес уақыт оқылатын парыз намаздарға байланысы жоқ, жеке оқылатын намаздар. Бұл намаздар да муаккада және муаккада емес деп бөлінеді.

Рауда – Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) мешітінің ішінде орналасқан оның (с.а.с.) үйі мен мінберінің арасы. Пайғамбар (с.а.с.): *«Менің үйім мен мінберімнің арасы – жаннат бақшаларының бір бақшасы»*, – деген.

Рауи – хадисті риуаят еткен адам.

Рида – ихрам киімін қара.

Риказ – Аллаһ тағаланың жер қойнауында жаратқан қазба байлығы және адамдардың көмген қазынасы. Яғни риказ кәнзбенен мағданды қамтиды. Шафиғи мазһабында риказ – Исламға дейінгі дәуірлерде өмір сүргендердің, яғни мұсылман еместердің көмген қазынасы.

Риуаят – хадисті бір адамнан екінші адамға жеткізу.

Рукуғ – «рукуғ» сөзі араб тілінде «еңкею» деген мағына береді. Ал шарифатта: намаз оқу кезінде екі алақанмен тізені жауып, арқаны тік ұстап тұратын сәт.

- C -

Сағи – Сафа мен Мәруа арасында жүру. «Сағи» сөзі араб тілінде «жылдам жүру» деген мағына береді. Мұнда қажылар екі жасыл белгінің арасында жылдам жүретін болғандықтан, Сафа мен Мәруаның арасында жүру «сағи» деп аталып кеткен.

Сахих – Пайғамбардан (с.а.с.) бізге дұрыс жолмен, қатесіз жеткен, сенімді, шарифат үкімдеріне дәлел болатын хадис.

Сәжде – «Сәжде» араб тілінде мойынсыну, бағыну, маңдайын жерге тигізу деген мағыналарды қамтиды. Ал шарифаттағы мағынасы: намаз оқыған кезде маңдайды, мұрынды, екі қолды, екі тізені және екі аяқтың басын жерге тигізетін кез.

Сә-имә – жылдың көп мезгілінде өз тұяғымен қорегін тауып жейтін мал. Яғни өріске шығып, уақыттың көп мезгілінде жайылымда жүретін мал.

Сәлем тауабы – қара: тауафул-қудум.

Сәресі (сухур) – ораза ұстауды ниет еткен адамның таң атпай тұрып ішетін тамағы. Оны араб тілінде «сухур» деп атайды.

Сәһу – араб тілінде «жаңылысу», «шатасу», «бір істі аңғармай жасау» деген мағыналарды береді.

Сәһу сәждесі – намаздың соңында намаздың уәжіптерінің бірін тастағаны үшін не намазда жіберген әлдебір қателіктері үшін жасалатын екі сәжде.

Соңғы қуғуд – намаз соңындағы отырыс.

Сур (сарқыт су) – адам не басқа бір жануардың ішкен аз суынан қалған қалдық су.

Сутра (қалқа) – намаз оқыған кезде алдынан басқалар кесіп өтпеу үшін қойылатын зат.

Сүннет – фикһ ілімінде орындалуы міндетті емес амал. Адам сүннетті орындағаны үшін сауап алады, ал әдейі орындамау – мәкруһ.

- Т -

Тарауих (тарауық) намазы – рамазан айында құптан намазынан кейін жамағатпен оқылатын, жиырма ракағатты бекітілген сүннет намазы. Тарауих намазы ер және әйел кісілер үшін бірдей суннә муаккада (бекітілген сүннет). Оны кейде «қиямул-ләйл» деп атайды. Себебі ол рамазаннан басқа кездердегі түнде оқылатын намаздың орнына жүреді. «Тарауих» сөзі араб тіліндегі «дем алу» деген түбірден шыққан. Сол себепті де бұл намаз «тарауих», яғни арасында дем алатын деп аталған.

Таржиғ – қайта қайтару. Азан айтқан кезде алдымен іштей азанның бір сөйлемін айтып алып, сосын мақаммен дауыстап қайта айту «таржиғ» деп аталады.

Тауап – Қағбаны қажылық және умра кезінде қара тас бұрыштан бастап, сағат тіліне қарама-қарсы бағытта жеті рет айналу.

Тауаррук – намазда әйелдердің екі аяғын оң жағына жіберіп, жерге отыруы.

Тауафуз-зияра – қажылықтың парыз тауабы.

Тауафул-ифада – қажылықтың парыз тауабының екінші аты.

Тауафул-қудум (сәлем тауабы) – қажылық кезінде Меккеге келгенде бірінші орындалатын ғибадат.

Тауафул-уадағ (қоштасу тауабы) – қажылардың сапар алдында Меккеде орындайтын соңғы тауабы.

Тахрим – «тахрим» сөзі араб тілінде «харам» сөзінен шыққан туынды сөз. Мағынасы: бір нәрсені харам ету, одан тыю.

Ташрик күндері – құрбан айттан кейінгі үш күнді ташрик күндері деп атайды. «Ташрик» сөзі араб тілінде етті жіліктеп, күнге кептіру деген мағынаны береді. Айттан кейінгі күндерде құрбандыққа сойылған малдың еті жілікке бөлініп, кептірілетін болғандықтан, бұл күндер «ташрик күндері»

деп аталған. Ташрик күндері – құрбандық айтынан кейінгі қажылар Мина үстіртінде түнейтін екі немесе үш күн.

Ташрик тәкбірлері – Арафа күнінің таңынан бастап, айт күндерінің төртінші күнінің екінді намазына дейін, парыз намаздарынан соң тәкбір айту.

Тәяммум – «тәяммум» сөзі араб тілінде «мақсат» деген мағынада. Шарифатта: тәяммум – су жоқта немесе суды пайдалануға шамасы келмеген кезде дәреттің немесе ғұсылдың орнына бетке және екі қолға таза жер жынысымен мәсіх жасау.

Тәкбиратул-ихрам – намазды бастағанда алынатын алғашқы тәкбір.

Тәкбір – «Аллаһу әкбар» деп айту.

Тәлбия – қажылық және умра кезінде микаттан бастап, Қағбаны көргенге дейін айтылатын дұға. Айтылуы: Ләббәйкә Аллаһумма ләббәйк, ләббәйкә лә шәрикә ләкә ләббәйк. Иннәл-хамдә, уан-ниғмәтә ләкә уәл-мулк, лә шәрикә ләк.

Тәмәттүг – қажылыққа умраны қосып, қажылық айларында екі ихраммен өтеу. Алдымен умра амалдарын орындап, одан кейін ихрамнан шығып, қажылық басталғанда қайтадан ихрамға кіріп, қажылықты өтеу.

Тәмнииз – есі кіріп, оңы мен солын ажыратып қалған алты мен он екі жас аралығы. Ол жастағы сәбилерге құлшылық жасау парыз болмағанмен, жасаған құлшылықтары үшін сауап жазылады.

Тәмлик – зекет ретінде шығарылған байлықты толығымен зекет алатын адамның иелігіне, меншігіне өткізу.

Тәрассул – фикһ ғылымында азанның әр сөйлемінен кейін бір сәт тоқтауды «тәрассул» деп атайды.

Тәруия күні – Яумут-тәруия

Тәхәйул – зекетті шығармас үшін айла қолдану.

Тәһәжжуд намазы – түнде оқылатын намаз. Оны екі ракағаттан екі, төрт және сегіз қылып қалағанынша оқуға болады.

Тәһлил – «лә иләһә иллаллаһ» деп айту.

Тиләуат – Құран оқу.

Тиләуәт сәждесі – Құран Кәрімнің он төрт жерінде үсті сызылған сөздер бар және сол сөз келген аяттың соңында ерекше белгі кездеседі. Осы аяттарды оқыған немесе естіген кезде бір рет сәжде жасау – уәжіп. Бұл сәждені «тиләуәт (яғни Құран оқу) сәждесі» деп атайды.

Туһр – екі хайыз арасындағы таза уақыт. «Туһр» араб тілінде тазалық деген мағынаны береді.

Тұрақсыз қарыз – тұрақсыз қарыз деп – қарызын өтеуге дәрменсіз (банкротқа ұшыраған) адамдағы қарызды, қарызға алған адамды таппай қалған жағдайдағы қарызды немесе қарызға алған адам тән алмай қойғанда және қарыз иесінің нақты дәлелі болмаған жағдайдағы қарызды атайды. Мұндай жағдайда қарыз иесі қарыз алғанға дейін оның зекетін шығару парыз емес.

- У -

Уакс – зекет шығарған кезде екі парыздың арасындағы артық сан. Уақстан зекет шығармайды. Мысалы, егер сиырдың саны отызға жетсе, одан бір жастан асқан бір тананы зекет ретінде шығару – парыз. Егер сиырдың саны қырыққа жетсе, екі жастан асқан бір сиырды зекетке шығару – парыз. Ал осы отыз бен қырықтың аралығындағы сандарды «уакс» деп атайды.

Уахи – Аллаһ тағаланың тек қана пайғамбарларына беретін аяны. Кейде уахи Құран деген мағынада да қолданылады.

Уәди – жыныстық мүшеден күшенген кезде, кіші дәретке отырғаннан кейін бөлінетін, қою, ақ сұйықтық.

Уәжіп – орындалуы міндетті амал. Егер намаз оқушы намаздың уәжіптерінің бірін жаңылысып немесе ұмытып орындамаса, намазы бұзылмайды, бірақ намаз соңында міндетті түрде сәһу сәждесін жасайды.

Уәли – қамқоршы. Балиғатқа толмаған сәбидің, ақыл-есі бүтін емес адамның, әйелдің қамқоршысы.

Уәкіл – шариғат бекіткен міндеттерді өтеу жүктелген адам. Ислам шариғатында кейбір міндеттерді іске асыруды басқа адамға жүктеуге рұқсат етіледі. Мысалы, бай адамға зекетін есептеп шығаруды және құрбандық шалуды басқа адамға жүктеуге рұқсат етіледі.

Уәсуәсә – шайтанның азғыруы, адамның көңіліне күдік, күмән ұялатып, ақиқаттан алшақтатуы.

Удхия – «удхия» араб тілінде «духа (сәске) уақытында сойылатын құрбандық» деген мағына береді. Шариғатта: құрбан айт кезінде Аллаһтың ризалығы үшін құрбандыққа шалынатын малды «удхия» деп атайды.

Умра – Қағба мешітін белгілі ғибадат түрін орындау мақсатымен зиярат ету. «Умра» сөзі араб тілінде «зиярат ету» деген мағынаны береді.

- Ұ -

Ұшыр – астық және жеміс-жидектің зекеті. Ұшыр – араб тілінде «оннан бір» деген сөз. Яғни жиналған астықтың оннан бірін немесе оннан бірінің жартысын зекет ретінде шығару керек болғандықтан, оны «ұшыр» немесе «ұшырдың жартысы» деп айтады.

- Ү -

Үзір – шариғат міндеттерін орындамауға рұқсат беретін себептер.

Үтір намазы – құптан намазынан кейін таң атқанға дейін оқылатын үш рақатты уәжіп намаз.

- Ф -

Фай – күн дәл төбеге келген кезде болатын көлеңке. Күн тас төбеде тұрған кезде болатын көлеңкені факих ғалымдар «фай» деп атайды.

Факих – шарифат үкімдерін дәлелдерімен білетін, онда қаралып отырған мәселелерді терең түсінетін ғалым.

Фәжр кәзіб – жалған таң ату. Фәжр кәзіб кезінде күн сәулесі түн жамылып, көкжиектен тік, жоғары қарай бір сызық ретінде көрінеді де, біраз уақыттан кейін қайта ғайып болады. Бұл уақыт түн мезгілі деп есептеледі. Сондықтан бұл уақытта түнгі намазды оқуға, сәресі ішуге болады, ал таң намазын оқуға болмайды.

Фәжр садик – шын таң ату. Фәжр садик кезінде күн сәулесі көкжиектен тік, ұзын сызық емес, жалпағынан горизонталь бағытта көрінеді. Бұл – таңның атқандығының белгісі. Бұл уақытта сәресі ішуге болмайды, түнгі намаз оқылмайды және таң намазының уақыты кірді деп есептеледі.

Фәжр – таң. Таңның атуымен таң намазының уақыты кіреді. Таң намазын кейде «фәжр намазы» деп те атайды.

Фидия – ораза ұстауға шамасы келмейтін қариялар мен созылмалы аурулары бар науқастардың тұтпаған оразаларының өтемі ретінде берілетін садақа. Сонымен қатар қажылық кезінде кеткен кемшіліктердің орнын толтыру үшін жасалатын амал да кейде «фидия» деп аталады.

Фикһ – «фикһ» сөзі араб тілінде «түсіну», «терең ұғыну» деген мағыналарды береді. Ал шарифат термині ретінде шарифат үкімдерін дәлелдерімен зерттейтін ғылым.

- Х -

Хайыз (етеккір) – «хайыз» сөзі араб тілінде «ағу» деген мағынаны береді. Ал шарифаттағы мағынасы: балиғат жасына толған әйел адамға белгілі мерзімде келетін қан.

Хараж – мұсылман мемлекетінің қарамағына өткен кітап иелерінің иелігіндегі жерлердегі өнімнен алынатын салық. Алғашқы мұсылмандар ашқан жерлер. Ол жерлерді мұсылмандар әуелгі иелеріне қалдырып, одан салық алып отыратын болған.

Харам аумағы – Мекке қаласының айналасында өсімдігін жұлудың, аңдарын өлтіруге және соғысуға тыйым салынған жер. Осы аумақта тұратындар қажылық ихрамына үйлерінен кіреді. Ал умра ихрамына Харам аумағының сыртына шығып кіреді.

Харам Мәдина – Мәдина қаласының айналасында Мекке қаласының айналасындағы секілді өсімдігін жұлудың, аңдарын өлтіруге және соғысуға тыйым салынған жер.

Хасан – сахих хадистен төмен, дағиф хадистен жоғары дәрежедегі, дәлел ретінде жарайтын хадистің түрі.

Хэдэс – дәретсіздік. Хэдэс екі түрлі болады: «үлкен хэдэс»: жүніп, хайыз және нифас болғанда – ғұсыл алу және «кіші хэдэс»: кіші дәреті жоқ кезде – дәрет алу.

Хижма – емдік мақсатта өткір затпен теріні тіліп, арнайы құралмен қан алу.

Хижр – Қағбаның қара тас тұрған бұрышынан кейін орналасқан доғал пішіндегі жартылай тұрғызылған қабырға.

Хилл аумағы – Харам аумағы мен миқаттың аралығындағы жерлер. Осы жерлердің тұрғындары қажылықты бастау үшін ихрамға тұрған жерлерінен кіреді.

Худуд – фикһ ғылымының қылмыстық істер мен олардың жазаларын зерттейтін саласы.

- Һ -

Һәди (құрбандық) – қажылықтың тәмәттуғ немесе қиран түрін орындаушылардың міндетті түрде шалу керек құрбандықтары.

Һәруалә – сағи жасаған кезде екі жасыл белгінің арасында ер кісілердің жылдам жүруі.

Һиләл (жаңа туған ай) – жаңа туған ай арқылы оразаның басталуы және аяқталуы, қажылықтың басталуы анықталады.

- Ш -

Шақ – жер құмдауытты болып, қабірдің жанынан лақат жасай алмайтын болған кезде қабірдің түбінен тік қылып, мәйітті көметін жер қазу. Оны «жарма», «жарып қазу» деп те атайды.

Шарттар – құлшылықтың ішіне кірмейтін, бірақ құлшылық ету үшін міндетті түрде болуы керек амалдар. Мысалы: намаз оқушының дәретінің болуы, әуретінің жабық болуы, жүзін құбылаға қаратуы және т.б. Бұларды «намаздың шарттары» деп атайды.

Шаут – айналу. Қағбаны айналу және қажылық амалдарының бірі сағиды өтеген кезде Сафа мен Мәруаның арасында жүру. Тауаф (Қағбаны айналу) жеті шауттан тұрады. Ол қара тас тұрған тұстан басталып, сол тұстан аяқталады. Сағи да жеті шауттан тұрады. Сафадан Маруаға дейін – бір шаут, Маруадан Сафаға дейін – бір шаут.

- Я -

Яләмләм – йемендіктердің ихрамға кіретін жері, миқат.

Яумут-тәруия (тәруия күні) – қажылардың зул-хижжа айының сегізінші күні Минаға баратын және онда түнейтін күндері.

Пайдаланылган әдебиеттер

1. Құран Кәрім. Халифа Алтай. Құранның қазақша мағыналық аудармасы.
2. Имам Әбу Абдуллаһ Мухаммад ибн Исағил әл-Бухари. Сахих әл-Бухари. Сайда-Бейрут. әл-Мактаба әл-асрия. 2003.
3. Имам Әбу әл-Хусейн Муслим ибн әл-Хажжаж. Сахих Муслим. Сайда-Бейрут. әл-Мактаба әл-асрия. 2003.
4. Сунән Әбу Дауд.
5. Сунән ән-Нәсәи.
6. Имам Мухаммад ибн Иса ибн Саура әт-Тирмизи. Сунән әт-Тирмизи. Эр-Рияд.
7. Сунән Ибн Мәжәһ.
8. Мусаннаф Ибн Әбу Шәйбә.
9. Имам Мәлик ибн Әнәс әл-Асхаби. Муатта. Бейрут: Дәр әл-бахар. 1991.
10. Мухаммад ибн әл-Хасан әш-Шәйбәни. Әл-Әсәр.
11. Имам Мухиддин ән-Нәуәуи. Әл-Минһәж шарх Сахих Муслим ибн әл-Хажжаж. Бейрут. Дәр әл-мағрифа. 1997.
12. Абдур-Рахман әл-Мубаракфури. Тухфа әл-ахуази шарх сунән әт-Тирмизи.
13. Азим Абади. Аун әл-Мағбуд шарх сунән Әбу Дауд.
14. Бурһануддин Әбу әл-Хасан әл-Марғинәни. Һидая шарх бидәйә әл-мубтәди.
15. Имам Алауддин Әбу Бәкр ибн Масғуд әл-Кәсәни. Бәдәиғ әс-санаиғ фи тәртиб әш-шараиғ. Бейрут-Ливан: Дәр әт-турас әл-араби. 1998.
16. Абдул-Хамид Махмуд Таһмаз. Әл-Фикһ әл-ханафи фи сәубиһ әл-жәдид. Дамаск: Дәр әл-қалам. 1998.
17. Абдуллаһ ибн Махмуд ибн Маудуд әл-Маусили. Әл-Ихтияр ли-тағлил әл-мухтар. Бейрут: Дәр әл-Мактәбә әл-асрия. 2002.
18. Мухаммад Мәжид Итр. Әл-Муфассал фи әл-фикһ әл-ханафи. Дамаск: Дәр әл-фикр. Бейрут: Дәр әл-фикр әл-муғасир. 1998.
19. Асғад Мухаммад Сағид әс-Сағуржи. Әл-Фикһ әл-ханафи уа әдилләтуһ. Дамаск-Бейрут: Дәр әл-кәлим әт-таиб. 2000.
20. Мұхаммед Әмин Ибн Абидин. Хашия Ибн Абидин. Бейрут: Дәр әл-мағрифа. 2000ж.
21. Радд әл-мухтар.
22. Абдур-Рахман Мухаммад Ауд әл-Жәзири. Китәб әл-фикһ ала әл-мазаһиб әл-арбаға. Бейрут: Дәр Ибн Хазм. 2001.
23. Саид Сабиқ. Фикһ әс-суннә. Каир: әл-Фатх лил-игләм әл-араби. 1995.
24. Сағид ибн Абдул-Қадир Башанфар. Әл-Муғни фи фикһ әл-хаж уа әл-умра. Бейрут: Дәр Ибн Хазм. 2001.
25. Абдул-Қадир әр-Рахбауи. Китәб әс-салаһ ала әл-мазаһиб әл-арбаға. Сирия: Хәләб, Дәр әс-сәләм, Дәр әл-Ансар.

26. Имам Нуруддин Өбу әл-Хасан әл-Қари. Фатх бәб әл-ғиная бишарх ән-нуқая. Бейрут-Ливан: Дәр әл-Арқам. 1997.
27. Юсуф әл-Қардауи. Фикһ әз-зәкәт. Каир: Мактәбә Уаһбә. 2003.
28. Нуруддин Итр. Иғләм әл-әнәм шарх Булуғ әл-марам мин ахадис әл-ахкәм. Дамаск-Сирия: Дәр әл-фарфур. 2000.
29. Мухаммад ибн Өли ибн Мухаммад әш-Шәукәни. Нәйл әл-аутар шарх мунтақа әл-ахбар мин ахадис Саид әл-Ахияр. Бейрут: Дәр әл-Мағрифа. 2002.
30. Шейх Ибн Баз. Өд-Дурус әл-муһиммә лиамма әл-умма.
31. Салих Фаузан ибн Абдуллаһ әл-Фаузан. Өл-Мулаххас әл-фикһи. Эр-Рияд: Дәр әл-Асима. Һ. 1432.
32. Хайруддин әз-Зирикли. Өл-Ағләм. Бейрут-Ливан. Дәр әл-илм лил-мәләин. 1999.
33. Имам Шамсуддин әс-Сархаси (әс-Сарахси). Өл-Мабсут.
34. Шейх Өли әл-Хафиф. Өсбәб ихтиләф әл-фуһақа. Каир: Дәр әл-фикр әл-араби.
35. Мухаммад Өли әс-Сәис. Тарих әл-фикһ әл-исләми. Дамаск-Сирия: Дәр әл-фикр: Бейрут-Ливан: Дәр әл-фикр әл-муғасир. 1999.
36. Имам Өбу Заһра. Тарих әл-мәзәһиб әл-исләмия.
37. Уаһбә әз-Зухәйли. Өл-Фикһ әл-исләми уа әдилләтуһ. Дамаск: Дәр әл-фикр.
38. Уаһбә әз-Зухәйли. Өл-Фикһ әл-ғибадат.
39. Имам Өбу Бәкр Ахмад әл-Байһаки. Өс-Сунән әл-кубра. Эр-Рияд: Мактәб әр-рушд наширун. 2004.
40. Ибн Манзур. Лисән әл-араб. – Бейрут: Дәр ихия әт-турас әл-араби, 1999.
41. Мұхитдин Исаұлы, Қайрат Жолдыбайұлы. Ислам ғылымхалы. Алматы: Алтын қалам, 2006.
42. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Алматы: Арыс, I, II, III томдары. 2006.
43. Қазақ тілінің сөздігі. Алматы: Дайк-Пресс, 1999.
44. Орфографиялық сөздік. Алматы: Арыс, 2007.
45. Қазақ тілінің синонимдер сөздігі. Алматы: Арыс, 2005.
46. Қайрат Жолдыбай. Күдікпен күрес. Алматы: Алтын қалам.